**Мектепалды даярлық 0 «А» тобының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»

**Балалардың жасы:** 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09. 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі. | Жұма 01.09.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | **Үстел үсті ойыны – пазл:** «Зәулім үй немесе менің мектебім құрастырамын» Балалармен отбасы,мектеп туралы әңгімелесу. |
| **Таңертенгі жаттығу** | | | | | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | | | **1.Т: Күй сандықты ашайық**<br>Б до- до- до<br>**Т: тілдерін біз бастайық**<br>Б: ре - ре - ре<br>**Т: бас дыбысты бастайық**<br>Б: ми - ми - ми<br>**Т.Жайлап әнге салайық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Б: до - до - до<br>2.Т: Шалқып шығар сонда күй<br>Б: фа - фа - фа<br>**Т: Бәрі до - дан басталар**<br>Б: до- до -до<br>**Т: До -ныкоштарбасқалар**<br>Б: До, ре, ми, фа, соль, ля , си, до |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **01.09.2023 жыл Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.*** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | | | | | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Дыбыс.**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Дыбыс туралы түсіне алады.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Дағды**: Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас нұсқаударын (ым-ишара, қимыл), сөздерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | (кешіріңіз, тыңдаңызшы және т.б.) қолдану<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |

| |
|---|
| ***1 үзіліс -***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. |
| **Дауыс жаттығулары**<br>**«До,ре,ми...»** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1.Т: Күй сандықты ашайық**<br>Б до- до- до<br>**Т: тілдерін біз бастайық**<br>Б: ре - ре - ре<br>**Т: бас дыбысты бастайық**<br>Б: ми - ми - ми<br>**Т.Жайлап әнге салайық**<br>Б: до - до - до<br>2. Т:Шалқып шығар сонда күй<br>Б: фа - фа - фа<br>**Т: Бәрі до - дан басталар**<br>Б: до- до -до<br>**Т: До –ны қоштар басқалар**<br>Б: До, ре, ми, фа, соль, ля , си, до |  | ***1.Тіліміздің күші көп.***<br>***2. Баспалдақтар***<br><br>1.Тістер біріктірілген, тіл төменгі, одан кейін жоғарғы тістерге күшпен басады.<br>2.Тілдің ұшы кезек - кезек біресе жоғарғы, біресе төменгі тістерге тиеді. | **1.«Тіс щеткасымен ойын»**<br>***2. «Тісті тазалау»***<br><br>**1.«Тіс щеткасымен ойын»**<br>**Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасаайды. Бұл ойын балалардың ми дамытады, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.<br>***2. «Тісті тазалау»***<br>**Мақсаты**: балаларға тілдің ұшын астыңғы тістердің артында ұстап тұруын үйрету.<br>**Бейнелеуі**: күлімдеп, тістерді көрсету, ауызды ашынқырап тілдің ұшымен астыңғы тістерді «тазала». Әуелі тілді оңнан солға қарай, содан соң астынан үстіне қарай қозғау керек. |

| |
|---|
| **2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **4. Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>**Білімің-бұлағың.**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгертіп орындай алады. Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру, күйші-композитор |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата алады.<br>\ |

*2 үзіліс –*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Жүгіруге арналған ойындар «Өз үйіңді тап»**

| | | |
|---|---|---|
|  | <br> | **«Өз үйіңді тап»**<br>**Мақсаты:** Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>Әр үйшіктің өзі түсіне тән жапырақшаларын шапшаң тауып кіргізе білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Алғырлыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Көрнекі құралдар:** Әртүрлі түсті үйшіктер (қызыл, сары, жасыл т.б.). Үйшіктің түстеріне байланысты жапырақшалар. |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті            уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Спортзал.**<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>а) Допты алдыға, жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Заттарды аттап жүрген кезде дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдік сақтап жүруді біледі.<br>ә) Жүгіру барысында қол мен аяқты үйлестіріп бір тізбекпен жүгіру және жүруге жаттықтыру. Бір орындарында бұрылып секіре білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту, екі аяқтарымен серпіліп секіре білу дағдыларын меңгере білді.<br>б) Кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту арқылы спортқа деген қызығушылықтарын дамыту және ұйымшылдыққа тәрбиелеу барысында меңгере білді.<br>**Күтілетін нәтиже**: Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындап, оларды алмастырды, қарапайым дене жаттығулары-<br>мен алмастырады<br>**Ойлау деңгейі:** білу, қолдану.<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>Түрлі қозғалмалы ойын түрлері |
| ***3 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Секіруге арналған ойындар «Қояндар мен қасқыр»** | | | | | |

*Тіл ұстарту жаттығулары*

**Күз туралы**

Үз – үз – үз,
Жаңбырлы Күз.
Рақ – рақ – рақ,
Саулайды жапырақ.
Ел – ел – ел,
Соғадыжел.
Іс – іс – іс,
Піседіжеміс.
Дай – дай – дай,
Жинаймызбидай.



**Секіруге арналған ойын:**

**«Қояндар мен қасқыр»**

**Мақсаты:**
Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шыңықтыру.

**Ойынның шарты:** Бір бала қасқыр болады қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. Тәрбиеші:
- Секеңдеңдер қояндар,
Жүгіріңдер жортыңдар- деген кезде Қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады.
Ойын 2-3 рет ойналады.

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

*4 үзіліс –*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**

**«Доңгелекті лақтыру»**



**Кеңістікті бағдарлауға арналған ойын:**

**«Доңгелекті лақтыру»**

**Мақсаты:** Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге,ептілікке,шапшаңдыққа үйрету.

***Ойынның шарты:*** Ойын доңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады,доңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см. Балалар қатарға түрып 1,5-2метр ара қашықтықта доңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек.Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | | | | | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында»<br>Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.<br>«Алақай,ойын!»** | | | | | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №1**<br>**Қайың ағашын бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>- күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>-қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Сырғалы қайың, ақ қайың.*<br>*Сырыңды сенің жаттайын.*<br>*Өсе берші жайқалып,*<br>*Мен ерінбей баптайын.*<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>-күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды?<br>-олардың жапырақтары неге сарғаяды?<br>-ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды?<br>-ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар?<br>Зерттеу жұмысы:<br>қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу.<br>**Еңбек:**<br>Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау<br>**Мақсаты:**<br>**үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу.**<br>**Қимылды ойын: «Допты ұста»**<br>***Мақсаты:*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **қағып алуға және келесіге беруге үйрету.Жаттығу ойындары:** |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!»**<br>**Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | | | | | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. |

**Мектепалды даярлық 0 «А» тобының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 04.09 – 08.09 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 04.09 | Сейсенбі 05.09 | Сәрсенбі 06.09 | Бейсенбі 07.09. | Жұма 08.09. |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.** | **Құрылыс ойындары** «Үй жиһаздары», «Қуыршақтарға  үй құрастырамыз». | Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау. | **Саусақ ойыны : «Әжемнің  ертегілері»** Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Жақындары туралы әңгімелеп беру . | **Үстел үсті ойыны – пазл:** «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №2 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №3 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №4 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №5 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №6 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Бақыт»**<br>Бақыт – біздің сиқырлы шеңберіміз,<br>Бақыт – біздің достарға сенгеніміз.<br>Бақыт – таңнан біреумен достасуың,<br>Бақыт – кеште достармен қоштасуың. | **«Жұлдызшалар»**<br>Ғаламшар, қарсы ал сәлемді,<br>Самғаймыз кезіп әлемді.<br>Қабыл ал шын жүректен<br>Балалар менен қыздардың<br>Махаббатына толы сәлемді! | **Гүлдер вальсі»**<br>Бақытты дәйім армандап,<br>Доска да бақыт тіледің.<br>Күтеді сені алдан бақ,<br>Жақсылық етсең үнемі. | **«Денсаулық шеңбері»**<br>Шын жүректен,<br>Үлкен махаббатпен,<br>Бәріне денсаулық тілейміз! | **«Қоңырау»**<br>Қоңырау біздің сиқырлы,<br>Сыңғырлап тағы ән салды.<br>Шақырды түріп ұйқыңды,<br>Шеңберге тұр, – деп баршаңды! |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |

<table>
<tr><td></td><td>Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу</td><td>Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка*</td><td>Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық*</td><td>Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет</td><td>Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру</td></tr>
<tr><td>***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***</td><td colspan="5">Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="6">**Ұйымдастырылған іс-әрекеттер**</td></tr>
<tr><td colspan="6">**1-ші  ұйымдастырылған іс - әрекеті            уақыты:**</td></tr>
<tr><td>**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ**</td><td>**1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:Дыбыс пен сөз.**<br>**ҰІӘ мақсаты:**Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: сөзбен сөйлемді ажыратады , сөздің сөйлемнің мағынасын түсінеді<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету.«Біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу.<br>Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Балаларға заттар тобының (жиынының)жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті(«үлкен»,«кішкентай») , тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету.<br>**Дағды**:</td><td>**. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**Білімің – бұлағың. (өлеңмен танысу)**<br>**Ақылбек Шаяхметов**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану</td><td>**1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Сөз.**<br>**ҰІӘ мақсаты:**Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: сөзбен сөйлемді ажыратады , сөздің сөйлемнің мағынасын түсінеді<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану</td><td>**Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникатив тік  әрекет**<br>**Тақырыбы:**<br><br>**Менің досым.**<br><br>**ҰІӘ мақсаты:**Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп,үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже**: сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын карама-карсы сөздерді сөйлегенде қолданады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: Ширату жаттығулары</td><td>**1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Сөз.Сөздің мағынасы.**<br>**ҰІӘ мақсаты:**Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде біледі.<br>**Күтілетін нәтиже**: Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу<br>**Дағды**: ұсынылған үлгілер негізінде жазуға дағдыландыру.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>Қағаз бетінде бағдарлану, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттайды | | | | |

***1 үзіліс –***
**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Тақырыбы: "Белгіні тыңда"**<br>***Мақсаты:***Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>***Ойынның шарты:***балалар шеңбер бойында тұрады. Тәрбиеші жалаушамен алға деген белгі бергенде балалар мәреге жету керек, жете алмаған бала өз өнерін көрсетеді. | ***Сюжеттік ойын «Киім дүкені»***<br>***Мақсаты:***Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.<br> | ***Сюжеттік ойын: «Мектеп»***<br>***Мақсаты:***Балалардың мектеп жайында білімдерін толықтыру. Бірі мұғалім бірі оқушы болып ойнай білуге үйрету. Үлкендердің іс-әрекетін қайталай білуге, мұғалім мен оқушының қарым-қатынастарының қандай болу керектігін көрсету. Ұйымдастырушылыққабілетт еріндамыту. | <br>**Сюжеттік ойын: «Отбасы»**<br>**Мақсаты:**Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу. | ***Сюжеттік ойын «Дәрігер»***<br>***Мақсаты:***Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.<br> |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Спортзалда ойнаймыз.**<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>а) Орташа шапшаңдықпен жүгіруге және жүгіру барысында бірқалыпты | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**Денсаулықтың құпиялары.**<br>**ҰІӘ мақсаты:**Допты ілгері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Біреу – көп.<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету.«Біреу» және | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету.«Біреу» | **. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:**<br>**Нота үйренейік.**<br><br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Шығармалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыныс алуға үйрету.<br>ә) Заттар арасымен екі аяқпен ирелеңдеп секіруге жаттықтыру, еденнен екі аяқпен шиқырақ итеріле білу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. 2 метр арақашықтықта жұп болып тұрып, бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | ішкі жағымен алып жүруді біледі.<br>Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту.<br>Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, өз денсаулығын бағалай білуді игереді.<br>**Күтілетін нәтиже**: Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу.<br>Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>Балаларға заттар тобының (жиынының)жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті(«үлкен»,«кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету. | және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу.<br>Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>Балаларға заттар тобының (жиынының)жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті(«үлкен»,«кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету.<br>**Дағды**:<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Қағаз бетінде бағдарлану, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттайды | эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Барлық балалар:** Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғаралығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Жүгіруге арналған ойындар «Өз үйіңді тап»**

| | | |
|---|---|---|
| **Саусақ ойындары**<br>Тук-ток, тук-ток жұдырық балға сияқты соғады,<br>Тук-ток, тук-ток екі қолмен ұрамыз,<br>Тук-ток, тук-ток тақамен де соғамыз,<br>Тук-ток, тук-ток тақалармен тарсылдатып,<br>Тук-ток, тук-ток екіқолмен, екіаяқ. |  | **«Біреуі артық» ойыны**<br>Мақсаты:қимыл-қозғалысты, жылдамдыққа,ажыратуға баулу. |

## 3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** **Кеңістікте ж/е қағаз бетінде бағдарлау**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Балабақ шадағы алғашқы күн.**<br>**Кел, танысайық!** | **.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** Бізді не қоршап тұр?<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**Білімің – бұлағың. (өлеңмен танысу)**<br>**Ақылбек Шаяхметов** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** **Күлкі сыйла.**<br><br>**Оқу мақсаты:**Қозғалыс барысында сап түзеп жүру дағдыларын жетілдіруді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету.Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу | **ҮІӘ мақсаты:** Балаларды әңгімені жалғастырып айта алады. **Күтілетін нәтиже**: сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолданады. **Ойлау деңгейі:** білу, түсіну **Әдіс-тәсілдер**: Ширату жаттығулары | таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету. | **ҮІӘ мақсаты:** Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | жалғастыру, жұп болып жүру мен жүгіру кезінде өз қозғалыстарын келісіп жүруді үйренді. **Күтілетін нәтиже**: Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Жүгіруге арналған ойындар**

**«Масаны ұста»**

| | | |
|---|---|---|
|  |  | **Ойын: « Масаны ұста»** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. **Шарты:** Ойнаушылар бір-бірінен қол созымдай жерде дөңгеленіп, бетін ортаға беріп тұрады. Тәрбиеші ортада тұрады, оның қолында шыбық (ұзындығы 1-1,5 м) оған картон қағаздан жасап жіпке байланған маса ұзындығы 0,5м бар. Тәрбиеші масаны шыбықпен балалардан жоғарылау етіп айналдырып өтеді. Маса үстерінен ұшып бара жатқан кезде, балалар оны ұстауға тырысып, секіреді. Масаны кім ұстаса: «Мен ұстадым» , - дейді. Бұдан кейін тәрбиеші шыбықпен балалардың үстінен тағы да айналдырады. Ойынды қайталап бастар алдында тәрбиеші балаларға 1-2 қадам кейін шегіну керек екенін ескерту керек, өйткені балалар масаны ұстаймыз деп секірген кезде шеңберді аздап тарылтады. Шыбықпен масаны айналдырған кезде, тәрбиеші балалар масаны ұстап алатындай биіктікте, біресе жоғарлатып, біресе төмендетіп тұруы керек. **Ұсыныс:** Егер ойнаушылар тобы шағындау болса, тәрбиеші картон маса байланған шыбықты ұстап алға қарай жүгіруіне болады, ал балалар оны қуып жетуге тырысады. |
|  |  | |

| 4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1. Қоршаған ортамен таныстыру**<br><br>Тақырыбы: **Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады?**<br><br>**ҰІӘ мақсаты:**Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады? Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіну; заттардың неден жасалғанын анықтай алады.Балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білімберу.Қандай материалдан заттардың жасалатыны, және олардың сапасы жайлы түсініктеріне ие.<br><br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **Музыка**<br>Тақырыбы:<br>**Білімің-бұлағың.**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгертіп орындай алады.<br>Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру, күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата алады.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br><br>**Дағды**: Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | **3.Мүсіндеу** – **шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br><br>**Тақырыбы :** Жеміс бағында.<br>**ҰІӘ мақсаты:** балаларды әртүрлі пішінді заттарды мүсіндеугеүйрету**.**<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Түрлі сызықтарды (түзу, қисық, зигзаг, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі емес сұлбаларды салады.<br>**Әдіс-тәсілдері:«Ойлап тап!»** | | |
| *4 үзіліс –*<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар**<br>**«Кім көп таспа жинайды?»** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| <br> | |  | **1.Ойын:“Кім көп таспа жинайды? ”**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жылдам қимылдауға тәрбиелеу.<br>**Шарты:** Балалар шашылып қалған таспаларды арнайы ыдысқа жинайды. Таспаны ең көп жинаған бала жеңіске жетеді.<br>**2.Ойын:“Айна ”**<br>**Мақсаты:** Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру.<br>**Шарты:**Әр бала – «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі қимылдар жасайды. «Айна – бала» сол қимылдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» - жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді.<br>  | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №2**<br>**Аула тазалаушы еңбегін бақылау**<br>***Мақсаты***:<br>—күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту,<br>—аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркемсөз***<br>*«Тиме бізге керекпіз»-*<br>*Деп тұрғандай жарыса.* | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №3**<br>**Саңырауқұлақтарды бақылау**<br>***Мақсаты***:<br>*саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамыту*<br>***Бақылау барысы:***<br>***Жұмбақ:***<br>*Басында әсем қалпағы,*<br>*Көлеңкені сүйеді*<br>*Орманда болған әр бала* | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №4**<br>**Арнайы көліктерді бақылау**<br>***Мақсаты***:<br>— Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту;<br>— Сөздік қорларын молайту.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркемсөз***<br>Үлкен болдым десем де,<br>Ешкім маған сенбейді. | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №5**<br>**Гүл егілген клумбаны бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау;<br>— кейбір өсімдіктердің дәндерін шашып, курап үлгергеніне көңіл бөлу;<br>— Күзде гүл ашатын гүлдермен (астра, настурция)таныстыру<br>***Бақылау барысы***: | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №6**<br>**Ағаштарды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>—күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру;<br>— қайың мен терек ағашын діндері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету;<br>— ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діні, бұтағы, тамыры);<br>-туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы:*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Жапырақты жұлып себепсіз,*<br>*Сындырмаймыз ағашты.*<br>*Күз келген соң амалсыз,*<br>*Жапырақтар түседі.*<br>*Жинап алып сыпырып,*<br>*Үй сыртына үйеміз,*<br>*Жапырақтар бақшаға,*<br>*Көң болады білеміз.*<br>**Сұрақтар:**<br>♦ Аула тазалаушы не істейді?<br>♦ Аула тазалаушыға қандай құралдар қажет?<br>♦ Аула тазалаушы күзде не жинайды?<br>♦ Ол кімдер үшін қызмет етеді?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Тазалық жұмысы кезінде жерден шаң ұшады, ал су сеуіп сыпырса шаң ұшпайды Себебі ылғал шаңның көтерілуіне кедергі жасайды.<br>**Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу<br>**Мақсаты:**<br>Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу<br>**Қ/О:** «Қармақ»<br>Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу:<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Жүкіру техникасын жақсарту<br>Мақсаты: қозғалыстарын дамыту<br><br>**Мақал: «Еңбек етпеген ішіп-жемейді»**табу.<br>Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз.<br>**Еңбек:** | *Не екенін біледі (саңырауқұлақ)*<br>*Саңырауқұлақтар жануарларға да, өсімдіктерге де жатпайтын табиғаттың ғажайып бір бөлігі.*<br>*Оларды екпейміз, отырғызбаймыз. Бүгін кесіп алсаң, орнына ертең өзгесі өсіп шығады.*<br>*Қапйың, шырша, қарағай бар жердің бәрінде саңырауқұлақ болады.*<br>*Орман шетінде, алаңқайда, сүрлеу жолдарда, орлар мен құлама жарларда да өсе береді. Олардың түрлері өте көп.*<br>*Саңырауқұлақтар жеуге жарамды және улы болады.*<br>**Сұрақтар:**<br>- Қандай саңырауқұлақтарды білесіңдер? *(ақ түсті саңырауқұлақ, қайыңқұлақ, моховик, сыроежка, сморчок, қызғылт-сары түсті саңырауқұлақ, түлкішек — жеуге жарамды, жеуге жарамсыздар — арамқұлақ, мухомор.)*<br>♦ Жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтардың айырмашылығы неде? *(Жеуге жарамдыларды тамаққа пайдаланады, жарамсыздар улы болады)*<br>♦ Саңырауқұлақтардан қандай тамақ дайындайды? *(Саңырауқұлақ көжесі,* | «Жалғыз жүрме көшеде,<br>Кішкентайсың сен»- дейді.<br>Үлкенмін ғой міне мен,<br>Ойыншықтарды жинаймын.<br>Машинаға мінер ем,<br>Кабинаға сыймаймын.<br>**Сұрақтар.**<br>♦ Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер?*(«Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.)*<br>♦ Бұл машиналар не үшін керек? *(адамдарға көмектесу үшін.)*<br>♦ Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? *(зардап шеккендерге көмектесу үшін.)*<br>♦ Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? *(иә)*<br>♦Неге? *(Олар адамдарға көмекке асығады.)*<br>♦Оларды атаңдар. *(«Жедел жәрдем», өртсөндіружәнемилиция.)*<br>**Еңбек.**<br>Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау<br>*Мақсаты:Жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу.*<br>**Қ/О:** | ***Көркем сөз:***<br>*Кешкілік пе, күндіз бе,*<br>*Өсіп тұрған гүлді үзбе.*<br>*Туған жерді далаға,*<br>*Тастай алмай жүрміз бе?*<br>*Жайнап өсіп далада,*<br>*Көздің жауын ала ма?*<br>*Бірде бірін жұлғызба,*<br>*Қасындағы балаға.*<br>***Балаларға сұрақтар:***<br>*-Гүлдерде күзде қандай өзгерістер болады?*<br>*-Келесі жылы гүлдер өсіру үшін қазір не істеу керек?*<br>*-Қандай гүлдер күзде гүлдейді?*<br>**Зерттеу қызметі:**<br>Қураған гүлдерді алып, оның сабақтары мен дәндерін қарау.<br><br>**Д/О: «Суреттеу бойынша тауып ал»**<br>**Еңбек**. Гүлдер дәнін жинап алу.<br>Мақсаты: Балаларға келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсіндіру.<br>**Қ/О:** «Мені ата».<br>*Мақсаты:ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабылеттерін дамыту*.<br>«Қояндар мен түлкі».<br>*Мақсаты: тез жүкіру дағдыларын дамыту*<br>**Жаттығу ойындары:** Бір-біріне доп лақтыру<br>*Мақсаты: жылдамдықтары мен ептіліктерін дамыту*<br>**Мақал-мәтел:**<br>**Қыз өссе елдің көркі,**<br>**Гүл өссе жердің көркі.** | ***Көркем сөз:***<br>Үйеңкі, қайың, қарағаш,<br>Самырсын, емен, қарағай.<br>Өседі бәрі аралас,<br>Бақшада өскен баладай.<br>Қаулап өскен ағаштар<br>Жеміс-жидек сайда да.<br>Хош иіске елітіп<br>Тынып қалған айнала<br>Қамқоршы болшы орманға<br>Орманды бәрің қорғаңдар!<br><br>Сұраққа жаап беріңдер:<br>♦ Басқа ағаштар арасынан қайыңды қалай табамыз?<br>♦ Қайың діңі қандай? *(ақ қара дақтармен.)*<br>♦ Қайыңның тағы қандай бөліктері бар? *(діңі, тамыры, бұтағы)*<br>♦ Ағашқа тамыр не үшін керек?<br>♦ Күзде қайың жапырағының түсі қандай? *(сары.)*<br>♦ Жазда қандай еді? *(жасыл.)(терекпен де осындай жұмыс жүргізіледі)*<br>♦ *Қысқа ең алғашқы дайындалатын қай ағаш? (қайың)*<br>**Д/О.**«Аталған ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай ұш!».<br>Мақсаты: мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған ағашты табу<br>Зерттеу қызметі Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау)<br>**Қ/О:** «Қасқыр қақпан»<br>Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалысты дамыту<br>*Мақсаты*: Бөрене үстімен жүруге жаттықтыру<br>***Тыйым сөздер:*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аланды тазалауға кішкентайларға көмектесу.<br>Мақсаты:<br>еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу.<br>**Қ/О: «** | *тұздық, оларды кептіруге, тұздауға, маринадтауға болады)*<br>**Еңбек:**<br>Аланда тазалық жұмыстарын жүргізу<br>*Мақсаты:*<br>*еңбексүйгіштікке,* | «Аюлар мен аралар», «Допты бер».<br>*Мақсаты:*<br>— гимнастикалық қабырғамен аяқты алмастыра отырып | | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:**11.09 – 15.09. 2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 11.09 | Сейсенбі 12.09 | Сәрсенбі 13.09 | Бейсенбі 14.09. | Жұма 15.09. |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №7 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №8 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №9 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №10 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №11 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты | | | | | |
| **ҰІӘ** | **11.09.23<br>Дүйсенбі** | **12.09.23<br>Сейсенбі** | **13.09.23<br>Сәрсенбі** | **14.09.23<br>Бейсенбі** | **15 .09.23<br>Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қоршаған ортаман танысу | *Музыка* | *Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | | |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.*** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?<br>**ҰІӘ мақсаты:** «дыбыс», «сөз» туралы білімдерін бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**: сөзбен сөйлемді ажыратады , сөздің сөйлемнің мағынасын түсінеді<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Кішкентай бағбан<br>**ҰІӘ мақсаты:**Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп,үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже**: сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолданады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: Ширату жаттығулары | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Дауысты дыбыстар.<br>**ҰІӘ мақсаты:** дауысты дыбыстар туралы түсінік беру.<br>**Күтілетін нәтиже**: сөзбен сөйлемді ажыратады , сөздің сөйлемнің мағынасын түсінеді<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **2.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Күз бояуы.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балалардың күз белгілеріжайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілініңерекшеліктері жайлы әңгімелесу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту арқылы сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолданады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: Ширату жаттығулары | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Жуан дауысты дыбыстар.<br>**ҰІӘ мақсаты:** жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолымен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу<br>**Дағды**: ұсынылған үлгілер негізінде жазуға дағдыландыру. |
| ***1 үзіліс -***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сюжетті-рөлді ойын:**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Экологтар.Бағбандар»**<br>***Мақсаты:*** Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту.Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту.<br>***Жағдаят:*** Объектыны таңдау, Картамен жұмыс, бақ орнататын жерді таңдау Экологиялық паспортарды қарау;Эклогиялық жағдайларды зерттеу Айыппұл төлету;Экологиялық жағдаятарды түзету жұмыстары;Суретке түсіру, суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу. өсімдіктерді бейнелеу.<br> | **Сюжетті-рөлді ойын:**<br>**«Телекөрсету»**<br>***Мақсаты:*** Телекөрсету жұмыскерлерінің рөлдік іс-әрекетін бекітіп , олардың жұмысы ұйымшыл екенін көрсетіп , жұмыс сапасы ұжымға байланысты екенін түсіндіру .Бұқаралық ақпарат жайында , тележүргізушінің адам өміріндегі рөлі жайындағы түсініктерін қалыптастыру .<br>***Жағдаят:*** Бағдарламаны таңдау,редакторлармен бағдарламаларды құрау ;<br>Жаңалықтар үшін мәтінді және басқа бағдарламаларды дайындау;<br>Жүргізушімен көрермендердің дайындығы ; Студияны әсемдеу;<br>Жарық түсірушілермен дыбыс операторларынын жұмысы;<br>Бағдарламаны көрсету.<br> | **Сюжетті-рөлді ойын:**<br>**«Театр»**<br>***Мақсаты:*** Балаларды өздері таңдаған рөл бойынша әрекетенуге үйрету , балалар арасында достық қарым-қатынас орнату.<br>Мәдениетті орындар және олардың әлеуметтік ортадағы маңызы жайында түсініктерін бекіту.<br>Балалардың театр жайында білімдерін бекітіп, театр қызметкерлерінің жұмысының ұжымдық қатынасын көрсетіп, сөйлеу дағдысын қалыптастыру.<br>***Жағдаят:***<br>Театрады таңдау;<br>Жарнамалармен билеттерді дайындау;<br>Көрермендердің тетрға келуі Әртістерді тетрға дайындау; Театр жұмыскерлерінің көрсетілімге көріністі дайындауы;<br>Үзіліспен қойылым.<br> | **Сюжетті-рөлді ойын:**<br>**«Дымбілмеске көмек»**<br>**Мақсаты:**<br>**Үйдегі ережелер:**<br>1.Тамақ ішкенде сөйлеуге болмайды,қақалып қаласың.<br>2.Биік орындыққа ,шкафқа, терезенің үстіне шығуға болмайды,құлап қаласын.<br>3.Есікпен ойнауға болмайды,қолынды қысып аласын.<br>4.Қайшыны ұқыпты пайдалану<br>5.Розеткаға әр түрлі заттарды тығуға болмайды.<br>6.Танымайтын адамға есік ашпау<br>7.Үйде жүгіруге болмайды.<br> | **Сюжетті-рөлді ойын:**<br>**«Зертеушілер»**<br>***Мақсаты:*** Ойнатылытын ойынын этапатарынын біліктілігін бекіту. Зерттеуге керекті заттар мен құрал-жабдықтарды ,сонымен қатар заттар ауыстырушыларын табуға үйрету .Рөлдерге бөлініп ,бөлінген рөл бойынша әрекет ету әдетін қалыптастырып . Зерттеу жұмысшыларының жұмысы қызықты әрі қиын екенін түсіндіріп .Ойындық диологты моделдеуге үйрету.<br>***Жағдаят:***<br>Зерттеу обьектісін таңдау;<br>Зертхананы құру ;<br>Проведение опытной работы;<br>Фотоға түсіру , аралық нәтижелердің түсірілімі;байқау нәтижелерін журналға жазу;<br>ғылыми кеңес;зерттеу нәтижесін шығару.<br> |
| **2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Біз күшті және ержүрекпіз.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Қозғалыс кезінде қайтадан сап құрып тізбекпен жүру және бағыттыөзгертіп жүру дағдыларын жетілдіру. Заттар арасымен допты домалатып жүру барысында допты саусақ ұшымен жеңіл итеріп жүруге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже**: Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Мен ойнағанды жақсы көремін.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету, гимнастикалық орындық үстінде білегі мен тізесіне таянып еңбектеуді жетілдіру, орындық үстіндегі қимыл-қозғалыс жасай білу дағдыларындамыту. Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, өз денсаулығын бағалай білуді игереді.<br>**Күтілетін нәтиже**: Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 1 саныжәне цифры. 2 саны жәнецифры.<br>**ҮІӘ мақсаты:**1 және 2 сандарының құрамымен; 1 және 2 цифрларымен таныстыруЗаттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету; қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды біледі.<br>**Күтілетін нәтиже**<br>Қағаз бетінде бағдарлану, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттайды<br>**Дағды**: қағаз бетіндегі кеңістікті бағдарлай алу арқылы карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттай алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** 3 саны және цифры. 4 саны жәнецифры.<br>**ҮІӘ мақсаты:**3 және 4 сандарының құрамымен; 3 және 4 цифрларымен таныстыруЗаттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету; қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды біледі.<br>**Күтілетін нәтиже**<br>заттарды санай алуға; сандардың айтылу реттілігін үйрену,<br>-заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды біледі.<br>**Дағды**:зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Көңілді ырғақтар.<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>Әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау.<br>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын,олардың сипатын,көңіл күйін ажырату.<br>Музыка сипатына сәйкес ойын әркеттерін орындау,музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту.<br>Көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Барлық балалар:**<br>Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғаралығы айқындалмаған) жеке<br>және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады. |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**“Кептерді қуып жет”**қимылды ойыны

***Саусақ ойындары*: «Торғай»**

Торғай, торғай, торғайсың,
Жақын келіп қонғайсың.
Жем шашайын тойып ал,
Сонда торғайтоңбайсың.





**Қимылды ойын: «Тату тәтті отбасы»**

**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұжымда ойнай алуға тәрбиелеу.

**Ойынның шарты:** Ойынды 15-20 бала ойнайды. жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала-мысық тұрады, ал қалған балалар шеңберді айнала кептерлер болып тұрады, мысық ұйықтайды. Кептерлер шеңберді айналып жүріп, дәндерді шоқиды, мысық оянып кептерлерді қуады. Қай кептерді ұстап алса, сол бала айыппұл ретінде өлең –тақпақ айтады.

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 1 саныжәне цифры. 2 саны жәнецифры.<br>**ҰІӘ мақсаты:**1 және 2 сандарының құрамымен; 1 және 2 цифрларымен таныстыруЗаттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету; қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды біледі.<br>**Күтілетін нәтиже**<br>Қағаз бетінде бағдарлану, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттайды | **2.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым.**<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>Ойыншықтардың суретінеқарап, әңгіме құрай білуге үйрету. Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулеріндамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын карама- | **Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Нан қайдан келеді?<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Танымдық-ізденістік жұмыстарға деген талпынысын күшейту. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен карауға үйрету | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Кішкентай бағбан<br>**ҰІӘ мақсаты:**Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп,үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын карама-карсы сөздерді сөйлегенде қолданады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: Ширату жаттығулары | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Керуен (таза ауада)<br>**ҰІӘ мақсаты:** Азия халықтарының ойындарын пайдалана отырып, балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру. Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету. Бір аяқпен әртүрлібағытта секірулерін, бүкіл табанмен жерге түспеу дағдыларын, табанның алдыңғы бөлігімен итеріп секіруді жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**: Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дағды**: қағаз бетіндегі кеңістікті бағдарлай алу арқылы карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттай алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | қарсы сөздерді сөйлегенде қолданады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: Ширату жаттығулары | | | |
| ***3 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Секіруге арналған ойындар «Аңшылар мен қояндар»** | | | | | |
|   | | | **Секіруге арналған ойын:« Аңшылар мен қояндар »**<br>**Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.<br>**Ойын мазмұны:** Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| | **.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы**: Табиғатта не өзгерді?<br>**ҰІӘ мақсаты:** Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп- | **Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:**<br>**Нота үйренейік.**<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы : Ағаш бұтақтары.**<br>***(Түрлі түсті қарындаштар)***<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>алаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір- бірінен ажыратуға және | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салдар байланысын анықтауға үйрету | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Барлық балалар:**<br>Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғаралығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады. | терек бұталары суретін салуды игереді.<br>**Күтілетін нәтиже:** Түрлі сызықтарды (түзу, қисық, зигзаг, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі емес сұлбаларды салады.<br>**Әдіс-тәсілдері: «Ойлап тап!»** | | |

***4 үзіліс –***
**Балалардың дербес іс-әрекеті**
**«Түсті автокөліктер»** қимылды ойыны

| | | |
|---|---|---|
| ***Саусақ ойындары***<br>Тук-ток, тук-ток жұдырық балға сияқты соғады,<br>Тук-ток, тук-ток екіқолменұрамыз,<br>Тук-ток, тук-ток тақамен де соғамыз,<br>Тук-ток, тук-ток тақалармен тарсылдатып,<br>Тук-ток, тук-ток екіқолмен, екіаяқ. |  | **«Түсті автокөліктер»** қимылды ойыны<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жол ережесін білуге және сақтауға тәрбиелеу.<br>**Ойынның шарты:** Балалар алаңның бір жағында тұрады, екінші жағында автокөліктер тұрады. Балалар жолда ойнап жүреді. Автокөліктер келе жатқан кезде балалар орындарына бару керек. Орнына жете алмаған бала ойыннан шығады. |

| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында»** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №7** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №8** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №9** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №10** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №11** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>-жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;<br>-әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>***Жұмбақ жасыру***<br>Ақ киімді біреуі,<br>Сары киімді біреуі,<br>Көк киімді біреуі,<br>Әлем, жәлем киімі,<br>Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі)<br>-Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу)<br>-Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу)<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>♦ Адамдар күзде не істейді?<br>♦ Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді? | **Күздің алғашқы белгілерін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>-жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;<br>-күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>**Көркем сөз «Қыркүйек»**<br>Ғ. Өкеев<br>Бір-біріне жер, аспан,<br>Мейірлене қарасқан.<br>Төкпей-шашпай тасып дән<br>Машиналар асыққан.<br>Ұстаз, шәкірт жүздескен,<br>«Қош келіпсіз күз» дескен.<br>Берекелі алтын күз,<br>Ұмытпаймыз салтын біз<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>♦ Күзде ауа-райы қалай өзгереді?<br>♦ Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>♦ Адамдар күзде не істейді?<br>♦ Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді? | **Қайың ағашын бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>- күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>-қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Сырғалы қайың, ақ қайың.*<br>*Сырыңды сенің жаттайын.*<br>*Өсе берші жайқалып,*<br>*Мен ерінбей баптайын.*<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>**-күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды?**<br>**-олардың жапырақтары неге сарғаяды?**<br>**-ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды?**<br>**-ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар?**<br>**Зерттеу жұмысы: қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу.**<br>**Еңбек:**<br>**Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау** | **Өрмекшіні бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>-өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру;<br>-айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Сенде айтшы өрмекші,*<br>*Неше аяқ, неше қол?*<br>*Жауап берші өрмекші*<br>*Неше аяқ, неше қол?*<br>*Табандарым жолға тисе,*<br>*Зымырайды аяқтай.*<br>*Табандарым өрмек тоқиды*<br>*Қолдармен өрнек салғандай,*<br>*Шіркейлерді ұстағанда,*<br>*Аяқтарым пышақтай.*<br>*Егер шыбын кездессе,*<br>*Қағып алам ұзатпай!*<br>***Тәрбиеші сұрақтары:***<br>♦ Өрмекшілердің қандай пайдасы бар? (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларды жейді) | **Күн — жылу мен жарық көзі**<br>***Мақсаты:***<br>-күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>-ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту;<br>-табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы***<br>***Психологиялық жаттығу: «Күншуақ»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну*<br>*Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз.*<br>**Сұрақтар:**<br>♦Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек?<br>♦Күн не береді?<br>Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жаққа жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді.<br>Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады.<br>Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан оған тура қарай алмаймыз.<br>**Сұрақтар:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>**Зерттеу жұмысы:Д/О:** «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>**Д/О:** «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>***Мақсаты***:<br>-орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>-экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Бәйге».<br>***Мақсаты:***<br>Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары Қозғалыстарын қалыптастыру** | **Зерттеу жұмысы:Д/О:** «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>**Д/О:** «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>***Мақсаты:***<br>-орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>-экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Қуып жет».<br>***Мақсаты:*** *Тез* жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру**<br>***Мақсаты:*** **Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру**<br>***Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.*** | **Мақсаты: үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу.**<br>**Қимылды ойын: «Допты ұста»**<br>***Мақсаты:***<br>**қағып алуға және келесіге беруге үйрету.**<br>**Жаттығу ойындары:**<br>***Мақсаты:***<br>**қашықтан келген допты тез қағып алуға үйрету**<br>**Мақал-мәтелдер:**<br>1.Қалың ну халық саулығы. Көк орман – Отан байлығы.<br>2.Орман-ел дәулеті, жер сәулеті.<br>3.Бір тал кессең, он тал ек.<br>4.Ағаштың да ағайыны<br>. | ♦ Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? *(оларға өрмек құрады.)*<br>♦ Өрмекші өрмектерін жиі құра ма? *(желмен, жаңбырмен тез бүлінеді, сондықтан күнде құрады.)*<br>♦ Өрмекшілер жыртқыштар ма? *(Иә, олар басқа жәндіктерді жейді)*<br>***Зерттеу жұмысы***: *Өрмекші торын тауып, қарау.*<br>***Еңбек:*** *«Бархат» гүлдерін аударып, ыдысқы орналастыру*<br>*Мақсаты: гүлдерге деген қамқорлыққа, әсемдікке тәрбиелеу*<br>***Қ/О***: *«Үнсіз өт»* | Күнге бетіңді бұрғанда нені сезінесің?<br>Күнге тура қарауға бола ма, көзің ауырмай ма?<br>**Зерттеу жұмысы**: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды карап айырмашылықтарын табу.<br>Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз.<br>**Еңбек:**<br>Аланды тазалауға кішкентайларға көмектесу.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу.<br>**Қ/О: «Өрт сөндірушілер жаттығуда»**<br>***Мақсаты:*** *қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Шеңберге түсір»<br>***Мақсаты:*** *нысанаға көздеуге жаттықтыру* |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген |

**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:**18.09 – 22.09. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 18.09 | Сейсенбі 19.09 | Сәрсенбі 20.09 | Бейсенбі 21.09. | Жұма 22.09. |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:00-08:20<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №12 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №13 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №14 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №15 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №16 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты | | | | | |
| **ҰІӘ** | **18.09.23**<br>**Дүйсенбі** | **19.09.23**<br>**Сейсенбі** | **20.09.23**<br>**Сәрсенбі** | **21.09.23**<br>**Бейсенбі** | **22 .09.23**<br>**Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |

| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** жіңішке дауысты дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету.<br>Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеугеүйрету, сызбалар жасауға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже**: сөзбен сөйлемді ажыратады , сөздің сөйлемнің мағынасын түсінеді<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **Көркем әдебиет-коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі)<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін калыптастыру**.** Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу**.** Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды**: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды)<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар<br>**ҰІӘ міндеттері:** Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту.<br>Сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже**: Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу<br>**Дағды**: ұсынылған үлгілер негізінде жазуға дағдыландыру. | **Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)**ҰІӘ мақсаты:** ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету. «Г», «к» дыбыстарымен таныстыру; балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту; баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді туралы дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** «г» , «к» дыбыстарына сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, әр кейіпкерлердің өз шелегін өз орнына қоюға берілген тапсырманы.<br>**Түсінеді:** ертегі мазмұнын.<br>Қолданады: өз ойларынан ертегі құрастыра білу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: Ширату жаттығулары | **Тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру.<br>**Дағды:**Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. |

***1 үзіліс -***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл гимнастикасы**<br>**«Р»-ға тілің келе ме?**<br>**Қаламқасқа «тұр», - деші,**<br>**Қарындашқа «жүр», - деші.**<br>**«Қара қарындашты**<br>**Қаламқас алып тұр», - деші,**<br>**Ал енді өзің-ақ**<br>**«Р-р-р-р», - деші.** | **Ойын: «Торғайлар мен тор»** қимылды ойыны<br>**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br>**Ойынның шарты:**Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.( Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды. |  |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Бадминтон, футбол.<br>ҰІӘ міндеттері: Спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық,мақсаттары на жете білу қасиеттерін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** алшақ аттап, қысқа қадамдар жасап жүгіру дағдылары, түзету жаттығуларын орындау, кеңістікті бағдарлау, допты | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:**Күзгі орманда.<br>**ҰІӘ міндеттері:**Қозғалыс мәнерлігін, ырғақтылығын дамыту:азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.<br>**Күтілетін нәтиже**: бөрене үстінде еңбектеу; 2.5 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын), доптың | **Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:**<br>5, 6 сандары және цифрлары<br>**ҰІӘ мақсаты:**5 және 6 сандарының құрамымен; 5 және 6 цифрларымен таныстыруЗаттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету; қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды біледі.<br>**Күтілетін нәтиже** | **Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:**<br>5, 6 сандары және цифрлары<br>**ҰІӘ мақсаты:**5 және 6 сандарының құрамымен; 5 және 6 цифрларымен таныстыруЗаттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету; қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды біледі.<br>**Күтілетін нәтиже** | **Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Біздің аспаптар.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.<br>**Дағды:** Қимылдарды музыкаға ілесе орындалу дағдысын қадағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады.<br>**Түсінеді**:регистр деген не екенін.<br>**Қолданады:** ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеңіл соға білу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп, қағып алу шеберліктерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | заттарды санай алуға; сандардың айтылу реттілігін үйрену,<br>-заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды біледі.<br>**Дағды**: зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | заттарды санай алуға; сандардың айтылу реттілігін үйрену,<br>-заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды біледі.<br>**Дағды**: зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

## Дамытушылық іс-әрекеті

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Сюжетті - рөлді ойын:* «Тігінші»**<br>***Мақсаты:*** Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>***Көрнекіліктер:*** Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.<br><br>***Ойын барысы:***<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>Өнерім қол ұшында,<br>Боламын мен тігінші | ***Артикуляциялық жаттығулар:***<br>***Ойын:*«** **Часы» «Сағат»**<br>***Мақсаты:*** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.<br>• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, | ***Саусақ ойыны:* « Тасбақа»**<br>***Мақсаты:*** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.<br>саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.<br>**1.Тасбақа**<br>Тасбақа, тасбақа,<br>Тас астында тұрады.<br>Басын баяу шығарып,<br>Тиіссең кері тығады. | **Психологиялық ойын:**<br>**Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»**<br>***Мақсаты:*** Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.<br>***Ойын шарты:***<br>Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл рөлді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан | **Аз қимылды ойын:**<br>**Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»**<br>**Мақсаты:** балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.<br>**Ойын шарты:**<br>**Мазмұны:** Аланда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын аланнан шықпай, ішінде жүріп ойналады. Мұғалімнің «Қуғыншы |

Тігіншінің ішінде,
Бас бармақтай бірінші.
***Ойын:*** ***«Дұрысын тап»***
**Мақсаты:** Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.
***Тәрбиеші:*** Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді.
Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар.
Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.
Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?
Шаштараз не киеді?
Балалар белгілеп береді.
- Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.
***Ойын:«Тігінші»***
***Тәрбиеші:*** Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)
Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.
Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек.
Ойынды балалар өз қиялдары мен

солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.
• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.
***«Дәмді тосап»***
***Мақсаты:*** жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.
***Қысқаша сипаттамасы:*** Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.
***Әдістемелік нұсқау.***
1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон



Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.
**Фонетикалық жаттығулар**
**Мақсаты:** Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.
**1.Баудағы кім?**
Ара болсаң, ызыңда
**З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж**
Жұмыс істе, тығылма.
- Ара қалай дыбыстайды?
**(з- з-з)** - қатты\жай



**2.Жыланның ысылы.**
Жылан қалай дыбыстайды?
Ыс-с—ыс-сссс....



басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.
"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.

табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.
Қуыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.
Бірақ ойыншылар қуыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;
Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;
Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуыншы сол ойыншыны қуады.
**Ойынның ережесі:**
1. Қуыншы қолын көтеріп: «Мен қуыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.
2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.
Әдістемелік нұсқаулар.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.<br><br><br> | шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.<br><br> <br> <br>  | **3.Шалқан**. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о**!» деп таң қалды.<br><br><br> | <br><br> | Бұл ойынды ұйымдастыру үшін аланды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.<br>Ойын қызықты өтуі үшін ойынныі мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.<br>Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>Ойынның педагогикалық маңызы өте зор.<br>Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады. Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | |  |

| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** 3 саны және цифры. 4 саны жәнецифры.<br>**ҰІӘ мақсаты:**3 және 4 сандарының құрамымен; 3 және 4 цифрларымен таныстыруЗаттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету;<br>қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды біледі.<br>**Күтілетін нәтиже**<br>заттарды санай алуға;<br>сандардың айтылу реттілігін үйрену,<br>-заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды біледі.<br>**Дағды**:зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Менің атам<br>**ҰІӘ мақсаты:** Отбасы туралы білімдерін кеңейту;<br>отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету;<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу<br>**Дағды**:<br>Балалардың сөйлеу шеберлігі мен сөздік қорларын дамыту.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: Ширату жаттығулары | **.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Жыл мезгілдері<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Балаларға жыл,жылдың тө рт мезгілі(әр мезгілде 3ай),12 ай туралы түсініктерін қал ыптастыру,қысқы ай атаул арын қайталау.<br>Жыл мезгілдері,ай аттары, апта күндері,тәулік бөлікте рінің реті туралы білімдерін бекіту.<br>Логикалық ойлау қабілет шығармашылық мүмкіндікт ерін арттыру<br>**Дағды:** ой-өрісін дамыту, | **Көркем әдебиет-коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі)<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін калыптастыру**.** Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу**.** Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды**: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды)<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Ұлттық ойындар (таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>«Өкшемен отырып» бастапқы калпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, шашырап жүріп, тапсырмаларды орындай білу машықтарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |

*3 үзіліс –*
**Балалардың дербес іс-әрекеті**
**Секіруге арналған ойындар «Табан балық және шортан»ойыны.**

| | | |
|---|---|---|
| **Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған**<br>**Кім қалай дыбыстайды?**<br>(баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту)<br>- А, аа, аа, а, а, аааааа ..... (қуанышты дауыспен).<br>- Ааа, аа, а, а, ааа .... (аянышты дауыспен).<br>- А, аа, аааа, а, ааа ........(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз.<br>Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.<br>Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс. | **Дикциялық жаттығу**<br>Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет.<br>Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді.<br>Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік.<br>Суда сең келеді,<br>Сегіз серке тең келеді.<br> | **Ойын:“Табан балық және шортан”**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Шарты:** Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді.<br>Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді.<br>**Ұсыныс:** Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | |  | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| | **Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Себетке қандай саңырауқұлақ салынады?<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрету.<br>**Дағды:** Зерттеушілік қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**жасайды:** саңырауқұлақтың бірнеше түрін, олардың өзіне тән ерекшеліктерін атап береді.<br>**түсінеді:** саңырауқұлақтардың арасындағы айырмашылықты түсінеді.<br>**қолданады:** кесте бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыра алады | **Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Көңілді ырғақтар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>Әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау.<br>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын,олардың сипатын,көңіл күйін ажырату.<br>Музыка сипатына сәйкес ойын әркеттерін орындау,музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту.<br>Көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Барлық балалар:**<br>Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғаралығы айқындалмаған) жеке | **.Құрастыру – шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Тақырыбы :** Ұшақ.<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Құрылыс материалдарынан құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету.<br>**Дағды:**<br>Өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**жасайды:** құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра алуды;<br>**түсінеді:** ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажыратуды және балалардың ой-қиялы дамитынын;<br>**қолданады:** өзінің іс-әрекетін алдын-ала | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады. | жоспарлай алады және өз іс- әрекетінде пайдаланады. | | |

*4 үзіліс –*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**

**«Пойез - эстафеталар »**







**Ойын:“Пойез - эстафеталар”**

**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

**Шарты:**Бағанада тұрған (8-12 адамнан) топтар алдында сызық жүргізіледі, ал әрқайсысынан 10-12м қашықтықта тұрақтар (зат толтырылған доптар) тұр. Белгі бойынша топтың бірінші номерлері тұрақты айналып өтеді (сағат тіліне қарсы), бастау сызығына бағытталады. Олар өз бағанасының жанынан өтіп, оны артынан майыстырып, тұраққа жүгіреді. Олар бастау сызығына келгенде, олардың белдерінен ұстап екінші номерлер қосылады да, кедергіні ойыншылар бірге өтеді. Топты айналған соң оларға екіншісі қосылады және т.с.с.

**Ұсыныс:** Барлық топ, пойыз вагоны секілді, өткенде ойын бітеді, яғни соңғы ойыншы бастау сызығына өтеді. Ойында көп ауыртпалық бірінші ойыншыға түседі, сондықтан қайталау кезінде қатысушылар керісінше ретпен орналасады.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №12**<br>**Емдік шөптерді бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>- Балабақша ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту; | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №13**<br>**Күз көрністерін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>*Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.* | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №14**<br>**Тастарды бақылау**<br>***Мақсаты***: Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №15**<br>**Жапырақтардың түсуін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>—табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені№16**<br>**Гүлзарды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | — Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру<br>***Бақылау барысы:***<br>Тәрбиеші балаларға алаңдағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды:<br>-- Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер?<br>♦ Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп емес пе? Қалақайдың жапырақтарының пайдасы қандай? *(онда К,С витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шашты қатайтады.)*<br>♦ Қалақай жапырақтарын қай уақытта дайындайды? *(шикізатты гүлдеген мезгілінде-маусымнан тамызға дейін дайындайды)*<br>♦ Итмұрын жемісі несімен бай? *(А, Р, В, С Витаминдерімен. Алма және лимон қышқылдары бар;итмұрын жемісін күзге қарай жапырақтары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек).*<br>♦ Итмұрынды басқаша қалай атайды? *(Иван-шәй)*<br>♦ Шәйқурайдың қандай пайдасы бар? *(салқын тиюге қарсы және асқазан ауырғанда).*<br>Шәйқұрайдың жапырақтары мен гүлдерін, маусым айында гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне өте бай, асқазан ауырғанда ем болады. Әсіресе өте тәтті шәй бір ғана гүлдерінен алынады.. | ***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «КҮЗ»***<br>*Қ . Ыдырысов*<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Жап-жасыл тал мынау,<br>Сары шапан киіпті-ау<br>Айнала тұнжырап,<br>Қабағын аспан түйіпті-ау.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>♦Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦Неге күз деп ойлайсыңдар?<br>♦Күзде ауа-райы қандай болады?<br>♦Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр)<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңын тазалау<br>*Мақсаты:*<br>— Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету;<br>— Ұжыммен жұмыс істеуге баулу.<br>**Қ/О:**<br>«Ормандағы соқпақтар».<br>*Мақсаты: жағдайға байланысты* | молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.<br>***Бақылау барысы***<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай?<br>♦Өлі табиғатқа нелер жатады?<br>- Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты)<br>♦ Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит)<br>♦ Қатты тастарды атаңдар?<br>♦ Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\<br>♦ Неге? (ол жұмсақ, жұғады)<br>♦ Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі)<br>♦ Көмір не үшін керек? (отынға)<br>♦ Асыл тастар деген не? (қымбат тастар)<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды )<br>**Еңбек**<br>Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.<br>***Мақсаты:*** | —бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>***Күзгі жапырақтар.***<br>***Қ. Шаңғытбаев***<br>*Алтын сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ.*<br>*Күзгі бақта күлімдеп,*<br>*Көз тартады атырап.*<br>*Күн шуақта маужырап,*<br>*Жатыр еді атырап.*<br>*Ағаштардан жамырап,*<br>*Ұшты кенет жапырақ.*<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?<br>♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?<br>♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді?<br>♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)<br>♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)<br>♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда )<br>Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды<br>♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан | — Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтау (бұтақ, жапырақ, гүл, тамыр).<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>*- Кешкілік пе, күндіз бе,*<br>*Өсіп тұрған гүлді үзбе.*<br>*Туған жерді далаға,*<br>*Тастай алмай жүрміз бе?*<br>*Жайнап өсіп далада,*<br>*Көздің жауын ала ма?*<br>*Бірде бірін жұлғызба,*<br>*Қасыңдағы балаға.*<br>Тәрбиеші сұрақтары:.<br>♦ Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦ Күзде өсімдіктер қандай қзгерістерге ұшырайды?<br>♦ Мына гүлзардан не көріп тұрсыңдар?<br>♦ Гүлзарда өсетін гүлдер қалай аталады?<br>♦ Гүлдер көктемде қайта өсуі үшін не істеу керек?<br>♦ Гүлдің өсуіне нелер көмектеседі?<br>♦ Гүлдерді жұлуға бола ма?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Гүлдерді салыстыру (гүлдер дің бір-бірінен айырмашылығы және ұқсастығы қандай).<br>**Еңбек** Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу<br>*Мақсаты: піскен, піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету.*<br>**Қ/О:** «Құстар қалай ұшады?».<br>*Мақсаты: белгілі бағытқа жүкіруге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары**Доппен жаттығу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -- Жолжелкен (иманжапырақ). Оны кезкелген дала жолынан табуға болады. Оның салқын жапырағын аяқтың қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусаққа жапсыруға болады.Жолжелкен жапырақтарында А,К,С витаминдері бар *және де жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жазуға, қан тоқтатуға қолданылады. Жапырақтарды өсімдік гүлдеген мезгілде жинайды.*<br>***Табиғат аясында өзін ұстау ережелері:***<br>— Емдік өсімдіктерді жинағанда тек қана өздерің білетін, Қызыл кітапқа енбегендерін жинау керек;<br>. | *қозғалыстарды түрлендіру.*<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулары**<br>*Мақсаты:жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,*<br>**Халық болжамы:**<br>Қыркүйекте күн күркіресе жылы күз нышанын білдіреді. | — Бірігіп жұмыс істеуге үйрету;<br>— Шығармашылық қиялын дамыту.<br>**Қ/О**«Ұшты-ұшты».<br>***Мақсаты:***<br>— Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету;<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалысты дамыту.<br>*Мақсаты:допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу* ***«Күзгі табиғат»***<br>***Мақал-мәтел***<br>***Асыл тастан шығады, Ақыл жастан шығады.*** | сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)<br>♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)<br>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.<br>**Еңбек**<br>Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.*<br>**Қ/О:** «Түлкі мен *жаттығу жасау.* | *Мақсаты: допты лақтыруға, қағып алуға жаттықтыру*<br>***Тыйым сөздер: Гүлді үзбе, көк шөпті баспа.*** |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі: 25.IX-29.IX**. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма . |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үст ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты | | | | | |
| **ҰІӘ** | **25.09.23<br>Дүйсенбі** | **26.09.23<br>Сейсенбі** | **27.09.23<br>Сәрсенбі** | **28.09.23<br>Бейсенбі** | **29.09.23<br>Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |

<table>
<tr><td>«Ас – адамның арқауы» түскі ас.</td><td colspan="5">Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="6">Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</td></tr>
<tr><td colspan="6">1-ші  ұйымдастырылған іс - әрекеті            уақыты:</td></tr>
<tr><td>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ</td><td>Тақырыбы: Дауыссыз дыбыстар.<br>ҰІӘ мақсаты:<br>Дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру.<br>Дағды:Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап бере алады.<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</td><td>Көркем әдебиет- коммуникативтік,танымдық әрекет<br>Тақырыбы: Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі)<br>ҰІӘ мақсаты: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін калыптастыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>Дағды: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды)<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</td><td>Тақырыбы: Дауыссыз дыбыстар.<br>ҰІӘ мақсаты:<br>Дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру.<br>Дағды:Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап бере алады.<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</td><td>Сөйлеуді дамыту- танымдық,коммуникативтік әрекет<br>Тақырыбы: Отбасының күзгі еңбегі<br>ҰІӘ мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру. Күз мезгілінің қоршаған ортаға деген әсерін таныту, күз ерекшеліктерін, күз сыйын балаларға ұғындыру.<br>Дағды: Балалардың ақыл-ойын жетілдіріп, тіл байлығын дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Нені білу керек: күзгі бақта, бақшада, егіс даласында қандай жұмыстар жүргізілгенін. Нені игереді: жемістер мен көкөністерді, дәнді дақылдарды ажыратуды. Нені біледі: күзгі еңбек түрлерін<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну<br>Әдіс-тәсілдер: Жұмбақтар шешу.</td><td>. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет<br>Тақырыбы: Біз нені үйрендік?<br>ҰІӘ мақсаты:<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.<br>Дағды:<br>Жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже: Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</td></tr>
<tr><td colspan="6">1 үзіліс -<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Саусақ гимнастикасы**<br>Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.<br>**Тасбақа.**<br>Тасбақа, тасбақа,<br>Тас астында тұрады.<br>Басын баяу шығарып,<br>Тиіссең кері тығады.<br> |  | **Психологиялық ойын:**<br>**«Суреттерді аяқтайық»** жаттығуы.<br>***Мақсаты:***<br>Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .<br>***Ойын шарты:*** Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады . Оқушылардың көздері шарфпен байланады да , олар кезек-кезекпен шығып , бірі денесін , бірі басын , бірі аяғын салады , осылайша жалғаса береді . |

| **2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Қалай спортшы болуға болады?<br>**ҮІӘ мақсаты:** Алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеудіжетілдіру. Сапты бұзбай және бағыттарын сақтап, қайта сап түзеп жүруге жаттықтыру.Ептілік,өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту;спортқа деген ынталарын,<br>салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Менің сүйікті жануарларым.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Өзін айнала бұрылып секіруге үйрету (аса жоғары емес). Аяқтарын бүгіп, екі аяқ ұшымен еденнен (жерден) итеріле білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Экологиялық мәдениетке, ұйымшылдыққа,психоло гия-лық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу. | **Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** 7, 8, 9 сандары және цифрлары<br>**ҮІӘ мақсаты:** 7, 8, 9 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.<br>**Дағды**: зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Заттарды санау дағдыларын дамыту; | **Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** 7, 8, 9 сандары және цифрлары<br>**ҮІӘ мақсаты:** 7, 8, 9 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.<br>**Дағды**: зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Заттарды санау дағдыларын дамыту; | **Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы**: Біздің аспаптар.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Ересектердің орындауындағы музыкалык пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.<br>**Дағды:** Қимылдарды музыкаға ілесе орындалу дағдысын қадағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады.<br>**Түсінеді**:регистр деген не екенін.<br>**Қолданады:** ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөрене үстінде еңбектеу; 2.5 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын), доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп, қағып алу шеберліктерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **Күтілетін нәтиже**: «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, шашырап жүріп, тапсырмаларды орындай білу машықтарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | дұрыс тану мен 7, 8, 9 сандарын бейнелеуді біледі. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау біліктілігін бекіту арқылы жұмыс жасай алады | дұрыс тану мен 7, 8, 9 сандарын бейнелеуді біледі. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау біліктілігін бекіту арқылы жұмыс жасай алады | |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Қимылды жүгіруге арналған ойын:«Жалғыз аяқ жолмен»**









**Қимылды жүгіруге арналған ойын:«Жалғыз аяқ жолмен»**
**Мақсаты:** ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.
**Ойынның шарты:** Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліңдер деп ұсынған жақсы болады.
**Ұсыныс:** бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді.

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** 7, 8, 9 сандары және цифрлары<br>**ҮІӘ мақсаты:** 7, 8, 9 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.<br>**Дағды**: зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>Заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен 7, 8, 9 сандарын бейнелеуді біледі. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау біліктілігін бекіту арқылы жұмыс жасай алады | **Сөйлеуді дамыту- танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)**ҮІӘ мақсаты:** ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету. «Г», «к» дыбыстарымен таныстыру; балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту; баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді туралы дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** «г» , «к» дыбыстарына сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, әр кейіпкерлердің өз шелегін өз орнына қоюға берілген тапсырманы.<br>**Түсінеді:** ертегі мазмұнын.<br>Қолданады: өз ойларынан ертегі құрастыра білу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: Ширату жаттығулары | **.Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек**<br>**Тақырыбы:** Су – тіршілік көзі.<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>Судың қасиеттерін таныстыру.<br>Танымдық мүмкіндіктерін арттыру,тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жұмбақ шешу..**<br>**Білу:Сөздіктер**<br>Табиғат-природа- nature, су-вода-water,<br>Жаңбыр-дождь-rain, ағаш дерево-tree,<br>күн-солнце-san, жел-ветер-wind,<br>торғай –воробей-sparrow, гүл-цвет-flowes<br>**Түсінеді: Жұмбақтар**<br>1. Аяқсыз - ақ жорғалайды, жүреді.<br>Аузы да жоқ, сыңғырлайды, күледі.<br>Онсыз бірақ жер бетінде тіршілік жоқ,<br>Айтыңдаршы, осыны кім біледі.<br>Су<br>2. Өзі көк, көлеңкесі жоқ.<br><br>3. Қыста шыны боп қатады, жылыда су боп жатады..<br>Мұз.<br>4. Көзге көрінгенмен<br>Ұстасаң қолға ілінбейді.<br>Бу.<br>**Қолданады:** Өлең жаттау | **Көркем әдебиет- коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі)<br>**ҮІӘ мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін калыптастыру**.** Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу**.** Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды**: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды)<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Дене қабілеттерін дамыту.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту.<br>Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** орындайды: құлақ қалқанын уқалау, алаңқайдың бір жағынан екінші жағына қатармен жүру.<br>**Түсінеді:** залда қауіпсіздік ережелерді сақтау керектігін, бөрененің үстімен жүргенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды, өз қимылдарын оң жақ, сол жақ көршілес балалармен үйлестіруді.<br>**Қолданады:** баяу жүгіру дағдыларын, негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын, қолды сермеу мен аяқпен итерілу күшін мөлшерлеуді, кеңістікті бағдарлау біліктілігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Сылдыр-сылдыр,сылдыр су<br>Сылдыр суға бетіңді жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің маңдайың. | | |
| ***3 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»** | | | | | |
| **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР**<br>**Мен қандай адаммын ?**<br><br>**Мақсаты:** Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;<br>Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі . |  <br>  | **Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны**<br>**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br>**Ойынның шарты:** Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді. | | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| | **.Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек**<br>**Тақырыбы:** Су – тіршілік көзі.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>Судың қасиеттерін таныстыру.<br>Танымдық мүмкіндіктерін арттыру,тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жұмбақ шешу..**<br>**Білу:Сөздіктер**<br>Табиғат-природа- nature, су-вода-water, | **Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Күзгі серуен.<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Дағды:** Қимылдарды музыкаға ілесе орындалу дағдысын қадағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:** | **.жапсыру шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Тақырыбы :** Көшедегі үйлер Біздің үй<br>**ҰІӘ мақсаты:** балаларды әртүрлі пішінді заттарды мүсіндеугеүйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Түрлі сызықтарды (түзу, қисық, зигзаг, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі емес сұлбаларды салады.<br>**Әдіс-тәсілдері:«Ойлап тап!»** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаңбыр-дождь-rain, ағаш дерево-tree,<br>күн-солнце-san, жел-ветер-wind,<br>торғай –воробей-sparrow,   гүл- цвет-flowes | **Жасайды:** дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | | | |

***4 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Аз қимылды ойындар «Жалауша»**

| | | |
|---|---|---|
| **« Өкпені еріту » жаттығуы**<br>Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға ( ең жек көретін, көргіңіз келмейтін ) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз . | <br> | **Ойын: «Жалауша»**<br>**Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.<br>Керекті құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша.<br>**Мазмұны.**<br>Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады. Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ. Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады.<br>**Ойынның ережесі.**<br>1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.<br>2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.<br>3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |   | | | **Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады. |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында»<br>Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.<br>«Алақай,ойын!»** | **Қыркүйек**<br>**Серуен-Бақылау №17**<br>**Ағаштарды бақылау**<br>***Мақсаты***:<br>—күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру;<br>—қайың мен терек ағашын діңдері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету;<br>— ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діні, бұтағы, тамыры);<br>— туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз:***<br>Үйеңкі, қайың, қарағаш,<br>Самырсын, емен, қарағай.<br>Өседі бәрі аралас,<br>Бақшада өскен баладай.<br>Қаулап өскен ағаштар<br>Жеміс-жидек сайда да.<br>Хош иіске елітіп<br>Тынып қалған айнала<br>Қамқоршы болшы орманға<br>Орманды бәрің қорғаңдар!<br>**Сұраққа жаап беріңдер:**<br>♦Басқа ағаштар арасынан қайынды қалай табамыз?<br>♦Қайың діні қандай? *(ақ қара дақтармен.)* | **Қыркүйек**<br>**Серуен-Бақылау №18**<br>**Емдік шөптерді бақылау**<br>***Мақсаты***:<br>- Мектеп ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту;<br>-Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру<br>***Бақылау барысы:***<br>Тәрбиеші балаларға аландағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды:<br>-Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер?<br>♦Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп емес пе? Қалақайдың жапырақтарының пайдасы қандай? *(онда К,С витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шашты қатайтады.)*<br>♦ Қалақай жапырақтарын қай уақытта дайындайды? *(шикізатты гүлдеген мезгілінде-маусымнан тамызға дейін дайындайды)*<br>♦Итмұрын жемісі несімен бай? *(А, Р, В, С Витаминдерімен. Алма және лимон қышқылдары* | **Қыркүйек**<br>**Серуен-Бақылау №19**<br>**Күз көріністерін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>*Күз туралы білімдерін молайту, күз көріністерін бақылауды жалғастыру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «КҮЗ»***<br>*Қ . Ыдырысов*<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Жап-жасыл тал мынау,<br>Сары шапан киіпті-ау<br>Айнала тұнжырап,<br>Қабағын аспан түйіпті-ау.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>♦Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦Неге күз деп ойлайсыңдар?<br>♦Күзде ауа-райы қандай болады?<br>♦Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды | **Қыркүйек**<br>**Серуен-Бақылау №20**<br>**Тастарды бақылау**<br>***Мақсаты***: Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.<br>***Бақылау барысы***<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай?<br>♦Өлі табиғатқа нелер жатады?<br>- Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты)<br>♦ Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит)<br>♦ Қатты тастарды атаңдар?<br>♦ Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\<br>♦ Неге? (ол жұмсақ, жұғады) | **Қыркүйек**<br>**Серуен №21**<br>**Жапырақтардың түсуін бақылау**<br>***Мақсаты***:<br>—табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту;<br>—бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>***Күзгі жапырақтар.***<br>***Қ. Шаңғытбаев***<br>*Алтын сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ.*<br>*Күзгі бақта кілемдеп,*<br>*Көз тартады атырап.*<br>*Күн шуақта маужырап,*<br>*Жатыр еді атырап.*<br>*Ағаштардан жамырап,*<br>*Ұшты кенет жапырақ.*<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?<br>♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦Қайыңның тағы қандай бөліктері бар? *(діңі, тамыры, бұтағы)*<br>♦Ағашқа тамыр не үшін керек?<br>♦ Күзде қайың жапырағының түсі қандай? *(сары.)*<br>♦ Жазда қандай еді? *(жасыл.)(терекпен де осындай жұмыс жүргізіледі)*<br>♦ *Қысқа ең алғашқы дайындалатын қай ағаш? (қайың)*<br>**Д/О. «Аталған ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай ұш!».**<br>**Мақсаты:** мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған ағашты табу<br>Зерттеу қызметі Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау)<br>**Қ/О:** «Қасқыр қақпан»<br>**Мақсаты:** Жылдамдыққа, ептілікке баулу<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалысты дамыту<br>*Мақсаты*: Бөрене үстімен жүруге жаттықтыру<br>♦ | *бар;итмұрын жемісін күзге қарай жапырақтары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек).*<br>♦ Итмұрынды басқаша қалай атайды? *(Иван-шәй)*<br>♦ Шәйқурайдың қандай пайдасы бар? *(салқын тиюге қарсы және асқазан ауырғанда).*<br>Шәйқұрайдың жапырақтары мен гүлдерін, маусым айында гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне өте бай, асқазан ауырғанда ем болады. Әсіресе өте тәтті шәй бір ғана гүлдерінен алынады..<br>-Жолжелкен (иманжапырақ). Оны кезкелген дала жолынан табуға болады. Оның салқын жапырағын аяқтың қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусаққа жапсыруға болады.Жолжелкен жапырақтарында А,К,С витаминдері бар *және де жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жазуға, қан тоқтатуға қолданылады.*<br>***Табиғат аясында өзін ұстау*** | ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр)<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңын тазалау<br>***Мақсаты:***<br>— Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету;<br>— Ұжыммен жұмыс істеуге баулу.<br>**Қ/О:**<br>«Ормандағы соқпақтар».<br>*Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.*<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулары**<br>***Мақсаты:****жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,*<br>**Халық болжамы:**<br>**Қыркүйекте күн** | ♦ Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі)<br>♦ Көмір не үшін керек? (отынға)<br>♦ Асыл тастар деген не? (қымбат тастар)<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды )<br>**Еңбек**<br>Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.<br>***Мақсаты:***<br>— Бірігіп жұмыс істеуге үйрету;<br>— Шығармашылық қиялын дамыту.<br>**Қ/О** «Ұшты-ұшты».<br>*Мақсаты:*<br>— Тәрбиешіні мұқият | ♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді?<br>♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)<br>♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)<br>♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда )<br>Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды<br>♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)<br>♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)<br>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)<br>**Зерттеу жұмысы** Қайың |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.** **Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес*** - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз | ***Ата –аналарға кеңес*** Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген. |

**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:***02.10 – 06.10. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 02.10** | **Сейсенбі 03.10** | **Сәрсенбі 04.10** | **Бейсенбі 05.10.** | **Жұма 06.10.** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | №23 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №24 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл** | №25 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл** | №26 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл** | №27 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **белсенділігі, ойын әрекеті** | **белсенділігі, ойын әрекеті** | **белсенділігі, ойын әрекеті** | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты | | | | | |
| **ҮІӘ** | **02.10.23**<br>**Дүйсенбі** | **03.10.23**<br>**Сейсенбі** | **04.10.23**<br>**Сәрсенбі** | **05.10.23**<br>**Бейсенбі** | **06.10.23**<br>**Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ** | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік?<br>**ҮІӘ мақсаты:**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру<br>**Дағды:** Тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыруға дағдылантыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады.<br>**Түсінеді:** сөздің дыбыстардан тұратынын. | **Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы: Мақтақыз бен мысық**<br>(қазақ халық ертегісі)саханалау.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды:** Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды), ертегіні сахналау барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** | **3. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Қатаң дауыссыз дыбыстар.<br>**ҮІӘ мақсаты:** қатаң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br>**Дағды:** Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. | **.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы: Күзгі жапырақтар.**<br>**ҮІӘ мақсаты** Балаларға дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы ұғым беру. Сөздегі бастапқа дыбысты және сөз ішінде дыбыстың (З-С) орнын табуға үйрету. Дыбыс туралы қызықты әңгіме мен жаттығу жұмыстары арқылы З және С дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Өлеңмен танысу және оны жаттау. Мәнерлеп айтуға, дұрыс дыбыстауға баулу.<br>**Дағды:** Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту арқылы дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білуі тиіс:** дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы түсінік алады. | **3. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Қатаң дауыссыз дыбыстар.<br>**ҮІӘ мақсаты:** қатаң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br>**Дағды:** Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолданады:**сөз ішінен берілген дыбысты табады, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану. | **Түсінеді:** қатаң дауыссыздарда мүлде үн болмайтынын түсінеді.<br>**Қолданады:** қатаң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>**Артикуляциял ық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. | **Болуы қажет:** С- З дыбыстарын дұрыс айтуға жаттығады.<br>**Жасай алады:** өлеңді жаттап алады<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Қолдану: Дидактикалық ойын:** «Дауысты дыбыстарды ата».<br>**Ойын шарты:**<br>Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады.<br>**Әдіс-тәсілдер**: Тіл жаттықтыру. | **Түсінеді:** қатаң дауыссыздарда мүлде үн болмайтынын түсінеді.<br>**Қолданады:** қатаң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>**Артикуляция лық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. |

*1 үзіліс -*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

| | | |
|---|---|---|
| **Фонетикалық жаттығулар**<br>**Мақсаты:** Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.<br>**1.Баудағы кім?**<br>Ара болсаң, ызында<br>**З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж**<br>Жұмыс істе, тығылма.<br>- Ара қалай дыбыстайды?<br>**(з- з-з)** - қатты\жай<br> **2.Жыланның ысылы.**<br>Жылан қалай дыбыстайды?<br>Ыс-с—ыс-сссс....<br><br>**3.Шалқан.** Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о**!» деп таң қалды.<br>   | ***Артикуляциялық жаттығулар:***<br>***Ойын:*« Часы» «Сағат»**<br>***Мақсаты:*** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.<br>Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.<br>• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.<br>• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.<br>***«Дәмді тосап»***<br>***Мақсаты:*** жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.<br>***Қысқаша сипаттамасы:*** Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.<br>***Әдістемелік нұсқау.***<br>1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.<br>2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.<br>3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.<br>4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек. |   <br>    |

## 2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Доппен ойнап көңіл көтеру<br>**ҮІӘ мақсаты:** Денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту.<br>Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** орындайды: құлақ қалқанын уқалау, алаңқайдың бір жағынан екінші жағына | **4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Біз әр түрліміз.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру.<br>Саусақтарымен допты | **Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** 10 саны<br>**ҮІӘ мақсаты:** 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>10санының жазбасын заттардың | **2.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** Заттарды өлшемі бойынша салыстыру.<br>**ҮІӘ мақсаты:** заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.<br>**Дағды**: Логикалық ойлау, | **. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:**<br>Күз – жомарт.Күзгі жаңбыр.<br>**ҮІӘ мақсаты:**<br>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатармен жүру. **Түсінеді:** залда қауіпсіздік ережелерді сақтау керектігін, бөрененің үстімен жүргенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды, өз қимылдарын оң жақ, сол жақ көршілес балалармен үйлестіруді. **Қолданады:** баяу жүгіру дағдыларын, негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын, қолды сермеу мен аяқпен итерілу күшін мөлшерлеуді, кеңістікті бағдарлау біліктілігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | ширақ домалату шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br>**Дағды:** Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен жүруді, гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып еңбектеуді, бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүруді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | санымен сәйкестендіруге үйрену, заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге бейімді.<br>**Дағды**:зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді;<br>**түсінеді:** заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын;<br>**қолданады:** заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **Жасайды:** дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |
| ***2 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Сюжетті-рөлді ойын:**<br>**« Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»** | | | | | |

<table>
<tr>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Сюжетті-рөлді ойын:<br>« Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»<br>Мақсаты : Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.<br>Жағдаят: Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы.<br>Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемені жөндеу, сүңгіуірлердің жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу, аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа зәкір түсіп, суға батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр.<br>Ойын шарты: Кеме жасаушылар кеме құрады, матростар мачтаның үстінде, қараңғыға үңіліп қарайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам сейнерді жүргізеді, қайықшы керме ауды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды. Сүңгуірлер теңіз түбін қарайды, зәкірді іздейді, краншылар кемеге жүк тиеді. Механик көмірдің өртенгенін хабарлайды. Дәрігер жүзу кезінде ауырып қалған жолаушыларды емдейді.<br>Балықшылар: торды айналдырады, теңізге тастайды, балық ұстайды, түрі мен сорты бойынша жәшіктерге салады.<br>Механик машиналардың жұмысын тексереді, Жолаушылар билеттерді сатып алып, кемеге отырады, қоғамдық көліктегі жүріс-тұрыстың ережелерін сақтайды;<br>Аспазшы жолаушыларға ас дайындайды.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік,<br>ойын, қимыл белсенділігі<br>Тақырыбы: Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>ҰІӘ мақсаты: Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту.<br>Дағды: Себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>Күтілетін нәтижелер:<br>жасайды: жануарлардың бірнеше түрін, олардың өзіне</td>
<td>Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет<br>Тақырыбы: Отбасының күзгі еңбегі<br>ҰІӘ мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру. Күз мезгілінің қоршаған ортаға деген әсерін таныту, күз ерекшеліктерін, күз сыйын балаларға ұғындыру.<br>Дағды: Балалардың ақыл-ойын жетілдіріп, тіл байлығын дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Нені білу керек: күзгі бақта, бақшада, егіс даласында қандай жұмыстар жүргізілгенін. Нені</td>
<td>Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік,<br>ойын, қимыл белсенділігі<br>Тақырыбы: Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>ҰІӘ мақсаты: Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту.<br>Дағды: Себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>Күтілетін нәтижелер:<br>жасайды: жануарлардың бірнеше түрін, олардың</td>
<td>Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі<br>Тақырыбы: Мақтақыз бен мысық<br>(қазақ халық ертегісі)саханалау<br>ҰІӘ мақсаты: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.</td>
<td>. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі<br>Тақырыбы: Зейінді боламыз.<br>ҰІӘ мақсаты:<br>Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>тән ерекшеліктерін атап береді.<br>түсінеді: жабайы жануарлар мен үй жануарларының арасындағы айырмашылықты түсінеді.<br>қолданады: кесте бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыра алады</td>
<td>игереді: жемістер мен көкөністерді, дәнді дақылдарды ажыратуды. Нені біледі: күзгі еңбек түрлерін<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну<br>Әдіс-тәсілдер: Жұмбақтар шешу.</td>
<td>өзіне тән ерекшеліктерін атап береді.<br>түсінеді: жабайы жануарлар мен үй жануарларының арасындағы айырмашылықты түсінеді.<br>қолданады: кесте бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыра алады</td>
<td>Дағды: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды), ертегіні сахналау барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>Күтілетін нәтижелер:<br>Жасайды: ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>Түсінеді:ертегінің мазмұнын түсінеді;</td>
<td>қалыптастыруды жалғастыру.<br>Дағды: зейін қойып тыңдай білу және жаттығуды көрсетуін мұқияткарап, еске сақтап алу қабілеттерін дамыту. Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3 үзіліс<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары<br>Ойын: «Дыбыстарды анықта» жаттығуы<br>Мақсаты: Балалардың фонетикалық дыбыстарды меңгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>Ойын шарты:<br>Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр.<br>Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады.</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">«Достық» жаттығуы<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз, (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес, (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Енді санауды аяқтадық. (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>Сергіту сәті<br>Санайық жаңаша<br>Бір, екі, үш!<br>Желбіре жалауша,<br>Достықта біздің күш.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">4-ші  ұйымдастырылған іс - әрекеті</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** 10 саны<br>**ҰІӘ мақсаты:** 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** 10санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрену, заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге бейімді.<br>**Дағды**:зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Күзгі серуен.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Дағды:** Қимылдарды музыкаға ілесе орындалу дағдысын қадағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **.Шығармашылық: «Мүсіндеу»**<br>**Тақырып:** Көгөністер<br>Геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру | | |

***4 үзіліс –***
**Балалардың дербес іс-әрекеті**
**Аз қимылды ойындар «Кім алысқа»**

| | | |
|---|---|---|
| **«Өз үйіңді тап»**<br>**Мақсаты:** Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>Әр үйшіктің өзі түсіне тән жапырақшаларын шапшаң тауып кіргізе білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Алғырлыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Көрнекі құралдар:** Әртүрлі түсті үйшіктер (қызыл, сары, жасыл т.б.). Үйшіктің түстеріне байланысты жапырақшалар. |    | **Аз қимылды ойын:«Кім алысқа»**<br>**Мақсаты :** Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты:** Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|        | | | | | Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды. |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №1**<br>**Гүлзарды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру;<br>— Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтау (бұтақ, жапырақ, гүл, тамыр).<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>*- Кешкілік пе, күндіз бе,*<br>*Өсіп тұрған гүлді үзбе.*<br>*Туған жерді далаға,*<br>*Тастай алмай жүрміз бе?*<br>*Жайнап өсіп далада,*<br>*Көздің жауын ала ма?*<br>*Бірде бірін жұлғызба,*<br>*Қасыңдағы балаға.*<br>Тәрбиеші сұрақтары:.<br>♦ Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦ Күзде өсімдіктер қандай кзгерістерге ұшырайды?<br>♦ Мына гүлзардан не көріп тұрсыңдар?<br>♦ Гүлзарда өсетін гүлдер қалай аталады? | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №2**<br>**Ұшып кететін құстарды бақылау**<br>***Цели****: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту;*<br>— Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>Қайтқан құсты көрдің бе?<br>Қаптай ұшқан әуелеп.<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп.<br>Жаз қызығы өтті енді,<br>Құстар қайтып кетті енді.<br>Қол бұлғап қоштасамыз,<br>Төбеден құстар өткенде<br>**Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:**<br>Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады)<br>Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, коректендіреді)<br>Құстар жемі күзде қайда кетеді?(жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер курайды, дәндер мен тұқымдар азаяды) | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №3**<br>**Желді бақылау**<br>***Мақсаты****: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру;*<br>— өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>***Бақылау барысы***<br>**Жұмбақ:**<br>Аяғы жоқ ұшады,<br>Аузы жоқ ән салады.<br>Кездескен жеңіл нәрсені<br>Аспанға ұшырады (жел)<br>Сұрақтар:<br>♦Жел қайдан пайда болады? *(жерден қызған ауа жоғары көтеріледі, ал суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.)*<br>♦Күшіне қарай желдің қандай түрлері болады?*(күшті және әлсіз)*<br>♦Күшті желдер қалай аталады? *(дауыл, құйын.)*<br>♦Бүгін жел бар ма? Ол күші бойынша қандай?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компастың немесе флюгердің көмегімен желдің бағытын анықтау | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Үйеңкі ағашын бақылау**<br>***Мақсаты****: үйеңкі ағашының әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту*<br>*(қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал т.б.)*<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Күзде жауын. Бұлт. Тұман.*<br>*Таптапады табанға,*<br>*Судыр-судыр жапырақ.*<br>*Судыр-судыр жапырақ*<br>*Сары жапырақ жауады.*<br>*Сары құйын ұйтқыған,*<br>*Өрттей сары бояуға,*<br>*Малынғандай атырап.*<br>*Балаларға сұрақтар:*<br>♦ Үйеңкі ағашының жапырақтары мен бұталары қандай?<br>♦ Үйеңкі ағашы қай жерлерде жиі өседі?*(өзен жағалауында.)*<br>♦ үйеңкі ағашының қандай түрлерін білесіңдер?*( қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал).* | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**Жүк көліктерін бақылау**<br>***Мақсаты****: жүк көліктерін ажырата білуге, олардың қолданылатын орындарын айыра білуге үйрету.*<br>***Бақылау барысы***<br>Адамдарды, жүктерді суда-кемелер, жерде поездер, әуеде-ұшақтар тасиды. Ал, аулада, көшеде жиі кездесетін көліктер-машиналар. Машиналар түрлеріне қарай адамдарға әртүрлі қызмет көрсетеді. Адамдарды жұмыс орнына тасиды, дәрігерлерді ауруларға жеткізеді, өртсөндірушіні өрт болған жерге апарады, әртүрлі жүктерді тисті жеріне апарады, көшеге су себеді, сыпырады, қар тасиды. Олар адамдардың бірінші көмекшісі.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>- Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>♦ Адамдар жүк көліктерін не үшін пайдаланады? *(әртүрлі жүктерді тасу үшін.)*<br>♦ Жүк тиейтін машиналар қандай көлік түрлеріне жатады? *(жүк таситын көліктерге).* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Гүлдер көктемде қайта өсуі үшін не істеу керек?<br>♦ Гүлдің өсуіне нелер көмектеседі?<br>♦ Гүлдерді жұлуға бола ма?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Гүлдерді салыстыру (гүлдер дің бір-бірінен айырмашылығы және ұқсастығы қандай).<br>**Еңбек** Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу<br>*Мақсаты: піскен, піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету.*<br>**Қ** | Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндәктермен қоректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен қоректенетін құстар ұшып кетеді)<br>Құстар ұшуға қалай дайындалады? (олар үйір-үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды)<br>Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, қаздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су астында қорек табылады)<br>**Еңбек:** | (флюгер қай жаққа бұрылды-жел сол жақтан)<br>Желдің күшін қалай анықтауға болады? (секундамермен және қағазбен.)<br>Желдің қай жақтан соғып тұрғанын қалай анықтайды? *(компас көмегімен-солтүстіктен болса-суық жел, оңтүстіктен болса жылы жел.)*<br>**Еңбек** Аланды тазалау<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуді жалғастыру, орындалган жұмыс* | ♦ Үйеңкі ағашы адамдарға не береді? *(бұтақтарынан себет (корзина) тоқиды)*<br>***Зерттеу жұмысы*** *Үйеңкі ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру. Айырмашылығы қандай?*<br>**Еңбек:** Бұйымдар жасауға жапырақ жинау.<br>*Мақсаты:еңбек ету іскерліктері мен дағдыларын дамытуды жалғастыру* | ♦ Жүк таситын басқа қандай көлік түрлерін білесіңдер? *(жүк таситын ұшақтар, тікұшақтар, поездар,кемелер.)*<br>♦ Машиналар бағдаршамның қай түсі жанғанда жүреді? *(жасыл.)*<br>♦ Машинаны жүргізетін мамандықтағы адамды кім деп атайды? *(жүргізуші, шофер)*<br>♦ Бағдаршамның неше түсі бар? *(Үш: қызыл, сары, жасыл.)*<br>♦ Адамдар бағдаршам жоқ жерден қалай өтеді?<br>**Еңбек** |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару.** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:**9.10 – 13.10. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 9.10 | Сейсенбі 10.10 | Сәрсенбі 11.10 | Бейсенбі 12.10. | Жұма 13.10. |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №28 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №29 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №30 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №31 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | №32 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты | | | | | |
| **ҰІӘ** | **9.10.23**<br>**Дүйсенбі** | **10.10.23**<br>**Сейсенбі** | **11.10.23**<br>**Сәрсенбі** | **12.10.23**<br>**Бейсенбі** | **13.10.23**<br>**Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.*** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші  ұйымдастырылған іс - әрекеті            уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша** | **3. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік, танымдық әрекет** | **Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі** | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет** | **Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет** | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҰІӘ** | **Тақырыбы:** Қатаң дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ мақсаты:** қатаң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br>**Дағды:** Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** қатаң дауыссыздарда мүлде үн болмайтынын түсінеді.<br>**Қолданады:** қатаң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. | **Тақырыбы: Мақтақыз бен мысық**<br>(қазақ халық ертегісі)саханалау<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды:** Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды), ертегіні сахналау барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану. | **Тақырыбы:** Ұяң дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ мақсаты:** ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br>**Дағды:** Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді.<br>**Қолданады:** ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>***«Алтыбақан»***– тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе | **Тақырыбы:** Шаштараз. Ә. Дүйсенбиев.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру.<br>**Дағды**: Демонстрациялық материалмен жұмыс. Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Шаштараз» өлеңін оқып беремін. Суретке қарап жаттап алуға және өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңді жатқа айтады, жұмбақтың шешуінің түбірлес сөздерін табады;<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнын, таза, ұқыпты жүруді;<br>**Қолданады:**өлең сөздерінің ішінен түбірлес сөздерді табады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: Жұмбақтар шешу. | **Тақырыбы:** Ұяң дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ мақсаты:** ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br>**Дағды:** Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді.<br>**Қолданады:** ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>***«Алтыбақан»***– тілді ауыздан жіңішкертіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. | | мұрынға, біресе иекке созу.<br>Осылай 10–15 рет қайталау. | | шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу.<br>Осылай 10–15 рет қайталау. |

***1 үзіліс -***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

**Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.**

**Мақсаты :** қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

**«Шынжыр»**



Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.

**«Піл»**

Оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыршүмек саусақ алдыңғы аяқтар,ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.



Алақандар бір-бірімен (доп пішінін жасайды)



**«Доп»** жабысады.

***Артикуляциялық жаттығулар:***

***Ойын: «Тілдің ұшымен қағу» (Құлыншақ)***

**Мақсаты:** тілдің бұлшық еттерін нығайту және тілді жоғары көтеру.

**Бейнелеуі:** күлімсіреп, тісті көрсетіп аузыды ашып тілдің ұшымен қағу (аттың тұяғының дыбысындай).

**Әдістемелік нұсқау :**

Жаттығу ең алдымен жәй екпінмен содан соң жылдам жасалады.
Ауыздың астыңғы жақ сүйегі қозғалмай, тіл ғана жұмыс жасау керек.
Бала таңдайын қағалмаса, «Кәмпитті жапсыр» деген жаттығуды жасатып, кейін тағы таңдайын қағып үйрету керек.
Тілдің ұшын ішке қарай қайырмау керек, сонда бала тілін сормайды.

***Ойын: «Гүлді жина»***

**Мақсаты:** -балалардың сөздік қорын молайту;
-үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;
-балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу;
-заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінің қандай екенін қайталату;
-үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;
-балалардың есте сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту;
-қолдың ұсақ моторикасын дамыту;
-эстетикасын тәрбиелеу;







## 2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі**<br>Тақырыбы: Бірінші бол!<br>**ҮІӘ мақсаты:** Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Командалық эстафеталар(таза ауада)<br>**ҮІӘ мақсаты:** Тізбекпен жүру**,** жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. | **.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** Ұзындық.<br>**ҮІӘ мақсаты:** ұзындық - заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** | **.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** Ұзындық.<br>**ҮІӘ мақсаты:** ұзындық - заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** | **Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Сабантойды тойлаймыз.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту. **Дағды:** Зал кеңістігін бағдарлап, сапқа және сапқа қайта тұруға жаттықтыруды жалғастыру. Биікзаттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді; қысқа секіртпеменсекіруді; гимнастикалық орындық үстінде белгі бойынша көзді жұмып, бір аяқты көтеріп тұруды. **Түсінеді:** биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру және шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық . | Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту. **Дағды:** Жаттығуларды уақытқа сыдырып, кеңістікті дұрыс болжай отырып, дұрыс әрі тиімді орындай білуді жалғастыру, басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** алыстан көре алмаудың алдын алу. Тізбекпен бірінің іші мен бірінің арқасыныңарасына допты қыстырып жүру. **Түсінеді:** эстафеталарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі, командалармен қимыл кезінде тепе-теңдік сақтай білудің маңызы мен жауапкершілігі, өз әрекеттерін басқа ойыншылардың әрекеттерімен үйлестіру, жолақтан-жолаққа секіре білу. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану Қолдану: | **Дағды**: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; **қолданады:** заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды дағдылантыру. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **Дағды**: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; **қолданады:** заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды дағдылантыру. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды. **Түсінеді:** қарапайым музыкалық терминдерді. **Қолданады:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Сюжетті-рөлді ойын:**

**«Бізге күз не әкелді?»**

| | | |
|---|---|---|
| Қолмен, саусақпен құрылған бейнелердің сапасына, жеке саусақтардың қимыл үйлесімділігіне және затты ұстау ептілігіне көңіл аударылады. **Саусақ гимнастикасы** | | ***Сюжеттік ойын :*** **«Бізге күз не әкелді?»** **Мақсаты:**Күз бізге не әкелгені туралы білімдерін бекіту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Ойын арқылы түстерді, жемістер мен көкөністерді ажырата және атай білуге үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.<br>**1. Барабанда ойнаймыз.** Балалар саусақтарын бүгіп, яғни жұдырықтарын түйіп, кеуде тұсынан сәл төмен ұстайды. Содан соң сұқ саусағын жазып, тік ұстап көрсетеді де, «барабанда ойнаймыз» деген тәрбиешінің белгісі бойынша сұқ саусағын жоғары төмен қозғалтады.<br>**2. «Біздер – ұстамыз».** Балалар екі қолын түйіп, сол қолымен «шеге», ал оң қолымен «балға» ұстап, балғамен шегені ұрады.<br>**3. «Дүрбілер».** Балалар бас бармағы мен сұқ саусағын біріктіріп шеңбер жасайды да, тәрбиешінің «дүрбімен қарайық» деген белгісі бойынша саусақ шеңберімен жан-жағына қарайды.<br>**4. «Кір жуамыз».** Балалар жұдырығын қысып, «кір жуамыз» дегенде екі жұдырығын бір-біріне тигізбей қарама-қарсы қозғалтады.<br>**5. Тары мен күрішті жинау**. Балаға кішкене кесеге араластырылып салынған тары мен күріш беріледі. Тарыны бір кесеге, күрішті екінші кесеге салу тапсырылады. |  | **Көрнекіліктер:** Күздің суреттері, жемістер мен көкөністердің суреттері.<br>Ойын шарты: суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында олар туралы балалардың білетін тақпақтарын айтқызуға болады. |

## 3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** Заттарды өлшемі бойынша салыстыру.<br>**ҰІӘ мақсаты:** заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.<br>**Дағды**: Логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді;<br>**түсінеді:** заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын;<br>**қолданады:** заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды | **Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы: Күзгі жапырақтар.**<br>**ҰІӘ мақсаты** Балаларға дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы ұғым беру. Сөздегі бастапқа дыбысты және сөз ішінде дыбыстың (З-С) орнын табуға үйрету. Дыбыс туралы қызықты әңгіме мен жаттығу жұмыстары арқылы З және С дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Өлеңмен танысу және оны жаттау. Мәнерлеп айтуға, дұрыс дыбыстауға баулу.<br>**Дағды:** Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту арқылы дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білуі тиіс:** дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы түсінік алады.<br>**Болуы қажет:** С- З дыбыстарын дұрыс айтуға жаттығады. | **Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек**<br>**Тақырыбы:**Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?<br>**ҰІӘ мақсаты:** Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету.<br>**Дағды:** Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** үйдің ауласында өсіп тұрған ағаштардың атауларын атап береді.<br>**түсінеді**: күзде жапырақтардың не себептен түсетінін біледі.<br>**қолданады**: гербарий жасауға жапырақ жинауды біледі; қарапайым зерттеулер. | **Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы: Мақтақыз бен мысық**<br>(қазақ халық ертегісі)саханалау<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды:** Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды), ертегіні сахналау барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі; | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Ерекше сабақтар .<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Дағды:**<br>гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</td>
<td>Жасай алады: өлеңді жаттап алады<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану.<br>Қолдану: Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата».<br>Ойын шарты:<br>Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады.<br>Әдіс-тәсілдер: Тіл жаттықтыру</td>
<td>Алдын ала жұмыс: суреттерді қарап шығу, зерттеу мақсатындағы серуендер ұйымдастыру, жұмбақтар шешу, көркем әдебиет оқу, бейнефильм (тұсаукесер) қарау, дидактикалық ойындарға қатысу.<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</td>
<td>Түсінеді:ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>Қолданады: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</td>
<td>кеглилердің арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді дағдыландыру<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: қысқа секіртпемен секіруді, бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне допты лақтыруды, екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өтуді,<br>«Ғажайып кемпірқосақ» жаттығуын.<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3 үзіліс –<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Тұрақты сөз тіркестерінен құралған санамақ<br>Мақсаты: Сандарды жаттау, санауды дамыту.<br>Бір ауыз сөз,<br>Екі айтпайтын адам.<br>Үш қайтара сәлем,<br>Төрт түлік мал,<br>Бес уақ намаз,<br>Алты алаш,<br>Жеті қабат жер асты,<br>Сегіз қырлы жігіт,<br>Тоғыз торау жол,<br>Он сақа ой.</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Ойын: «Үкі».<br>Мақсаты: Үкінің немен қоректенетінін және қай уақытта жүретінін үйрету.<br>Ойынның шарты: Тәрбиеші үкі болады. Ол ұясында отырады. Басқа балалар құрт-құмырсқа, көбелек, бақа болып секіріп жүреді. Тәрбиеші «түн» дегенде бәрі тоқтап қалады. Үкі аңға шығады, қозғалған ойыншыны көріп ұясына алып кетеді. Тәрбиеші «күн» дегенде барлығы жүгіріп ойнайды. Үкіні ауыстыруға болады. Кімді үкі ұстаған жоқ сол жеңімпаз атанады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек**<br>**Тақырыбы:**Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?<br>**ҰІӘ мақсаты:** Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету.<br>**Дағды:** Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** үйдің ауласында өсіп тұрған ағаштардың атауларын атап береді.<br>**түсінеді**: күзде жапырақтардың не себептен түсетінін біледі.<br>**қолданады**: гербарий жасауға жапырақ жинауды біледі; қарапайым зерттеулер.<br>**Алдын ала жұмыс**: | **Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:**<br>Куз – жомарт.Күзгі жаңбыр.<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **Сурет салу** – **шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Тақырыбы :** Күзгі орман<br>*(Акварель бояу)*<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету.<br>**Дағды:** қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**жасайды:** қылқаламды бояуға батырып, сүйкей отырып қағаз бетінде жапырақ суретін салады; жапырақтарды үлгідегі тәрізді етіп икемді әрі шебер салу дағдысын игереді;<br>**түсінеді:** күзгі жапырақтардың ерекшеліктері жайында | | |
| ***4 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Аз қимылды ойындар** | | | | | |

**«Жыл мезгілдері»**

**Мақсаты**:Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету(қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

**Көрнекіліктер**: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.

**Ойын барысы**:Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады.(мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққалат.б.)







**«Не қайда өседі?»**

**Мақсаты:**Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту,өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

**Көрнекіліктер:**бақ пен бақшаның,жеміс пен көкөністердің суреті.

**Ойын шарты:**бақ пен бақша салынған.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Терек ағашын бақылау**<br>***Мақсаты**: Терек ағашының ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту*<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Көк орманда тау таза, бой таза, Мұнда таңның қоңыр салқын лебі бар* | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Торғайларды бақылау**<br>***Мақсаты:*** *торғай* туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>—күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркемсөз*** | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №8**<br>**Көгершіндерді (кептерлер) бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>— Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №9**<br>**Емен ағашын бақылау**<br>***Мақсаты**: Күзгі емен туралы түсініктерін қалыптастыру,ағаштардың жыл мезгілдеріне қарай бейімделуі туралы түсінік беру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>*Білмейтіні жоқ елдің-*<br>*Өзім де ішіп көргенмін*<br>*Дейді әжейім* | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №10**<br>**Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)<br>— Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды ). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Көк орманда адам таза, ой таза Көк орманда әнші құстар елі бар. Орман өзін күнде таза ұстайды, Іздесеңдер қандай ағаш керегін- Көк орманда шаң бұрқырап*<br>*Д/О: «Мен көрсеткен жапырағы бойынша ағашын тап»*<br>*Балаларға сұрақтар:*<br>- Бұл қай ағаш деп ойлайсыңдар?<br>♦ Терек ағашының жапырақтары мен бұталары қандай?<br>♦ Терек ағашы қай жерлерде жиі өседі?*(барлық жерде: саябақтарда, көшелерде, аулаларда.)*<br>♦ Терек ағашының қандай ерекшелігі бар?*(олардың салпыншақ гүлдері бар, көктемде олардың қауыздарынан ақ ұлпа ұшады, жерді қар басқандай болады, балаларға оны өртеп ойнауға болмайды-өте қауіпті ).*<br>♦ Терек ағашы адамдарға не береді? *(эфир майы, қышқылдар бар. Медицинада, халық емшілігінде қолданады)*<br>***Зерттеу жұмысы** Терек ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру.*<br>*Айырмашылығы қандай?*<br>*Мақал-мәтел «Ауыл сәні терек, Терек егу керек»* | **Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.**<br>♦ Торғай қандай болып көрінеді? *(Бұл кішкентай пысық құс.)*<br>♦ Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)<br>♦ Ал қанаты мен құйрығы қандай? *(құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген)*<br>♦ Ал басының түсі қандай? *(Сұр)*<br>♦ Торғайлар қайда өмір сүреді? *(қалада және ауылда.)*<br>♦ Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? *(адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)*<br>♦ Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады.<br>♦ Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек*)*<br>♦ Күзде торғайлар немен қоректенеді? *(өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды)*<br>**Еңбек**<br>Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.<br>*Мақсаты:* | Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>Көркем сөз:<br>Құстар менің достарым, Жемін, суын керекгін, Құспен қызық аспаным. Күнде апарып беремін Үйшік жасай білемін Олар мәз боп қалады, Ағаштарға ілемін Шаттық әнге салады.<br>♦ Қандай құстар алаңға келіп қонады?<br>♦ Олар қайда тіршілік етеді?<br>♦ Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?<br>♦ Оларды кім қоректендіреді?<br>♦ Көгершіндер қайда мекендейді?<br>♦ Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Кептер мен торғайды салыстыру<br>**Еңбек:**<br>Балабақша аумағына жем салғыш ілу<br>*Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұшады, с екіреді, жүзеді».<br>*Мақсаты:*<br>—- балаларды жүкіруге үйрету;<br>.— зверей.құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау | *Ішектің емі-қашаннан Қабығында еменнің Қайнатындысы Еменнің Қасиеті бар дәрілік. Қабығынан жасалған. Орманда жасыл еменнен құдыретті де әсем ағаш жоқ. Халық ертегілері мен батырлар жырларында алып емендер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ол алыптар бейнесінде бейнеленеді. Кәрі еменнің діңі мығым, бұтақтары тарам-тарам болады. Емендер мың жылға дейін өмір сүреде, олар көктемде ең кеш көктейді. Ол өте зор, мықты ағаш болғанмен, қатты аяздарда жарылып кетеді.*<br>♦ Емендер көбіне қайда өседі? *(орманда.)*<br>♦ Ал бұл ағаш қайда өсіп тұр? *(қалада.)*<br>♦ Қалада тағы қандай ағаштар өседі?<br>♦ Ағаштар қалаға не үшіні керек? *(ағаш жапырақтары ауадағы көмір қышқыл газын бойына сіңіріп оттегін бөліп шығарады..)*<br>♦ Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? *(күз айларында.)*<br>♦ Ағаш жапырақтары неге түседі? *(ағаштардың қыста көп ылғалды жоғалтпасы үшін)*<br>♦ Емен ағашының адамға қандай пайдасы бар? *(құрлысқа, жиһаздар жасауға және емдік қасиеттері бар)*<br>**Зерттеу жұмысы** | ***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз*** *А. Сәрсеков*<br>*Күзгі ауланың талдары Кейде құйын өтеді Желмен басын шайқайды Тозаңдатып жан-жақты Дәурен өтіп жаздағы Кейде құйын кетеді Күздің желі соғады Доп қылып ап жапырақты Бейне тентек баладай Ойран-асыр салады Алма бағын жағалай Алмаларын қағады*<br>Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>♦ Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? *(Күміс күз.)*<br>♦ Неліктен?<br>Жұмбақ шешу:<br>Қар да емес, мұз да емес, Ағаштар күміс жамылған (қырау)<br>**Еңбек:** Ауладағы қоқыстарды жинау.<br>*Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек:** Құмсалғыштағы құмға су себу.<br>*Мақсаты: кіші топ балаларына көмектесу, қамқорлық сезімге тәрбиелеу***.** | — Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету;<br>— Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қ/О: «Құстардың ұшуы».<br>*Мақсаты: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету*.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Жалауды құлатпа»<br>*Мақсаты: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру* | **Жаттығу ойындары:**<br>«Қаданы (кегли) құлат».<br>*Мақсаты:*<br>— Допты нысанаға лақтыру;<br>— Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту.<br>—<br>**Халық болжамы:**<br>***-құс жүнін үрпитсе, жауын болады;***<br>***-жыл құстары кеш ұшса, қыс*** | Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру<br>Мақсаты: ағаш жапырақтарының түстерінің әртүрлілігін аңғарту<br>**Еңбек**<br>Жерге түскен ағаш жапырақтарын тырмамен жинау және оны тазалау<br>*Цель:* ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қ/О:** «Аққу-қаздар».<br>*Мақсаты:берілген* | **Қ/О:** «Бәйге»<br>*Мақсаты:*<br>— Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру ;<br>— Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.<br>*Мақсаты: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу* |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды МАД «А» тобының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды МАД «О» тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:**16.10 – 20.10. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 16.10 | Сейсенбі 17.10 | Сәрсенбі 18.10 | Бейсенбі 19.10. | Жұма 20.10. |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:00-08:30 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **№33 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | **№34 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | **№35 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | **№36 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | **№37 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |

**Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты**

| | | 16.10.23 Дүйсенбі | 17.10.23 Сейсенбі | 18.10.23 Сәрсенбі | 19.10.23 Бейсенбі | 20.10.23 Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҰІӘ** | | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |

| | | Қоршаған ортаман танысу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br><br>**Тақырыбы:** Ұяң дауыссыз дыбыстар.<br><br>**ҰІӘ мақсаты:** ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br><br>**Дағды:** Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br><br>**Түсінеді:** ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді.<br><br>**Қолданады:** ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады. | **Көркем әдебиет- коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы: Мақтақыз бен мысық**<br>(қазақ халық ертегісі)саханалау<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды:** Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды), ертегіні сахналау барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, колдану. | **2.Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** **Үнді дауыссыз дыбыстар**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br>**Дағды:** Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже: Жасайды:** үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** үнді дыбыстарда бәсең үн болатынын түсінеді.<br>Қолданады: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** *«Сағат» –* тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>*«Саңырауқұлақ» –* аузды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>*«Алтыбақан»–* тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, бірese мұрынға, бірese иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.<br>**Түсіну:** ***«Кім көп сөз айтады»*** дидактикалық ойыны | **2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** «Ең тәтті дүние» ертегісі (Қ.Мырза Әли.)<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпыламатүсіндіру;<br>Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту.<br>**Дағды**: Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту.<br><br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады;<br>**Түсінеді:** хайуанаттарға қамқорлық көрсету керек екенін; **Қолданады:** дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Қолдану: «Таңдап ал да,** | **2.Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** **Үнді дауыссыз дыбыстар**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br>**Дағды:** Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** үнді дыбыстарда бәсең үн болатынын түсінеді.<br>Қолданады: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** *«Сағат» –* тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>*«Саңырауқұлақ» –* ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>*«Алтыбақан»–* тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, бірese мұрынға, бірese иекке созу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br><br>**Қолдану: *«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br><br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. | | - үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. **Мысалы,** *лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй.*<br>ң дыбысынан сөздер басталмайтынын ескертеді.<br>**Мысалы**: *«л»– Ләззат, лақ, лаула,люк, лақтыр, лағыл, Ләйлә;*<br>*«м» – мақта, малта, маймыл, малақай;*<br>*«н»– нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз, намаз, нақышына келтір; «р» – рауғаш, Рауан, Раушан, риза; «у» – уылдырық, уақ.* | **атын айт».**<br>**Ойын шарты**: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып,атын айтады және оның жүрісін салып береді.<br><br>Әдіс-тәсілдер**: Жаңылтпаш жаттау**<br>Жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады.<br><br>Қай тай лақтай?<br><br>Қай лақ бармақтай? | Осылай 10–15 рет қайталау.<br>**Түсіну: *«Кім көп сөз айтады»*** дидактикалық ойыны<br>- үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. **Мысалы,** *лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй.*<br>ң дыбысынан сөздер басталмайтынын ескертеді.<br>**Мысалы**: *«л»– Ләззат, лақ, лаула,люк, лақтыр, лағыл, Ләйлә;*<br>*«м» – мақта, малта, маймыл, малақай;*<br>*«н»– нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз, намаз, нақышына келтір; «р» – рауғаш, Рауан, Раушан, риза; «у» – уылдырық, уақ.* |

**1 үзіліс -Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

| | | |
|---|---|---|
| **Тыныс алу жаттығулары**<br>Мақсаты: баланың тілдік тыныс алуын дамыту.<br>*Көбелекті ұшырамыз*. Тәрбиеші алдын-ала түрлі-түсті қағаздан кішігірім көбелектер үлгісін дайындайды да, оны жіпке бекітеді. Содан соң балаларға таратып беріп, бұл жаттығудың қалай орындалатынын түсіндіреді. Балалар жіп ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, көбелекті ерін деңгейінде ұстайды. Сол мезетте мұрын арқылы жұтып, ауа ағымын көбелекке қарай, оны ұшыру үшін бағыттайды. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.<br>*Ыстық сүт*. Біз сүтті өте ыстық болғандықтан бірден іше алмаймыз. Сондықтан оны тез суыту үшін көпіршіктерін итере үрлеп ішеміз. Кане, ыстық сүтті үрлейік. Жаттығу 2-3 рет қайталанады. | **Тіл жаттықтыру.** Жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады.<br>**Мақсаты:** -балалардың сөздік қорын молайту;<br>-үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;<br>-балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айткызу;<br>-заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінін қандай екенін қайталату;<br>-үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;<br>-балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту;<br>-қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-эстетикасын тәрбиелеу;<br>**1.Қай тай лақтай?**<br>**Қай лақ бармақтай?**<br>**2. Шеше, неше кесе сынды кеше?** | **Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу.**<br>**Мақсаты :** қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.<br>А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.<br>Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.<br>В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.<br>Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау |

| | | |
|---|---|---|
| *Тәтті тосап.* Біз анамыз тәтті тосапты жақсы көреміз. Тосап тіл үйіреді. Тосап ернімізге жұғып қалыпты. Тілді ерінге қойып, ерінге жұтқан тосапты жалап алғандай айналдыра қимылдатады.<br>*Қазы-карта турайымыз.* Ауызымызды ашып, бір-бірімізге немесе айнаға қарайық. Ауызды ашсақ әдемі тістер көрінеді. Тісіміз өткір, пышақ секілді. Ол тістердің көмегімен бір ауызға түскен тамақты тістеп, кесіп, бөлшектеп жейміз. Ал тіліміз қазы-карта секілді ет екен. Ендеше қазы-карта турайық. Тілді біртіндеп баяу шығарып, тіспен тістейміз. Туралған қазы-картаны ауызға саламыз. Осылайша тіл кері ауызға қайтарылады. 3-4 рет қайталайды. | | керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды. |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Акробат болғым келеді.<br><br>**ҰІӘ мақсаты:** Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерінбіріктіруді қалыптастыруды жалғастыру. Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру –4 метр), ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br><br>**Дағды:** Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағдыландыру.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br><br>**Жасайды:** жүрудің әртүрлі түрлерін; еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылғансаты тепкішектерімен еңбектеп жүруді; белгіленген жерден шұңқырға секіруді; **Қолданады:** топтық әдіс және толассыз әдіс | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Ақылдылар.<br><br>**ҰІӘ мақсаты:** Қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін жетілдіру. Сапқа, тізбекке, шеңберге (оң-сол, алды-арты) қайта тұруға жаттықтыру.<br><br>**Дағды:** Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br><br>**Жасайды:** жүрудің әртүрлі түрлерін алмастырып жүруді; еденнен 50 см биіктікке көтеріп,көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеуді; бір-бірінен 5 м арақашықтықта тұрған заттардың арасынан фитболды домалатып жүруді; екі аяқпен заттар арасымен секіруді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br><br>**Қолдану:** Саусақ гимнастикасы Біздің топтың қыздары мен ұлдары бір-бірімен тату – | **2.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br><br>**Тақырыбы: Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Шартты өлшеуіштердің көмегімен ұзындықты өлшеу туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру; көктемнің алғашқы айымен таныстыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды:** Логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді;<br>**түсінеді:** заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын;<br>**қолданады:** заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану. | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:**<br>Дөңгелек. Шаршы. Тіктөртбұрыш. Үшбұрыш.<br>**ҰІӘ мақсаты:** сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру.<br>**Дағды:** Сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу). Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Меңгереді:** фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден | **Музыка- шығармашылық әрекет**<br><br>**Тақырыбы:**<br>Елтаңбасы елімнің.<br>Гүлдене бер, Нұр Сұлтан.<br><br>**ҰІӘ мақсаты:**<br><br>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтың бейнесі мен динамикасын дәл беру.<br><br>**Дағды:**Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы дағдыландыру.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br><br>**Жасайды:** шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындайды.<br>**Түсінеді:** қарапайым музыкалық терминдерді.<br><br>**Қолданады:** мәнерлі қимылдарды және би қимылдарының элементтерін орындайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түрлерін, еңбектеу және шұңқырға секіруәдістерін, сондай-ақ ойын барысында қарлығаштың ұшуын салған имитацияларын. | саусақтарын бір-бірімен айқастырады.<br>Шынашақтар дос болады – шынашақтарын әрі-бері қозғайды.<br>1, 2, 3, 4, 5 – қайтадан бастап сана. (Шынашақтан бастап әрбір саусақты бір-біріне тигізеді).<br>1, 2, 3, 4, 5 – біз санап болдық (қолдарын төмен түсіріп, білезіктерін сілкілейді). | | ою-өрнек құрастыруды;<br>**түсінеді:** дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты;<br>**қолданады:** заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу: Ойын-тапсырма** «Бейнеле»<br>Заттарды геометриялық пішінмен қағаз бетінде бейнелеу.<br>Заттарды атайды, балалар оларды қағазға геометриялық пішінімен бейнелеуі керек. Зейін салыңыз: тарелка, есік, шатыр, текшенің қыры, қияр.Қандай геометриялық фигуралар шықты, атаңыз? Балалар: шеңбер, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, сопақша деп атайды. | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br><br>**Қолдану: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен).<br><br>**Білу: *Ойындар, хороводтар:***«Аспаптардың дауысын ажырату».<br>Ойын ойнап көрейік,<br>Көңілденіп жүрейік.<br>Аспаптардың дауысын,<br>Ажыратып көрейік.<br>Елтаңбасы елімнің |

**2 үзіліс –**
**Балалардың дербес іс-әрекеті**
**Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.**

**Балалардың дербес іс-әрекеті**
**Жүгіруге арналған ойындар «Алтын балық»**






**Жүгіруге арналған ойын: «Алтын балық»**

***Ойынның мақсаты:*** бір – біріне соғылып қалмай, бұлтарып жүгіруге дағдыландыру.

***Мазмұны:*** ойын алаңының (теңіздің) ені 5-6 м, ұзындығы 20-22 м. «Теңіздің» бір шетінде «балықшының» «қорабы» сызылады. Мұғалім ойыншылардың арасынан өзіне бір көмекші таңдап алады. Көмекші «теңіздің» бір жағында, ал мұғалім – «балықшы» қолына бір шетіне құм салынған қалташа байланған ұзындығы 5-6 м жіп ұстап, «теңіздің» екінші жағасында жүреді.

Балалар – «балықтар» теңіздің ортасында «малтып» жүреді. Мұғалім кенеттен «ұста» деп, көмекшісіне жіптің бір шетін лақтырады. Сол кезде жіптің бір жағындағы «балықтар» ұсталған болып есептеледі. Олар балықтарды жіппен қаумалаған күйі балықшының «қорабына» апарып «салып» қояды.

Балықшының «Балықтар, малти беріңдер!» деген белгісі бойынша ойыншылар ойынды әрі қарай жалғастыра береді.

Ойын осылай екі рет ойналған соң үшінші ретте ұсталған балықтардың арасынан балықшы «алтын балықты» таңдап алып, өзіне көмекші етіп сайлайды.

***Ойынның ережесі:***

1. Балықтар «ұста» деген белгіні күтіп, балықшының қимылын аңдиды.
2. Балықшы мен оның көмекшісіне «теңізге» кіруге болмайды.
3. Ұсталған балықтарға «аудан» шығуға болмайды.
4. Балықшы балықтарды қолымен ұстауына болмайды.

***Әдістемелік нұсқаулар:*** ойыншылардың қимыл – қозғалыстары шамалары келгенше балықтың қимылына ұқсас келуін қадағалап отырған жөн.

Ойынның педагогикалық маңызы: оқушылар өздерінің оқып – білгендерін іс жүзінде пайдалануға өздерінің шамаларын байқауға дағдыланады. Балалардың есте сақтау қабілетін жетілдіруге жағдай туады, олардың шығармашылық қиялдауы кеңейе түседі.

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br><br>**Тақырыбы: Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Шартты өлшеуіштердің көмегімен ұзындықты өлшеу туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру; көктемнің алғашқы айымен таныстыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: Логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** заттарды | **2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** «Ең тәтті дүние» ертегісі (Қ.Мырза Әли.)<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұян, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпыламатүсіндіру; Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту.<br>**Дағды**: Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту.<br><br>**Күтілетін нәтиже**: | **Қоршаған орта**<br><br>**Тақырыбы** Жыл құстары<br><br>**Мақсаты** Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту<br><br>**«Үшіншісі артық» атты дидактикалық ойынын** ұйымдастырады.<br>Мақсаттары: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту.<br>Педагог құстардың аттарын араластырып, шатастырып | **Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы: Әдептілік әлемі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Өлеңді мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру. Өлеңнің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды:** Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды), ертегіні сахналау барысында | **. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Ақылдылар.<br><br>**ҰІӘ мақсаты:** Қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін жетілдіру. Сапқа, тізбекке, шеңберге (оң-сол, алды-арты) қайта тұруға жаттықтыру.<br><br>**Дағды:** Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру.<br><br>**Күтілетін нәтиже**:<br><br>**Жасайды:** жүрудің әртүрлі түрлерін алмастырып жүруді; еденнен 50 см биіктікке көтеріп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді;<br>**түсінеді:** заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын;<br>**қолданады:** заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **Жасайды:** әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады;<br>**Түсінеді:** хайуанаттарға қамқорлық көрсету керек екенін; **Қолданады:** дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Қолдану: «Таңдап ал да, атын айт».**<br>**Ойын шарты**: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып,атын айтады және оның жүрісін салып береді.<br>Әдіс-тәсілдер**: Жаңылтпаш жаттау** | айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.).<br>Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі | бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану. | көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеуді; бір-бірінен 5 м арақашықтықта тұрған заттардың арасынан фитболды домалатып жүруді; екі аяқпен заттар арасымен секіруді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br><br>**Қолдану:** Саусақ гимнастикасы<br>Біздің топтың қыздары мен ұлдары бір-бірімен тату – саусақтарын бір-бірімен айқастырады.<br>Шынашақтар дос болады – шынашақтарын әрі-бері қозғайды.<br>1, 2, 3, 4, 5 – қайтадан бастап сана. (Шынашақтан бастап әрбір саусақты бір-біріне тигізеді).<br>1, 2, 3, 4, 5 – біз санап болдық (қолдарын төмен түсіріп, білезіктерін сілкілейді). |

| **3 үзіліс –**<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары** | | |
|---|---|---|
| Саусақ жаттығуы | «Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы | **Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**<br>**«Доп капитанға»** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.<br>«Бәрінен де мен күшті»,<br>– Деп айтады оң қол. «Неге сен? Ал мен ше!»<br>– Деп келіспейді сол қол.<br>Екі қолдың күштерін,<br>Кәне, сынап көрейік.<br>Оңға солға тартайық,<br>Достастырып қайтайық.<br>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш.<br>Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер.<br>Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы.<br>Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер- ғарышкер. | –Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек.<br>**Мысалы:** *сүйкімді ... (мысық),*<br>*жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан),*<br>*әдемі ... (раушан),*<br>*дәмді ... (рауғаш),*<br>*қағаз ... (умаждалған),*<br>*атам ... (риза),*<br>*бала ... (малтыды),*<br>*ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй),*<br>*әкем ... (риза),*<br>*киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) т.б.* | <br><br><br> | **Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойын: «Доп капитанға»**<br>***Ойынның мақсаты:*** допты бір-біріне қарсылас команда ойыншыларының кедергі жасауына қармай лақтырып ұстауға үйрету.<br>***Керекті құралдыр:*** резеңке доп немесе волейбол добы, ысқырық.<br>***Мазмұны.***<br>Ойыншылар екі командыға бөлінеді. Әр команда өзіне капитан сайлайды.<br>Ойын алаңының қарама-қарсы бұрыштарынан 1 метр қашықтықта екі сызық жүргізіп, капитанның тұратын жерін басқа ойыншылардан бөліп қояды. Қалған ойыншылар араласып алаңда тұрады.<br>Ойын бастаушы алаңның ортасындағы сызықтың үстінде тұрып командалардың екі ойыншысының арасынан допты лақтырады.<br>Допты қағып алған ойыншы өз капитаны жақта жақын тұрған ойыншыға лақтырып береді.<br>Қарсылас команда ойыншылары өз капитанына лақтыру үшін допты ұстапалуға әрекет жасайды. Осындай тартыс кезінде қай команда капитанына допты лақтырып бере алса, соларға бір ұпай жазылады. |

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта**<br><br>**Тақырыбы** Жыл құстары<br><br>**Мақсаты** Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту<br><br>**«Үшіншісі артық» атты дидактикалық ойынын** ұйымдастырады.<br>Мақсаттары: балалардың | **Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Сабантойды тойлаймыз.<br><br>**ҮІӘ мақсаты:**<br>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.<br><br>**Күтілетін нәтиже:** | **3.Құрастыру–шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br><br>**Тақырыбы : Жәндіктер. Жануарлар әлемі.**<br>**ҮІӘ мақсаты** Балалардың сөздік қорын дамыту, табиғаттағы тіршіліктің оянуын, жәндіктердің тіршілігі,<br>олардың атауы, пайдасы мен зияны туралы түсініктер | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Педагог құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.).<br>Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі | **Жасайды:** дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды.<br><br>**Түсінеді:** қарапайым музыкалық терминдерді.<br><br>**Қолданады:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. | беру.<br>Тақпақтар, мақал - мәтел, жұмбақ шешу арқылы балалардың ойлау қабілетін жетілдіру. Жәндіктерді ажырата білуге жаттықтыру.<br><br>**Дағды** есте сақтау қабілетін дамыту<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br><br>Білуі керек:жәндіктер туралы білуі<br>Болуы керек:есте сақтау қабілеті<br>Қолынан келуі:мүсіндей, бейнелей, құрастыра білуі<br><br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br><br>**Қолдану:** құрастыру әдісі. | | |

**4 үзіліс –**

**Балалардың дербес іс-әрекеті. Аз қимылды ойын. Секіруге арналған ойындар «Сабалақ ит»**

| | | |
|---|---|---|
| ***Сюжеттік ойын:*** **«Сән ательесі**<br>***Мақсаты:*** Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап,киімдер мен ұлтық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету,қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.<br>**Көрнекілік:** жаңаша киімдер,ұлттық киімдер<br>**Ойын барысы :** бірнеше матаның қиықтары алып,қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып,суретке бейнеленген киімнің түсына қоюды ұсынады.<br> |  | **Секіруге арналған ойын:*«Сабалақ ит»***<br>***Ойын шарты:*** Бір бала ит болып жатады.Қолын созып,басын қолдарына салып ұйықтап жатқан сияқты жатады.Қалған балалар сөздерді айтып қасына жатады: Балалар алдыға еңкейіп,иттің атауын атап,қолдарын шапалақтап итті оятады.Ит атып тұрып,қатты абалайды.Балалар қашады.Ит арттарынан қуып, балаларды ұстап алуға тырысады.Балалар тығылып, қашып болғасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |   | | | | |
| Серуенге дайындық | Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында»**<br><br>**Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.**<br><br>**«Алақай,ойын!»** | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау**<br>**№11**<br>**Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау.**<br>*Мақсаты: ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру* (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары).<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз С. Оспанов*<br>*Өсе береді сан ғасыр*<br>*Шыршаларға тимек кім*<br>*Болып таудың түр-сәні*<br>*Қорғалады орманы*<br>*Жапырағы жап-жасыл*<br>*Ол жеміс пен жидектің,*<br>*Көрдің бе сен, шыршаны?*<br>*Топырақтың қорғаны.*<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Біздің аулада қандай ағаштар өседі? *(қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.)*<br>Ал, бұлар қандай ағаштар? *(тікенекті, жапырақты.)*<br>Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар?<br>Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? *(діңі, бұтағы, тамыры)*<br>Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек?<br>Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар? | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау**<br>**№12**<br>**Торғайларды бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>— Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>— Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>— Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз Ж. Смақов*<br>*Шыр, шыр еткен торғайды*<br>*Таспен атып торғайды*<br>*Қорғамаса болмайды*<br>*Ұя бұзған оңбайды.*<br>*Кіп-кішкене торғайлар*<br>*Құс өкпелеп кетеді*<br>*Ағаштарды қорғайды*<br>*Ауламызға қонбайды.*<br>Балалармен әңгімелесу:.<br>♦ Қарандаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар)<br>♦ Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты) | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау**<br>**№13**<br>**Жаяу адамдарды бақылау**<br>*Мақсаты: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.*<br><br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз*<br>Жаяу жүргінші білуі тиіс:<br>Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек!<br>Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл!<br>Жасыл түс-жол ашық.<br>Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар!<br>Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта!<br>Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді.<br>♦Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен)<br>Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау**<br>**№14**<br>**Итті бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>**Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу.**<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз*<br>Ей, адамдар, адамдар!<br>Айналаға қараңдар,<br>Зардап шегіп жатпасын,<br>Аш үйіннің қақпасын,<br>Жануарлар қорғансыз,<br>Далада қалып қоймасын.<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦ Иттің тұратын орны қалай аталады?<br>♦ Иттің сүйікті тамағы не?<br>♦ Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіңдер?<br>♦ Кейбір иттерді неге «үйсіз иттер» (жабайы) деп атайды? Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвеилер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Иттер ақылды және зиінді. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады.<br>***Олардың ішер тамағы нашар, жылы орын жоқ, ешкім еркелетпейді, үй астындағы жертөледе, көшеде мекендеулеріне тура келеді. Олар суықпен аштықтан ауырады,*** | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау**<br>**№15**<br>**Суды бақылау**<br>**Мақсаты: Күз мезгіліндегі судың жай – күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру.**<br>**Бақылау барысы.**<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>***Судың қандай қасиеттерін білесіңдер?**<br>***Судың көлемі (қалпы) болама?**<br>***Өзеннің, көлдің, мұхиттың, шалшықтың сулары бәріде мөлдір ме?**<br>***Суды аязға шығарса не болады?**<br>***Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су - сұйық зат, оның өзіндік қалпы (көлемі) жоқ. Оны қандай ыдысқа құйсаң сол ыдыстың көлемін береді. Су түссіз, дәмсіз, иссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Ауа температурасы 0 градустан төмен болған жағдайда су мұз болып қатады.**<br>**Зерттеу жұмысы.**<br>**Тәрбиеші балалармен зерттеу жұмысын жүргізуге ұсынады.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек:**<br>Ойын алаңын тазалау.<br>*Мақсаты:жұмысты өзара бөлісіп атқаруға үйрету*<br><br>**Қ/О:**<br>«Жұбыңды қуып жет».<br>*Мақсаты: кедергіден өтіп жүгіруге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары:** Орнында тұрып ұзындыққа секіру<br>*Мақсаты:*<br>— Екі аяқпен серпи секіруге жаттықтыру<br>***Мақал-мәтел.***<br>***Жалғыз ағаш орман болмас***<br>***Жалғыз ағаш желге төтеп бере алмайды.*** | ♦ Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер)<br>♦ Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен)<br>♦ Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді)<br>♦ Қазір бақылап торғайлардың не істеп жүргеніне көңіл бөлейік және көргенімізді әңгімелеп берейік.<br>♦ Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды тастайды)<br>**Еңбек**<br>Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру*<br>**Қ/О:** «Бір, екі, үш-жүгір!»<br>*Мақсаты: тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу.*<br>**Жаттығу ойындары «**<br>— | сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек.<br>♦Жаяулардың тек осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер?<br>- Дұрыс айтасыңдар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған.<br>**Еңбек**<br>Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау;<br>Түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау. .<br>*Мақсаты: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу*.<br>**Қ/О:** «Бағдаршам».<br>*Мақсаты:*<br>— *бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту*<br>- *ептіліктерін дамыту*.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты: затты қашықтыққа лақтыру дағдыларын дамыту.* | ***өледі. Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамаңдар, оларға қамқор болыңдар!***<br>**Еңбек. Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару.**<br>***Мақсаты.*** **Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету.**<br>**Қ/О: «Біз көңілді балалармыз».**<br>***Мақсаты:*** **Ойын шартын сақтап ойнауға баулу.**<br>**Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту.**<br>***Мақсаты:***<br>-Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту;<br>-Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту.<br>***Тыйым сөз:*** *Ит – жеті қазынаның бірі. Сондықтан оны өлтіруге, азаптауға, қаңғыртып жіберуге болмайды. Олай етсе, иесінің басына жаманшылық үйіріледі.* | **Шыны ыдысқа толтырып су құйып, аузын мықтап жауып, далаға аязға шығарып қою.**<br>**Біраз уақыттан соң ыдыс жарылып сынады да, оның орнында бір кесек мұз қалады. Қатқан су, яғни мұз сұйық судың өзіне қарағанда көп орын алады. Яғни мұз болып қатқанда судың көлемі ұлғаяды да, ыдысты сындырады. Ең алғаш аяз болған күні ақ өзендер, көлдер, шалшықтар мұз болып қатады. Аяз қатайған сайын мұз қалыңдай түседі. Ал, егер мұзды жылы жерге әкелсе не болар еді? (Мұз ериді де су болады).**<br>**-Үлкен және кіші ыдыстардағы таза сумен бояу қосылған судың қатуын бақылау.**<br>**-Ыдыстағы тығыз салынған және жәй салынған қардың еру жылдамдығы бақылау.**<br>**Еңбек:**<br>**Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту.**<br>***Мақсаты: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын*** |
| | **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!»**<br><br>**Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br><br><br>**Балаларды үйге қайтауы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйреніп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

# Мектепалды МАД «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Топ:** Мектепалды  «А» сынып
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 23.10 – 27.10. 2022-2023 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 23.10 | Сейсенбі 24.10 | Сәрсенбі 25.10 | Бейсенбі 26.10. | Жұма 27.10. |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | №37 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №37**<br>Аяқ сәл   алшақ, қол иықта алға, артқа есу.<br>Қолды алға созып, қайшылау.<br>Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір, сағаттың тіліндей иіліп солға бір<br>Аяқ сәл алшақ, тізелері түзу, аяқтың ұшына қол тигізу, БҚ қа келу.<br>Қоян секіреді, ат шабады, құс ұшады, аю қорбаңдайды, адам жүреді<br>Кілемге жатып аяқты көтеру, велосипед тебу, қалыпқа келу.<br>Жерге жатып, балықша жүзу, қолдарын сермеу, қалыпқа келу.<br>Аяқтың ұшына көтерілу, демді ішке тартып, қайта шығару | №38 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №38**<br>Аяқ бірге, қолдарын алға созу, жоғары көтеру, жанға созу<br>Қол белде, оңға, солға иілу.<br>Отырайық жүрелеп,<br>Гүлді үзіп алайық.<br>Орнымыздан түрегеп<br>Басқа гүлге барайық.<br>Қолдары белде.<br>Оң аяқпен бес рет,<br>сол аяқпен бес рет секіру<br>Қолдары иықта.Алға, артқа есу.<br>Кілемге жату, аяқты созу, қайшылау, түсіру.<br>Саппен жүріп өту.<br>**«Денсаулығым керемет, жаттығуға рақмет»** | №39 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №39**<br>Аяқ сәл   алшақ, қол иықта алға, артқа есу.<br>Қолды алға созып, қайшылау.<br>Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір, сағаттың тіліндей иіліп солға бір<br>Аяқ сәл алшақ, тізелері түзу, аяқтың ұшына қол тигізу, БҚ қа келу.<br>Қоян секіреді, ат шабады, құс ұшады, аю қорбаңдайды, адам жүреді<br>Кілемге жатып аяқты көтеру, велосипед тебу, қалыпқа келу.<br>Жерге жатып, балықша жүзу, қолдарын сермеу, қалыпқа келу.<br>Аяқтың ұшына көтерілу, демді ішке тартып, қайта шығару | №40 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №40**<br>Аяқ бірге, қолдарын алға созу, жоғары көтеру, жанға созу<br>Қол белде, оңға, солға иілу.<br>Отырайық жүрелеп,<br>Гүлді үзіп алайық.<br>Орнымыздан түрегеп<br>Басқа гүлге барайық.<br>Қолдары белде.<br>Оң аяқпен бес рет,<br>сол аяқпен бес рет секіру<br>Қолдары иықта.Алға, артқа есу.<br>Кілемге жату, аяқты созу, қайшылау, түсіру.<br>Саппен жүріп өту.<br>**«Денсаулығым керемет, жаттығуға рақмет»** | №41 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №41**<br>Шеңберде аяқтың ұшымен өкшелеп жүру.<br>Қол белде, оңға, солға бқрылыстар жасау.<br>Қолдарын екі жаққа жайғызып, «Көбелек» жаттығуын жасату: ұшады, гүлге қонады, шырынын сорып, қайта ұшады.<br>Қолдарымен күбідегі қымызды піскендей әрекеттер жасайды.<br>Оң және сол қолдарын кезек көтеріп, еседі.<br>Кілемге жатып, аяқты жоғары көтеріп, велоспипед тебу.<br>Аяқ бірге,қолдарын еңкейіп аяқ ұшына тигізу, қайта тіктелу. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |

| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҮІӘ** | | **23.10.23**<br>**Дүйсенбі** | **24.10.23**<br>**Сейсенбі** | **25.10.23**<br>**Сәрсенбі** | **26.10.23**<br>**Бейсенбі** | **27.10.23**<br>**Жұма** |
| | | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттер**

**1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ** | **Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы: Үнді дауыссыз дыбыстар**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.<br>**Дағды:** Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже: Жасайды:** үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** үнді дыбыстарда бәсең үн болатынын түсінеді.<br>Қолданады: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** *«Сағат» –* тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>*«Саңырауқұлақ» –* ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>*«Алтыбақан»–* тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу.<br>Осылай 10–15 рет қайталау.<br>**Түсіну:** ***«Кім көп сөз айтады»*** дидактикалық ойыны | **Сөйлеу дамыту- коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы: Әжесін қайсысы жақсы көреді**<br>**ҮІӘ мақсаты** Балаларға дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы ұғым беру. Сөздегі бастапқа дыбысты және сөз ішінде дыбыстың (З-С) орнын табуға үйрету. Дыбыс туралы қызықты әңгіме мен жаттығу жұмыстары арқылы З және С дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Өлеңмен танысу және оны жаттау**.** Мәнерлеп айтуға, дұрыс дыбыстауға баулу**.**<br>**Дағды:** Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту арқылы дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білуі тиіс:** дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы түсінік алады.<br>**Болуы қажет:** С- З дыбыстарын дұрыс айтуға жаттығады. | | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Әдептілік әлемі**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру<br><br>Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз.<br>**Әдептілік әлемі**<br>Қарсы ал ерте күн көзін,<br>Төсегіңді жина өзің.<br>Асықпай іш тамақты,<br>Жина аяқ-табақты.<br>Пышақты ұста оң қолмен,<br>Шанышқыны сол қолмен,<br>Нанды үгітпе, қадірле,<br>Қабығымен бәрін же. | **Сауат ашу**<br>**Тақырыбы.** Біз нені үйрендік нені білдік?<br>**Мақсаты** б. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату<br><br>**«Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы** – Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасыңдар. Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ще-уе, хо-йо |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. | | | | |

***1 үзіліс* - Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

**Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусақ ойындары**

**Саусақ ойыны: «Гүл»**

Қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады.

Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады:

Саусақтар шынжыр болады,
Үзілмейді тартсанда.
Ал, піл келіп шынжырды,
Үзіп кетті басқанда.
Тұмсығымен доп іздеп,
Ойнағысы келіп тұр.
Достық үшін пілге мен,
Гүл сыйлағым келіп тұр.



**Саусақ ойыны: «Санамақ»**

Балаға карама-қарсы отырып, тәрбиеші көрсетіп отырады, қолдарды құлыпқа ұқсатып түйеді. Саусақтарын кезек-кезек создыра көрсетіп,
Кел, санайық санамақ, саусақтарға қарап ап.
Басбармақ,
Балан үйрек,
Ортан терек,
Шылдыр шүмек,
Кішкене бөбек.
Бала қозғалыстарды қайталайды.









**Ұшқыштар**

**Мақсаты:** балаларды бір-біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту.

**Шарты:**Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Олар бірінің соныңнан бірі қолбасшының артында тұрады. Түрлі-түсті жалаушалармен белгіленген аландарда топтар орналасқан. Бұл- әуежай. «Ұшқыштар ұшуға дайындалыңдар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады /еңкейеді/, моторды айландырады /қолдарымен кеуденің тұсында айландырады/, қанаттарын жан-жаққа созады, ұшады /әртүрлі бағытта жан-жаққа жүгіреді/. Ұшақтар тәрбиеші «қоныңдар», - деген белгі бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейін қолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4-5 рет қайталанады.

**Ұсыныс:** ойында әртүрлі құралдарды пайдалануға болады. Әуежайды белгілеп қойған жалаушаларды тәрбиеші білдірмей ауыстырып қояды. Қолбасшының топтарын әуежайға дұрыс орналастыруы қажет.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі** | **Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Біздің стадион. | | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Дөңгелек және сопақша | **4. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Біздің рәміздер.<br>**ҮІӘ мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:** Біз – болашақ әскерміз!<br>**ҰІӘ мақсаты:** Әртүрлі қимылдар тізбегін орындау дағдыларын дамыту.<br>Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру,жүгіруді жалғастыру.<br>**Дағды:** Жерден екі аяқпен бірдей итерілуге жаттыға түсу, ұзындыққа секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын, өз денсаулығын сақтау құндылығын арттырып, спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** кинезиологиялық гимнастика, алысқа доп лақтыру.<br>**Түсінеді:** жүру түрлеріне сәйкес қол қозғалы амплитудасы, секірулерді ретпен орындау,қолды алдымен төмен, сосын жоғары-артқа жіберу қимылы.<br>**Қолданады:** екі аяқпен бірдей итерілуді, баяу жүгіріс дағдыларын, кеңістікті бағдарлау дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **ҰІӘ мақсаты:** Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br>**Дағды:** Шапшаңдық секілді дене сапасын дамыту және кез келген іс-әрекетті ақылға салып,талдап шеше білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әртүрлі жүру түрлерін алмастырып жүруді; допты бір-біріне бастан асыра лақтырып беруді; 25 см биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қолынжеткізуді; гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып еңбектеуді.<br>**Түсінеді:** малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра қалай лақтыру және допты саусақтарын ашқан күйде қалай қағып алуды; биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріпкеліп секіріп, қалай қолын жеткізуді; гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып қалай еңбектеу керектігін.<br>**Қолданады:** шапшаңдық секілді дене сапасын және кез келген іс-әрекетті ақылға салып,талдап шеше білу машықтарын. | | **Мақсаты** : сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру<br><br>**Топпен жұмыс** Педагог балаларға фигуралар жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршыны, сопақша мен тіктөртбұрышты салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, фигуралардан өрнектер жасайды. | Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.<br>**Дағды:**Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ән айту дағдыларын;дауысын дұрыс келтіріп орындайды.<br>**Түсінеді:** кіріспе музыкадан кейін ән айтуды бастау. **Қолданады:** халық биін және мәнерлі қимылдарды орындайды, қазақтың ұлттық аспаптарында ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова). Музыка ойналғанда екеуден жұптасқан күйі жеңіл, тізені көтере секіре айналады.<br>**Білу:** ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай). Балалар қосылып, бір-бірін тыңдап, үндесе ойнауға талпынады.<br>*Асатаяқ, тоқылдақ, тұяқтас* ұрмалы ұлттық аспаптарын қолдану. |
| ***2 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті** | | | | | |

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

| | | |
|---|---|---|
| **Саусақ ойыны: «Саусақтар жүреді»**<br>Екі саусақпен 5-ке дейін тура және кері санап, алға-артқа жүреді.<br><br>**Саусақ ойыны: «Құстар»**<br>Құстар қанат қағады.<br>Құстар ұшып барады,<br>Көкте қанат қағады.<br>Барлық құстар қосылып,<br>Шиқ-шиқ-деп, ән салады.<br> |  | **Қояндар мен қасқыр**<br>**Мақсаты:** Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру.<br>**Ойынның шарты:** Бір бала қасқыр болады қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. Тәрбиеші:<br>- Секеңдеңдер қояндар,<br>Жүгіріңдер жортыңдар- деген кезде Қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады.<br>Ойын 2-3 рет ойналады. |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:**<br>Дөңгелек.<br>Шаршы.<br>Тіктөртбұрыш.<br>Үшбұрыш.<br>**ҮІӘ мақсаты:** сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру.<br>**Дағды**: Сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Әдептілік әлемі**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру<br><br>Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз.<br>**Әдептілік әлемі**<br>Қарсы ал ерте күн көзін,<br>Төсегіңді жина өзің.<br>Асықпай іш тамақты,<br>Жина аяқ-табақты.<br>Пышақты ұста оң қолмен, | | **Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы: Әжесін қайсысы жақсы көреді**<br>**ҮІӘ мақсаты** Балаларға дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы ұғым беру. Сөздегі бастапқа дыбысты және сөз ішінде дыбыстың (З-С) орнын табуға үйрету. Дыбыс туралы қызықты әңгіме мен жаттығу жұмыстары арқылы З және С дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Өлеңмен | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы «Менің отбасым»**<br>**Мақсаты** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» ( 5 рет).**<br>Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу). Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыру. **Күтілетін нәтиже:** **Меңгереді:** фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды; **түсінеді:** дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты; **қолданады:** заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі. . | Шанышқыны сол қолмен, Нанды үгітпе, қадірле, Қабығымен бәрін же. | | танысу және оны жаттау. Мәнерлеп айтуға, дұрыс дыбыстауға баулу. **Дағды:** Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту арқылы дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже:** **Білуі тиіс:** дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы түсінік алады. **Болуы қажет:** С- З дыбыстарын дұрыс айтуға жаттығады. | жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады. |
| ***3 үзіліс* – Балалардың дербес іс-әрекеті** **Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулар** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
|  |  | **«Қол соғу» ойыны**<br>**Мақсаты:** Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша болса сонша ұғымдарын қалыптастыру үшін жаттықтыру.<br>**Керекті материалдар:** Тәрбиеші мен әрбір баланың алдында тілі бар дөңгелек (3 сурет ) болуы тиіс.<br>**Ойынның мазмұны.**<br>**1 нұсқа.** Тәрбиеші қол соғады. Балалар санайды. Одан соң тақта алдына шақырылған балалардың бірі тәрбиешінің қол соғуын қайталап, оның неше рет қол соққанын айтуы немесе дөңгелектің тілін қол соғу санына сай келетін сандық фигураға қаратып қоюы тиіс.<br>**2 нұсқа.** Ойын күрделенеді. Балалар үндемей, қол соғу санын есептейді, әрқайсысы дөңгелек тілін өздігінен жылжытады. Тәрбиеші ойын ережесінің дұрыс орындалуын қадағалайды. |

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы: Тұрмыстық техника оның қажеттілігі** | **Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:**<br>Елтаңбасы елімнің.<br>Гүлдене бер, Нұр Сұлтан.<br>**ҰІӘ мақсаты:** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті:** Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау<br>**Мақсаты** Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға Дағдыландыру<br><br>**«Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны.**<br>Педагог бір баланы шақырады. Ол бала теріс қарап үстел үстіндегі карточканы алады. Бала карточканы алып, ондағы ненің суреті екенін айтады. (Әйнек)<br>Педагог тағы үш баланы шығарады. Балалар үстел үстіндегі әйнектен жасалған заттарды бос орынға қояды. Мысалы, гүлсауыт, бокал, банкі.<br>Тағы бір бала шығып, ағаштың суреті бар карточканы алады.<br>Үш бала шығып, ағаштан жасалған заттарды бос орынға жинайды: қарындаш, ағаш тақтай, ағаш табақ.<br>Келесі шыққан баланың карточкасындағы сурет – темір. Темірден жасалған тәрелке, шеге, қасықты топтастырып, бір жерге қояды. | Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.<br>**Дағды:**Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындайды.<br>**Түсінеді:** қарапайым музыкалық терминдерді.<br>**Қолданады:** мәнерлі қимылдарды және би қимылдарының элементтерін орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен).<br>**Білу:** ***Ойындар, хороводтар:***«Аспаптардың дауысын ажырату».<br>Ойын ойнап көрейік, Көңілденіп жүрейік.<br>Аспаптардың дауысын,<br>Ажыратып көрейік.<br>Елтаңбасы елімнің | | | |

***4 үзіліс –* Балалардың дербес іс-әрекеті**
**Аз қимылды сюжеттік ойындар**

| | | |
|---|---|---|
| **Тақырыбы: «Жақсы, жаман»**<br>***Мақсаты:*** Балаларға жақсымен жаман қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу.<br>**Үтік** - жақсы өйткені онымен киімдерді өтектейді,ал жаман қолымызды кидіріп алсақ.<br>**Қайшы**- жақсы онымен әр түрлі заттарды қияды,жаман дұрыс қолданбасан қолынды көзінді жарақаттап аласың.<br>**Сіріңке** -жақсы онымен от жағамыз,ал жаман өрт шығуы мүмкін .<br>**Пышақ**-жақсы онымен әр түрлі заттарды турайммыз,ал жаман абай болмасақ қолымызды кесіп аламыз.<br>**Шеге**-жақсы екі затты біріктіреді ,шеге жаман абай болмасаң денені жарақаттайды.<br>**Ине**-жақсы онымен киім тігеді ,жаман қолымызға кіріп кетсе.<br> | ***Сюжеттік ойын: «Абай бол!»***<br>***Мақсаты:*** Көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы алған білімдерін пысықтау ,балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру.<br>1.Бағдаршамның неше түсі бар?Үш<br>2.Қай түс жанғанда машиналар жүреді?жасыл<br>3.Көлік күтетін жерді қалай атайды?аялдама<br>4.Көшеде қалай жүру керек?абайлап оңға солға қарап.<br>5.Көшеде тағы не істеуге болмайды?көшеде танымайтын адаммен сөйлесуге болмайды,қолынан заттарды алуға болмайды,пакет жәшік жатса барып ашуға немесе алуға болмайды үшінде жарылғыш заттар болуы мүмкін.<br> | ***Сюжеттік ойын:* «Болады,болмайды»**<br>***Мақсаты:***<br>Үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру,қауіпті заттармен,қауіпсіздік жағдайларымен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету.<br>1.Өрт болғанда 01 нөміріне қоңырау салуға?-болады.(жасыл)<br>2.Жанып тұрған сіріңкені тастауға ?-болмайды(қызыл)<br>3.Өрт шыққан жерде қалуға?-болмайды.(қызыл)<br>4.Өрт кезінде шкаф үшіне тығылуға ?болмайды(қызыл)<br>-неге?<br>-өрт сөндірушілер тауып алмайды.<br>5.Бос шәйнекті тоққа қосуға ?- болмайды.(қызыл)<br>6.Ауырғанда емделуге кез келген дәріні ішуге ?болмайды(қызыл)<br>7.Көршілерден көмек сұрауға ?болады(жасыл)<br>**1 өрт сөндірушілер:**<br>Өрт ережелерін қатаң сақтандар!<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №17**<br>**Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау.**<br>*Мақсаты: ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру* (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары).<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз С. Оспанов***<br>***Өсе бере сан ғасыр***<br>***Шыршаларға тимек кім***<br>***Болып таудың түр-сәні***<br>***Қорғалады орманы***<br>***Жапырағы жап-жасыл***<br>***Ол жеміс пен жидектің,***<br>***Көрдің бе сен, шыршаны?***<br>***Топырақтың қорғаны.***<br>**Балаларға сұрақтар:** | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №18**<br>**Торғайларды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>— Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>— Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз Ж. Смақов***<br>***Шыр, шыр еткен торғайды***<br>***Таспен атып торғайды***<br>***Қорғамаса болмайды***<br>***Ұя бұзған оңбайды.***<br>***Кіп-кішкене торғайлар***<br>***Құс өкпелеп кетеді***<br>***Ағаштарды қорғайды*** | | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №19**<br>**Торғайларды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>— Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>— Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз Ж. Смақов***<br>***Шыр, шыр еткен торғайды***<br>***Таспен атып торғайды***<br>***Қорғамаса болмайды***<br>***Ұя бұзған оңбайды.***<br>***Кіп-кішкене торғайлар*** | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №20**<br>**Жаяу адамдарды бақылау**<br>***Мақсаты***: *жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау*.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек! Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біздің аулада қандай ағаштар өседі? *(қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.)*<br>Ал, бұлар қандай ағаштар? *(тікенекті, жапырақты.)*<br>Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар?<br>Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? *(діңі, бұтағы, тамыры)*<br>Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек?<br>Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар?<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңын тазалау.<br>*Мақсаты:жұмысты өзара бөлісін атқаруға үйрету*<br><br>**Қ/О:**<br>«Жұбыңды қуып жет».<br>*Мақсаты: кедергіден өтіп жүкіруге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары:** Орнында тұрып ұзындыққа секіру<br>*Мақсаты:*<br>— Екі аяқпен серпи секіруге жаттықтыру<br><br>***Мақал-мәтел.***<br>***Жалғыз ағаш орман болмас***<br>***Жалғыз ағаш желге төтеп бере алмайды.*** | ***Ауламызға қонбайды.***<br>Балалармен әңгімелесу:.<br>♦ Қарандаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар)<br><br>♦ Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты)<br><br>♦ Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер)<br><br>♦ Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен)<br><br>♦ Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді)<br><br>♦ Қазір бақылап торғайлардың не істеп жүргеніне көңіл бөлейік және көргенімізді әңгімелеп берейік.<br><br>♦ Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды тастайды)<br><br>**Еңбек**<br>Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру*<br>**Қ/О:** «Бір, екі, үш-жүкір!»<br>*Мақсаты: тез жүкіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу.*<br>**Жаттығу ойындары** «Шығыршыққа түсір».<br>***Мақсаты:***<br>— Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру;<br><br>— Затты көздеген нысанаға түсіруге жаттықтыру. | | ***Құс өкпелеп кетеді***<br>***Ағаштарды қорғайды***<br>***Ауламызға қонбайды.***<br>Балалармен әңгімелесу:.<br>♦ Қарандаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар)<br><br>♦ Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты)<br><br>♦ Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер)<br><br>♦ Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен)<br><br>♦ Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді)<br><br>♦ Қазір бақылап торғайлардың не істеп жүргеніне көңіл бөлейік және көргенімізді әңгімелеп берейік.<br><br>♦ Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды<br><br>— | Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді.<br>♦Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен)<br>Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек.<br>♦Жаяулардың тек осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер?<br>- Дұрыс айтасыңдар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған.<br>**Еңбек**<br>Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау;<br>Түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау. .<br>*Мақсаты: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу*.<br>**Қ/О:** «Бағдаршам».<br>*Мақсаты:*<br>— *бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту*<br><br>- *ептіліктерін дамыту*.<br>**Жаттығу ойындары** Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты: затты қашықтыққа лақтыру дағдыларын дамыту.* |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» тобының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық МАД «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:**06.11 – 10.11. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 06.11 | Сейсенбі 07.11 | Сәрсенбі 08.11 | Бейсенбі 09.11 | Жұма 10.11 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1**<br>Аяқ сәл алшақ, қол иықта алға, артқа есу.<br>Қолды алға созып, қайшылау.<br>Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір, сағаттың тіліндей иіліп солға бір<br>Аяқ сәл алшақ, тізелері түзу, аяқтың ұшына қол тигізу, БҚ қа келу.<br>Қоян секіреді, ат шабады, құс ұшады, аю қорбаңдайды, адам жүреді | №2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №2**<br>Аяқ бірге, қолдарын алға созу, жоғары көтеру, жанға созу<br>Қол белде, оңға, солға иілу.<br>Отырайық жүрелеп,<br>Гүлді үзіп алайық.<br>Орнымыздан түрегеп<br>Басқа гүлге барайық. | №3 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №3**<br>Шеңберде аяқтың ұшымен өкшелеп жүру.<br>Қол белде, оңға, солға бқрылыстар жасау.<br>Қолдарын екі жаққа жайғызып, «Көбелек» жаттығуын жасату: ұшады, гүлге қонады, шырынын сорып, қайта ұшады. | №4 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №4**<br>«Маған қарай жүгіріңдер» ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді.<br>«Торғайлар болып ұшайық»: жан жаққа жеңіл жүгіреді.<br>Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.<br>Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, «қоянша» секіру. | №5 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №5**<br>Сапта тұрып, бірінен кейін бірі тізіліп жүру, жүгіру, аяқ ұшымен жүру.<br>Шеңбер жасап тұру<br>Тік тұрып, қолды алға, жоғары, жанға созу,төмен түсіру.<br>Екі қолды жайып, көбелекке ұқсап ұшу, бір орында ақырын айналу, қону. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кілемге жатып аяқты көтеру, велосипед тебу, қалыпқа келу.<br>Жерге жатып, балықша жүзу, қолдарын сермеу, қалыпқа келу.<br>Аяқтың ұшына көтерілу, демді ішке тартып, қайта шығару. | Қолдары белде. Оң аяқпен бес рет, сол аяқпен бес рет секіру<br>Қолдары иықта.Алға, артқа есу.<br>Кілемге жату, аяқты созу, қайшылау, түсіру.<br>Саппен жүріп өту.<br>«Денсаулығым керемет, жаттығуға рақмет» | Қолдарымен кубідегі қымызды піскендей әрекеттер жасайды.<br>Оң және сол қолдарын кезек көтеріп, еседі.<br>Кілемге жатып, аяқты жоғары көтеріп, велоспипед тебу.<br>Аяқ бірге,қолдарын еңкейіп аяқ ұшына тигізу, қайта тіктелу. | Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу «Құстай қанат самғайық» жаттығуы<br>Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу.<br>Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру.<br>Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру. | Қоянша секіру, аюша қорбаңдау.<br>«Балапандар жем шоқыды» жаттығуы: Отыра қалып саусақтарымен еденді тырсылдату<br>Дем алып, дем шығарып, жай жүріспен шеңбер бойы жүру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты | | | | | |
| **ҰІӘ** | **06.11.23**<br>**Дүйсенбі** | **07.11.23**<br>**Сейсенбі** | **08.11.23**<br>**Сәрсенбі** | **09.11.23**<br>**Бейсенбі** | **10.11.23**<br>**Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстар әлемі.<br>**ҰІӘ мақсаты:** дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** дауысты, дауыссыз | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Әдептілік әлемі**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру<br>Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз.<br>**Әдептілік әлемі**<br>Қарсы ал ерте күн көзін,<br>Төсегіңді жина өзің. | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстар әлемі.<br>**ҰІӘ мақсаты:** дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы Қысқа дайындық**<br>**Міндеті:** табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау<br>**Мақсаты** Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту.<br>**«Қысқа дайындық»** әңгімесімен таныс<br>Мақал-мәтел:<br>1.Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>2.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстар әлемі.<br>**ҰІӘ мақсаты:** дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарды атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады.<br>**Түсінеді:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын.<br>**Қолданады:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. Тыйым сөздерді сөз барысында қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>***«Алтыбақан»*** – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау. | Асықпай іш тамақты,<br>Жина аяқ-табақты.<br>Пышақты ұста оң қолмен,<br>Шанышқыны сол қолмен,<br>Нанды үгітпе, қадірле,<br>Қабығымен бәрін же. | атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады.<br>**Түсінеді:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын.<br>**Қолданады:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. Тыйым сөздерді сөз барысында қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>***«Алтыбақан»*** – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау. | – мереке.<br>3.Бейнетсіз рақат жоқ | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады.<br>**Түсінеді:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын.<br>**Қолданады:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. Тыйым сөздерді сөз барысында қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>***«Алтыбақан»*** – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау. |
| | | | | | |







**Ойын:“Пойез - эстафеталар”**
**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
**Шарты:** Бағанада тұрған (8-12 адамнан) топтар алдында сызық жүргізіледі, ал әрқайсысынан 10-12м қашықтықта тұрақтар (зат толтырылған доптар) тұр. Белгі бойынша топтың бірінші номерлері тұрақты айналып өтеді (сағат тіліне қарсы), бастау сызығына бағытталады. Олар өз бағанасының жанынан өтіп, оны артынан майыстырып, тұраққа жүгіреді. Олар бастау сызығына келгенде, олардың белдерінен ұстап екінші номерлер қосылады да, кедергіні ойыншылар бірге өтеді. Топты айналған соң оларға екіншісі қосылады және т.с.с.
Барлық топ, пойыз вагоны секілді, өткенде ойын бітеді, яғни соңғы ойыншы бастау сызығына өтеді. Ойында көп ауыртпалық бірінші ойыншыға түседі, сондықтан қайталау кезінде қатысушылар керісінше ретпен орналасады.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Менің отбасым.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді денесапасын дамыту. Әртүрлі жүру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Сапқа қайта тұруды уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруды; орындық үстінде текшелерді аттап жүруді; бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:**<br>Менің үйім<br>**ҮІӘ мақсаты:** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді денесапасын дамыту. Әртүрлі жүру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Сапқа қайта тұруды уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** допты сапта тұрып кеуде тұсынан | **.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** Шар, текше, цилиндр<br>**ҮІӘ мақсаты:**<br>Геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру.<br>**Дағды**: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** текше, шар, цилиндр атауларын айтуды;<br>**түсінеді:** осы пішіндердің ерекше қасиеттерін;<br>**қолданады:**. қоршаған ортадан геометриялық | **.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** Шар, текше, цилиндр<br>**ҮІӘ мақсаты:**<br>Геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру.<br>**Дағды**: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** текше, шар, цилиндр атауларын айтуды;<br>**түсінеді:** осы пішіндердің ерекше қасиеттерін;<br>**қолданады:**. қоршаған ортадан геометриялық | **Музыка**<br>**Жомарт өлкем**<br>**Міндеті:** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>**Мақсаты** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Акку» (Н. Тілендиев, үнтаспа)<br>Ән айту:<br>«Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров)<br>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>Билер:<br>«Асатаяқ биі» (қыздар)<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қамшылар арқылы екіаяқпен секіруді.<br>**Түсінеді**: сапқа қайта тұруды, уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру; биік заттарүстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдік сақтап жүру шеберліктерін қалыптастыру керектігін.<br>**Қолданады:** жаттығуды орындау барысында шыдамдылық, ерік секілді дене сапаларын; ұйымшылдық пен жинақылық секілді қасиеттерін күнделікті өмірде.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» ( 5 рет).<br>Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді.<br>Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады. | алысқа лақтыруды; орындық үстінде текшелерді аттап жүруді; бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан қамшылар арқылы екі аяқпен секіруді.<br>**Түсінеді**: сапқа қайта тұруды, уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру; биік заттарүстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдік сақтап жүру шеберліктерін қалыптастыру керектігін.<br>**Қолданады:** жаттығуды орындау барысында шыдамдылық, ерік секілді дене сапаларын; ұйымшылдық пен жинақылық секілді қасиеттерін күнделікті өмірде.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» ( 5 рет).<br>Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады.Бағыттаушы | денелердің пішіні бар заттарды табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу: Ойын жаттығуы: «Пішіндер неге ұқсайды?»**<br>Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды карауға ұсынады.<br>- Шар неге ұқсайды? (қарбыз, доп, глобус)<br>- Цилиндр неге ұқсайды? (кружка, стақанға)<br>-Текше неге ұқсайды? (текшелер, сыйлық қорапшасына).<br>**Қолдану: «Пішінді табыңдар» дидактикалық ойыны.**<br>Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. | денелердің пішіні бар заттарды табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу: Ойын жаттығуы: «Пішіндер неге ұқсайды?»**<br>Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды карауға ұсынады.<br>- Шар неге ұқсайды? (қарбыз, доп, глобус)<br>- Цилиндр неге ұқсайды? (кружка, стақанға)<br>-Текше неге ұқсайды? (текшелер, сыйлық қорапшасына).<br>**Қолдану: «Пішінді табыңдар» дидактикалық ойыны.**<br>Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. | Ойындар, хороводтар: «Аспаптардың дауысын ажырату» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады. | | | |

*2 үзіліс –*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Көру және кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру ойындары**

***Басты мақсат: Көру және кеңістік қиялын дамыту;***

***шығармашылық қиял дағдыларын қалыптастыруды .***

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»**<br>**Ойын: «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»**<br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>**Жасы:** 5-6 жас аралығы<br>**Қажетті заттар:** ойыншықтар немесе суреттері.<br>**Ойын барысы:** педагог ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдында қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?» | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Билайн бірлестігі»**<br>**Мақсаты:** Балаларды өздері рөлдерді бөлініп, рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Ойында әлеуметтік шындықты, қоғамдық жерлерде мәдениеттілікті, ұжымдық әдепті, сөйлеу әдебін көрсету, топтық жұмысқа еніп, өзіне керекті жақтарды таба біліп, тапсырмаларды орындау сапасын бағалауға үйретіп, бірлестік дағдыларын қалыптастыру.<br>**Жағдаят:**<br>Байланыс операторының жұмысы;<br>Телефондар және басқа да байланыс құралдарын сату менеджерінің жұмысы;<br>Жөндеу шеберханасы;<br>Қызметті төлеу;<br>Анықтама қызметі<br>Келушілерді шақырудың электрондық жүйесі.<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:**<br>Келуші ролінде сюжетті ұйымдстыруға көмектеседі, телефондарды қайда жөндеуге | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Жылжымалы мүлік агентігі»**<br>**Мақсаты:** Ойында бірнеше іс-әрекетті логикалық байланыстыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, өздері рөлдерге бөлініп сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Балалардың коршаған орта туралы түсініктерін әлуметтік,ортадағы белсенділіктерін кеңейту ,жылжымалы мүлік агентігі туралы білімдерін бекіту,ересектер тарапынан болатын әр-түрлі ұстанымдар мүмкіндігін көрсету.<br>**Жағдаят:** Жарнамамен таныстыру ;<br>Жылжымалы мүлікті таңдау;Жылжымалы мүліктін орналасу жерін талқылау ;Безендіру мен жоспарлаудың ерекшелігіне тоқталуКелісім сөзді хаттау ;Сатып алымға ақша төлеу Құжаттарды хаттау . | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Химиялық тазалау»**<br>**Мақсаты:** Рөлді сапалы орындаудың ортақ іс-әрекетін қалыптастыру. Керек жағдайда ауыстыру заттарын қолдана білуге. Ойынның қызмет көрсету ортасын көрсете білу , химиялық тазалау бөлімінің жұмыскерлері жайында білімдерін толықтырып.Ойлау қабілетімен сөйлеу тілін дамыту.<br>**Жағдаят:** Тапсырыс алу;<br>Тапсырысты хаттау;Тапсырысқа төлеу ;<br>Киімді тазалау;<br>Жана тазарту құралдарын табу үшін зерртхананы қолдану;Тапсырысты орындау;Тапсырысты жеткізу.<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:**<br>Химиялық тазарту дирекроры рөлінде жұмысшыларды басқарады , әдеп ережелерін ескеріп ,келушілер ыңғайын | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Сақтау қызметі»**<br>**Мақсаты :** Әлуметтік шығармашылық орта қалыптастыру ,ойынын сюжетіне байланысты топтарға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру .Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туғанда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың сөйлеу тілін дамыту .<br>**Жағдаят:** Дабыл бойынша шақыру;<br>Жағдай болған жерді қарап,сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу;<br>Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану;<br>Жазғырылғандарды құтқару<br>Алғашы медециналық көмек көрсету ;<br>Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ; |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| <br> | болатынын сұрайды, ақшаны шотқа қалай салатынын, қызметті қайда төлеуге болатынын, жаңа телефондарды қашан сталымға түсетінін сұрайды және т.б. Келушілерді шақырудың электрондық жүйесін ұйымдстыруға көмектеседі.<br>**Балалардың іс-әрекеті:**<br>Анықтамалық қызметі телефондарды, сатып алу бөлімдерін жарнамалайды, жарнамалық проспектілерді үлестіріп, журналдарды карауға кеңес береді. Қызмет көрсету персоналы телефондарды ұсынып, бағасын, нөмірін айтады, телефонды тіркеп, паспортын береді, телефон шотына ақша салуға ұсынады, телефонды қолдануға үйретеді. Клиент телефонды таңдап, шотына ақша салады.<br>Кассир ақашаны қабылдайды. Жөндеушілер телефонды алып, қарастырып, сынығын анқытап, жөндеп, тапсырыстың орындалу уақытын айтады.<br><br><br> | **Тәрбиешінің іс-әрекеті:** Сатып алушы рөлінде менеджермен сөйлесу үлгісін көрсетеді : Пәтерде неше бөлме болу керек,қандай қабатта , қай ауданда , қаланың картасынан көрсетуді сұрайды.<br>**Балалардың іс-әрекеті:** Агенства менеджері келушілерді жарнамамен таныстырады ,сатып алуға мүмкіндіктері бар сатылымен таныстырады,Сатып алушылар үй мен пәтерлер фотосуретерін қарап ,қайда орналасқанын балабақша,аялдама жақынба екенін қарайды.<br>Агентер жылыжымалы мүлікті тіркейді (үй, пәтер, жеңіл көлік.)<br>Салық инспекторы жылыжымалы мүлікке салықты анықтайды,<br>Нотариус сатып алымды растайды.<br><br> | жасайды:олар үшін орындықтар мен үстелдер қояды,үстелге журналдар қояды .жұмысшыларға түстік үзілісті ескертіп ,асханаға тамақтануға шақырады.<br>**Балалардың іс-әрекеті:**<br>Клиенттер кір киімдерді әкеледі, қабылдаушыға тапсырып ,ақша төлейді, Квитанцияны алады таза киімдерін алған соң алғыс білдіреді , Қабылдаушы кір киімдерді қабылдап , квитанция жазып кір жуушыға береді, тапсырысты телефон бойынша қабылдап,жүргізушілерді мекен жай бойынша жібереді.Кір жуушы кірді жуады.<br>Лаборант киімдерді қарап дақты тауып,жуу үшін ұнтақты қолданады .Оператор киімдерді алып тазартады тапсырыс берушіге қайтарады. Жеткізу қызметі киімдерді мекен жайларға жеткізеді,жүргізушілер жуылған заттрды бала бақша т.б. жерлерге жеткізеді .<br><br><br><br> | **Тәрбиешінің іс-әрекеті:** ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп,арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды,жедел жәрдемді шақырады .<br>**Балалардың іс-әрекеті:** Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл оттшаларды бақылап ,желі бойынша , қандай сақтау қыдметінің жұмыс атқаратынын қадағалайды<br>ТЖМ әр түрлі жағдайдада ,әр уақыта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді,адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді .<br>Арнайы техника жүргізушісі зардап шекендері тамақ .киімен қамтамасыз етеді .Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды .Жедел жәрдем науқасттын шақыру бойынша қызмет көрсетеді<br>Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотаға түсіреді.<br><br><br><br> |

| 3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Дөңгелек және сопақша<br>**Мақсаты** : сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру<br><br>**Топпен жұмыс** Педагог балаларға фигуралар жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршыны, сопақша мен тіктөртбұрышты салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, фигуралардан өрнектер жасайды. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы Қысқа дайындық**<br>**Міндеті:** табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау<br>**Мақсаты** Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту.<br>**«Қысқа дайындық»** әңгімесімен таныс<br>Мақал-мәтел:<br>1.Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>2.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке.<br>3.Бейнетсіз рақат жоқ | **Қоршаған орта**<br>**Бөлме өсімдіктер жіне оларды күту**<br>**Міндеті:** Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау.<br>**Мақсаты** Еңбек туралы жалпы түсініктерін бекіту арқылы балалардың сөздік қорын<br>байыту.<br><br>**Ойын сәті**. Педагог беті жабық себет алып шығады.<br>– Менің қолымдағы себетте өте дәмді, біздің дастарқанымыздан күнде көретін,<br>балаларға өте пайдалы тағам. Ол қандай тағам? (Себет толған сүт, айран, қатық, ірімшік<br>т.б. өнімдері).<br>Біздің бәріміз дәмді және пайдалы сүтті жақсы көреміз.<br>– Қандай малдың сүтін шайға қосамыз, ішеміз? (Сиырдың).<br>– Сиырды сауатын адамдар қалай аталады? (Сауыншылар).<br>– Сауыншылар сиырды сауады. Сауылған сүт ыдыстарға құйылады. Сүтті арнайы<br>зауыттарға әкеледі. Сол жерде сүттен май, каймақ, айран, сүзбе дайындалады. Сүтті арнайы құрылғыларда өңдейді, өнімдерді әртүрлі ыдыстарға | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Тәуелсіз Қазақстан<br>**Мақсаты** сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыр<br><br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын белгіле. Суретті аяқтап, сал. Боя. .<br>Мақалдың мағынасын түсініп ал. Егемен елдің еңсесі биік. Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді. Біздің еліміз ешкімге тәуелді емес, өз Туы, Гимні, Елтаңбасы бар, дербес мемлекет. Сондықтан еңсесі биік | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Күшті, батыл және үлкен боламын!<br>**ҮІӘ мақсаты:** Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту<br>**Дағды:** Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** оң және сол қолмен алысқа лақтыруды; шұңқырға секіру: 30 см биік орындықтан секіруді; заттар арасымен алақан мен тізеге таянып еңбектеуді; екі минут баяу қарқынмен жүгіруді.<br>**Түсінеді:** оң және сол қолмен алысқа қалай лақтыру керектігін; баяу қарқынмен жүгіру кезінде қозғалыс қарқынын қалай сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарайқалай басып жүгіру керектігін.<br>**Қолданады:** қозғалыс кезінде тапқырлық таныта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | құяды, сүт өңдейтін аппараттарды, контейнерді маман басқарады. Содан кейін дайын болған сүт өнімдерін дүкендерге жеткізіледі (демонстрациялық материалдардағы суреттер). | | білу шеберліктерін (машықтарын).<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |

***3 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары**

## Дыбыстық жаттығу

**Мақсаты:** Дыбыстық гимнастикамен таныстыру, рух пен дененің тынығуы.

*Дыбыстық жаттығуды бастамас бұрын, өзімізді бірқалыпты, жайлы сезінеміз, тік тұрамыз, арқамызды тік ұстаймыз. Алдымен мұрнымызбен терең дем аламыз, ал дем шығарғанда дыбысты қатты, әрі қуатты етіп шығарамыз.

*Келесі дыбыстарды «әндетіп» айтамыз:

*«А» — барлық ағзаға жайлы әсер береді;

*«Е» — қалқанша безге әсер етеді;

*«И» — миға, көзге, мұрынға, құлаққа әсер етеді;

*«О» — жүрекке өкпеге әсер етеді;

*«У» — асқазан маңындағы ағзаларға әсер етеді;

*«Я» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;

*«М» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;

*«Х» — көңіл-күйді көтеруге әсер етеді.



**Психологиялық ойын:**

**Ойын: «Жунглидағы жаңбыр»** жаттығуы.

***Мақсаты:*** Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту

***Ойын шарты:***

**Нұсқау: -** Бір - біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Жунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).

Жел көтеріліп желкіді ( арқаны қаттырақ басамыз).

Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)

Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)

Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).

Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).

Тағы да нөсер жауын жауды.

Ұсақ жаңбыр сіркіреді.

Дауыл соқты.

Жел соқты.

Жел басылып келеді.

**Ойын– жаттығу: «Жәндіктердің қимылын жасайық»**



**Құрылымдалған ойын:**

**Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»**

**Мақсаты:** Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.

**Шарты:**Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.

**Күтілетін нәтиже:** Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды.



**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы: Тұрмыстық техника оның қажеттілігі**<br>**Міндеті:** Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау<br>**Мақсаты** Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға Дағдыландыру<br><br>**«Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны.**<br>Педагог бір баланы шақырады. Ол бала теріс қарап үстел үстіндегі карточканы алады. Бала карточканы алып, ондағы ненің суреті екенін айтады. (Әйнек)<br>Педагог тағы үш баланы шығарады. Балалар үстел үстіндегі әйнектен жасалған заттарды бос орынға қояды. Мысалы, гүлсауыт, бокал, банкі.<br>Тағы бір бала шығып, ағаштың суреті бар карточканы алады. Үш бала шығып, ағаштан жасалған заттарды бос орынға жинайды: қарындаш, ағаш тақтай, ағаш табақ.<br>Келесі шыққан баланың карточкасындағы сурет – темір. Темірден жасалған тәрелке, шеге, қасықты топтастырып, бір жерге қояды. | **4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Біздің рәміздер.<br>**ҮІӘ мақсаты:**<br>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.<br>**Дағды:**Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ән айту дағдыларын;дауысын дұрыс келтіріп орындайды.<br>**Түсінеді:** кіріспе музыкадан кейін ән айтуды бастау.<br>**Қолданады:** халық биін және мәнерлі қимылдарды орындайды, қазақтың ұлттық аспаптарында ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Көңілді балалар» литва | **Мүсіндеу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Тақырыбы :** Күзгі жапырақтар.<br>**ҮІӘ мақсаты:** қағазды қатпарлап бүктеу арқылы жапырақтың жиектерін иректеп қиюды үйрету.<br>**Дағды:** қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже: Жасайды:** жапырақтарды қатпарлап бүктейді;<br>**Түсінеді:** күзді неге «алтын күз», «жомарт күз» деп атайтынын;<br>**Қолданады:** жапырақтарды бүктеп қию тәсілін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** бүктеп қию әдісі. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | халық әуені (өңдеген Т. Ломова). Музыка ойналғанда екеуден жұптасқан күйі жеңіл, тізені көтере секіре айналады. **Білу:** ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай). Балалар қосылып, бір-бірін тыңдап, үндесе ойнауға талпынады. *Асатаяқ, тоқылдақ, тұяқтас* ұрмалы ұлттық аспаптарын қолдану. | | | |

***4 үзіліс –*** **Балалардың дербес іс-әрекеті**

Кинезиологиялық гимнастика

| **Кинезиологиялық гимнастика** | |
|---|---|
| **Басын шайқау.** Басымызды шайқаймыз, Шайқалмаймыз, байқаймыз! | Иықтарын жазып, көздерін жұмып, бастарын төмен қаратып салбыратады. Терең демалып, бастарын екіжаққа баяу қозғалтады. |
| Бас изеу.<br>Бас изейміз, жақсылықты қостаймыз,<br>Мамандықты қасымызға қоспаймыз! | Бастарын баяу бір жақ иығына қарай апарып, алдыға-артқа қозғалтып, изей бастайды. Екі иығына кезек- кезек апарып, изейді. Еркін тыныс алады. |
| Мойын-иек.<br>Басты төмен түсіріп,<br>Айналдырып шайқаймыз! | Иектерін мүмкіндігінше төмен түсіреді. Иықтарын босатады. Көздерін бақырайтып, иықтарын көтеріп, бастарын екі жаққа кезек-кезек қисайтып қозғалтады. |
| «Алақан».<br>Алақанды қысамыз, Күшті болсын қолымыз! | Оң қолдың саусақтарымен сол қол алақанын қаттықысады. Сол қолы қарсы итеріп, қарсыласады.<br>Жаттығуды екі қолмен кезек орындайды. |

***Ойын:***

**Тақырыбы : «Кім жылдам»**

**Мақсаты:**Аяқ-қолдарыннның бұлшықеттерін дамыту және жылдам қозғалуға үйрету.

**Шарты:** Екі үйдің макеті жасалып құрылады. Ортаға он баладан шығарылады. Балалар тышқан болады да, екі үйдің ішінде мысық және жағымды кейіпкер отырады. Тышқан жүгіріп келіп есікті қағады. Есіктің арғы жағынан жағымды кейіпкер шығып тышқанға ірімшік береді, тышқан ірімшігін алып келіп өз қорына қосады, немесе мысық шығып тышқанды қуа жөнеледі.Мысық тышқанды ұстап алса, ойыншы ойыннан шығып отырады.



***Сюжеттік ойын:***

**«Құлақ-мұрын»**

**Мақсаты:** Балалардың дене мүшелерін дұрыс ажырата білуге және ойлау қабілетін дамыту.

**Ойынның шарты:**Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші: құлақ – деп мұрнын ұстайды. Ал балалар айтылған мүшені дұрыс көрсетулері тиіс. Жүргізуші балалардың зейіні мен қабылдауын тексеру мақсатында оларды шатастырып атайды.



| | | | |
|---|---|---|---|
| «Зейін.<br>Зейін қойып ойнаймыз, Алақан қыспай қоймаймыз! | Оң қолмен дәл солай қайталайды. Сол қолдың алақанын ашып, оның ортасында орналасқан зейінді шоғырландыру нүктесіне оң қолдың бас саусағын қатты басады.<br>Басып тұрып демін ішіне тартады, босатқанда демін сыртқа шығарады.<br>Оң қолмен дәл солай қайталайды. | | |
| **«Кел, билейміз!».** Бірлесіп би билейміз,Аяқты биік көтеріп! | Бас бармағын ішіне бүріп, жұдырықтарын түю. Демінасықпай шығарып тұрып жұдырығын қыса түсу. Сосын қолдарын босаңсыта бастағанда демін асықпай ішке тарту. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында»<br>Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қараша<br>Серуен-Бақылау №1<br>Торғайларды бақылау**<br>***Мақсаты:*** *то*рғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>—күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркемсөз***<br>*Қалатындай қиқылдап,*<br>*Әдетіңді білемін,*<br>*«Шиық, шиық» еттің шиқылдап ,*<br>*Дайын асқа ортақсың*<br>*Шашып берген жемімді* | **Қараша<br>Серуен-Бақылау №2<br>Көгершіндерді (кептерлер) бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>— Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>Көркем сөз:<br>Құстар менің достарым,<br>Жемін, суын керекгін, | **Қараша<br>Серуен-Бақылау №3<br>Емен ағашын бақылау**<br>***Мақсаты****: Күзгі емен туралы түсініктерін қалыптастыру,ағаштардың жыл мезгілдеріне қарай бейімделуі туралы түсінік беру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>*Білмейтіні жоқ елдің-*<br>*Өзім де ішіп көргенмін*<br>*Дейді әжейім*<br>*Ішектің емі-қашаннан*<br>*Қабығында еменнің*<br>*Қайнатындысы Еменнің*<br>*Қасиеті бар дәрілік.* | **Қараша<br>Серуен-Бақылау №4<br>Серуен №4<br>Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау**<br><br>***Мақсаты:***<br>— Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)<br>— Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды ).<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз*** *А. Сәрсеков* | **Қараша<br>Серуен-Бақылау №5<br>Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау**<br>*Мақсаты: ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру* (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары).<br><br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз С. Оспанов***<br>***Өсе бере сан ғасыр***<br>***Шыршаларға тимек кім***<br>***Болып таудың түр-сәні***<br>***Қорғалады орманы***<br>***Жапырағы жап-жасыл***<br>***Ол жеміс пен жидектің,*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Торғай, торғай торғайым,*<br>*Жейсің сонша қиқымдап,*<br>*Сені әркез қорғаймын*<br>*Қорқақсың-ау, қорқақсың,*<br>*Қыстың қамын жаз ойлап,*<br>*Еңбек десе шорқақсың.*<br>*Бәріне де бол дайын!*<br>**Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.**<br>♦ Торғай қандай болып көрінеді? *(Бұл кішкентай пысық құс.)*<br>♦ Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)<br>♦ Ал қанаты мен құйрығы қандай? *(құйрығы-қара-қоңыр, канаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген)*<br>♦ Ал басының түсі қандай? *(Сұр)*<br>♦ Торғайлар қайда өмір сүреді? *(қалада және ауылда.)*<br>♦ Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? *(адамдардың қасында олар жырткыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)*<br>♦ Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? *(подъездің немесе балконның күнқағарларына.)*<br>♦ Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында | Құспен қызық аспаным.<br>Күнде апарып беремін<br>Үйшік жасай білемін Олар мәз боп қалады,<br>Ағаштарға ілемін Шаттық әнге салады.<br>♦ Қандай құстар алаңға келіп қонады?<br>♦ Олар қайда тіршілік етеді?<br>♦ Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?<br>♦ Оларды кім қоректендіреді?<br>♦ Көгершіндер қайда мекендейді?<br>♦ Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Кептер мен торғайды салыстыру<br>**Еңбек:**<br>Балабақша аумағына жем салғыш ілу<br>*Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұшады, с екіреді, жүзеді».<br>*Мақсаты:*<br>—- балаларды жүкіруге үйрету;<br>.— зверей.құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау<br>**Жаттығу ойындары:** «Қаданы (кегли) құлат».<br>*Мақсаты:*<br>— Допты нысанаға лақтыру;<br>— Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту.<br>—<br>**Халық болжамы:** | *Қабығынан жасалған.*<br>*Орманда жасыл еменнен құдыретті де әсем ағаш жоқ. Халық ертегілері мен батырлар жырларында алып емендер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ол алыптар бейнесінде бейнеленеді. Кәрі еменнің діңі мығым, бұтақтары тарам-тарам болады. Емендер мың жылға дейін өмір сүреде, олар көктемде ең кеш көктейді. Ол өте зор, мықты ағаш болғанмен, қатты аяздарда жарылып кетеді.*<br>♦ Емендер көбіне қайда өседі? *(орманда.)*<br>♦ Ал бұл ағаш қайда өсіп тұр? *(қалада.)*<br>♦ Қалада тағы қандай ағаштар өседі?<br>♦ Ағаштар қалаға не үшіни керек? *(ағаш жапырақтары ауадағы көмір қышқыл газын бойына сіңіріп оттегін бөліп шығарады..)*<br>♦ Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? *(күз айларында.)*<br>♦ Ағаш жапырақтары неге түседі? *(ағаштардың қыста көп ылғалды жоғалтпасы үшін)*<br>♦ Емен ағашының адамға қандай пайдасы бар? *(құрлысқа, жиһаздар жасауға және емдік қасиеттері бар)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру | *Күзгі ауланың талдары*<br>*Кейде құйын өтеді*<br>*Желмен басын шайқайды*<br>*Тозаңдатып жан-жақты*<br>*Дәурен өтіп жаздағы*<br>*Кейде құйын кетеді*<br>*Күздің желі соғады*<br>*Доп қылып ап жапырақты*<br>*Бейне тентек баладай*<br>*Ойран-асыр салады*<br>*Алма бағын жағалай*<br>*Алмаларын қағады*<br>Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>♦ Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? *(Күміс күз.)*<br>♦ Неліктен?<br>Жұмбақ шешу:<br>Қар да емес, мұз да емес,<br>Ағаштар күміс жамылған (қырау)<br>**Еңбек:** Ауладағы қоқыстарды жинау.<br>*Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .* | ***Көрдің бе сен, шыршаны?***<br>***Топырақтың қорғаны.***<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>-Біздің аулада қандай ағаштар өседі? *(қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.)*<br>-Ал, бұлар қандай ағаштар? *(тікенекті, жапырақты.)*<br>-Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар?<br>-Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? *(діңі, бұтағы, тамыры)*<br>-Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек?<br>-Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар?<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңын тазалау.<br>*Мақсаты:жұмысты өзара бөлісіп атқаруға үйрету*<br><br>**К/О:**<br>«Жұбыңды қуып жет».<br>*Мақсаты: кедергіден өтіп жүкіруге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Орнында тұрып ұзындыққа секіру<br>*Мақсаты:*<br>— Екі аяқпен серпи секіруге жаттықтыру<br>***Мақал-мәтел.***<br>***-Жалғыз ағаш орман болмас***<br>***-Жалғыз ағаш желге төтеп бере алмайды.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек)<br>♦ Күзде торғайлар немен қоректенеді? *(өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды)*<br>**Еңбек**<br>Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.<br>*Мақсаты:*<br>— Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету;<br>— Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қ/О: «Құстардың ұшуы».<br>*Мақсаты: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету.*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Жалауды құлатпа»<br>*Мақсаты: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру* | ***-құс жүнін үрпитсе, жауын болады;***<br>***-жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады;***<br>***-құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.*** | Мақсаты: ағаш жапырақтарының түстерінің әртүрлілігін аңғарту<br>**Еңбек**<br>Жерге түскен ағаш жапырақтарын тырмамен жинау және оны тазалау<br>*Цель:* ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қ/О:** «Аққу-қаздар».<br>*Мақсаты:берілген тапсырма бойынша жүгіруге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары** Бір аяқпен секіру.<br>*Мақсаты: барынша биік секіруге жене жерге дұрыс түсуге жаттықтыру*<br>***Мақал-мәтел***<br>***-Аяламасаң ағаш та аспандап өспес***<br>***-Орман ел дәулеті, жер сәулеті.*** | **Қ/О:** «Бәйге»<br>*Мақсаты:*<br>— Бір-біріне соқтықпай жүгіруге жаттықтыру ;<br>— Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.<br>*Мақсаты: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу*<br>***Халық болжамы:***<br>***-Түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды***<br>***-Ағашты қырау басса аяз болады.*** | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» тобының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық МАД «А»

**Балалардың жасы:** 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 13.11 – 17.11. 2023-2024 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 06.11 | Сейсенбі 07.11 | Сәрсенбі 08.11 | Бейсенбі 09.11 | Жұма 10.11 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1**<br>Аяқ сәл алшақ, қол иықта алға, артқа есу.<br>Қолды алға созып, қайшылау. | №2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №2** | №3 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №3** | №4 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №4** | №5 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №5** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір, сағаттың тіліндей иіліп солға бір<br>Аяқ сәл алшақ, тізелері түзу, аяқтың ұшына қол тигізу, БҚ қа келу.<br>Қоян секіреді, ат шабады, құс ұшады, аю қорбаңдайды, адам жүреді<br>Кілемге жатып аяқты көтеру, велосипед тебу, қалыпқа келу.<br>Жерге жатып, балықша жүзу, қолдарын сермеу, қалыпқа келу.<br>Аяқтың ұшына көтерілу, демді ішке тартып, қайта шығару. | Аяқ бірге, қолдарын алға созу, жоғары көтеру, жанға созу<br>Қол белде, оңға, солға иілу.<br>Отырайық жүрелеп,<br>Гүлді үзіп алайық.<br>Орнымыздан түрегеп<br>Басқа гүлге барайық.<br>Қолдары белде. Оң аяқпен бес рет, сол аяқпен бес рет секіру<br>Қолдары иықта.Алға, артқа есу.<br>Кілемге жату, аяқты созу, қайшылау, түсіру.<br>Саппен жүріп өту.<br>«Денсаулығым керемет, жаттығуға рақмет» | Шеңберде аяқтың ұшымен өкшелеп жүру.<br>Қол белде, оңға, солға бкрылыстар жасау.<br>Қолдарын екі жаққа жайғызып, «Көбелек» жаттығуын жасату: ұшады, гүлге қонады, шырынын сорып, қайта ұшады.<br>Қолдарымен кұбідегі қымызды піскендей әрекеттер жасайды.<br>Оң және сол қолдарын кезек көтеріп, еседі.<br>Кілемге жатып, аяқты жоғары көтеріп, велоспипед тебу.<br>Аяқ бірге,қолдарын еңкейіп аяқ ұшына тигізу, қайта тіктелу. | «Маған қарай жүгіріңдер» ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді.<br>«Торғайлар болып ұшайық»: жан жаққа жеңіл жүгіреді.<br>Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады.<br>Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, «қоянша» секіру.<br>Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу<br>«Құстай қанат самғайық» жаттығуы<br>Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу.<br>Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру.<br>Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру. | Сапта тұрып, бірінен кейін бірі тізіліп жүру, жүгіру, аяқ ұшымен жүру.<br>Шеңбер жасап тұру<br>Тік тұрып, қолды алға, жоғары, жанға созу,төмен түсіру.<br>Екі қолды жайып, көбелекке ұқсап ұшу, бір орында ақырын айналу, қону.<br>Қоянша секіру, аюша қорбаңдау.<br>«Балапандар жем шоқыды» жаттығуы: Отыра қалып саусақтарымен еденді тырсылдату<br>Дем алып, дем шығарып, жай жүріспен шеңбер бойы жүру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты | | | | | |
| **ҰІӘ** | **13.11.23**<br>**Дүйсенбі** | **14.11.23**<br>**Сейсенбі** | **15.11.23**<br>**Сәрсенбі** | **16.11.23**<br>**Бейсенбі** | **17.11.23**<br>**Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Буын**<br>**Міндеті:** Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Тәуелсіз Қазақстан<br>**Мақсаты** сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыр | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы** Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз<br>**Мақсаты:** : буын туралы түсініктерін қалыптастыру | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау<br>**Мақсаты** Дыбыстарды дұрыс | **Тақырыбы.** Буынға бөлейік<br>**Мақсаты** сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** буындардан сөз құрауға үйрету<br><br>**«Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы**<br>Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады. Буынға бөлуге болатын сөздер: күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман.<br>**«Буынды қос» дидактикалық ойыны**<br>**–** Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын белгіле. Суретті аяқтап, сал. Боя. . Мақалдың мағынасын түсініп ал. Егемен елдің еңсесі биік. Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді. Біздің еліміз ешкімге тәуелді емес, өз Туы, Гимні, Елтаңбасы бар, дербес мемлекет. Сондықтан еңсесі биік | **Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру».** Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға) – Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (қар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға) – Ең үздік баға ...(бес) – Білім алатын құрал ... (кі-тап) – Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап). Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс жасайды. | айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту.<br>**«Қысқа дайындық»** әңгімесімен таныс<br>Мақал-мәтел:<br>1.Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей.<br>2.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке.<br>3.Бейнетсіз рақат жоқ | **«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы** Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал-(ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа-(уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады |
| | | | | | |



**Ойын:“Пойез - эстафеталар”**
**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
**Шарты:**Бағанада тұрған (8-12 адамнан) топтар алдында сызық жүргізіледі, ал әрқайсысынан 10-12м қашықтықта тұрақтар (зат толтырылған доптар) тұр. Белгі бойынша топтың бірінші номерлері тұрақты айналып өтеді (сағат тіліне карсы), бастау сызығына бағытталады. Олар өз бағанасының

<table>
<tr>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">жанынан өтіп, оны артынан майыстырып, тұраққа жүгіреді. Олар бастау сызығына келгенде, олардың белдерінен ұстап екінші номерлер қосылады да, кедергіні ойыншылар бірге өтеді. Топты айналған соң оларға екіншісі қосылады және т.с.с.<br>Барлық топ, пойыз вагоны секілді, өткенде ойын бітеді, яғни соңғы ойыншы бастау сызығына өтеді. Ойында көп ауыртпалық бірінші ойыншыға түседі, сондықтан қайталау кезінде қатысушылар керісінше ретпен орналасады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: Әкем анам және мен<br>Міндеті: - кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;<br>Мақсаты: Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту<br>Сызылған сызық бойына екі қатарға сап түзеп тұрады. Допты дұрыс ұстау қалпы: үш саусақпен доптың арт жағынан, бас бармақ және шынашақпен доптың екі жағынан ұстайды. Допты алысқа лақтыруға тырысады.<br>Педагогтің бұйрығы бойынша допты жүгіріп барып алып келіп, саптың алдында тұрған баланың артына келіп тұрады. ( 4 рет)</td>
<td>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы Отбасымызбен бірге жаттығымыз<br>Міндеті: Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу<br>Мақсаты<br>Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге үйрету<br>Тізбекпен кедергілер алабынан өту. Тізбек құрып, кедергілер алабының қасына келеді.<br>(Кегельдер, доғалар, құрсаулар, жолақтар). Белгі бойынша кедергілер алабынан өтеді: кегельдерді айналып өтіп, доғалардың астынан өтіп, жолақтың үстімен жүгіріп өтеді. Нұсқау – тізбек шашырап кетпеуі керек</td>
<td>Математика негіздері<br>Тақырыбы: кеше ,Бүгін ертең бүрсігүні.<br>Міндеті: Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), анықтау<br>Мақсаты уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру<br><br>«Күн мен түн» дәстүрлі ойыны. Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды\<br>«кеше», «бүгін», «ертең» сөздерін енгізу<br>Балалардан кеше не болғанын еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді?<br>3 оқиға бейнеленген суреттер<br>Мысалы, кеше олар ертегі оқыды, бүгін сурет салды, ертең олар гүлдерді суарады.</td>
<td>Математика негіздері<br>Тақырыбы: кеше ,Бүгін ертең бүрсігүні.<br>Міндеті: Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), анықтау<br>Мақсаты уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру<br><br>«Күн мен түн» дәстүрлі ойыны. Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды\<br>«кеше», «бүгін», «ертең» сөздерін енгізу<br>Балалардан кеше не болғанын еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді?<br>3 оқиға бейнеленген суреттер<br>Мысалы, кеше олар ертегі оқыды, бүгін сурет салды, ертең олар гүлдерді суарады.</td>
<td>Музыка<br>Тақырыбы: егеменді елім<br>Міндеті: -Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру<br>Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын,<br>көңіл күйін ажырату</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">2 үзіліс –</td>
</tr>
</table>

| Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады. | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Көру және кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру ойындары**<br>***Басты мақсат: Көру және кеңістік қиялын дамыту;***<br>***шығармашылық қиял дағдыларын қалыптастыруды .*** | | | | |
| **Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»**<br>**Ойын: «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»**<br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>**Жасы:** 5-6 жас аралығы<br>**Қажетті заттар:** ойыншықтар немесе суреттері.<br>**Ойын барысы:** педагог ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдында қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br> | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Билайн бірлестігі»**<br>**Мақсаты:** Балаларды өздері рөлдерді бөлініп, рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Ойында әлеуметтік шындықты, қоғамдық жерлерде мәдениеттілікті, ұжымдық әдепті, сөйлеу әдебін көрсету, топтық жұмысқа еніп, өзіне керекті жақтарды таба біліп, тапсырмаларды орындау сапасын бағалауға үйретіп, бірлестік дағдыларын қалыптастыру.<br>**Жағдаят:**<br>Байланыс операторының жұмысы;<br>Телефондар және басқа да байланыс құралдарын сату менеджерінің жұмысы;<br>Жөндеу шеберханасы;<br>Қызметті төлеу;<br>Анықтама қызметі<br>Келушілерді шақырудың электрондық жүйесі.<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:**<br>Келуші ролінде сюжетті ұйымдстыруға көмектеседі, телефондарды қайда жөндеуге болатынын сұрайды, ақшаны шотқа қалай салатынын, қызметті қайда төлеуге болатынын, жаңа телефондарды қашан сталымға түсетінін сұрайды және т.б.<br>Келушілерді шақырудың электрондық жүйесін ұйымдстыруға көмектеседі.<br>**Балалардың іс-әректі:**<br>Анықтамалық қызметі телефондарды, сатып алу бөлімдерін | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Жылжымалы мүлік агентігі»**<br>**Мақсаты:** Ойында бірнеше іс-әрекетті логикалық байланыстыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, өздері рөлдерге бөлініп сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Балалардың қоршаған орта туралы түсініктерін әлуметтік,ортадағы белсенділіктерін кеңейту ,жылжымалы мүлік агентігі туралы білімдерін бекіту,ересектер тарапынан болатын әр-түрлі ұстанымдар мүмкіндігін көрсету.<br>**Жағдаят:** Жарнамамен таныстыру ;<br>Жылжымалы мүлікті таңдау;Жылжымалы мүліктін орналасу жерін талқылау ;Безендіру мен жоспарлаудың ерекшелігіне тоқталуКелісім сөзді хаттау ;Сатып алымға ақша төлеу Құжаттарды хаттау .<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:** Сатып алушы рөлінде менеджермен сөйлесу үлгісін көрсетеді : Пәтерде неше бөлме болу керек,қандай қабатта , қай ауданда , қаланың картасынан көрсетуді сұрайды.<br>**Балалардың іс-әректі:** Агенства менеджері келушілерді жарнамамен таныстырады ,сатып алуға мүмкіндіктері бар сатылымен таныстырады,Сатып алушылар үй мен пәтерлер фотосуретерін қарап | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Химиялық тазалау»**<br>**Мақсаты:** Рөлді сапалы орындаудың ортақ іс-әрекетін қалыптастыру. Керек жағдайда ауыстыру заттарын қолдана білуге. Ойынның қызмет көрсету ортасын көрсете білу , химиялық тазалау бөлімінің жұмыскерлері жайында білімдерін толықтырып.Ойлау қабілетімен сөйлеу тілін дамыту.<br>**Жағдаят:** Тапсырыс алу;<br>Тапсырысты хаттау;Тапсырысқа төлеу ;<br>Киімді тазалау;<br>Жана тазарту құралдарын табу үшін зерртхананы қолдану;Тапсырысты орындау;Тапсырысты жеткізу.<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:**<br>Химиялық тазарту дирекроры рөлінде жұмысшыларды басқарады , әдеп ережелерін ескеріп ,келушілер ыңғайын жасайды:олар үшін орындықтар мен үстелдер қояды,үстелге журналдар қояды .жұмысшыларға түстік үзілісті ескертіп ,асханаға тамақтануға шақырады.<br>**Балалардың іс-әректі:**<br>Клиенттер кір киімдерді әкеледі, қабылдаушыға тапсырып ,ақша төлейді, Квитанцияны алады таза киімдерін алған соң алғыс | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Сақтау қызметі»**<br>**Мақсаты :** Әлуметтік шығармашылық орта қалыптастыру ,ойынын сюжетіне байланысты топтарға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру .Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туғанда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың сөйлеу тілін дамыту .<br>**Жағдаят:** Дабыл бойынша шақыру;<br>Жағдай болған жерді қарап,сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу;<br>Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану;<br>Жазғырылғандарды құтқару<br>Алғашы медециналық көмек көрсету ;<br>Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ;<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:** ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп,арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды,жедел жәрдемді шақырады .<br>**Балалардың іс-әректі:** Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл оттшаларды бақылап ,желі бойынша , қандай сақтау қыдметінің жұмыс атқаратынын қадағалайды |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>жарнамалайды, жарнамалық проспектілерді үлестіріп, журналдарды қарауға кеңес береді.<br>Қызмет көрсету персоналы телефондарды ұсынып, бағасын, нөмірін айтады, телефонды тіркеп, паспортын береді, телефон шотына ақша салуға ұсынады, телефонды қолдануға үйретеді. Клиент телефонды таңдап, шотына ақша салады.<br>Кассир ақашаны қабылдайды.<br>Жөндеушілер телефонды алып, қарастырып, сынығын анқытап, жөндеп, тапсырыстың орындалу уақытын айтады.<br><br><br></td>
<td>,қайда орналасқанын балабақша,аялдама жақынба екенің қарайды.<br>Агентер жылыжымалы мүлікті тіркейді (үй, пәтер, жеңіл көлік.)<br>Салық инспекторы жылыжымалы мүлікке салықты анықтайды,<br>Нотариус сатып алымды растайды.<br><br><br></td>
<td>білдіреді , Қабылдаушы кір киімдерді қабылдап , квитанция жазып кір жуушыға береді, тапсырысты телефон бойынша қабылдап,жүргізушілерді мекен жай бойынша жібереді.Кір жуушы кірді жуады.<br>Лаборант киімдерді қарап дақты тауып,жуу үшін ұнтақты қолданады .Оператор киімдерді алып тазартады тапсырыс берушіге қайтарады. Жеткізу қызметі киімдерді мекен жайларға жеткізеді,жүргізушілер жуылған заттрды бала бақша т.б. жерлерге жеткізеді .<br><br><br><br></td>
<td>ТЖМ әр түрлі жағдайдада ,әр уақыта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді,адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді .<br>Арнайы техника жүргізушісі зардап шекендері тамақ .киімен қамтамасыз етеді .Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды .Жедел жәрдем науқасттын шақыру бойынша қызмет көрсетеді<br>Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотаға түсіреді.<br><br><br><br></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="5">3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері<br>Тақырыбы: Шар, текше, цилиндр<br>ҰІӘ мақсаты: Геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру.</td>
<td>Сөйлеуді дамыту<br>Міндеті: табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау<br>Мақсаты Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту.<br>«Қысқа дайындық» әңгімесімен</td>
<td>Қоршаған орта<br>Аңдар қысқы қалай дайындалады<br>Міндеті:- -Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту<br>Мақсаты мамандық түрлері, олардың атқаратын</td>
<td>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: мысық әтеш жіне түлкі<br>Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>Мақсаты Табиғаттың әдемілігін сезіне білу<br>1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?</td>
<td>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы Отбасылық альбом<br>Міндеті: допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр<br>Мақсаты Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып, тепе-теңдік сақтап</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дағды**: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** текше, шар, цилиндр атауларын айтуды;<br>**түсінеді:** осы пішіндердің ерекше қасиеттерін;<br>**қолданады:**. қоршаған ортадан геометриялық денелердің пішіні бар заттарды табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу: Ойын жаттығуы: «Пішіндер неге ұқсайды?»**<br>Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды қарауға ұсынады.<br>- Шар неге ұқсайды? (қарбыз, доп, глобус)<br>- Цилиндр неге ұқсайды? (кружка, стақанға)<br>-Текше неге ұқсайды? (текшелер, сыйлық қорапшасына).<br>**Қолдану: «Пішінді табыңдар» дидактикалық ойыны.**<br>Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. | таныс<br>Мақал-мәтел:<br>1.Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>2.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке.<br>3.Бейнетсіз рақат жоқ | қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру<br>– Қандай мамандық иелері бейнеленген?<br>Суретте суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалар жауаптардың ортақ атауы – мамандық екенін табуы керек.<br>– Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді?<br>– Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада, адамдарды емдейді. | Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра.<br>Балалардың көңіл күйі қандай?<br>Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың?<br>2. Кім қайда ойнайды? Сызып қос. | және әдемі жүруді бекіту<br>**Тепе-теңдік**<br>«Түсіріп алма» ойын-жаттығуы: еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру.<br>Тепе-теңдіктерін сақтауға тырысады: дене бітімдерін түзу ұстап, бастарын төмен түсірмей, қолдарын екі жаққа созып, жіп үстімен жүреді |

***3 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары**

| | | |
|---|---|---|
| **Дыбыстық жаттығу**<br>**Мақсаты:** Дыбыстық гимнастикамен таныстыру, рух пен дененің тынығуы.<br>*Дыбыстық жаттығуды бастамас бұрын, өзімізді бірқалыпты, жайлы сезінеміз, тік тұрамыз, арқамызды тік ұстаймыз. Алдымен мұрнымызбен терең дем аламыз, ал дем шығарғанда дыбысты қатты, әрі қуатты етіп шығарамыз.<br>*Келесі дыбыстарды «әндетіп» айтамыз:<br>*«А» — барлық ағзаға жайлы әсер береді;<br>*«Е» — қалқанша безге әсер етеді;<br>*«И» — миға, көзге, мұрынға, құлаққа әсер етеді;<br>*«О» — жүрекке өкпеге әсер етеді;<br>*«У» — асқазан маңындағы ағзаларға әсер етеді;<br>*«Я» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;<br>*«М» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;<br>*«Х» — көңіл-күйді көтеруге әсер етеді.<br> | **Психологиялық ойын:**<br>**Ойын: «Жунглидағы жаңбыр»** жаттығуы.<br>***Мақсаты:*** Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту<br>***Ойын шарты:***<br>**Нұсқау: -** Бір - біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Жунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).<br>Жел көтеріліп желкіді ( арқаны қаттырақ басамыз).<br>Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)<br>Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)<br>Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).<br>Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).<br>Тағы да нөсер жауын жауды.<br>Ұсақ жаңбыр сіркіреді.<br>Дауыл соқты.<br>Жел соқты.<br>Жел басылып келеді. | **Ойын– жаттығу: «Жәндіктердің қимылын жасайық»**<br><br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.<br>**Шарты:**Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.<br>**Күтілетін нәтиже:** Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды.<br> |

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта**<br>**Бөлме өсімдіктер жіне оларды күту**<br>**Міндеті:** Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау.<br>**Мақсаты** Еңбек туралы жалпы түсініктерін бекіту арқылы балалардың сөздік қорын<br>байыту. | **Музыка**<br>**Жомарт өлкем**<br>**Міндеті:** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>**Мақсаты** Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа) | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Тостаған торсық**<br>**Міндеті: -** балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру;<br>- Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу<br>- аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру<br>- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын сәті**. Педагог беті жабық себет алып шығады.<br>– Менің қолымдағы себетте өте дәмді, біздің дастарқанымыздан күнде көретін,<br>балаларға өте пайдалы тағам. Ол қандай тағам? (Себет толған сүт, айран, қатық, ірімшік<br>т.б. өнімдері).<br>Біздің бәріміз дәмді және пайдалы сүтті жақсы көреміз.<br>– Қандай малдың сүтін шайға қосамыз, ішеміз? (Сиырдың).<br>– Сиырды сауатын адамдар қалай аталады? (Сауыншылар).<br>– Сауыншылар сиырды сауады. Сауылған сүт ыдыстарға құйылады. Сүтті арнайы<br>зауыттарға әкеледі. Сол жерде сүттен май, қаймақ, айран, сүзбе дайындалады. Сүтті арнайы құрылғыларда өңдейді, өнімдерді әртүрлі ыдыстарға құяды, сүт өңдейтін аппараттарды, контейнерді маман басқарады. Содан кейін дайын болған сүт өнімдерін дүкендерге жеткізіледі (демонстрациялық материалдардағы суреттер). | Ән айту:<br>«Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров)<br>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>Билер:<br>«Асатаяқ биі» (қыздар)<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Аспаптардың дауысын ажырату» | **Мақсаты:**- құмыра туралыбілімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге,мүсіндекге,жапсыруға, құрастыруға үйрету<br><br>**Топтық жұмыстар** | | |
| ***4 үзіліс –*** **Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Кинезиологиялық гимнастика | | | | | |
| **Кинезиологиялық гимнастика** | ***Ойын:*** | ***Сюжеттік ойын:*** | | | |

<table>
<tr>
<td>Басын шайқау. Басымызды шайқаймыз, Шайқалмаймыз, байқаймыз!</td>
<td>Иықтарын жазып, көздерін жұмып, бастарын төмен қаратып салбыратады. Терең демалып, бастарын екіжаққа баяу қозғалтады.</td>
<td rowspan="6">Тақырыбы : «Кім жылдам»<br>Мақсаты:Аяқ-қолдарынның бұлшықеттерін дамыту және жылдам қозғалуға үйрету.<br>Шарты: Екі үйдің макеті жасалып құрылады. Ортаға он баладан шығарылады. Балалар тышқан болады да, екі үйдің ішінде мысық және жағымды кейіпкер отырады. Тышқан жүгіріп келіп есікті қағады. Есіктің арғы жағынан жағымды кейіпкер шығып тышқанға ірімшік береді, тышқан ірімшігін алып келіп өз қорына қосады, немесе мысық шығып тышқанды қуа жөнеледі.Мысық тышқанды ұстап алса, ойыншы ойыннан шығып отырады.<br></td>
<td rowspan="6">«Құлақ-мұрын»<br>Мақсаты: Балалардың дене мүшелерін дұрыс ажырата білуге және ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның шарты:Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші: құлақ – деп мұрнын ұстайды. Ал балалар айтылған мүшені дұрыс көрсетулері тиіс. Жүргізуші балалардың зейіні мен қабылдауын тексеру мақсатында оларды шатастырып атайды.<br><br></td>
</tr>
<tr>
<td>Бас изеу.<br>Бас изейміз, жақсылықты қостаймыз,<br>Мамандықты қасымызға қоспаймыз!</td>
<td>Бастарын баяу бір жақ иығына қарай апарып, алдыға-артқа қозғалтып, изей бастайды. Екі иығына кезек- кезек апарып, изейді. Еркін тыныс алады.</td>
</tr>
<tr>
<td>Мойын-иек.<br>Басты төмен түсіріп,<br>Айналдырып шайқаймыз!</td>
<td>Иектерін мүмкіндігінше төмен түсіреді. Иықтарын босатады. Көздерін бақырайтып, иықтарын көтеріп, бастарын екі жаққа кезек-кезек қисайтып қозғалтады.</td>
</tr>
<tr>
<td>«Алақан».<br>Алақанды қысамыз, Күшті болсын қолымыз!</td>
<td>Оң қолдың саусақтарымен сол қол алақанын қаттықысады. Сол қолы қарсы итеріп, қарсыласады.<br>Жаттығуды екі қолмен кезек орындайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>«Зейін.<br>Зейін қойып ойнаймыз, Алақан қыспай қоймаймыз!</td>
<td>Оң қолмен дәл солай қайталайды. Сол қолдың алақанын ашып, оның ортасында орналасқан зейінді шоғырландыру нүктесіне оң қолдың бас саусағын қатты басады.<br>Басып тұрып демін ішіне тартады, босатқанда демін сыртқа шығарады.<br>Оң қолмен дәл солай қайталайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>«Кел, билейміз!». Бірлесіп би билейміз,Аяқты биік көтеріп!</td>
<td>Бас бармағын ішіне бүріп, жұдырықтарын түю. Демінасықпай шығарып тұрып жұдырығын қыса түсу. Сосын қолдарын босаңсыта бастағанда демін асықпай ішке тарту.</td>
</tr>
</table>

| Серуенге дайындық | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қараша**<br>**Серуен-Бақылау №1**<br>**Торғайларды бақылау**<br>***Мақсаты:*** *то*рғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>—күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркемсөз***<br>*Қалатындай қиқылдап,*<br>*Әдетіңді білемін,*<br>*«Шиық, шиық» еттің шиқылдап ,*<br>*Дайын асқа ортақсың*<br>*Шашып берген жемімді*<br>*Торғай, торғай торғайым,*<br>*Жейсің сонша қиқымдап,*<br>*Сені әркез қорғаймын*<br>*Қорқақсың-ау, қорқақсың,*<br>*Қыстың қамын жаз ойлап,*<br>*Еңбек десе шорқақсың.*<br>*Бәріне де бол дайын!*<br>**Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.**<br>♦ Торғай қандай болып көрінеді? *(Бұл кішкентай пысық құс.)*<br>♦ Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)<br>♦ Ал қанаты мен құйрығы қандай? *(құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-* | **Қараша**<br>**Серуен-Бақылау №2**<br>**Көгершіндерді (кептерлер) бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>— Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>Көркем сөз:<br>Құстар менің достарым,<br>Жемін, суын керекгін,<br>Құспен қызық аспаным.<br>Күнде апарып беремін<br>Үйшік жасай білемін Олар мәз боп қалады,<br>Ағаштарға ілемін Шаттық әнге салады.<br>♦ Қандай құстар алаңға келіп қонады?<br>♦ Олар қайда тіршілік етеді?<br>♦ Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?<br>♦ Оларды кім қоректендіреді?<br>♦ Көгершіндер қайда мекендейді?<br>♦ Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады. | **Қараша**<br>**Серуен-Бақылау №3**<br>**Емен ағашын бақылау**<br>***Мақсаты****: Күзгі емен туралы түсініктерін қалыптастыру,ағаштардың жыл мезгілдеріне қарай бейімделуі туралы түсінік беру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>*Білмейтіні жоқ елдің-*<br>*Өзім де ішіп көргенмін*<br>*Дейді әжейім*<br>*Ішектің емі-қашаннан*<br>*Қабығында еменнің*<br>*Қайнатындысы Еменнің*<br>*Қасиеті бар дәрілік.*<br>*Қабығынан жасалған.*<br>*Орманда жасыл еменнен құдыретті де әсем ағаш жоқ. Халық ертегілері мен батырлар жырларында алып емендер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ол алыптар бейнесінде бейнеленеді. Кәрі еменнің діңі мығым, бұтақтары тарам-тарам болады. Емендер мың жылға дейін өмір сүреде, олар көктемде ең кеш көктейді. Ол өте зор, мықты ағаш болғанмен, қатты аяздарда жарылып кетеді.*<br>♦Емендер көбіне қайда өседі? *(орманда.)*<br>♦Ал бұл ағаш қайда өсіп тұр? *(қалада.)* | **Қараша**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Серуен №4**<br>**Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау**<br><br>***Мақсаты:***<br>— Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)<br>— Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды ).<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз*** *А. Сәрсеков*<br><br>*Күзгі ауланың талдары*<br>*Кейде құйын өтеді*<br>*Желмен басын шайқайды*<br>*Тозаңдатып жан-жақты*<br>*Дәурен өтіп жаздағы*<br>*Кейде құйын кетеді*<br>*Күздің желі соғады*<br>*Доп қылып ап жапырақты*<br>*Бейне тентек баладай*<br>*Ойран-асыр салады*<br>*Алма бағын жағалай*<br>*Алмаларын қағады*<br>Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар | **Қараша**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау**<br>*Мақсаты: ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру* (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары).<br><br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз С. Оспанов***<br>***Өсе бере сан ғасыр***<br>***Шыршаларға тимек кім***<br>***Болып таудың түр-сәні***<br>***Қорғалады орманы***<br>***Жапырағы жап-жасыл***<br>***Ол жеміс пен жидектің,***<br>***Көрдің бе сен, шыршаны?***<br>***Топырақтың қорғаны.***<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>-Біздің аулада қандай ағаштар өседі? *(қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.)*<br>-Ал, бұлар қандай ағаштар? *(тікенекті, жапырақты.)*<br>-Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар?<br>-Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? *(діңі, бұтағы, тамыры)*<br>-Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек?<br>-Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қоңыр, жирен түспен жиектелген)*<br>♦ Ал басының түсі қандай? *(Сұр)*<br>♦ Торғайлар қайда өмір сүреді? *(қалада және ауылда.)*<br>♦ Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? *(адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)*<br>♦ Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? *(подъездің немесе балконның күнқағарларына.)*<br>♦ Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? *(*Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек*)*<br>♦ Күзде торғайлар немен қоректенеді? *(өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды)*<br>**Еңбек**<br>Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.<br>*Мақсаты:*<br>— Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету;<br>— Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қ/О: «Құстардың ұшуы».<br>*Мақсаты: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету.* | **Зерттеу қызметі**<br>Кептер мен торғайды салыстыру<br>**Еңбек:**<br>Балабақша аумағына жем салғыш ілу<br>*Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұшады, с екіреді, жүзеді».<br>*Мақсаты:*<br>—- балаларды жүкіруге үйрету;<br>.— зверей.құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау<br>**Жаттығу ойындары:** «Қаданы (кегли) құлат».<br>*Мақсаты:*<br>— Допты нысанаға лақтыру;<br>— Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту.<br>—<br><br>**Халық болжамы:**<br>***-құс жүнін үрпитсе, жауын болады;***<br>***-жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады;***<br>***-құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.*** | ♦Қалада тағы қандай ағаштар өседі?<br>♦Ағаштар қалаға не үшіни керек? *(ағаш жапырақтары ауадағы көмір қышқыл газын бойына сіңіріп оттегін бөліп шығарады..)*<br>♦Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? *(күз айларында.)*<br>♦Ағаш жапырақтары неге түседі? *(ағаштардың қыста көп ылғалды жоғалтпасы үшін)*<br>♦Емен ағашының адамға қандай пайдасы бар? *(құрлысқа, жиһаздар жасауға және емдік қасиеттері бар)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру<br>Мақсаты: ағаш жапырақтарының түстерінің әртүрлілігін аңғарту<br>**Еңбек**<br>Жерге түскен ағаш жапырақтарын тырмамен жинау және оны тазалау<br>*Цель:* ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қ/О:** «Аққу-қаздар».<br>*Мақсаты:берілген тапсырма бойынша жүкіруге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары** Бір аяқпен секіру.<br>*Мақсаты: барынша биік секіруге жене жерге дұрыс түсуге жаттықтыру*<br>***Мақал-мәтел***<br>***-Аяламасаң ағаш та аспандап өспес*** | ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>♦Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? *(Күміс күз.)*<br>♦Неліктен?<br>Жұмбақ шешу:<br>Қар да емес, мұз да емес, Ағаштар күміс жамылған (қырау)<br>**Еңбек:** Ауладағы қоқыстарды жинау.<br>*Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .*<br>**Қ/О:** «Бәйге»<br>*Мақсаты:*<br>— Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру ;<br>— Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.<br>*Мақсаты: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу*<br>***Халық болжамы:***<br>***-Түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды***<br>***-Ағашты қырау басса аяз болады.*** | **Еңбек:**<br>Ойын алаңын тазалау.<br>*Мақсаты:жұмысты өзара бөлісіп атқаруға үйрету*<br><br>**Қ/О:**<br>«Жұбыңды қуып жет».<br>*Мақсаты: кедергіден өтіп жүкіруге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Орнында тұрып ұзындыққа секіру<br>*Мақсаты:*<br>— Екі аяқпен серпи секіруге жаттықтыру<br>***Мақал-мәтел.***<br>***-Жалғыз ағаш орман болмас***<br>***-Жалғыз ағаш желге төтеп бере алмайды.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жаттығу ойындары:** «Жалауды құлатпа» *Мақсаты: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру* | | ***-Орман ел дәулеті, жер сәулеті.*** | | |

| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.** | ***Ата –аналарға кеңес*** - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес*** Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

## Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Топ:** Мектепалды даярлық МАД «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:**20.11 – 24.11. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 20.11 | Сейсенбі 21.11 | Сәрсенбі 22.11 | Бейсенбі 23.11 | Жұма 24.11 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және тағы басқа әрекеттер)** | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №11 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №11**<br>Тізбек қатарға тұру.Қолды белде ұстап аяқ ұшымен жүру.<br>Қолды жанына, жоғары, алға, артқа созу, қалпына келтіру.<br>Қолдарын желкеге айқастыра ұстап, кеудені еңкейту, көтерілу.<br>Қолды алға созып отыру, тұрғанда төмен түсіру.<br>Өкшелерді қосып тұру, отырып тұру.<br>«Ағаш шабушы» жаттығуы: аяқтары алшақ, екі қолды түйістіріп балтамен ағаш шапқандай әрекеттер жасау.<br>Шеңбер бойы жай ғана тыныстап жүру. | №12 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №12**<br>Тізбекте бір қатармен тұру, жүру, шашырау<br>Жүру, звеноларға бөліну.<br>Аяқ алшақ, екі қолды жанынан көтеріп, керілу.<br>«Маятник» жаттығуы: Кеудені солға, оңға тербелту.<br>«Ағаш шабушы» жаттығуын қайталау.<br>Жұптасып қол ұстасып бірінің артынан бірі жүру.<br>Бір орында немесе жан жаққа шашырап секіру, қайта ортаға жиналу.<br>«Көбелек» атты тыныс алу жаттығуы. | №13 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №13**<br>1.Жүру,жұптасып жүргізу,бір қатарға тұрып жүру,аяқтың ұшымен жүріп келе жатып қолды жоғары күнге қарай созу.<br>2. «Қол жаттығуы».<br>Екі аяқты иық деңгейіне қою.Оң қолды көтеріп түсіру..Сол қолды көтеріп түсіру.<br>3. «Тербелу» жаттығуы.<br>Еденге отыру.Аяқтар иық кеңдігінде.Екі қолды артқа қойып тербелеміз.<br>Оң аяқты көтеріп,аяқтың ұшымен түзейміз..Сол аяқты көтеріп,аяқтың ұшын түзейміз.<br>4. «Алға еңкею».<br>Саусақтарды айқастыра ұстап,жерде отыру.Алға иіліп,аяқтың ұшына жету.<br>5. «Секіру» жаттығуы.Оң және сол аяқпен кезек-кезек секіру.<br>**7.Тыныс алу жаттығуы:** «Гүлдерді үрлейміз»<br>**8.Саусақ жаттығуы:**<br>Кел,кел қыздар келіңіздер,<br>Жүннен киіз басайық. | №14 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №14**<br>1. ″Түсіріп алма»<br>Қазақша молдас құрып отыру,Доп қолда.Допты жоғары көтеру,<br>Қолды бүгіп,бастан асыру.Допты жоғары көтеру<br>2. ″Допты бастан асырып ұстау»<br>Тізерлеп отыру,доп төменде,допты көтермелеп қолды алдыға созу.Қалыпқа келу.<br>3. **«Құлау»**<br>Аяқ иық кеңдігінде,қол доппен төменде.<br>1. допты алға созып,оң аяқпен құлау.2..Б-Қ -қа келу.<br>4 .«Еңкею»<br>Кілемге отыру, аяқ алшақ,доп ұстағанқолды бүгіп,кеуде тұсында ұстау.<br>Алға оң(сол) аяққа шалу,қолды түзу ұстау.Қалыпқа келу.<br>5.«Допты айнала жүгіру»<br>Түзу тұру, аяқ алшақ, доп еденде.<br>Белгі бойынша допты айналып,жүгіріп,тізерлеп отырып,алақанмен допты бір ұру.<br>Әр жаққа қайталау. | №15 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №15**<br>1.Тік,түзу тұру.Жалаушалар иықта оң қолды жазумен басты сол жаққа бағыттау.Б.қ.кейін келесі жаққада осылай істеу.<br>2.Жалаушаларын кеуде тұсында жинақы ұстап,денені оңға1-4 кейін солға 1-4айналдыру.<br>3.Жалаушаларын алдарында ұстап,жоғары көтеруден артқа шалқайып кейін алға иіліп тізе бүгіп отырудан б.қ.к.<br>4.Арқаға жатып,Қол мен аяқты біркелкі көтеруден,жалаушаларын башпайға тигізу.<br>5.Аяқты алшақ ашып отырып,оң кейін сол аяқ башпай жаққа иіліп жалаушаларын тигізу.Тізені көтермеуге тырысу.<br>6.Жалаушаларын төмен ,денені тік ұстап,қос аяқтан алшақ аяққа ауысып секіру сәтінде жалаушаны көтеру жоғары.Түсірген сәт б.қ.к.<br>Кезектестіріп жәй жүру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Алты қырдан асайық,<br>Ақ текемет басайық. | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **20.11.23**<br>**Дүйсенбі** | **21.11.23**<br>**Сейсенбі** | **22.11.23**<br>**Сәрсенбі** | **23.11.23**<br>**Бейсенбі** | **24.11.23**<br>**Жұма** |
| | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы.** Ойнай отырып оқимыз<br>**Мақсаты** буындардан сөз құрауға үйрету.<br><br>**«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны**<br>**Шарты**: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші) **«Буынды қос» дидактикалық ойыны**<br>– Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: мысық әтеш жіне түлкі**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** Табиғаттың әдемілігін сезіне білу<br>1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра.<br>Балалардың көңіл күйі қандай?<br>Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың?<br>2. Кім қайда ойнайды? Сызып қос. | **. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру.<br>**Дағды:** Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды. | **Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Менің Отаным. (Хабарлы, лепті, сұраулы).<br>**ҰІӘ мақсаты:** Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету.<br>Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту;<br>Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету.<br>**Дағды**: Дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлік дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөйлем түрлерін ажыратып , тыныс белгілерін қояды, суретке | **. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру.<br>**Дағды:** Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойынды өзгертуге болады. | | **Түсінеді:** дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұян, үнді болып бөлінетінін.<br>**Қолданады:** сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | қарап әңгімеқұрайды, өлең жолдарынан сөйлем түрлерін табады;<br>**Түсінеді:** *өңір, желу* сөздерінің мағынасын;<br>**Қолданады:**қыс мезгіліне байланысты ойын түрлерін.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу: Дидактикалық ойын:**<br>**«Қажетті тыныс белгілерін қой».**<br>**Ойын шарты:** Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердіңтыныс белгілерін қою. | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұян, үнді болып бөлінетінін.<br>**Қолданады:** сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. |

*1 үзіліс -*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**« Тыныс алу,жүгіруге » арналған ойын: «Аюдың апанында»**

**Басты мақсат:*баланың көңіл-күй тұрақтылығын дамыту.***

| | | |
|---|---|---|
| **Тілді жаттықтыратын жаттығулар...**<br>**1. « Айнаға қарап жаттығу жасау»**<br><br>***2. Бағынбайтын тілді жазала.***<br>**Мақсаты:** Тіл еттерін бағыныштты етіп, кең түрде жалпийтып ұстауға үйрету;<br>**Бейнелеуі** : Ауызды кішкене ашып, тілді астынғы ерінге салу керек. Еріндi еппен қимылдатып, мынадай дыбысты |   | **Ойын: « Аюдың апанында»**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** Бір жақта аюдың апаны болады. Екінші жақта балалар тұратын үй болады.Тәрбиеші аюды балалардың ішінен біреуін тағайындайды.Тәрбиеші: «Балалар қыдырып келіңдер»,- дегенде балалар үйлерінен шығып, саңырауқұлақ теріп, көбелек ұстап,орман қыдырады /еңкееді, түзеледі, басқа қозғалыс жасайды/. Олар дауыстап айтады:<br>-Біз аюдың қасында<br>Жеміс- жидек тереміз, |

| | | |
|---|---|---|
| шығару керек: «пя-пя-пя». Жалпақ тілді қалыпты жағдайда ұстай отырып, ауызды ашып, 1-10 дейін санау.<br>**Әдістемелік нұсқау :**<br>Төменгі ерінді бұрап, астынғы тістерге тартпау керек;<br>Тіл жалпақ болып , қырлары ауыздың бұрыштарына тимеу керек;<br>Тілді ерінмен бірнеше рет, бір дем шығаруда шапалақтау керек. Бала демді бөгемеу керек. Жаттығудын орындауын былай бақылауға болады: мақтаны баланың аузына қарай әкеліп ұстау. Бала жаттығуды дұрыс істеп отырса, мақта ауытқып кетеді. Бұл жаттығу басқасымен қатар, бағытталған ауа ағынын істеп шығаруына мүмкіндік жасайды.<br>**3. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br>Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек.<br>І -і-і, іс, ін, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш. |     | Аю ұйықтамайды,<br>Аю ырылдайды.<br>«Ырылдайды»,- деген сөзден кейін аю үйлеріне қашып бара жатқан балаларды ұстай бастайды.<br>Аюдың қолы тиген балалар акюдың апанында қалады. Бірнеше рет ұсталғаннан кейін аюдың рөліне басқа бала тағайындалады. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>**Ұсыныс**: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін- екі аюмен ойнауға болады. |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: хоккей ойнап үйренеміз**<br>**Міндеті:** екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру<br>**Мақсаты:** екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта жүру<br><br>екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру | **Дене шынықтыру**<br>**Тату тәтті боламыз**<br>**Міндеті:** оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секңру<br>**Мақсаты** арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіру<br><br>Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. (3 рет)<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет)**<br>Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп | **Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** Апта күндері.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Уақытты бағдарлау дағдыларың қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту.<br>**Дағды**: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік | **Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** Апта күндері.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Уақытты бағдарлау дағдыларың қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту.<br>**Дағды**: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік | **Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Қысқы орманда.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.<br>**Дағды:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру.<br>Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.<br>Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дауысын дұрыс келтіріп әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.<br>**Қолданады:** пластикалық, мәнерлі қимылдарды би кезінде орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орындарына шыға алмаған балаларды<br>ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады | мезгілдерін атауды;<br>**түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>Дүйсенбі күні күн ашық болды.<br>Сәрсенбі күні қатты жел соқты.<br>Бейсенбі күні күн бұлтты болды.<br>Сенбіде найзағай ойнады.<br>Жексенбіде жаңбыр жауды. | мезгілдерін атауды;<br>**түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>Дүйсенбі күні күн ашық болды.<br>Сәрсенбі күні қатты жел соқты.<br>Бейсенбі күні күн бұлтты болды.<br>Сенбіде найзағай ойнады.<br>Жексенбіде жаңбыр жауды. | Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. Шеңберді кеңейту-кішірейту, шағын топтармен бірнеше шеңберге бөлініп айналу қимылдарын жасауға дағдыландыру.<br>**Білу:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағынан).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету. |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

***Басты мақсат:*** Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

**Кинезиологиялық гимнастика**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Негізгі гимнастика түрі:**Тазару үшін, балақан,<br>Дұрыс, терең тыныс ал!<br>**Орындалу шарты:**<br>Мұрынның оң жақ тесігінен демін ішіне тартып, солжақ тесігінен сыртқа шығарады.<br>Демін ішіне тартқанда «алтын-күміс энергияның»мұрынның | **Негізгі гимнастика түрі: *«Есіне».***<br>Есінеген пайдалы, Тісінді ашсаң болғаны.<br>**Орындалу шарты:**<br>Көздерін жұмады. Екі жақ үстіңгі, астыңғы азу тістерінің түйісу тұсын сұқ саусақ және ортаңғы бармақпен басып, уқалау. Қатты дыбыстап, есінеу. | **Негізгі гимнастика түрі: *«Қолдар».***<br>Күшті болсын қолдарым, Қысып-қысып аламын!<br>**Орындалу шарты:**<br>Қолдарын шынтақтан бүгіп ұстап, қол басы, жұдырығын біртіндеп жылдамдата қысып, қайта босатып, бірнеше рет қайталайды.<br>Қолдары шаршағанша жаттығады. Болған соң | **Негізгі гимнастика түрі: *«Білезік».***<br>Уқаладым білезікті, Болсын деп буыным мықты.<br>**Орындалу шарты:**<br>Оң қолмен сол қолдың білезігінен ұстап, аздап уқалау. Сосын керісінше қайталау. | **Негізгі гимнастика түрі: *«Алақан».***<br>Алақаннан қатты бас, Күшің тасып сарқылмас!<br>**Орындалу шарты:**<br>Бір қолдың жұдырығымен екінші қолдың алақанын «бұрғылау». Қолдарын ауыстырып алып, екінші қолмен керісінше орындау. | **Негізгі гимнастика түрі: *«Ұшу».***<br>Құсқа ұқсап ұшамыз, Жерді көктен құшамыз!<br>**Орындалу шарты:**<br>Бір орында тұрып, қолдарымен құсша ұшады. Көздерін жұмып, қанатын қағып, қаншалықтыбиіктікке ұшып бара жатқанын елестету. | **Негізгі гимнастика түрі: *«Тыныштал».***<br>Көзді жұмып тұрамыз, Біртіндеп барып тынамыз.<br>**Орындалу шарты:**<br>Басбармағын ішіне бүріп, жұдырықтарын түю. Демін асықпай шығарып тұрып жұдырығын қыса түсу. Сосын қолдарын босаңсыта бастағанда демін асықпайішке тарту. Екі қолмен қатар орындау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| оң жақ тесігінен кіріп, кеңірдектің оң жағынан, жүрек, асқазан арқылы құйымшаққа дейін жеткенін, дем шығарғанда «сары ауру энергияның» сол жағынан шығып жатқанын елестетеді (бауыр, бүйрек, жүректің бір жағы, кеңірдек пен мұрынның сол жағымен). 3 рет екі жағымен кезек-кезек қайталау. | | қолдарын босатып, сілкіп жібереді. | | | | |

## 3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** Апта күндері.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Уақытты бағдарлау дағдыларың қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту.<br>**Дағды**: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды; **түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді. | **Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Менің Отаным. (Хабарлы, лепті, сұраулы).<br>**ҰІӘ мақсаты:** Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету.<br>Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту; Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету.<br>**Дағды**: Дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлік дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөйлем түрлерін ажыратып , тыныс белгілерін қояды, суретке қарап әңгіме құрайды, өлең жолдарынан сөйлем түрлерін табады;<br>**Түсінеді:** *өңір, желу* сөздерінің мағынасын;<br>**Қолданады:**қыс мезгіліне байланысты ойын түрлерін. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Терезе алдында не өсіп тұр**<br>**Міндеті:** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну<br>**Мақсаты** заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>***«Көп ойла, сөз ойла» ойыны.***<br>*Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады.*<br>*1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды.*<br>*2-топ темірден жасалған заттарды атайды.*<br>*Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады* | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: мысық әтеш жіне түлкі**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** Табиғаттың әдемілігін сезіне білу<br>1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра.<br>Балалардың көңіл күйі қандай?<br>Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың?<br>2. Кім қайда ойнайды? Сызып қос. | **4.Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Менің көңілді добым.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыружәне жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту.<br>**Дағды:** Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Қолдану:** Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау:<br>**«Допты еденге соқ»** - түзу жүріп, допты бір қолмен (оң, сол) соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту.<br>Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>Дүйсенбі күні күн ашық болды.<br>Сәрсенбі күні қатты жел соқты.<br>Бейсенбі күні күн бұлтты болды.<br>Сенбіде найзағай ойнады.<br>Жексенбіде жаңбыр жауды. | **Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу: Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой».**<br>**Ойын шарты:** Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердіңтыныс белгілерін қою. | *«Көп ойла, сөз ойла» ойыны.*<br>*Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады.*<br>*1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды.*<br>*2-топ темірден жасалған заттарды атайды.*<br>*Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады* | | жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін).<br>Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынаналып жүру қажет.<br>**Түсіну:** Басқа массаж жасау.<br>**Мақсаты:** қан жүруді жақсарту мақсатында бастағы белсенді нүктелерді уқалау. Балалар еденге отырып, бастарын жууды бейнелейді. Саусақтарымен тарақ сияқтыжелкеден шекеге, шекеден бастың төбесіне дейін тарайды.<br>**«Қуаласпақ»:** саусақтарының ұшымен клавиатураны басқан сияқты бейнелеп, басты «соғу».<br>Саусақтарды біресе жылдам, біресе бір-бірін қуған сияқты жүгірту.<br>Саусақтарымен шаштарын әдемілеп тарайды. |

***3 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары**

| | | |
|---|---|---|
| **Саусақ жаттығулары**<br>**Әдістемелік түсінік:**Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.<br>**1. Барабанда ойнаймыз.** Балалар саусақтарын бүгіп, яғни жұдырықтарын түйіп, кеуде тұсынан сәл төмен ұстайды. Содан соң сұқ саусағын жазып, тік ұстап көрсетеді де, «барабанда ойнаймыз» деген тәрбиешінің белгісі бойынша сұқ саусағын жоғары төмен қозғалтады.<br>**2. «Біздер – ұстамыз».** Балалар екі қолын түйіп, сол қолымен «шеге», ал оң қолымен «балға» ұстап, балғамен шегені ұрады.<br>**3. «Дүрбілер».** Балалар бас бармағы мен сұқ саусағын біріктіріп шеңбер жасайды да, |  | ***Ойын: «Көжектер»***<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу.<br>**Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді. |

<table>
<tr><td colspan="2">тәрбиешінің «дүрбімен қарайық» деген белгісі бойынша саусақ шеңберімен жан-жағына қарайды.</td><td colspan="2"></td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td colspan="6">4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.30</td></tr>
<tr><td></td><td>Қоршаған орта<br>Аңдар қысқы қалай дайындалады<br>Міндеті:- -Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту<br>Мақсаты мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру<br>– Қандай мамандық иелері бейнеленген?<br>Суретте суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалар жауаптардың ортақ атауы – мамандық екенін табуы керек.<br>– Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді?<br>– Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада</td><td>Музыка-шығармашылық әрекет<br>Тақырыбы: Егеменді елім<br>ҰІӘ мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.<br>Дағды: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту арқылы дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: ырғақты, мәнерлі қимылдарды, әндерді орындайды.<br>Түсінеді: әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.<br>Қолданады: үйренген би қимылдарын әуенге ілесе отырып қолданады.<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</td><td>Құрастыру–шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті<br>Тақырыбы : Орманды мекендеушілер.<br>ҰІӘ мақсаты: Табиғи материалдардан ұсақ заттар жасай білуге үйрету; табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету.<br>Дағды: оларды пайдалана отырып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдыларын қалыптастыру,<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: табиғи материалдардан әртүрлі ұсақ заттар жасай алады;<br>түсінеді: табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдылары қалыптасады;<br>қолданады: ұжымдық жұмыс жасай біледі және мазмұнды құрастыру арқылы шығармашылық қиялдары дамиды.</td><td></td><td></td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. Шеңберді кеңейту-кішірейту, шағын топтармен бірнеше шеңберге бөлініп айналу қимылдарын жасауға дағдыландыру. | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Үстел үстіне орман көрнісі дайындалады, балалар өздері жасаған аңдарын әкеліп орналастырады. | | |

***4 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**

**«Оң жақта»**





***Ойын: «Оң жақта»***

**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру.

**Ойын барысы:** балалар кілемді жағалай отырады. Кілемнің барлық жағында 5-6 ойыншықтан орналасқан.

**1 нұсқа:** педагог балалардың оң қолдарын көрсетуін өтінеді. Кейін бір балаға ортаға шығып оң жағында қандай ойыншықтар тұрғанын атауын сұрайды. Ойын барысында келесі балалар да ойыншықтарды атайды, бірақ әр бала өз бағыттарын өзгертіп тұрады.

**2 нұсқа:** педагог не бала бір қатарда тұрған ойыншықтарды атап шығады да, кілемнің ортасында тұрған баладан оның оң жағында қандай ойыншықтар барын атауын өтінеді.

**3 нұсқа:** педагог бір баладан өзі атаған қатардағы ойыншықтардың (ойыншықтар атауын атайды) оң жағында орналасындай тұруын өтінеді.

**Қажетті заттар:** әртүрлі ойыншықтар.

**1.«Дөңгелекті лақтыр»**

**Мақсаты:**

Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге,ептілікке,шапшаңдыққа үйрету.

**Ойынның шарты:** Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады,дөңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см.

Балалар қатарға түрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек.Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | |  | | |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында»**<br>**Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қараша**<br>**Серуен-Бақылау №11**<br>**Ұшып кететін құстарды бақылау**<br>***Мақсаты***: *ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту*;<br>— Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>Қайтқан құсты көрдің бе?<br>Қаптай ұшқан әуелеп.<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп.<br>Жаз қызығы өтті енді,<br>Құстар қайтып кетті енді.<br>Қол бұлғап қоштасамыз,<br>Төбеден құстар өткенде<br>**Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:**<br>*Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі азаяды, | **Қараша**<br>**Серуен-Бақылау №12**<br>**Алғашқы қарды бақылау**<br>**Мақсаты: табиғат өзгерістерін көре білуге үйрету, әдемілікті сезіну.**<br>**Бақылау барысы.**<br>**Көркем сөз «Алғашқы қар»** ***Қ. Ыбыраев***<br>**Бейне ақ бұлт қоныпты,**<br>**Аулаға қар толыпты.**<br>**Атам аңға шығатын,**<br>**Нағыз сонар болыпты.**<br>**Інім тұрып ертерек:**<br>**«Бір – ақ түнде қарашы,**<br>**Қар өсіпті жерге» - деп (тәрбиеші өлең мазмұны бойынша әңгіме жүргізеді)**<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>***Алғашқы қар қанша уақыт ерімей жатады?** ***(екі – үш күн)***<br>***Ол ұстағанда қандай болып сезіледі?** ***(ылғал)*** | **Қараша**<br>**Серуен-Бақылау №13**<br>**Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)<br>Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды ).<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз*** *А. Сәрсеков*<br>*Күзгі ауланың талдары*<br>*Кейде құйын өтеді*<br>*Желмен басын шайқайды*<br>*Тозаңдатып жан-жақты*<br>*Дәурен өтіп жаздағы*<br>*Кейде құйын кетеді*<br>*Күздің желі соғады*<br>*Доп қылып ап жапырақты*<br>*Бейне тентек баладай*<br>*Ойран-асыр салады* | **Қараша**<br>**Серуен-Бақылау №14**<br>**Бақшаны бақылау**<br>***Мақсаты:*** қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру;<br>зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру.<br>***Бақылау барысы***<br>**Көркем сөз .**<br>Далада қар болрайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр болып жатады.<br>Аралайды бақшаны,<br>Үзілмейді жақсы әні.<br>Гүлденеді бақшалар,<br>Жауса-жаусын ақша қар.<br>♦ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? *(барлық жерді қар басты.)* | **Қараша**<br>**Серуен-Бақылау №15**<br>**Бақшаны бақылау**<br>***Мақсаты:*** қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру;<br>зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру.<br>***Бақылау барысы***<br>**Көркем сөз .**<br>Далада қар болрайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр болып жатады.<br>Аралайды бақшаны,<br>Үзілмейді жақсы әні.<br>Гүлденеді бақшалар,<br>Жауса-жаусын ақша қар.<br>♦ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? *(барлық жерді қар басты.)*<br>♦ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? *(аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады)<br>*Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді)<br>*Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер қурайды, дәндер мен тұқымдар азаяды)<br>*Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндәктермен қоректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен қоректенетін құстар ұшып кетеді)<br>*Құстар ұшуға қалай дайындалады? (олар үйір-үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды)<br>*Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, қаздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су астында қорек табылады)<br>**Еңбек:**<br>Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау<br>*Мақсаты:құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу*<br>**Қ/О:** «Аққу-қаздар».<br>*Мақсаты: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүгіру техникасын меңгерту* | ***Алғашқы қар күннің қай мезгілінде жауады? *(түнде)***<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>**Қар ұшқынын алақанға қағып алып, оған қарау.**<br>**Екі қарды салыстыру.**<br>**Қай жердегі қардың тез еритінін анықтау.**<br>**Әлі қарерімеген жерді табу.**<br>**Еңбек:**<br>**Ағаш түптерін қармен жабу.**<br>***Мақсаты: қардың қорғаныштық қасиеті туралы түсініктерін бекіту.***<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Бір, екі, үш - тез жүгір!»**<br>***Мақсаты: ептіліктерін, жүгіру жылдамдықтарын дамыту.***<br>**Жаттығу ойындары: «Шеңберге түсір».**<br>***Мақсаты:***<br>***Белгі бойынша әрекет ету дағдыларына жаттықтыру;**<br>***Затты нысанаға лақтыра білу әрекеттерін тиянақтау.**<br>***Халық болжамы:***<br>***Карашаның қары екі күн жатса – екі ай қыс,***<br>***Үш күн жатса – үш ай қыс болады.*** | *Алма бағын жағалай*<br>*Алмаларын қағады*<br>Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>♦ Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? *(Күміс күз.)*<br>♦ Неліктен?<br>Жұмбақ шешу:<br>Қар да емес, мұз да емес,<br>Ағаштар күміс жамылған<br>(қырау)<br>**Еңбек:** Ауладағы қоқыстарды жинау.<br>*Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .*<br>**Қ/О:** «Бәйге»<br>*Мақсаты:*<br>— Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру ;<br>— Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары:** Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.<br>*Мақсаты: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу*<br>***Халық болжамы:***<br>***-Түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды***<br>***-Ағашты қырау басса аяз болады.*** | ♦ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? *(аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)*<br>♦ бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? *(жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)*<br>♦ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? *(жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)*<br>♦ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? *(ғимарат жанында)*<br>♦ неліктен? *(соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.).*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..<br>**Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу<br>*Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;*<br>— Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Қу түлкі».<br>*Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.*<br><br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Нысанаға тигіз». | ♦ бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? *(жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)*<br>♦ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? *(жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)*<br>♦ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? *(ғимарат жанында)*<br>♦ неліктен? *(соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.).*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..<br>**Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу<br>*Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;*<br>— Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Қу түлкі».<br>*Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.*<br><br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Нысанаға тигіз».<br>*Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жаттығу ойындары**<br>Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру<br>*Мақсаты:қозғалыс белсенділіктерін дамыту* | | | *Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.* | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару.** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

## Мектепалды даярлық МАД « А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** № 109 орта мектеп КММ
**Топ:** Мектепалды даярлық МАД «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі: 27**.11 – 01.12. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 27.11 | Сейсенбі 28.11 | Сәрсенбі 29.11 | Бейсенбі 30.12 | Жұма 01.12 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №16 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №16**<br>***Жиынтық жаттығулар***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, қол төмен түсірілген. Қолды алға созып, шапалақ соғу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: өкше түйістірілген, қол белде. Еңкейіп, еденге қол тигізу, тұрып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.:аяқты алшақтатып, қолды алға ұстап, отыру. Еңкею, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, қолды арқаға ұстау, бастапқы қалпына қайту (4 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қол белде.. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет). | №17 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №17**<br>***Жиынтық сылдырмақтармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, сылдырмақтар төмен түсірілген қолда. Қолды алға созып, сылдырмақтарды сылдырлатып, қолды төмен түсіру (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ иықпен бір қатарда, сылдырмақтар иық тұсындағы екі қолда. Еңкейіп, сылдырмақтарды тізеге тигізіп, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту ( 5 рет).<br>3. Б.қ.: өкше түйістірілген, сылдырмақтар арқада. Отырып, сылдырмақты еденге қойып, түзелу, қолды арқадан алып, отыру, сылдырмақты алып, түзелу, сылдырмақты арқаға алып, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).<br>4. Б.қ.:аяқ сәл алшақтатылған, сылдырмақтар иық | №18 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №18**<br>***Жиынтық текшелермен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, текшелер төмен түсірілген екі қолда. Текшелерді алға созу, бір-біріне соғу, төмен түсіру (5-6 рет).<br>2. Б.қ.: текшелер арқаға ұсталған екі қолда. тыру, текшелерді алға қою, тұру, қолды арқадан алу; отыру, текшелерді алу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет).<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, текшелер иық тұсындағы қолда. Оңға (солға) бұрылу; текшелерді аяқтың ұшына қою, түзелу, қол белде; солға (оңға) бұрылу, текшелерді алу, бастапқы қалыпқп қпйту (3 рет).<br>4. Б.қ.: аяқты түзу қойып, шалқасынан жату, текшелер бас жаққа созылған екі қолда. Аяқты тізеден бүгу, текшелерді тізеге тигізу, | №19 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №19**<br>***Жиынтық д оппен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Допты жоғары көтеруғ түсіріп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, доп кеуде тұсына ұсталған екі қолда. Еңкею, допты жерге тигізіп. бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Отыру, доп бүгілген қолда, тұрып, түзеліп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>4. Б.қ.: тізерлеп немесе аяқтың ұшымен тұру, доп еденде. Допты өзінің айналасына, оңға, солға домалату (2-3 рет).<br>5. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, доп бүгілген қолда. Бір орында жүрумен | №20 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №20**<br>***Жиынтық таспалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, таспалар төмен түсірілген қолда. Таспаларды жанынан жоғары көтеру, бұлғау, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: сондай, таспалар кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, таспаларды еденге тигізу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, таспалар арқа тұсындағы екі қолда. Алға еңкею, таспаларды оңға-солға бұлғау, түзелу, таспаны арқадан алу (4 рет).<br>4. Б.қ.:аяқ иықтың қатарында, таспалар төмен түсірілген екі қолда. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тұсындағы екі қолда. Бір орында жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен секіоу (2 рет). | бастапқы қылыпқы қайту (5 рет).<br>5. Б.қ.: аяқ бірге, текшелер еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, текшелерді айналып секіру (2 рет). | кезектестіріп, бір орында айналып, екі аяқтап секіру (2 рет). | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҮІӘ** | **27.11.23**<br>**Дүйсенбі**<br>Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | **28.11.23**<br>**Сейсенбі**<br>Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | **29.11.23**<br>**Сәрсенбі**<br>Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | **30.12.23**<br>**Бейсенбі**<br>Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | **01.12.23**<br>**Жұма**<br>Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ** | **. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҮІӘ мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Дағды:** Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сызбаға сәйкес сөзді анықтайды. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: мысық әтеш жіне түлкі**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** Табиғаттың әдемілігін сезіне білу<br>1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра.<br>Балалардың көңіл күйі қандай?<br>Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың?<br>2. Кім қайда ойнайды? Сызып қос. | **. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҮІӘ мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Дағды:** Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>Қыс(А.Асылбеков).<br>**ҮІӘ мақсаты:** «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру;<br>Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар менайырмашылықтарды ажырата білуге баулу.<br>**Дағды**: Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету;<br>балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** қоңырау соғып қуаныш сезімін білдіреді, суретті жалғастырып салады; | **. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҮІӘ мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Дағды:** Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. | | **Қолданады:** сызбаға сәйкес сөзді анықтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. | **Түсінеді:** өлең мазмұнын**,** аяздың ашулы, қаһарлы екенін, "м" "н" дыбыстарының үнді дауыссыз дыбыс екенін;<br>**Қолданады:** көргенін әңгімелеп айтып, сұраққа жауап береді. | **Қолданады:** сызбаға сәйкес сөзді анықтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. |

***1 үзіліс -*** **Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға » арналған ойын: «Сүйкімді бақалар»**

**Басты мақсат: Топпен қарым-қатынасты нығайту, *баланың көңіл-күй тұрақтылығын дамыту.***

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл гимнастикасы**<br>**«Дәмді тосап»**<br>***Мақсаты:***жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.<br>***Қысқаша сипаттамасы:***Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап,ауыз қуысына кіргізу.<br>***Әдістемелік нұсқау.***<br>1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.<br>2.Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.<br>3.Тіл оңға-солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.<br>4.Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет.Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек. | **Ойын: «Сүйкімді бақалар»** қимылды ойыны<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдам қозғалуға үйрету.Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br>**Ойынның шарты:** Балалар өзен жағасында тұрып тәрбиешінің бақалар туралы айтқанын мұқият тыңдайды.(қайда тұрады,немен қоректенеді, суға түсіп жүзуі туралы,қандай түсті болатынын, және бақаларды кім жейтінін сұрайды). Балалар өзен жағасында серкіріп ойнап,ән салып жүреді. Ал тырна ұшып келгенде барлық бақалар өзенге скіріп үлгеруі керек.<br>**Керекті құралдар:** Балалар санынша қарай бақалардың бетперделерін жасау. Тәрбиешіге тырнаның бетпердесін жасау.Көк матаны өзен қылып ортаға жайу. | <br> |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Аулада ойнайтын ойындар (таза ауада)<br>**ҮІӘ мақсаты:** Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл-қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау.<br>**Дағды:** Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруді; қолға допты ұстап, арқанныңастымен түрлі тәсілдермен өтуді; айналып тұрған арқанның астымен жүгіріп өтуді; айналып | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Асықпен ойналатын ойындар.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру.<br>**Дағды:** Қозғалыс үйлесімділігін дамыту, қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау<br>**Мақсаты** : айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру<br>. **Ойын сәті.** Әлия мен Сырым **«Бұл қашан болады?»** деген жұмбақ шешуді ұсынады.<br>– Бұл қашан болады? Күн суық, жаңбыр жиі жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге үзіліп түседі. Құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. Адамдар жеміс-жидек пен көкөністерді жинап алады.<br>– Бұл қашан болады? Далада аяз болады, қар жауады. Үлпілдек қар жауса, одан аққала соғуға болады. Сусылдақ қар да жауады. Өзен-көлдердің суы мұз болып қатады. Мұз қатты, | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру<br>**Мақсаты** : заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру<br>-Бүгін біз заттарды салмағы (массасы) бойынша салыстырамыз. Ол үшін қандай сөздерді қолданамыз? (Ауыр және жеңіл).<br>**Ойын тапсырмасы: «Ауыр және жеңіл заттарды табу».** Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ туралы ұғымдарын анықтайды.<br>Балалар ауыр және жеңіл заттарды табады: үстел, шкаф, орындықтар | **4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Орманда серуендейміз.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету.<br>**Дағды:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** аспаптарда ойнайды, мерекелік әнді көңілді орындайды.<br>**Түсінеді:** ән айту дағдыларын.<br>**Қолданады:** би қимылдарын және ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрған арқанның астына бір орнында тұрып секіру.<br>**Түсінеді:** сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл-қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуды.<br>**Қолданады:** денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды, тапсырмаларды орындай білумашықтарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | заттарды лақтыруды; гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүруді; малдас құрып отырып,ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуды.<br>**Түсінеді:** көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту керектігін.**Қолданады:** түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып, тапсырманы дұрыс орындай білу шеберліктерін (машықтарын).<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет) Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым.<br>«Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады. | салқын және тайғанақ<br>– Бұл қашан болады? Күн жылынып, қар ери бастайды, жылғалардан су ағады. Жерде шөп және алғашқы гүлдер шығады, ағаштар бүршік атып, жапырақ жаяды. Жылы жақтардан құстар оралып, ұя салады.<br>– Бұл қашан болады? Күн ыстық болады. Өсімдіктер гүл атады. Адамдар өзен-суларға шомылады. Құстардың ұяларында балапандар пайда болады | | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Қимылды орындағанда аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қолдағы «ұлпақар»-таяқша атрибуттарымен музыка әуеніне ілесе, ырғақты сақтай отырып билеу |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

***Басты мақсат:*** Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

**Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған**

**Кім қалай дыбыстайды?**

(баламен жеке жұмыс - түрліше темрлік құбылыста айту)

- А, аа, аа, а, а, аааааа ..... (қуанышты дауыспен).
- Ааа, аа, а, а, ааа .... (аянышты дауыспен).
- А, аа, аааа, а, ааа ........(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз.

Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.

Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.

**Дикциялық жаттығу**

Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет.

Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді.

Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік.

Суда сен келеді,
Сегіз серке тең келеді.



**Ойын:“Табан балық және шортан”**

**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

**Шарты:** Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді.

Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді.

**Ұсыныс:** Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.





**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері** | **Тақырыбы:** Қыс(А.Асылбеков). | **Қоршаған орта** | **Көркем әдебиет** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау**<br>**Мақсаты : айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру**<br><br>**. Ойын сәті. Әлия мен Сырым «Бұл қашан болады?» деген жұмбақ шешуді ұсынады.**<br>**– Бұл қашан болады? Күн суық, жаңбыр жиі жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге үзіліп түседі. Құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. Адамдар жеміс-жидек пен көкөністерді жинап алады.**<br>**– Бұл қашан болады? Далада аяз болады, қар жауады. Үлпілдек қар жауса, одан аққала соғуға болады. Сусылдақ қар да жауады. Өзен-көлдердің суы мұз болып қатады. Мұз қатты, салқын және тайғанақ**<br>**– Бұл қашан болады? Күн жылынып, қар ери бастайды, жылғалардан су ағады. Жерде шөп және алғашқы гүлдер шығады, ағаштар бүршік атып, жапырақ жаяды. Жылы** | **ҮІӘ мақсаты:** «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру; Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу.<br>**Дағды**: Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** қоңырау соғып қуаныш сезімін білдіреді, суретті жалғастырып салады;<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнын**,** аяздың ашулы, қаһарлы екенін, "м" "н" дыбыстарының үнді дауыссыз дыбыс екенін;<br>**Қолданады:** көргенін әңгімелеп айтып, сұраққа жауап береді. | **Тұқымнан не өсіп шығады?**<br>**Міндеті:** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу<br>**Мақсаты** -мамандық иелеріне құрметпен карауға, еңбектерін бағалауға тәрбиелеу<br>**«Не үшін керек?» ойыны**<br>Педагог карточкаларды көрсетеді, ал балалар бұл заттардың кір жуушы апайға не үшін қажет екенін түсіндіреді. Олар: кіржуғыш мәшине, үтік, үтіктеу тақтасы, киім кептіргіш, балалар сабыны, кіржуғыш ұнтағы | **Тақырыбы: мысық әтеш жіне түлкі**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** Табиғаттың әдемілігін сезіне білу<br>1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра.<br>Балалардың көңіл күйі қандай?<br>Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың?<br>2. Кім қайда ойнайды? Сызып қос. | **Тақырыбы:** Хоккей ойнаймыз! (таза ауада)<br>**ҮІӘ мақсаты:** Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыскелуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету.<br>**Дағды:** Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** шайбаны нысанаға ату, мұз жолдармен сырғанап жүру.<br>**Түсінеді:** шайба мен имек ағаштың қажеттілігі, қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын,жұпта әрекет етудің ерекшеліктерін, жолдарын, тепе-теңдік сақтауды.<br>**Қолданады:** тізбекпен жүгіру дағдыларын, имек ағаштармен жаттығулар орындауды, жұппен жүруді, командалық жұмыстарды, кеңістікті бағдарлау дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жақтардан құстар оралып, ұя салады.<br>– Бұл қашан болады? Күн ыстық болады. Өсімдіктер гүл атады. Адамдар өзен-суларға шомылады. Құстардың ұяларында балапандар пайда болады** | | | | |

***3 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары**

| | | |
|---|---|---|
|  | <br> | **Қимылды жүгіруге арналған ойын:«Жалғыз аяқ жолмен»**<br>**Мақсаты:** ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліңдер деп ұсынған жақсы болады.<br>**Ұсыныс:** бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді. |

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта**<br>**Тұқымнан не өсіп шығады?**<br>**Міндеті:** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу<br>**Мақсаты** -мамандық иелеріне құрметпен қарауға, еңбектерін бағалауға тәрбиелеу<br>**«Не үшін керек?» ойыны**<br>Педагог карточкаларды көрсетеді, ал балалар бұл заттардың кір жуушы | **Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Қысқы орманда.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.<br>**Дағды:** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру.<br>Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.<br>Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** | **Шығармашылық жапсыру**<br>**Тақырыбы:** Күзгі жапырақтар<br>**Мақсаты:**- - қазақ оюларының көп түрлілігі туралы түсініктерін кеңейту**,** балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру;<br>- аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру<br>-Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру<br>-- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | апайға не үшін қажет екенін түсіндіреді. Олар: кіржуғыш мәшине, үтік, үтіктеу тақтасы, киім кептіргіш, балалар сабыны, кіржуғыш ұнтағы | **Жасайды:** дауысын дұрыс келтіріп әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.<br>**Қолданады:** пластикалық, мәнерлі қимылдарды би кезінде орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. Шеңберді кеңейту-кішірейту, шағын топтармен бірнеше шеңберге бөлініп айналу қимылдарын жасауға дағдыландыру.<br>**Білу:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағынан).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету. | жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру<br><br>**Топтық жұмыс** | | |

## *4 үзіліс –*
## Балалардың дербес іс-әрекеті

| | |
|---|---|
| ***Сюжеттік ойын:***<br>**«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын**<br>**Мақсаты :**<br>Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардын мейірімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету .<br>**Жағдаят:**<br>Үстелді таңдау;<br>Ас мәзірімен танысу;<br>Тапсырысты қабылдау ;<br>Тапсырысты орындау; | ***Сюжеттік ойын :***<br>**«Мен өзгердім»**<br>**Мақсаты:** Түстерді ажырата білуге үйрету және эмоцияға қалай кіруге болады,рөлді қалай ойнау керектігін дамыту.<br>**Керекті құралдар**: түрлі бас киім,(сары,көк,жасыл)<br>**Мазмұны:**Тәрбиеші бірінші қызыл түсті бас киімді киеді.Сол кезде ол өзінің өзгеріп кеткеніін іс-қимыл,дауыс ырғағын өзгерту арқылы көрсетеді..Мәселен түк білмейтінге ұқсап,көзін үлкейтеді.Екінші бас киімді кигенде (көк) үнемі күліп жүретін адамды келтіреді.Сары бас киімді кигенде билеп кетеді. Осылайша қайталап көрсетіледі де балалар өздері жалғастырып ойнайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар);<br>Тапсырысқа төлеу;<br>Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу.<br> | | |  | | |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қараша**<br>**Серуен-Бақылау №16**<br>**Қардың қасиетін бақылау**<br>**Мақсаты:** қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды.<br>**Көркем сөз:**<br>Аққала<br>Аула сырты баққа да,<br>Тұрғызамыз аққала<br>Аққаланы айналып,<br>Ойлаймыз біз шаттана.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұстап ал»<br>**Мақсаты:** белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру.<br>**Еңбек:** қарды күреу.<br>**Жеке жұмыс :** қарды жұмырлап, қатты қысу.<br>**Мақал:**<br>Сыртта «тау» болып жатса, | **Қараша**<br>**Серуен-Бақылау №17**<br>**Қар жауып тұрған көріністі бақылау**<br>***Мақсаты:*** қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.<br>***Тапсырма:*** *«Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну.*<br>***Көркем сөз:***<br>Тазалашы мұз болған,<br>Есік алды тайғанақ жата берсін.<br>Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ,<br>Шыға беріп жалтақтай,<br>Ұшып түсті қалпақтай.<br>***Қимылды ойын:*** *«Аңшы мен қояндар»* | **Қараша**<br>**Серуен-Бақылау №18**<br>**Қысқы ағаштарды бақылау**<br>***Мақсаты:*** балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.<br>**Тапсырма:** «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.<br>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.<br>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>Сұрақтар:<br>1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз?<br>2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?<br>3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас?<br>4. Ордың айырмашылығы қандай? | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №1**<br>**Қыстың негізгі белгілерін бақылау**<br>***Мақсаты:*** *балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету..*<br>*Көркем сөз:*<br>Аппақ, аппақ ақшақар<br>Бірін ұстап алайын...<br>Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар,<br>Қайдан іздеп табайын?<br>(Жақан Смаков)<br>***Қимылды ойын:*** *«Аяз»*<br>***Мақсаты:*** тез жүгіруге жаттықтыру.<br>**Еңбек:** үйдің ауласын қардан тазартып қою.<br>Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу. | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №2**<br>**Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.**<br>**Мақсаты** : балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауғаұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді.<br>Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.<br>**Көркем сөз:**<br>Жазда көлге мұз қатты,<br>Табанымды мұздатты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үйде су болып тұрады.<br>Далада қар болса,<br>Қамбада астық болады.<br>**Жұмбақтар:**<br>Мамықтай ұлпа,<br>Қанттай ақ.<br>Қыста жер бетін басады,<br>Жазда сайға қашады. | ***Мақсаты****: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.*<br>***Еңбек:*** *Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.*<br>***Мақсаты****: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.*<br>***Жеке жұмыс****: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылқ әңгіме құрастыру.* | ***Дидактикалық ойын:*** *«Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.*<br>***Қимылды ойын:*** *«Ордағы қасқыр»*<br>***Мақсаты:*** *секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.*<br>***Еңбек:*** *ағаштардың түбін қармен жабу.*<br>***Мақсаты:*** *қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.*<br>***Жеке жұмыс:*** *шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.* | **Қимылды жаттығулар:** мұзды жолмен сырғанай білуге жаттықтыру.<br>***Жорамал:***<br>*Түтін будақтап шықса, аяз болады.* | Мұз ойылып кетті тез,<br>Күліп едік, біз қатты.<br>**Қимылды ойын**: «Ортаға түспек»<br>**Мақсаты** : тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету.<br>**Еңбек** : қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.<br>**Жеке жұмыс** : шаңғыда жүре білуге машықтану.<br>**Мәтел:**<br>Қар көп болса, астық көп болады.<br>**Жұмбақ:**<br>Қолы жоқ, сурет салады<br>Тісі жоқ, тістеп алады. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:**04.12 – 08.12. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 04.12 | Сейсенбі 05.12 | Сәрсенбі 06.12 | Бейсенбі 07.12 | Жұма 08.12 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №21 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №21**<br>**Жиынтық жаттығулар**<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, қол төмен түсірілген. Қолды алға созып, шапалақ соғу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: өкше түйістірілген, қол белде. Еңкейіп, еденге қол тигізу, тұрып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.:аяқты алшақтатып, қолды алға ұстап, отыру. Еңкею, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, қолды арқаға ұстау, бастапқы қалпына қайту (4 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қол белде.. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет). | №22 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №22**<br>***Жиынтық сылдырмақтармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, сылдырмақтар төмен түсірілген қолда. Қолды алға созып, сылдырмақтарды сылдырлатып, қолды төмен түсіру (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ иықпен бір қатарда, сылдырмақтар иық тұсындағы екі қолда. Еңкейіп, сылдырмақтарды тізеге тигізіп, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту ( 5 рет).<br>3. Б.қ.: өкше түйістірілген, сылдырмақтар арқада. Отырып, сылдырмақты еденге қойып, | №23 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №23**<br>***Жиынтық текшелермен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, текшелер төмен түсірілген екі қолда. Текшелерді алға созу, бір-біріне соғу, төмен түсіру (5-6 рет).<br>2. Б.қ.: текшелер арқаға ұсталған екі қолда. тыру, текшелерді алға қою, тұру, қолды арқадан алу; отыру, текшелерді алу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет).<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, текшелер иық тұсындағы қолда. Оңға (солға) бұрылу; текшелерді | №24 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №24**<br>***Жиынтық д оппен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Допты жоғары көтеруғ түсіріп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, доп кеуде тұсына ұсталған екі қолда. Еңкею, допты жерге тигізіп. бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Отыру, доп бүгілген қолда, тұрып, түзеліп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). | №25 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №25**<br>***Жиынтық таспалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, таспалар төмен түсірілген қолда. Таспаларды жанынан жоғары көтеру, бұлғау, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: сондай, таспалар кеуде тұсндағы екі қолда. Отыру, таспаларды еденге тигізу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, таспалар арқа тұсындағы екі қолда. Алға еңкею, таспаларды оңға-солға бұлғау, түзелу, таспаны арқадан алу (4 рет). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түзелу, қолды арқадан алып, отыру, сылдырмақты алып, түзелу, сылдырмақты арқаға алып, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).<br>4. Б.қ.:аяқ сәл алшақтатылған, сылдырмақтар иық тұсындағы екі қолда. Бір орында жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен секіоу (2 рет). | аяқтың ұшына қою, түзелу, қол белде; солға (оңға) бұрылу, текшелерді алу, бастапқы қалыпқп қпйту (3 рет).<br>4. Б.қ.: аяқты түзу қойып, шалқасынан жату, текшелер бас жаққа созылған екі қолда. Аяқты тізеден бүгу, текшелерді тізеге тигізу, бастапқы қылыпқы қайту (5 рет).<br>5. Б.қ.: аяқ бірге, текшелер еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, текшелерді айналып секіру (2 рет). | 4. Б.қ.: тізерлеп немесе аяқтың ұшымен тұру, доп еденде. Допты өзінің айналасына, оңға, солға домалату (2-3 рет).<br>5. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, доп бүгілген қолда. Бір орында жүрумен кезектестіріп, бір орында айналып, екі аяқтап секіру (2 рет). | 4. Б.қ.:аяқ иықтың қатарында, таспалар төмен түсірілген екі қолда. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет). |

| | |
|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** |

***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты***

| **ҰІӘ** | | **04.12.23 Дүйсенбі** | **05.12.23 Сейсенбі** | **06.12.23 Сәрсенбі** | **07.12.23 Бейсенбі** | **08.12.23 Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттер

**1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Дағды:** Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын дамыту. | **Көркем әдебиет**<br>**Жаңа жал келді**<br>**Міндеті: -** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту<br>Өлең қалай аталады?<br>– Авторы кім?<br>– Сендерге өлең ұнады ма?<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Еліміздің қандай рәміздері бар?<br>– «Тәуелсіздік» деген сөзді | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Дағды:** Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын дамыту. | **.Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Ажарлы қыс.<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>«Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру. «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>**Дағды:** Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** берілген суретке тақырып қояды, | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Дағды:** Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сызбаға сәйкес сөзді анықтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. | қалай түсінесің?<br>«Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп қайталап оқиды.<br>– Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?<br>Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын әдісті пайдаланады. Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сызбаға сәйкес сөзді анықтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. | әңгіме құрайды; Түсінеді: сөйлем түрлерін, сөз бен сөйлемді айырмашылығын;<br>**Қолданады:** айырмашылықтарын табады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Қолдану:**<br>«Айырмашылығын тап». Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек.<br>**Түсіну:**<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады.<br>Жып-жылтыр боп жатады. | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сызбаға сәйкес сөзді анықтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. |
| ***1 үзіліс -***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.<br>**«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға » арналған ойын: «Сүйкімді бақалар»**<br>**Басты мақсат: Топпен қарым-қатынасты нығайту, *баланың көңіл-күй тұрақтылығын дамыту.*** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл гимнастикасы**<br>**«Дәмді тосап»**<br>***Мақсаты:*** жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.<br>***Қысқаша сипаттамасы:*** Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап,ауыз қуысына кіргізу.<br>***Әдістемелік нұсқау.***<br>1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.<br>2.Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.<br>3.Тіл оңға-солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.<br>4.Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет.Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек. | **Ойын: «Сүйкімді бақалар»** қимылды ойыны<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдам қозғалуға үйрету.Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br>**Ойынның шарты:** Балалар өзен жағасында тұрып тәрбиешінің бақалар туралы айтқанын мұқият тыңдайды.(қайда тұрады,немен қоректенеді, суға түсіп жүзуі туралы,қандай түсті болатынын, және бақаларды кім жейтінін сұрайды). Балалар озен жағасында серкіріп ойнап,ән салып жүреді. Ал тырна ұшып келгенде барлық бақалар озенге скіріп үлгеруі керек.<br>**Керекті құралдар:** Балалар саныныа қарай бақалардың бетперделерін жасау. Тәрбиешіге тырнаның бетпердесін жасау.Көк матаны өзен қылып ортаға жайу. | <br> |

## 2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Керуен.<br>**ҮІӘ мақсаты:** 3 м арақашықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету. Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанныңалдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту.<br>**Дағды:** Түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып, тапсырманы дұрыс орындай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын ояту. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**Наурызым қорығы**<br>**Міндеті:** - ; Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату<br>**Мақсаты** Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру<br>**Мақсаты** : заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру<br><br>-Бүгін біз заттарды салмағы (массасы) бойынша салыстырамыз. Ол үшін қандай сөздерді қолданамыз? (Ауыр және жеңіл).<br><br>**Ойын тапсырмасы: «Ауыр және жеңіл заттарды табу».** Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы Салмағы бойынша тең және тең емес заттар.**<br>**Міндеті:** -заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру<br>**Мақсаты** : салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру<br><br>«Ауыр – жеңіл», «бірдей» дидактикалық ойыны. | **Тақырыбы: Қысқы әуен сыңғырлайды.**<br>**ҮІӘ міндеті:**<br>Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.<br>**Дағды:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** музыка әуенімен дауыс жаттығуын жасайды, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыканы қызыға тыңдап, сипатын ажыратып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** 3 м арақашықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруды; өкшемен отырып, ұсақ заттарды (тастарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуды.<br>**Түсінеді:** Азия халықтарының ойындарын пайдалана отырып, балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибелеріндегі маңызын, Қазақстан Республикасындағы халықтар достығы туралы мәліметті.<br>**Қолданады:** «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, шашырап жүріп, тапсырмаларды орындайбілу машықтарын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, | | туралы ұғымдарын анықтайды.<br>Балалар ауыр және жеңіл заттарды табады: үстел, шкаф, орындықтар | Педагог балаларға сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынады: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с.<br>Сондай-ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынады. «Өлшеу» бойынша жұптық жұмыс. Балалар тапсырманы орындайды.Тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз жауабын түсіндіреді | мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** *Ойындар, хороводтар:* «Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден суреттерді құрастыру. |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

***Басты мақсат:*** Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

| | | |
|---|---|---|
| **Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған**<br>**Кім қалай дыбыстайды?**<br>(баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту)<br>- А, аа, аа, а, а, аааааа ..... (қуанышты дауыспен).<br>- Ааа, аа, а, а, ааа .... (аянышты дауыспен).<br>- А, аа, аааа, а, ааа ........(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз.<br>Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.<br>Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс. | **Дикциялық жаттығу**<br>Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет.<br>Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді.<br>Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік.<br>Суда сең келеді,<br>Сегіз серке тең келеді. | **Ойын:“Табан балық және шортан”**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Шарты:** Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді.<br>Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып |

| | | |
|---|---|---|
| |  | тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді.<br>**Ұсыныс:** Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.<br> |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру<br>**Мақсаты** : заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру<br><br>-Бүгін біз заттарды салмағы (массасы) бойынша салыстырамыз. Ол үшін қандай сөздерді қолданамыз? (Ауыр және жеңіл).<br><br>**Ойын тапсырмасы: «Ауыр және жеңіл заттарды табу».** Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ туралы ұғымдарын анықтайды. Балалар ауыр және жеңіл заттарды табады: үстел, шкаф, орындықтар | **.Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Ажарлы қыс.<br>**ҮІӘ міндеті:**<br>«Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру. «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>**Дағды:** Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** берілген суретке тақырып қояды, әңгіме құрайды; Түсінеді: сөйлем түрлерін, сөз бен сөйлемді айырмашылығын;**Қолданады:** айырмашылықтарын табады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Қолдану:** «Айырмашылығын | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы Табиғат бұрышын мекендеушілерді білеміз бе**<br>**Міндеті:** Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау<br>**Мақсаты** Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға Дағдыландыру<br><br>**«Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны.**<br>Педагог бір баланы шақырады. Ол бала теріс қарап үстел үстіндегі карточканы алады. Бала карточканы алып, ондағы ненің суреті екенін айтады. (Әйнек) | **Көркем әдебиет**<br>**Жаңа жал келді**<br>**Міндеті: -** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>**Мақсаты** әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту<br>Өлең қалай аталады?<br>– Авторы кім?<br>– Сендерге өлең ұнады ма?<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Еліміздің қандай рәміздері бар?<br>– «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің?<br>«Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп қайталап оқиды.<br>– Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?<br>Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Ержүрек құмырсқалар.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыружәне жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту.<br>**Дағды:** Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Қолдану:** Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау:<br>**«Допты еденге соқ»** - түзу жүріп, допты бір қолмен (оң, сол) соғып жүруге үйрету. Доппен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тап».<br>Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек.<br>**Түсіну:**<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады.<br>Жып-жылтыр боп жатады. | Педагог тағы үш баланы шығарады. Балалар үстел үстіндегі әйнектен жасалған заттарды бос орынға қояды. Мысалы, гүлсауыт, бокал, банкі.<br>Тағы бір бала шығып, ағаштың суреті бар карточканы алады. Үш бала шығып,<br>ағаштан жасалған заттарды бос орынға жинайды: қарындаш, ағаш тақтай, ағаш табақ.<br>Келесі шыққан баланың карточкасындағы сурет – темір. Темірден жасалған тәрелке,<br>шеге, қасықты топтастырып, бір жерге қояды.<br>**«Адамға күнделікті жұмысын жеңілдететін нәрселерді тап» ойыны.**<br>Педагог ойын ережелерін түсіндіреді.<br>– Мен сендерге әртүрлі суреттерді көрсетемін. Егер суретте адамның күнделікті өмірде жұмысын жеңілдететін зат көрсетілсе, шапалақтайсыңдар, ал егер ол басқа зат<br>болса, шапалақтамай, тыныш отырасыңдар.<br>Педагог балаларға әртүрлі суреттерді көрсетеді: шар, кіржуғыш мәшине, автомобиль,<br>жалауша, миксер, гүл, электр пеші | әдісті пайдаланады. Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады | орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін).<br>Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынаналып жүру қажет.<br>**Түсіну:** Басқа массаж жасау.<br>**Мақсаты:** қан жүруді жақсарту мақсатында бастағы белсенді нүктелерді уқалау. Балалар еденге отырып, бастарын жууды бейнелейді. Саусақтарымен тарақ сияқтыжелкеден шекеге, шекеден бастың төбесіне дейін тарайды.<br>**«Қуаласпақ»:** саусақтарының ұшымен клавиатураны басқан сияқты бейнелеп, басты «соғу».<br>Саусақтарды біресе жылдам, біресе бір-бірін қуған сияқты жүгірту.<br>Саусақтарымен шаштарын әдемілеп тарайды. |
| ***3 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
|  |   | **Қимылды жүгіруге арналған ойын:«Жалғыз аяқ жолмен»**<br>**Мақсаты:** ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліңдер деп ұсынған жақсы болады.<br>**Ұсыныс:** бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді. |

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы Табиғат бұрышын мекендеушілерді білеміз бе**<br>**Міндеті:** Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау<br>**Мақсаты** Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға Дағдыландыру<br><br>**«Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны.**<br>Педагог бір баланы шақырады. Ол бала теріс қарап үстел үстіндегі карточканы алады. Бала карточканы алып, | **4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Орманда серуендейміз.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету.<br>**Дағды:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** аспаптарда ойнайды, мерекелік әнді көңілді орындайды. | **.Мүсіндеу– шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Тақырыбы :** Кесе<br>**ҮІӘ мақсаты:** балаларды қазақтың сәндік- қолданбалы өнеріментаныстыру; қымыз құятын ыдыс –тостағанмен таныстыру.<br>**Дағды:** ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып,оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен жұмыс жасауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ермексаздан кесені мүсіндейді, әшекейлейді;<br>**Түсінеді:**тостағанның ағаштан жасалатынын; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ондағы ненің суреті екенін айтады. (Әйнек)<br>Педагог тағы үш баланы шығарады. Балалар үстел үстіндегі әйнектен жасалған заттарды бос орынға қояды. Мысалы, гүлсауыт, бокал, банкі.<br>Тағы бір бала шығып, ағаштың суреті бар карточканы алады. Үш бала шығып, ағаштан жасалған заттарды бос орынға жинайды: қарындаш, ағаш тақтай, ағаш табақ.<br>Келесі шыққан баланың карточкасындағы сурет – темір. Темірден жасалған тәрелке, шеге, қасықты топтастырып, бір жерге қояды.<br>**«Адамға күнделікті жұмысын жеңілдететін нәрселерді тап» ойыны**.<br>Педагог ойын ережелерін түсіндіреді.<br>– Мен сендерге әртүрлі суреттерді көрсетемін. Егер суретте адамның күнделікті өмірде жұмысын жеңілдететін зат көрсетілсе, шапалақтайсыңдар, ал егер ол басқа зат болса, шапалақтамай, тыныш отырасыңдар.<br>Педагог балаларға әртүрлі суреттерді көрсетеді: шар, кіржуғыш мәшине, автомобиль, жалауша, миксер, гүл, электр пеші | **Түсінеді:** ән айту дағдыларын.<br>**Қолданады:** би қимылдарын және ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан). Қимылды орындағанда аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қолдағы «ұлпақар»-таяқша атрибуттарымен музыка әуеніне ілесе, ырғақты сақтай отырып билеу | **Қолданады:**мүсіндеу әдіс-тәсілдерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** жұмбақ жасырамын: Кесе, шыны, тостаған, Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді,Бәрінің атын не дейді | | |
| *4 үзіліс –*<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Көз ауруларының алдын алу,көз бұлшық еттерін белсендендіріп, жақсартужаттығулары.** | | | | | |

| | |
|---|---|
| 1.Болам десең көреген, Көзді айналдыр, ерінбе!<br>2.Болам десең көреген,Уқалап қой көзді де!<br>3.Болам десең көреген, Көзіңді аздап басып көр!<br>4.Үлкен шеңбер саламыз,Төңіректі қарап аламыз!<br>5.Көзді оңға бұрамыз, Көзді солға бұрамыз. Жоғары-төмен қозғалтып, Қайталап қайта бұрамыз!<br>6.Жыпылықтат көзіңді, Дамылдасын көз енді!<br>7.Ашық болсын көздерің,Тамашалап көр бірін!<br>8.Үшбұрыштар саламыз, Текше, шеңбер саламыз,Көзбен сала аламыз! | 1.2-3 секунд көздерін айналдырып қимылдатады.<br>2.Көздерін жұмбай көз үсті мен астын абайлап бірминут уқалау.<br>3.Әр қолдарының үш саусағымен көздерінің үстінақырындап 1-2 секунд басып тұру.<br>4.Көздерімен және тілін шығарып, бір мезетте жан-жаққа айналдырып, қимылдар жасау.<br>5.Көздерін жоғары көтеру, көздерін төмен түсіру,оңға қарап бұру, солға қарап бұру.<br>6.1 минут тез-тез оңға, сосын солға қарапжыпылықтату.<br>7.Көздерін 30 секундтан бақырайтып ашып, қайтажұмып қайталау.<br>8.Көздерімен геометриялық фигураларды әуеде, қиялында салу (шеңбер, шаршы, үшбұрыш), алдымен сағат тілімен жүргізіп, сосын сағат тілінеқарсы жүргізіп салу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №3**<br>**Қардың қасиетін бақылау**<br>**Мақсаты:** қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды.<br>**Көркем сөз:**<br>Аққала<br>Аула сырты баққа да,<br>Тұрғызамыз аққала<br>Аққаланы айналып,<br>Ойлаймыз біз шаттана.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұстап ал»<br>**Мақсаты:** белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру.<br>**Еңбек:** қарды күреу.<br>**Жеке жұмыс :** қарды жұмырлап, қатты қысу.<br>**Мақал:**<br>Сыртта «тау» болып жатса,<br>Үйде су болып тұрады.<br>Далада қар болса,<br>Қамбада астық болады. | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Қар жауып тұрған көріністі бақылау**<br>***Мақсаты:*** қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.<br>***Тапсырма:*** *«Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну.*<br>***Көркем сөз:***<br>Тазалашы мұз болған,<br>Есік алды тайғанақ жата берсін.<br>Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ,<br>Шыға беріп жалтақтай,<br>Ұшып түсті қалпақтай.<br>***Қимылды ойын:*** *«Аңшы мен қояндар»*<br>***Мақсаты****: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу,* | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**Қысқы ағаштарды бақылау**<br>***Мақсаты:*** балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.<br>**Тапсырма:** «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.<br>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.<br>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>Сұрақтар:<br>1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз?<br>2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?<br>3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас?<br>4. Ордың айырмашылығы қандай?<br>***Дидактикалық ойын:*** *«Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.* | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Қыстың негізгі белгілерін бақылау**<br>***Мақсаты:*** *балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету..*<br>*Көркем сөз:*<br>Аппақ, аппақ ақшақар<br>Бірін ұстап алайын...<br>Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар,<br>Қайдан іздеп табайын?<br>(Жақан Смаков)<br>***Қимылды ойын:*** *«Аяз»*<br>***Мақсаты:*** тез жүгіруге жаттықтыру.<br>**Еңбек:** үйдің ауласын қардан тазартып қою.<br>Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу.<br>**Қимылды жаттығулар:** мұзды жолмен сырғанай білуге жаттықтыру.<br>***Жорамал:*** | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.**<br>**Мақсаты** : балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауғаұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жұмбақтар:**<br>Мамықтай ұлпа,<br>Қанттай ақ.<br>Қыста жер бетін басады,<br>Жазда сайға қашады. | *жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.*<br>***Еңбек:*** *Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.*<br>***Мақсаты****: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.*<br>***Жеке жұмыс****: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылқ әңгіме құрастыру.* | ***Қимылды ойын:*** *«Ордағы қасқыр»*<br>***Мақсаты:*** *секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.*<br>***Еңбек:*** *ағаштардың түбін қармен жабу.*<br>***Мақсаты:*** *қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.*<br>***Жеке жұмыс:*** *шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.* | *Түтін будақтап шықса, аяз болады.* | айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.<br>**Көркем сөз:**<br>Жазда көлге мұз қатты,<br>Табанымды мұздатты.<br>Мұз ойылып кетті тез,<br>Күліп едік, біз қатты.<br>**Қимылды ойын**: «Ортаға түспек»<br>**Мақсаты** : тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету.<br>**Еңбек** : қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.<br>**Жеке жұмыс** : шаңғыда жүре білуге машықтану.<br>**Мәтел:**<br>Қар көп болса, астық көп болады.<br>**Жұмбақ:**<br>Қолы жоқ, сурет салады<br>Тісі жоқ, тістеп алады. |

**Балаларды үйге қайтару. Уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 11.12 – 15.12. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 11.12** | **Сейсенбі 12.12** | **Сәрсенбі 13.12** | **Бейсенбі 14.12** | **Жұма 15.12** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | №21 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №21**<br>**Жиынтық жаттығулар**<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, қол төмен түсірілген. Қолды алға созып, шапалақ соғу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: өкше түйістірілген, қол белде. Еңкейіп, еденге қол тигізу, тұрып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.:аяқты алшақтатып, қолды алға ұстап, отыру. Еңкею, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, қолды арқаға ұстау, бастапқы қалпына қайту (4 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қол белде.. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет). | №22 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №22**<br>***Жиынтық сылдырмақтармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, сылдырмақтар төмен түсірілген қолда. Қолды алға созып, сылдырмақтарды сылдырлатып, қолды төмен түсіру (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ иықпен бір қатарда, сылдырмақтар иық тұсындағы екі қолда. Еңкейіп, сылдырмақтарды тізеге тигізіп, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту ( 5 рет).<br>3. Б.қ.: өкше түйістірілген, сылдырмақтар арқада. Отырып, сылдырмақты еденге қойып, түзелу, қолды арқадан алып, отыру, сылдырмақты алып, түзелу, сылдырмақты арқаға алып, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).<br>4. Б.қ.:аяқ сәл алшақтатылған, сылдырмақтар иық тұсындағы екі қолда. Бір орында жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен | №23 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №23**<br>***Жиынтық текшелермен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, текшелер төмен түсірілген екі қолда. Текшелерді алға созу, бір-біріне соғу, төмен түсіру (5-6 рет).<br>2. Б.қ.: текшелер арқаға ұсталған екі қолда. тыру, текшелерді алға қою, тұру, қолды арқадан алу; отыру, текшелерді алу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет).<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, текшелер иық тұсындағы қолда. Оңға (солға) бұрылу; текшелерді аяқтың ұшына қою, түзелу, қол белде; солға (оңға) бұрылу, текшелерді алу, бастапқы қалыпкп қпйту (3 рет).<br>4. Б.қ.: аяқты түзу қойып, шалқасынан жату, текшелер бас жаққа созылған екі қолда. Аяқты тізеден бүгу, текшелерді тізеге тигізу, бастапқы қылыпқы қайту (5 рет). | №24 гимнастика кешені<br>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №24**<br>***Жиынтық*** *д оппен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары*<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Допты жоғары көтеруғ түсіріп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, доп кеуде тұсына ұсталған екі қолда. Еңкею, допты жерге тигізіп. бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Отыру, доп бүгілген қолда, тұрып, түзеліп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>4. Б.қ.: тізерлеп немесе аяқтың ұшымен тұру, доп еденде. Допты өзінің айналасына, оңға, солға домалату (2-3 рет).<br>5. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, доп бүгілген қолда. Бір орында жүрумен кезектестіріп, бір орында айналып, екі аяқтап секіру (2 рет). | №25 гимнастика кешені<br>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №25**<br>***Жиынтық*** *таспалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары*<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, таспалар төмен түсірілген қолда. Таспаларды жанынан жоғары көтеру, бұлғау, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: сондай, таспалар кеуде тұсндағы екі қолда. Отыру, таспаларды еденге тигізу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, таспалар арқа тұсындағы екі қолда. Алға еңкею, таспаларды оңға-солға бұлғау, түзелу, таспаны арқадан алу (4 рет).<br>4. Б.қ.:аяқ иықтың қатарында, таспалар төмен түсірілген екі қолда. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | секіоу (2 рет). | 5. Б.қ.: аяқ бірге, текшелер еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, текшелерді айналып секіру (2 рет). | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| 09.00-11.35<br>**ҰІӘ** | **11.12.22**<br>**Дүйсенбі** | **12.12.22**<br>**Сейсенбі** | **13.12.22**<br>**Сәрсенбі** | **14.12.22**<br>**Бейсенбі** | **15.12.22**<br>**Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға | **3.Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>«Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру. «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>**Дағды:** Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** берілген суретке тақырып қояды, әңгіме құрайды; Түсінеді: сөйлем түрлерін, сөз бен сөйлемді | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды | **1.Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>«Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру. «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>**Дағды:** Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** берілген | **. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз құрайды.<br>**Түсінеді:** сөздер әртүрлі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту.<br><br>**Дағды**: Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»;<br>**Түсінеді:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін;<br>**Қолданады:** санап, салыстыру білігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Сонша жина» дидактикалық ойыны**<br>Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды | айырмашылығын;<br>**Қолданады:** айырмашылықтарын табады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Қолдану:** «Айырмашылығын тап».<br>Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек.<br>**Түсіну:**<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады.<br>Жып-жылтыр боп жатады. | белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту.<br><br>**Дағды**: Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»;<br>**Түсінеді:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін;<br>**Қолданады:** санап, салыстыру білігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Сонша жина» дидактикалық ойыны**<br>Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. | суретке тақырып қояды, әңгіме құрайды; Түсінеді: сөйлем түрлерін, сөз бен сөйлемді айырмашылығын;<br>**Қолданады:** айырмашылықтарын табады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Қолдану:** «Айырмашылығын тап».<br>Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек.<br>**Түсіну:**<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады.<br>Жып-жылтыр боп жатады. | дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Дыбыстармен жұмыс.<br>**Дидактикалық ойын:** «Кім білгіш?»<br>Мысалы: *л,о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.* оқушыларға дыбыстарды айтып, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;<br>дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.<br>«О дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы<br>Балаларға «о» дыбысы басында, ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды.<br>**Мысалы:** орман, ор, Орал, Отырар т.б.<br>«О» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: оймақ, ор, отар, ойлау, т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады. Балалардың бірі - жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады<br>**Білу: Сергіту сәті**<br>*«Ойыншықтар»*<br>*Тұрады барлығы үлкен қорапта -*<br>*Мен ұйықтап жатқанда.*<br>*Барлығы ойнай бастайды!*<br>*Оңға, солға бұрылдық,*<br>*Алға, артқа иілдік.*<br>*Тіземізді бүктіріп,*<br>*Қолды создық тік тұрып,*<br>*Секіреміз топ-топ,*<br>*Шапалақтап көп-көп.*<br>*Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш,*<br>*Иілеміз солға қарай бір,екі,үш* | | Балалар ойынға қатысады. Балалардың бірі - жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады<br>**Білу: Сергіту сәті**<br>*«Ойыншықтар»*<br>*Тұрады барлығы үлкен қорапта -*<br>*Мен ұйықтап жатқанда.*<br>*Барлығы ойнай бастайды!*<br>*Оңға, солға бұрылдық,*<br>*Алға, артқа иілдік.*<br>*Тіземізді бүктіріп,*<br>*Қолды создық тік тұрып,*<br>*Секіреміз топ-топ,*<br>*Шапалақтап көп-көп.*<br>*Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш,*<br>*Иілеміз солға қарай бір,екі,үш* | | «Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны –Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.<br>*Алма ...(үлкен), қой ... (арық), домалық ... ( өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ...( алма) т.б.* |

**1 үзіліс -**

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға » арналған ойын: «Сүйкімді бақалар»

**Басты мақсат:** Топпен қарым-қатынасты ныгайту, баланың көңіл-күй тұрақтылығын дамыту.

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл гимнастикасы**<br><br>**«Дәмді тосап»**<br>***Мақсаты:***жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.<br>***Қысқаша сипаттамасы:***Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап,ауыз қуысына кіргізу.<br>***Әдістемелік нұсқау.***<br>1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.<br>2.Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.<br>3.Тіл оңға-солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.<br>4.Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет.Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек. | **Ойын: «Сүйкімді бақалар»** қимылды ойыны<br><br>**Мақсаты:** Балаларды жылдам қозғалуға үйрету.Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br><br>**Ойынның шарты:** Балалар өзен жағасында тұрып тәрбиешінің бақалар туралы айтқанын мұқият тыңдайды.(қайда тұрады,немен қоректенеді, суға түсіп жүзуі туралы,қандай түсті болатынын, және бақаларды кім жейтінін сұрайды). Балалар озен жағасында серкіріп ойнап,ән салып жүреді. Ал тырна ұшып келгенде барлық бақалар озенге скіріп үлгеруі керек.<br>**Керекті құралдар:** Балалар саныныа қарай бақалардың бетперделерін жасау. Тәрбиешіге тырнаның бетпердесін жасау.Көк матаны өзен қылып ортаға жайу. | <br> |

| **2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**ҮІӘ міндеті:**<br>дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, берілген | **2. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ міндеті:**<br>Қозғалыс міндеттерін шешуде қимыл-қозғалыстарын үйлестіре білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**ҮІӘ міндеті:**<br>дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, берілген | **2. Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br><br>.<br>**ҮІӘ міндеті:**<br>заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру.<br>«жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету;<br>заттарды қолға алып, салмағы бойынша | **.Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ міндеті:**<br>Қозғалыс міндеттерін шешуде қимыл-қозғалыстарын үйлестіре білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбысқа сөз құрайды.<br>**Түсінеді:** сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Дыбыстармен жұмыс.<br>**Дидактикалық ойын:** «Кім білгіш?»<br>Мысалы: *б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.*<br>Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;<br>дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.<br>«Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы<br>Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. **Мысалы:** Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б.<br>«Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, | кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.<br><br>**Дағды:** Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту арқылы орындауға дағдыландыру.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br><br>**Жасайды:** қысқа және кең адыммен жүгіру. Заттар арқылы екі аяқпен секіру (биіктігі –30 см). Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру.<br><br>**Түсінеді:** спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін. | дыбысқа сөз құрайды.<br>**Түсінеді:** сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Дыбыстармен жұмыс.<br>**Дидактикалық ойын:** «Кім білгіш?»<br>Мысалы: *б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.*<br>Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;<br>дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.<br>«Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы<br>Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. **Мысалы:** Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б.<br>«Ж» дыбысы сөз басында | салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету.<br>**Дағды**: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтады: («ауыр - жеңіл», «ауырлау - жеңілірек»;<br>**түсінеді:** заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстыруға болатынын;<br>**колданады:** заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>**Эксперименттік іс-әрекет**<br>Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар /Педагог алақанға салуды сұрайды. Сол және оң жақ қолымда не бар? (Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы). Не жеңіл? Не ауыр? (мақта жеңіл, ал металл ауыр). | **Дағды:** Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту арқылы орындауға дағдыландыру.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br><br>**Жасайды:** қысқа және кең адыммен жүгіру. Заттар арқылы екі аяқпен секіру (биіктігі –30 см). Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру.<br><br>**Түсінеді:** спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасынсақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін.<br><br>**Қолданады:** баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпенсекіру, кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б.<br>«Дауысты дыбысты сөз қос»дидактикалық ойыны<br>–Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге  дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.<br>*Алма ...(үлкен), қой ... (арық), домалық ... ( өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық),  жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ...( алма) т.б.* | **Қолданады:** баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпенсекіру, кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын.<br><br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б.<br>«Дауысты дыбысты сөз қос»дидактикалық ойыны<br>–Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге  дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.<br>*Алма ...(үлкен), қой ... (арық), домалық ... ( өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық),  жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ...( алма) т.б.* | Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз. Не болды? (Мақта ұшып кетті). Енді металл заттарды үрлеңіз. Олармен күресу оңай ма? (Гайкілер қозғалмайды). Неліктен? | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br><br>**Қолдану: Зейіндерін жаттықтыру.**<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім шапшаң?»<br><br>Төрт бастаушыны таңдап, олар түрлі жұлдызшалар береді.<br><br>Төрт тізбекке тұрады. Бастаушы – командир. Көздерін жұмып тұрады. Осы кезде бастаушылар педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады. Белгі бойынша көздерін ашып,орындарын жылдам табуға тырысады, бастаушының артына тізбекке тұрады. |

**2 үзіліс –**

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

***Басты мақсат:*** Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

| | | |
|---|---|---|
| **Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған**<br><br>**Кім қалай дыбыстайды?** | **Дикциялық жаттығу**<br><br>Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, | **Ойын:“Табан балық және шортан”** |

| | | |
|---|---|---|
| (баламен жеке жұмыс - түрліше темблік құбылыста айту)<br><br>- А, аа, аа, а, а, аааааа ..... (қуанышты дауыспен).<br><br>- Ааа, аа, а, а, ааа .... (аянышты дауыспен).<br><br>- А, аа, аааа, а, ааа ........(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз.<br><br>Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.<br><br>Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс. | дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет.<br><br>Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді.<br><br>Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік.<br><br>Суда сең келеді,<br><br>Сегіз серке тең келеді.<br><br> | **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br><br>**Шарты:** Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді.<br><br>Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді.<br><br>**Ұсыныс:** Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.<br><br>  |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру, тілін дамыту. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін | **3. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ міндеті:** Біздің ана тіліміз – қазақ тілінің келешегі балалардың сөйлеу мәдениетінің деңгейімен байланысты. Осы тұрғыда әр баланың | **Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру, тілін дамыту. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Жайлау туралы түсініктерін кеңейту. | **3. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ міндеті: ҰІӘ міндеті:**<br>Біздің ана тіліміз – қазақ тілінің келешегі балалардың сөйлеу мәдениетінің | **Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.<br>**Дағды:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арттыру. Жайлау туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды:** Табиғатқа деген сүйіспеншілік қабілетін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** жайлауда жануарлардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды атап береді.<br>**Түсінеді:** жайлау туралы түсінеді.<br>**Қолданады:** коммуникативтік машық, топпен бірігіп жұмыс істеу дағдысы.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** «Жайлау» атты дидактикалық ойын. Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жайлаудағы жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады). | тілін жетілдіру, олардың сөйлеу мәдениеті қоғамдық қажеттілік болып табылады.<br>**Дағды:** Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру. Балалардың ойлауын, сөйлеу тілін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:**Тәуелсіздік туралы өлеңді айтады, өлеңді жаттайды;<br>**Түсінеді:** өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі, жаңа жылда алған әсерлері туралы айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Сергіту сәті:<br>Қар борайды оң жақтан,<br>Қар борайды сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. | **Дағды:** Табиғатқа деген сүйіспеншілік қабілетін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** жайлауда жануарлардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды атап береді.<br>**Түсінеді:** жайлау туралы түсінеді.<br>**Қолданады:** коммуникативтік машық, топпен бірігіп жұмыс істеу дағдысы.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** «Жайлау» атты дидактикалық ойын. Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жайлаудағы жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады). | деңгейімен байланысты. Осы тұрғыда әр баланың тілін жетілдіру, олардың сөйлеу мәдениеті қоғамдық қажеттілік болып табылады.<br>**Дағды:** Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру. Балалардың ойлауын, сөйлеу тілін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:**Тәуелсіздік туралы өлеңді айтады, өлеңді жаттайды;<br>**Түсінеді:** өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі, жаңа жылда алған әсерлері туралы айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Сергіту сәті: | реңктерін ажырату.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** музыка әуенімен дауыс жаттығуын жасайды, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыканы қызыға тыңдап, сипатын ажыратып, мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** *Ойындар, хороводтар:* «Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден суреттерді құрастыру. |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>Балалар қимылмен орындайды.</td><td></td><td>Қар борайды оң жақтан,<br>Қар борайды сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>Балалар қимылмен орындайды.</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">3 үзіліс –<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және  дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары</td></tr>
<tr><td colspan="2"></td><td colspan="2"><br></td><td colspan="2">Қимылды жүгіруге арналған ойын:«Жалғыз аяқ жолмен»<br>Мақсаты: ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.<br>Ойынның шарты: Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліңдер деп ұсынған жақсы болады.<br>Ұсыныс: бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді.</td></tr>
<tr><td colspan="6">4-ші  ұйымдастырылған іс - әрекеті            уақыты:</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға,жоғары созып, шырақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.<br>**Дағды:** Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерінтолықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту.<br>Күтілетін нәтиже:<br>**Жасайды:** екі тізе ортасына допты қысып, екі аяқпен секіру. Екі табанның шетімен допты қысып алып жүру. Қар кесектерін оң және сол қолмен лақтыру. Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өту, өрмелеу.<br>**Түсінеді:** ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, | **4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.<br>**Дағды:**<br>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** музыка әуенімен дауыс жаттығуын жасайды, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыканы қызыға тыңдап, сипатын ажыратып, мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** *Ойындар, хороводтар:* «Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден суреттерді құрастыру. | **4.Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>Қозғалыс міндеттерін шешуде қимыл-қозғалыстарын үйлестіре білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту арқылы орындауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** қысқа және кең адыммен жүгіру. Заттар арқылы екі аяқпен секіру (биіктігі –30 см). Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру.<br>**Түсінеді:** спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту керектігін; өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастырукеректігін.<br>**Қолданады:** екі аяғымен бірдей екпінді итеріле алуы, жартылай бүгілген аяғына секіріп түсе білу, педагог белгісі бойынша шұғыл тоқтай алу, кез келген нұсқауды мұқият орындау,үлкен-кіші қадамдармен жүре білу дағдылары мен көзді жұмып кеңістікте қимылдай алу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану<br>**Қолдану:** Тыныс алуды қалпына келтіру.<br>Көзге арналған гимнастика «Біз қысқы орманға келдік. Неткен ғажайып! Оң жақта қайың аппақ тон киіп алыпты. Сол жақта шыршалардағы қарлар жылт-жылт етеді. Аспаннан қар қиыршықтары айналып түсіпжатыр. Балалардың алақандарына да түсті».<br>**2.Батпақ әлемі**<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: | | аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін.<br><br>**Қолданады:** баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпен секіру, кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын.<br><br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br><br>**Қолдану: Зейіндерін жаттықтыру.**<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім шапшаң?»<br><br>Төрт бастаушыны таңдап, олар түрлі жұлдызшалар береді.<br><br>Төрт тізбекке тұрады. Бастаушы – командир. Көздерін жұмып тұрады. Осы кезде бастаушылар педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады. Белгі бойынша көздерін ашып, орындарын жылдам табуға тырысады, бастаушының артына тізбекке тұрады. | | |

| 4 үзіліс –<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Көз ауруларының алдын алу,көз бұлшық еттерін белсендендіріп, жақсартужаттығулары. | |
|---|---|
| 1.Болам десең көреген, Көзді айналдыр, ерінбе!<br>2.Болам десең көреген,Уқалап қой көзді де!<br>3.Болам десең көреген, Көзіңді аздап басып көр!<br>4.Үлкен шеңбер саламыз,Төңіректі қарап аламыз!<br>5.Көзді оңға бұрамыз, Көзді солға бұрамыз. Жоғары-төмен қозғалтып,Қайталап қайта бұрамыз!<br>6.Жыпылықтат көзіңді, Дамылдасын көз енді!<br>7.Ашық болсын көздерің,Тамашалап көр бірін!<br>8.Үшбұрыштар саламыз, Текше, шеңбер саламыз,Көзбен сала аламыз! | 1.2-3 секунд көздерін айналдырып қимылдатады.<br>2.Көздерін жұмбай көз үсті мен астын абайлап бірминут уқалау.<br>3.Әр қолдарының үш саусағымен көздерінің үстінақырындап 1-2 секунд басып тұру.<br>4.Көздерімен және тілін шығарып, бір мезетте жан-жаққа айналдырып, қимылдар жасау.<br>5.Көздерін жоғары көтеру, көздерін төмен түсіру,оңға қарап бұру, солға қарап бұру.<br>6.1 минут тез-тез оңға, сосын солға қарапжыпылықтату.<br>7.Көздерін 30 секундтан бақырайтып ашып, қайтажұмып қайталау.<br>8.Көздерімен геометриялық фигураларды әуеде, қиялында салу (шеңбер, шаршы, үшбұрыш), алдымен сағат тілімен жүргізіп, сосын сағат тілінеқарсы жүргізіп салу. |

| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында»**<br><br>**Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.**<br><br>**«Алақай,ойын!»** | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №8**<br>**Қар үстіндегі іздерді бақылау.**<br><br>**Мақсаты:** балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №9**<br>Қала көшелерін бақылау<br>Мақсаты: тәрбиеші көшеде тәртіп сақтау туралы, жол жүру ережесі туралы, көліктердің көптеген түрі туралы білімдерін анықтап, | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №10**<br>**Қырауды бақылау**<br>***Мақсаты:*** балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету.<br>Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №11**<br>**Терезедегі өрнектерді бақылау**<br>***Мақсаты:*** балаларға құбылысты түсіндіру.<br>Олардың ойын толықтыр Терезедегі өрнектерді бақылау.<br>***Тапсырма:*** трафареттің көмегнмен «Аяз атаның | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №12**<br>Қала көшелерін бақылау<br>Мақсаты: тәрбиеші көшеде тәртіп сақтау туралы, жол жүру ережесі туралы, көліктердің көптеген түрі туралы білімдерін анықтап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды байқағыш, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу.<br><br>Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?<br><br>**Көркем сөз:**<br><br>Ақ киімді денелі, ақ сақалды,<br><br>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,<br><br>Үсті – басы ақ қырау түсі суық,<br><br>Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай)<br><br>**Еңбек** : құс тар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу.<br><br>**Мақсаты** : қыстаған құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br><br>**Қимылды ойын** : «Ақ қоян» | толықтыру.<br>Сұрақтар:<br>Көшедегі үйлер қандай?<br>Көшедегі көліктер бір бағытта жүре ме, әлде екі бағытта жүре ме?<br>Жүргіншілер қайда, қандай жолмен жүрулері керек?<br>Көркем сөз:<br>Менің атым «бағдаршам» мекен жайым тұрақты,<br>Жақсы білем міндетімді, мүдірмеймін ешқашан.<br>Жол сілтейтін белгілер бөлінеді төрт топқа.<br>Қимылды ойын: «Жанады жанбайды» ойыны.<br>Мақсаты: тез жүгіруге, шыдамдылыққа жаттықтыру.<br>Еңбек: балабақшаның маңын қардан тазарту.<br>Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>Жеке жұмыс: мұздың үстімен сырғанай білу.<br>Жұмбақтар:<br>Менің үш көзім бар, | бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.<br>***Көркем сөз.***<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>***Қимылды ойын:*** «Суыққойлар»<br>**Мақсаты**: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбек**: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс**: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы)<br>**Жорамал:**<br>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.<br>**Жұмбақ:**<br>Қанат сияқты ақ,<br>Үлпа боп жерде жатады. | терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.<br>***Көркем сөз:***<br>Бір топ бала сырғанап,<br>Барады әне жарысып.<br>Қалды артта қыр қалып.<br>***Қимылды ойын:*** «Айлакер түлкі»<br>**Мақсаты:** оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу.<br>**Еңбек:** қардан бекініс жасауды үйрету.<br>**Мақсаты:** күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету.<br>**Жорамал:** қыз аязды болса – жаз ыстық болады.<br>**Жұмбақ:**<br>Отта жанбайды<br>Суда батпайды. ( Мұз) | толықтыру.<br>Сұрақтар:<br>Көшедегі үйлер қандай?<br>Көшедегі көліктер бір бағытта жүре ме, әлде екі бағытта жүре ме?<br>Жүргіншілер қайда, қандай жолмен жүрулері керек?<br>Көркем сөз:<br>Менің атым «бағдаршам» мекен жайым тұрақты,<br>Жақсы білем міндетімді, мүдірмеймін ешқашан.<br>Жол сілтейтін белгілер бөлінеді төрт топқа.<br>Қимылды ойын: «Жанады жанбайды» ойыны.<br>Мақсаты: тез жүгіруге, шыдамдылыққа жаттықтыру.<br>Еңбек: балабақшаның маңын қардан тазарту.<br>Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>Жеке жұмыс: мұздың үстімен сырғанай білу.<br>Жұмбақтар:<br>Менің үш көзім бар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты** : балаларды ептілікке баулу.<br><br>**Жеке жұмыс:** бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.<br><br>**Мақал:**<br><br>Жемберсең құсқа қыста, сауабы тиер оның жазда. | Бір көзім «кідір» дейді,<br>Бір көзім «жүгір» дейді,<br>Бір көзім «абайла» дейді,<br>«Қарап ал маңдайға!» - дейді<br>(Бағдар шам) | | | Бір көзім «кідір» дейді,<br>Бір көзім «жүгір» дейді,<br>Бір көзім «абайла» дейді,<br>«Қарап ал маңдайға!» - дейді<br>(Бағдар шам) |

| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!»**<br><br>**Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br><br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйреніс іп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br><br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 18.12 – 22.12. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету**)**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 18.12 | Сейсенбі 19.12 | Сәрсенбі 20.12 | Бейсенбі 21.12 | Жұма 22.12 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1**<br>***Жиынтық***<br>***Орындықта жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: орындыққа отыру, аяқ сәл алшақтатылған, қол төмен түсірілген. Қолды жанына көтеру, қолды төмен түсіру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: орындыққа отыру, түзу қойылған аяқтар сәл алшақтатылған, қол белде. Еңкейіп, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, бастапқы қылыпқа қайту (4 рет). | №2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №2**<br>***Жиынтық***<br>***Орындықта жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: орындыққа отыру, аяқ сәл алшақтатылған, қол төмен түсірілген. Қолды жанына көтеру, төмен түсіру, бастапқы қалыпқа қайту (5рет).<br>2. Б.қ.: орындыққа отыру, аяқ иықтың қатарында, қол белде, Оңға (солға) еңкею, бастапқы қалыпқа қайту.<br>3. Б.қ.: орындықтың артына тұру, өкше түйістірілген, қол орындықтың арқалығында. | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1**<br>***Жиынтық***<br>***Таспалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, таспалар төмен түсірілген қолда. Таспаларды жоғары көтеру, ары-бері бұлғау, төмен түсіру (4-5 рет).<br>2. Б.қ.: сондай, таспалар иық тұсындағы екі қолда. Отыру, таяқшаны еденге ұру, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, таспалар төмен түсірілген екі қолда. Таспаларды жоғары көтеріп, оңға | № 2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №2**<br>***Жиынтық***<br>***Таспалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, таспалар төмен түсірілген қолда. Таспаларды жоғары көтеру, бұлғау, төмен түсіру (4-5 рет).<br>2. Б.қ.: тұру, аяқты алшақтату, қолды төмен түсіру, таспа бір қолда. Бір қолды, сосын екінші қолды айналдыра қозғалту (6-8 рет). | №5 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №3**<br>***Жиынтық***<br>***Таспалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: тұру, таспаның бір ұшынан ұстау. Таспаны алға және артқа бұлғау. Таспаны бірнеше рет (4-6 рет) бұлғаған соң, таспаны екінші қолға |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 3. Б.қ.:орындықтың артына тұру, өкше түйістірілген, қол орындықтың арқалығында. Отыру, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>4. Б.қ.:орындықтың жанына тұру, аяқ сәл алшақтатылған, қол төмен түсірілген. Бір орында жүрумен кезектестіріп, орындықты айналып, екіі аяқтап секіру (2 рет). | Отыру, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>4. Б.қ.: орындықтың жанына тұру, аяқ сәл алшақтатылған, қол төмен жіберілген. Аздаған үзіліспен кезектестіріп, орындықты айналып, түрлі бағытта екі аяқтап секіру. | (солға) тербеп, төмен түсіру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, таспалар төмен түсірілген екі қолда. Жүрумен кезектестіріп, бір орында екі аяқтап секіру (2 рет). | 3. Б.қ.: отыру, аяқ бірге, таспаның ұшынан екі қолмен ұстау. Алға еңкею, тізені бүкпеуге тырысып, таспаларды аяқтың ұшына қою, мұғалімнің белгісі бойынша түзелу және қолды жоғары көтеру. Алға еңкею, таспаны екі қолмен алып, түзеліп бәріне көрсету (4-6 рет). | ауыстырып, жаттығуды қайталау.<br>2. Б.қ.: отыру, аяқ бірге, таспаның бір ұшынан екі қолмен ұстау. Алға еңкею. Таспаны аяқтың ұшына қою, мұғалімнің белгісі бойынша түзелу, қолдарды жоғары көтеру, оларға қарау. Мұғалімнің белгісі бойынша алға еңкею, таспаны алу (3-4 рет).<br>3. Б.қ.: шалқасынан жату, кеуде тұсына созылған қолмен таспаның бір ұшынан ұстау. Екі аяқты бір мезгілде таспаға дейін көтеру, төмен түсіру, аяқты түзу және бүгілген түрде көтере беруге болады (3-4 рет).<br>4. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҮІӘ** | | **18.12.23**<br>**Дүйсенбі** | **19.12.23**<br>**Сейсенбі** | **20.12.23**<br>**Сәрсенбі** | **21.12.23**<br>**Бейсенбі** | **22.12.23**<br>**Жұма** |
| | | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру. «жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету.<br>**Дағды**: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтады: («ауыр - жеңіл», «ауырлау - жеңілірек»;<br>**түсінеді:** заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстыруға болатынын;<br>**қолданады:** заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Эксперименттік іс-әрекет** Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар /Педагог алақанға салуды сұрайды.<br>Сол және оң жақ қолымда не бар? (Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы). Не жеңіл? Не ауыр? (мақта жеңіл, ал металл ауыр).<br>Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз. Не | **1.**<br>**: .Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру. «жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету.<br>**Дағды**: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтады: («ауыр - жеңіл», «ауырлау - жеңілірек»;<br>**түсінеді:** заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстыруға болатынын;<br>**қолданады:** заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Эксперименттік іс-әрекет** Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар /Педагог алақанға салуды сұрайды. | **Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру. «жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету.<br>**Дағды**: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтады: («ауыр - жеңіл», «ауырлау - жеңілірек»;<br>**түсінеді:** заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстыруға болатынын;<br>**қолданады:** заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Эксперименттік іс-әрекет** Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар /Педагог алақанға салуды сұрайды.<br>Сол және оң жақ қолымда не бар? (Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы). Не жеңіл? Не ауыр? (мақта жеңіл, ал металл ауыр).<br>Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз. Не | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік».<br>**Дағды**: Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**Қолданады:** бөліктерден пішін құрастыруды;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.**<br>Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды.<br>**Түсіну:** Қарбыз қандай | **Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. пен ептілікті білдіру.<br>**Дағды:** Ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыс биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** әннің сипатын қабылдайды, дауысын дұрыс келтіріп орындайды.<br>**Түсінеді:** жұмбақ өлеңнің мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>*Музыкалық-ырғақтық* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болды? (Мақта ұшып кетті). Енді металл заттарды үрлеңіз. Олармен күресу оңай ма? (Гайкілер қозғалмайды). Неліктен? (Гайка ауыр, ол - металл. Металл мақтаға қарағанда ауыр, ал мақта металдан жеңіл дегенді білдіреді). | Сол және оң жақ қолымда не бар? (Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы). Не жеңіл? Не ауыр? (мақта жеңіл, ал металл ауыр). | болды? (Мақта ұшып кетті). Енді металл заттарды үрлеңіз. Олармен күресу оңай ма? (Гайкілер қозғалмайды). Неліктен? (Гайка ауыр, ол - металл. Металл мақтаға қарағанда ауыр, ал мақта металдан жеңіл дегенді білдіреді). | бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (екі бөлік)<br>-Қарбыздың бір бөлігін қалай атауға болады? (жарты)<br>-Алманы қандай бөліктерге бөлген?(тең)<br>-Олардың саны қанша? (төрт бөлік)<br>-Алманың бір бөлігін қалай атауға болады? (төрттен бір)<br>-Шоколад қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (үш бөлік)<br>-Шоколадтың бір бөлігін қалай атауға болады? (үштен бір) | *қимылдар:*<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт).<br>Балалар қолдарына лента ұстап, сол лентамен қимылдар жасайды.<br>Қолдарын жоғары көтеріп, қолды кезектестіріп айналдырып, орындарында тұрып айналып, қимылдар жасайды. |
| ***1 үзіліс -***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.<br>**«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға » арналған ойын: «Аңшы мен қояндар»**<br>**Басты мақсат: Балаларды жылдам қозғалуға үйрету.Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.** | | | | | |

<table>
<tr>
<td colspan="2">Алғашқы қар<br>Жалықтырып мал-жанды,<br>Тынған кезі жауынның.<br>Жапалақтап қар жауды,<br>Көбігіндей сабынның.<br>Жаз өткесін қайырлы,<br>Алмақ болып тынығып,<br>Көпіртіп ақ сабынды,<br>Жатыр дала жуынып.<br>Қ. Баянбай<br>Қыс<br>Қыс келді, қыс иықтап,<br>Қалды аюлар ұйықтап.<br>Қыс келді, қыс мұз-қарлы,<br>Қыраулы да,ызғарлы.<br>Қ.Мырзағалиев</td>
<td colspan="2">  </td>
<td colspan="2">Ойын:«Аңшы мен қояндар»<br>Мақсаты: Балаларды жылдам қозғалуға үйрету.Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br>Ойынның шарты: Аңшыны балалардың арасынан сайлайды. Қалған балалар – қояндар. Залдың бір жағында аңшының орны, екінші жағында – қояндардың іні. Аңшы залды айналып жүреді, қояндардың ізін аңдиды, содан кейін орнына қайтып оралады. Қояндар бұтаның арасынан шығып, әртүрлі бағытқа қарай қос аяқтап секіреді (оң, сол аяқпен). «Аңшы» деген белгі берілген кезде – қояндар үйлеріне қашып кіреді. Ал, аңшы оларға доп лақтырады (қолында 2-3 доп болады). Доп тиген балаларды өз үйіне алып кетеді. Аңшы аңға шыққан сайын ауысып отырады (бірақ қолға түскендерден сайланбайды).</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі<br>ҮІӘ мақсаты: Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыру.Байланыс құралдаы мен ақпарат құралдарының айырмашылығы мен ұқсастығын таба білу,байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту.Адамдармен телефон арқылы қарым-қатынас жасау барысында әдептілікті сақтауға,мәдениетті болуға,дұрыс жауап беруге баулу.</td>
<td>. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі<br>ҮІӘ мақсаты: Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету.<br>Дағды: Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеуделен саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: бірінші-екіншіге саналу, тізбекпен жүру, допты еденге бір қолмен соғу, ойындарда рөлдік әрекеттер жасау, релаксация.<br>Түсінеді: «ғарышкер, зымыран, жұлдыз» сөздерін біледі, өз әрекетін команданың әрекетімен үйлестірудің маңызын түсінеді, допты саусақтың ұшымен жұмсақ</td>
<td>1.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі<br>ҮІӘ мақсаты: Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыру.Байланыс құралдаы мен ақпарат құралдарының айырмашылығы мен ұқсастығын таба білу,байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту.Адамдармен телефон арқылы қарым-қатынас жасау барысында әдептілікті сақтауға,мәдениетті болуға,дұрыс жауап беруге баулу.</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет<br>мақсаты: «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру. «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>Дағды: Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: берілген суретке тақырып қояды, әңгіме құрайды; Түсінеді: сөйлем түрлерін, сөз бен сөйлемді айырмашылығын;<br>Қолданады: айырмашылықтарын табады.<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану.<br>Қолдану:<br>«Айырмашылығын тап».<br>Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап,</td>
<td>2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет<br>.<br>ҮІӘ мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды бекіту. «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту.<br>Дағды: Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту.<br>Күтілетін нәтиже:</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дағды:** Байланыс құралдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** байланыс құралдарын атап бере алады.<br>**Түсінеді:** байланыс құралдарының ерекшеліктерін түсінеді.<br>**Қолданады**: байланыс құралдарын зерттеушілік дағдысын пайдаланады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану**.**<br>**Қолдану: Зерттеу жұмысы**: | итеріп соғуды, кедергілерден аттап өтуді біледі.<br>**Қолданады:** ырғақты гимнастика жасау дағдылары, екі аяғымен бірдей екпінді итеріле алуы, жартылай бүгілген аяғына секіріп түсе білу, педагог белгісі бойынша шұғыл тоқтай алу, кез келген нұсқауды мұқият орындау, үлкен-кіші қадамдармен жүре білу дағдылары мен көзді жұмып кеңістікте қимылдай алуды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану<br>**Қолдану: «Түрлі түсті ғаламшар»** – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсыкөреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.<br>**Білу: «Жорғалаушылар ғаламшары» –** бұл ғаламшардың тұрғындары тек еңбектеп, жорғалапқозғалады.<br>Модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге жаттығу.<br>Шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп залдың келесі жағына модульдерден асып өтеді.<br>Қолдары мен аяқтарының жұмысын үйлестіруге, бағытын сақтап қозғалуға, басқа балаларға соғылмауға тырысады.<br>**Түсіну: «Сиқырлы ғаламшар»** – бұл | **Дағды:** Байланыс құралдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** байланыс құралдарын атап бере алады.<br>**Түсінеді:** байланыс құралдарының ерекшеліктерін түсінеді.<br>**Қолданады**: байланыс құралдарын зерттеушілік дағдысын пайдаланады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану**.**<br>**Қолдану: Зерттеу жұмысы**: | аққалалардың айырмашылығын табу керек.<br>**Түсіну:**<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады.<br>Жып-жылтыр боп жатады. | **Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** дыбыстардың жасалу жолын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>*«Күрекше»* – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>*«Ине»* – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Төбешік»* – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Түтікше»* – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Түсіну:Дидактикалық ойын: «Дұрыс көрсет»**<br>Педагог балаларға дыбыстарды айтады, балалар алдарындағы қызыл, көк түсті белгілерді көрсету арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>Мысалы: *й, ц, к, е, н, г, ш, щ, з, х, ф, ы, в, а, п, р, о, л, д, ж, э, с, м, и, т, б.*<br>Педагог балаларға дауысты дыбыстарды айтады, балалар жіңішке дауысты дыбыстарға  қызыл, жуан дауысты дыбыс айтылса, қара түсті  белгілерді көрсетеді. Мысалы: *а, о, ұ, ы, ә, ө,  е, э, і, у, и, ү, у.* |
| ***2 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>***Басты мақсат:*** Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту. | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойын: «Сыпайы сөздер дүкені»**<br>**Мақсаты:** белгілі бір жағдайда сыпайы сөздерді қолдана білуді қалыптастыру.<br>**Шарты:**Дүкендегі сөрелерге «сыпайы сөздер» орналастырылған: алғыс айту (рахмет, алғыс білдіремін), өтініштер (өтінемін, мархабат), сәлемдесу (сәлеметсіз бе, қайырлы күн, қайырлы таң), кешірім сұрау (кешіріңіз, ғафу етіңіз, өкінішті), жылы сөздер (құрметті ана, әке, анашым, әжетайым). Педагог жағдаяттарды сипаттайды, ал балалар сөреге кезек-кезек келіп, сатушыдан өзіне қажетті сөздерді «сатып алады» және жағдаяттарды талдай отырып, оларды қолданады.<br>**Жағдаят:**Анаң дүкеннен дәмді алма әкелді. Сен алмалардың дәмін татып көргің келді, бірақ анаң түскі асқа дейін күтуің керек деді. Сен анаңнан оны қалай сұрайсың? | | <br><br> | | **Ойын:«Құпия заттар»**<br>**Ойынның мақсаты:** қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.<br>**Шарты:** Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып, бір-бірін құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі. | |
| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:** | | | | | |
| | **3. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>(С)<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.<br>**Түсінеді:** сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **3. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ міндеті:** Ормандағы құстар жайлы,олардың пайдасы туралы айту<br>**Дағды**: Сана-сезімін,ақыл-ойын , есте сақтау қабілетін дамыту<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** ертегі тақырыбын, мазмұнын біледі, сурет бойынша әңгіме құрайды;<br>**Түсінеді:** орман емшісі туралы түсінеді, ажыратады;<br>**Қолданады:** ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, мәнерлеп жатқа айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **3. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>(С)<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.<br>**Түсінеді:** сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Артикуляциялық жаттығу жасау.** | **3. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ міндеті:** Ормандағы құстар жайлы,олардың пайдасы туралы айту<br>**Дағды**: Сана-сезімін,ақыл-ойын , есте сақтау қабілетін дамыту<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** ертегі тақырыбын, мазмұнын біледі, сурет бойынша әңгіме құрайды;<br>**Түсінеді:** орман емшісі туралы түсінеді, ажыратады;<br>**Қолданады:** ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, мәнерлеп жатқа айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | 4. **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету.<br>**Дағды:** Бір қолмен допты еденгесоғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** бірінші-екіншіге саналу, тізбекпен жүру, допты еденге бір қолмен соғу, ойындарда рөлдік әрекеттер жасау, релаксация. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолдану: Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>*«Күрекше»* – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>*«Ине»* – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Төбешік»* – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Түтікше»* – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?»<br>Мысалы: *б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н*. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;<br>дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.<br>**Білу:** «Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы<br>Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б.<br>«Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б. | | *«Күрекше»* – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>*«Ине»* – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Төбешік»* – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Түтікше»* – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?»<br>Мысалы: *б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н*. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;<br>дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.<br>**Білу:** «Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы<br>Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б.<br>«Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б.<br>**«Дауысты дыбысты сөз қос»дидактикалық ойыны**<br>–Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан | | **Түсінеді:** «ғарышкер, зымыран, жұлдыз» сөздерін біледі, өз әрекетін команданың әрекетімен үйлестірудің маңызын түсінеді, допты саусақтың ұшымен жұмсақ итеріп соғуды, кедергілерден аттап өтуді біледі.<br>**Қолданады:** ырғақты гимнастика жасау дағдылары, екі аяғымен бірдей екпінді итеріле алуы, жартылай бүгілген аяғына секіріп түсе білу, педагог белгісі бойынша шұғыл тоқтай алу, кез келген нұсқауды мұқият орындау, үлкен-кіші қадамдармен жүре білу дағдылары мен көзді жұмып кеңістікте қимылдай алуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Қолдану: «Түрлі түсті ғаламшар»** – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсыалып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.<br>**Білу: «Жорғалаушылар ғаламшары» –** бұл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Дауысты дыбысты сөз қос»дидактикалық ойыны**<br>–Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.<br>*Алма ...(үлкен), қой ... (арық), домалық ... ( өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ...( алма) т.б.* | | басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.<br>*Алма ...(үлкен), қой ... (арық), домалық ... ( өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ...( алма) т.б.* | | ғаламшардың тұрғындары тек еңбектеп, жорғалап қозғалады. Модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге жаттығу. Шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп залдың келесі жағына модульдерден асып өтеді. Қолдары мен аяқтарының жұмысын үйлестіруге, бағытын сақтап қозғалуға, басқа балаларға соғылмауға тырысады. **Түсіну: «Сиқырлы ғаламшар»** – бұл ғаламшардың тұрғындары алыптардан қортықтарға айнала алады. «Алыптар мен қортықтар» қимыл-қозғалыс ойыны. Залға шашырап бытырыңқы жүрісті орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды: шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяуәуенге кішкентай қадамдар жасап, қолдарын беліне қойып жүреді. |
| ***3 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|  | |   | | **Ойын:«Достық көмек»**<br>**Ойынның мақсаты:** балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды. | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| | **4Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>(<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету.<br>**Дағды:** Дене қимыл жаттығуларын төзімділік пенжаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** шаңғымен жүру, дайындық жаттығулары.<br>**Түсінеді:** шаңғышының тұрысы, яғни, шаңғымен жүрудің бастапқы қалпы, құлау менқауіпті неғұрлым болдырмау жолдары.<br>**Қолданады:** кеңістікті дұрыс бағдарлау дағдылары, денесі мен кеңістікті басқару, түзету жаттығуларын жасай алу, өз қимыл-әрекетін шынайы бағалау дағдылары.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Қолдану: Қозғалыс ойындары: «Сағат»**<br>Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағыттажүгіріп, бірін-бірі қуып жетуге тырысады. Ойында жаттығуларды екі бағытта қайталау керек (сағат тілімен, сағат тіліне қарсы). | **4. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау**.**<br>**Дағды:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дауысын дұрыс келтіріп ән орындайды, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл береді.<br>**Түсінеді:** вальс музыкасына қандай қозғалыс жасау керек екенін.<br>**Қолданады:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар***:<br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева). | **4.**<br>**Құрастыру–шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**ҰІӘ мақсаты:** тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай білуге үйрету;<br>қалдық заттарды,қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасай білу, ой-қиялын дамыту.<br>**Дағды:** балалардың қалдық заттармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден жануарлардың бейнесін жасай білуге үйрету. | **4** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсіну:Көзге арналған жаттығулар (И.В.Чупаха)**<br>Көз карашығын оңға, солға, жоғары, төмен айналдырып қозғалту.<br>10–20 секундқа қатты қысып жұмып тұрып, бұлшық еттерін босатып, көзін ашу. Көздінүсті-астын саусақтың жұмсақ жерімен ақырын уқалу.<br>Көздің үсті-астын, айналасын, қастарының үстінен ақырын сипау. (Бұл қимылдар рахат сыйлап, ұйқыны келтіреді)<br>Қабырғаға қарап 2–5 метр қашықтықта тұру.<br>Қабырғадан бір-бірінен 50 см қашықтықта, бірінің астында бірі тұрған екі нүктені белгілеп,сол нүктелердің бірінен екіншісіне көзден жол салу.<br>5 метр қашықтықтан 10–20 секунд бойы бір нүктеге қарап, тамашалау (йоганың тынығутәсілдерінің бірі).<br>Көзді жұмып, бірақ бос ұстап, көзді ішінен жоғары қозғалту. Көздің үстіңгі қабығы өзі төменге түсе бастайды. Бастапқы қалыпқа келтіру. Бірнеше рет қайталағанда, тыныштықорнағанын сезінеді. | Балалар музыкаға ілесіп, қорбаңдап, аюлардың жүрісін салады.<br>Ауыр қимылдап отырып-тұрады, отырғанда аяқтарын кезек-кезек созады, айналады.<br>Білу: ***Ойындар, хороводтар:*** «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны. | | | |
| ***4 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру | | | | | |
|   | | | **Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру;**<br>**Ойын: «Жапалақтар мен қарлығаштар»**<br>Жапалақтар мен қарлығаштар - ұлттық ойын. Ойын кең, жазық алаңда өтеді. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді де бірінің арқасына бірі арқасын қаратып, екі сан құрып тұрады. Бір қатардағыларды жапалақтар, екіншісін қарлығаштар деп атайды. Орталарынан біреуін ойын жүргізуші етіп сайлап алады. Ол ойыншылардың арасынан жүріп отырып, сөзін үзіп-үзіп, созып сөйлейді: қар (үзіліс) - лы - ғаш немесе жа..., ал сөз аяғын айтпайды. Сонда аты аталған топ бытырап қаша жөнеледі де, аты толық аталмаған топ оларды қуады. Ұсталған ойыншы ұстаған топтың ойыншыларының қатарына қосылады.<br>**Ойын тәртібі:** қашушылар мен ұстаушылар алдын ала келісілген белгі бойынша ұсталғанын мойындайды. Ол үшін қашушы ойыншы қолын тигізсе болды. Қай топтың жеңгенін ойын соңында қайсысының саны көп болса, соған қарай шешеді. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>(Ауа-райын бақылау) | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбекәрекеті**<br>(Математикалық планшетпен жұмыс) | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет** «Сыйластық» туралы әңгімелесу.<br>**Мақсаты:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>(кітап оқып беру);<br>**«Суреттерді құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>Жақсы мен жаман туралы әңгімелесу. |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету**<br>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №12**<br>**Қырауды бақылау.**<br>**Мақсаты** : балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.<br>**Көркем сөз.**<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>**Қимылды ойын:** «Суыққойлар»<br>**Мақсаты** : қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбек** : бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №13**<br>**Мұз сүңгісін бақылау.**<br>**Мақсаты:** балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.<br>**Тапсырма:** «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу.<br>**Сұрақтар:**<br>Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады?<br>Ол қандай? Сәбіз сияқты<br>Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады?<br>Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма?<br>Олар қайдан пайда болады?<br>Осыдан қандай қортынды жасауға болады?<br>**Көркем сөз:**<br>Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,<br>Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап,<br>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №14**<br>**Терезедегі өрнектерді бақылау.**<br>**Мақсаты:** балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау.<br>**Тапсырма:** трафареттің көмегнмен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.<br>**Көркем сөз:**<br>Бір топ бала сырғанап,<br>Барады әне жарысып.<br>Қалды артта қыр қалып.<br>**Қимылды ойын** : «Айлакер түлкі»<br>**Мақсаты:** оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу.<br>**Еңбек:** қардан бекініс жасауды үйрету.<br>**Мақсаты:** күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету.<br>**Жорамал:** қыз аязды болса – жаз ыстық болады. | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №15**<br>**Қыстың негізгі белгілерін бақылау**<br>***Мақсаты:*** балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>*Көркем сөз:*<br>Аппақ, аппақ ақшақар<br>Бірін ұстап алайын...<br>Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар,<br>Қайдан іздеп табайын?<br>(Жақан Смаков)<br>***Қимылды ойын:** «Аяз»*<br>***Мақсаты:*** тез жүгіруге жаттықтыру.<br>**Еңбек:** үйдің ауласын қардан тазартып қою.<br>Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу.<br>**Қимылды жаттығулар:** мұзды жолмен сырғанай білуге жаттықтыру.<br>***Жорамал:***<br>*Түтін будақтап шықса, аяз болады.* | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №16**<br>**Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.**<br>**Мақсаты** : балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауғаұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді.<br>Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жеке жұмыс** : тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы)<br>**Жорамал:**<br>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе,<br>. | Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.<br>Мұзафар Әлімбаев<br>**Қимылды ойын** : «Үйсіз қалған қоян»<br>**Мақсаты:** ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. | **Жұмбақ:**<br>Отта жанбайды<br>Суда батпайды. ( Мұз) | | айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.<br>**Көркем сөз:**<br>. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйреніcіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»

**Балалардың жасы:** 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:**25.12 – 29.12. 2023-2024 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 25.01** | **Сейсенбі 26.01** | **Сәрсенбі 27.01** | **Бейсенбі 28.01** | **Жұма 29.01** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1 жиынтық**<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Қолды алға созу, дөңгелекшені алға созылған | №2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 *жиынтық***<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары | №3 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 3 *жиынтық***<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген оң қолда. Қолды алға түзу созу, дөңгелекшені келесі қолға | № 4 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 4 *жиынтық***<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген. дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары көтеру, сол қолға ауыстыру, төмен түсіру. | №5 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1 *жиынтық***<br>***Орамалдармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, беторамал кеуде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сол қолға ауыстыру, қолды төмен түсіру (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқсәл алшақтатылған, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Отырып, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды арт жаққа ұстау;отыру, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшетөмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшені бастан асырып, жоғары, түзу көтеру, жүрелеп отыру, қолды төмен түсіру (5 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ бірге қойылған, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет). | көтеру, оны сол қолға ауыстыру, төмен түсіру (4 рет).<br>2. Б.қ.: сондй, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, қолды түзу ұстап, дөңгелекшені алға созу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет).<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң қолда. Оңға ( солға) бұрылу, дөңгелекшені оң (сол) аяқтың ұшына қою,бұрылу, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту ( әр жаққа 3 реттенн).<br>4. Б.қ.: аяқ бірге, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет). | ауыстырып, қолды түсіру (8 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды артқа ұстау. Отыру, дөңгелекшені алу, бастапқы қалыпқа қайту.<br>3. Б.қ.: жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Түзелу, дөңгелекшені басынан асырып, жоғары, түзу көтеру, бастапқы қалыпқа қайту (5-7 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, дөңгелеше еденде. Аздаған үзіліс жасап, дөңгелекшені айналып, екі аяқпен секіру. | 2. Б.қ.: өкше түйістірілген, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, дөңгелекшеніалға созу, қолды түзулеп, бастапқы қалыпқа қайту.<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң (сол) аяқтың ұшында. Бұрылу, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (әр жаққа 3 реттен).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қолды төмен ұстау, дөңгелекше еденде. Дөңгелекшені айналып, екі аяқпен екі бағытқа секіру. | тұсындағы екі қолда. Қолды алға созып, түзу ұстау – бетoрамалды көрсету, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, төмен түсірілген екі қолда бетoрамал. Еңкею және оңға-солға бұлғау, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).<br>3. Б.қ.: өкше түйістірілген, бетoрамал төмен түсірілген екі қолда. Отыру, бетoрамалды алға созу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>4. Б.қ.: бетoрамалды жоғары көтеру, отыру, бетoрамалдың артына жасырыну, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).<br>5. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қол белде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, екі аяқтап секіру (2 рет). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |

***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты***

| **ҰІӘ** | | **25.12.23 Дүйсенбі** | **26.12.23 Сейсенбі** | **27.12.23 Сәрсенбі** | **28.12.23 Бейсенбі** | **29.12.23 Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері | Сөйлеуді дамыту<br>Математика | Сауат ашу негіздері<br>Музыка |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | *Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | *Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Көркем әдебиет | Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік».<br>**Дағды**: Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**Қолданады:** бөліктерден пішін құрастыруды;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **1. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Жаңа жыл туралы түсініктерін кеңейту. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету.<br>**Дағды:** Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын атайды, өлеңді жаттайды;<br>**Түсінеді:** өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі, жаңа жылда алған әсерлері туралы айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану. | **1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік».<br>**Дағды**: Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**Қолданады:** бөліктерден пішін құрастыруды;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.** Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды. | **1. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Жаңа жыл туралы түсініктерін кеңейту. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету.<br>**Дағды:** Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын атайды, өлеңді жаттайды;<br>**Түсінеді:** өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі, жаңа жылда алған әсерлері туралы айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Сергіту сәті:<br>Қар борайды оң жақтан,<br>Қар борайды сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ, Су | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Қолдану: «Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.<br>Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды.<br>Түсіну: Қарбыз қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (екі бөлік)<br>-Қарбыздың бір бөлігін қалай атауға болады? (жарты)<br>-Алманы қандай бөліктерге бөлген?(тең)<br>-Олардың саны қанша? (төрт бөлік)<br>-Алманың бір бөлігін қалай атауға болады? (төрттен бір)<br>-Шоколад қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (үш бөлік)<br>-Шоколадтың бір бөлігін қалай атауға болады? (үштен бір)</td>
<td>Қолдану: Сергіту сәті:<br>Қар борайды оң жақтан,<br>Қар борайды сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан.<br>Балалар қимылмен орындайды.</td>
<td>Түсіну: Қарбыз қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (екі бөлік)<br>-Қарбыздың бір бөлігін қалай атауға болады? (жарты)<br>-Алманы қандай бөліктерге бөлген?(тең)<br>-Олардың саны қанша? (төрт бөлік)<br>-Алманың бір бөлігін қалай атауға болады? (төрттен бір)<br>-Шоколад қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (үш бөлік)<br>-Шоколадтың бір бөлігін қалай атауға болады? (үштен бір)</td>
<td>өтеді қолғаптан.<br>Балалар қимылмен орындайды.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">1 үзіліс -<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.<br>«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға » арналған ойын: «Сиқырлы ғажайып орман»<br>Басты мақсат: белгі бойынша қимыл-қозғалыс <u>жасауға дағдыландыру</u>, <u>зейіндерін</u>, <u>байқағыштықтарын</u>, жүгіру дағдыларын дамыту.</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Сиқырлы саусақтар.**<br>1 Таң қалу ( екі қолдың бас бармағын көтеру)<br>2 Өзіңді көрсету (Бір саусақпен)<br>3 Сәлемдесу (қолды жоғары көтеру)<br>4 Қорқыту (сұқ саусақпен)<br>5 Жеңіс! (екі қолды жоғары көтеру) |  <br> | **Ойын: *«Сиқырлы ғажайып орман»***<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Шарты:**<br>Қазір біз ғажаптарға толы, жайдарман әрі сиқырлы орманға айналамыз. Екі топқа бөлінеміз: орман-тоғай болып екі қатарға тұрамыз. Біздің қолдарымыз – орманда серуендеп келе жатқан адамды нәзік, абайлап қана сипалайтын ағаштардың бұтақтары болады. Ал енді барлықтарыңызды бір-бірден осы сиқырлы орман ішінен өтуге шақырамыз, ал қалғандарың серуендеуші адамның басынан, қолынан, арқасынан сипалап, сиқырлы ағаштар болуға шақырамыз. |

## 2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын | **2.Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту. Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету.<br>**Дағды**: Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** диалогті түрде сөйлеуді, ертегінің мазмұнын айтады**;** | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту.<br>**Дағды:** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** буын санына қарай сөздерді ажыратады **Түсінеді:** буында бір ғана дауысты дыбыс болатынын.<br>**Қолданады:** сөздерді буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Сөздерді буынға бөл»дидактикалық жаттығуы**<br>– Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер. | **2.Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту. Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету.<br>**Дағды**: Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** диалогті түрде сөйлеуді, ертегінің мазмұнын айтады**;**<br>**Түсінеді:**шырша мен қайыңның айырмашылығын; | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету.<br>**Дағды:** Ынтымақ пен бірлігі жарасқан елдерді суреттеу қабілеттерін дамыту; зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** ынтымағы жарасқан елдер туралы айтып, ажыратады.<br>**Түсінеді**: адамға әкелетін пайдасын түсінеді.<br>**Қолданады**: коммуникативтік байланыс орната біледі, топпен жұмыс істей алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану**.** | **Түсінеді:**шырша мен қайыңның айырмашылығын;<br>**Қолданады:** берілген дыбыстан басталатын сөз айтады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Қолдану:**<br>**Дидактикалық ойын:** «Берілген дыбысқа сөзді ата».<br>**Ойын шарты:** Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс.Ойын осылай жалғасын табады.<br>***Білу:*** Ағашқа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп алайық.Ма**қал-мәтелдер:**<br>Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты.<br>Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойынаегілген ағаш.<br>Қарағайға қарап – тал өсер,Қатарына қарап – бала өсер. | Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б.<br>**Түсіну:** «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы<br>(*Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады)*<br>–Айсұлу бізге **-та** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.*<br>**-ба** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.*<br>**-са** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.* | **Қолданады:** берілген дыбыстан басталатын сөз айтады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Қолдану: Дидактикалық ойын:** «Берілген дыбысқа сөзді ата».<br>**Ойын шарты:** Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс.Ойын осылай жалғасын табады.<br>***Білу:*** Ағашқа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп алайық.Ма**қал-мәтелдер:**<br>Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты.<br>Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойынаегілген ағаш.<br>Қарағайға қарап – тал өсер,<br>Қатарына қарап – бала өсер. | |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

***Басты мақсат:*** **қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.**







**Ойын: «Джунглидағы жаңбыр»**

**Ойынның мақсаты:** қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

**Нұсқау:**

-Бір-біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Джунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).

- Жел көтеріліп желкіді ( арқаны қаттырақ басамыз) .
- Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)
- Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)
- Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).
- Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).
- Тағы да нөсер жауын жауды.
- Ұсақ жаңбыр сіркіреді.
- Дауыл соқты.
- Жел соқты.
- Жел басылып келеді.

## 3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды бекіту. «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту.<br>**Дағды:** Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды. | **3. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимылүйлесімдігін дамыту. Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру қабілеті мен ұсақ бұлшық еттер моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** Бір Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл | **Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты** Балаларды әскеи мамандық түрлерімен таныстыру,әскери мамандық туралы жалпы білім беру.Киімге;қару-жарақ,әскеи техникаға қарап,әскери қызметтерді ажырата білу дағдыларын дамыту,әскер туралы түсініктерін кеңейту.Әскери мамандықтарға | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсінеді:** дыбыстардың жасалу жолын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>*«Күрекше»* – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>*«Ине»* – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Төбешік»* – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Түтікше»* – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Түсіну:Дидактикалық ойын: «Дұрыс көрсет»**<br>Педагог балаларға дыбыстарды айтады, балалар алдарындағы қызыл, көк түсті белгілерді көрсету арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>Мысалы: *й, ц, к, е, н, г, ш, щ, з, х, ф, ы, в, а, п, р, о, л, д, ж, э, с, м, и, т, б.*<br>Педагог балаларға дауысты дыбыстарды айтады, балалар жіңішке дауысты дыбыстарға қызыл, жуан дауысты дыбыс айтылса, қара түсті белгілерді көрсетеді. Мысалы: *а, о, ұ, ы, ә, ө, е, э, і, у, и, ү, у.* | итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта қону дағдыларын жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** омыртқасының қисаюы мен жалпақтабанның алдын алуға негізделегн жалпы дамыту жаттығуларын жасап, психоэмоциялық ширығуды, үрейді, қобалжуды басу.<br>**Түсінеді:** «Жігіт» ұғымын, эстафеталарды орындау ережелерін, командада қимыл-іс әрекеттерін келісуді, фитболмен секіру кезінде еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілгенаяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону.<br>**Қолданады:** бастапқы қалыпқа оралу, фитболды заттардың арасымен сырғыту, сап түзеу, қайта сап түзеу, заттардың арасымен жорғалауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу.<br>Қамшымен жалпы дамыту жаттығуларын жасау.<br>**Білу:** Жарыс түріндегі **негізгі қимылдарды орындау.**<br>**«Ең ептілер»**. Баспалдақ сатыларының арасымен жорғалау. (2рет)<br>Белгі бойынша алғашқы ойыншы баспалдақ сатыларының арасымен жорғалайды,модульды айналып өтіп дәл сол тәсілмен қайта | қызығушылықтарын тудыру.Отан қорғаушыларға деген мақтаныш сезімдерін ояту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды** әскери мамандықтарды атайды.<br>**Түсінеді**: әскери мамандықтың маңыздылығын түсінеді.<br>**Қолданады**: коммуникативтік байланыс орната біледі, топпен жұмыс істей алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ойын *«Жерде, әуеде, суда»***<br>Шарты;Суда дегенде балалар жүзіп көрсетеді,әуеде дегенде қолдарымен ұшып көрсетеді,жерде дегенде аяқтарымен жүреді. | таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік».<br>**Дағды**: Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**Қолданады:** бөліктерден пішін құрастыруды;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.**<br>Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады.<br>Бөліктерден бүтін фигура жасайды.<br>**Түсіну:** Қарбыз қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (екі бөлік)<br>-Қарбыздың бір бөлігін қалай атауға болады? (жарты)<br>-Алманы қандай бөліктерге бөлген?(тең)<br>-Олардың саны қанша? (төрт бөлік)<br>-Алманың бір бөлігін қалай атауға болады? (төрттен бір)<br>-Шоколад қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (үш бөлік) | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td colspan="2">қайтып, қолындағы қамшыны келесі ойыншыға береді. Ойын жалғаса береді.<br>Түсіну: Қорытынды кезең (рефлексия). Жігіттер жайлы мақал-мәтелдер.<br>Ер сүрінбей ел танымас,<br>Ат сүрінбей жер танымас.<br>Жеті қырлы балықты, сегіз қырлы жігіт алады.</td><td colspan="2"></td><td>-Шоколадтың бір бөлігін қалай атауға болады? (үштен бір)</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="8">3 үзіліс –<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары</td></tr>
<tr><td colspan="2">Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Көру – көзбен көру.<br>Тыныс алу – мұрынмен дем алу.<br>Есту – құлақпен есту.<br>Ұстау – қолмен ұстау.<br>Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау).<br>Қ-қ-қ-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз.<br>Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі- сүлгі.</td><td colspan="3"> </td><td colspan="3">Ойын:«Патша»<br>Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты:Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш-ш-ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш-ш-ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.</td></tr>
<tr><td colspan="8">4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Зейінді шоғырландыра білу дағдыларын қалыптастыру, талдау мен біріктіружүйелерін үйлестіре білуін дамытуға жағдай жасау. Қар кесегін көлденең нысанаға лақтыруды үйрету. Қолды жоғары, алға белсенді шығара отырып, айналдыра қимылдату арқылы сермеп лақтыруға дағдыландыру. Жалғыз аяқпен секіріп, екінші аяқпен допты теуіп жүргізуді, табанның алдыңғы жағына күш салып серпіліп көтеріле білуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Қысқа секіртпеден секіру дағдыларын бекіту. Жүгірудегі адымды талдау, дифференциялауды қалыптастыру.Ептілік, күштілік, төзімділік, зейінді шоғырландыру дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Түсінеді:** бастапқы қалыпқа келу; жаттығуларды орындау ережелерін сақтау; қолбасының (айналмалы) қимылын, аяқтың (тігінен) қозғалуын үйлестіре білу; шайбаны аяқпен ақырын итеріп жүргізу; қозғалыс ойындарының ережесін сақтау.<br>**Қолданады:** жаттығуларды орындау барысында зейінді шоғырландыру, бөлу; сап түзеу, жүру | **4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. пен ептілікті білдіру.<br>**Дағды:** Ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыс биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** әннің сипатын қабылдайды, дауысын дұрыс келтіріп орындайды.<br>**Түсінеді:** жұмбақ өлеңнің мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі<br>**Қолдану:** *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт).<br>Балалар қолдарына лента ұстап, сол лентамен қимылдар жасайды. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды кезектестіріп айналдырып, орындарында тұрып айналып, қимылдар жасайды. | **4.**<br>**шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**ҮІӘ мақсаты:** тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай білуге үйрету; қалдық заттарды,қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасай білу, ой-қиялын дамыту.<br>**Дағды:** балалардың қалдық заттармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден жануарлардың бейнесін жасай білуге үйрету. | | |

***4 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру**

**Африкаға саяхатқа шығуды ұсынады.**

Африка – ыстық ел. Онда арыстан, маймыл, керік, піл т.б. көптеген жануарлар тіршілік етеді. Түрлі түсті құстар өте көп. Бегемоттармен қолтырауындар да бар.

Африка, Африка,
Ғажайып ел!
Африка, Африка,
Ыстық ел!
Африка, Африка, Тәтті
банандар! Өйткені
Африкадажыл бойы
жаз!

**«Ыстық елдің жануарлары»:**

Қол-қол – мынау – қолтырауын. (Балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады).
Мот-мот-мот – пайда болды бегемот.
(Ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді.)Ке-ке-ке – мойны ұзын керік.
(Керік сияқты аспанға созылады).
Пі-пі-пі – су шашады піл.
(Піл сияқты су шашады: ұрттарын толтырып, су бүркіген сияқтықимылдайды.)
Май-май-май – маймылды қара, пай-пай!
(Секіріп жүрген маймылды салады).

Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.

**Бетке массаж жасау (уқалау)**

Мақсаты: беттегі белсенді нүктелерді уқалап, суық тиюдің алдын алу.Шеке, бет, мұрын ұшын уқалайды: саусақтарымен ақырын ұрады.
Саусақ ұшымен қастарынан бастап сағат тілінің жүрісіндей көздерін айналдырып 5-6 ретжүргізеді. Қас пен самайдың арасын баяу саусақ ұшымен жүргізеді.
Алақандарымен көздерін басады, кірпіктерін сипайды.







| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>Қыс мезгілі туралы сурет бойынша өз ойын айытқызу. | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті**<br>Нұрымға пішіндерді салыстыра білуге үйрету<br>Дидактикалық ойын: «Атын атап бер»<br>Мақсаты: Пішіндердің түстерін атайды сипау арқылы сипаттайды. | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Айболға сурет бойынша әңгіме құрастырту.<br>**Мақсаты:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>(кітап оқып беру);<br>**«Суреттерді құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>Жақсы мен жаман туралы әңгімелесу.<br>Арнурға сурет бойынша өз ойын айытқызу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №17**<br>**Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау**<br>**Мақсаты***:*<br>— Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту,<br>— Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады**<br>Бұл неткен күшті тазалаушы еді,<br>Үйілген қарды<br>Әп- сәтте жинап алды? (қар жинайтын машина)<br>Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады.<br>♦ Олар неден жасалған? (темір сымдардан)<br>♦ Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті)<br>♦ Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар) | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №18**<br>**Аула тазалаушы еңбегін бақылау**<br>**Мақсаты***:*<br>— Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру;<br>— Сөздік қорларын байыту;<br>— Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу;<br>— Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>♦ Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді?<br>♦ Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады?<br>♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді?<br>♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе?<br><br>**Еңбек**<br>Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.<br>*Мақсаты:*<br>-бірлесе жұмыс істеуге үйрету;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Екі аяз»<br>*Мақсаты жүкіруге жаттықтыру*; | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №19**<br>**Ауладағы ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты***:*<br>— Ағаштар туралы білімдерін бекіту;<br>— Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Ағаштар» М.Әлімбаев**<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Тау баурайы төменде,<br>Өседі жас емендер.<br>Ауыл сәні терек,<br>Терек егу керек.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>Басқа ағашпен аралас,<br>Жайқалады қарағаш<br>Көк қарағай, қарағай,<br>Мейірбанды анадай,<br>Көкке бойын созады,<br>Көпке қолын созады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦ Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған<br>♦ Ағаштар не үшін керек?<br>♦ Ол адамға не береді?<br>♦ Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?<br>♦ Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер? | **Желтоқсан**<br>**Серуен-Бақылау №20**<br>**Қарды бақылау**<br>**Мақсаты***:* Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев**<br>Қысым-ақ, қысым-ақ,<br>Жібердің қысып-ақ.<br>Қалмаспыз біз деген,<br>Боранға ұшырап.<br>Аппақ қар жауа бер,<br>Риза ғой саған ел.<br>Боратты-ау бораным,<br>Қайратын қарай көр.<br>Біз батыл баламыз,<br>Жылы үй, қорамыз.<br>Ақ ұлпа қарыңнан,<br>Аққала соғамыз.<br>Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз коректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алысқа лақтырады)<br>♦ Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды)<br>♦ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру<br>***көтерілсе, аяз болады*** | — Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау<br>**Жаттығу ойындары**<br>Шаңғымен жүру.<br>***Мақсаты :*** шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту. | ♦ Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады?<br>♦ Ағаштардың бір- бірінен қандай айырмашылықтары болады?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Балалар аландағы әр ағаштың бұтақтары, діндері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптеріне қар үю.<br>*Мақсаты:* ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу..<br>**Қимылды ойын**<br>«Аулада қандай ағаштар өседі?».<br>***Мақсаты:***<br>— Ағаштардың аттарын есте баулу. | тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ қыс айларын атаңдар?<br>♦ қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады?<br>♦ қарқатқақ қалай пайда болады?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балабақша ауласындағы ашық аландағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге?<br>. | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:**08.01 – 12.01. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 08.01 | Сейсенбі 9.01 | Сәрсенбі 10.01 | Бейсенбі 11.01 | Жұма 12.01 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№1 жиынтық**<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Қолды алға созу, дөңгелекшені алға созылған сол қолға ауыстыру, қолды төмен түсіру (5 рет). | №2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 2 *жиынтық***<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары көтеру, оны сол қолға ауыстыру, төмен түсіру | №3 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 3 *жиынтық***<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген оң қолда. Қолды алға түзу созу, дөңгелекшені келесі қолға | № 4 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 4 *жиынтық***<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген. дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары көтеру, сол қолға ауыстыру, төмен түсіру. | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 1 *жиынтық***<br>***Орамалдармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, беторамал кеуде тұсындағы екі қолда. Қолды алға созып, түзу ұстау – беторамалды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Б.қ.: аяқсәл алшақтатылған, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Отырып, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды арт жаққа ұстау;отыру, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшетөмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшені бастан асырып, жоғары, түзу көтеру, жүрелеп отыру, қолды төмен түсіру (5 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ бірге қойылған, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет). | (4 рет).<br>2. Б.қ.: сондй, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, қолды түзу ұстап, дөңгелекшені алға созу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет).<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң қолда. Оңға ( солға) бұрылу, дөңгелекшені оң (сол) аяқтың ұшына қою,бұрылу, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту ( әр жаққа 3 реттенн).<br>4. Б.қ.: аяқ бірге, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет). | ауыстырып, қолды түсіру (8 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды артқа ұстау. Отыру, дөңгелекшені алу, бастапқы қалыпқа қайту.<br>3. Б.қ.: жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Түзелу, дөңгелекшені басынан асырып, жоғары, түзу көтеру, бастапқы қалыпқа қайту (5-7 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, дөңгелеше еденде. Аздаған үзіліс жасап, дөңгелекшені айналып, екі аяқпен секіру. | 2. Б.қ.: өкше түйістірілген, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, дөңгелекшеніалға созу, қолды түзулеп, бастапқы қалыпқа қайту.<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң (сол) аяқтың ұшында. Бұрылу, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (әр жаққа 3 реттен).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қолды төмен ұстау, дөңгелекше еденде. Дөңгелекшені айналып, екі аяқпен екі бағытқа секіру. | көрсету, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, төмен түсірілген екі қолда беторамал. Еңкею және оңға-солға бұлғау, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).<br>3. Б.қ.: өкше түйістірілген, бетораман төмен түсірілген екі қолда. Отыру, беторамалды алға созу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>4. Б.қ.: беторамалды жоғары көтеру, отыру, беторамалдың артына жасырыну, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).<br>5. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қол белде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, екі аяқтап секіру (2 рет). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |

***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты***

| **ҰІӘ** | **Дүйсенбі 08.01** | **Сейсенбі 9.01** | **Сәрсенбі 10.01** | **Бейсенбі 11.01** | **Жұма 12.01** |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |

| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту.<br>**Дағды:** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** буын санына қарай сөздерді ажыратады<br>**Түсінеді:** буында бір ғана дауысты дыбыс болатынын.<br>**Қолданады:** сөздерді буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Сөздерді буынға бөл»дидактикалық жаттығуы**<br>– Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер.<br>Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа- | **1Сөйлеуді дамыту- танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** қазақ халқының аңыз - күйлерін, ертегі - дастандарын тыңдауға қызығушылығын арттыру. Музыка тыңдау ережесін еске түсіру;<br>**Дағды**: Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** шығармашылық әңгіме құрайды.<br>**Түсінеді:** ертегі мазмұнын түсінеді, қардың қандай болатынын ;<br>**Қолданады:** Үйренген ән мазмұнына байланысты сурет салу.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>***Қолдану:*** Дидактикалық ойын:<br>«Қай мезгілде ойнаймыз?» | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттеріҰІӘ мақсаты:** «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту.<br>**Дағды**: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** санауды,«көбірек», «азырақ», «бірдей», «тең» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** белгінің мәні мен мағынасын;<br>**Қолданады:** сандарды санауды және салыстыруды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Ойын жаттығуы:**<br>**Ойын жаттығуы: «Сана»**<br>Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген | **1. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігіҰІӘ мақсаты:** Жақсы мен жаман туралы түсініктерін кеңейту. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>**Дағды**: Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, сурет бойынша әңгіме құрайды;<br>**Түсінеді:** жақсылық пен жамандықты түсінеді, ажыратады;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, мәнерлеп жатқа айтады.Жақсылық туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Сөздік жұмыс:**<br>*Жақсы бала* – ақылды, таза, ұқыпты бала.<br>*Шалалық* – бастаған жұмысын аяқтамау, дұрыс жасамау. | **1. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін түсіндіру.<br>**Дағды:** Берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстың сөз ішіндегі орнын анықтайды.<br>**Түсінеді:** дыбыстардың сөз ішінде өз орындары бар екенін түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстар туралы білімдерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну: *«Жалпы атауын ата»*** ойынын педагог ойнатады.<br>1. Автобус, такси, трамвай – ... *(көліктер)*<br>3.Қыс, көктем, жаз, күз – ... *(жыл мезгілдері)*<br>Кептер, қарға, сауысқан – ... *(құстар)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б.<br>**Түсіну:** «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (*Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады)*<br>–Айсұлу бізге **-та** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.* | | карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады.<br>**Түсіну: Жұптық жұмыс**<br>Әр балада белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар (шаршылар, үшбұрыштар, сопақша, шеңберлер).<br>Педагог саны бар карточканы көрсетеді (мысалы, 3).<br>Жұптың әр ойыншысы көрсетілген санға қарай фигура көрсетеді.<br>Әрқайсысында неше фигура бар? (3).<br>Олардың саны туралы не айтуға болады? (олар тең).<br>Балалар фигуралармен практикалық жұмыс жасайды. Фигуралардың тең екендігі туралы қорытынды жасайды. | **Түсіну: Есіңе сақта:**<br>«Болғың келсе жақсы адам,<br>Жақсылық жаса әрқашан». | Қызанақ, қияр, қызылша – ... *(көгөністер)*<br>**Білу:** «Сөз тізбек» дидактикалық ойыны<br>Педагог қандай да бір сөзді айтып, допты бір балаға береді, сөз аяқталған дыбыстан бала бір сөз айтып, допты келесі балаға береді.<br>Мысалы: *бақа-алма-алмұрт- темір-рауғаш-шахмат-тал-лақ т.б.*<br>Ойын өстіп жалғасын табады. Сөздегі бірінші дыбыс пен соңғы дыбысты айқынырақ айтып отыру керек.<br>Сөз тізбегін ойнау барысында сендер нені көңіл бөліп тыңдауды үйрендіңдер? (Дыбыстарды).<br>**Қолдану:** ***«Дыбыстың сөздегі орнын тап»дидактикалық жаттығуы***<br>Балалар, **піл, апа, қап** сөздерінде «п» дыбысы қай жерде орналасқанын табайық. Сызбаларға белгілейік.<br>Балалар піл сөзінде «п» дыбысының бірінші |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>тұрғанын, апа сөзінде ортасында тұрғанын, қап сөзінде соңында тұрғанын айтады.</td></tr>
<tr><td colspan="6">1 үзіліс -<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.<br>«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға » арналған ойын: «Сиқырлы ғажайып орман»<br>Басты мақсат: белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сиқырлы саусақтар.<br>1 Таң қалу ( екі қолдың бас бармағын көтеру)<br>2 Өзіңді көрсету (Бір саусақпен)<br>3 Сәлемдесу (қолды жоғары көтеру)<br>4 Қорқыту (сұқ саусақпен)<br>5 Жеңіс! (екі қолды жоғары көтеру)</td><td colspan="2"> <br></td><td colspan="2">Ойын: «Сиқырлы ғажайып орман»<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Шарты:<br>Қазір біз ғажаптарға толы, жайдарман әрі сиқырлы орманға айналамыз. Екі топқа бөлінеміз: орман-тоғай болып екі қатарға тұрамыз. Біздің қолдарымыз – орманда серуендеп келе жатқан адамды нәзік, абайлап қана сипалайтын ағаштардың бұтақтары болады. Ал енді барлықтарыңызды бір-бірден осы сиқырлы орман ішінен өтуге шақырамыз, ал қалғандарың серуендеуші адамның басынан, қолынан, арқасынан сипалап, сиқырлы ағаштар болуға шақырамыз.</td></tr>
<tr><td colspan="6">2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:</td></tr>
<tr><td></td><td>2. .Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі<br>ҰІӘ мақсаты:<br>Балаларға жыл,жылдың төрт мезгілі(әр мезгілде Зай),12 ай туралы түсініктерін қалы</td><td>2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі<br>ҰІӘ мақсаты: Жақсы мен жаман туралы түсініктерін кеңейту.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.</td><td>2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет<br>ҰІӘ мақсаты: сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту.</td><td>2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет<br>ҰІӘ мақсаты: әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету<br>Дағды: құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын,</td><td>4. Музыка- шығармашылық әрекет.<br>ҰІӘ мақсаты: Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | птастыру,қысқы ай атаулар ын қайталау.<br>Жыл мезгілдері,ай аттары, апта күндері,тәулік бөлікте рінің реті туралы білімдерін бекіту.<br>Логикалық ойлау қабілет шығармашылық мүмкіндікт ерін арттыру<br>**Дағды:** ой-өрісін дамыту, табиғаттың әр кезеңінде әртүрлі өзгерістер болатынын байқауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** жыл мезгілдерінің түрлерін атап береді, жыл мезгілдерін бір-бірінен ажыратады.<br>**Түсінеді**: адамға әкелетін пайдасын түсінеді.<br>**Қолданады**: коммуникативтік байланыс орната біледі, топпен жұмыс істей алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Балаларды зерттеу жұмысына қатысуға**<br>**Түсіну: «Ой-пой-пой» дидактикалық ойыны.** | **Дағды**: Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, сурет бойынша әңгіме құрайды;<br>**Түсінеді:** жақсылық пен жамандықты түсінеді, ажыратады;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, мәнерлеп жатқа айтады.Жақсылық туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Сөздік жұмыс:**<br>*Жақсы бала* – ақылды, таза, ұқыпты бала.<br>*Шалалық* – бастаған жұмысын аяқтамау, дұрыс жасамау.<br>**Түсіну: Есіңе сақта:**<br>«Болғың келсе жақсы адам,<br>Жақсылық жаса әрқашан». | **Дағды:** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** буын санына қарай сөздерді ажыратады<br>**Түсінеді:** буында бір ғана дауысты дыбыс болатынын.<br>**Қолданады:** сөздерді буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Сөздерді буынға бөл»дидактикалық жаттығуы**<br>– Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер.<br>Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б.<br>**Түсіну:** «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы | дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** педагогпен бірге сұраққа жауап береді.;<br>**Түсінеді:**әңгіме мазмұнын түсінеді.<br>**Қолданады:**әңшіме ішіндегі сөздерден, дауыссыз дыбыстарды табуды<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу:** Мақал-мәтелдер 1<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын:<br>Саусақ жаттығу:<br>Тоқ, тоқ тоқылдақ<br>Тыңбай қойдың тоқылдап<br>Отыр міне ағашта<br>Тұмсығымен соққылап<br><br>Тапсырма ауызша орындалады. | **Дағды:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланысу.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт).<br>Балалар қолдарына лента ұстап, сол лентамен қимылдар жасайды.<br>Қолдарын жоғары көтеріп, қолды кезектестіріп айналдырып, орындарында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | (*Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады)*<br>–Айсұлу бізге **-та** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.*<br>**-ба** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.*<br>**-са** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.* | | тұрып айналып, қимылдар жасайды.<br>**Қолдану: Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев).**<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Педагог топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді. Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді. |
| ***2 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |

| Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары<br>*Басты мақсат:* қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету. | | |
|---|---|---|
|  | <br> | **Ойын: «Джунглидағы жаңбыр»**<br>**Ойынның мақсаты:** қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.<br>**Нұсқау:**<br>-Бір-біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Джунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).<br>- Жел көтеріліп желкіді ( арқаны қаттырақ басамыз) .<br>- Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)<br>- Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)<br>- Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).<br>- Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).<br>- Тағы да нөсер жауын жауды.<br>- Ұсақ жаңбыр сіркіреді.<br>- Дауыл соқты.<br>- Жел соқты.<br>- Жел басылып келеді. |

| 3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту. | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту.<br>**Дағды:** Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарайшұғыл | **3.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Балаларға жыл,жылдың төрт мезгілі(әр мезгілде 3ай),12 ай туралы түсініктерін қалыпта стыру,қысқы ай атауларын қайталау.<br>Жыл мезгілдері,ай аттары, апта күндері,тәулік Бөліктерінің реті туралы білімдерін бекіту. | **Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br><br>**ҰІӘ мақсаты:** «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті | **. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгірумен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену.<br>**Дағды:** «Түзу қолмен төменнен» лақтыруды орындап жаттығу. Баяу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дағды**: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:**<br>санауды,«көбірек», «азырақ», «бірдей», «тең» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** белгінің мәні мен мағынасын;<br>**Қолданады:** сандарды санауды және салыстыруды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Ойын жаттығуы:**<br>**Ойын жаттығуы: «Сана»**<br>Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады.<br>**Түсіну: Жұптық жұмыс**<br>Әр балада белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар (шаршылар, үшбұрыштар, сопақша, шеңберлер). | шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** омыртқасының қисаюы мен жалпақтабанның алдын алуға негізделегн жалпы дамыту жаттығуларын жасап, психоэмоциялық ширығуды, үрейді, қобалжуды басу.<br>**Түсінеді:** Командада қимыл-іс әрекеттерін келісуді, фитболмен секіру кезінде еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілгенаяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону.<br>**Қолданады:** бастапқы қалыпқа оралу, фитболды заттардың арасымен сырғыту, сап түзеу, қайта сап түзеу, заттардың арасымен жорғалауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** «Дегелек» ойыны. Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды.<br>Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды<br>**Білу:** «Дуал саламыз!» ойыны Шаңғымен оң жаққа, сол жаққа сүйем қадамдар жасап жүреді.<br>«Мұқият бол!» ойыны | Логикалық ойлау қабілет шығармашылық мүмкіндіктерін арттыру<br>**Дағды:** ой-өрісін дамыту, табиғаттың әр кезеңінде әртүрлі өзгерістер болатынын байқауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** жыл мезгілдерінің түрлерін атап береді, жыл мезгілдерін бір-бірінен ажыратады.<br>**Түсінеді**: адамға әкелетін пайдасын түсінеді.<br>**Қолданады**: коммуникативтік байланыс орната біледі, топпен жұмыс істей алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Балаларды зерттеу жұмысына қатысуға**<br>**Түсіну: «Ой-пой-пой» дидактикалық ойыны.**<br>**Мен жұмбақ жасырамын, сендер шешуін тауып айтуларың керек.** | анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту.<br>**Дағды**: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:**<br>санауды,«көбірек», «азырақ», «бірдей», «тең» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** белгінің мәні мен мағынасын;<br>**Қолданады:** сандарды санауды және салыстыруды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Ойын жаттығуы:**<br>**Ойын жаттығуы: «Сана»**<br>Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген | жүгіру, жүгіру кезінде алған қарқынын жоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу. Көлденең нысанаға асық лақтыру дағдаларын жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жұппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары мен «түзу қолмен төменнен» асық ату, арқаннан ұстап салбырап тұруды.<br>**Түсінеді:** «батыр» ұғымы, Қазақстан тарихындағы батыр бабалардың рөлі, нысананың дәлортасына тигізу, жұптағы іс әрекетін үйлестіріп, жүгіру мен белгілеген жерден итеріліп, секіруді үйлестіруді.<br>**Қолданады:** жүру мен жүгіруде қалыпты арақашықтықты сақтау, бастапқы қалыпқа келу, шеңбер бойымен өз бетімен тапсырмаларды орындау, сапқа тұру, қайта тұру, гимнастикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог саны бар карточканы көрсетеді (мысалы, 3).<br>Жұптың әр ойыншысы көрсетілген санға қарай фигура көрсетеді.<br>Әрқайсысында неше фигура бар? (3).<br>Олардың саны туралы не айтуға болады? (олар тең).<br>Балалар фигуралармен практикалық жұмыс жасайды.<br>Фигуралардың тең екендігі туралы қорытынды жасайды. | Балалардың барлығы Педагогтің белгісіне мұқият қарап, сәйкес қимылдар жасайды.Жасыл жалау көтерілсе – жүреді, қызыл көтерілсе – шұғыл тоқтайды.<br>**Түсіну:** Мимикалық жаттығулар Маңдайын жиырып, қабағын көтереді, босатады. 1 мин маңдайын жап-жазық етіп ұстауғатырысады.<br>Қабағын түйіп (ашуланып), қасын босатады.<br>Көздерін бақырайтып (қорқып), көздерінің үстін қайта босату (жалқаулану). | | заттар санына тең деп айтуға болады. | қабырғамен әртүрлі тәсілмен өрмелеу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Тыныс алу жаттығулары<br>Бастапқы қалып – еденге аяқты айқастырып отыру. Арқаны тік ұстап, қолдарын жоғары көтергенде терең тыныс алып, иіліп, алға қарай қолдарын түсіргенде дем шығару.<br>Бастапқы қалып – сол қалып. Қолдарын жоғары созып, терең тыныс алады. Төмен түсіргенде маңдайы мен қолдарын еденге тигізіп, дем шығарады. |
| ***3 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br>Көру – көзбен көру.<br>Тыныс алу – мұрынмен дем алу.<br>Есту – құлақпен есту.<br>Ұстау – қолмен ұстау.<br>- |   | **Ойын:«Патша»**<br>**Ойынның мақсаты:** балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Ойынның шарты:**Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш-ш-ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту.<br>**Дағды:** Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарайшұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** тыныс алу жаттығуларын, допты тік нысанаға лақтыру, қолына доп ұстапденемен аунау. | **4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br><br>**ҰІӘ мақсаты:** Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру.<br>**Дағды:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** | **шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекет**)<br>**ҰІӘ мақсаты:** қазақтың дастарқаны, қонақ күту рәсімі туралы түсініктерін жетілдіру. Іс-әрекет барысында өз ойын толық жеткізе әңгімелеу арқылы тілін дамыту.<br>**Дағды:** әсемдікті, сұлулықты сезіне білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дастарқанды әшекейлеп, безендіре алады;<br>**Түсінеді:** дастарқанның, қонақжайлылықтың мән-мағынасын, маңыздылығын;<br>**Қолданады:** ұқыпты жұмыс жасайды, эстетикалық талғамын қолдана біледі.<br>. | | |

***4 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру**

**Африкаға саяхатқа шығуды ұсынады.**
Африка – ыстық ел. Онда арыстан, маймыл, керік, піл т.б.
көптеген жануарлар тіршілік етеді. Түрлі түсті құстар өте
көп. Бегемоттармен қолтырауындар да бар.

Африка, Африка,
Ғажайып ел!
Африка, Африка,
Ыстық ел!
Африка, Африка, Тәтті
банандар! Өйткені
Африкадажыл бойы
жаз!

**«Ыстық елдің жануарлары»:**

Қол-қол – мынау – қолтырауын. (Балалар
ұйықтап жатқан қолтырауынды салады).
Мот-мот-мот – пайда болды бегемот.
(Ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты
жүреді.)Ке-ке-ке – мойны ұзын керік.
(Керік сияқты аспанға созылады).
Пі-пі-пі – су шашады піл.
(Піл сияқты су шашады: ұрттарын толтырып, су
бүркіген сияқтықимылдайды.)
Май-май-май – маймылды қара, пай-пай!
(Секіріп жүрген маймылды салады).

Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.

**Бетке массаж жасау (уқалау)**

Мақсаты: беттегі белсенді нүктелерді уқалап, суық тиюдің алдын алу.Шеке, бет, мұрын ұшын уқалайды: саусақтарымен ақырын ұрады.
Саусақ ұшымен қастарынан бастап сағат тілінің жүрісіндей көздерін айналдырып 5-6 рет жүргізеді. Қас пен самайдың арасын баяу саусақ ұшымен жүргізеді.
Алақандарымен көздерін басады, кірпіктерін сипайды.







| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>Қыс мезгілі туралы сурет бойынша өз ойын айытқызу. | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті**<br>Нұрымға пішіндерді салыстыра білуге үйрету<br>Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Айболға сурет бойынша әңгіме құрастырту.<br>**Мақсаты:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,таным дық әрекет**<br>(кітап оқып беру);<br>**«Суреттерді құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>Жақсы мен жаман туралы әңгімелесу. Арнурға сурет бойынша өз ойын айытқызу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты: Пішіндердің түстерін атайды сипау арқылы сипаттайды. | | қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | |
| Серуенге дайындық | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №1**<br>**Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау**<br>**Мақсаты***:*<br>— Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту,<br>— Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады**<br>Бұл неткен күшті тазалаушы еді,<br>Үйілген қарды<br>Әп- сәтте жинап алды?<br>(қар жинайтын машина)<br>Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады.<br>♦ Олар неден жасалған?<br>(темір сымдардан) | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №2**<br>**Аула тазалаушы еңбегін бақылау**<br>**Мақсаты***:*<br>— Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру;<br>— Сөздік қорларын байыту;<br>— Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу;<br>— Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>♦ Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді?<br>♦ Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады?<br>♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді?<br>♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе?<br>**Еңбек**<br>Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.<br>*Мақсаты:* | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №3**<br>**Ауладағы ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты***:*<br>— Ағаштар туралы білімдерін бекіту;<br>— Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Ағаштар» М.Әлімбаев**<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Тау баурайы төменде,<br>Өседі жас емендер.<br>Ауыл сәні терек,<br>Терек егу керек.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>Басқа ағашпен аралас,<br>Жайқалады қарағаш<br>Көк қарағай, қарағай,<br>Мейірбанды анадай,<br>Көкке бойын созады,<br>Көпке қолын созады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦ Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Қарды бақылау**<br>**Мақсаты***:* Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев**<br>Қысым-ақ, қысым-ақ,<br>Жібердің қысып-ақ.<br>Қалмаспыз біз деген,<br>Боранға ұшырап.<br>Аппақ қар жауа бер,<br>Риза ғой саған ел.<br>Боратты-ау бораным,<br>Қайратын қарай көр.<br>Біз батыл баламыз,<br>Жылы үй, қорамыз.<br>Ақ ұлпа қарыңнан,<br>Аққала соғамыз.<br>Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**Қар ұшқындарын бақылау**<br>**Мақсаты***:*<br>— Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару;<br>— Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту..<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Суретші қыс» К. Нүсіпов**<br>Қонақтайды бақтарға,<br>Ақ көбелек, ақ мамық.<br>Аунап таза ақ қарға,<br>Балалар жүр мақтанып.<br>Тазарып бар кір, шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет сала бастады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦ Жауған қар қандай?<br>♦ Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай?<br>♦ Жақсылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?.<br>Д/О: «Ұқсас өрнекті тап».<br>Алақанға қар ұшқындарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті)<br>♦ Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар)<br>♦ Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алысқа лақтырады)<br>♦ Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды)<br>♦ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру<br>**Еңбек** Алаңды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру<br>*Мақсаты:*<br>— Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету;<br>— Еңбек дағдыларына тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Аңшылар мен аңдар»<br>***Мақсаты:***<br>— Қозғалыс дағдыларын бекіту;<br>— Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту.<br>**Жаттығу ойындары**<br>«Көпірден өт». | -бірлесе жұмыс істеуге үйрету;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Екі аяз»<br>*Мақсаты жүгіруге жаттықтыру*;<br>— Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау<br>**Жаттығу ойындары**<br>Шаңғымен жүру.<br>***Мақсаты :*** шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту. | ♦ Ағаштар не үшін керек?<br>♦ Ол адамға не береді?<br>♦ Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?<br>♦ Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер?<br>♦ Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады?<br>♦ Ағаштардың бір- бірінен қандай айырмашылықтары болады?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптеріне қар үю.<br>*Мақсаты:* ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу..<br>**Қимылды ойын**<br>«Аулада қандай ағаштар өседі?».<br>***Мақсаты:***<br>— Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау;<br>— Сөздік қорларын байыту;<br>— Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту: Аңдар биі | соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ қыс айларын атаңдар?<br>♦ қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады?<br>♦ қарқатқақ қалай пайда болады?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге?<br>**Еңбек**<br>Сырғанаққа су себу<br>*Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету.*<br>**Қимылды ойын** «Екі аяз».<br>*Мақсаты:* кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру. | қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу<br>**Зерттеу жұмысы** Алақандағы қар неге ериді?<br>Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады?<br>**Еңбек:** Қардан қамал тұрғызу<br>**Мақсаты:**<br>-Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу;<br>-Бастаған істі аяқтауға үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>«Екі аяз»<br>*Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аудара білу дағдыларын дамыту.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>«Байқап өт».<br>***Мақсаты:*** *заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Мақсаты:* тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру<br>***Халық болжамы: Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады*** | | **Мақсаты:** әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. | **Жаттығу ойындары**<br>«Кім алысқа секіреді?».<br><br>***Мақсаты:*** белгіленгшен жерге дейін екі аяқпен секіру.<br>***Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады.*** | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 15.01 – 19.01. 2023-2024  оқу жылы (апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 15.01 | Сейсенбі 16.01 | Сәрсенбі 17.01 | Бейсенбі 18.01 | Жұма 19.01 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-08:50<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №2 *жиынтық***<br>***Орамалдармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br><br>1. Б.қ.: кілемде отыру, беторамал оң қолда. Беторамалды бастан асыра көтеріп, бұлғайды және тізесіне дейін түсіреді. Солай сол қолмен де орындау (3-4 рет).<br>2. Б.қ.: тұру, беторамалдың ұштарынан екі қолмен ұстау, қолдары түсірулі.. Отыру, бетормалды бет алдына көтеру – «Тығылдық!», түзелу, бетормалды түсіру – «Табылдық!» (4-6 рет).<br>3. Б.қ.:өкше түйістірілген, бетормал төмен түсірілген екі | №3 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №3 *жиынтық***<br>***Орамалдармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: аяқ алшақтатылған, бір шетінен ұстап, бетормалды төмен түсіру. Бетормал алда, төмен түсіріп жатып «төмен» деп айту (5 рет).<br>2. Б.қ.:аяқ алшақтатылған, бетормал төмен түсірілген. Алға еңкейіп, бетормалды бет алдына апару «Тығылдық». Бетормалды төмен түсіру, түзелу (5 рет).<br>3. Аяқ алшақтатылған, бетормал еденде. Бетормалға отыру | №4 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №4 *жиынтық***<br>***Орамалдармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, бетормал төмен түсірілген. Бетормал кеуде тұсында, оған қатты желдетіп, үрлеу. Түсіріп, «жел соқ» деп айту (4 рет). Демалу сәтін жиі ұсыну.<br>2. Б.қ.: отыру, бетормал төмен түсірулі. Бетормалды алға созу, бұрылу, «қарандар» деп, бастапқы қалыпқа қайту.<br>3. Б.қ.: солай, бетормал едендегі аяқтың арасында, қолды жанына тіреу. Аяқты кезектестіріп | №1 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1 *жиынтық***<br>***Жалаушалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, жалаушалар төмен түсірілген екі қолда. Жалаушаларды жоғары көтеру, әрі-бері бұлғау, төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: сондай, жалаушалар кеуде тұсында. Отыру, таяқшаларымен еденді ұру, тұрып, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: аяқты алшақтатып отыру, жалаушалар иық тұсындағы екі қолда. Еңкейіп, жалаушаларды | №2 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №2 *жиынтық***<br>***Жалаушалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, екі қолдағы жалаушалар төмен түсірілген.. Жалаушаларды жоғары көтеру, айқастыру, таяқшаларын бір-біріне ұру, төмен түсіру (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, жалаушалар иық тұсындағы екі қолда. Отыру, жалаушаларды алға созу, тұрып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.:тізерлеп тұру, екі қолдағы жалаушалар төмен түсірілген. Жалауашаларды жоғары көтеру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | колда. Отыру, беторамалды алға созу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>4. Б.қ.: етбетінен жату, беторамал бастан асыра созылған қолда. Қолды жоғары созу және түсіру (әр қолмен 3-4 рет).<br>5. Б.қ.: тұру, беторамал оң қолда. Бір орында тұрып, беторамалдарын бұлғайды (3-4 рет). | (алдына, артына, жанына). Тұру, «отырайық» деп айту.<br>4. Б.қ.:аяқ алшақтатылған, бетормал еденде. Бір орында 6-8 рет секіру және бетормал айналасында немесе бір орында жүру (3 рет).<br>5. Б.қ.: тұру, бетормал оң қолда. Бір орында секіру, бетормалды бұлғау (әр қолмен 3-4 рет). | бетормалға қояды, бастапқы қалыпқа қайту.<br>4. Б.қ.: аяқ алшақтатылған, бетормал төмен түскен бір қолда, екіншісі белде. Аяқтың ұшымен бір айналым жасап, тоқтау және бетормалды жоғары бұлғау, келесі қолмен де солай қайталау.<br>5. Б.қ.: тұру, бетормал оң қолда. Бір орында секіріп, бетормалды бұлғайды (әр қолмен 3- 4 рет). | аяқтың ұшына қою, түзелу, қолды арқа тұсына қою; еңкейіп, жалаушаларды алып, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, екі қолдағы жалаушалар төмен түсірілген. Жүрумен кезектестіріп, бір орында екі аяқтап секіру (2 рет). | оңға-солға бұлғап, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, екі қолдағы жалаушалар төмен түсірілген. Жүрумен кезектестіріп, бір орында екі аяқтап секіру (2 рет). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **15.01.24<br>Дүйсенбі**<br>Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | **16.01.24<br>Сейсенбі**<br>Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | **17.01.24<br>Сәрсенбі**<br>Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | **18.01.24<br>Бейсенбі**<br>Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | **19.01.24<br>Жұма**<br>Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды | **2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет**<br>**.**<br>**ҰІӘ мақсаты:** әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету<br>**Дағды:** құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** педагогпен бірге сұраққа жауап береді.;<br>**Түсінеді:**әңгіме | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар | **1.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Дыбыстық талдау жасауды үйрету. Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын барысында үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**Дағды**: Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** | **1. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдау жасауды меңгертуді жалғастыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету.<br>**Дағды:** Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз ойлайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br>**Дағды**: Назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды;<br>**Түсінеді:** 1 санды қоса есептеу арқылы келесі санды және 1 санға азайту арқылы алдыңғы санды алу тәсілін;<br>**Қолданады:** 1-ден 10-ға дейін санау дағдысын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Карточкамен жұмыс** Тақтада (демонстрациялық материал 21- кесте)<br>1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады. Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз.<br>**Түсіну:**<br>**Ойын жаттығуы**: «Жазбаны шеш».<br>Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды. | мазмұнын түсінеді.<br>**Қолданады:**әншіме ішіндегі сөздерден, дауыссыз дыбыстарды табуды<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу:** Мақал-мәтелдер<br>1<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын:<br>Саусақ жаттығу:<br>Тоқ, тоқ тоқылдақ<br>Тыңбай қойдың тоқылдап<br>Отыр міне ағашта Тұмсығымен соққылап<br><br>Тапсырма ауызша орындалады. | жасауды үйрету.<br>**Дағды**: Назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды;<br>**Түсінеді:** 1 санды қоса есептеу арқылы келесі санды және 1 санға азайту арқылы алдыңғы санды алу тәсілін;<br>**Қолданады:** 1-ден 10-ға дейін санау дағдысын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Карточкамен жұмыс** Тақтада (демонстрациялық материал 21- кесте)<br>1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады. Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз.<br>**Түсіну:**<br>**Ойын жаттығуы**: «Жазбаны шеш».<br>Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды. | **Білу:**Мазмұның білу.Балта сөзін білу.<br>**Мақал-мәтелдер**<br>1.Қысына қарай – көктемі, Диқанына қарай – егіні.<br>2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы.<br>3.Қыс қамынды жаз ойла.<br>**Болу:**Балаларды батыл,адал,еңбекқор болуға жетелеу.<br>**Қолдану:**Ойынға бірігіп қатысу.Суреттер. | **Түсінеді:** дыбыстардың жасалуын.<br>**Қолданады:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну: «Тізбекті жалғастыр»дидакти-калық жаттығуы**<br>Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіңе беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді.<br>Мысалы: *қала – алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір – рауғаш – шопан - нан - нақыл – лақ – қала – алма – алтын – нар – нәзік – кәмпит – табақ – қант – тоқ – қоңыз т.б.*<br>**Білу:** «Сөз жина»дидактикалық жаттығуы<br>Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар. Мысалы: - «а.л.м.а.», – «а.ғ.а.ш.», - «к.ү.н.», - «қ.ұ.с.», «қ.о.я.н.», - «с.и.ы.р.» ,- «а.с.ы.қ.» , - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.».<br>**Қолдану:** ***«Май»*** сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс , қызыл түспен белгілейміз.<br>Й – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>«Сүт» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ү – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. |

***1 үзіліс -***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға » арналған ойын: «Ойын алаңын тазалау», «Екі Аяз»**

**Басты мақсат: белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.**

| | | |
|---|---|---|
| **Сюжетті-рөлді ойын:« Құрылысшы »**<br>**Мақсаты:** Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру.<br>**Тәрбиешінің іс-әректі:**<br>Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу. | ***Қимылды ,еңбек ойын:***<br>**«Ойын алаңын тазалау »**<br>**Мақсаты:** Балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету.<br>**Құралдар:** Сыпыртқы, күрек, қап;<br>**Ойын шарты:** Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Тәрбиешінің басшылығымен қапты қоқысқа төгеді.<br>Жеке жұмыс Камиллаға қазақша қыс туралы тақпақты<br>**Жаттату:**<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бақша, бауды, тауды да<br>Бояған аппақ түспенен.<br>   | ***Қимылды ойын:* «Екі Аяз»**<br>**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, шапшаң қозғалуға баулу.<br>**Ойын шарты:** Ойын алаңынан екі жақ шетінде «үй» болады. Алаңның бір жақ шетінде барлық ойыншылар тұрады. Аяздар: « Мен Аяз қызыл мұрын, мен Аяз көк мұрын, кім аяздан қорықпайды, сол батылдық жасайды» дейді. «Біз аяздан қорықпаймыз» деп ойыншылар алаңның екінші шетіне жүгіріп өтуге тырысады. Кімге Аяздың қолы тисе сол қатып қалу керек. Аяздың қолы тимеген ойыншылар жеңеді.<br>  |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|   | | | | | |
| **2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| | **Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек**<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>Судың қасиеттерін таныстыру.<br>Танымдық мүмкіндіктерін арттыру,тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жұмбақ шешу..**<br>**Білу:Сөздіктер**<br>Табиғат-природа- nature, су-вода-water,<br>Жаңбыр-дождь-rain, ағаш дерево-tree,<br>күн-солнце-san, жел-ветер-wind,<br>торғай –воробей-sparrow, гүл-цвет-flowes<br>**Түсінеді: Жұмбақтар**<br>1. Аяқсыз - ақ жорғалайды, жүреді.<br>Ауызы да жоқ, сыңғырлайды, күледі.<br>Онсыз бірақ жер бетінде тіршілік жоқ, | **2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Халық ауыз әдебиетінің өлмес мұрасы - ертегінің мазмұнын түсіндіре отырып, байлық, сәндіктің баянсыз екенің, ақыл, қайрат, нұрлы жүректің мұқалмас мұрат екенін ұғындыру.<br>**Дағды**: Бір - бірінің пікірін, ойын тыңдауға, өз бетінше жұмыс жүргізуге үйрету. Оқушылардың білім деңгейіне байланысты тапсырмалар беріп, жазба тілдерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады;<br>**Түсінеді:** әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді; | **2. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>балалардың білімін бекіту. Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөздің дыбыс санын анықтайды, дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:**дыбыстардың жасалу жолын.<br>**Қолданады:**дыбыстарды ажыратады, сөздерді буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:«Жалауша»дидактикалық ойыны**<br>Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер | **2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Халық ауыз әдебиетінің өлмес мұрасы - ертегінің мазмұнын түсіндіре отырып, байлық, сәндіктің баянсыз екенің, ақыл, қайрат, нұрлы жүректің мұқалмас мұрат екенін ұғындыру.<br>**Дағды**: Бір - бірінің пікірін, ойын тыңдауға, өз бетінше жұмыс жүргізуге үйрету. Оқушылардың білім деңгейіне байланысты тапсырмалар беріп, жазба тілдерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады;<br>**Түсінеді:** әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімені сюжет бойынша | **Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету.<br>**Дағды:** Лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жақсы таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.<br>**Түсінеді**: музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Айтыңдаршы, осыны кім біледі.<br>Су<br>2. Өзі көк, көлеңкесі жоқ.<br><br>3. Қыста шыны боп қатады, жылыда су боп жатады..<br>Мұз.<br>4. Көзге көрінгенмен<br>Ұстасаң қолға ілінбейді.<br>Бу.<br>**Қолданады:** Өлең жаттау<br>Сылдыр-сылдыр,сылдыр су<br>Сылдыр суға бетіңді жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің маңдайың. | **Қолданады:** әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** – «Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не?<br>*(Мақта)*<br>– Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды.<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс:**<br>*Күн өтпей жатып* – бір күннің ішінде болған оқиға.<br>*Шапан* – қазақтың ұлттық сырт киімі. | дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**«Тиісті белгіні көтер»дидактикалық жаттығуы:**<br>Балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті көтереді.<br>**Түсіну: «Сөздерді буынға бөл»дидактикалық жаттығуы**<br>-Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер.<br>**Мысалы:** са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б.<br>**Білу: «Мұз»** сөзінің дыбыстық сызбасы.<br>**«Мұз»** сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. | шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** – «Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не?<br>*(Мақта)*<br>– Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды.<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс:**<br>*Күн өтпей жатып* – бір күннің ішінде болған оқиға.<br>*Шапан* – қазақтың ұлттық сырт киімі. | **Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>З – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. | | |

*2 үзіліс –*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

***Басты мақсат:*** **қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.**

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл гимнастикасы**<br>**«Тізімізді тазалаймыз»** - Бала, ерінің күлген секілді жасап, тілімен төменгі тістерінің ішкі жағынан, сосын үстіңгі тістерін тазалағандай қимылдар жасату.<br>**«Чистим, зубки»** - улыбнуться, открыть рот. Кончиком языка с внутренней стороны "почистить" поочередно нижние и верхние зубы<br> <br>**«Сағат»** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек.<br>**«Часики»** - улыбнуться, открыть рот, кончик языка (как часовую стрелку) переводить из одного уголка рта в другой.<br>  | <br> | **Ойын: Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу<br>**Ойынның шарты:** Балалар бөлменің бұрышында тұрады.<br>Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс карап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды» ,деген де балалар жалаушаны іздейді.Тапқан бала жалаушаны тығады.Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»**<br>**Мақсаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.<br>**Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.<br>Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады.<br>Ойын 2-3 рет қайталанады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  | | | <br> | |
| | **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:** | | | | |
| | **3. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау.<br>Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту.<br>**Дағды:** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** буындардан сөз құрайды, буын, сөз, дыбысты есту арқылы ажыратады.<br>**Түсінеді:** дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Түрлі жағдайларда балалардың білім-біліктерін саналы пайдалана алуына ықпал ету. Жерге жорғалаудағы қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту. Тізені жоғарыкөтеріп, тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттығу.<br>**Дағды:** Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту дағдаларын жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру. Психологиялық күйзелісті таркатуға арналған арнайы жаттығулар орындау.<br>**Түсінеді:** «аңшылық» адамның ең көне кәсіптерінің бірі – аңшылыққа арналған құралдар; таза ауадағы | **3.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды:** Себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**жасайды:** жануарлардың бірнеше түрін, олардың өзіне тән ерекшеліктерін атап береді.<br>**түсінеді:** жабайы жануарлар мен үй жануарларының арасындағы айырмашылықты түсінеді.<br>**қолданады:** кесте бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыра алады | **Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту.<br>**Дағды**: Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту. | **Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Баланың қимыл жүйесінің жаттыққандығын қимылын түзете отырыпжақсарту, психо-физиологиялық және жеке қасиеттерін жалғастыру.<br>**Дағды:** Талдап ойлау, қалыптан тыс шешімдер қабылдай білуге, ептілікке, күш пен төзімділікке, көпшілдікке, алған білім-біліктерін өмірде қолдану дағдаларын жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** биіктігі 60 см модульдерден жығыла асып өту, құлақ қалқанын уқалау, дүниені позитивті қабылдауды қалыптастыратын жаттығулар.<br>**Түсінеді:** «Қыстау» малға ыңғайлы қысқы тұрақ екендігін, жорғалау тәсілдерінің жылдамдықпен байланысын, ең тиімді тәсілді таңдаудың маңызын, таза ауадағы қимыл қозғалыстың денсаулыққа тигізер пайдасын, аяғын 90° көтеру, оңға-солға кезек секіруді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолдану: Буындармен жаттығулар:«Буынды қос»** дидактикалық ойыны (доппен) -Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы: ( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.<br>**Түсіну:** «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен.<br>Мысалы: **(те-)** те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), **(ор-)** ор-(та), ор-(ман), о-(рақ), **(өр-)** өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), **(да-)** да(мыл-да),да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия)**.**<br>**Білу:** «Сөзді аяқта»дидактикалық жаттығуы<br>–Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар.<br>Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, | қимыл әрекетінің денсаулыққа пайдасы; аяқты саннан 90°-қа көтеру; таяқтарғажақын жүру және рөлдік ойындардың мазмұны.<br>**Қолданады:** таяқпен жаттығулар орындау дағдысы, заттардың арасымен жүгіру, сенсомоторлық үйлесімді, көзмөлшерін, қимыл дағдылары, тепе-теңдікті сақтау, қол менаяқтың қимылдарының үйлестіру дағдылары.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Сапта арақашықтықты сақтап, таяқпен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындайды (№2). Екі тізбекке, бір қатарға сап түзеп тұру.<br>Бүкіл жаттығулар кешенін орындап біткенше арқасын түзу ұстауға тырысады.Таяқшалардан жол салып келесі жаттығуларды жасауға дайындалады.<br>**Түсіну: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар»**<br>Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады,ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады.<br>**Білу: Релаксация: «Мерген».**<br>Психологиялық күйзелісті тарқату жаттығуларын жасайды.<br>Тістенеді. Қатты қысымды сезініп, қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау. | | **Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»;<br>**Түсінеді:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін;<br>**Қолданады:** санап, салыстыру білігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Сонша жина» дидактикалық ойыны**<br>Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалардың бірі - жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады | **Қолданады:** ұзын сырықпен орындалатын жаттығуларды орындау, қалыпты баяу жүгіру, бір аяқпен секіру, сенсоматорлы қимыл түзету, көзмөлшері мен үйлесімді қимылдау, тепе-теңдік сақтау, жорғалап еңбектегендегі қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту дағдыларын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ка...лам, қыза...нак, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, кал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жұл...дыз. | Аузын ашып тұрады. 3–5 сек. Сосын қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>Басын солға иіп, оң жақ мойын бұлшық еттерін қатайту. Қайта босаңсып, бастапқы қалыпқакелу. Ішті ішке тартып, бұлшық етті қатайту. 5–10 сек ұстап тұрып, қайта босату. Аяқты жерден аздап қана көтеріп, 5–10 сек ұстап тұрып, қайта түсіріп, босату. | | | |

***3 үзіліс* – Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары**

| | | |
|---|---|---|
| **Артикулляциялық тіл жаттығулары**<br>**Тілге арналған:**<br>Суретті тіл ұстарту<br>Ша – ша – ша<br>Айшаның шанасы тама (ша)<br>Са – са – са<br>Қасқыр соқты Мұ (са)<br>Ол – ол – ол<br>Ағашта лимон м(ол)<br>Ра – ра – ра<br>Дүкеннен нан алды Са (ра)<br>Із – із – із<br>Тамаққа қосты сәб(із)<br>Жу – жу – жу<br>Ыдысты тазалап (жу) | <br><br> | **Ойын: Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»**<br>**Ойынның мақсаты:** Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.<br>**Мазмұны:** Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі.<br>Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, паралелль сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.<br>Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.<br>Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады.<br>Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.<br>**Ойынның ережесі**<br>1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.<br>2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.<br>3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс.<br>Әдістемелік нұсқаулар.<br>Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді. |

## 4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктен салмақ түсіру, тірелу | **4. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Музыка тыңдай отырып сол | **3.Мүсіндеу– шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**ҰІӘ мақсаты:** балаларды | **4.** | **4.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру. Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу;түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Жерден биіктетілген тақтайдың астынан өту, биік тақтай үстінде жинақталып нысананыңішінен тепе-теңдікті сақтай отырып өтуге жаттығуды жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру. Психологиялық күйзелісті таркатуға арналған арнайы жаттығулар орындау.<br>**Түсінеді:** «аңшылық» адамның ең көне кәсіптерінің бірі екенін, аңшылыққа арналған құралдар; таза ауадағы қимыл әрекетінің денсаулыққа пайдасы; аяқты саннан 90°-қа көтеру;таяқтарға жақын жүру және рөлдік ойындардың мазмұнын.<br>**Қолданады:** таяқпен жаттығулар орындау дағдысын, заттардың арасымен жүгіру, сенсомоторлық үйлесімді, көзмөлшерін, қимыл дағдыларын, тепе-теңдікті сақтау, қол менаяқтың қимылдарының үйлестіру дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Негізгі қимылдар айналмалы жаттығуларын жасау.<br>«Ептілікке жаттығамыз!»<br>Ұзын орындықпен жүру (ені – 25 см, биіктігі – 30 см), жүріп келіп орта тұсында айналадағылардан өтіп кету. | музыканың мағынасын ұғынуға үйрету.<br>**Дағды:** Лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жақсы таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.<br>**Түсінеді**: музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева).<br>Балалар шеңбер бойында тұрып, қосаяқтап қоянша секіреді де, музыка өзгергенде аюдың жүрісін салып, қорбаңдап жүреді. | қазақтың сәндік- қолданбалы өнеріментаныстыру; қымыз құятын ыдыс –тостағанмен таныстыру.<br>**Дағды:** ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып,оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен жұмыс жасауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ермексаздан тостағанды мүсіндейді, әшекейлейді;<br>**Түсінеді:**тостағанның ағаштан жасалатынын;<br>**Қолданады:**мүсіндеу әдіс-тәсілдерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** жұмбақ жасырамын: Кесе, шыны, тостаған, Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді,Бәрінің атын не дейді? | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тепе-теңдік сақтап ұзын орындықпен жүріп, жаттығулар орындау. Орта тұсында құрсаудан-құрсауға өтіп, модульден айналып, жүгіріп қайтып келеді. Құрсаудан өткендебасы мен аяғын тигізбей жұмыр жиналуға тырысады.<br>**Білу: «Мергендер», «Таяқтастау» (нысанаға дәл тигіз).**<br>метр қашықтықтан тік нысанаға дорбаларды ату. Бастапқы қалыпқа келу.Кішкентай дорбаларды қолды жоғары алға сермеп лақтырады.<br>Нысананың дәл ортасына тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындайды.<br>**Түсіну: « Мерген» Психологиялық күйзелісті тарқату жаттығуларын жасайды.**<br>Тістенеді. Қатты қысымды сезініп, қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>Аузын ашып тұрады. 3–5 сек. Сосын қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>Басын солға иіп, оң жақ мойын бұлшық еттерін қатайту. Қайта босаңсып, бастапқы қалыпқа келу.<br>Қарнын ішке тартып, бұлшық етті қатайту. 5–10 сек ұстап тұрып, қайта босату.Аяқты жерден аздап қана көтеріп, 5–10 сек ұстап тұрып, қайта түсіріп, босату. | **Білу:** Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:***«Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев).<br>Ән айту ережелерін еске түсіріп, баяу, бірқалыпты, дауысты көтермей айту.<br><br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>**Түсіну: *Ойындар, хороводтар:*** «Көлеңке» (К. Қуатбаев).<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді. Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді. | | | |

*4 үзіліс –*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру**

**Артикулыциялық жаттығулар*(қайталау)***

***«Терезе»-балаға аузын кең ашып «Ыстық» деп айтуын сұраңыз, ал сосын еріндерін кішкені жауып «суық» деп айтқызыңыз.***

***«Окошко»* - попросите ребенка широко открыв рот сказать: «жааааркo», а затем, максимально сжав губы сказать: «хоооолодно».**



***2. «Пілдің тұмсығы» - еріндер біріктірілген және алға қарай қатты созылады***

***«Хобот слона» - вытянув вперёд губы трубочкой, образовать "хобот слоника", "набирать водичку.***







| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>Мамандық бойынша туралы сурет бойынша өз ойын айытқызу. | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті**<br>(Нұрым,Аян,Арнұр) 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету .<br>Дидактикалық ойын: «Сана шық»<br>Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау. | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Сұлтанға «Тазалық айнас»сурет бойынша әңгіме құрастырту.<br>**Мақсаты:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>(кітап оқып беру);<br>**«Суреттерді құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>Әдепті мен әдепсіз туралы әңгімелесу. Ажарға сурет бойынша өз ойын айытқызу. |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Көпшілік көліктерін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу; | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Желді бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— өлі табиғат туралы білімдерін байыту; | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №8**<br>**Боранды күнді бақылау**<br>***Мақсаты****: желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиеші жұмбақ жасырады:*** | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №9**<br>**«Қардағы құс іздері»**<br>***Мақсаты****:қардағы құс іздерін тани білуге үйрету .*<br>***Бақылау барысы***<br>Балаларға сұрақтар | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №10**<br>**Бұлттарды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | —үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы***<br>**Балалармен әңгімелесу өткізу.**<br>♦сендер қандай көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер?<br>♦ Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады? *( аялдама.)*<br>♦ Аялдамаға автобустардан басқа тағы қандай көліктер тоқтайды? *(Маршруттар, таксилер.)*<br>♦ Автобусқа қай есіктен міну керек? *(алдыңғы)*<br>♦ Қай есіктен шығу керек?? *(артқы)*<br>♦ Автобустың қай жағынан айналып өту керек? *(арт жағынан)*<br>♦ Неге? *(жолда келе жатқан көліктер жақсы көрінеді)*<br>♦ Сен автобуста келе жатырсың. Бос орындар жоқ. Автобусқа қарт кісі мінді. Сен не істейсің? Неге?<br>♦ Жолдан қалай өту керек? *(асықпай, үлкендермен бірге, алдымен сол жаққа, сонан соң оң жаққа қарау керек)*<br>♦Бағдаршамның қай түсінде өту керек? *(жасыл)*<br>**Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу.<br>***Мақсаты:****еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу.*<br>**Қимылды ойын** «Жүргізушілер және жаяулар».<br>***Мақсаты:*** *Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>***Мақсаты:*** *20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту..* | — табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>**Көркем сөз Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br>♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br>♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен)<br>♦ Жел қалай пайда болады?<br>♦ *Тәрбиеші түсіндіреді:* ***Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.***<br>**Еңбек**<br>Сырғанақ төбешік соғу<br>*Мақсаты:* бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «ең мерген кім?».<br>***Мақсаты:***<br>— Заттарды лақтыруға жаттықтыру;<br>— Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br>— «Ағаш суретін сал».<br>***Мақсаты:****қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.*<br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап».<br>***Мақсаты:***<br>— Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br>Затты сипаттау бойынша табу. | *Жерді тырнап, бұтаны ырғап,*<br>*Шөпті сипап, ұшады зырлап,*<br>*Жанын қинап, ұлиды зарлап.*<br>*(боран)*<br>***Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды***<br>*Ақ көрпесін жапты да,*<br>*Аяз кенет аптыға,*<br>*Айналаны үрледі,*<br>*Ақ бораны гуледі.*<br>*Ақ боран-ау, ақ боран,*<br>*Алай-түлей соқ боран.*<br>*Ақ қар ұшып үйірілсін,*<br>*Ауламызға үйілсін.*<br>*Жас ұланмын шыныққан,*<br>*Жасқанбаймын суықтан.*<br>*Қардан жасап аққала,*<br>*Сырғанаймын шаттана.*<br>***Тәрбиеші сұрақтары:***<br>**Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы)*<br>**Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр)*<br>**Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады)*<br>**Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу.<br>**Еңбек**<br>Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю.<br>**Мақсаты:**Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Желдиірмен». | ♦ Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жанувардың ба?<br>♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>♦Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Еңбек**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>***Мақсаты:***<br>— Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br>— Жұмысты жоспарлау.<br>**Қимылды ойын**<br>**«Ізбе із».**<br>***Мақсаты:*** *тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>***Мақсаты:*** *қимыл-қозғалыстарын дамыту.*<br>**Халық болжамы:**<br>*Қар көп болса, нан мол болады.<br>*Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.<br>*Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. | — Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:**<br>1.Етек жеңі жиналмай,<br>Дауыл тұрса дым қалмай.<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді.<br>2.Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын,<br>Қыраттарға шөлдеген.<br>Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>♦ Бұлттар қандай болады?<br>♦ Олар қайдан пайда болады?<br>♦ Бұлттар нелерге ұқсайды?<br>**Зерттеу жұмысы** Апспаннан атқа немесе түеге ұқсас бұлтты табу.<br>Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру.<br>**Еңбек**<br>Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау..<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу.*<br>**Қимылды ойын:** «Қар үстіндегі хоккей».<br>*Мақсаты: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету.*<br>**Жаттығу ойындары** Қимылдарын дамыту.<br>***Мақсаты:***<br>— Сырғанауға үйрету;<br>— Сырғанау кезінде отыруға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ***Мақсаты:*** *ойын мазмұнына сай қимылдар жасау.*<br>**Жаттығу ойындары** Қимылдарды дамыту.<br>***Мақсаты:*** *секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен).* | Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. | **Мақал-мәтел: Мезгіл жетсе мұз ерір.** |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйреністіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Тәрбиешінің аты-жөні:**
**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 22.01 – 26.01. 2023-2024 оқу жылы (апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 22.01 | Сейсенбі 23.01 | Сәрсенбі 24.01 | Бейсенбі 25.01 | Жұма 26.01 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №3 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 3 *жиынтық***<br>***Жалаушалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: тұру, аяқ иық қатарында, жалаушалар алға созылған екі қолда. Жалаушаларды ары-бері бұлғау (6-8 рет).<br>2. Б.қ.: тұру. Жалаушаны екі қолмен ұстау. Отыру, | №4 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 4 *жиынтық***<br>***Жалаушалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: тұру, өкше түйістірілген, екі қолдағы жалаушалар төмен түсірілген. Жалаушаларды жоғары көтеріп, бұлғап, төмен түсіру. | №1 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1 *жиынтық***<br>***Жылтырақтармен (султанчиктермен) жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, екі қолдағы жылтырақтар төмен түсірілген. Жылтырақтарды жанынан жоғары көтеріп, | №2 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 2 *жиынтық***<br>***Жылтырақтармен (султанчиктермен) жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, жылтырақтар арқа тұсындағы екі қолда. Алға еңкейіп, жылтырақтарды | №3 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 3 *жиынтық***<br>***Жылтырақтармен (султанчиктермен) жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: аяқ алшақтатылған, жылтырақ төмен түсірілген. Бұлғау, бастапқы қалыпқа қайту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалаушаны кілемге қою, түзелу (4-6 рет).<br>3. Б.қ.: отыру, жалауша созылған қолда. Өкше тұсына жалаушаны тигізу, түзелу, жалауша тізе тұсында (4-6 рет).<br>4. Б.қ.: отыру, аяқ алшақтатылған, жалауша иық тұсындағы екі қолда. Еңкею, жалаушаларды аяқтың ұшына қою, түзелу, қолды артқа қою. Еңкею, жалаушаларды алып, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).<br>5. Б.қ.: бір орында жүгіре секіру (20-30сек), жалауша қолда. | Бастапқы қалыпқа қайту (5-7 рет).<br>2. Б.қ.: тұру, өкше түйістірілген, жалаушалар кеуде тұсынабүгілген екі қолда. Отыру, жалаушаларды алға созу. Тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: аяқты алшақтатып отыру, жалаушалар кеуде тұсына бүгілген қолда. Алға еңкейіп, жалауша таяқшаларын еденге тигізу, түзеліп, бастапқы қалыпқа қайту (5-7 рет).<br>4. Б.қ.: тізерлеп тұру, екі қолдағы жалауашалар төмен түсірілген. Жалаушаларды жоғары көтеріп, қолдарын оңға (солға) бұлғау, түсіру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). | бұлғап, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: сондай, жылтырақтар кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, жылтырақтармен бұлғап тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, жылтырақтар арқа тұсындағы екі қолда. Алға еңкейіп, жылтырақтарды оңға-солға бұлғау, түзелу, жылтырақтарды артқа қою (4 рет).<br>4. Б.қ.: өкше түйістірілген, екі қолдағы жылтырақтар төмен түсірілген. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет). | оңға-солға бұлғау, түзелу, жылтырақтарды артқа қою (4 рет).<br>2. Б.қ.:тұру, жылтырақты екі қолмен алу, қол төмен түсірілген. Отыру, жылтырақты бет тұсына алып келіп, оған үрлеу, тұру (4-6 рет).<br>3. Б.қ.: кілемде отыру, жылтырақ оң қолда. Жылтырақты бастан асыра көтеріп, бұлғау және тізе тұсына апару. Сондай жаттығуды сол қолмен орындау (3-4 рет).<br>4. Б.қ.: етбетінен жату, жылтырақ алға созылған қолда. Қолды жоғары көтеру және түсіру (әр қолмен 3-4). | 2. Б.қ.: аяқ алшақтатылған, жылтырақ төмен түсірілген. Жылтырақты бастан асыра бұлғау, екінші қолға алмастыру. Еңкею, екінші қолға ауыстыру, бастапқы қалыпқа қайту.<br>3. Б.қ.: отыру, аяқ алға созылған, жылтырақ еденде, аяқтың арасында. Жылтыраққа тиіп кетпей, аяқты бүгу және жазу.<br>4. Б.қ.:аяқ алшақтатылған, жылтырақтар төмен түсірілген. Жылтырақтарды бұлғап, 6-8 рет секіру (3 рет). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **22.01.24 Дүйсенбі** | **23.01.24 Сейсенбі** | **24.01.24 Сәрсенбі** | **25.01.24 Бейсенбі** | **26.01.24 Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Топтарда заттардың тең және тең емес | **Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Дыбыстық талдау жасауды үйрету. Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Топтарда заттардың тең және тең емес | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді | **Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту.<br>**Дағды**: Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»;<br>**Түсінеді:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін;<br>**Қолданады:** санап, салыстыру білігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Сонша жина» дидактикалық ойыны**<br>Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез- | барысында үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**Дағды**: Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** педагогпен бірге қайталап өлеңді жаттайды;<br>**Түсінеді:**өлең мазмұнын ,қардың «жапалақтап», «түйіршектеніп" жауатынын;**Қолданады:**өлең ішіндегі сөздерден, дауыссыз дыбыстарды табуды<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу:** Мақал-мәтелдер<br>1.Қысына қарай – көктемі, Диқанына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы.<br>3.Қыс қамыңды жаз ойла. | санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту.<br>**Дағды**: Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»;<br>**Түсінеді:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін;<br>**Қолданады:** санап, салыстыру білігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Сонша жина» дидактикалық ойыны**<br>Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез- | салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік».<br>**Дағды**: Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**Қолданады:** бөліктерден пішін құрастыруды;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.**<br>Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды.<br>**Түсіну:** Қарбыз қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (екі бөлік)<br>-Қарбыздың бір бөлігін қалай атауға болады? (жарты)<br>-Алманы қандай бөліктерге | **Дағды:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ән орындайды, сөздерді анық және таза тыныс алып, бастап айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Түсінеді:** сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтау отырып айтуды.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды.<br>Балалардың бірі - жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады<br>**Түсіну: «Қанша болса,сонша боя»ойыны** ұсынады, суретте қанша гүл болса, сонша торкөзді бояйды.<br>-Гүлдердің қайсысы азырақ?<br>-Гүлдердің қайсысы тең?<br>-Қызыл гүл қанша?<br>-Көк гүл қанша?<br>-Гүлдердің қайсысы көбірек? Қайсысы тең? | | келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды.<br>Балалардың бірі - жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады<br>**Түсіну: «Қанша болса,сонша боя»ойыны** ұсынады, суретте қанша гүл болса, сонша торкөзді бояйды.<br>-Гүлдердің қайсысы азырақ?<br>-Гүлдердің қайсысы тең?<br>-Қызыл гүл қанша?<br>-Көк гүл қанша?<br>-Гүлдердің қайсысы көбірек? Қайсысы тең? | бөлген?(тең)<br>-Олардың саны қанша? (төрт бөлік)<br>-Алманың бір бөлігін қалай атауға болады? (төрттен бір)<br>-Шоколад қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (үш бөлік)<br>-Шоколадтың бір бөлігін қалай атауға болады? (үштен бір) | |

***1 үзіліс -*** **Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға» арналған ойын: «Кеме», «Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»**

**Басты мақсат: белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру, позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.**

| | | |
|---|---|---|
| **Психологиялық ойын:**<br>**Ойын:« Сәлемдесу»** жаттығуы.<br>***Мақсаты:*** Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.<br>***Ойын шарты:*** Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен… қолмен… иықпен… құлақпен… тіземен… иекпен… өкшемен… арқамен. | **Аз қимылды ,еңбек ойын: «Кеме»**<br>**Мақсаты:** Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Ойын шарты:** Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әркайсысы өз орындарына отырады.<br>Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады.<br>Кемемен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі, балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады.<br>Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды. | **Сюжетті-рөлді ойын:«Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»**<br>**Мақсаты :** Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.<br>**Жағдаят:** Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы.Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемені жөндеу, сүңгіуірлердің жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу, аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа зәкір түсіп, суға батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр.<br>**Ойын шарты:** Кеме жасаушылар кеме құрады, матростар мачтаның үстінде, қараңғыға үңіліп |

| | | |
|---|---|---|
|   |   | карайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам сейнерді жүргізеді, қайықшы керме ауды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды. Сүңгуірлер теңіз түбін қарайды, зәкірді іздейді, краншылар кемеге жүк тиеді. Механик көмірдің өртенгенін хабарлайды. Дәрігер жүзу кезінде ауырып қалған жолаушыларды емдейді.<br>Балықшылар: торды айналдырады, теңізге тастайды, балық ұстайды, түрі мен сорты бойынша жәшіктерге салады.Механик машиналардың жұмысын тексереді, Жолаушылар билеттерді сатып алып, кемеге отырады, қоғамдық көліктегі жүріс-тұрыстың ережелерін сақтайды;Аспазшы жолаушыларға ас дайындайды.<br>  |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдау жасауды дамыту. Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі.<br>**Түсінеді:** дыбыстардың жасалу жолын және дыбыстардың белгеленуін. | **2.**<br>**. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету.<br>**Дағды:** Фитболды түрлі бағыттарда алып жүруге, фитболды саусақ басымен ақырын күштемейитеріп жүргізу, ұсақ моториканы, балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге дағдылануғажаттықтыру. дағдаларын жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** фитболмен жаттығуды, | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды түсініктерін қалыптастыру.<br>**Дағды:** Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыруға дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, дауыссыз | **2.Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Дыбыстық талдау жасауды үйрету. Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын барысында үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**Дағды**: Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дағдыландыру. | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулеу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Тиісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы.**<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.<br>***«Кім көп сөз ойлап айтады»дидактикалық ойыны*** – *Н* дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар.<br>*Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен*.<br>Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады.<br>*Р* дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар.<br>*Радио, раушан, рас, рет, резеңке, рең*.<br>Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады.<br>Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды. | **Түсінеді:** «жайлау» жазғы тұрақ, арқандардың астынан өту, үстінен секіріп өтудегі жоғарынәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білудің маңызы, таза ауаның денсаулық пайдасын.<br>**Қолданады:** бірден-екіден тізбекке қайта сап түзеп тұру, фитболды алып жүру, итеріліпаяқпен екпін алу мен уақытылы қол сермеу, түрлі қимылдарда тепе-теңдікті сақтай алу дағдылары.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | дыбыстан басталатын сөздер ойлап айтады, буынға бөледі.<br>**Түсінеді:** дыбыстардың жасалу жолын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, буынды жалғайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық жаттығуы. **Мысалы:** қызанақ ... (қызыл), қияр ... (жасыл), балмұздақ ... (тәтті), кітап ... (қызық), шалбар ... (қалың), су ... (суық), домбыра ... (кішкентай), арба ... (жалпақ), керует ... (жіңішке), мысық ... (сүйкімді), ит ... (қабаған), шам ... (жарық), арық ... (терең), қасық ... ( темір), қоян ... (қорқақ), киіз ... (кішкентай), жастық ... (мамық), анар ... (дәмді), лимон ... (сары), тамақ ... (дәмді), кәмпит ... (тәтті), жылқы ... (сұлу), сүт ... (пайдалы), ата ... (ақылды) т.б.<br>**Қолдану: «Сөзді аяқта»**дидактикалық жаттығуы. Мысалы:<br>*кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс,* | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** педагогпен бірге қайталап өлеңді жаттайды;<br>**Түсінеді:**өлең мазмұнын ,қардың «жапалақтап», «түйіршектеніп" жауатынын;<br>**Қолданады:**өлең ішіндегі сөздерден, дауыссыз дыбыстарды табуды<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу:** Мақал-мәтелдер<br>1.Қысына қарай – көктемі, Диқанына қарай – егіні.<br>2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы.<br>3.Қыс қамыңды жаз ойла.<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын:<br>«Дауыссыз дыбыстарды анықта».<br>**Ойын шарты:** «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс.<br>Тапсырма ауызша орындалады. | **Түсінеді:** буындардың дыбыстардан тұратынын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** «Дыбысты балға»дидактикалық жаттығуы. Мен сендерге қатаң дауыссыз, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтамын, сендер қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, партаны бір рет жұдырықтарыңмен ұрасыңдар, ал ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, бір рет шапалақ ұрасыңдар.<br>Мысалы: *парта, ферма, бидон, вагон, кітап, Камшат, гүл, ғалым, қайшы, табақ, доп, тарақ, сағат, жұлдыз, зәкір, хат.*<br>**Білу:** Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?»<br>– Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрышты, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам сары, жіңішке |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Түсіну: Дыбыстық талдау жаса.<br>«Түн» сөзінің дыбыстық талдауы.<br>«Түн» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ү – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Н – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Суреттерді ата. Буынға бөл.</td>
<td></td>
<td>жас...тық, ағаш..тар, бақта..шы, береке...лі, күлкі...лі, күнба...ғыс, қабыр...ға, қам...шы, қама...жай, ора...мал, сұл...гі, найза...ғай, сөм...ке, жалау...ша, құмырс...қа т.б.<br>Білу: «Қант» сөзінде 1 буын, 4 дыбыс бар.<br>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгіленеді.<br>Н – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.</td>
<td></td>
<td>дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: «а-, -й-, -ц-, -у-, -к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю т.б.»<br>Қолдану: «Не артық?» дидактикалық ойыны<br>Бір топқа жататын сөздерді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтамын. Балалар сол артық сөзді табуы керек.<br>Мысалы: нан, шай, май, тай – ...(тай)<br>Қызыл, жасыл, ақ, тақ, көк – ... (тақ)<br>Алма, шие, бөрік, өрік – ... (бөрік)<br>Екі, үш, төрт, бес, кес – ... (кес)</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">2 үзіліс – Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары<br>Басты мақсат: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Тіл гимнастикасы:«Тыныимсыз Тіл» туралы ертегі жаттығулары.<br>Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.<br>1.Ағайынды аралар.<br>Ағайында арарармыз,<br>Еңбек үшін жаралғанбыз.<br>-з-з-з-з-з<br>Шырын іздеп күні бойы<br>Гүл бақшаны аралаймыз<br>-з-з-з-з-з<br>(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)</td>
<td colspan="3"> </td>
<td>Ойын: «Допты қуып жет»<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты:<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.<br>Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| Жаман ара<br>Қалмай ұшып соңынан,<br>Ара қуды Мұратты.<br>**-з-з-з-з**<br>Шағып алып қолынан,<br>Досымызды жылатты.<br>**-у-у-у-у**<br>(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал) |  | |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету.<br>**Дағды:** Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** үйдің ауласында өсіп тұрған ағаштардың атауларын атап береді.<br>**түсінеді**: күзде жапырақтардың не себептен түсетінін біледі.<br>**қолданады**: гербарий жасауға жапырақ жинауды біледі; қарапайым зерттеулер.<br>**Алдын ала жұмыс**: суреттерді қарап шығу, зерттеу мақсатындағы серуендер ұйымдастыру, жұмбақтар шешу, көркем әдебиет оқу, бейнефильм | **3. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Әңгіменің мазмұнымен таныстыру. Бір-бірімен байланысты сюжет бойынша әңгімені шығармашылықпен құрастыру.<br>**Дағды**: Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады;<br>**Түсінеді:** әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** – «Өзі аппақ кардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? *(Мақта)* | **Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту.<br>**Дағды:** Табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:**құстардың атауларын біледі.<br>**Түсінеді:** қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі.<br>**Қолданады:** құстарды бақылау әдістерін меңгерген, құрастырушылық қабілеті бар.<br>**Алдын ала жұмыс**: қарапайым тәжірибелерге қатысу, энциклопедия оқу, фотосуреттер мен суреттерді қарап шығу, балабақшадан тысқары жерлерге экскурсия жасау, жұмбақтардың шешуін табу, әңгімелесу. | **3. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>(әңгіме) Ыбырай Алтынсарин<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Әңгіменің мазмұнымен таныстыру. Бір-бірімен байланысты сюжет бойынша әңгімені шығармашылықпен құрастыру.<br>**Дағды**: Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады;<br>**Түсінеді:** әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимылүйлесімдігін дамыту. Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру қабілеті мен ұсақ бұлшық еттер моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** Бір Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта қону дағдыларын жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** омыртқасының қисаюы мен жалпақтабанның алдын алуға негізделегн жалпыдамыту жаттығуларын жасап, психоэмоциялық ширығуды, үрейді, қобалжуды басу.<br>**Түсінеді:** «Жігіт» ұғымын, эстафеталарды орындау ережелерін, командада қимыл-іс әрекеттерін келісуді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (тұсаукесер) қарау, дидактикалық ойындарға қатысу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | – Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды.<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс:**<br>*Күн өтпей жатып* – бір күннің ішінде болған оқиға.<br>*Шапан* – қазақтың ұлттық сырт киімі. | **Өзекті мәселе**: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **Қолдану:** – «Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? *(Мақта)*<br>– Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды.<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс:**<br>*Күн өтпей жатып* – бір күннің ішінде болған оқиға.<br>*Шапан* – қазақтың ұлттық сырт киімі. | фитболмен секіру кезінде еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілгенаяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону.<br>**Қолданады:** бастапқы қалыпқа оралу, фитболды заттардың арасымен сырғыту, сап түзеу,қайта сап түзеу, заттардың арасымен жорғалауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу.<br>Қамшымен жалпы дамыту жаттығуларын жасау.<br>**Білу:** Жарыс түріндегі **негізгі қимылдарды орындау.**<br>**«Ең ептілер»**. Баспалдақ сатыларының арасымен жорғалау. (2рет)<br>Белгі бойынша алғашқы ойыншы баспалдақ сатыларының арасымен жорғалайды,модульды айналып өтіп дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы қамшыны келесі ойыншыға береді. Ойын жалғаса береді.<br>**Түсіну:** Қорытынды кезең (рефлексия). **Жігіттер жайлы мақал-мәтелдер.**<br>Ер сүрінбей ел танымас,<br>Ат сүрінбей жер танымас.<br>Жеті қырлы балықты, сегіз қырлы жігіт алады.<br>Арманы жоқ жігіттің дәрмені жоқ.<br>Ер байлығы – еңбекте. |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>Жігіт – жігіттің көзі.<br>Ер жігіт айтқанын екі етпес.</td></tr>
<tr><td colspan="6">3 үзіліс – Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары</td></tr>
<tr><td colspan="2">Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:<br>Шегіртке.<br>Ш-ш-ш-шегірткемін ш-ш-ш-шырылдақ,<br>Ән саламын ш-шырылдап:<br>-ш-ш-ш-ш-ш<br>Жоқ тұрақты мекенім,<br>Ш-ш-ш-шөпті қорек етемін.<br>-ш-ш-ш-ш-ш<br>(Шегіртке болып «ш»дыбысын айтып көр.)<br>Қоңыз.<br>Тым қатулы кескіні,<br>Жақтырмаймын ешкімді,<br>Үлкен қара қоңыздың<br>Дауысы алыстан естілді:<br>-ж-ж-ж-ж-ж<br>Мұндай сұмдық бола ма?<br>Келе салып сонаға<br>Гүжілдеді: «Бұл ж-ж-ж-жерге<br>Енді қайтіп ж-ж-ж-жолама!»<br>-ж-ж-ж-ж-ж<br>Көбелек пен инелік<br>Қалды тіптен именіп.<br>Мұңды әуен басталды<br>Шегірткеміз күйзеліп:<br>-ш-ш-ш-ш<br>Ызылдады ара да:<br>-з-з-з-з-з<br>Ызылдады маса да:<br>-з-з-з-з-з<br>Ал өрмекші үн түнсіз<br>Жасырынды тасаға<br>«Тыныштықты бүгінгі<br>Келді дағы бүлдірді»-<br>Деп қоңызға құмырсқа<br>Өз ренішін білдірді.<br>Ал қоңызға бәрібір,<br>Айтатыны: «Ары ж-ж-жүр!»<br>Жанында еш досы жоқ,<br>Гүж-гүж етіп әлі жүр.<br>(Балақай, ойыншық жәндіктермен үстел театрын жасап ойнауға болады. Әр жәндіктің сөзін айтып болған соң, оның дыбысын салуды ұмытпа)</td>
<td colspan="2"><br><br></td>
<td colspan="2">Ойын: «Күн мен жаңбыр»<br>Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>Ойынның шарты:Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.<br>Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді<br>«терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.</td></tr>
</table>

| 4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br><br>**ҰІӘ мақсаты:** Құбылмалы жағдайларға байланысты әрекет етуде түрлі тактикалардықолданып, қимыл еркіндігінің деңгейін арттыру. Керілген баудың биіктігіне байланысты денені жинақтап жұмырлаудың түрлі тактикаларынқолдана білуін қалыптастыру.<br>**Дағды:** Бұлшық еттің үйлесімді жұмысы үшін сәйкес рефлекстерді қалыптастыруға арналғанжаттығуларды қолдануға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** шаңғымен сүйем қадам жасап жүру, шаңғымен сырғытып жүру.<br>**Түсінеді:** денені жинап алу, жұмырлану астынан өтетін баудың іліну биіктігіне байланыстыекендігі, жаттығуларды орындағанда қауіпсіздікті сақтау, кеңістікті мөлшерлегенде өзгелердің мүддесін ұмытпау керектігін.<br>**Қолданады:** жүріп келе жатып аяқтарын аздап бүгіп, бар салмақты алға шығарылған аяққатүсіре білу, кеңістікті бағдарлау дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Тыныс алу жаттығуы «Біз спортпен айналысамыз, сондықтан жылдам өсеміз» – қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру – тыныс алу. | **4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дағды:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ән орындайды, сөздерді анық және таза тыныс алып, бастап айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Түсінеді:** сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтау отырып айтуды.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Сағат» (Е. Андосов). Балалар шеңбер бойында жүріп, қолды белге қойып, сағат тілі секілді оңға, солға иіліп, сол ырғақпен | **Жапсыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**ҰІӘ мақсаты:** ұлттық ою-өрнек элементтерін қию әдісіне және үйлесімді сәндеуге үйрету. Бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; шығармашылық қасиеттерін дамыту;<br>**Дағды:** ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып,оны жапсыру әдіс-тәсілдерімен жұмыс жасауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ұлттық ою-өрнек салынған музыкалық аспапты;<br>**Түсінеді:** күй тек домбырада орындалатынын;<br>**Қолданады:** бүктеп, симметриялы қиюды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу:** Домбыра құрылысымен танысу. – шанағы;<br>– мойны, құлағы;<br><br>– пернелері;<br>– тиегі;<br>– ішегі. | **4.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Күннен-күнге бойымыз өсіп барады» – қолды төмен түсіріп, барлық табанмен еденге түсу – дем шығару.<br>Сап түзеп залдың бір шетінен қарама-қарсы жаққа жүру.<br>Екі-екіден тізбекке, сапқа тұрады, қарама-қарсы жаққа жүреді, жүгіреді, адымдарын байқапбасады, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.<br>**Білу:** Коорданацияны дамыту жаттығулары: «Көз-қол» «Көздерімен атыс» оңға – солға, жоғары – төмен (6 рет). көздерімен сағат тілімен 6 шеңбер, сағат тіліне қарсы 6 шеңбер салу.<br>1–9 сандарын көздерімен жазу. Көздерімен көлденең 6 сегізді жазу.<br>Көздерімен сағат тілімен 6 үшбұрыш, сағат тіліне қарсы 6 үшбұрыш салу.<br>Сағат тілімен көздерімен үшбұрыш, шаршы, шеңбер салу, сағат тіліне қарсы сол фигураларды салу.<br>**Түсіну:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ақшақарлар мен тентек жел» (тыныс алу гимнастикасынорындау)<br>Балалар екі топқа бөлінеді. «Ақшақарлар» аяғының ұшымен билеп, айнала ұшып жүреді. «Тентек желдер» дем алады.Педагог: «Жел тұрды!» – дегенде «тентек желдер» шығып, «ш-ш-ш-ш-ш» деп оларды ұшыра бастайды. «Ақшақарлар» қашып, жата қалады, тығылады. | ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды.<br>**Түсіну:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев). Балалар шеңбер бойында тұрады да, ортада бір бала қоян болады, ортадағы қоянның қимылдарын шеңберде тұрған балалар қайталайды. Қоян шеңберден шығуға тырысады, балалар жібермейді. | | | |

***4 үзіліс* – Балалардың дербес іс-әрекеті**
**Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру**



**Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Әуе таяқ»**
**Ойын мақсаты:**балаларды тапқырлыққа,шапшаңдыққа,ептілікке баулу.
**Әдістемелік нұсқау:** Бұл ойын көгалда немесе жай алаңда 12 адамның қатысуымен өтеді. Ойынға ұзындығы 80 сантиметрден аспайтын, жуандығы 4-5 сантиметр жұмыр таяқ пайдаланылады. Ойыншылар бірнеше жұпқа бөлінеді. Жүргізуші екі адамның әрқайсысына бір-бір таяқтан береді. Олардың біреуі таяғын әуелете лақтырған кезде, екіншісі ұшқан таяқты өз таяғымен ұруы тиіс. Таяқты кімнің лақтыратынын, кімнің оны кездеп ұратынын жеребе бойынша анықтайды. Егер ойыншылар екі топқа бөлінсе, ұшқан таяққа көбірек тигізген топ жеңген болып есептеледі. Сосын келесі кезекте лақтырушылар мен тигізушілер орын.
**Ойын шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5 - тен 10 – ға дейін ойыншы. Болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады.
Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>Көліктер бойынша туралы сурет бойынша өз ойын айытқызу. | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті**<br>(Нұрым,Аян,Арнұр) 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету .<br>Дидактикалық ойын: «Сана шық»<br>Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау. | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Сұлтанға «Тазалық айнас»сурет бойынша әңгіме құрастырту.<br>**Мақсаты:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>(кітап оқып беру);<br>**«Суреттерді құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>Әдепті мен әдепсіз туралы әңгімелесу. Ажарға сурет бойынша өз ойын айытқызу. |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №11**<br>**Терек ағашын бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>*Балалардың ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>*Ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші әңгімелейді:**<br>Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа-қайта жұтуға жарамсыз. Біз | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №12**<br>**Ауладағы ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты** *:*<br>*ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>*ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы**<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ қарын, | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №13**<br>**Ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты:** *ағаштар туралы білімдері кеңейту,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.*<br>**Бақылау барысы**<br>Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу. | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №14**<br>**Мектеп бақшасын бақылау**<br>**Мақсаты***:*<br>*қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру;<br>*зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз .** | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №15**<br>**«Алаңдағы ағаштарды» бақылау** .<br>**Мақсаты:** балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.<br>**Тапсырма :** «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.<br>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді.<br>Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсыңдар? Таза ауа ешқайдан келмейді.<br>Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады.<br>Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады.сол себептен бабаларымыз «Өмір жасыңды ұзартқың келсе ағаш ек» деген.<br>Ауыл маңы терек,<br>Терек егу керек.<br>Әсем биік теректер,<br>Балаларды өбектер.<br>♦ Теректер қайда көбірек өседі? *(қалада.)*<br>♦ Қалада тағы басқа қандай ағаштар өседі<br>♦ Ағаштар қалада не үшін керек? *(ағаш жапырақтары көмір қышқыл газын өз бойына сіңіріп, таза ауа өңдеп шығарады)*<br>♦ Теректің соңғы жапырақтары қашан ұшып түседі? *(күз соңында.)*<br>♦ Неге ағаш жапырақтары күзде түседі?(*себебі қыста ағаштар ылғалды көп жоғалтпас үшін)*<br>**Зерттеу жұмысы** | Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.**<br>♦ Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді??<br>♦ Күзде қандай болды?<br>♦ Қазіргі бейнесі қандай?<br>♦ Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді?<br>♦ Айналадағы ағаштар бейнесі қандай?<br><br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру<br>**Еңбек**<br>Жолды қардан тазалау.<br>*Мақсаты:* аула қараушыға көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>*Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.*<br>**Жаттығу ойындары** Секіру<br>*Мақсаты:орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру*<br><br>***Халық болжамы. Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Мысық қабырғаны тырналаса, бұрқасын боран болады.*** | **Әңгімелесу:**<br>*Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін)<br>*Ағаштар неге қыста өспейді?<br>*Ағаш тамырлары қалай қыстайды?<br>*Ағаштарға қыс мезгілі керек пе?<br>*Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады)<br>Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау.<br>**Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев**<br>Жауған күні қар алғаш,<br>Ағаштарды аядым.<br>«Тоңбасын»- деп бұл ағаш,<br>Орап қойдым аяғын.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>♦ Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>♦ Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар)<br>**Зеттеу жұмысы**<br>Жазда бұта өскен жердегі қарды тереңдетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді.  .<br>**Еңбек**<br>Жауған қарды ағаш түбіне үю. | Далада қар болрайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр болып жатады.<br>Аралайды бақшаны,<br>Үзілмейді жақсы әні.<br>Гүлденеді бақшалар,<br>Жауса-жаусын ақша қар.<br>♦ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? *(барлық жерді қар басты.)*<br>♦ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? *(аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)*<br>♦ бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? *(жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)*<br>♦ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? *(жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)*<br>♦ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? *(ғимарат жанында)*<br>♦ неліктен? *(соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.).*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..<br>**Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу<br>*Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;* | орналасуынан танып, айыруға үйрету.<br>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>**Сұрақтар:**<br>1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз?<br>2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?<br>3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас?<br>4. Ордың айырмашылығы қандай?<br>**Дидактикалық ойын:** ***«Сөзбен суреттеп айт»*** ағаштың түрін таны.<br>**Қимылды ойын:** ***«Ордағы қасқыр»***<br>**Мақсаты :** секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.<br>**Еңбек:** ағаштардың түбін қармен жабу.<br>**Мақсаты:** қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ауладағы ағаштарды қарау. Қай ағаш қалай тұр. (кейбір ағаштар бұтағы сирек, тікесінен сыйдиып тұр. Кей ағаштар бұтақтары қармен төмен иіліп тұр т.б.)<br>**Еңбек**<br>Кіші топ балаларына қар жинауға көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайларға көмек көрсетуге деген ынталарын арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын:** «Бәйге»<br>*Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүгіруге үйрету*<br>**Жаттығу ойындары** Бір аяқпен секіру<br>*Мақсаты: жоғары секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру.*<br>***Мақал-мәтел: Бір тал кессең, он тал ек.***<br>***Тыйым сөздер: Өсіп тұрған ағашты кесуге немесе балталауға болмайды. От жағуға қураған ағашты пайдалану керек.*** | | *Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Кім ағашқа бұрын жетеді?».<br>*Мақсаты:ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.*<br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап».<br>*Мақсаты:*<br>— Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br>Затты сипаттау бойынша табу. | — Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Қу түлкі».<br>*Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.*<br><br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Нысанаға тигіз».<br>*Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.* | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 29.01 – 02.02. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 29.01 | Сейсенбі 30.01 | Сәрсенбі 31.02 | Бейсенбі 01.02 | Жұма 02.02 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | №4 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 4 жиынтық**<br>***Жылтырақтармен (султанчиктермен) жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: аяқты алшақтату, жылтырақтар төмен түсірілген екі қолда. Жылтырақтарды алға-жоғары көтеру, алға-төмен түсіру, бастапқы қалыпқа қайту (5-6 рет).<br>2. Б.қ.: өкше түйістірілген, жылтырақтар төмен түсірілген. Жылтырақтар түзу ұсталғанқолда, отыру, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5-7 рет).<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, жылтырақтар төмен түсірілген. Жылтырақтарды екі жаққа созып (қол түзу ұсталған), оңға | № 1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1 *жиынтық***<br>**ОМЫРТҚАНЫҢ МОЙЫН БӨЛІГІНІҢ ҚОЗҒАЛҒЫШТЫҒЫН САҚТАЙТЫН ЖАТТЫҒУЛАР**<br>**1- жаттығу.** Бастапқы дене калыпты: тік тұру, басты тік ұстау, аяқ ұшы және өкше бірге, қолы еркін төмен жіберіледі. Бұны отырып та жасауға болады. Басты жеңіл баяу оңға бұрып, қайта қалпына келтіріп, мойын бұлшықеттерін босатамыз. Дем алу еркін. 3-4 рет қайталау керек.<br>**2- жаттығу.** Дене алпын өзгертпей, мойынды оңға, содан соң беті бұрмай, көтермей орнын өзгертуге тырысу керек. | № 2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 *жиынтық***<br>**ОМЫРТҚА ЖОТАСЫНЫҢ БЕЛ ЖӘНЕ КЕУДЕ БӨЛІКТЕРІНІҢ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫН САҚТАУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР**<br>1- жаттығу. Тік тұрып, аяқты иық араықтығына қойып, қолды белге ұстап, дем шығарғанда алға еңкейіп, іштi қысып, дем алғанда қайта қалыпқа келеміз.Дем шығарғанда артқа артқа қарай шалқайып, дем алғанда қайта қалыпқа келеміз. 3-4 қайталаймыз.<br>2- жаттығу. Дене қалпын өзгертпей, дем шығарғанда алға еңкейіп, денені оңға бұрып, дем алғанда тік қалыпқа келеміз. Содан кейін осылай қайталап, | № 3 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 3 *жиынтық***<br>**ОМЫРТҚА, ҚОЛ ЖӘНЕ АЯҚ БУЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР**<br>**Омыртқаға арналған жаттығулар**<br>1.Тік тұрып, басты иіп, иекті әрқашан кеудеге жеткізуге тырысып төмен жылжимыз. Сосын басты жылжытып бұрынғы қалыпқа әкелеміз. Кеуде бөлімінде омыртқаны бүкпеу керек.<br>2. Тік тұрып , басты жайлап артқа шалқайтып, осындай жағдайда «иықтар ішіне тартуға» тырысу. Содан кейін басты алға иіп, бәрін дәл солай қайталау керек. | № 4 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 4 *жиынтық***<br>**ОМЫРТҚА, ҚОЛ ЖӘНЕ АЯҚ БУЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР**<br>**Өкшеге арналған жаттығулар**<br>Екі сызықтың арасымен жүру (арақашықтығы 25см). Тәрбиеші ұзындығы 2,5-3 м болатын арқаннан (немесе таяқшалардан) екі жол жасайды. Жолдардың арақашықтығы 3 метрден кем емес. «Жаңбыр тоқтады, - дейді тәрбиеші,- күн жарқырап шықты, бірақ айнала шалшық. Аяғымызды сулап алмас үшін, жолдың үстімен жүріп өтуді ұсынады. Балаларды өзіне қарату мақсатында (бастарына салбыратпай) тәрбиеші қолына сылдырмақ ұстап, бетін балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (солға) бұрылу, бастапқы қалыпқа қайту (әр жаққа 3 реттен).<br>4. Б.қ.: аяқты алшақ қойып отыру, жылтырақтар тізе тұсында. Жылтырақтарды жоғары көтеру, алға еңкею және жылтырақты еденге, барынша алысырақ қою. Түзелу, жылтырақтарды жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа қайту.<br>5. Б.қ.: аяқты біріктіріп тұру, жылтырақтар еденде. Екі аяқпен жылтырақтардан секіру (10-12 рет). | **3- жаттығу.** Иекті, мойынды, басты алға қарай созып, соңынан иекті, мойынды, басты барынша артқа апаруға тырысу керек. Бұл кезде бетті көтеріп немесе түсіруге болмайды. Дем алу еркін.<br>**4- жаттығу.** Басты алдымен оң соңынан сол иыққа кезек-кезек құлақ иыққа тигенше еңкею керек. Бұл кезде иықты көтермеген дұрыс.<br>**5- жаттығу.** Бет және мойын бұлшықеттерінің босаңсытып, басты артқа барына шалқайтып, шүймеден желкені қасуға тырысу керек.<br>**6- жаттығу.** Иық бұлшықеттерін босаңсытып, бас орайымен жоғары тартылып, мойын омыртқаларын барынша созып, сонымен бірге басты оңға-солға ақырын бұрамыз.<br>**7- жаттығу**. Басты алға еңкейтіп, бет және мойын бұлшықеттерін босатып, басты оңнан солға, солдан олға, солдан оңға бір рет айнылдырамыз. Бастапқы кезде бұл жаттығуды бір ретен арық жасамау керек. Кейін үйренгеннен кейін де 2-3 реттен асыруға болмайды.<br>**8- жаттығу.** Иекті, мойынды, басты алға созып, мойынды алдымен оңға, артқа, солға, алға айналдыра ауыстырамыз. Бұл кезде бетті төмен түсіруге, басты еңкейтуге болмайды. 2 рет жасау керек.<br>*<u>Ескерту:</u>*Егер мойын омыртқаларында ауру байқалса, бұл жаттығуларды дәрігер кеңесінсіс жасауға болмайды. | бірақ денені солға бұрамыз. 3-5 рет қайталаймыз.<br>3- жаттығу.  Дене қалпын өзгертпей, денені оңға бұрып, сол аяққа еңкейеміз де қайта тік тұрамыз. Дем алу еркін. 3 рет қайталаймыз.<br>4- жаттығу. Бастапқы қалып: тік тұру, бір аяқты еінші аяқ алдына 0,5 м қашықтыққа қойып, қолдарды екі жаққа иық деңгейіне дейін көтереміз. Денені артқа шалқайтып, алдымен солға содан соң оңға қарай бұрамыз. Содан кейін алға еңкейтіп қозғалыстарды 5 реттен қайталаймыз.<br>5- жаттығу. Бастапқы қалып: аяқтар иық арашықтығында, қолдар байланысқан қалпында жоғары көтеріліп, созылған. Жоғары тартылып, қолмен және денемен 5 реттен оңнан солға, солдан оңға қарай айналып шеңбер сызамыз. Дем алу еркін.<br>6- жаттығу. Кілемшеге жатып, қолды дене бойымен жіберіп, содан кейін қолды алға көтеріп жатқан қалыптан отырған қалыпқа денені ауыстырамыз да қайта жатамыз. 1-5 рет жасауға болады.<br>7- жаттығу. Тік тұрып, аяқтарды қосамыз. Денені оңға, солға кезек-кезек еңкейтеміз. Бұл кезде қол санның сырт жағында және дененің бүйірінде еркін қозғалтып тұрады. Дем алу еркін, 1-5 рет қайталауға болады.<br>8- жаттығу. Бастапқы қалып: аяқ қосылға, қол белге қойылған. Жамбаспен алға-артқа қозғалыстар жасаймыз. Бұл кезде аяқ және иық қозғалмау керек.<br>9- жаттығу. Дене қалпын өзгертпей, жамбаспен оңнан солға, солдан оңға қарай айнымалы қозғалыстар жасаймыз. Бұл қозғалысқа аяқ қосылмауы керек.<br>10-жаттығу. Бастапқы қалып:аяқ иық арашықтығында, қол дене бойымен төмен түсірілген. Ішке дем алып, демшығарып кезінде біртіндеп, алдымен мойын, кейін кеуде, одан кейін бел омыртқаларын алға еңкейтіп, бұлшықеттерді босаңсытып, дем алу кезінде бастапқы қалыпқа біртіндеп келтіреміз. Келесі дем шығару кезінде осы қозғалыстарды артқа шалқайып қайталаймыз. 1-2 реттен бастап, 5-6 ретке дейін жеткізуге болады. | 3.Тік тұрып, басты барынша оңға және солға иі, құлақты иыққа тигізуге тырысу керек.<br>4.Тік тұрып, желке және мұрын арқылы өтетін садақ жебесін елестетеміз. Басты оңға және солға елестеткен жебе бойымен айналдырамыз. Дәл солай қайталап басты алға, сосын артқа иілесіз. Әр иілгеді 10-15 рет қайталау керек.<br>5.Тік тұрып, басты барынша оңға және солға бұрмалау.<br>6.Алғашқы жаттығуда орындаймыз, бірақ омыртқаның кеуде бөлімінің бүгуін орындаймыз. Бел бөлімін бүкпейміз. Алақанмен шынтақты құшақтап, қолды алдыға айқастыруға болады.<br>7.Тік тұрып, барынша өте күш жұмсай иықты кезек-езек көтеріп, түсіріңіз.<br>8.Қолдыиыққа қойып, омыртқаның кеуде бөлімін барынша алға және артқа иеміз.<br>9.Тік тұрып, иықпен барынша айналмалы қозғалысжасаймыз.<br>10.Қолдыбүйірге қойып, оңға, солға кезектесе барынша иеміз. Қолдары бұл кезде аяқтан ажырамай жылжиды.<br>11.Тік тұрып, кеуде бөлімінде омыртқаны айналдыруға тырысамыз. Бел бөлімі мүмкіндігінше қозғалмай қалуы керек.<br>12.Қолды арқаға айқастырып, алға барынша еңкейеміз, сосын қайта бастапқы қалыпқа келеміз.<br>13.Қолды кеудеге айқастырып, артқа барынша шалқаямыз, сосын бастапқы қалыпқа келеміз.<br>14.Байяу және біртіндеп артқа шалқаямыз (алдымен басты, сосын омыртқаның кеуде бөлімін, одан кейін бел бөлімін). Сондайбаяу және біртіндеп бастапқы қалпыпқа келу.<br>15.Оңғажәне солға кезек- кезек иілеміз, басты өз денеңізге тигізугетырысыңыз.<br>16.Қолды жоғарыға көтеріп және «құлып» жасап, артқа шалқаямыз.<br>17.Бүйірге иілу жасаймыз, бірақ бұл кезде қарама- қарсы иілгенде қол жоғарыға көтеріледі, ал аттас қол төменге жылжиды.<br>18.Тіктұрып, денені бүйірге бүгін және басты бұрып, арттағы қарама-қарсы айналымдағы өкшені көруге ұмтылу. Басқажағымен де осыны қайталаймыз. | қаратып жүреді. Балалар бірінші, екінші жолды жүріп өтіп, орындарына барып отырады. Тәрбиеші жолмен жүріп өтіп, орындарына барып отырады. Тәрбиеші жолмен жүріп өтуге екінші шағын топты шақырады.<br>Б.қ. өкше түйістірілген, қол төмен түсірілген. Қолды алға созып, шапалақ соғу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>Б.қ. өкше түйістірілген, қол белде. Еңкейіп, еденге қол тигізу, тұрып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет)<br>Б.қ. аяқты алшақтатып, қолды алға ұстап, отыру. Еңкею, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, қолды арқаға ұстау, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет)<br>Б.қ. аяқ сәл алшақтатылған, қол белде. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 11-жаттығу. Бастапқы қалып: аяқ қосылған, қол жоғары көтеріліп, саусақтар біріккен, көз жұмылған. Ішке дем алып, дем шығарғанда бар денесімен алға жоғары қарай тартылып, өкшеніні еденнен алмаймыз. Қайта қалыпқа келеміз. Осы жаттығуларды жасағаннан кейін еденде жатып дем алу ұсынылады. | 19.Еденге отырып және аяқтың арасын ашып, алдымен оң иықпен, сосын сол иықпен, сосын тіке алға еңкеиеміз. 10-05 рет қайталаймыз | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **29.01.24**<br>**Дүйсенбі** | **30.01.24**<br>**Сейсенбі** | **31.02.24**<br>**Сәрсенбі** | **1.02.24**<br>**Бейсенбі** | **2.02.24**<br>**Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** Заттың бірнеше тең бөліктері.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және | **1.Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Мысық, әтеш және түлкі (қазақ халық ертегісі)саханалау.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру**.** Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру**.** Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** Заттың бірнеше тең бөліктері.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және | **1.Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Мысық, әтеш және түлкі (қазақ халық ертегісі)саханалау.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ертегіні мазмұндау да балалардың кабілеттілігін калыптастыру**.** Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру**.** Ауыз әдебиеті шығармалары | **Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Ана – өмір шырағы.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>**Дағды:** Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік».<br>**Дағды**: Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**Қолданады:** бөліктерден пішін құрастыруды;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.**<br>Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды.<br>**Түсіну:** Қарбыз қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (екі бөлік)<br>-Қарбыздың бір бөлігін қалай атауға болады? (жарты)<br>-Алманы қандай бөліктерге бөлген?(тең)<br>-Олардың саны қанша? (төрт бөлік)<br>-Алманың бір бөлігін қалай атауға болады? (төрттен бір) | арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды**: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды), ертегіні сахналау барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады**: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік».<br>**Дағды**: Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**Қолданады:** бөліктерден пішін құрастыруды;<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.**<br>Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды.<br>**Түсіну:** Қарбыз қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (екі бөлік)<br>-Қарбыздың бір бөлігін қалай атауға болады? (жарты)<br>-Алманы қандай бөліктерге бөлген?(тең)<br>-Олардың саны қанша? (төрт бөлік)<br>-Алманың бір бөлігін қалай атауға болады? (төрттен бір) | негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды**: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды), ертегіні сахналау барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады**: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды, музыканың сипатына сәйкес қозғалады. **Түсінеді:** әннің мазмұнын түсінеді.<br>**Қолданады:** таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Лենталармен жаттығу» (В. Моцарт).<br>**Түсіну:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Шоколад қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (үш бөлік)<br>-Шоколадтың бір бөлігін қалай атауға болады? (үштен бір) | | -Шоколад қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>-Олардың саны қанша? (үш бөлік)<br>-Шоколадтың бір бөлігін қалай атауға болады? (үштен бір) | | |

***1 үзіліс -***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

***Сюжетті - рөлді ойын:*** **арналған ойын: «Кім үздік жүргінші?»**

**Басты мақсат: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділік дағдыларын қалыптастыру.**

**Еліктеу ойындары:“Кім жақсы айтады”**

**Р-р-р-ррр**



**Ы-ы-ыы-ыыы**





***Сюжетті - рөлді ойын:*** **«Кім үздік жүргінші?»**

***Мақсаты:*** Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:**1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы.

**Ойын барысы:**

Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөңгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөңгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстық талдау<br>**ҮІӘ мақсаты:** Дауыссыз, дауысты дыбыстарды | **2 .Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Қаңтар.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Дыбыстық талдау жасауды үйрету. Қыс белгілері | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Сөйлем<br>**ҮІӘ мақсаты:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару. | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Сөйлем сызбасы<br>**ҮІӘ мақсаты:** Сөйлем сызба туралы түсіндіру. Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулеу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі.<br>**Түсінеді:** буындардың дыбыстардан тұратынын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** «Дыбысты балға»дидактикалық жаттығуы. Мен сендерге қатаң дауыссыз, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтамын, сендер қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, партаны бір рет жұдырықтарыңмен ұрасыңдар, ал ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, бір рет шапалақ ұрасыңдар.<br>Мысалы: *парта, ферма, бидон, вагон, кітап, Камшат, гүл, ғалым, қайшы, табақ, доп, тарақ, сағат, жұлдыз, зәкір, хат.*<br>**Білу:** Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?» | жайлы әңгімелесу. Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын барысында үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.<br><br>**Дағды**: Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дағдыландыру.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br><br>**Жасайды:** педагогпен бірге қайталап өлеңді жаттайды;<br>**Түсінеді:**өлең мазмұнын ,қардың «жапалақтап», «түйіршектеніп" жауатынын;**Қолданады:**өлең ішіндегі сөздерден, дауыссыз дыбыстарды табуды<br><br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу:** Мақал-мәтелдер<br>1.Қысына қарай – көктемі,<br><br>Диқанына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы.<br><br>3.Қыс қамынды жаз ойла.<br><br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын:<br><br>«Дауыссыз дыбыстарды анықта». | Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.<br>**Дағды:** Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөйлемді дұрыс құрайды.<br>**Түсінеді:** қарама-қарсы сөздерді, сөйлем нені білдіретінін түсінеді.<br>**Қолданады:** берілген буындарды қолданып сөз құрайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** «Кім шапшаң сөйлем құрайды?»дидактикалық ойыны.<br>Суреттер көрсетемін(көбелек, көлік, тарақ, кітап, қоян т.б.). Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды. Сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен атауға тапсырма береді.<br>**Түсіну:** «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы<br>*Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады.*<br>**-та**буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. | **ҮІӘ мақсаты:** Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау.<br>**Дағды**: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** арапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды;<br>**Түсінеді:** сандар мен таңбалардың көмегімен жазуды;<br>**Қолданады:** есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Практикалық жұмыс ұсынылады.<br>Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды?<br>Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің | тұратын сөйлем құрауды үйрету.<br>**Дағды:** Сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөйлем сызбасын анықтайды, сызады.<br>**Түсінеді:** сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құралатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сөйлем құрады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** «Жоғалған дыбысты тап»дидактикалық ойыны<br>–Мен сендерге суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтамын, сендер сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасыңдар. Мысалы: *көгерші...(н), балмұзда...(қ), домбыр...(а), қасқы...(р), шырш...(а), банк...(а), шеле...(к), арб...(а), сегі...(з), уылдыры...(қ), күнбағы...(с), монш...(а), кіта...(п), журна...(л), үсте...(л), орынды...(қ), баспалда...(қ), мекте...(п).*<br>**Қолдану:** «Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрышты, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұян дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: «*а-, -й-, -ц-, -у-, -к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю* т.б.»<br>**Қолдану:** «Не артық?» дидактикалық ойыны<br>Бір топқа жататын сөздерді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтамын. Балалар сол артық сөзді табуы керек.<br>Мысалы: нан, шай, май, тай – ...*(тай)*<br>Қызыл, жасыл, ақ, тақ, көк – ... *(тақ)*<br>Алма, шие, бөрік, өрік – ... *(бөрік)*<br>Екі, үш, төрт, бес, кес – ... *(кес)* | | *Тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, таңқы, тау, тауық, таутеке, тазы,тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.*<br>**-ба** буынынан басталатын сөздер ойландар.<br>*Балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақбақ, бақыр, Бағжан, байғазы, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.*<br>**-са** буынынан басталатын сөздер ойландар.<br>*Сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.*<br>Ойын соңында жұлдызша ең көп бала жеңімпаз болады. | нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді.<br>**Түсіну:**<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді. | Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық).<br>Тышқанның жауы – (мысық).<br>Әжем ирді – (ұршық).<br>Шәуілдеп үрді – (күшік).<br>Ең қу аң – (түлкі).<br>Үсті ине – (кірпі).<br>Қол жуғышта ілулі – (сүлгі).<br>**Білу:** *«Әтеш»* сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>Ә – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз,<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. |
| ***2 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>***Басты мақсат:*** **қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.** | | | | | |

**Артикулыциялық жаттығулар:**

**Балықтар**

Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
**Балық:** «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіңдер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!



**«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.**
**Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.










**Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»**
**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру
**Жасы:** 5-6 жас аралығы
**Қажетті заттар:** Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
**Ойын барысы:** Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.





**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Жыл құстары.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Жан-жағыңа жылулық сыйла!<br>**ҮІӘ мақсаты:** Қимыл әрекеттердің еркін | **2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Жыл құстары.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың | **3.Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>**Тақырыбы:** Кеме (өлең)<br>(Е. Өтетілеуұлы). | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Жан-жағыңа жылулық сыйла!<br>**ҮІӘ мақсаты:** Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту.<br>**Дағды:** Табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:**құстардың атауларын біледі.<br>**Түсінеді:** қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі.<br>**Қолданады:** құстарды бақылау әдістерін меңгерген, құрастырушылық қабілеті бар.<br>**Алдын ала жұмыс**: қарапайым тәжірибелерге қатысу, энциклопедия оқу, фотосуреттер мен суреттерді қарап шығу, балабақшадан тысқары жерлерге экскурсия жасау, жұмбақтардың шешуін табу, әңгімелесу.<br>**Өзекті мәселе**: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. | орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету.<br>**Дағды:** Кең адымдап жүгіруді, гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаштап қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түсуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаш қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түскенде қимылын түзетеді. Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де,қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.<br>**Қолданады:** түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарғабөлініп негізгі жаттығуларды орындау, шеңбердің ішіне немесе шеңбердің сыртына екі аяқтап секіру, қозғалыс кезінде тепе-теңдік сақтау, кеңістікті барлау. | атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту.<br>**Дағды:** Табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:**құстардың атауларын біледі.<br>**Түсінеді:** қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі.<br>**Қолданады:** құстарды бақылау әдістерін меңгерген, құрастырушылық қабілеті бар.<br>**Алдын ала жұмыс**: қарапайым тәжірибелерге қатысу, энциклопедия оқу, фотосуреттер мен суреттерді қарап шығу, балабақшадан тысқары жерлерге экскурсия жасау, жұмбақтардың шешуін табу, әңгімелесу.<br>**Өзекті мәселе**: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **ҮІӘ мақсаты:** Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру.<br>Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру.<br>**Дағды**: Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыта отырып дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** Жұмбақ шешті, өлең мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап берді, суреткеқарап өлеңді жаттап алады;<br>**Түсінеді:**өлең мазмұнын**,** көліктердің әр салада пайдалануын;<br>**Қолданады:** әртүрлі көліктерді жолдарымен қосады..<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу:** Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңінмен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді.<br>Міне, Кеме, Мінем, Мен де.<br>Сапарға алыс шығамын,<br>Теңіз сырын ұғамын.<br>Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай,<br>Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады: Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай. | аяқты бүгіп, жаза келедәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету.<br>**Дағды:** Кең адымдап жүгіруді, гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып,қиғаштап қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түсуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаш қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түскенде қимылын түзетеді. Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.<br>**Қолданады:** түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарғабөлініп негізгі жаттығуларды орындау, шеңбердің ішіне немесе шеңбердің сыртына екі аяқтап секіру, қозғалыс кезінде тепе-теңдік сақтау, кеңістікті барлау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Баскетбол себетіне доп лақтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Баскетбол себетіне доп лақтыру.<br>Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.<br>Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады.<br>**Түсіну:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ»<br>Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі | | Кемемізді жағалаулар шақырады. | Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды. Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғыназдап алдыға шығарады.<br>**Түсіну:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ»<br>Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер«қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді.<br>**Білу:** Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шеңбер«қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді.<br>**Білу:** Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу. Гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаш қозғалып өрмелеп,алма-кезек адымдап түсу.<br>Қолдарымен сатыдан мықтап ұстап, алма-кезек адымдап қозғалады. Сатыдан ұстағандатөрт саусағын сатының үстінен, басбармағын астынан келтіріп, дұрыс ұстайды. | | | Гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаш қозғалып өрмелеп,алма-кезек адымдап түсу.<br>Қолдарымен сатыдан мықтап ұстап, алма-кезек адымдап қозғалады. Сатыдан ұстағанда төрт саусағын сатының үстінен, басбармағын астынан келтіріп, дұрыс ұстайды. |
| ***3 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»**<br>**Мақсаты:** Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.<br>**Ойынның шарты:**Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып,былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.<br>**Ықтимал күрделендіру:**тез ойла<br>**Ойынның нұсқаулары:**Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.<br><br> | **Сюжетті – рөлдік ойын.Тақырыбы:«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия»**<br>**Мақсаты :**<br>Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардын мейрімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету .<br>**Жағдаят:**<br>Үстелді таңдау;<br>Ас мәзірімен танысу;<br>Тапсырысты қабылдау ;<br>Тапсырысты орындау;<br>Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар);<br>Тапсырысқа төлеу;<br>Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу.<br> | **Сюжеттік ойын.Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»**<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>**Қажетті атрибуттар:** ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>**Ойын шарты:** Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.<br>Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.<br>Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.<br>Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді.<br>Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.<br>  |

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Өз бетімізбен жаттығамыз.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Қозғалыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға жағдай жасау. Гимнастикалық баспалдаққа | **4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Ана – өмір шырағы.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка | **4. .Құрастыру–шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Тақырыбы :** Көліктер.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Құрылыс материалдарымен және «Лего» конструкторлармен жұмыс жасай | **4.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өрмелеп, сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту. Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіруді жалғастыру, көлбеу тақтаймен жүріп жаттығу, статикалық қалыпты, дене түзулігін ұстап тұру қабілетін жетілдіру.<br>**Дағды:** Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** үлкен қадамдармен аттап жүгіріп келіп, себетке доптарды лақтырады. Остеопатиялық жаттығуларды орындайды.<br>**Түсінеді:** допты бір орында тұрып, кеуде тұстан екі қолмен себетке лақтыру техникасын, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, сатылармен көтерілу, төмен түсу, қиғаш түсуді.<br>**Қолданады:** түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау, шеңбердің ішіне немесе шеңбердің сыртына екі аяқтап секіру, қозғалыс кезінде тепе-теңдік сақтау, кеңістікті барлауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Остеопатиялық жаттығулар<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, оң қолды алдына созып, аздап бүгеді. Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып, ақырын басады, оң қолдың шынтақ буынын мүмкіндігінше сол | арқылы жеткізе білуге үйрету. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>**Дағды:** Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Түсінеді:** әннің мазмұнын түсінеді.<br>**Қолданады:** таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт).<br>**Түсіну:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. | білуге үйрету, берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу, оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту.<br>**Дағды:** Құрылыс материалдарымен«Лего»конструкторлардыпайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету;<br>бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру,олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту,<br>жұмыс жасауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыра алады.<br>**Түсінеді:** бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастырады, олардың бөлшектерін берік орнатады және бөліктерінің аттарын атай алады.<br>**Қолданады:** «Лего» конструкторлардың пішініне, көлеміне қарай таңдай отырып одан әртүрлі көліктер құрастырады, оларды сөзбен сипаттап айтып береді, оларды құру кезеңдерін жоспарлай алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу: «Фото суреттер сөйлейді»**<br>Көлік түрлерінің суреттерін және фото суреттерді қарап, олардың | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | иыққа жақындатады. 10–15 секунд қайталап орындайды.<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, қолдарын артына түйістіріп ұстап, ақырындап жоғары көтеру. Қолдарын шынтақта бүкпей,10–15 секунд орындайды.<br>**Түсіну: Тепе-теңдік сақтау жаттығулары**<br>Тепе-теңдікті сақтап жаттығулар орындау. Орындау барысында тепе-теңдікті сақтап, арқаны тік ұстау ұсынылады.<br>Тақтайдың шетіне қарап, қолдарын екі жаққа қойып, тепе-теңдік сақтауға көмектеседі.<br>Себетке доп лақтыру.<br>Допты кеуде тұсында ұстап, төменнен доға сызады. Саусақтары жазылып, сермейді. Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.<br>**Білу: Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу**.<br>Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру.Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу. | | жеке бөліктеріне назар аударады. Осыдан кейін балаларға ұшақтың, мәшиненің, қайықтың, мотоциклдің үлгілерін қарап көруді ұсынады. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды.<br>Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұсталып қалма!»**<br>Ойыншылар еденге шеңбер жасап қойылған жіп бойымен тұрады. Шеңбер ортасында екі бастаушы тұрады. Белгімен балалар алдымен екі аяқтап шеңберге, сосын шеңберден сыртқа секіреді.<br>Бастаушылар оларды тек шеңбердің ортасында ғана ұстай алады.<br>«Ұсталған» ойыншы ойыннан шығады. | | | | |

***4 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру**



**Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Әуе таяқ»**

**Ойын мақсаты:**балаларды тапқырлыққа,шапшаңдыққа,ептілікке баулу.

**Әдістемелік нұсқау:** Бұл ойын көгалда немесе жай алаңда 12 адамның қатысуымен өтеді. Ойынға ұзындығы 80 сантиметрден аспайтын, жуандығы 4-5 сантиметр жұмыр таяқ пайдаланылады. Ойыншылар бірнеше жұпқа бөлінеді. Жүргізуші екі адамның әрқайсысына бір-бір таяқтан береді. Олардың біреуі таяғын әуелете лақтырған кезде, екіншісі ұшқан таяқты өз таяғымен ұруы тиіс. Таяқты кімнің лақтыратынын, кімнің оны кездеп ұратынын жеребе бойынша анықтайды. Егер ойыншылар екі топқа бөлінсе, ұшқан таяққа көбірек тигізген топ жеңген болып есептеледі. Сосын келесі кезекте лақтырушылар мен тигізушілер орын.

**Ойын шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5 - тен 10 – ға дейін ойыншы. Болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады.
Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.

| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет** | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет** | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>(кітап оқып беру);<br>**«Суреттерді құрастыр»** | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>Әдепті мен әдепсіз туралы әңгімелесу. 2- ші қатар |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көліктер бойынша туралы сурет бойынша өз ойын айытқызу. | 3-ші қатар оқушыларымен 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету .<br>**Дидактикалық ойын:** «Санамақ баспалдақ»<br>**Мақсаты:** 10 көлемінде тура және кері санау. | 1-ші қатар оқушыларымен «Кім болғым келеді?»сурет бойынша әңгіме құрастырту.<br>**Мақсаты:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | оқушыларымен сурет бойынша өз ойын айытқызу. |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №16**<br>**Терек ағашын бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>Ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші әңгімелейді:**<br>Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа-қайта жұтуға жарамсыз. Біз үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді.<br>Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсыңдар? Таза ауа ешқайдан келмейді. Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады.<br>Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады.сол себептен | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №17**<br>**Ауладағы ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты** *:*<br>Ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>Ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы**<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ қарын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.**<br>♦ Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді??<br>♦ Күзде қандай болды?<br>♦ Қазіргі бейнесі қандай?<br>♦ Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №1**<br>**Ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты:** Ағаштар туралы білімдері кеңейту,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу.<br>**Әңгімелесу:**<br>*Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін)<br>*Ағаштар неге қыста өспейді?<br>*Ағаш тамырлары қалай қыстайды?<br>*Ағаштарға қыс мезгілі керек пе?<br>*Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады) | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №2**<br>**Мектеп бақшасын бақылау**<br>**Мақсаты***:*<br>Қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру;<br>Зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз .**<br>Далада қар болрайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр болып жатады.<br>Аралайды бақшаны,<br>Үзілмейді жақсы әні.<br>Гүлденеді бақшалар,<br>Жауса-жаусын ақша қар.<br>♦ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды?? *(барлық жерді қар басты.)* | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №3**<br>**«Аландағы ағаштарды» бақылау** .<br>**Мақсаты:** Балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.<br>**Тапсырма :** «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.<br>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.<br>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>**Сұрақтар:**<br>1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз?<br>2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?<br>3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас?<br>4. Ордың айырмашылығы қандай? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бабаларымыз «Өмір жасыңды ұзартқың келсе ағаш ек» деген.<br>Ауыл маңы терек,<br>Терек егу керек.<br>Әсем биік теректер,<br>Балаларды өбектер.<br>♦ Теректер қайда көбірек өседі? *(қалада.)*<br>♦ Қалада тағы басқа қандай ағаштар өседі<br>♦ Ағаштар қалада не үшін керек? *(ағаш жапырақтары көмір қышқыл газын өз бойына сіңіріп, таза ауа өңдеп шығарады)*<br>♦ Теректің соңғы жапырақтары қашан ұшып түседі? *(күз соңында.)*<br>♦ Неге ағаш жапырақтары күзде түседі?(*себебі қыста ағаштар ылғалды көп жоғалтпас үшін)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Аулалағы ағаштарды қарау. Қай ағаш қалай тұр. (кейбір ағаштар бұтағы сирек, тікесінен сыйдиып тұр. Кей ағаштар бұтақтары қармен төмен иіліп тұр т.б.)<br>**Еңбек**<br>Кіші топ балаларына қар жинауға көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайларға көмек көрсетуге деген ынталарын арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын:** «Бәйге»<br>*Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүгіруге үйрету*<br>**Жаттығу ойындары** Бір аяқпен секіру<br>*Мақсаты: жоғары секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру.* | ♦ Айналадағы ағаштар бейнесі қандай?<br><br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру<br>**Еңбек**<br>Жолды қардан тазалау.<br>*Мақсаты:* аула қараушыға көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>*Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.*<br>**Жаттығу ойындары** Секіру<br>*Мақсаты:орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру*<br><br>***Халық болжамы. Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Мысық қабырғаны тырналаса, бұрқасын боран болады.*** | Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау.<br>**Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев**<br>Жауған күні қар алғаш,<br>Ағаштарды аядым.<br>«Тоңбасын»- деп бұл ағаш,<br>Орап қойдым аяғын.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>♦ Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>♦ Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар)<br>**Зеттеу жұмысы**<br>Жазда бұта өскен жердегі қарды тереңдетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. .<br>**Еңбек**<br>Жауған қарды ағаш түбіне үю.<br>*Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Кім ағашқа бұрын жетеді?».<br>*Мақсаты:ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.*<br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап». | ♦ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? *(аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)*<br>♦ бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? *(жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)*<br>♦ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? *(жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)*<br>♦ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? *(ғимарат жанында)*<br>♦ неліктен? *(соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.).*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..<br>**Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу<br>*Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;*<br>— Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Қу түлкі». | **Дидактикалық ойын:** ***«Сөзбен суреттеп айт»*** ағаштың түрін таны.<br>**Қимылды ойын:** ***«Ордағы қасқыр»***<br>**Мақсаты :** секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.<br>**Еңбек:** ағаштардың түбін қармен жабу.<br>**Мақсаты:** қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Мақал-мәтел: Бір тал кессең, он тал ек.***<br>**Тыйым сөздер:** Өсіп тұрған ағашты кесуге немесе балталауға болмайды. От жағуға қураған ағашты пайдалану керек. | | *Мақсаты:*<br>— Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br>Затты сипаттау бойынша табу. | *Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.*<br><br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Нысанаға тигіз».<br>*Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту*. | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!»**<br>**Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»

**Балалардың жасы:** 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 12.02 – 16.02. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 12.02 | Сейсенбі 13.02 | Сәрсенбі 14.02 | Бейсенбі 15.02 | Жұма 16.02 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау.  Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс. | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 1 жиынтық**<br>**Жалпы дамыту жаттығулары(құралсыз)**<br>**І.Негізгі  бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.<br>«Достар» - жұптасып жүру .<br>Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау | № 1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1 *жиынтық***<br>**Жалпы дамыту жаттығулары(құралсыз)**<br>**І.Негізгі  бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру.<br>Шеңбер бойы тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>Б. қ:  «Ара ұшты» | № 2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 *жиынтық***<br>**Жалпы дамыту жаттығулары(құралсыз)**<br>**І. Негізгі бөлім:**<br>Бір сапқа  тұру, саппен жүріп және жүгіру.<br>Педагогтың  бұйрығы бойынша тоқтау.  Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру,<br>қолды белге қойып өкшемен жүру. | № 3 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 3 *жиынтық***<br>**Жалпы дамыту жаттығулары**<br>**І. Негізгі бөлім:**<br>Бір саппен жүру, жүгіру. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру.   Үш топқа бөліну.<br>**ІІ. Жалпы даму жаттығулары**<br>1. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Оң жаққа аттау, қолды екі жанмен жоғары көтеру. Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет<br>2. Б.қ. Аяқ алшақ, қол белде. Оңға иілу, сол қолды желкеге қою. | № 4 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 4 *жиынтық* Жалпы дамыту жаттығулары (орамалмен)**<br>**І. Негізгі бөлім:**<br>Бір саппен жүру.<br>Тәрбиешінің белгісімен екі сапқа жүргізу,  шашырап жүгіру,бір саппен жүру.<br>**ІІ.  Жалпы даму жаттығулары**<br>1. Б.қ. Тік тұру Орамалды екі қолмен ұстап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Б.қ.: «Көбелек қонды»<br>Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /6 рет қайталау/<br>Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»<br>Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/<br>Б.қ.: «Қайшы»<br>Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау. /6 рет қайталау./<br>Б. қ.: «Жұлдызша»<br>Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет қайталау/<br>**Қорытынды:** Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру**.** | Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/<br>Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы»<br>Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 6 рет қайталау/<br>Б.қ. : «Қайшы»<br>Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 6 рет қайталау/<br>Б. қ.: «Қоян қашты»<br>Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/<br>Шеңбер бойымен жүру | **II. Жалпы дамыту жаттығулары**<br>1.Б.қ. Тік тұру,қол белде. Қолды желкеге қойып басымызды артқа шалқайту, оң аяқты артқа аяқ ұшымен қою.Орнына келу.<br>Сол аяқпен қайталау. 5-6 рет.<br>2. Б.қ. Аяқ алшақ,қол белде. Оңға бұрылу,оң қолды жанға созу. Орнына келу,сол жаққа келу. 6 рет<br>3. Б.қ. Тізеге тұру,қол екі жанда. Оң аяқпен алға қою,пружинше қозғалу. Орнына келу,сол аяқпен қайталау. 5-6 рет.<br>4. Б.қ. Тізеге тұру, қол белде. Бір,екі оң жақ жанбасқа отыру, қолды алға созу. Үш,төрт орнына келу. Сол жаққа қайталау.6 рет<br>5. Б.қ. Тік тұру, қол екі жанда,қос аяқтап секіру. 4 – 5 рет<br>**III. Тыныс алу жаттығулары.**<br>Жәй жүріп аузын ашып демалып, мұрынмен шығару.<br>Уф-уф-уф | Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет<br>3. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Бір,екі отыру,қолды алға созу. Үш, төрт орнына келу.5-6 рет<br>4. Б.қ. Отыру, аяқ бірге,қол артта тіреулі. Аяқты алға тіке созу «бұрыш». Орнына келу. 5 – 6 рет<br>5. Б.қ. Шалқасына жату,қол желкеде. Оң аяқты тіке көтеру, оң қолмен аяқ ұшына тигізу,орнына келу.<br>Сол аяқпен қайталау. 5 – 6 рет.<br>6. Б.қ. Тік тұру, қол белде. 1 – 3 сол аяқ, 4 – 6 оң жақ аяқпен секіру.<br>**III. Тыныс алу жаттығулары**<br>Жәй жүру. Тыныс алу жаттығулары үлкен болып өсеміз қолды жоғары созып,демді ішке алып, уф деп сыртқа шығару. | 1-дегенде жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз, 2-бастапқы қалып,3-дегенде орамалды жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз , 4-б.қ келу. 4-5рет<br>2. Б.қ.қолымыз алдымызда,1-оң жаққа бұрылу, 2-б.қ келу, 3-сол жаққа бұырылу, 4-б.қ келу. 4-5 рет.<br>3.Б.қ орамалды қолымызға ұстап,аяқты алшақ қойып алға еңкейіп аяқ ұшына орамалды тигізу.<br>4.Б.қ. аяғымыз қосамыз,екі қолға орамалды ұстап алға созу,<br>1-тіземізді бүгіп отыру, 2-б.қ келу 4-5рет<br>5.Орамалды төменге түсіріп бір орыннан секіру..5-6 рет<br>**III. Тыныс алу жаттығулары**<br>Саппен жай жүру,тыныс алу жолдарына жаттығу. «Сағат»-тырс-тырс |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **12.02.24** | **13.02.24** | **14.02.24** | **15.02.24** | **16.02.24** |

| | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау.<br>**Дағды**: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** арапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды;<br>**Түсінеді:** сандар мен таңбалардың көмегімен жазуды;<br>**Қолданады:** есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты құратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру.<br>**Дағды:** Кең адымдап жүгіру, бір-біріне допты кеудеден қағып алып, кеудеден лақтырып беру, тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп барып, екінші аяғынорындықтың қасымен айналдырып әкеліп аттап жүру дағдыларын, 3 метр қашықтықтан қалашықты қағып түсіру қабілетін,ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** қалашықты 3 метр қашықтықтан ұрып жығу, зат бейнесін елестетіпорындалатын бұлшық ет релаксациясына арналған жаттығулар.<br>**Түсінеді:** спорт түрлерін атау, спорттың денсаулыққа келтірер пайдасын саналы түсінеді,допты жұбының қолына лақтырып беру, доптан көз алмай қимылдау, | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҮІӘ мақсаты:** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дағды**: Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету. Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар шығаруға дағдыландыру. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшеуді, «ұзынырақ», «қысқарақ», «өлшем» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (ені, биіктігі) қалай өлшеуге болатынын;<br>**Қолданады:** бір-бірінің үстіне салуды, бір-біріне | **.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҮІӘ мақсаты:** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дағды**: Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету. Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар шығаруға дағдыландыру. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшеуді, «ұзынырақ», «қысқарақ», «өлшем» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (ені, биіктігі) қалай өлшеуге болатынын;<br>**Қолданады:** бір-бірінің үстіне салуды, бір-біріне жақындату тәсілдерін, өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу білігін. | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты құратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру.<br>**Дағды:** Кең адымдап жүгіру, бір-біріне допты кеудеден қағып алып, кеудеден лақтырып беру, тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп барып, екінші аяғын орындықтың қасымен айналдырып әкеліп аттап жүру дағдыларын, 3 метр қашықтықтан қалашықты қағып түсіру қабілетін, ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** қалашықты 3 метр қашықтықтан ұрып жығу, зат бейнесін елестетіп орындалатын бұлшық ет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Практикалық жұмыс ұсынылады.<br>Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды?<br>Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді.<br>**Түсіну: Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді.<br>**Білу:** Жұмбақты есеп.<br>Қос-қосынан көп шар бар,<br>Қызыл,сары,көк шар бар,<br>Жасыл сұры тағы бар...<br>Жалпы санын табыңдар.<br>Қорабымның сыры бар,<br>Сана,қанша қыры бар?<br>Сана барлық жақтауын:<br>Санын білсең мақтармын.<br>Дастарқанда торта бар,<br>Қазы,жая,қарта бар,<br>Көкөніс пен шырын бар.<br>Қанша тағам түрі бар?<br>Наным дайын қалаған:<br>Тоқаш, шелпек, таба нан, | нұсқауға қарама- қарсы қимылдарды орындау.<br>**Қолданады:** жүрістің түрлі техникасын орындау дағдыларын, сапқа тұру, қайта сап құру,Кең адымдап жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын жасау, кеңістікті мөлшерлеп, барлай білу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Негізгі қимылдарды орындау.<br>Үлкен қадамдар аттап жүгіру. Үлкен қадамдар аттап, бірінен кейін бірі қойылған заттардан секіріп жүгіреді.Жерден көтерілуге дайындалып, уақытылы қолдарын сермеп көмектеседі.<br>**Түсіну: «Баскетбол»**<br>Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді.<br>**«Гимнастика»**<br>Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүру.<br>Гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүреді.<br>**«Қалашық»**<br>Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы | жақындату тәсілдерін, өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу білігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Практикалық жұмыс ұсынылады.<br>Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды?<br>Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді.<br>**Түсіну:** Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады.<br>**Қолдану:**Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер.<br>Таспалардың қайсысы ұзынырақ?<br>Неліктен қызыл таспа ұзынырақ?<br>Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең?<br>Көк таспа неше шартты өлшемге тең? | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Практикалық жұмыс ұсынылады.<br>Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды?<br>Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді.<br>**Түсіну:** Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады.<br>**Қолдану:**Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер.<br>Таспалардың қайсысы ұзынырақ?<br>Неліктен қызыл таспа ұзынырақ?<br>Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең?<br>Көк таспа неше шартты өлшемге тең?<br>Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе?<br>**Білу: «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу, көлбеу және | релаксациясына арналған жаттығулар.<br>**Түсінеді:** спорт түрлерін атау, спорттың денсаулыққа келтірер пайдасын саналы түсінеді,допты жұбының қолына лақтырып беру, доптан көз алмай қимылдау, нұсқауға қарама- қарсы қимылдарды орындау.<br>**Қолданады:** жүрістің түрлі техникасын орындау дағдыларын, сапқа тұру, қайта сап құру,Кең адымдап жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын жасау, кеңістікті мөлшерлеп, барлай білу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Негізгі қимылдарды орындау.<br>Үлкен қадамдар аттап жүгіру. Үлкен қадамдар аттап, бірінен кейін бірі қойылған заттардан секіріп жүгіреді. Жерден көтерілуге дайындалып, уақытылы қолдарын сермеп көмектеседі.<br>**Түсіну: «Баскетбол»**<br>Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді.<br>**«Гимнастика»**<br>Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаппа, бөлек, самса тұр:<br>Санап көрші, қанша тұр? [19]<br>Жұмбақты тыңдайды, жауабын табады. | фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады. Ұратын таяқшаны жер бауырлап ұшатындай етіп лақтырудың ойындағы ең басты шарты екендігін естен шығармай, балаларға жеткізе білу керек.<br>**Білу:** «Ұшатын шар»<br>Мұрынмен терең дем алу. «Сендердің іштерің – ұшатын шар. Терең тыныс алған сайын, шарларың үлкейе береді. Енді ауызбен демімізді баяу шығарамыз, шардағы ауа ұшып кеткенін келтіреміз.<br>Аздап үзіліс жасап барып, 5-ке дейін санап, қайталаймыз».<br>Тыныс алу кезінде ауаның өкпеден, кеңірдек пен ауыздан шығуын сезінуге тырысу керек.<br>Баяу, терең демалып, куаттанып, көңілдене бастағанымызды байқаймыз. Дем алу, дем шығару фазаларын сақтайды. | Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе?<br>**Білу: «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу, көлбеу және толқынды сызықтарды салады. | толқынды сызықтарды салады. | екінші аяғынорындықты жанай айналдырып барып аттап жүру.<br>Гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүреді.<br>**«Қалашық»**<br>Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады.<br>Ұратын таяқшаны жер бауырлап ұшатындай етіп лақтырудың ойындағы ең басты шарты екендігін естен шығармай, балаларға жеткізе білу керек.<br>**Білу:** «Ұшатын шар»<br>Мұрынмен терең дем алу. «Сендердің іштерің – ұшатын шар. Терең тыныс алған сайын, шарларың үлкейе береді. Енді ауызбен демімізді баяу шығарамыз, шардағы ауа ұшып кеткенін келтіреміз.<br>Аздап үзіліс жасап барып, 5-ке дейін санап, қайталаймыз».<br>Тыныс алу кезінде ауаның өкпеден, кеңірдек пен ауыздан шығуын сезінуге тырысу керек.<br>Баяу, терең демалып, куаттанып, көңілдене бастағанымызды байқаймыз.<br>Дем алу, дем шығару фазаларын сақтайды. |

***1 үзіліс* - Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

***Сюжетті - рөлді ойын:*«Сақтау қызметі»**

**Басты мақсат: Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туғанда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың сөйлеу тілін дамыту белсенділік дағдыларын қалыптастыру.**

**Артикуляциялық аппаратты тілдік жаттығулар**

**Мақсаты:**Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

**Міндеттері:**

-балалардың сөздік қорын молайту;

-үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;

-балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу;

-заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінін қандай екенін қайталату;

-үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;

**Дағды:** балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту,үйренген дыбыстарды дұрыс айтуға, артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру;










***Сюжеті-рөлдік ойын:* «Сақтау қызметі»**

**Тақырыбы : «Сақтау қызметі»**

**Мақсаты :** Әлуметтік шығармашылық орта қалыптастыру ,ойынын сюжетіне байланысты топтарға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру .Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туғанда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың сөйлеу тілін дамыту .

**Жағдаят:** Дабыл бойынша шақыру;

Жағдай болған жерді қарап,сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу;

Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану;

Жазғырылғандарды құтқару Алғашы медециналық көмек көрсету ;

Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ;

**Тәрбиешінің іс-әрекеті:** ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп,арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды,жедел жәрдемді шақырады

**Балалардың іс-әректі:** Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл отшаларды бақылап ,желі бойынша , қандай сақтау қыдметінің жұмыс атқаратынын қадағалайды

ТЖМ әр түрлі жағдайдада ,әр уақыта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді,адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді .

Арнайы техника жүргізушісі зардап шекендері тамақ .киімен қамтамасыз етеді .Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды .Жедел жәрдем науқасттын шақыру бойынша қызмет көрсетеді

Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотаға түсіреді.

| 2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** «Сөйлем», «Сөйлемнің сызбасы» деген ұғымдарды бекіту.<br>**Дағды:** Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөйлемді жалғастырады, сурет мазмұнына байланысты сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді.<br>**Қолданады:** сөздердің жалпы атауын атайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну: Дыбыстармен жұмыс:**«Тиісті түсті көрсет»дидактикалық ойыны.<br>а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.<br>**Білу:** «Сөз айт, тез айт»дидактикалық ойыны. | **3.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту.<br>**Дағды**: Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыта отырып дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөздерді буынға бөледі, сұрақтарға тиянақты жауап береді;<br>**Түсінеді:**әңгіме мазмұнын түсінеді, достарымен бірігіп ойнаған кезде оларды ренжітіп алмауды;<br>**Қолданады:** буынға буын жалғап сөз құрайды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу: Кім ақылды?**<br>Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолданжасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден:<br>Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды.Ал Еркебұлан:<br>Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оғанжол берді.<br>**Түсіну:** «Ақыл азбайды, білім тозбайды»<br>**Қолдану: Дидактикалық ойыны: «Ойлап,тап!»** | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** «Сөйлем», «Сөйлемнің сызбасы» деген ұғымдарды бекіту.<br>**Дағды:** Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөйлемді жалғастырады, сурет мазмұнына байланысты сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді.<br>**Қолданады:** сөздердің жалпы атауын атайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну: Дыбыстармен жұмыс:**«Тиісті түсті көрсет»дидактикалық ойыны.<br>а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.<br>**Білу:** «Сөз айт, тез айт»дидактикалық ойыны. | **2.Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>)<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру**.** Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру**.** Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды**: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды), ертегіні сахналау барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады**: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** сөйлем құру және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын бекіту.<br>**Дағды:** Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөйлем құрайды, сызбасын сызады, сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің сөзден тұратынын түсінеді.<br>**Қолданады:** тақырыпқа байланысты сөздерді дұрыс қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт» (Педагог суреттерді көрсетеді).<br>Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суреттегі заттың атын атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үш топқа бөлемін.**Бірінші топқа** дауысты дыбыстардан басталатын сөздер, **екінші топқа** қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын, **үшінші топқа** ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Жалауша арқылы ойын соңында жеңімпаз команда анықталады.<br>**Мысалы: дауысты дыбыстардан басталатын сөздер:** *алма, ана, арна, ай, алқа, ауыз, орындық, от, Омар, он, оң, ол, ыдыс, ымырт,ірімшік, ілгіш, үтік, үй, үйшік, үлкен, өрмекші, өшіргіш, уық, уыз т.б.*<br>**Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер:** *қаймақ, қалта, қазан, қоңыз, қора, қап, қатық, құй, қасқыр, қоқыс, таң, ферма, шаш, сабын, хат, циркуль, щетка, картоп, парта, сағыз т.б.*<br>**Ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер:** *бақа, вагон, гараж, ғарыш, доп, жаңбыр, зәкір, лақ, мақта, нағашы, радио, суық, гүл, балық, май, литр, жұлдызқұрт, жұдырық, жұмыртқа, дақ, Дана т.б.* | **Ойын шарты:** педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады.мысалы:<br>ал–<br>Кір– | Үш топқа бөлемін.**Бірінші топқа** дауысты дыбыстардан басталатын сөздер, **екінші топқа** қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын, **үшінші топқа** ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Жалауша арқылы ойын соңында жеңімпаз команда анықталады.<br>**Мысалы: дауысты дыбыстардан басталатын сөздер:** *алма, ана, арна, ай, алқа, ауыз, орындық, от, Омар, он, оң, ол, ыдыс, ымырт,ірімшік, ілгіш, үтік, үй, үйшік, үлкен, өрмекші, өшіргіш, уық, уыз т.б.*<br>**Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер:** *қаймақ, қалта, қазан, қоңыз, қора, қап, қатық, құй, қасқыр, қоқыс, таң, ферма, шаш, сабын, хат, циркуль, щетка, картоп, парта, сағыз т.б.*<br>**Ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер:** *бақа, вагон, гараж, ғарыш, доп, жаңбыр, зәкір, лақ, мақта, нағашы, радио, суық, гүл, балық, май, литр, жұлдызқұрт, жұдырық, жұмыртқа, дақ, Дана т.б.* | | екінші командамен ойнайды.<br>Мысалы: апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), т.б.<br>Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер.<br>Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.<br>Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (к), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетк (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с)т.б.<br>**Түсіну:** «Сөзді өлшейміз»дидактикалық жаттығуы<br>– Алақандарыңды үстелге қойыңдар. Сөз айта бастағанда алақанды бір-бірінен алшақтата беріңдер. Егер алақандардың арасы жақын болса, онда сөздің қысқа болғаны, егер алыс болса, онда сөз ұзын болғаны. Мына сөздерді өлшейік: *дос, бейбітшілік.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолдану: «Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны .**<br>– Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар.<br>**Ойын шарты:** педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы:<br>**Педагог:** / **Балалар:**<br>*Балалар бақта* / *жүгірді.*<br>*Атам шалғымен* / *шөп шапты.*<br>*Анам сиыр* / *сауды.*<br>*Ағаштың түбі –* / *қалың қар.*<br>*Аю қыста* / *ұйықтайды.*<br>*Малдар жайлауда* / *жайылды.*<br>*Балалар доп* / *ойнады.*<br>*Үсен мәшинені* / *жуды.* | | **Қолдану: «Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны .**<br>– Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар.<br>**Ойын шарты:** педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: | | **Білу:** Дыбыстық талдау жаса.<br>***«Арба»*** сөзіне дыбыстық талдау.<br>«Арба» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл<br>. |

***2 үзіліс* – Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

***Басты мақсат:*** **қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.**

| | | |
|---|---|---|
| ***«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»***<br>**Мақсаты:**Қассиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата білу,табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту,катты,жұмсақ,ериді,буға айналады.<br>**Көрнекіліктер:**қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.<br>.<br> |  <br> | ***Ойын: «Жер,су,ауа»***<br>**Ойын мақсаты**: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.<br>**Дағды**:Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ойын шарты**: Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып «Жер» деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.<br>**Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.**<br>«Ауа» дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Су» дегенде қолдарын алға созып жүзеді, «от» дегенде қолдарын былғайды, «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді. |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** бөлме өсімдіктерін дұрыс күте білуге үйрету. Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы); өсімдіктерді салыстыра білу, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу; | **3.Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту. | **1.Қоршаған ортамен танысу-танымдық, еңбек**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Дағды:** Себеп-салдар байланысын анықтай білуге үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** жәндіктер мен аңдардың түрлерін атап береді. | **3.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>ақылды?(М.Төрежанов).(әңгіме)<br>**ҮІӘ мақсаты:** Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. Сөздерді дұрыс, анық айткызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту.<br>**Дағды**: Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын | **. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.<br>**Дағды:** Балаларға арналған аспаптарда ойнаудың карапайым дағдыларын игеру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ән орындайды, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру.<br>**Дағды:** Практикалық жұмыс істеу дағдыларын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауды; оның өсуіне қажетті жағдайды;<br>**түсінеді:**<br>өсімдіктердің ұқсастығы мен айырмашылығын;<br>өсімдік мүшелерін ажырата білуді;<br>өсімдіктердің өсуі үшін ауа, жылу, жарық, судың қажет екендігін;<br>**қолданады:**<br>практикалық жұмыс істеу дағдыларын;<br>өсімдіктерді күту туралы білімін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану**.** | **Дағды**: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды), ертегіні сахналау барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады**: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **түсінеді**: жәндіктер мен аңдардың табиғаттағы өзгерістерге тәуелді екенін түсінеді.<br>**қолданады:**жанды және жансыз табиғат нысандарына қатысты дұрыс көзқарас пен мінезқұлық танытады, үйренген дағдыларын өмірлік тәжірибеде.<br>**Алдын ала жұмыс**: суреттерді қарап шығу, көркем әдебиет оқу, бейнефильм (тұсаукесер) қарау, жұмбақтар шешу, дидактикалық ойындарға қатысу, зерттеу мақсатындағы серуендер ұйымдастыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | дамыта отырып дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөздерді буынға бөледі, сұрақтарға тиянақты жауап береді;<br>**Түсінеді:**әңгіме мазмұнын түсінеді, достарымен бірігіп ойнаған кезде оларды ренжітіпалмауды;<br>**Қолданады:** буынға буын жалғап сөз құрайды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу: Кім ақылды?**<br>Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолданжасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден:<br>Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды.Ал Еркебұлан:<br>Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді.<br>**Түсіну:** «Ақыл азбайды, білім тозбайды»<br>**Қолдану: Дидактикалық ойыны: «Ойлап,тап!»**<br>**Ойын шарты:** педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады. мысалы:<br>ал–<br>Кір– | айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалыстар жасайды.<br>**Түсінеді:** жыл құстары, қараторғай туралы мәліметтерді біледі, түсінеді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға үйретуді жалғастыру.<br>**Қолдану:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды.<br>**Түсіну:** ***Музыка тыңдау:*** «Қараторғай» (Ақан сері, өңдеген Б. Ерзакович). Көптеген әндер табиғатпен байланысты, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулер табиғат аясында жүрген құстарды әнге қосқан. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

***3 үзіліс* – Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

***Сюжеті-рөлдік ойын:* «Билайн бірлестігі»**

**Мақсаты:** Балаларды өздері рөлдерді бөлініп, рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Ойында әлеуметтік шындықты, қоғамдық жерлерде мәдениеттілікті, ұжымдық әдепті, сөйлеу әдебін көрсету, топтық жұмысқа еніп, өзіне керекті жақтарды таба біліп, тапсырмаларды орындау сапасын бағалауға үйретіп, бірлестік дағдыларын қалыптастыру.

**Жағдаят:**

Байланыс операторының жұмысы;
Телефондар және басқа да байланыс құралдарын сату менеджерінің жұмысы;
Жөндеу шеберханасы;
Қызметті төлеу;
Анықтама қызметі
Келушілерді шақырудың электрондық жүйесі.

**Тәрбиешінің іс-әрекеті:**

Келуші ролінде сюжетті ұйымдстыруға көмектеседі, телефондарды қайда жөндеуге болатынын сұрайды, ақшаны шотқа қалай салатынын, қызметті қайда төлеуге болатынын, жаңа телефондарды қашан сталымға түсетінін сұрайды және т.б. Келушілерді шақырудың электрондық жүйесін ұйымдстыруға көмектеседі.

**Балалардың іс-әректі:** Анықтамалық қызметі телефондарды, сатып алу бөлімдерін жарнамалайды, жарнамалық проспектілерді үлестіріп, журналдарды карауға кеңес береді.
Қызмет көрсету персоналы телефондарды ұсынып, бағасын, нөмірін айтады, телефонды тіркеп, паспортын береді, телефон шотына ақша салуға ұсынады, телефонды қолдануға үйретеді.
Клиент телефонды таңдап, шотына ақша салады.
Кассир ақашаны қабылдайды. Жөндеушілер телефонды алып, қарастырып, сынығын анқытап, жөндеп, тапсырыстың орындалу уақытын айтады.





***Сюжеті-рөлдік ойын:* «Жылжымалы мүлік агентігі»**

**Мақсаты:** Ойында бірнеше іс-әрекетті логикалық байланыстыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, өздері рөлдерге бөлініп сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Балалардың коршаған орта туралы түсініктерін әлуметтік,ортадағы белсенділіктерін кеңейту ,жылжымалы мүлік агентігі туралы білімдерін бекіту,ересектер тарапынан болатын әр-түрлі ұстанымдар мүмкіндігін көрсету.

**Жағдаят:** Жарнамамен таныстыру ;
Жылжымалы мүлікті таңдау;Жылжымалы мүліктін орналасу жерін талқылау ;Безендіру мен жоспарлаудың ерекшелігіне тоқталуКелісім сөзді хаттау ;Сатып алымға ақша төлеу Құжаттарды хаттау .

**Тәрбиешінің іс-әрекеті:** Сатып алушы рөлінде менеджермен сөйлесу үлгісін көрсетеді : Пәтерде неше бөлме болу керек,қандай қабатта , қай ауданда , қаланың картасынан көрсетуді сұрайды.

**Балалардың іс-әректі:** Агенства менеджері келушілерді жарнамамен таныстырады ,сатып алуға мүмкіндіктері бар сатылымен таныстырады,Сатып алушылар үй мен пәтерлер фотосуретерін қарап ,қайда орналасқанын балабақша,аялдама жақынба екенің қарайды.
Агентер жылыжымалы мүлікті тіркейді (үй, пәтер, жеңіл көлік.)
Салық инспекторы жылыжымалы мүлікке салықты анықтайды,
Нотариус сатып алымды растайды.




***Сюжеті-рөлдік ойын:*«Химиялық тазалау»**

**Мақсаты:** Рөлді сапалы орындаудың ортақ іс-әрекетін қалыптастыру. Керек жағдайда ауыстыру заттарын қолдана білуге. Ойынның қызмет көрсету ортасын көрсете білу , химиялық тазалау бөлімінің жұмыскерлері жайында білімдерін толықтырып.Ойлау қабілетімен сөйлеу тілін дамыту.

**Жағдаят:** Тапсырыс алу;Тапсырысты хаттау;Тапсырысқа төлеу ;Киімді тазалау;Жана тазарту құралдарын табу үшін зерттхананы қолдану;Тапсырысты орындау;Тапсырысты жеткізу.

**Тәрбиешінің іс-әрекеті:** Химиялық тазарту дирекроры рөлінде жұмысшыларды басқарады , әдеп ережелерін ескеріп ,келушілер ыңғайын жасайды:олар үшін орындықтар мен үстелдер қояды,үстелге журналдар қояды .жұмысшыларға түстік үзілісті ескертіп ,асханаға тамақтануға шақырады.

**Балалардың іс-әректі:** Клиенттер кір киімдерді әкеледі, қабылдаушыға тапсырып ,ақша төлейді, Квитанцияны алады таза киімдерін алған соң алғыс білдіреді , Қабылдаушы кір киімдерді қабылдап , квитанция жазып кір жуушыға береді, тапсырысты телефон бойынша қабылдап,жүргізушілерді мекен жай бойынша жібереді.Кір жуушы кірді жуады.
Лаборант киімдерді қарап дақты тауып,жуу үшін ұнтақты қолданады .Оператор киімдерді алып тазартады тапсырыс берушіге қайтарады. Жеткізу қызметі киімдерді мекен жайларға жеткізеді,жүргізушілер жуылған заттрды бала бақша т.б. жерлерге жеткізеді .





**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру. Жағдайдың өзгеруіне қарай бағытты өзгерте алуды жалғастыру.<br>**Дағды:** Көзмөлшерін, заттарды имек ағашпен алып жүргенде зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруын, шайбаны соғу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** имек ағаш пен түрлі тактикаларды пайдаланып целлулоид шарларды алып жүру, шайбамен кегельдерді соғып түсіру.<br>**Түсінеді:** геометриялық фигуралардың ерекшеліктерін**,** түрлі қимыл-қозғалыстар кезіндеөзінің әрекеттерін басқалармен үйлестіруді.<br>**Қолданады:** кеңістікті бағдарлау, жағдайларға байланысты қозғалыс кезінде бағыттыөзгерте алу дағдыларын. | **4. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру. Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау.<br>**Дағды:** Балаларға арналған аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жеке немесе топпен әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** домбыраның, күй үнінің ерекшелігін түсінеді.<br>**Қолданады:** әуенге лайық қимылдарды жасайды, ойын кезінде қолданады, аспаптарда ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу:** ***Ән айту:***«Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев).<br>Елдің жырын жырлаған,<br>Қайғысын да толғаған,<br>Домбырасыз ешқашан<br>Жүрекке ем қонбаған, –<br>**Қолдану:** ***Ойындар, хороводтар:*** **«**Қос дабыл» (А. Райымқұлова).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларды екі түрлі дыбысты ажырата білуге ұмтылдыру. | **3.Сурет салу– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балалардың ұлттық киімдер жайында білімдерін арттыру; нұсқау бойынша қамзолды безендіруді үйрету;<br>**Дағды:** қазақ оюларының элементтерімен қамзолды әшекейлеу, түстердің үйлесіміне құрылылған тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, сурет салу іскерлік-дағдыларын меңгерту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** қамзолдың суретін сала алады;<br>**Түсінеді:** ұлттық киімдер жайында мағлұматты, қамзолдың қай мезгілде киілетінін, кімдер киетінін, оларды қандай материалдардан тіккен дұрыс болатындығын түсінеді;<br>**Қолданады:** қамзолды сала білу іскерлік-дағдыларын қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:**<br>– Балалар, қандай ою-өрнектерді білесіңдер? Менің қуыршағыма әдемі қамзол керек еді, балалар, сендер менің қуыршағыма әдемі қамзол жасап бере аласыңдар ма? Педагог балаларға қамзолдың жеке | **4** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** «Түсіріп алма!».<br>Бір затты алаң бойымен жұпта, сүйем қадам аттай отырып алып жүру ұсынылады. Балалар екі-екіден бір-біріне қарап тұрады. Имек ағаштарына екеуіне ортақ бір затты қойып, алаңның екінші жағына бірігіп жеткізеді. Әрекеттерін үйлестіріп, затты түсіріп алмауға тырысады.<br>**Түсіну:** «Мұздағы кегельдер».<br>Алаңқайдың ортасында кегельдер тұр. Ойыншылар кегельге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады.<br>Имек ағашты дұрыс ұстауларын еске салу керек: бір қолымен (күші басымдау) имек ағаштың ұшынан, екінші қолымен (күші аздау) имек ағаштың ортасына таман ұстап, шайбаны осы қолымен бағыттау.<br>Шайбаны соққанда имек ағаштың астыңғы қыры толық мұз бетінде жататындай етіп ұстауға тырысады. | **Түсіну:** ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | суретін көрсетіп, балалармен бірге Әйгерімге де оның ерекшеліктерін сипаттап айтып береді. Бәрі үлгіге мұқият қарап, сурет салу әдіс-тәсілдерін естеріне түсіреді. Педагог ою-өрнектерді салу жолдарын көрсетеді. «Ботамойын» өрнегін салғанда бір нүктеден бастап қолды үзбей екінші бөлігіне дейін сызып салуды, «қошқармүйіз» өрнегін салған кезде симметрияны сақтау жолдарын көрсетеді. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Білу:** Көзгеарналған жаттығулар<br>(И.В.Чупаха)<br>1.Көз қарашығын оңға, солға, жоғары, төмен айналдырып қозғалту. 10–20 секундқа татты қысып жұмып тұрып, бұлшық еттерін босатып, көзін ашу. Көздіңүсті-астын саусақтың жұмсақ жерімен ақырын уқалу.<br>2.Көздің үсті-астын, айналасын, қастарының үстінен ақырын сипау. (Бұл қимылдар рахат сыйлап, ұйқыны келтіреді).<br>3.Қабырғаға карап 2–5 метр қашықтықта тұру. Қабырғадан бір-бірінен 50 см қашықтықта, бірінің астында бірі тұрған екі нүктені белгілеп, сол нүктелердің бірінен екіншісіне көзден жол салу.<br>4.5 метр қашықтықтан 10–20 секунд бойы бір нүктеге қарап, тамашалау (йоганың тынығутәсілдерінің бірі) Көзді жұмып, бірақ бос ұстап, көзді ішінен жоғары қозғалту. Көздің үстіңгі қабығы өзі төменге түсе бастайды. Бастапқы қалыпқа | | | | |

<table>
<tr><td></td><td>келтіру. Бірнеше рет қайталағанда, тыныштықорнағанын сезінеді.</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">4 үзіліс –<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру</td></tr>
<tr><td colspan="3"></td><td colspan="3">Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Ақшамшық»<br>Ойын мақсаты:балаларды тапқырлыққа,шапшаңдыққа,ептілікке баулу.<br>Әдістемелік нұсқау: Ойыншылар ойын кезінде арасынан бір кісі өтетіндей етіп дөңгелене отырады. Ал жүргізуші ортаға шығып, екі алақанын беттестіре ұстайды. Қалғандарына да солай істеуді тапсырады. Кейін алақандарының арасындағы сақинаны ойыншылардың біріне тастау үшін айнала жүгіріп, бәріне сақина тастаудың белгісін жасайды. Алайда, ол сақинаны білдірмей біреуіне ғана тастайды.<br>Ойын шарты: Сақина жасырылған адам да оны басқаларға байқатпауға тырысады. Жүргізуші түгел айналып шыққан соң ортаға келіп, «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сонда сақинаны алған ойыншы орнынан атып тұруы керек. Әрбір ойыншы оң жағында отырған көршісін аңдиды. Сондықтан сақинаның онда барын білсе орнынан тұрғызбауға тырысады. Ал сақинаны алған ойыншы білдірмей тұрып кетсе, өзі жаза тартады, ол тұра алмай қалса, айыпкер көпшіліктің ұйғаруымен не өлең айтады, не би билейді, не домбыра тартады. Өнерін көрсетіп, жазасын өтеуі тиіс. Содан кейін ойын қайта жалғасады.<br>ІІ нұсқасы: «Сақина»<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып отырады. Шеңбер ортасына жүргізуші шығады. Оның тас жабылған алақандарының ортасында сақина салынған. Жүргізуші балалардың барлығын аралап, әрқайсысының қолын жабылған алақандарымен ашып, біреуінің қолына сақинаны салып кетеді. Бірақ сол кезде екінші жүргізуші оны қай ойыншыға салғанын байқамау керек. Жалған қимылдарды жасауды жалғастыра отырып, жүргізуші шеңберді толығымен аралап шығады. Содан кейін ортаға тұрып, келесі сөздерді айтады:<br>«1-2-3Сақина маған ұшып кел!»<br>Сақинаны ұстаған ойыншы орнынан тез тұрады. Оның көршісі ойыншыны ұстап үлгеруі керек. Үлгермесе жазаланады. Үлгерсе – көршісінің өзі жазаланады. Жазаланған оқушы жүргізушінің немесе ойыншылардың тілегін орындайды.</td></tr>
<tr><td>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td colspan="5">Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №3**<br>***Желді бақылау***<br>**Мақсаты*:***<br>— өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br><br>— табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br><br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br><br>♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br><br>♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен)<br><br>♦ Жел қалай пайда болады? | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Күн мен түн неге ауысады?**<br>**Мақсаты*:***Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күннің ұзаруын туралы түсінік беру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Балаларға жұмбақ жасыру**<br>1.Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан. (күн)<br>2.Жартысы жадыратып нұр себеді,<br>Жартысы қара мақпал бүркенеді. (түн)<br>3.Орақ болып туады,<br>Табақ болып тынады (ай)<br>4.Күндіз білінбейді,<br>Түнде дірілдейді (жұлдыз)<br>Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады. Жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күн мен түннің ұзақтығы да ауысып отырады. Күн жылыған сайын түн қысқарып, күндізгі уақыт ұзарады.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>♦ Жұлдыздар түнде қайда кетеді?*(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)* | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**«Қардағы құс іздері»**<br>**Мақсаты*:***қардағы құс іздерін тани білуге үйрету .<br>**Бақылау барысы**<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br><br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br><br>♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br><br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>♦ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Аландағы шағын жердегі қарды нығыздау және | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Жеңіл көліктерді бақылау**<br>**Мақсаты:** автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев**<br>Бұзба көше тәртібін,<br>Ұрынасың апатқа.<br>Қызықты өтсін әр күнің,<br>Жақын болма шатаққа.<br>Көшеден өтер кезінде,<br>Абайлап қара жан-жаққа,<br>Келе жатқан көлікке,<br>Жол бер, өтсін, асықпа!<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:<br>♦ Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?<br><br>♦ Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? *(жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)*<br><br>♦ Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? *(ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)*<br><br>♦ Көліктердің қандай пайдасы бар? *(адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарады)* | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>**Мақсаты:*:***<br>— Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br><br>— Қыс аяғындағы табиғат көрністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу.<br><br>— Өлең жолдарындағы қыс көрністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Бақылау барысы**<br>Оңтүстіктен жел соқты. Ол өзімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табиғатта біліне бастады. Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Құртік қарлар аласара бастайды.<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>*Жиегіне шатырдың, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ **Тәрбиеші түсіндіреді:**<br>Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.<br><br>**Еңбек**<br>Сырғанақ төбешік соғу<br>***Мақсаты:*** бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «ең мерген кім?».<br>***Мақсаты:***<br>— Заттарды лақтыруға жаттықтыру;<br><br>— Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br><br>— «Ағаш суретін сал».<br><br>***Мақсаты:***қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.<br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап».<br>***Мақсаты:***<br>— Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br><br>Затты сипаттау бойынша табу. | ♦ Күн неге батады? *(жер күнді айналады, соныктан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)*<br><br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады.<br>Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).<br>**Еңбек :**<br>Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.<br>*Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Күн мен түн».<br>**Мақсаты:** тәрбиеші белгісі бойынша әрекет етуге, ойын шартын дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалыстарын дамыту «Шығырыққа лақтыру».<br>**Мақсаты:** мергендіктерін дамыту.<br>**Мақал-мәтел:** Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. | таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Еңбек**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>**Мақсаты:**<br>— Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br><br>— Жұмысты жоспарлау.<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Ізбе із».<br>**Мақсаты:** тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>**Мақсаты:** қимыл-қозғалыстарын дамыту.<br>**Халық болжамы:**<br>*Қар көп болса, нан мол болады.<br>*Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.<br>*Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.<br>*Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. | ♦ Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? *(таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)*<br><br>♦ Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? *(Жүк машиналары)*<br><br>♦Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен?<br>♦ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек?<br>**Еңбек**<br>Ауланы бірлесе отырып тазалау.<br>*Мақсаты :*<br>—бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу;<br>—жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>«Бағдаршам».<br>**Мақсаты:** белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Ұзындыққа секіру .<br>**Мақсаты:**<br>— Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету. | Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі)<br>Балаларға сұрақтар<br>*Қыста неше ай бар?<br>*Қыс айларын ата?<br>*Қыстың ең соңғы айы қай ай?<br>*Ақпан айында табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>*Мұз сүңгілері қайдан пайда болады?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ыдыстарға қар толтырып, біреуін көлеңкеге, біреуін күннің астына қою. Серуен аяғында қай ыдыстағы қар төмен түскенін салыстыру<br>**Еңбек**<br>Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу<br>**Мақсаты:** достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Төбешіктен-төбешікке».<br>**Мақсаты:** ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру<br>**Жаттығу ойындары** «Кім жылдам».<br>**Мақсаты:**<br>Жылдам жүкіруге жаттықтыру;<br>Орнында тұрып ұзындыққа секіру техникасын меңгерту.<br>**Халық болжамы:** Мұзсүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады. |

| Балаларды үйге қайтару. Уақыты: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.** **Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес*** - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйреніcіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес*** Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, . | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»

**Балалардың жасы:** 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 19.02 – 23.02. 2023-2024 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 20.02 | Сейсенбі 21.02 | Сәрсенбі 22.02 | Бейсенбі 23.02 | Жұма 24.02 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>**Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар .**<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу;2 – қолдарын жоғары | № 1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 жаттығулар кешені**<br>**Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар .**<br>Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, | № 2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 1 жаттығулар кешені**<br>**Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар**<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-2– допты басынан асырыпбарып, артқа жіберіп, | № 3 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>«Допты жоғарыға». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1 – қолдарын бүгіп, допты кеуде тұсына ұстау; 2 – допты жоғары көтеру; 3 – | № 4 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** № 4 **жаттығулар кешені**<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу;2– қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3– қолдарын екі жаққа созу; 4– б.қ.қ. (8 рет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, доптыеденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңғақарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау. | төмен,қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап тұрып,қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет)<br>Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайтатүзеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысыпұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бүгу, қайта созу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан асырып ұстап жату; арқасынан ішіне,ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет). | аяқ басына көтерілу, демін ішіне тарту; 3-4– б.қ. – демін сыртқа шығару. 10 рет қайталау. Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын бүгіп, доп алып тұру. 1-2– доп ұстаған қолын жанына қарай апарып, оңға (солға) бұрылу; 3-4– б.қ.: аяқтарын бүкпей, түзу ұстау. 5рет қайталау.<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-3– оңға (солға) иіліп, допты аяғынан айналдыра дөңгелету; 4- б.қ. 4 рет қайталау.<br>Б.қ.: арқасымен шалқалап жату, допты басынан жоғары көтеру. Допты бір жағынан екінші жағына өзін айналдыра дөңгелету. 5-6 рет қайталау.<br>Б.қ.: қолын артынан еденге таянып отыру, допты балтырының тұсына қою. 1-2– аяқтарын түзу созу, жоғары көтеріп, допты балтыр тұсымен оңға-солға дөңгелету; 3-4– б.қ. Басын төмен түсірмеу. 4–6 рет қайталау.<br>Б.қ.: етпеттеп жатып, допты түзу аяқтарының ортасына қысу; қолдарының шынтағымен еденге тірену; аяқтарын допты түсірмей бүгу, жазу. 3–5 рет қайталап, үзіліс жасап, 4–6 рет қайталау. | допты кеуде тұсыны ұстау; 4 – б.қ.қ. (8 рет).<br>«Отырып-тұру». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолын бүгіп, доп алып тұру. 1 – отыру, допты алдына шығару; 2 – тұру, б.қ.қ. (8 рет).<br>«Еңкею». Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолына доп алып кеуде тұсына ұстап тұру. 1<br>оң аяғына қарай иілу; 2-3 – допты оң жағына оң қолымен домалату, екі қолымен алу; 4 –<br>б.қ.қ. (8 рет).<br>«Қайық». Б.қ.– етпетінен жатып, аяқтарын біріктіру, допты қолдарында ұстау. 1-3 –<br>қолдарын жоғары көтеру, допқа қарау; 4 – б.қ.қ. (8 рет)<br>«Отырып иілу». Б.қ.: отыру, аяқтарын аздап ашу, допты арасына қою; 1-2 – аяқтарын бүкпей допты ілгері домалату; 3-4 – допты артқа дөңгелету.<br>«Секірулер». Б.қ.: – аяқтарын аздап ашу, допты еденге қою. Допты айнала екі аяқпен секіріп жүру. 8 рет | Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, доптысол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– орырып, доптыеденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1–4– оңға иілу; допты оңғақарай сыртқа домалату; 5–8– б.қ.қ. сол жаққа қайталау (8 рет).<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырыпорындау. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |

***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты***

| **ҰІӘ** | | **19.02.24 Дүйсенбі** | **20.02.24 Сейсенбі** | **21.02.24 Сәрсенбі** | **22.02.24 Бейсенбі** | **23.02.24 Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дағды**: Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету. Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар шығаруға дағдыландыру. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшеуді, «ұзынырақ», «қысқарақ», «өлшем» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (ені, биіктігі) қалай өлшеуге болатынын;<br>**Қолданады:** бір-бірінің үстіне салуды, бір-біріне | **1Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>**Дағды**: Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыта отырып дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөздерді буынға бөледі, сұрақтарға тиянақты жауап береді;<br>**Түсінеді:**әңгіме мазмұнын түсінеді, достарымен бірігіп ойнаған кезде оларды ренжітіпалмауды;<br>**Қолданады:** буынға буын жалғап сөз құрайды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу: Кім ақылды?**<br>Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолданжасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды.Ал Еркебұлан: | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Дағды**: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін; **Меңгереді:** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Дағды**: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін; **Меңгереді:** ұзындықты бір-бірінің | **4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.<br>**Дағды:** Балаларға арналған аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**ән орындайды, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалыстар жасайды.<br>**Түсінеді:** жыл құстары, қараторғай туралы мәліметтерді біледі, түсінеді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға үйретуді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақындату тәсілдерін, өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу білігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Практикалық жұмыс ұсынылады.<br>Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды?<br>Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді.<br>**Түсіну:** Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады.<br>**Қолдану:**Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер.<br>Таспалардың қайсысы ұзынырақ?<br>Неліктен қызыл таспа ұзынырақ?<br>Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең?<br>Көк таспа неше шартты өлшемге тең?<br>Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе? | Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оғанжол берді.<br>**Түсіну:** «Ақыл азбайды, білім тозбайды»<br>**Қолдану: Дидактикалық ойыны: «Ойлап,тап!»**<br>**Ойын шарты:** педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады.<br>мысалы: ал–<br>Кір– | ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмыс.<br>**Түсіну: Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»**<br>- Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер?<br>Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады.<br>Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.<br>**Білу: демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>- Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен?<br>Көз арқылы анықтау, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды.<br>Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай | үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмыс.<br>**Түсіну: Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»**<br>- Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер?<br>Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады.<br>Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.<br>**Білу: демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>- Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен?<br>Көз арқылы анықтау, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды.<br>Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай | **Қолдану:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Білу: «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу, көлбеу және толқынды сызықтарды салады. | | тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ - таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.<br>**Математикалық поэзия сәтінен:**<br>Біз қол соғамыз,<br>Қол соғамыз.<br>Аяқпен еденді топылдатамыз.<br>Тіземізді соққылаймыз.<br>Қолымызды көтереміз.<br>Қолдарымыз айналады,<br>Төмен түседі.<br>Айналады, айналады.<br>Тоқтайды. | шартты өлшемді аламыз? Жолақ - таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.<br>**Математикалық поэзия сәтінен:**<br>Біз қол соғамыз,<br>Қол соғамыз.<br>Аяқпен еденді топылдатамыз.<br>Тіземізді соққылаймыз.<br>Қолымызды көтереміз.<br>Қолдарымыз айналады,<br>Төмен түседі.<br>Айналады, айналады.<br>Тоқтайды. | |

***1 үзіліс -***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

***Қозғалмалы ойын:*** **«Аңшылар мен үйректер»**

**Басты мақсат: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар ету.Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.**

**Артикуляциялық аппаратты тілдік жаттығулар**
**Мақсаты:** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.
**Міндеттері:**
-балалардың сөздік қорын молайту;
-үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;
-балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу;
-заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінін қандай екенін қайталату;
-үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;
**Дағды:** балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту,үйренген дыбыстарды дұрыс айтуға, артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру;















**Қозғалмалы ойын: «Аңшылар мен үйректер»**
**Ойын мақсаты: Төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.**
**Ойын шарты:** Барлық ойыншылар «аңшылар» мен «үйректер» болып тең бөлінеді. Аланда өзен белгіленеді. «Аңшылар» сызықтың сыртында, ал «үйректер» оның ішінде орналасады. «Аңшылар» допты лақтырып, онымен «үйректерді» атып түсіруге тырысады. «Оқ тиген» үйректер ойыннан шығып отырады. Барлық үйректер атылғаннан кейін топтар рөлдерін ауыстырады. Барлық үйректерді атуға азырақ уақыт кетірген топ жеңімпаз атанады.

## 2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. | **2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ертегі мазмұны туралы түсініктерін кеңейту. Ертегінің мазмұнымен, | **2. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. | **2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ертегі мазмұны туралы түсініктерін кеңейту. | **2. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** буын, дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** дыбыстық талдау тәсілін.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Мамандықты тап» ойынын ойнату арқылы оқу қызметті бастайды.<br>Науқасты кім емдейді? *(Дәрігер)*<br>Шашты кім қияды? *(Шаштараз)*<br>Үйлерді кім салады? *(Құрылысшы)*<br>Көмірді кім табады? *(Шахтер)*<br>Кітапты кім жазады? *(Жазушы)*<br>**Білу:** «Түсіне қара»дидактикалық ойыны<br>Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек т.б.*<br>Балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз | кейіпкерлермен таныстыру. Ертегіні қоғамдық өмір оқиғаларымен байланыстырып мазмұндау. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды**: Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу. Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** ертегінің тақырыбын біледі, мазмұнын сақтай отырып айтып бере алады;<br>**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады;<br>**Қолданады**: ертегінің мазмұнын бейнелеуіш сөздер арқылы оқиға желісін сақтап, шығармашылықпен айтады, жұмбақтың шешуін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, айтқанын орындап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, қарауымыз керек.<br>«Үш қыз» ертегісімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Аяулы жан* – өмірдегі ең жақын, ең қымбат деген мағынада. | Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** дыбыстық талдау тәсілін.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Мамандықты тап» ойынын ойнату арқылы оқу қызметті бастайды.<br>Науқасты кім емдейді? *(Дәрігер)*<br>Шашты кім қияды? *(Шаштараз)*<br>Үйлерді кім салады? *(Құрылысшы)*<br>Көмірді кім табады? *(Шахтер)*<br>Кітапты кім жазады? *(Жазушы)*<br>**Білу:** «Түсіне қара»дидактикалық ойыны<br>Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек т.б.*<br>Балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз | Ертегінің мазмұнымен, кейіпкерлермен таныстыру. Ертегіні қоғамдық өмір оқиғаларымен байланыстырып мазмұндау. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды**: Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу. Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** ертегінің тақырыбын біледі, мазмұнын сақтай отырып айтып бере алады;<br>**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады;<br>**Қолданады**: ертегінің мазмұнын бейнелеуіш сөздер арқылы оқиға желісін сақтап, шығармашылықпен айтады, жұмбақтың шешуін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, айтқанын орындап, ренжітпей жүруіміз керек. | Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже: Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі.<br>**Түсінеді:** сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Қарама-қарсы іс-әрекетті айт» ойынын ойнату.<br>1.Үміт жылады, Іңкәр ... *(жыламады)*<br>2.Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. *(шулап)*<br>3.Ардақ жазып отыр , Асыл ... *(жазбай отыр)*<br>4.Қыздар биледі, ұлдар ... *(билемеді)*<br>5.Ақтөс үрді, Құтжол ... *(үрмеді)*<br>**Түсіну: Дидактикалық ойын-жаттығу:** «Жалауша»<br>Қандай да бір дыбысты айтамын. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығуы: «Жуан дауысты сөзден баста»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, дос, зырылдауық, жалбыз, гүл, дөңгелек, ғарышкер, жер, бал т.б.*<br>Балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, рауғаш, лалагүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.*<br>**Қолдану:** «Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта»дидактикалық жаттығуы<br>– Балалар мен сендерге сөздер айтамын, мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер.<br>-р- (*ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рахат, рауғаш, ару, Ардақ, көзілдірік, көрік, көмір, күрес, күрек, рухани, қару, қарыз, қорық, қар, қарақат, қора, сиыр, сырмақ, қоңыр, қарға, қарлығаш, қарт, қырғыз, қырыққабат* т.б.);<br>-ә- ( *әтеш, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, күнә, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп, Мәлік, Әлімжан, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке т.б.*); | *Қайырымдылық* – қиын кезде көмек көрсету.<br>Білу: Сұрақ-жауап:<br>Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды?<br>Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Қай қыздың әрекеті ұнады?<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қарлығаш боп ұшайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жақсы сергіп қалайық.<br>**Қолдану: Мақалдың** мағынасын түсініп ал:<br>«Ана алдында – құрмет,<br>Ата алдында – қызмет». | дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, дос, зырылдауық, жалбыз, гүл, дөңгелек, ғарышкер, жер, бал т.б.*<br>Балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, рауғаш, лалагүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.*<br>**Қолдану:** «Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта»дидактикалық жаттығуы<br>– Балалар мен сендерге сөздер айтамын, мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер.<br>-р- (*ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рахат, рауғаш, ару, Ардақ, көзілдірік, көрік, көмір, күрес, күрек, рухани, қару, қарыз, қорық, қар, қарақат, қора, сиыр, сырмақ, қоңыр, қарға, қарлығаш, қарт, қырғыз, қырыққабат* т.б.);<br>-ә- ( *әтеш, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, күнә, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп, Мәлік, Әлімжан, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке т.б.*); | Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, қарауымыз керек.<br>«Үш қыз» ертегісімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Аяулы жан* – өмірдегі ең жақын, ең қымбат деген мағынада. *Қайырымдылық* – қиын кезде көмек көрсету.<br>Білу: Сұрақ-жауап:<br>Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды?<br>Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Қай қыздың әрекеті ұнады?<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қарлығаш боп ұшайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жақсы сергіп қалайық.<br>**Қолдану: Мақалдың** мағынасын түсініп ал:<br>«Ана алдында – құрмет,<br>Ата алдында – қызмет». | Қойған сұрақтарға балалар жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздердермен жауап беру керек.<br>Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.)<br>Сүйікті сусының? (Айран т.б.)<br>Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.)<br>Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б.)<br>**Қолдану:** Ойын: «Дұрыс қос»<br>Тақтаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады.<br>Балаларды бір-бірден тақтаға шақырып, тапсырманы орындатады.<br>Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос (нан-қант).<br>Екі буыннан тұрып, төсек-орынды білдіретін екі суретті қос (жастық, көрпе).<br>Үш буыннан тұрып, көгөністі білдіретін екі суретті қос ( асқабақ, қызанақ).<br>**Ойын-жаттығу: «Сөз таңда»**<br>Балалар суретттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады. Суреттегі заттардың атын буынға бөледі.<br>**Мақал – сөздің мәйегі.**<br>Оқу ... құдық қазғандай.<br>*и-не, кү-рек, қа-сық.*<br>Ата көрген ... жонар<br>*оқ, оқ-тау, ер.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -м- (*мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр, тамыз, көмір, комбайн, мата, мысық, том, әмір, темір, жемір т.б.).*<br>**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық»**<br>әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (*бота, құлыншақ, аю, мысық, мәшине*). Балалар ойыншықтар арқылы бір-бірімен байланысқан сөйлемдер құрап береді.<br>**Түсіну: Кесе** сөзіне дыбыстық талдау жасайды.<br>**Кесе** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар.<br>К – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс.<br>Педагог тақтаға «асық» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі.<br>**Асық** сөзіне дыбыстық талдау жасайды.<br>2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс.<br>А – жуан дауысты дыбыс.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Ы – жуан дауысты дыбыс.<br>Қ – қатаң, дауыссыз дыбыс. | | -м- (*мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр, тамыз, көмір, комбайн, мата, мысық, том, әмір, темір, жемір т.б.).*<br>**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық»**<br>әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (*бота, құлыншақ, аю, мысық, мәшине*). Балалар ойыншықтар арқылы бір-бірімен байланысқан сөйлемдер құрап береді.<br>**Түсіну: Кесе** сөзіне дыбыстық талдау жасайды.<br>**Кесе** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар.<br>К – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс.<br>Педагог тақтаға «асық» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі.<br>**Асық** сөзіне дыбыстық талдау жасайды.<br>2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс.<br>А – жуан дауысты дыбыс.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Ы – жуан дауысты дыбыс.<br>Қ – қатаң, дауыссыз дыбыс. | | Ана көрген ... пішер. *жей-де, тон, көй-лек.*<br>Асықпаған арбамен . . . алады. *түл-кі, қо-ян, а-ю.*<br>**Білу:** *Есік* сөзінің дыбыстық талдауы.<br>*Есік* сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс.<br>К – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз. Шкаф сөзіне дыбыстық талдау жасатылады. |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

***Басты мақсат:* қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.**

| | | |
|---|---|---|
| **Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.** | | **Ойын: «Қасқырлар мен лақтар»**<br>**Ойын мақсаты:** Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығуларартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:<br>1. 1. «Сабын көпіршігін үрле». Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.<br><br>2. 2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле» (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).<br><br>3. 3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді». Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.<br><br>4. 4. «Көңілді маймыл». Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.<br><br>5. 5. «Шарларды үрлеу». Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен |  <br> <br> | **Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>**Ойын шарты**: Алдымен ұзындығы 50 м және ені 20 м болатындай ойын алаңы белгіленеді. Ойын алдында аланда «лақтар» мен «қожайын» орналасатын «ауыл» белгіленеді. Алаңның басқа жағында дәл солай «жайылым» тағайындалады. Өрістің ортасында «қасқырдың апаны»болады. Содан кейін үш «қасқыр» мен «қожайын» таңдалады. Барлық басқа балалар – лақтар. Қожайын лақтарды ауылға апарады, ал қасқырлар өз апанына барады. Қожайын айтады:<br>«Бөрте, бөрте, бөрте лақ,<br>Бөрте лақ тым ерке лақ<br>Кетесің кейде секендеп,<br>Байламаса көкем кеп»<br>Осы сөздерден кейін лақтардың барлығы жайылымға қарай жүгіреді. Жолда оларды қасқырлар апанында күтіп тұрады. Лақтар апанның шетіне жетерге жарты жолда қасқырлароларға тап бере алады және жайылымды бөліп тұрған сызыққа дейін қуалай алады. Лақтардың Мақсаты – жайылымға қасқырлардың қолына тимей, аман-есен жету. Лақтардықасқырлардан қожайын ғана алып алады. Ұсталған лақтар ойын соңына дейін апанда болады. Неғұрлым көп лақ ұстаған қасқыр көп атаққа ие болады.<br>Ойынды қайталау үшін жаңа қасқырларды апанға түспей, аман қалған лақтар ішінен таңдалады. |

| | | |
|---|---|---|
| кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.<br><br>6. 6. «Жылан қалай ысқырады». Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс). | | |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Дағды:** Себеп-салдар байланысын анықтай білуге үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** жәндіктер мен аңдардың түрлерін атап береді.<br>**түсінеді**: жәндіктер мен аңдардың табиғаттағы өзгерістерге тәуелді екенін түсінеді.<br>**қолданады:**жанды және жансыз табиғат нысандарына қатысты дұрыс көзқарас пен мінезқұлық танытады, үйренген дағдыларын өмірлік тәжірибеде. | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру.<br>**Дағды:** Кең адымдап жүгіру, бір-біріне допты кеудеден қағып алып, кеудеден лақтырып беру, тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп барып, екінші аяғын орындықтың қасымен айналдырып әкеліп аттап жүру дағдыларын, 3 метр қашықтықтан қалашықты қағып түсіру қабілетін, ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** қалашықты 3 метр қашықтықтан ұрып жығу, зат бейнесін елестетіпорындалатын бұлшық ет релаксациясына арналған жаттығулар.<br>**Түсінеді:** спорт түрлерін атау, спорттың денсаулыққа келтірер | **3.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік,**<br>**ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Терезе алдындағы немесе бөлме өсімдіктерін дұрыс күте білуге үйрету. Балалардың жалпы өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы); өсімдіктерді салыстыра білу, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу; олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру.<br>**Дағды:** Практикалық жұмыс істеу дағдыларын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауды; оның өсуіне қажетті жағдайды;<br>**түсінеді:** өсімдіктердің ұқсастығы мен айырмашылығын; өсімдік мүшелерін ажырата білуді; өсімдіктердің өсуі үшін ауа, жылу, жарық, судың қажет екендігін; | **3.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>**Дағды**: Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыта отырып дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөздерді буынға бөледі, сұрақтарға тиянақты жауап береді;<br>**Түсінеді:**әңгіме мазмұнын түсінеді, достарымен бірігіп ойнаған кезде оларды ренжітіпалмауды;<br>**Қолданады:** буынға буын жалғап сөз құрайды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу: Кім ақылды?**<br>Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолданжасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру.<br>**Дағды:** Кең адымдап жүгіру, бір-біріне допты кеудеден қағып алып, кеудеден лақтырып беру, тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп барып, екінші аяғынорындықтың қасымен айналдырып әкеліп аттап жүру дағдыларын, 3 метр қашықтықтан қалашықты қағып түсіру қабілетін, ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** қалашықты 3 метр қашықтықтан ұрып жығу, зат бейнесін елестетіпорындалатын бұлшық ет релаксациясына арналған жаттығулар.<br>**Түсінеді:** спорт түрлерін атау, спорттың денсаулыққа келтірер пайдасын саналы түсінеді,допты жұбының қолына лақтырып беру, доптан көз алмай қимылдау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Алдын ала жұмыс**: суреттерді қарап шығу, көркем әдебиет оқу, бейнефильм (тұсаукесер) қарау, жұмбақтар шешу, дидактикалық ойындарға қатысу, зерттеу мақсатындағы серуендер ұйымдастыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | пайдасын саналы түсінеді, допты жұбының қолына лақтырып беру, доптан көз алмай қимылдау, нұсқауға қарама- қарсы қимылдарды орындау.<br>**Қолданады:** жүрістің түрлі техникасын орындау дағдыларын, сапқа тұру, қайта сап құру,Кең адымдап жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын жасау, кеңістікті мөлшерлеп, барлай білу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Негізгі қимылдарды орындау.<br>Үлкен қадамдар аттап жүгіру. Үлкен қадамдар аттап, бірінен кейін бірі қойылған заттардан секіріп жүгіреді.Жерден көтерілуге дайындалып, уақытылы қолдарын сермеп көмектеседі.<br>**Түсіну: «Баскетбол»**<br>Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді.<br>**«Гимнастика»**<br>Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғынорындықты жанай айналдырып барып аттап жүру. Гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай | **қолданады:** практикалық жұмыс істеу дағдыларын; өсімдіктерді күту туралы білімін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану**.** | Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды.Ал Еркебұлан: Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оғанжол берді.<br>**Түсіну:** «Ақыл азбайды, білім тозбайды»<br>**Қолдану: Дидактикалық ойыны: «Ойлап,тап!»**<br>**Ойын шарты:** педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады.мысалы:<br>ал–<br>Кір– | нұсқауға қарама- қарсы қимылдарды орындау.<br>**Қолданады:** жүрістің түрлі техникасын орындау дағдыларын, сапқа тұру, қайта сап құру,Кең адымдап жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын жасау, кеңістікті мөлшерлеп, барлай білу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Негізгі қимылдарды орындау.<br>Үлкен қадамдар аттап жүгіру. Үлкен қадамдар аттап, бірінен кейін бірі қойылған заттардан секіріп жүгіреді.Жерден көтерілуге дайындалып, уақытылы қолдарын сермеп көмектеседі.<br>**Түсіну: «Баскетбол»**<br>Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді.<br>**«Гимнастика»**<br>Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғынорындықты жанай айналдырып барып аттап жүру. Гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүреді.<br>**«Қалашық»**<br>Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады. Ұратын таяқшаны жер бауырлап ұшатындай етіп лақтырудың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айналдырып барып аттап жүреді.<br>**«Қалашық»**<br>Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады.<br>Ұратын таяқшаны жер бауырлап ұшатындай етіп лақтырудың ойындағы ең басты шарты екендігін естен шығармай, балаларға жеткізе білу керек.<br>**Білу:** «Ұшатын шар»<br>Мұрынмен терең дем алу. «Сендердің іштерің – ұшатын шар. Терең тыныс алған сайын, шарларың үлкейе береді. Енді ауызбен демімізді баяу шығарамыз, шардағы ауа ұшып кеткенін келтіреміз.<br>Аздап үзіліс жасап барып, 5-ке дейін санап, қайталаймыз». Тыныс алу кезінде ауаның өкпеден, кеңірдек пен ауыздан шығуын сезінуге тырысу керек.<br>Баяу, терең демалып, куаттанып, көңілдене бастағанымызды байқаймыз. Дем алу, дем шығару фазаларын сақтайды.<br>**Тренинг сөздерін қайталап, қимылдарды жасайды.**<br>«Жаттығуға ерінбе,<br>Өмір көзі – шынығу.<br>Ауруды ұмытайық!<br>Күш салайық, шынығайық!» | | | ойындағы ең басты шарты екендігін естен шығармай, балаларға жеткізе білу керек.<br>**Білу:** «Ұшатын шар»<br>Мұрынмен терең дем алу. «Сендердің іштерің – ұшатын шар. Терең тыныс алған сайын, шарларың үлкейе береді. Енді ауызбен демімізді баяу шығарамыз, шардағы ауа ұшып кеткенін келтіреміз.<br>Аздап үзіліс жасап барып, 5-ке дейін санап, қайталаймыз». Тыныс алу кезінде ауаның өкпеден, кеңірдек пен ауыздан шығуын сезінуге тырысу керек.<br>Баяу, терең демалып, куаттанып, көңілдене бастағанымызды байқаймыз. Дем алу, дем шығару фазаларын сақтайды.<br>**Тренинг сөздерін қайталап, қимылдарды жасайды.**<br>«Жаттығуға ерінбе,<br>Өмір көзі – шынығу.<br>Ауруды ұмытайық!<br>Күш салайық, шынығайық!» |

*3 үзіліс –*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Артикуляциялық жаттығулардың жасалуын үйрету.**
**«Көңілді тіл туралы ертегі»**

Ертеде бір қып-қызыл еріндердің артында аппақ тістердің арғы жығында көңілді тіл өмір сүріпті. Күнде таңертең оны сүйікті САҒАТ оятыпты.

**Сырт-сырт соғады сағат,**
**Таппайды бір тағат.**

Тілді ауыз қуысынан шығарып,оңға, солға қимылдату керек.
Сағат қалай жұмыс істейтінін көрсетейік.
Сағат қалай жүреді. **Тик-Так**
Сағат қалай жұмыс істейтінін көрсетейік.
Тіл оянып, керіліп жуынуға барады.

**ТІСІН ЫСАДЫ** Күлімсіреу, тістерді көсету. Жалпақ тілмен үстіңгі астыңғы тістердің сыртқы жағынан өту (тіс тазалауға еліктеу арқылы) және астыңғы тістердің де сыртқы жағын тазалау. Тісімізді калай ысу керек екенін көрсетейік. **ШАШЫН ТАРАЙДЫ**

Тілдің қарны ашып, таңғы асқа **ШЕЛПЕК** дайындағысы келеді. Ол үшін **ҚАМЫР ИЛЕУ** керек.
Біз оған көмектесейік. **ТА-ТА –ТА** тісімізбен тілімізді тістейміз. Қамырымыз дайын енді **ШЕЛПЕК** дайындау керек. **ЛЯ-ЛЯ-ЛЯ**. Шелпек дайын. Оны **ТӘТТІ ТОСАППЕН** жеу керек .Күлімсіреу, ауызды ашып, шыныаяқ формасындағы тілмен, үстінен астына қарай қимыл жасап, ерінді жалау. Қозғалысты жалғастыруға болады және шыныаяқ формасын бұзбай тілді алуға болады.

**Жасайды анам тосап,**
**жидекке шекер қосып,**
**Көрсем тілмен жалап,**
**тәтті екен балдай**

Ой тәтті тосап ерінге жағылып қалыпты.
Таңертеңгі асымыз осымен бітті,енді серуенге шыңайын. Сендер ойнағанды жақсы көресіңдер ме? **ТІЛМЕН ОЙНАУ**. **Ойнап болған соң МАШИНАСЫНА отырып кетеді.** Машина қалай жүреді көрсетейік. Тіл машинасымен келе жатса жанынан **АТ ШАУЫП КЕЛЕДІ** Күлімсіреу, ауызды ашып түлдің ұшымен сыртылдату. «ат тұяғыман сыртылдатады»







**Ойын: «Құстардың ұшып өтуі»**

**Ойын мақсаты:** Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.

**Дағды:**Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.

**Ойын шарты:**

Залдың бір жағында балалар орналасқан, олар – құстар. Залдың басқа жағында «ұшып» шығуға болатын көрнекіліктер орналасқан (гимнастикалық орындықтар, шаршылар және т.б.) олар – тоғайлар. Ұстаздың «Құстар ұшады!» белгісінен кейін – балалар қолдарын қанаттар сияқты қағып, бүкіл залды шарлап, жан-жаққа қарай жүгіреді. Келесі «Боран!» белгісі бойынша тоғайларға қарай қашып, солардың арасында тығылады. «Боран тоқтады!» деген ұстаз сөздерінен кейін балалар жерге түсіп, залды аралап «ұша» бастайды. Ойын барысында ұстаз міндетті түрде балалар шығып-түскенде оларды сақтандыруы қажет.





**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі** | **4. Музыка- шығармашылық әрекет** . | **.Мүсіндеу– шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ҰІӘ тақырыбы:** Жаттығу – жеңіс кепілі!. Айналмалы жаттығулар.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулараркылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып)жүгіріп кетуге үйрете түсу.<br>**Дағды:** Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту. Модульдерде тұрып тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Арқаннан ұстанып асылып тұру, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау мен сақтану дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кету,«денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу, бір қолдан екінші қолға еденненсоғып ауыстыруды жалғастыру.<br>**Түсінеді:** шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту, модульдерде тұрып қолдарыныңкөмегімен тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқару. Бастаушының соңынан қимылдарды қайталау.<br>**Қолданады:** сапқа тұру, қайта сап құру дағдыларын**,** | **ҰІӘ мақсаты:** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.<br>**Дағды:** Балаларға арналған аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ән орындайды, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалыстар жасайды.<br>**Түсінеді:** жыл құстары, қараторғай туралы мәліметтерді біледі, түсінеді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға үйретуді жалғастыру.<br>**Қолдану:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. | .<br>**ҰІӘ мақсаты:** қазақтың ұлттық бұйымы – торсықпен таныстыру; торсықты ермексаздан мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін үйрету.<br>**Дағды:** торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтыңпішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен таңдап, әшекейлеужолдарын түсіндіру дағдыларын меңгерту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ермексаздан торсықты мүсіндеп, ою-өрнекпен әшекейлейді;<br>**Түсінеді***:*торсықтың қымыз, шұбат сияқты сусындарға арналған ыдыс екенін;<br>**Қолданады:** заттық мүсіндеуде жұмсарту, созу, жаю, тегістеу, жалпақтау, домалату тәсілдерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Торсықтың тұрмыста қолданылуы жайлы әңгімелейді | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіртпеден секіру, қайталанба жаттығуларды өз бетімен орындау, кеңістікті барлап, басқалармен соқтығыспай, қауіпсіздік сақтауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Ойын жаттығулары: «Шашырау»**<br>Шеңбер құрып тұру. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрады. Бастаушының белгісімен хормен айқайлап айтады:<br>*«Ау, балалар, санайық, Санап болсақ, қашайық!»*<br>Балалар бірінші-екіншіге саналады. Саналу нұсқаушы көрсеткен ойыншыдан басталады.Саналу біткен соң барлығы жан-жаққа қаша жөнеледі. Бастаушының мақсаты – ойыншылардың біреуін ұстап қалу.<br>**Түсіну:**<br>1.Ұзын орындықтың жіңішке қырымен жүру.<br>2.Секіртпеден бір орында тұрып секіру.<br>3.Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді.<br>4.«Денсаулық» дискісімен жаттығу.<br>**Білу:** Қозғалыс ойындары: «Қимылды есте сақта»<br>Жүргізушінің белгісімен қол мен аяқ қимылдарын қайталайды. Қимылдардың ретін сақтапалған соң, белгі | Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша ойыншылар оларды кері ретпен орындайды. | | | | |
| ***4 үзіліс –*** <br> **Балалардың дербес іс-әрекеті** <br> **Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру** | | | | | |
| **«Шалқан» ертегісін арналған тілдік жаттығулар.** <br> **Тіл ұстарту жаттығуы** <br> -қан, -қан, -қан үп-үлкен шалқан. <br> -қан, -қан, -қан ата оны тартқан. <br> -кен, -кен, -кен әже көмектескен. <br> -кен, -кен, -кен қызы көмектескен. <br> -кен, -кен, -кен иті көмектескен. <br> -кен, -кен, -кен мысық көмектескен. <br> -кен, -кен, -кен тышқан қайда? Жоқ екен | | | **Ойын: «Толқиды теңіз»** <br> **Ойын мақсаты:** балаларды тапқырлыққа,шапшаңдыққа,ептілікке баулу. <br> **Әдістемелік нұсқау:** Ойыншылар ішінен жүргізуші таңдалады. Қалған ойыншылар бір-бірінен созылған қолқашықтығында шеңбер құрып тұрады және әрқайсысы өзі тұрған орнында шеңбер сызады. Жүргізуші тізбектеліп ойнап жүрген балаларды аралап жүреді, ал «Толқиды теңіз» деген сөздерді естіген балалар оның артынан тізіліп ереді. Кенеттен жүргізуші «Теңіз Тынышталды» – барлық ойыншылар орындарына қайтадан тұруға болады. Шеңберсіз қалған ойыншы жүргізуші болады. <br>   | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет** <br> Пайдалы қазбалар туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу. (Арнұр,Нұрым,Шахнұр) | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті** <br> 3-ші қатар оқушыларымен 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету . <br> **Дидактикалық ойын:** «Санамақ баспалдақ» <br> **Мақсаты:** 10 көлемінде тура және кері санау. | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет** <br> 1-ші қатар оқушыларымен «Менің сүйікті ертегім»сурет бойынша әңгіме құрастырту. <br> **Мақсаты:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,таным дық әрекет** <br> (кітап оқып беру); <br> **«Ертегілерді құрастыр»** <br> **Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет** <br> (Баланың отбасы және қоғам) Жақсы деген немене,жаман деген немене? туралы әңгімелесу. 2- ші қатар оқушыларымен сурет бойынша өз ойын айытқызу. |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында»** | **Ақпан** <br> **Серуен-Бақылау №8** <br> **Желді бақылау(қайталау)** | **Ақпан** <br> **Серуен-Бақылау №9** | **Ақпан** <br> **Серуен-Бақылау №10** | **Ақпан** <br> **Серуен-Бақылау №11** | **Ақпан** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Мақсаты***:*<br>— өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br><br>— табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br><br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br><br>♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br><br>♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен)<br><br>♦ Жел қалай пайда болады?<br><br>♦ **Тәрбиеші түсіндіреді:**<br>Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. | **Күн мен түн неге ауысады?(қайталау)**<br>**Мақсаты***:*Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күннің ұзаруын туралы түсінік беру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Балаларға жұмбақ жасыру**<br>1.Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан.<br>(күн)<br>2.Жартысы жадыратып нұр себеді,<br>Жартысы қара мақпал бүркенеді.<br>(түн)<br>3.Орақ болып туады,<br>Табақ болып тынады (ай)<br>4.Күндіз білінбейді,<br>Түнде дірілдейді (жұлдыз)<br>Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады. Жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күн мен түннің ұзақтығы да ауысып отырады. Күн жылыған сайын түн қысқарып, күндізгі уақыт ұзарады.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>♦ Жұлдыздар түнде қайда кетеді?*(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)*<br><br>♦ Күн неге батады? *(жер күнді айналады, соныңтан да шығыстан* | **«Қардағы құс іздері»(қайталау)**<br>**Мақсаты***:*қардағы құс іздерін тани білуге үйрету .<br>**Бақылау барысы**<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br><br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br><br>♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br><br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>♦ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Еңбек** | **Жеңіл көліктерді бақылау (қайталау)**<br>**Мақсаты:** автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев**<br>Бұзба көше тәртібін,<br>Ұрынасың апатқа.<br>Қызықты өтсін әр күнің,<br>Жақын болма шатаққа.<br>Көшеден өтер кезінде,<br>Абайлап қара жан-жаққа,<br>Келе жатқан көлікке,<br>Жол бер, өтсін, асықпа!<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:<br>♦ Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?<br><br>♦ Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? *(жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)*<br><br>♦ Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? *(ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)*<br><br>♦ Көліктердің қандай пайдасы бар? *(адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарады)* | **Серуен-Бақылау №12 Маусымдық өзгерістерді бақылау(қайталау)**<br>**Мақсаты:***:*<br>— Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br><br>— Қыс аяғындағы табиғат көрністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу.<br><br>— Өлең жолдарындағы қыс көрністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Бақылау барысы**<br>Оңтүстіктен жел соқты. Ол өзімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табиғатта біліне бастады. Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Күртік қарлар аласара бастайды.<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>*Жиегіне шатырдың,<br>Мұздан шеге қатырдым.<br>(сүңгі)<br>Балаларға сұрақтар<br>*Қыста неше ай бар? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.<br><br>**Еңбек**<br>Сырғанақ төбешік соғу<br>***Мақсаты:*** бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «ең мерген кім?».<br>***Мақсаты:***<br>— Заттарды лақтыруға жаттықтыру;<br><br>— Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br><br>— «Ағаш суретін сал».<br><br>***Мақсаты:***қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.<br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап».<br>***Мақсаты:***<br>— Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br><br>Затты сипаттау бойынша табу. | *күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)*<br><br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады.<br>Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).<br>**Еңбек :**<br>Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.<br>*Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Күн мен түн».<br>**Мақсаты:** тәрбиеші белгісі бойынша әрекет етуге, ойын шартын дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалыстарын дамыту<br>«Шығырыққа лақтыру».<br>**Мақсаты:** мергендіктерін дамыту.<br>**Мақал-мәтел:** Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. | Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>**Мақсаты:**<br>— Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br><br>— Жұмысты жоспарлау.<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Ізбе із».<br>**Мақсаты:** тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>**Мақсаты:** қимыл-қозғалыстарын дамыту.<br>**Халық болжамы:**<br>*Қар көп болса, нан мол болады.<br>*Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.<br>*Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.<br>*Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. | ♦ Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? *(таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)*<br><br>♦ Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? *(Жүк машиналары)*<br><br>♦Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен?<br>♦ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек?<br>**Еңбек**<br>Ауланы бірлесе отырып тазалау.<br>*Мақсаты :*<br>—бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу;<br>—жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>«Бағдаршам».<br>**Мақсаты:** белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Ұзындыққа секіру .<br>**Мақсаты:**<br>— Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету. | *Қыс айларын ата?<br>*Қыстың ең соңғы айы қай ай?<br>*Ақпан айында табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>*Мұз сүңгілері қайдан пайда болады?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ыдыстарға қар толтырып, біреуін көлеңкеге, біреуін күннің астына қою. Серуен аяғында қай ыдыстағы қар төмен түскенін салыстыру<br>**Еңбек**<br>Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу<br>**Мақсаты:** достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Төбешіктен-төбешікке».<br>**Мақсаты:** ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру<br>**Жаттығу ойындары** «Кім жылдам».<br>**Мақсаты:**<br>Жылдам жүкіруге жаттықтыру;<br>Орнында тұрып ұзындыққа секіру техникасын меңгерту.<br>**Халық болжамы:** Мұзсүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйреністіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ ЖОББМ»КММ
**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 26.02 – 01.03. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 26.02 | Сейсенбі 27.02 | Сәрсенбі 28.02 | Бейсенбі 29.02 | Жұма 01.03 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:00-08:20<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>**Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар .**<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу;2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденге ұрып, қайта екі | № 1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 жаттығулар кешені**<br>**Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар .**<br><br>Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, төмен,қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап | № 2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 1 жаттығулар кешені**<br>**Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар**<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-2– допты басынан асырыпбарып, артқа жіберіп, аяқ басына көтерілу, демін ішіне тарту; 3-4– б.қ. – демін сыртқа шығару. 10 рет қайталау. Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын бүгіп, доп алып тұру. 1-2– доп | № 3 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>«Допты жоғарыға». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1 – қолдарын бүгіп, допты кеуде тұсына ұстау; 2 – допты жоғары көтеру; 3 – допты кеуде тұсына ұстау; 4 – б.қ.қ. (8 рет).<br>«Отырып-тұру». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолын бүгіп, доп алып тұру. 1 – | № 4 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** № 4 **жаттығулар кешені**<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу;2– қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3– қолдарын екі жаққа созу; 4– б.қ.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, доптысол аяғының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, доптыеденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңғақарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау. | тұрып,қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет)<br>Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайтатүзеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысыпұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бүгу, қайта созу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан асырып ұстап жату; арқасынан ішіне,ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет). | ұстаған қолын жанына қарай апарып, оңға (солға) бұрылу; 3-4– б.қ.: аяқтарын бүкпей, түзу ұстау. 5рет қайталау.<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-3– оңға (солға) иіліп, допты аяғынан айналдыра дөңгелету; 4- б.қ. 4 рет қайталау.<br>Б.қ.: арқасымен шалқалап жату, допты басынан жоғары көтеру. Допты бір жағынан екінші жағына өзін айналдыра дөңгелету. 5-6 рет қайталау.<br>Б.қ.: қолын артынан еденге таянып отыру, допты балтырының тұсына қою. 1-2– аяқтарын түзу созу, жоғары көтеріп, допты балтыр тұсымен оңға-солға дөңгелету; 3-4– б.қ. Басын төмен түсірмеу. 4–6 рет қайталау.<br>Б.қ.: етпеттеп жатып, допты түзу аяқтарының ортасына қысу; қолдарының шынтағымен еденге тірену; аяқтарын допты түсірмей бүгу, жазу. 3–5 рет қайталап, үзіліс жасап, 4–6 рет қайталау. | отыру, допты алдына шығару; 2 – тұру, б.қ.қ. (8 рет).<br>«Еңкею». Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолына доп алып кеуде тұсына ұстап тұру. 1<br>оң аяғына қарай иілу; 2-3 – допты оң жағына оң қолымен домалату, екі қолымен алу; 4 –<br>б.қ.қ. (8 рет).<br>«Қайық». Б.қ.– етпетінен жатып, аяқтарын біріктіру, допты қолдарында ұстау. 1-3 –<br>қолдарын жоғары көтеру, допқа қарау; 4 – б.қ.қ. (8 рет)<br>«Отырып иілу». Б.қ.: отыру, аяқтарын аздап ашу, допты арасына қою; 1-2 – аяқтарын бүкпей допты ілгері домалату; 3-4 – допты артқа дөңгелету.<br>«Секірулер». Б.қ.: – аяқтарын аздап ашу, допты еденге қою. Допты айнала екі аяқпен секіріп жүру. 8 рет | артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– орырып, доптыеденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1–4– оңға иілу; допты оңғақарай сыртқа домалату; 5–8– б.қ.қ. сол жаққа қайталау (8 рет).<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырыпорындау. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **26.02.24 Дүйсенбі** | **27.02.24 Сейсенбі** | **28.02.24 Сәрсенбі** | **29.02.24 Бейсенбі** | **01.03.24 Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>Шығармашылық | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |

| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.<br>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Дағды**: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін;<br>**Меңгереді:** ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмыс.<br>**Түсіну: Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»**<br>- Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы | **1**<br>**Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету.<br>Ана туралы өз ойларын айтқызу.<br>**Дағды**: Ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту өз аналары туралы әңгіме құрауға дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өз аналарын суреттеу<br>арқылы<br><br>әңгіме құрайды, сөзге дыбыстық талдау жасайды;<br>**Түсінеді:**өлеңде кім туралы айтылғанын түсінді;<br>**Қолданады:** мақалды үш дауыста айтуды, тақпақты тез жаттап алуды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу:** Құшағына кіргенде,<br>Жылынамын бір демде.Не<br>жетеді көзіңе, Мейірімді<br>күннен де.<br>Үн қатасың бал тілмен,<br>Еркелеймін әр күн мен.<br>*(Н.Айтов)* | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.<br>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Дағды**: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін;<br>**Меңгереді:** ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін. | **2.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.<br>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Дағды**: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін;<br>**Меңгереді:** ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін. | **1. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.<br>**Дағды:** Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** суреттегі дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып, буынға бөледі; дауыссыз, дауысты дыбыстарды екі топқа бөліп ажыратады, дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** салт дәстүрлердің мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну: «Жалпы атауын айт»** дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды.<br>1.Уық, кереге, шаңырақ, текемет – ... (*киіз үй құралдары*).<br>2.Сырға, білезік, сақина – ... (*зергерлік бұйымдар*).<br>3.Асық ату, Ханталапай, Алтыбақан, Ақсүйек, Көкпар, Бәйге – ... *(ұлттық ойындар)*.<br>4.Ірімшік, май, құрт, айран – ... (*сүттен жасалатын тағамдар)*.<br>5.Тұсаукесер, бесікке салу, шілдехана – ... ( *ұлттық салт-дәстүрлер).* **Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірдей екенін қалай білесіндер? Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады. Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.<br>**Білу: демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>- Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен?<br>Көз арқылы анықтау, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды.<br>Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ - таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.<br>**Математикалық поэзия сәтінен:**<br>Біз қол соғамыз,<br>Қол соғамыз.<br>Аяқпен еденді топылдатамыз.<br>Тіземізді соққылаймыз.<br>Қолымызды көтереміз.<br>Қолдарымыз айналады,<br>Төмен түседі.<br>Айналады, айналады.<br>Тоқтайды. | Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар. Ол – көркем, сүйкімді әрі ұлы сөз. Әрқайсымыздың да анамыз бар, дұрыс емес пе?<br>**Түсіну:** Сөздік жұмыс:<br>Үн қатасың – тіл қатасың, сөйлейді мағынасында.<br>Мақал-мәтелдер:<br>«Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал». «Ана» сөзіне дыбыстық талдау жасау.<br>А – жуан дауысты.<br>Н – үнді дауыссыз.<br>А – жуан дауысты.<br>**Қолдану:** «Менің анам» тақырыбына әңгіме құрау.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Анама сыйлық».<br>Анасына таңдаған әшекейді түрлітүсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай аталатыны туралыайтып береді. | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмыс.<br>**«Тең заттар»** ұғымымен таныстыру.<br>Педагог ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді.<br>-Қай жолақ ұзынырақ?<br>Қалай тексеруге болады?<br>Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады.<br>Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып, сәйкес екенін көрсетеді.<br>-Жолақтар туралы не айтуға болады? (жолақтардың ұзындығы тең)<br>**Түсіну: Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»**<br>- Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер?<br>Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады.<br>Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз. | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмыс.<br>**«Тең заттар»** ұғымымен таныстыру.<br>Педагог ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді.<br>-Қай жолақ ұзынырақ?<br>Қалай тексеруге болады?<br>Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады.<br>Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып, сәйкес екенін көрсетеді.<br>-Жолақтар туралы не айтуға болады? (жолақтардың ұзындығы тең)<br>**Түсіну: Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»**<br>- Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер?<br>Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады.<br>Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз. | Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл түсті дөңгелекті көтереді.<br>Мысалы: (*а, ө, о , і, и, ұ, ы, ә, е, у, э, ү).*<br>**Қолдану: Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер»**<br>Балаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты басқа да дыбыстармен ойнатса болады.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?»**<br>–Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрыштыны, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам, сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер.<br>Мысалы: « а-, -й-,-ц-,-у-,-к-,-е-,-н-,-г-,-ш-,-щ-,-з-,-х-,-ф-,-ы-,-в-,-а-,-п-,-р-,-о-,-л-,-д-,-ж-,-э,-я-,-ч-,-с-,-м-,-и-,-т-,-б-,-ю т.б.»<br>**Білу:** Дыбыстық талдау.<br>**Шашу**сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Білу: демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>- Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен?<br>Көз арқылы анықтау, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды.<br>Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ - таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.<br>**Математикалық поэзия сәтінен:**<br>Біз қол соғамыз,<br>Қол соғамыз.<br>Аяқпен еденді топылдатамыз.<br>Тіземізді соққылаймыз.<br>Қолымызды көтереміз.<br>Қолдарымыз айналады,<br>Төмен түседі.<br>Айналады, айналады.<br>Тоқтайды. | **Білу: демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>- Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен?<br>Көз арқылы анықтау, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды.<br>Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ - таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.<br>**Математикалық поэзия сәтінен:**<br>Біз қол соғамыз,<br>Қол соғамыз.<br>Аяқпен еденді топылдатамыз.<br>Тіземізді соққылаймыз.<br>Қолымызды көтереміз.<br>Қолдарымыз айналады,<br>Төмен түседі.<br>Айналады, айналады.<br>**Тоқтайды.** | А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>У – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Етік** сөзіне дыбыстық талдау.<br>Етік – 2 буын, 4 дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Сырмақ** сөзіне де дыбыстық талдауды осылай етіп жасайды.<br>Сырмақ сөзінде 2 буын, 6 дыбыс бар.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады. |
| ***1 үзіліс -***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.<br>***Қозғалмалы ойын:*** **«Аңшылар мен үйректер»** | | | | | |

**Басты мақсат:** **Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар ету.Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.**

**Артикуляциялық аппаратты тілдік жаттығулар**

**Мақсаты:**Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

**Міндеттері:**

-балалардың сөздік қорын молайту;

-үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;

-балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу;

-заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінін қандай екенін қайталату;

-үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;

**Дағды:** балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту,үйренген дыбыстарды дұрыс айтуға, артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру;



























**Қозғалмалы ойын: «Аңшылар мен үйректер»**

**Ойын мақсаты: Төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.**

**Ойын шарты:**Барлық ойыншылар «аңшылар» мен «үйректер» болып тең бөлінеді. Алаңда өзен белгіленеді. «Аңшылар» сызықтың сыртында, ал «үйректер» оның ішінде орналасады. «Аңшылар» допты лақтырып, онымен «үйректерді» атып түсіруге тырысады. «Оқ тиген» үйректер ойыннан шығып отырады. Барлық үйректер атылғаннан кейін топтар рөлдерін ауыстырады. Барлық үйректерді атуға азырақ уақыт кетірген топ жеңімпаз атанады.

## 2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет** | **2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі** | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет** | **2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі** | **4. Музыка- шығармашылық әрекет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ҰІӘ мақсаты:** буын, дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі.<br>**Түсінеді:** сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Қарама-қарсы іс-әрекетті айт» ойынын ойнату.<br>1.Үміт жылады, Іңкәр ... *(жыламады)*<br>2.Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. *(шулап)*<br>3.Ардақ жазып отыр , Асыл ... *(жазбай отыр)*<br>4.Қыздар биледі, ұлдар ... *(билемеді)*<br>5.Ақтөс үрді, Құтжол ... *(үрмеді)*<br>**Түсіну: Дидактикалық ойын-жаттығу:** «Жалауша» Қандай да бір дыбысты айтамын. Егер дыбыс дауысты болса, балалар | **ҰІӘ мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру**.** Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру**.** Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады**: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Дағды**: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды)<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **ҰІӘ мақсаты:** «Сөйлем», «Сөйлемнің сызбасы» деген ұғымдарды бекіту.<br>**Дағды:** Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөйлемді жалғастырады, сурет мазмұнына байланысты сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді.<br>**Қолданады:** сөздердің жалпы атауын атайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну: Дыбыстармен жұмыс:**«Тиісті түсті көрсет»дидактикалық ойыны.<br>а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.<br>**Білу:** «Сөз айт, тез айт»дидактикалық ойыны. Үш топқа бөлемін.**Бірінші топқа** дауысты дыбыстардан басталатын сөздер, **екінші топқа** қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын, **үшінші топқа** | **ҰІӘ мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру**.** Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру**.** Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады**: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Дағды**: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды)<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **ҰІӘ мақсаты:** Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>**Дағды:** Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** эмоционалды түрде әндерді айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады, би қимылдарын жасайды.<br>**Түсінеді:** Наурыз мерекесі күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін түсінеді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу:** Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Наурыз тойы» (Т. Мұратов).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығуы: «Жуан дауысты сөзден баста»**<br>Қойған сұрақтарға балалар жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздердермен жауап беру керек.<br>Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.)<br>Сүйікті сусының? (Айран т.б.)<br>Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.)<br>Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б.)<br>**Қолдану:** Ойын: «Дұрыс қос»<br>Тақтаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады. Балаларды бір-бірден тақтаға шақырып, тапсырманы орындатады.<br>Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос (нан-қант).<br>Екі буыннан тұрып, төсек-орынды білдіретін екі суретті қос (жастық, көрпе).<br>Үш буыннан тұрып, көгөністі білдіретін екі суретті қос ( асқабақ, қызанақ).<br>**Ойын-жаттығу: «Сөз таңда»** | | ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Жалауша арқылы ойын соңында жеңімпаз команда анықталады.<br>**Мысалы: дауысты дыбыстардан басталатын сөздер:** *алма, ана, арна, ай, алқа, ауыз, орындық, от, Омар, он, оң, ол, ыдыс, ымырт,ірімшік, ілгіш, үтік, үй, үйшік, үлкен, өрмекші, өшіргіш, уық, уыз т.б.*<br>**Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер:** *қаймақ, қалта, қазан, қоңыз, қора, қап, қатық, құй, қасқыр, қоқыс, таң, ферма, шаш, сабын, хат, циркуль, щетка, картоп, парта, сағыз т.б.*<br>**Ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер:** *бақа, вагон, гараж, ғарыш, доп, жаңбыр, зәкір, лақ, мақта, нағашы, радио, суық, гүл, балық, май, литр, жұлдызқұрт, жұдырық, жұмыртқа, дақ, Дана т.б.*<br>**Қолдану: «Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны .**<br>– Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар. | | **Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Аюлар биі» (Е. Тиличеева).<br>Балалар музыкаға ілесіп, қорбаңдап, аюдың жүрісін салады.<br>**Түсіну:** ***Ойындар, хороводтар:*** **«Үйшік» (В. Витлин).**<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар төртке бөлініп, төрт бұрышта тұрады. Үйшікте құстар, қояндар, аттар, аю тұрады. Құстар музыкасы ойналғанда, құстар ұшып шығады. Қанаттарын қағып, шеңберді бір айналып шығады да, музыка аяқталғанда орындарына барып тұрады.<br>Аттар музыкасы ойналғанда аттар шығып, аттың шабысын салып шабады.<br>Қояндардың музыкасы ойналғанда қояндар ортаға шығып, қосаяқтап секіреді. Олар да музыка аяқталғанда орындарына барады.<br>Соңында аюдың музыкасы ойналғанда аю қорбаңдап шығады, музыка аяқталғанда олар да орындарына барады. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Балалар суретттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады. Суреттегі заттардың атын буынға бөледі.<br>Мақал – сөздің мәйегі.<br>Оқу ... құдық қазғандай.<br>и-не, кү-рек, қа-сық.<br>Ата көрген ... жонар<br>оқ, оқ-тау, ер.<br>Ана көрген ... пішер. жей-де, тон, кой-лек.<br>Асықпаған арбамен . . . алады.<br>түл-кі, қо-ян, а-ю.<br>Білу: Есік сөзінің дыбыстық талдауы.<br>Есік сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс.<br>К – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Шкаф сөзіне дыбыстық талдау жасатылады.</td>
<td></td>
<td>Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек.  Мысалы:
<table>
<tr><th>Педагог:</th><th>Балалар:</th></tr>
<tr><td>Балалар бақта</td><td>жүгірді.</td></tr>
<tr><td>Атам шалғымен</td><td>шөп шапты.</td></tr>
<tr><td>Анам сиыр</td><td>сауды.</td></tr>
<tr><td>Ағаштың түбі –</td><td>қалың қар.</td></tr>
<tr><td>Аю қыста</td><td>ұйықтайды.</td></tr>
<tr><td>Малдар жайлауда</td><td>жайылды.</td></tr>
<tr><td>Балалар доп</td><td>ойнады.</td></tr>
<tr><td>Үсен мәшинені</td><td>жуды.</td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">2 үзіліс –<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары<br>Басты мақсат: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.<br>Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығуларартикуляциялық аппараттың</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Ойын: «Қасқырлар  мен лақтар»<br>Ойын мақсаты: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.<br>Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:<br>1. «Сабын көпіршігін үрле». Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.<br>2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле» (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).<br>3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді». Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.<br>4. «Көңілді маймыл». Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.<br>5. «Шарларды үрлеу». Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.<br>6. «Жылан қалай ысқырады». Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс). |      | **Ойын шарты**: Алдымен ұзындығы 50 м және ені 20 м болатындай ойын алаңы белгіленеді. Ойын алдында аланда «лақтар» мен «қожайын» орналасатын «ауыл» белгіленеді. Алаңның басқа жағында дәл солай «жайылым» тағайындалады. Өрістің ортасында «қасқырдың апаны»болады. Содан кейін үш «қасқыр» мен «қожайын» таңдалады. Барлық басқа балалар – лақтар. Қожайын лақтарды ауылға апарады, ал қасқырлар өз апанына барады. Қожайын айтады:<br>«Бөрте, бөрте, бөрте лақ,<br>Бөрте лақ тым ерке лак<br>Кетесің кейде секендеп,<br>Байламаса көкем кеп»<br>Осы сөздерден кейін лақтардың барлығы жайылымға қарай жүгіреді. Жолда оларды қасқырлар апанында күтіп тұрады. Лақтар апанның шетіне жетерге жарты жолда қасқырлароларға тап бере алады және жайылымды бөліп тұрған сызыққа дейін қуалай алады. Лақтардың Мақсаты – жайылымға қасқырлардың қолына тимей, аман-есен жету. Лақтардықасқырлардан қожайын ғана алып алады. Ұсталған лақтар ойын соңына дейін апанда болады. Неғұрлым көп лақ ұстаған қасқыр көп атаққа ие болады.<br>Ойынды қайталау үшін жаңа қасқырларды апанға түспей, аман қалған лақтар ішінен таңдалады. |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір | **. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. | **Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру. | **3.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету. | **3.. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру. Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту. **Дағды:** Топта өзінің құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге дағдыландыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** бөлме гүлдерінің түрлері мен құрылымын атайды; өсімдіктердің тұқыммен, баданамен, тамыр арқылы өсетінін айтады; өсімдіктердің дұрыс өсуіне кедергі келтіретін жағдайларды атап көрсетеді. **Түсінеді**: өсімдіктердің күтімге тәуелді екенін түсінеді. **Қолданады**: өсімдіктерге күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану**.** **Білу: «Кімге/неге айналамыз?»** ойынына қатысады. Тұқым неге айналады? Жұлдызқұрт неге айналады? | Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу. **Дағды:** Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін ұштау. Модульдерде тұрыптепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Арқаннан ұстанып асылып тұру, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу. Қауіпсіздік ережелерінсақтау мен сақтану дағдыларын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** заттардың арасымен қозғала отырып, допты жерге соғып алып жүру. **Түсінеді**: стадионның маңызын, спортпен шұғылданудың денсаулыққа тигізер пайдасын,допты аяқ басының іш жағымен тебу керектігін. **Қолданады:** жүріп келе жатып, қайта сап құру дағдыларын, ырғақты гимнастика жасауды,топпен қозғалу, психотренинг жасау, допты саусақ ұшымен баяу қайтаруды. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. **Қолдану:** Ырғақты гимнастика (№1) | **Дағды:** Жануарлар әлеміне деген сүйіспеншілікке, оларға қамқорлық жасауға дағдыландыру. **Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** жанды табиғат бұрышын мекендейтін жануарлардың бірнеше түрін атап көрсетеді. **Түсінеді:** олардың өздеріне тән белгілерін, қимылдарын, мінез-құлқын, қандай тамақ жейтінін түсінеді. **Қолданады:** оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану**.** **Қолдану: «Текше» техникасын пайдалана отырып,** «Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтіндер» тақырыбында *салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады* | Ана туралы өз ойларын айтқызу. **Дағды**: Ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту өз аналары туралы әңгіме құрауға дағдыларын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** өз аналарын суреттеу арқылы<br><br>әңгіме құрайды, сөзге дыбыстық талдаужасайды; **Түсінеді:**өлеңде кім туралы айтылғанын түсінді; **Қолданады:** мақалды үш дауыста айтуды, тақпақты тез жаттап алуды. **Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану. **Білу:** Құшағына кіргенде, Жылынамын бір демде.Не жетеді көзіңе, Мейірімді күннен де. Үн қатасың бал тілмен, Еркелеймін әр күн мен. *(Н.Айтов)* Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар. Ол – көркем, сүйкімді әрі ұлы сөз. Әрқайсымыздың да анамыз бар, дұрыс емес пе? **Түсіну:** Сөздік жұмыс: Үн қатасың – тіл қатасың, сөйлейді мағынасында. Мақал-мәтелдер: | орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру. **Дағды:** Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезек домалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру, артқа қарай басынан асырып лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын; кеңістікті бағдарлау, сапқа тұру, қайта сап түзеу дағдыларын; педагогтің нұсқауын мұқият орындап, өз қимылдары мен маңайындағылардың қимылдарын үйлестіре білу дағдыларын дамыту. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** спортқа деген қызығушылыққа баулу. Допты тізесімен қысып, алақандары мен аяқтарының ұшына тіреніп жорғалау. Бір аяқпен секіру. **Түсінеді:** спортшылардың физикалық қасиеттері, тізбек пен қатарда жүргенде арақашықтық пен бағытты сақтап қимылдауды. Жаттығулардың соңына дейін денені тікұстау, өз қимылдарын басқа ойыншылардың қимылымен келістіруді. **Қолданады:** жүгіргеннен кейінгі тыныс алуды қалыпқа келтіруді, тізені жоғары көтеріпжүру, үздіксіз баяу жүгіру, допты бір қолмен, екі қолмен домалатуды, артқа лақтыру дағдыларын. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жұмыртқа кімге айналады?<br>Балапан кімге айналады?<br>Ұн не болады?<br>Бала кім болады?<br>**Өзекті мәселе:**<br>Балаларды экологиялық ертегі тыңдауға шақырады. «Рәбиға әжей мен Қазтамақ» ертегісін мұқият тыңдайды. | Өз еркінше залға шашырап тұрады. Музыка ырғағымен қимылдарды ырғаққа сай, жаттығулар кешенін толық орындап біткенше арқасын тік ұстап орындайды.<br>Дұрыс тыныс алуға, қалыпты тыныс алуға тырысады.<br>Топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды.<br>**«Баскетбол»**<br>«Гимнастика»<br>**Түсіну:** «Қалашық»<br>Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру:<br>«Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады.<br>Ойыншылар 3 метр қашықтықтан фигураны таңдайды.<br>Ұратын таяқшаны жер бауырлап ұшатындай етіп лақтырудың ойындағы ең басты шарты екендігін естен шығармай, балаларға жеткізе білу керек.<br>«Жұлдыз» фигурасы<br>Зейінді дамыту жаттығулары: «Жазу мәшинесі»<br>Әр ойыншы бір дыбысты таңдайды. Жүргізуші бір сөз айтады. Ойыншылар сол | | | «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал». «Ана» сөзіне дыбыстық талдау жасау.<br>А – жуан дауысты.<br>Н – үнді дауыссыз.<br>А – жуан дауысты.<br>**Қолдану:** «Менің анам» тақырыбына әңгіме құрау.<br>**Дидактикалық ойын:** «Анама сыйлық».<br>Анасына таңдаған әшекейді түрлітүсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай аталатыны туралыайтып береді. | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Ойын жаттығуы:** «Спорт түрлері»<br>«Шыныққан адам шырайлы<br>Қызығып бәрі қарайды.<br>Шынығуға спортты таңдап,<br>Жаттықсаң, сол жарайды!<br>Волейболшылардың ерекше жаттығуына шақыру.<br>**Түсіну:** Тыныс алу жаттығулары<br>«Шұғылданып спортпенен,Тез үлкейіп өсеміз!» –<br>аяқ ұшына көтерілу, қолдарын жоғары көтеру – демін ішке тарту.<br>«Күнде-күнде өсеміз!Сағат санап өсеміз!–<br>қолдарын төмен түсіріп, табанын толық басу – демін сыртқа шығару.<br>**Білу: Негізгі қимыл-қозғалыстар:** Доппен орындалатын жаттығуларды орындағанда жұпта әрекет ету мен допты сезе білуқажет.<br>1.Қолына доп алып 3 метр қашықтықта жүгіру.<br>2.Аяқ басының арасына доп қыстырып жүру.<br>3.Допты тізесімен қысып, қолдары мен аяғының ұшына тіреніп жорғалау.<br>4.Допты бір қолмен, екі қолмен домалату.<br>5.Допты артқа лақтыру.<br>**Ойын-тренинг: «Өзіңді тыңда».**<br>Ыңғайланып отырып алып, көздерін жұмады. Іштерінде не |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөздегі дыбыстар реті бойынша өзіне берілген дыбыстың реті келгенде бір шапалақ ұрады. Сөйтіп әр «дыбыс» өз кезегінде шапалақтайды. Сөз толық басылған кезде барлық ойыншылар бірге шапалақтайды.<br>**Білу:**«Бәрі қолымнан келеді!»<br>Шеңберге тұрып, психотренингті орындайды.<br>«Бүгінгі күн қандай керемет!Менде де бәрі тамаша!<br>Мен талмай, ерінбей еңбек етіп, бәрін үйренемін!<br>Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін!<br>Мен бәрін істей аламын!» | | | болып жатқанын сезінеді. Сұрақтарға жауап береді.<br>-Сендер не сезініп тұрсыңдар?<br>-Сендер нені қалайсыңдар?<br>-Нені естідіңдер? |
| ***3 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Артикуляциялық жаттығулардың жасалуын үйрету.**<br>**«Көңілді тіл туралы ертегі»**<br>Ертеде бір қып-қызыл еріндердің артында аппақ тістердің арғы жығында көңілді тіл өмір сүріпті. Күнде таңертең оны сүйікті **САҒАТ** оятыпты.<br>**Сырт-сырт соғады сағат,**<br>**Таппайды бір тағат.**<br>Тілді ауыз қуысынан шығарып,оңға, солға қимылдату керек.<br>Сағат қалай жұмыс істейтінін көрсетейік.<br>Сағат қалай жүреді. **Тик-Так**<br>Сағат қалай жұмыс істейтінін көрсетейік.<br>Тіл оянып, керіліп жуынуға барады.<br>**ТІСІН ЫСАДЫ** Күлімсіреу, тістерді көсету. Жалпақ тілмен үстіңгі астыңғы тістердің сыртқы жағынан өту (тіс тазалауға еліктеу арқылы) және астыңғы тістердің де сыртқы жағын тазалау. Тісімізді калай ысу керек екенін көрсетейік. **ШАШЫН ТАРАЙДЫ**<br>Тілдің қарны ашып, таңғы асқа **ШЕЛПЕК** дайындағысы келеді. Ол үшін **ҚАМЫР ИЛЕУ** керек.<br>Біз оған көмектесейік. **ТА-ТА –ТА** тісімізбен тілімізді тістейміз. Қамырымыз дайын енді **ШЕЛПЕК** дайындау керек. **ЛЯ-ЛЯ-ЛЯ**. Шелпек дайын. Оны **ТӘТТІ ТОСАППЕН** жеу керек .Күлімсіреу, ауызды ашып, шыныаяқ формасындағы тілмен, үстінен астына қарай қимыл жасап, ерінді жалау. Қозғалысты жалғастыруға болады және шыныаяқ формасын бұзбай тілді алуға болады.<br>**Жасайды анам тосап,**<br>**жидекке шекер қосып,**<br>**Көрсем тілмен жалап,**<br>**тәтті екен балдай**<br>Ой тәтті тосап ерінге жағылып қалыпты.<br>Таңертеңгі асымыз осымен бітті,енді серуенге шығайын. Сендер ойнағанды жақсы көресіндер ме? **ТІЛМЕН ОЙНАУ**. **Ойнап болған соң МАШИНАСЫНА отырып кетеді.** Машина қалай жүреді көрсетейік. Тіл машинасымен келе жатса жанынан<br>**АТ ШАУЫП КЕЛЕДІ** Күлімсіреу, ауызды ашып түлдің ұшымен сыртылдату. «ат тұяғыман сыртылдатады» |    | **Ойын: «Құстардың ұшып өтуі»**<br>**Ойын мақсаты**: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.<br>**Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>**Ойын шарты**:<br>Залдың бір жағында балалар орналасқан, олар – құстар. Залдың басқа жағында «ұшып» шығуға болатын көрнекіліктер орналасқан (гимнастикалық орындықтар, шаршылар және т.б.) олар – тоғайлар. Ұстаздың «Құстар ұшады!» белгісінен кейін – балалар қолдарын қанаттар сияқты қағып, бүкіл залды шарлап, жан-жаққа қарай жүгіреді. Келесі «Боран!» белгісі бойынша тоғайларға қарай қашып, солардың арасында тығылады. «Боран тоқтады!» деген ұстаз сөздерінен кейін балалар жерге түсіп, залды аралап «ұша» бастайды. Ойын барысында ұстаз міндетті түрде балалар шығып-түскенде оларды сақтандыруы қажет.<br>  |

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. | **4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген | **4**<br>**Жапсыру – шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**ҰІӘ мақсаты:** қиюдың түрлі тәсілдерін сәндік қолданбалы | | **4** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу.<br>**Дағды:** Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін ұштау. Модульдерде тұрыптепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Арқаннан ұстанып асылып тұру, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу. Қауіпсіздік ережелерінсақтау мен сақтану дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** заттардың арасымен қозғала отырып, допты жерге соғып алып жүру.<br>**Түсінеді**: стадионның маңызын, спортпен шұғылданудың денсаулыққа тигізер пайдасын,допты аяқ басының іш жағымен тебу керектігін.<br>**Қолданады:** жүріп келе жатып, қайта сап құру дағдыларын, ырғақты гимнастика жасауды, топпен қозғалу, психотренинг жасау, допты саусақ ұшымен баяу қайтаруды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Ырғақты гимнастика (№1)<br>Өз еркінше залға шашырап тұрады. Музыка ырғағымен қимылдарды ырғаққа сай, жаттығулар кешенін толық | қызығушылықтарын арттыру. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>**Дағды:** Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** эмоционалды түрде әндерді айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады, би қимылдарын жасайды.<br>**Түсінеді:** Наурыз мерекесі күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін түсінеді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу:** Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Наурыз тойы» (Т. Мұратов).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. | өнер элементтерін жапсыруда қолдана білуді үйрету.<br>**Дағды:** сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру; саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; ою атауларын еске түсіру; ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Балардың ой-қиялын, эстетикалық тәрбиесін дамыту дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ұлттық киімді, ою-өрнек түрлерімен әшекейлейді;<br>**Түсінеді:** ұлттық киімдерді сәндеуде оюларды қолданатынын;<br>**Қолданады:** түстерді сәйкестендіре отырып сәндік жапсыруды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Үнтаспадан «Ақ әжем» әні орындалады.<br>Әні: К. Қуатбаевтікі.<br>Сөзі: О. Әубәкіровтікі.<br>Ұлттық киім үлгілерін көрсетіп, балаларға сұрақтар қояды.<br>– Бұл қандай киімдер?<br>– Қалай аталады?<br>– Сендерге ұнай ма?<br>– Әжелеріңнің, өздеріңнің ұлттық киімдерің бар ма?<br>– Осы киімдердің қандай ерекшелігін байқадыңдар?<br>**Түсіну:** «Оюлар» бүктемесінен «Тұмар»,«Қошқармүйіз», «Ботакөз», «Қызғалдақ» ою түрлерін еске түсіру.– Балалар, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындап біткенше арқасын тік ұстап орындайды.<br>Дұрыс тыныс алуға, қалыпты тыныс алуға тырысады.<br>Топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды.<br>**«Баскетбол»**<br>«Гимнастика»<br>**Түсіну:** «Қалашық»<br>Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады.<br>Ойыншылар 3 метр қашықтықтан фигураны таңдайды.<br>Ұратын таяқшаны жер бауырлап ұшатындай етіп лақтырудың ойындағы ең басты шарты екендігін естен шығармай, балаларға жеткізе білу керек.<br>«Жұлдыз» фигурасы<br>Зейінді дамыту жаттығулары: «Жазу мәшинесі»<br>Әр ойыншы бір дыбысты таңдайды. Жүргізуші бір сөз айтады. Ойыншылар сол сөздегі дыбыстар реті бойынша өзіне берілген дыбыстың реті келгенде бір шапалақ ұрады. Сөйтіп әр «дыбыс» өз кезегінде шапалақтайды. Сөз толық басылған кезде барлық | Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Аюлар биі» (Е. Тиличеева).<br>Балалар музыкаға ілесіп, қорбаңдап, аюдың жүрісін салады.<br>**Түсіну:** ***Ойындар, хороводтар:*** **«Үйшік» (В. Витлин).**<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар төртке бөлініп, төрт бұрышта тұрады. Үйшікте құстар, қояндар, аттар, аю тұрады. Құстар музыкасы ойналғанда, құстар ұшып шығады. Қанаттарын қағып, шеңберді бір айналып шығады да, музыка аяқталғанда орындарына барып тұрады.<br>Аттар музыкасы ойналғанда аттар шығып, аттың шабысын салып шабады.<br>Қояндардың музыкасы ойналғанда қояндар ортаға шығып, қосаяқтап секіреді. Олар да музыка аяқталғанда орындарына барады.<br>Соңында аюдың музыкасы ойналғанда аю қорбаңдап шығады, музыка | мына әженің қамзолы әдемі болу үшін не істеу керек?<br>**Білу:** Қызыл түсті қағаздан 4 қиықшаны бүктеу әдісімен қию. Жасыл түсті қағазды бүктеп, «Қошқармүйіз» оюын қию.<br>**Саусаққа, қолға арналған жаттығулар ұйымдастырылады.**<br>Бүктеу әдісімен қиып алған бөліктерді әжеміздің қамзолындағы белгіленген орынға жапсырамыз:<br>– жағасына;<br>– беліне;<br>– етегіне.<br>Балалармен сұрақ-жауап арқылы оюдың аттарын қайталап өтеді.<br>Бірнеше оюдың суретін көрсетеді.<br>– Балалар, мына оюлар қалай аталады? | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншылар бірге шапалақтайды.<br>**Білу:**«Бәрі қолымнан келеді!»<br>Шеңберге тұрып, психотренингті орындайды.<br>«Бүгінгі күн қандай керемет!<br>Менде де бәрі тамаша!<br>Мен талмай, ерінбей еңбек етіп, бәрін үйренемін!<br>Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін!<br>Мен бәрін істей аламын!» | аяқталғанда олар да орындарына барады. | | | |

***4 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру**

| | |
|---|---|
| **«Шалқан» ертегісін арналған тілдік жаттығулар.**<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**<br>-қан, -қан, -қан үп-үлкен шалқан.<br>-қан, -қан, -қан ата оны тартқан.<br>-кен, -кен, -кен әже көмектескен.<br>-кен, -кен, -кен қызы көмектескен.<br>-кен, -кен, -кен иті көмектескен.<br>-кен, -кен, -кен мысық көмектескен.<br>-кен, -кен, -кен тышқан қайда? Жоқ екен | **Ойын: «Толқиды теңіз»**<br>**Ойын мақсаты:**балаларды тапқырлыққа,шапшаңдыққа,ептілікке баулу.<br>**Әдістемелік нұсқау:** Ойыншылар ішінен жүргізуші таңдалады. Қалған ойыншылар бір-бірінен созылған қолқашықтығында шеңбер құрып тұрады және әрқайсысы өзі тұрған орнында шеңбер сызады. Жүргізуші тізбектеліп ойнап жүрген балаларды аралап жүреді, ал «Толқиды теңіз» деген сөздерді естіген балалар оның артынан тізіліп ереді. Кенеттен жүргізуші «Теңіз Тыныщталды» – барлық ойыншылар орындарына қайтадан тұруға болады. Шеңберсіз қалған ойыншы жүргізуші болады.<br>  |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>Пайдалы қазбалар туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу. | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті**<br>3-ші қатар оқушыларымен 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету .<br>**Дидактикалық ойын:** «Санамақ баспалдақ» | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>1-ші қатар оқушыларымен «Менің сүйікті ертегім»сурет бойынша әңгіме құрастырту.<br>**Мақсаты:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,таным дық әрекет**<br>(кітап оқып беру);<br>**«Ертегілерді құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>Жақсы деген немене,жаман деген немене? туралы әңгімелесу. 2- ші қатар оқушыларымен сурет бойынша өз ойын айытқызу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Арнұр,Нұрым,Шахнұр) | **Мақсаты:** 10 көлемінде тура және кері санау. | | заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №13**<br>**Желді бақылау(қайталау)**<br>**Мақсаты***:*<br>— өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>— табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br>♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br>♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен)<br>♦ Жел қалай пайда болады?<br>♦ **Тәрбиеші түсіндіреді:**<br>Күн ауаны бірдей | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №14**<br>**Күн мен түн неге ауысады?(қайталау)**<br>**Мақсаты***:*Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күннің ұзаруын туралы түсінік беру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Балаларға жұмбақ жасыру**<br>1.Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан.<br>(күн)<br>2.Жартысы жадыратып нұр себеді,<br>Жартысы қара мақпал бүркенеді.<br>(түн)<br>3.Орақ болып туады,<br>Табақ болып тынады (ай)<br>4.Күндіз білінбейді,<br>Түнде дірілдейді (жұлдыз)<br>Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады. Жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күн мен түннің ұзақтығы да ауысып отырады. Күн жылыған сайын түн қысқарып, күндізгі уақыт ұзарады.<br>**Балаларға сұрақтар.** | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №15**<br>**«Қардағы құс іздері»(қайталау)**<br>**Мақсаты***:*қардағы құс іздерін тани білуге үйрету .<br>**Бақылау барысы**<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>♦ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)*<br>**Зерттеу жұмысы** | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №16**<br>**Жеңіл көліктерді бақылау (қайталау)**<br>**Мақсаты:** автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев**<br>Бұзба көше тәртібін,<br>Ұрынасың апатқа.<br>Қызықты өтсін әр күнің,<br>Жақын болма шатаққа.<br>Көшеден өтер кезінде,<br>Абайлап қара жан-жаққа,<br>Келе жатқан көлікке,<br>Жол бер, өтсін, асықпа!<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:<br>♦ Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?<br>♦ Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? *(жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)*<br>♦ Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? *(ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)* | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №17**<br>**Маусымдық өзгерістерді бақылау(қайталау)**<br>**Мақсаты:***:*<br>— Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— Қыс аяғындағы табиғат көріністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу.<br>— Өлең жолдарындағы қыс көріністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту.<br>**Бақылау барысы**<br>Оңтүстіктен жел соқты. Ол өзімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табиғатта біліне бастады. Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Күртік қарлар аласара бастайды.<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>*Жиегіне шатырдың, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.<br>**Еңбек**<br>Сырғанақ төбешік соғу<br>***Мақсаты:*** бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «ең мерген кім?».<br>***Мақсаты:***<br>— Заттарды лақтыруға жаттықтыру;<br>— Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br>— «Ағаш суретін сал».<br>***Мақсаты:***қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.<br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап».<br>***Мақсаты:***<br>— Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br>Затты сипаттау бойынша табу. | ♦ Жұлдыздар түнде қайда кетеді?*(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)*<br>♦ Күн неге батады? *(жер күнді айналады, соныұтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)*<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады.<br>Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).<br>**Еңбек :**<br>Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.<br>*Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Күн мен түн».<br>**Мақсаты:** тәрбиеші белгісі бойынша әрекет етуге, ойын шартын дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалыстарын дамыту «Шығырыққа лақтыру».<br>**Мақсаты:** мергендіктерін дамыту.<br>**Мақал-мәтел:** Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. | Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Еңбек**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>**Мақсаты:**<br>— Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br>— Жұмысты жоспарлау.<br>**Қимылды ойын**<br>«Ізбе із».<br>**Мақсаты:** тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>**Мақсаты:** қимыл-қозғалыстарын дамыту.<br>**Халық болжамы:**<br>*Қар көп болса, нан мол болады.<br>*Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.<br>*Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.<br>*Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. | ♦ Көліктердің қандай пайдасы бар? *(адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарады)*<br>♦ Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? *(таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)*<br>♦ Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? *(Жүк машиналары)*<br>♦Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен?<br>♦ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек?<br>**Еңбек**<br>Ауланы бірлесе отырып тазалау.<br>*Мақсаты :*<br>—бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу;<br>—жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>«Бағдаршам».<br>**Мақсаты:** белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Ұзындыққа секіру .<br>**Мақсаты:**<br>— Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету. | Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі)<br>Балаларға сұрақтар<br>*Қыста неше ай бар?<br>*Қыс айларын ата?<br>*Қыстың ең соңғы айы қай ай?<br>*Ақпан айында табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>*Мұз сүңгілері қайдан пайда болады?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ыдыстарға қар толтырып, біреуін көлеңкеге, біреуін күннің астына қою. Серуен аяғында қай ыдыстағы қар төмен түскенін салыстыру<br>**Еңбек**<br>Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу<br>**Мақсаты:** достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Төбешіктен-төбешікке».<br>**Мақсаты:** ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру<br>**Жаттығу ойындары** «Кім жылдам».<br>**Мақсаты:**<br>Жылдам жүкіруге жаттықтыру;<br>Орнында тұрып ұзындыққа секіру техникасын меңгерту.<br>**Халық болжамы:** Мұзсүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.** **Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес*** - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес*** Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 04.03 – 08.03. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 04.03 | Сейсенбі 05.03 | Сәрсенбі 06.03 | Бейсенбі 07.03 | Жұма 08.03 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 5 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№5 жаттығулар кешені**<br>Б.қ.: тұру. 1-2 – таяқшаны жоғары баяу көтеру, оң (сол) аяқ басын артқа басып, өкшесін өзіне тарту, демін ішіне тарту; 3-4 – б.қ. 4–6 рет қайталау.<br>«Алдыға қара». Б.қ. – аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1-2 | № 6 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық бір таяқшамен жұптасып таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 6 жаттығулар кешені**<br>«Зілтемірші». Б.қ.: бір қадам қашықтықта бір-біріне арқасымен қарап, таяқшаны төмен ұстап тұрады. 1-2– қолдарын жоғары көтеріп, таяқшаны серігіне басынан асырып | № 7 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар<br>**№ 1 жаттығулар кешені**<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1–қолдарын екі жаққа созу; 2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет) | № 8 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 7 жаттығулар кешені**<br>Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, төмен,қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап | № 9 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 8 жаттығулар кешені**<br>Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, төмен,қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – басын түзу ұстап, алдыға еңкею; 3-4 – б.қ. Аяқтарын бүкпеу. 5–8 рет қайталау.<br>«Жанына иілу». Б.қ. – аяқтарын айқастырып қойып тұру. Таяқты артынан шынтақтыңбүгілген жеріне қою. 1 - 2 – оңға иілу, таяқты жерге тигізу; 3 - 4 – б.қ. (6 рет).<br>Б.қ.: шалқалап жату. 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – екі аяғын бірдей сермеу, аяқбасын созу, таяқшаға тигізу. 3-4 – б.қ. 6–8 рет қайталау.<br>Б.қ.: тұру. Таяқшаны арт жақта ұстау. 1-2 – отыру, таяқшаны көтеру. Арқасын түзетіп,тізелерін ашып, өкшелерін көтереді. 8–10 рет қайталау.<br>«Құрсау». Б.қ.: – аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – оң аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу; 3 – денені түзеу; 4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>Аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1-2 – «ш-ш-ш» – деп оңға бұрылу; 3-4 – екінші жағына қайталау. Үш-төрт рет қайталаған соң, үзіліс жасау. 5 рет қайталау.<br>«Секектеу». Б.қ.: тұру. Жанына қарай секіргенде | береді, демін ішіне тартады; 3-4 – қолдарын төмен түсіреді, демін сыртқа шығарады. 8 рет қайталау.<br>«Ескекшілер». Б.қ.: бір-біріне табанымен тіреліп, қарсы қарап, таяқшадан ұстанып отырады, аяқтарын тік ұстайды; таяқшаны бірі тартып, шалқайса, бірі еңкейіп қозғалады. 8–10 рет қайталау.<br>«Таяқшаны тарту». Б.қ.: бір-біріне қарап қолдарымен арт жаққа тіреліп отырады; таяқшаны ортаға қояды; таяқшаны аяқтарының бармақтарымен әркім өзіне қарай тартуға тырысады. 4–6 рет қайталау.<br>«Таяқшаны бірге көтереміз» Б.қ.: бір-біріне қарап етпеттеп жатады; аздап бүгілген қолдарымен таяқшадан ұстанады; 1-2 – таяқшаны бірге көтереді; 3-4 б.қ. 4–6 рет қайталау.<br>«Тұруға көмектес». Б.қ.: созылған қолдарындай қашықтықта бір-біріне қарап отырады; аяқтарын бүгіп, таяқты ортаға қояды; бір-біріне оң қолын созып, қолдарымен ұстасады. Екеуі бір уақытта тұрып, қайта отырады. Келесі қолымен | Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, доптысол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, доптыеденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңғақарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырыпорындау. | тұрып,қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет)<br>Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайтатүзеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысыпұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бүгу, қайта созу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан асырып ұстап жату; арқасынан ішіне,ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет). | тұрып,қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет)<br>Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайтатүзеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысыпұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бүгу, қайта созу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан асырып ұстап жату; арқасынан ішіне,ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таяқшаны алдыға созу, аяқтарын қосқанда таяқшаны төмен түсіру. 4 рет 20 секіруден жай жүріспен алмастырып, қайталау. | осы қимылдарды қайталайды. 5 рет қайталау.<br>«Секектеу». Б.қ.: таяқшаны еденге қояды, таяқтың бойымен қолдарын беліне қойып, 4 рет секектеу, тізесін жоғары көтеріп, 4 рет аттайды. 5-6 рет қайталау. | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **04.03.24**<br>**Дүйсенбі** | **05.03.24**<br>**Сейсенбі** | **06.32.23**<br>**Сәрсенбі** | **07.03.24**<br>**Бейсенбі** | **08.03.24**<br>**Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптсатыру. Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>**Дағды**: Зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; | **1. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Көктем туралы түсініктерін кеңейту. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>**Дағды**: Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, сурет бойынша әңгіме | **1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптсатыру. Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>**Дағды**: Зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; | **1. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін бекіту. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру.<br>**Дағды**: Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**: | **1. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Дыбыстық талдауды пысықтау. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту.<br>**Дағды:** Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже: Жасайды:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | графикалық диктантты орындауға дамыту. Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын; **Түсінеді:** геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын;<br>**Қолданады:** геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ортаны модельдеу**<br>Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған.<br>Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие.<br><br>Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар?<br>Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды. | құрайды;<br>**Түсінеді:** жыл мезгілдерін түсінеді, ажыратады;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, мәнерлеп жатқа айтады.Көктем туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Сөздік жұмыс:**<br>*Көктем* весна<br>*Жылы –* теплая<br>**Түсіну: Есіңе сақта:**<br>«Көктем-қыс ызғарын кетіруші». | графикалық диктантты орындауға дамыту. Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын; **Түсінеді:** геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын;<br>**Қолданады:** геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ортаны модельдеу**<br>Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған.<br>Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие.<br><br>Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар?<br>Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды. | **Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** әженің қамқорлығын, мейірімділігін, тәрбиесін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімелесу барысында әже туралы айтып береді, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Әже туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Есіңе сақта:***<br>«Асыл әжем, қуанышым берекем,<br>Өнегенің өрісі де сен екен».<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс**:<br>*Кимешек, жаулық* – әжелер киетін баскиім.<br>Білу:<br>-Әже қандай адам***?***<br>-Өлең кімге арналған?<br>-Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің?<br>Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді.<br>Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді.<br>Кимешегін, жаулығын<br>Теңеп аппақ гүлге мен.<br>Әжемнің денсаулығын<br>Тілеп жүрем күнде мен. | сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстан тұратынын.<br>**Қолданады:** сөйлемнің сызбасын сызады, дыбыстарды анықтайды, ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Сипатынан тап»<br>1.Бұл – жейтін зат. Ақ, тәтті, қатты. *(қант)*<br>2.Бұл – жеміс. Сары, сопақ, қышқыл. *(лимон)*<br>3.Бұл – аң. Ақ, мамық, құлағы ұзын. *(қоян)* 4.Бұл – ойыншық. Домалақ, үлкен, жеңіл.*(доп)* – Жарайсыңдар!<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»<br>Қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.<br>***Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала»(доппен).***<br>Бірінші дыбысын анығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап допты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>**Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.Педагог балаларға топтарға бөлінуді ұсынады.<br>Тапсырманы түсіндіреді, фигураларды екі белгі бойынша бөледі: пішін мен түс.<br>Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады.<br>**Түсіну: Аз қимылдайтын ойын «Сиқырлы қозғалыстар»**<br>Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**Білу:** Шағын топпен жұмыс | | <br>**Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.Педагог балаларға топтарға бөлінуді ұсынады.<br>Тапсырманы түсіндіреді, фигураларды екі белгі бойынша бөледі: пішін мен түс.<br>Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады.<br>**Түсіну: Аз қимылдайтын ойын «Сиқырлы қозғалыстар»**<br>Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**Білу:** Шағын топпен жұмыс | | педагогке кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы: *рррадио(р), уууылдырық(у), ааалма(а), қққасқыр(қ), мммақта(м), қққияр(қ), сссағат(с), қққыс(қ), ааалжапқыш(а), тттышқан(т), сссазан(с), өөөшіргіш(ө), жжжұлдыз(ж), жжжастық(ж), дддиректор(д), жжжарық(ж), шшшұлық(ш), мммектеп(м), уууыз(у), ттттиін(т), қққолшатыр(қ), бббақа(б), иииt(и),* т.б<br>**Қолдану:** Дидактикалық жаттығу: «Жуан дауысты дыбысты тап»<br>– Балалар, мен сендерге сөздерді айтамын, сендер жуан дауысты дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрыңдар.<br>Мысалы: *гүл, жүзім, алма, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс, оқтау, аққу, әтеш, тауық, Ұлжан, көбелек, ымырт, Алпамыс, айна, етік, қарлығаш, ұлу, жүген, түйе, ұста, ожау, тамаша, алмұрт, ірімшік, сыпырғыш, Олжас, жылан, отын, алақан т.б.*<br>**Білу: Дыбыстық талдау жаса.**<br>*Торт* сөзіне дыбыстық талдау жасатады.<br>*Торт* –1 буын, 4 дыбыс.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады. Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады. | | «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады. Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады. | | Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>*Ұшақ* сөзінің дыбыстық талдауы.<br>*Ұшақ* – 2 буын, 4 дыбыс.<br>Ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ш – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. |

***1 үзіліс -***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

**Қозғалмалы ойын:«Жалауша»**

**Басты мақсат: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар ету. Жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.**

| | | |
|---|---|---|
|  |  | **Ойын: «Жалауша»**<br>**Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.<br>**Керекті құралдар:** ысқырық,жалауша,бор,таяқша.<br>**Мазмұны.**<br>Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады.<br>Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар |

| | | |
|---|---|---|
|  |  | тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады.<br>Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.<br>Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады.<br>**Ойынның ережесі.**<br>1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.<br>2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.<br>3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады. |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**ҮІӘ мақсаты:** дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.<br>**Дағды:** Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** суреттегі дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып, буынға бөледі; дауыссыз, дауысты дыбыстарды екі топқа бөліп ажыратады, дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** салт дәстүрлердің мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **2.**<br>. | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>.<br>**ҮІӘ мақсаты:** дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.<br>**Дағды:** Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** суреттегі дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып, буынға бөледі; дауыссыз, дауысты дыбыстарды екі топқа бөліп ажыратады, дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** салт дәстүрлердің мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Сөздерді буынға бөлуге үйрету, дауыс ырғағын, дауыс көркемділігін дамыту.Көркем шығармаларды сахналауға үйрету.<br>**Дағды**: Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ертегіні сахналап, ертегі кейіпкерлерін буынға бөледі; **Түсінеді:** ертегі мазмұнын, бір буында бір дауысты дыбыс болатынын;**Қолданады:** дауыс ырғағын келтіріп жүрістерін салады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу:**<br>-Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар? | **2.**<br>**Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру. Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.<br>**Дағды:** Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту арқылы дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсіну: «Жалпы атауын айт»** дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды.<br>1.Уық, кереге, шаңырақ, текемет – ... (*киіз үй құралдары)*.<br>2.Сырға, білезік, сақина – ... (*зергерлік бұйымдар)*.<br>3.Асық ату, Ханталапай, Алтыбақан, Ақсүйек, Көкпар, Бәйге – ... *(ұлттық ойындар)*.<br>4.Ірімшік, май, құрт, айран – ... (*сүттен жасалатын тағамдар)*.<br>5.Тұсаукесер, бесікке салу, шілдехана – ... ( *ұлттық салт-дәстүрлер).* **Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл түсті дөңгелекті көтереді. Мысалы: (*а, ө, о , і, и, ұ, ы, ә, е, у, э, ү).*<br>**Қолдану: Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер»**<br>Балаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты басқа да дыбыстармен ойнатса болады.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?»**<br>–Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді | | **Түсіну: «Жалпы атауын айт»** дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды.<br>1.Уық, кереге, шаңырақ, текемет – ... (*киіз үй құралдары)*.<br>2.Сырға, білезік, сақина – ... (*зергерлік бұйымдар)*.<br>3.Асық ату, Ханталапай, Алтыбақан, Ақсүйек, Көкпар, Бәйге – ... *(ұлттық ойындар)*.<br>4.Ірімшік, май, құрт, айран – ... (*сүттен жасалатын тағамдар)*.<br>5.Тұсаукесер, бесікке салу, шілдехана – ... ( *ұлттық салт-дәстүрлер).* **Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл түсті дөңгелекті көтереді. Мысалы: (*а, ө, о , і, и, ұ, ы, ә, е, у, э, ү).*<br>**Қолдану: Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер»**<br>Балаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты басқа да дыбыстармен ойнатса болады.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?»**<br>–Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді | -Күшіктің анасын қалай атаймыз?<br>-«Ит» деген сөз неше буыннан тұрады?<br>-Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.<br>-Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз?<br>-Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы.<br>-«Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады?<br>**Түсіну:** Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін.<br>«Күшік пен Мысық»<br>-Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі.<br>-Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр.<br>-Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік.<br>-Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырдыкөреді.<br>-Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр.<br>**Қасқыр:**<br>-Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады,өзі де тояды.<br>-Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі.<br>-Мысық, мен сені жеймін, – дейді.<br>-Мені тойдыр, күшік. | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу: *Ән айту:*** «Қайырлы таң» (Е. Өміров).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әннің ішінде кездесетін «рауан», «шапақ» сөздерінің мағынасын түсіндіру.<br>Үйренген «Наурыз тойы» әнін (Т. Мұратов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова).<br>Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.<br>***Музыка тыңдау:*** «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова).<br>Дина Нұрпейісованың суретін көрсету, шығармалар туралы әңгіме өткізу.<br>Балаларға күйді тыңдатып, ішінен бұлбұлдың сайрағанын ести білуге ұмтылдыру, қазақтың киелі аспабын құрметтей білуге дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрыштыны, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам, сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер.<br>Мысалы: « а-, -й-,-ц-,-у-,-к-,-е-,-н-,-г-,-ш-,-щ-,-з-,-х-,-ф-,-ы-,-в-,-а-,-п-,-р-,-о-,-л-,-д-,-ж-,-э-,-я-,-ч-,-с-,-м-,-и-,-т-,-б-,-ю т.б.»<br>**Білу:** Дыбыстық талдау.<br>**Шашу**сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>У – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Етік** сөзіне дыбыстық талдау.<br>Етік – 2 буын, 4 дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Сырмақ** сөзіне де дыбыстық талдауды осылай етіп жасайды.<br>Сырмақ сөзінде 2 буын, 6 дыбыс бар.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. | | алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрыштыны, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам, сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер.<br>Мысалы: « а-, -й-,-ц-,-у-,-к-,-е-,-н-,-г-,-ш-,-щ-,-з-,-х-,-ф-,-ы-,-в-,-а-,-п-,-р-,-о-,-л-,-д-,-ж-,-э-,-я-,-ч-,-с-,-м-,-и-,-т-,-б-,-ю т.б.»<br>**Білу:** Дыбыстық талдау.<br>**Шашу**сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>У – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Етік** сөзіне дыбыстық талдау.<br>Етік – 2 буын, 4 дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Сырмақ** сөзіне де дыбыстық талдауды осылай етіп жасайды.<br>Сырмақ сөзінде 2 буын, 6 дыбыс бар.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. | Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді.<br>-Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр.<br>**Күшік:**<br>-Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайданбір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі.<br>**Сонда Мысық:**<br>-Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді<br>**Қолдану:** Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал». Ойын шарты: Ертегікейіпкерлерінің жүрісін салады | Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну:** ***Билер:*** «Қоян биі» (В. Питерцев).<br>Балалар би үйрену барысында қоянның қимылдарын көрсетеді. Қосаяқтап секіріп, орындарында тұрып айналып билейді.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Төлдер» (Д. Ботбаев).<br>Ойын шартын түсіндіреді. Ойын кезінде жануарлардың төлдерін шатастырмай атап, солардың қимыл-қозғалыстарына мән беріп ойнайды. |

<table>
<tr><td></td><td colspan="2">М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Саусақ жаттығуы:<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады.</td><td colspan="2"></td><td>М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Саусақ жаттығуы:<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="8">2 үзіліс – Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td></tr>
<tr><td colspan="8">Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары<br>Басты мақсат: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td colspan="2">БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР<br>Дауыстарын қайтала.<br>Аң біткенмен алысқан<br>Ақырады арыстан:<br>А-а-а-а-а-а<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>Мә-ә-ә-ә-ә<br>Дөңгелетіп аузыңды,<br>Жіңішкертіп даусыңды,<br>Бұзаумын деп ойла да,<br>Дауысын оның қайтала:<br>Мө—ө-ө-ө<br>(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал )<br>Майлыаяқ.<br>Жайлау толы малды аяп,<br>Күзетіп жүр Майлыаяқ.<br>Жолатпайтын ешкімді,<br>Дауысы алыстан естілді:<br>(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р</td><td colspan="4"> <br> </td><td colspan="2">Ойын: «Мысықтар мен балалар»<br>Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.<br>Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| «Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,<br>«Қорқып иттер қашсын», -еп,<br>Кұжірейтіп желкесін<br>Ырылдады қасқыр кеп:<br>**(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р**<br>«Қорықпаймын сенен»,-деп,<br>«Сазайыңды берем»,-деп,<br>Дірілдетіп қасқырды<br>Айбатын ит асырды:<br>**(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р**<br>«Мынау бәле екен» деп,<br>«Түбіме бұл жетер» деп,<br>Қорқып қасқыр жөнелді,<br>Қайтып келмес ол енді.<br>(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?<br>Өзара екі топқа бөліріңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.) |  | |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру.<br>**Дағды:** Құрбы-құрдастарымен және ересектермен еркін араласу үдерісі арқылы олардың танымдық-зерттеушілік қызметпен айналысуына жағдай жасай отырып дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** аквариумда тіршілік ететін балықтардың бірнеше түрін | **. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>!<br>**ҰІӘ мақсаты:** Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяққимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дағды:** Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезекдомалату және екі аяқтың басымен қысып | **Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау.<br>**Дағды:** Олардың зейін қойып тыңдау, көзбен көргенін естеу сақтау және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** жануарлардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды атап береді.<br>**Түсінеді:** жануарлардың бәрінің | **Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>?<br>**ҰІӘ мақсаты:** қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптсатыру. Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>**Дағды**: Зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; графикалық диктантты орындауға дамыту. Кеңістікте | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ағзаның шыныққандығын қалыптан тыс жаттығулар арқылы арттыру. Қимылэрекеттердің еркін орындалуы мен сапта жүру жаттығуларын үйретуді, доппен орындалатын спорттық жаттығулар түріндегі футбол ойыны қимылдарын үйретуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Футбол добын аяқпен жүргізуге жаттығу. Доптың қозғалыс бағытын дұрыс анықтау қабілетін арттыру. Допты жұпта бір-біріне лақтырып, түрлі қалыпта қағып алу, сол сәттегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атап көрсетеді. **түсінеді:** балықтардың құрылымын, өзіне тән белгілерін, қимылдарын түсінеді.<br>**қолданады**: оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану**.**<br>**Қолдану: Зерттеу жұмысы**: Балықтарды аквариумға салмас бұрын не істеу керек? Ұлулар – аквариумның санитарлары. Балықтар ауа жетпей жатса, аквариумның бетіне шығып тыныстап алады. Суда оттегі жеткілікті болуы үшін аквариумға компрессордың көмегімен ауа жібереміз. Жарық болуы үшін үстіне лампа қоямыз. Егер аквариумдағы су тым салқын болса, кейбір балықтар тіршілік ете алмауы мүмкін | алып жүру, артқа қарай басынан асырып лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын; кеңістікті бағдарлау, сапқа тұру, қайта саптүзеу дағдыларын; педагогтің нұсқауын мұқият орындап, өз қимылдары мен маңайындағылардың қимылдарын үйлестіре білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** жалпақтабанның алдын алу, тыныс алу гимнастикаларын.<br>**Түсінеді**: доппен орындалатын командалық ойындарды, жаттығудың маңыздылығын,допты аяқтың бас жағымен дөңгелетуді, өлең жолдарымен қимыл-әрекеттерді сәйкестендіруді.<br>**Қолданады:** допты аяқ басымен қысып жүру, тізелерінің арасына қысып секіріп жүру дағдыларын, допты саусақтың басымен жеңіл, жұмсақ қайтару дағдылары мен кеңістікті бағдарлай білуді.<br>**Қолданады:** допты аяқ басымен қысып жүру, тізелерінің арасына қысып секіріп жүру дағдыларын, допты саусақтың басымен жеңіл, жұмсақ қайтару дағдылары мен кеңістікті бағдарлай білуді. | тірі ағзаға жататынын түсінеді.<br>**Қолданады:** коммуникативтік машық, топпен бірігіп жұмыс істеу дағдысы.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** «Жануарды қоректендір» атты дидактикалық ойын.Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады). | және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын; **Түсінеді:** геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын;<br>**Қолданады:** геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ортаны модельдеу**<br>Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған.<br>Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие.<br><br>Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар?<br>Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды. | жағдайды дұрыс бағалап, шешім қабылдау дағдыларын, допты екі аяқпен қысып, 2,5 метргеілгері секіріп қозғалуды жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** жұпта жаттығулар орындау**,** допты бір-біріне ерекше тәсілдермен лақтыру, эмоциялық ахуалды қалыпқа келтіру.<br>**Түсінеді**: «футбол» термині, ойын шарты, ойын кезіндегі қауіпсіздік ережелері, жаттығулардың маңызы, аяқ ұшының іш жағымен пас беру, әрекеттерін келісіп істеу.<br>**Қолданады:** төрт аяқтап еңбектеу, тізесімен доп қысып секіру, доптың қозғалыс бағытын сақтай білу, жұппен келісіп әрекет ету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Ойын жаттығуы: «Допты тауып көр!».** Допты өздері таңдайды.<br>Әртүрлі доптардың ішінен волейбол, футбол, баскетбол доптарын көзді жұмып тауыпалады. Бұл доптардың басқа доптардан өзгешелігін айтып береді.<br>**Түсіну:** «Доптарды шеңберге қой!» ойын жаттығуы<br>Допты әртүрлі жүргізіп жүреді, жүгіреді. Бір-біріне қақтығыспай шашырап жүреді,жүгіреді.<br>«Допты шеңберге қой!» – дегенде доптарды құрсауларға тез әкеліп қояды.Допты қолына ұстап, әртүрлі жаттығуларды жүріп келе жатып орындау.<br>«**Шапшаң доп»** (Баскетбол)<br>Өлең жолдарына сәйкес қимылдар орындау. Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алады.Допты жерге соғып, қағып алады.<br>Қайта жоғары лақтырып, қағып алады да, қайта жерге соғады. Допты кеуде деңгейінен аспай секірту үшін күшін дифференциялау.<br>Түрлі-түсті жүйрік доп<br>Шалынбайды, шабады, Жиі, | | <br>**Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.Педагог балаларға топтарға бөлінуді ұсынады.<br>Тапсырманы түсіндіреді, фигураларды екі белгі бойынша бөледі: пішін мен түс. Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады.<br>**Түсіну: Аз қимылдайтын ойын «Сиқырлы қозғалыстар»**<br>Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді.<br>Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**Білу:** Шағын топпен жұмыс | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жиі жерге соғылып,Аласа секіріп барады.<br>Секір, секір, секекте, Секір, төбеге жетпекке, Секір, секір, жетпейсің, Бізден қашып кетпейсің!<br>**Білу:«Допты дәл беру»** (Футбол)<br>Футбол добын бір-біріне дөңгелене тұрып оң аяғы және сол аяғымен беру.<br>Қалауынша шеңберге тұрады.<br>Допты оң аяқ пен сол аяқты алмастырып, күшін дифференциялайды.Допты аяқ басының ішкі жағымен тебеді.<br>«И» дыбысын созып айту ми тамырларын тазартып, құлақ, көз жұмысы мен ұйқыбездерінің жұмысын жақсартады.<br>Бастапқы қалып – еркінше тұру. Терең тыныс алады да, демін сыртқа баяу шығарып,<br>«ииии» – деп дыбыстайды. | | «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады.<br>Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады. | |

| |
|---|
| ***3 үзіліс* – Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.** |

| | | |
|---|---|---|
|  |  | **Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай |

| | | |
|---|---|---|
| | | жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.<br>**Ұсыныс**: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./ |
|  |  | |

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дағды:** Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезекдомалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру, артқа қарай басынан асырып лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын; кеңістікті бағдарлау, сапқа тұру, қайта сап түзеу дағдыларын; педагогтің нұсқауын мұқият орындап, өз қимылдары мен маңайындағылардың қимылдарын үйлестіре білу дағдыларын дамыту. | **4. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру. Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.<br>**Дағды:** Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту арқылы дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **3.Құрастыру–шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>.<br>**ҮІӘ мақсаты:** тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай білуге үйрету; қалдық заттарды,қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасай білу, ой-қиялын дамыту.<br>**Дағды:** балалардың қалдық заттармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден жануарлардың бейнесін жасай білуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай алады; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** спортқа деген қызығушылыққа баулу. Допты тізесімен қысып, алақандары менаяқтарының ұшына тіреніп жорғалау. Бір аяқпен секіру.<br>**Түсінеді:** спортшылардың физикалық қасиеттері, тізбек пен қатарда жүргенде арақашықтық пен бағытты сақтап қимылдауды. Жаттығулардың соңына дейін денені тікұстау, өз қимылдарын басқа ойыншылардың қимылымен келістіруді.<br>**Қолданады:** жүгіргеннен кейінгі тыныс алуды қалыпқа келтіруді, тізені жоғары көтеріп жүру, үздіксіз баяу жүгіру, допты бір қолмен, екі қолмен домалатуды, артқа лақтыру дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Ойын жаттығуы:** «Спорт түрлері»<br>«Шынықкан адам шырайлы<br>Қызығып бәрі қарайды.<br>Шынығуға спортты таңдап,<br>Жаттықсаң, сол жарайды!<br>Волейболшылардың ерекше жаттығуына шақыру.<br>**Түсіну:** Тыныс алу жаттығулары<br>«Шұғылданып спортпенен,Тез үлкейіп өсеміз!» –<br>аяқ ұшына көтерілу, қолдарын жоғары көтеру – демін ішке тарту. | **Білу:** ***Ән айту:*** «Қайырлы таң» (Е. Өміров).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әннің ішінде кездесетін «рауан», «шапақ» сөздерінің мағынасын түсіндіру.<br>Үйренген «Наурыз тойы» әнін (Т. Мұратов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Жеңіл би» (Т. Ломова). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.<br>***Музыка тыңдау:*** «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова).<br>Дина Нұрпейісованың суретін көрсету, шығармалар туралы әңгіме өткізу. Балаларға күйді тыңдатып, ішінен бұлбұлдың сайрағанын ести білуге ұмтылдыру, қазақтың киелі аспабын құрметтей білуге дағдыландыру.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. | **Түсінеді:** қалдық заттарды, қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасайды;<br>**Қолданады:** қалдық заттардан түрлі ойыншықтар жасауға дағдыланады, оларды өздігінен безендіреді және шығармашылықпен еңбек ете алады, ұқыпты жұмыс жасай біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Балаларға пішіні әртүрлі қораптар беріледі, оны түрлі түсті қағазбен жапсыруды көрсетеді; сиыр, балық, қоян т.б. жануарларды жасау үшін оны орындау ретін түсіндіреді: денесі, басы, құйрығы, құлақтары, көздері т.б.;<br>дене бөліктерінің жасалу жолдарын түсіндіреді;<br>қағазды қиыпжапсыруға бағыт беріп, көмектесіп,басшылық жасалады;<br>бұл қораптар жай қорап емес, «сиқырлы» қораптар екенін дәлелдейді;<br>үлгілерді көрсетіп, қораптардан әртүрлі бейнелер жасайды.<br>**Түсіну: Сергіту сәті**<br>Орамжапырақ? Сәбіз бе?<br>Жүрген шығар дәм іздеп.<br>Көрген кезде көжекті<br>Қас қағымдай тез өтті.<br>Ұратындай қамшымды ап, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Күнде-күнде өсеміз!Сағат санап өсеміз!–<br>қолдарын төмен түсіріп, табанын толық басу – демін сыртқа шығару.<br>**Білу: Негізгі қимыл-қозғалыстар:** Доппен орындалатын жаттығуларды орындағанда жұпта әрекет ету мен допты сезе білуқажет.<br>1.Қолына доп алып 3 метр қашықтықта жүгіру.<br>2.Аяқ басының арасына доп қыстырып жүру.<br>3.Допты тізесімен қысып, қолдары мен аяғының ұшына тіреніп жорғалау.<br>4.Допты бір қолмен, екі қолмен домалату.<br>5.Допты артқа лақтыру.<br>**Ойын-тренинг: «Өзіңді тыңда».**<br>Ыңғайланып отырып алып, көздерін жұмады. Іштерінде не болып жатқанын сезінеді. Сұрақтарға жауап береді.<br>-Сендер не сезініп тұрсыңдар?<br>-Сендер нені қалайсыңдар?<br>-Нені естідіңдер? | **Түсіну:** ***Билер:*** «Қоян биі» (В. Питерцев).<br>Балалар би үйрену барысында қоянның қимылдарын көрсетеді.<br>Қосаяқтап секіріп, орындарында тұрып айналып билейді.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Төлдер» (Д. Ботбаев).<br>Ойын шартын түсіндіреді.<br>Ойын кезінде жануарлардың төлдерін шатастырмай атап, солардың қимыл-қозғалыстарына мән беріп ойнайды. | Дір-дір етіп, қалшылдап, Қарғып өтіп көгалды, Атқан оқтай жоғалды. | | |
| ***4 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру** | | | | | |









**Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»**

**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

**Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.

**Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс**<br><br>**11.50 – 12:00** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>Көктем туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу.<br>(Арнұр,Нұрым,Шахнұр) | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті**<br>3-ші қатар оқушыларымен 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету .<br>**Дидактикалық ойын:** «Санамақ баспалдақ»<br>**Мақсаты:** 10 көлемінде тура және кері санау. | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>(кітап оқып беру);<br>**«Ертегілерді құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>Көктем туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу.<br>(Арнұр,Нұрым,Шахнұр) | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>Наурыз нақыштары туралы әңгімелесу. Сурет бойынша өз ойын айытқызу. Адия,Шахнұр |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>**Мақсаты***:* | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**Еріп жатқан қарды бақылау**<br>**Мақсаты:** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Су тамшыларын бақылау**<br>**Мақсаты***:*Температураға байланысты су күйінің өзгеруі | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Қардың ерүін бақылау** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>**Мақсаты***:* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Алақай,ойын!»**<br>**12.00 – 12:30** | • Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>• айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>• табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.<br>Жауған қарымен,<br>... құнар береді. (қыс)<br>Үлкендер қарбалас,<br>... дән себеді. (көктемде)<br>Бақ пенен бақшаны,<br>... баптап өсіреді. (жазда)<br>Дихандар жемісін,<br>... жинап береді. (күзде)<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>• Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?<br>• Қазір жылдың қай мезгілі?<br>• Көктемнің алдында қай мезгіл болды?<br>• Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? | • Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету<br>• Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Бұл қай кезде болады» Ш. Ахметов**<br>Ақ қар еріп,<br>Су көбейіп,<br>Сай-салаға ағады.<br>Бүршік шашып,<br>Жапырақ ашап,<br>Гүл, бәйшешек басады.<br>Бөбектерім, айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>Балаларға сұрақтар<br>• Қазір жылдың қай мезгілі?<br>• Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>• Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?<br>• Неге бұл жердің қары еріп жатыр?<br>Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл | туралы білімдерін тиянақтау;зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай**<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы еріген,<br>Сай қуалай ағады.<br>**Балаларға сұрақтар**<br>• Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? *(күн бетте)*<br>• Неге? *(күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)*<br>• Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? *(қысқарады, аяз бен желден олар сынады)*<br>• Шуақты күні ше? *(өседі)*<br>• Қай беттегі сүңгілер тез ериді? *(күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады)*<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына | **Мақсаты:**табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Көктем келді» Б.Қозыкеев**<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары,<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады. Бұны мұзқатқақ деп атайды.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқақты салыстыру. **Еңбек**<br>Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару.<br>**Мақсаты:**тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>«Ормандағы аюда». | • Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>• айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>• табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.<br>Жауған қарымен,<br>... құнар береді. (қыс)<br>Үлкендер қарбалас,<br>... дән себеді. (көктемде)<br>Бақ пенен бақшаны,<br>... баптап өсіреді. (жазда)<br>Дихандар жемісін,<br>... жинап береді. (күзде)<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>• Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?<br>• Қазір жылдың қай мезгілі?<br>• Көктемнің алдында қай мезгіл болды?<br>• Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | • Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?<br>**Зерттеу жұмысы:** Мектеп ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін жерді тазалау.<br>**Мақсаты:** Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?».<br>**Мақсаты:** *жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Орнында тұрып биіктікке секіру.<br>**Мақсаты:** секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу. | ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады.<br>**Зерттеу жұмыстары**<br>Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік?<br>**Еңбек** Жолдарды қоқыстан тазалау.<br>**Мақсаты:** бірлесе жұмыс істеуді үйрету.<br>**Қимылды ойын** «Қояндар мен аңшылар».<br>**Мақсаты:** қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту.<br>**Жаттығу ойыны** Қозғалыстарын дамыту<br>**Мақсаты:** лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу.<br>**Халық болжамы:** Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады. | қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.<br>**Еңбек:**<br>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>**Мақсаты:** кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Аяғыңды сулама»<br>**Мақсаты:**<br>• Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту.<br>• **Жаттығу ойыны.** Қозғалыстарын дамыту<br>**Мақсаты:** қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.<br>**Халық болжамы:** Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады. | **Мақсаты:** белгі бойынша жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау.<br>**Жаттығу ойыны**:<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>**Мақсаты:**<br>• Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау;<br>• Ептіліктерін қалыптастыру;<br>• Қозғалыс координациясын жақсарту.<br>**Халық болжамы:**<br>Қарлығаш келсе күн күркірейді.<br>Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады.<br>**Мақал:** Қыстың қамын жаз ойла. | • Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?<br>**Зерттеу жұмысы:** Мектеп ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін жерді тазалау.<br>**Мақсаты:** Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?».<br>**Мақсаты:** *жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Орнында тұрып биіктікке секіру.<br>**Мақсаты:** секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 11.03 – 15.03. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 11.03 | Сейсенбі 12.03 | Сәрсенбі 13.03 | Бейсенбі 14.03 | Жұма 15.03 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:00-08:20<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті**(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);<br>**Үстел үсті ойындары: «Оюларды құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыру. Балалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>**Сәйкестендіру ойыны:**<br>Ұлттық киімдерді жина.<br>**Мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық киімдері мен бұйымдары жайлы балалардың білімдерін кеңейту шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Ата-бабамыздан қалған қазақ халқының мұрасын құрметтеуге үйрету.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>Қазақ халқының ұлттық киімдері мен бұйымдарын теріп жинақтау. Балалар үстелдің үстіндегі суреттердің ұқсас заттарды топтастырады | **Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**(іс әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Сәйкестендіру ойыны:**<br>« Қазақ халқының салт - дәстүрлеріне саяхат »<br>**(ұлттық ойындар )**<br>**Мақсаты:** Тәрбиеленушілер дің қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету. Салт-дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Сәйкестендіру ойыны:**<br>**Ойын жаттығу:** ***«Сәйкесін тап»***<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын шарты:** үстел үстінде гүлдер мен киіз үй құрал жабдықтары берілген. Арасынан киіз үй құрал жабдықтарын таба білу.<br>  | **Сурет салу–шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары: «Бұл қандай құс?»**<br>**Мақсаты:** белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>Қарлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп,әр қай сының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау.<br><br><br> | <br><br> | Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт – дәстүрлері, ырымдарын суреттер бойынша айтқызу және әңгімелету (ұлттық мерекелер,ұлттық ойындар,ұлттық киімдер,зергілік бұйымдар,ұлттық ою....).<br><br><br><br> | <br><br><br><br><br><br> | қандай пайдасы бар?(тоқылдақ орман дәргері,қарлығаш адамның досы)<br>**Ықтимал күрделендірулер:**. Өз ойларын еркін жеткізу.<br><br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |  |  |  |  |
| **Таңертенгі жаттығу** | № 9 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-2– допты басынан асырыпбарып, артқа жіберіп, аяқ басына көтерілу, демін ішіне тарту; 3-4– б.қ. – демін сыртқа шығару. 10 рет қайталау 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын бүгіп, доп алып тұру. 1-2– доп ұстаған қолын жанына қарай апарып, оңға (солға) бұрылу; 3-4– б.қ.: аяқтарын бүкпей, түзу ұстау. 5 рет қайталау.<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-3– оңға (солға) иіліп, допты аяғынан айналдыра дөңгелету; 4- б.қ. 4 рет қайталау.<br>4.Б.қ.: арқасымен шалқалап жату, допты басынан жоғары көтеру. Допты бір жағынан | № 10 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№2 жаттығулар кешені**<br>1.«Допты жоғарыға». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1 – қолдарын бүгіп, допты кеуде тұсына ұстау; 2 – допты жоғары көтеру; 3 – допты кеуде тұсыны ұстау; 4 – б.қ.к. (8 рет).<br>2.«Отырып-тұру». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолын бүгіп, доп алып тұру. 1 –<br>отыру, допты алдына шығару; 2 – тұру, б.қ.к. (8 рет).<br>3.«Еңкею». Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолына доп алып кеуде тұсына ұстап тұру. 1<br>оң аяғына қарай иілу; 2-3 – допты оң жағына оң қолымен домалату, екі қолымен алу; 4 – | № 11 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№3 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу;2– қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3– қолдарын екі жаққа созу; 4– б.қ.қ. (8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– орырып, допты | № 12 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Заттарсыз орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2– қолдарын жоғарыға апарып, аяқ басына көтерілу; 3– қолдарын қайтадан екі жаққа созу; 4 – б.қ.к. (7-8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын желкесіне қою. 1 – денені оңға бұру, қолдарын екі жаққа созу; 2– б.қ.к. Сол жаққа қайталау (8 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын төмен қою. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2–оң (сол) аяққа иілу, қолдарының саусақтарын аяқ бастарына тигізу; 3– қолдарын екі жаққа жазып, денесін түзулеу; 4– б.қ.к. (8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1- | № 13 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Заттарсыз орындалатын жаттығулар**<br>**№2 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ. – негізгі тұрыс. Аяқтарының аяғын ашып, қолдарын беліне қояды. 1– қолдарын желкесіне қояды, оң аяғының басымен артқа қояды; 2– б.қ.қ. сол аяғымен сол қимылдардықайталайды (6-7 рет).<br>2.Б.қ. – негізгі тұрыс. Аяқтарының аяғын ашып, қолдарын беліне қояды. 1– оңға бұрылып,оң қолын оңға созады; 2– б.қ.қ. Сол қимылдарды сол жағымен қайталайды (8–10 рет)<br>3.Б.қ. – негізгі тұрыс. Аяқтарының аяғын ашып, қолдарын жанына төмен түсіріп қояды. 1–оң аяғымен алдыға құлайды; 2-3– серпіліп тербелу; 4– б.қ.қ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екінші жағына өзін айналдыра дөңгелету. 5-6 рет қайталау.<br>5.Б.қ.: қолын артынан еденге таянып отыру, допты балтырының тұсына қою. 1-2– аяқтарын түзу созу, жоғары көтеріп, допты балтыр тұсымен оңға-солға дөңгелету; 3-4– б.қ. Басын төмен түсірмеу. 4–6 рет қайталау.<br>6.Б.қ.: етпеттеп жатып, допты түзу аяқтарының ортасына қысу; қолдарының шынтағымен еденге тірену; аяқтарын допты түсірмей бүгу, жазу. 3–5 рет қайталап, үзіліс жасап, 4–6 рет қайталау. | б.қ.қ. (8 рет).<br>4.«Қайық». Б.қ.– етпетінен жатып, аяқтарын біріктіру, допты қолдарында ұстау. 1-3 –<br>қолдарын жоғары көтеру, допқа қарау; 4 – б.қ.қ. (8 рет)<br>5.«Отырып иілу». Б.қ.: отыру, аяқтарын аздап ашу, допты арасына қою; 1-2 – аяқтарын бүкпей допты ілгері домалату; 3-4 – допты артқа дөңгелету.<br>«Секірулер». Б.қ.: – аяқтарын аздап ашу, допты еденге қою. Допты айнала екі аяқпен секіріп жүру. 8 рет | еденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1–4– оңға иілу; допты оңға қарай сыртқа домалату; 5–8– б.қ.қ. сол жаққа қайталау (8 рет).<br>6.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау. | 2 – отыру, қолдарын алдыға созу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>5.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын төмен қою. 1– оң аяғын жанына, қолдарынекі жаққа созу; 2– оң қолын төмен, сол қолын жоғары көтеру; 3– қолдарын екі жаққа созу;4–оң аяғын орнына қайтарып сүйем қадам жасау, б.қ.қ. Сол жағына сол қимылдарды қайталау (8 рет).<br>6.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1 – оң аяғының басын созыпбасып, алдыға қою; 2 – оң жақ жанына қарай апару; 3 – артқа; 4– б.қ.қ. Сол аяқпен сол қимылдарды қайталау (8 рет).<br>7.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою; 1 – секіріп аяқтарын алшақтатып, қолдарын екі жаққа созу; 2 – б.қ.қ. 1–8 санап, 3-4 рет қайтару. Музыкаәуенімен немесе орташа жылдамдықта қайталау. | Сол аяғымен қайталау (8–10 рет)<br>4.Б.қ.: тізерлеп тұру, қолдарды беліне қою; 1-2– оң жаққа отырып-тұру, қолдарын алдығасозу; 3-4– б.қ.қ. Сол жағына қайталау (8–10 рет).<br>5.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып қою. Қолдары төмен түсірілген. 1– қолдарын екі жаққасозу; 2– алдыға еңкейіп, қолдарын сол аяғының басына тигізу; 3– денені түзеп, қолдарын екі жаққа созу; 4– б.қ.қ. Оң аяғымен сол қимылдарды қайталау (8–10 рет).<br>6.Б.қ.: еденде қолдарын артқа қойып, тіреліп отыру. 1– түзу аяқтарын алдыға жоғары(бұрыш жасап) көтеру; 2– б.қ.қ. (8–10 рет)<br>7.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып қою. Қолдары төмен түсірілген. Оң аяғын алдыға, солаяғын артқа қойып, секіру. Секіре тұрып, аяқтарын ауыстыру (1–8 санап), үзіліс жасау, қайта қайталау (3-4 рет). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҮІӘ** | **11.03.24**<br>**Дүйсенбі** | **12.03.24**<br>**Сейсенбі** | **13.03.24**<br>**Сәрсенбі** | **14.03.24**<br>**Бейсенбі** | **15.03.24**<br>**Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |

| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру. Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету.<br>**Дағды**: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр;<br>**Түсінеді:** пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды;<br>**Қолданады:** геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды. Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Бұл неге** | **1.3.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет**<br><br>**ҰІӘ мақсаты:** Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.Балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>**Дағды**: Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларыннан шығармашылық әңгіме құрайды ;<br>**Түсінеді:**қазақтың салт-дәстүрлерін, қамшының сабы тобылғы ағашы екенін;<br>**Қолданады:**көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу: Миға шабуыл:** Жұмбақ шешу.<br>Бір ауызды бұйым бар,<br>Тіктөртбұрыш пішінде.<br>Затыңды аман сақтайды,<br>Салып қойсаң ішіне. Көлемі болар әртүрлі, Орташа, үлкен, кіші де.<br>Оюлар зерлеп жасалған,<br>Қызығасың түсіне.<br>Айтыңдаршы, бұл не зат,<br>Көрпе жинайтын үстіне? | **1. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** сөздің дыбыстық сызбасы туралы алған білімдерін бекіту. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.<br>**Дағды:** Сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** берілген бірінші буынға сөз айтады, сөздің дыбыстық сызбасын анықтайды.<br>**Түсінеді:** сызбадағы белгілерді.<br>**Қолданады:** дыбыс, буын туралы білімін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:**“Қайсысы қалай дыбыстайды?” ойынымен бастайды.<br>1.Жылқы . . . *(кісінейді)*<br>2.Сиыр . . . *(мөңірейді)*<br>3.Ит . . . *(үреді)*<br>4.Қой . . . *(маңырайды)*<br>5.Мысық . . . *(мияулайды)*<br>**Қолдану:** Дидактикалық ойын: «Пішініне қара» Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: *парта, фабрика, көйлек, қала, трактор,* | **2.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**.<br>**ҰІӘ мақсаты:** геометриялық пішіндер мен денелер туралы білімін қалыптсатыру. Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету.<br>**Дағды**: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр; | **1. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** сөздің дыбыстық сызбасы туралы алған білімдерін бекіту. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.<br>**Дағды:** Сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** берілген бірінші буынға сөз айтады, сөздің дыбыстық сызбасын анықтайды.<br>**Түсінеді:** сызбадағы белгілерді.<br>**Қолданады:** дыбыс, буын туралы білімін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:**“Қайсысы қалай дыбыстайды?” ойынымен бастайды.<br>1.Жылқы . . . *(кісінейді)*<br>2.Сиыр . . . *(мөңірейді)*<br>3.Ит . . . *(үреді)*<br>4.Қой . . . *(маңырайды)*<br>5.Мысық . . . *(мияулайды)*<br>**Қолдану:** Дидактикалық ойын: «Пішініне қара» Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: *парта, фабрика, көйлек, қала, трактор,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ұқсайды?» дидактикалық ойыны**<br>- Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.<br><br>Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды.<br>**Геометриялық материалмен топтарда практикалық жұмыс жасау.**<br>Санамақ арқылы топқа бөлінеді. Балаларға әртүрлі мөлшердегі текшелер жиынтығын (шаршылар, шарлар, шеңберлер және т.б.) қарастыруды және оларды өлшемнің өсуіне (кемуіне) қарай орналастыруды ұсынады.<br>**Түсіну: «Сиқырлы дорба» ойыны.**<br>«Сиқырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар.<br>**Білу: Ойын жаттығуы:** «Фигураларды орналастыр» Ойын жағдайын жалғастырады, зұлым сиқыршы фигуралар салынған қораптарда толық тәртіпсіздік жасағанын хабарлайды. Қорапта әртүрлі пішіндегі және түрлі түсті фигуралардың аралас макеттері жатыр.<br>-Фигуралар риза болу үшін, заттарды қалай қою керек екенін ойланыңыздар.<br>Фигуралар балаларға алғысын білдіріп жатыр: енді оларды орындарына орналастыруға болады.<br>**Математикалық поэзия** | Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге **Наурыз мерекесі туралы айтып берейін:**<br>Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі.<br>Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіптойлайтын күн.<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын: **«Бір сөзбен ата».**<br>**Ойын шарты:** Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Педагог көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады.<br>Өрік, шие, алмұрт – ...<br>Түлкі, қоян, қасқыр – ...<br>Шай, май, тұз – ...<br>Бет, мұрын, аяқ – ...<br>Қауын, қарбыз, сәбіз – ...<br><br>). | *шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, шабадан, чек т.б.*<br>Балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *балық, вагон, гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, дос, жалбыз, зырылдауық, баспалдақ, вагон, гүл, ғарышкер, дөңгелек, жер, зауза, бал т.б.*<br>Балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *мысық, лақ, нан, радио, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, нарын,рауғаш, лала гүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.*<br>**Білу:** Дыбыстық талдау.<br>**Жағажай** сөзіне дыбыстық талдау.<br>Жағажай – 3 буын, 7 дыбыс.<br>Ж – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ғ – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ж – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Й – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. | **Түсінеді**: пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды;<br>**Қолданады**: геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:**<br>Үш бұрыш та мұнда бар,<br>Төртбұрыш та мұнда бар,<br>Кесінді мен нүктелер<br>Кереге де ол да бар.<br>Ойлы көзбен қарасаң,<br>Түзу, қисық сызықтар.<br>Кездеседі таба алсаң,<br>Доғал, сүйір бұрыштар[20].<br>**Қолдану: Ойын жаттығуы. «Пішінге ұқсас зат».Жұптық жұмыс.**<br>Үстелдерде пішіндердің: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш жинақтары салынған хатқалта жатыр.<br>Тапсырманы түсіндіреді.<br>Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып,оны атайды,ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.<br>Одан кейін рөлдерімен ауысады.<br>**Түсіну:** 2-тапсырманы орындауға ұсынады. | *шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, шабадан, чек т.б.*<br>Балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *балық, вагон, гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, дос, жалбыз, зырылдауық, баспалдақ, вагон, гүл, ғарышкер, дөңгелек, жер, зауза, бал т.б.*<br>Балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *мысық, лақ, нан, радио, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, нарын,рауғаш, лала гүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.*<br>**Білу:** Дыбыстық талдау.<br>**Жағажай** сөзіне дыбыстық талдау.<br>Жағажай – 3 буын, 7 дыбыс.<br>Ж – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ғ – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ж – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Й – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **сәтінен:** *ОрнымызДан тұрамыз,*<br>*Алақанды ұрамыз.*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Тез шынығып шығамыз.*<br>*Иіліп оңға бір,*<br>*Иіліп солға бір.*<br>*Денемізді дұрыстап, Тұрамыз тік ұстап.* | | **Дәрі** сөзінің дыбыстық талдауы.<br>Дәрі – 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>Д – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ә – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Сергіту сәті:**<br>Кәне, қанат жазайық,<br>Қарлығашқа ұқсайық.<br>Ұшып-ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>Білімде алда болайық.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Бір, екі, үш, кәне, жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық. | Суреттердегі заттарды қарайды және атайды.<br>**-** Бұл неге ұқсайды? Сызып қосады.<br>Балалар өздігінен тапсырмаларды орындайды.<br>Біз геометриялық пішіндерге қонаққа келдік.<br>Олар бізге **«Бұл неге ұқсайды?» ойынын ойнауды ұсынады.**<br>Алдымен фигураларды және оларға ұқсас заттарды көрсетеді, содан кейін балаларға фигуралардың немесе фигуралар тобының неге ұқсайтынын өздеріне ойлап табуды ұсынады.<br>Балалар фигураларды, заттарды қарастырады, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, карточкалардағы тапсырмаларды орындайды.<br>Мысалы:<br>**Білу:** «Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны.<br>Зат пен форманы атайды.<br>Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды.<br>Егер дұрыс болса **-** қол шапалақтайды.<br>**Математикалық поэзия сәтінен:** | **Дәрі** сөзінің дыбыстық талдауы.<br>Дәрі – 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>Д – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ә – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Сергіту сәті:**<br>Кәне, қанат жазайық,<br>Қарлығашқа ұқсайық.<br>Ұшып-ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>Білімде алда болайық.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Бір, екі, үш, кәне, жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *«Аяқпен жерді бір тебінеміз,<br>Бір рет шыр айналамыз.<br>Қол ұстасып: «ах» дейміз,<br>Фигураларға қонаққа барамыз.*<br> | |

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Қозғалмалы ойын:«Тығылыспақ»**

**Басты мақсат: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар ету. Жарысып тез жүгіруге, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.**

| | | |
|---|---|---|
|  |  | **Ойын: «Тығылыспақ»**<br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту<br>**Ойын барысы:** барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір ........(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады. |
|  |  | |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. | **2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Әже(өлеңді жаттау)Әбубәкір Қайранов | **2.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**Тақырыбы:** Геометриялық пішіндер және денелер .<br>**ҰІӘ мақсаты:** Геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру. | **2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**Тақырыбы:** Әже(өлеңді жаттау)Әбубәкір Қайранов | **. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**Тақырыбы:** Менің туыстарым<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>Дидактикалық ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру.<br>**Дағды:** Сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды**.**<br>**Түсінеді:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын түсінеді**.**<br>**Қолданады:** дыбыстық талдаудың сызбасын, дыбыстарды ажыратады**.**<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** жалпы атауын ата ойынан ұйымдастыру арқылы бастайды.<br>Дәрігер, аспазшы, тігінші – . . . *(мамандықтар)*<br>Ұшақ, зымыран, тікұшақ, дельтаплан – . . . *(ұшатын көліктер)*<br>Футбол, волейбол, хоккей – . . . *(спорт түрлері)*<br>Қасқыр, арыстан, қоян, керік – . . . *(жабайы аңдар)*<br>Көлік, қуыршақ, доп, секіртпе – . . . *(ойыншықтар)*<br>**Түсіну:** ***Дыбыстармен жұмыстар.***<br>**Ойын:** «Жалауды көтер» (дыбыс, буын, сөз)<br>Дыбыстарды, буындарды, сөздерді айтады: д,р,у, п, ш,н,у, к...<br>Па, шу, ио, уын, ку, ти, са, лау, сур , ту, лақ, ми, ри, на, ту, на, пақ.....<br>Апа, саумал, садақ, шулама, шалбар, аққу, дала, сақина, қауын......<br>Балалар «у» дыбысын естігенде, қызыл жалаушаларын желбіретеді. | **ҰІӘ мақсаты:** Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін бекіту. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру.<br>**Дағды**: Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** әженің қамқорлығын, мейірімділігін, тәрбиесін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімелесу барысында әже туралы айтып береді, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Әже туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Есіңе сақта:***<br>«Асыл әжем, қуанышым берекем, Өнегенің өрісі де сен екен».<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс**:<br>*Кимешек, жаулық* – әжелер киетін баскиім.<br>Білу:<br>-Әже қандай адам***?***<br>-Өлең кімге арналған?<br>-Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің?<br>Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне | Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету.<br>**Дағды**: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр;<br>**Түсінеді:** пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды;<br>**Қолданады:** геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды. Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны**<br>**-** Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.<br><br>Балалар атайды, неге | **ҰІӘ мақсаты:** Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін бекіту. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру.<br>**Дағды**: Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** әженің қамқорлығын, мейірімділігін, тәрбиесін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімелесу барысында әже туралы айтып береді, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Әже туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Есіңе сақта:***<br>«Асыл әжем, қуанышым берекем,<br>Өнегенің өрісі де сен екен».<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс**:<br>*Кимешек, жаулық* – әжелер киетін баскиім.<br>Білу: | арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>**Дағды:** Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** эмоционалды түрде ән айтады, тынысты дұрыс алады.<br>**Түсінеді:** ғарыш және ғарышкерлер туралы мағлұматты түсінеді.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады; музыкалық аспаптарда ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**«Көңілді әуен»**әдісімен Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды.<br>**Қолдану:** Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус). Балалармен би қимылдарын көңілді, жеңіл, ойнақы билеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолдану:** Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»<br>–Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: *алма (қызыл), тон (жылы), мысық ( сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)... т.б.*<br>Дидактикалық жаттығу: «Түсіп қалған буынды жалға»<br>–Мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын сендер түсіп қалған буынды жалғап отырасыңдар. Мысалы: *сауын...шы, асқа...бақ, таңқу...рай, құлпы...най, жас...тық, мақ...та, балмұз...дақ, қар...быз, жаң..ғақ, бақта...шы, қуыр..шақ, құмырс...қа, қам...шы, қа..йық, қал..қан, ли..мон, апель..син, домбы..ра, дор..ба, жапы..рақ, көр..пе, көзілді..рік,күнба..ғыс, күн..діз,арыс..тан* т.б.<br>**Білу: Зымыран** – з – ұяң дауыссыз дыбыс.<br>**Робот** – р – үнді дауыссыз дыбыс.<br>**Ғарышкерлер** - ғ – ұяң дауыссыз дыбыс.<br>**Қоян** - қ – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Мысық** - м – үнді дауыссыз дыбыс.<br>**Нар** - н –үнді дауыссыз дыбыс.<br>**Керік** - к – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Секіртпе** – с – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Мүйізтұмсық** - м – үнді дауыссыз дыбыс.<br>**Арыстан** - а – жуан дауысты дыбыс. | тақпақ, өлең айтып береді.<br>Әжелер кимешек, жаулық киеді.<br>Кимешегін, жаулығын<br>Теңеп аппақ гүлге мен.<br>Әжемнің денсаулығын<br>Тілеп жүрем күнде мен. | ұқсайтынын қорытындылайды.<br>**Геометриялық материалмен топтарда практикалық жұмыс жасау.**<br>Санамақ арқылы топқа бөлінеді. Балаларға әртүрлі мөлшердегі текшелер жиынтығын (шаршылар, шарлар, шеңберлер және т.б.) қарастыруды және оларды өлшемнің өсуіне (кемуіне) қарай орналастыруды ұсынады.<br>**Түсіну: «Сиқырлы дорба» ойыны.**<br>«Сиқырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар.<br>**Білу: Ойын жаттығуы:**<br>«Фигураларды орналастыр»<br>Ойын жағдайын жалғастырады, зұлым сиқыршы фигуралар салынған қораптарда толық тәртіпсіздік жасағанын хабарлайды. Қорапта әртүрлі пішіндегі және түрлі түсті фигуралардың аралас макеттері жатыр.<br>-Фигуралар риза болу үшін, заттарды қалай қою керек екенін ойланыңыздар.<br>Фигуралар балаларға алғысын білдіріп жатыр: енді оларды орындарына орналастыруға болады.<br>**Математикалық поэзия сәтінен:** *ОрнымызДан тұрамыз,<br>Алақанды ұрамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Тез шынығып шығамыз.<br>Иіліп оңға бір,<br>Иіліп солға бір.<br>Денемізді дұрыстап, Тұрамыз тік ұстап.* | -Әже қандай адам***?***<br>-Өлең кімге арналған?<br>-Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің?<br>Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді.<br>Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді.<br>Әжелер кимешек, жаулық киеді.<br>Кимешегін, жаулығын<br>Теңеп аппақ гүлге мен.<br>Әжемнің денсаулығын<br>Тілеп жүрем күнде мен. | **Білу:** Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров).<br>Әннің мәтінін орындап болған соң, балалармен әңгіме жүргізу.<br>Балаларға 12 сәуір – Ғарышкерлер күні екенін айтып, интерактивті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлермен таныстыру. Ғарышкерлердің суреттерін көрсету.<br>Ғарыш аймағы орналасқан Байқоңыр қаласы туралы атап өту.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну:** ***Ойын:*** «Қанша дыбыс» ойыны («Дидактикалық ойындар» жинағынан).<br>Балалардың есту қабілетіне арналған ойынды балаларға жеткізе білу. Ойналып отырған дыбыстың нешеу екенін анықтау.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:***<br>«Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко). «Тамшы» деген сөздің мағынасын түсіндіріп, тамшылар қай кезде таматынын, қайдан пайда болатынын түсіндіріп, музыкада сол дыбысты келтіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Скейт** - с – қатаң дауысссыз дыбыс.<br>**Ұшақ** – ұ – жуан дауысты дыбыс.<br>**Доп** - д – ұяң дауысты дыбыс.<br>**Қуыршақтар** - қ– қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Көлік** – к – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Суреттерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос.<br>**Дыбыстық талдау жаса.**<br>***Шеге* сөзінің дыбыстық талдауы.**<br>Тақтаға шеге сөзінің дыбыстық талдауын іледі.<br>***Шеге*** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Г – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. | | | | |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

**Басты мақсат: Балалар арасында ұлттық ойындарды насихаттау, қызығушылығын арттыру, өз елін сүйюге тәрбиелеу.Жылдамдықты, икемділікті, төзімділікті, күшті дамыту.**

| | | |
|---|---|---|
| **Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:**<br>**Қысқыштармен ойналатын ойын**<br>**Ойын шарты:** Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.<br>**«Жаңғақтармен ойын »**<br>**Ойын шарты:** балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды. |  | **Ұлттық ойын:«Ақшамшық»**<br>**Мақсаты:** Балалар арасында ұлттық ойындарды насихаттау, қызығушылығын арттыру, өз елін сүйюге тәрбиелеу.Жылдамдықты, икемділікті, төзімділікті, күшті дамыту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Ойыншылар ойын кезінде арасынан бір кісі өтетіндей етіп дөңгелене отырады. Ал жүргізуші ортаға шығып, екі алақанын беттестіре ұстайды. Қалғандарына да солай істеуді тапсырады. Кейін алақандарының арасындағы сақинаны ойыншылардың біріне тастау үшін айнала жүгіріп, бәріне сақина тастаудың белгісін жасайды. Алайда, ол сақинаны білдірмей біреуіне ғана тастайды. Сақина жасырылған адам да оны басқаларға байқатпауға тырысады. Жүргізуші түгел айналып шыққан соң ортаға келіп, «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сонда сақинаны алған ойыншы орнынан |

| | | |
|---|---|---|
|  |  | атып тұруы керек. Әрбір ойыншы оң жағында отырған көршісін аңдиды. Сондықтан сақинаның онда барын білсе орнынан тұрғызбауға тырысады. Ал сақинаны алған ойыншы білдірмей тұрып кетсе, өзі жаза тартады, ол тұра алмай қалса, айыпкер көпшіліктің ұйғаруымен не өлең айтады, не би билейді, не домбыра тартады. Өнерін көрсетіп, жазасын өтеуі тиіс. Содан кейін ойын қайта жалғасады. |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі** ?<br>**ҰІӘ мақсаты:** Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау.<br>**Дағды:** Олардың зейін қойып тыңдау, көзбен көргенін естеу сақтау және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** жануарлардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды атап береді.<br>**Түсінеді:** жануарлардың бәрінің тірі ағзаға жататынын түсінеді. | **. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ағзаның шыныққандығын қалыптан тыс жаттығулар арқылы арттыру. Қимылэрекеттердің еркін орындалуы мен сапта жүру жаттығуларын үйретуді, доппен орындалатын спорттық жаттығулар түріндегі футбол ойыны қимылдарын үйретуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Футбол добын аяқпен жүргізуге жаттығу. Доптың қозғалыс бағытын дұрыс анықтау қабілетін арттыру. Допты жұпта бір-біріне лақтырып, түрлі қалыпта қағып алу, сол сәттегі жағдайды дұрыс бағалап, шешім қабылдау дағдыларын, допты екі аяқпен қысып, 2,5 метрге ілгері секіріп қозғалуды жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** | **Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету.<br>**Дағды:** Қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді атап бере алады.<br>**Түсінеді:** қыстағы табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін түсінеді.<br>**Қолданады**: зерттеушілік дағдысын пайдаланады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Зерттеу жұмысы**:<br>**Қыстың белгілерін атап** | **3.Сөйлеуді дамыту- танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.Балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>**Дағды:** Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларыннан шығармашылық әңгіме құрайды ;<br>**Түсінеді:**қазақтың салт-дәстүрлерін, қамшының сабы тобылғы ағашы екенін; | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балалардың спорттық жаттығулар түріндегі түрлі қимылдар туралы түсінігін кеңейту. 20 см биіктікке жүгіріп келіп секіріп шығуға жаттығуды жалғастыру. Белгілі жерден итеріліп, екпін алуды жалғастыру. Қимыл жаттығуларының тиімділігін арттыра түсу.<br>**Дағды:** Тиімді тыныс алу, волейбол добын қажет бағытта бір қолмен домалату, допты қақпақылдату, тартып керілген жіптен асырып допты лақтыру, қайта қағып алу, допты қолына ұстап, шынтаққа тіреліп жорғалау, 20 см биіктікке жүгіріп келіп секіріп шығу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** «У-шу» арнайы жаттығулар кешені арқылы тыныс алуды қалыпқа келтіру, допты қақпақылдау, 20 см биіктікке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолданады:** коммуникативтік машық, топпен бірігіп жұмыс істеу дағдысы.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** «Жануарды қоректендір» атты дидактикалық ойын.Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады | **Жасайды:** жұпта жаттығулар орындау, допты бір-біріне ерекше тәсілдермен лақтыру, эмоциялық ахуалды қалыпқа келтіру.<br>**Түсінеді**: «футбол» термині, ойын шарты, ойын кезіндегі қауіпсіздік ережелері, жаттығулардың маңызы, аяқ ұшының іш жағымен пас беру, әрекеттерін келісіп істеу.<br>**Қолданады:** төрт аяқтап еңбектеу, тізесімен доп қысып секіру, доптың қозғалыс бағытын<br>сақтай білу, жұппен келісіп әрекет ету.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Ойын жаттығуы: «Әр нөмірді шақыру».<br>Шақырылған нөмірлі ойыншылар ғана орындайды: «Артқа бұрыл!» командасы берілмейінше, бұрылмайды.<br>Дұрыс дем алып, қозғалыс бағытын сақтауға тырысады.<br>Залдың ортасы арқылы тізбекке, екі тізбекке қайта сап түзейді.<br>Екі тізбек ойыншылары бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Өз әрекетін жұптарындағы балалардың әрекетімен үйлестіреді.<br>**Түсіну: «Қорғаушылар»** (6 рет).<br>Аяқ басының арасына доп қыстырып секіріп жүру.<br>Аяқтың ұшымен секіріп қонып, допты түсіріп алмауға тырысады.<br>Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге | **көрсетеді**: Күн суытады. Жерде қалың қар жатады. Топырақ тоңдайды. Су тоғандары на мұз қатады. Күн қысқарып, түн ұзарады. Қараңғы ерте түседі. Құстар азайып кетеді. Жәндіктер де жоғалып кетті. Өсімдіктер қалың ұйқыда. Кейбір жануарлар түсін өзгертеді.<br>**Білу:Тәжірибе жұмыс:«Қардың қасиеттері»** Қардан түрлі заттар, пішіндер жасайды.<br>Қар үгілгіш (бірікпейді).<br>Жылынып, аздап еріді, қар жабысқақ болды.<br>Қар ақ түсті. Бірақ оны бояуға болады!<br>Қарға су құйса еріп кетеді.<br>Қарды түтікшеден өткізуге болмайды. | **Қолданады:**көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу: Миға шабуыл:**<br>Жұмбақ шешу.<br>Бір ауызды бұйым бар,<br>Тіктөртбұрыш пішінде.<br>Затыңды аман сақтайды,<br>Салып қойсаң ішіне.<br>Көлемі болар әртүрлі,<br>Орташа, үлкен, кіші де.<br>Оюлар зерлеп жасалған,<br>Қызығасың түсіне.<br>Айтыңдаршы, бұл не зат,<br>Көрпе жинайтын үстіне?<br>Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге<br>**Наурыз мерекесітуралы айтып берейін:**<br>Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады.<br>Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі.<br>Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіп тойлайтын күн.<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын:<br>**«Бір сөзбен ата».**<br>**Ойын шарты:** Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Педагог көп сөз айтады да, қолындағы | жүгіріп келіп, секіріп шығу, зейінді дамытуға арналғансезімдік ойын.<br>**Түсінеді**: «волейбол» термині, ойын ережелері, ойын барысындағы қауіпсіздік ережелері,жаттығудың маңызы, команда ойыншыларына допты дәлдеп беру.<br>**Қолданады:** көзді жұмып, айналып секіріп бұрылу дағдылары; қолға доп ұстап, шынтаққатіреліп жорғалау мен орташа жылдамдықта жүгіруді тез алмастыру. Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, келесі жағынан қағып алу, жұпта үйлестіріп жұмыс істеу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Сезімдік жаттығу:** «Санауды тыңда». 1-2-3 – деп санап жүреді.<br>4 – секіреді, 1-2-3 – жүреді, 4 – 360°-қа айналып бұрылады, 1-2-3 – жүру, 4 – малдасқұрып отыра қалады.<br>**Түсіну:1. «Басты бұру»**<br>Бастапқы қалып – аяқты алшақ, қолды бас бармағынартқа қаратып белге қою. Басын баяу солға бұрады.<br>-Бастапқы қалып – тыныс шығару<br>-Бастапқы қалып – басын баяу солға бұрады<br>-Бастапқы қалып – тыныс шығару<br>2. **«Аспанға жетемін»**<br>Бастапқы қалып – аяғын алшақ қойып, қолдарыншынтағынан бүгіп, жұдырығын түйеді.<br>-қолдарын жоғары көтеріп, алақанын ашып, тынысалады.<br>-Бастапқы қалып – тыныс шығару<br>3. **«Кеудені түзету»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қарай қозғалады. Допты басымен итеріп, еңбектеп қозғалу. Алдымен 1 бала екіншіге қарайбарып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозағалады.<br>«Шабуылшылар»<br>Допты 2,5 м қашықтыққа әртүрлі тәсілмен апару – оң аяқпен, сол аяқпен, екі аяқпен. (9 рет).<br>Аяқ басының ішкі жағымен сергек қимылдап, алдыға қарай, жұбына дейін алып бару. Педагогтің командасымен допты алдымен бір аяқпен, сосын екінші аяқпен, сосын екі аяқпен бірге жүргізеді. Допты алысқа жібермей, доптың артынан үлгеруге тырысады. Доптың бағытын жоғалтпайды.<br>**«Қақпашылар»** (4 рет).<br>«Артпен қарап, аяқтарының арасында допты қысып отыру» – бастапқы қалпынан допты лақтырады. 1– ойыншыға допты лақтырады. 1-ойыншы шапшаң орнынан атып тұрып, допты қағып алады.<br>Барлық қимылдарында шапшаңдыққа тырысады.<br>**Білу:** Ойын жаттығулары «Епті саусақтар» – допты жұпта екеулеп кішкентай бармақтарымен, сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да денемүшелерімен ұстап қалу.<br>Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруға тырысады. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол | | добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады.<br>Өрік, шие, алмұрт – ...<br>Түлкі, қоян, қасқыр – ...<br>Шай, май, тұз – ...<br>Бет, мұрын, аяқ – ...<br>Қауын, қарбыз, сәбіз – ...<br>**Қолдану:** Ал енді өздерің отбастарында бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.<br>Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме?<br>Оны кім пісіреді? Оған не қосады? | Бастапқы қалып – аяғын алшақ қойып, қолдарынішіне айқастырып қойып тұрады. Сол қолын оң қолының алдына қояды.<br>- айқастырып қойған қолын алға-жоғары көтергенде,дем шығарады.<br>Екі қолмен жанына қарай айналдыра доға жасайды. Доға жасап тұрып, демін сыртқа шығарады. Басын көтеріп, кеудесін шығарып, ішін тартады.<br>4. **«Денені бұру»** Бастапқы қалып – аяқтарын алшақ қойып, жұдырығын саусақтарын жоғары келтіріп түйіп, кеудесіне қысып тұрады. Оң қолының алақанын жазып, ауаны алдына қарай итеріп, денесін солға 90° бұрылады. Солға-алдыға қарайды. Бастапқы қалыпқа қайта келіп, сол қолмен қайталайды.<br>5. **«Тізесін қолдарымен құшақтап, кеудеге жинау»** Бастапқы қалып – аяқтарын бірге қойып, қолдарын алақандарын бір-біріне қаратып жоғары көтеріп тұрады. Кеудені көтеріп шағару. Оң аяғын кеуде тұсына дейін көтеріп, екі қолмен құшақтап, демін ішке тарту. Бастапқы қалыпқа қайта келіп, тыныс шығарады.<br>Сол аяғымен тура солай қайталайды.<br>**Білу:«Саусақтарды жаттықтыру» – допты кез келген бағытта бір қолмен домалату.**Допты сол қолмен, сосын оң қолмен, кейін екі қолмен бірақ дөңгелетеді. Доптың бағытын өзгертпеуге, допты алысқа жібермеуге, доптың артынанүлгеруге тырысады. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да денемүшелерімен ұстап тұрады. Әрқайсысы өз әрекетін жұбымен келісіп істейді.</td>
<td></td>
<td></td>
<td>«Допты керілген жіптен асырып лақтыру. Шапшаңдыққа жаттықтыру»<br>Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, астынан өтіп, шапшаң аттап, екіншіжағынан қайта қағып алады.<br>«Секіргіштікті жаттықтыру»<br>20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу. Секіріп бір аяғына қонады.<br>Еденнен шұғыл итеріледі. Секірген сәтте қолдарымен серпіліп көмектеседі. Қайта еденге қонғанда аяқтарын тізесінен бүгіп, қолдарын алдыға созады.<br>Зейінді дамытуға арналған<br>Сезімдік ойын: «Ерíккендер».<br>Ойыншылар қолдарынан ұстанып, шеңбер бойымен жүреді. Белгі бойынша тоқтап, бір шапалақ ұрып, шұғыл бұрылып, енді артпен жүгіре береді. Әрбір белгі бойынша қозғалысбағыты өзгереді. Дұрыс бұрылмаған ойыншы ойыннан шығады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6" align="center">3 үзіліс –<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3"></td>
<td colspan="3">Ұлттық ойын: «Тымақ ұру»<br>Мақсаты: Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты: “Тымақ ұру” ойыны үшін газеттен жасалған “тымақ” та жарай береді. Оған қоса биіктігі бір метрдей қада, белбеу мен орамал қажет. Қаданы мәреден 20 қадамдай жерге қағып, соның басына тымақ кигізіледі. Ойыншының көзі орамалмен байланып, қолына белбеу ұстатылып, мәреден жіберіледі. Ол көзі ашық кезде көрген зердесіне сүйене отырып қазықты тауып, белбеумен соның басына кигізілген бас киімді ұрып түсіруі керек.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6" align="center">4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі</td>
<td>4. Музыка- шығармашылық әрекетҰІӘ мақсаты:</td>
<td>4 шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шынықкандығын қалыптан тыс жаттығулар арқылы арттыру. Қимыләрекеттердің еркін орындалуы мен сапта жүру жаттығуларын үйретуді, доппен орындалатын спорттық жаттығулар түріндегі футбол ойыны қимылдарын үйретуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Футбол добын аяқпен жүргізуге жаттығу. Доптың қозғалыс бағытын дұрыс анықтау қабілетін арттыру. Допты жұпта бір-біріне лақтырып, түрлі қалыпта қағып алу, сол сәттегі жағдайды дұрыс бағалап, шешім қабылдау дағдыларын, допты екі аяқпен қысып, 2,5 метргеілгері секіріп қозғалуды жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жұпта жаттығулар орындау, допты бір-біріне ерекше тәсілдермен лақтыру,эмоциялық ахуалды қалыпқа келтіру.<br>**Түсінеді**: «футбол» термині, ойын шарты, ойын кезіндегі қауіпсіздік ережелері, жаттығулардың маңызы, аяқ ұшының іш жағымен пас беру, әрекеттерін келісіп істеу.<br>**Қолданады:** төрт аяқтап еңбектеу, тізесімен доп қысып секіру, доптың қозғалыс бағытын сақтай білу, жұппен келісіп әрекет ету.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Ойын жаттығуы: «Әр нөмірді шақыру».<br>Шақырылған нөмірлі ойыншылар ғана орындайды: "Артқа бұрыл!» командасы берілмейінше, бұрылмайды. Дұрыс дем алып, қозғалыс бағытын сақтауға тырысады.Залдың ортасы арқылы | Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>**Дағды:** Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** эмоционалды түрде ән айтады, тынысты дұрыс алады.<br>**Түсінеді:** ғарыш және ғарышкерлер туралы мағлұматты түсінеді.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады; музыкалық аспаптарда ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**«Көңілді әуен»**әдісімен Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды.<br>**Қолдану:** Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус).<br>Балалармен би қимылдарын көңілді, жеңіл, ойнақы билеу. | **ҮІӘ мақсаты:** сәукеленің пішініне сәйкес ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білуге үйрету, сурет салу іс-әрекеті арқылы баскиімдерді әшекейлеу, ұлттық ерекшеліктерін ажырата білу. сәндік-қолданбалы өнермен таныстыру, алашаны ою-өрнектермен әшекейлеуде оны қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге баулу, бояу түстері мен ою-өрнектерді үйлестіру арқылы балалардың көркемдік талғамын дамыту.<br>**Дағды:** балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; балалардың сәндік-қолданбалы өнер туралы білімдерін жетілдіру, түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды ырғақты орналастыра отырып, әдемі өрнектер сала білу іскерліктерін бекіту;<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сурет салу іс-әрекеті арқылы сәукелені әшекейлей алады;<br>**Түсінеді:** баскиімнің ұлттық ерекшеліктерін ажырата біледі, жұмыс барысында бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасап, адамгершілік, ізгілік қасиеттердің мәнін түсінеді;<br>**Қолданады:** алдыңғы игерген сурет салу дағдылары менептіліктерін.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** алаша мен текеметтің айырмашылығы жайында өз білгендерін айтады.Сәндік қолданбалы өнер көрмесіне арнайы ұйымдастырылған саяхат жасап, қолөнер | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тізбекке, екі тізбекке қайта сап түзейді.<br>Екі тізбек ойыншылары бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Өз әрекетін жұптарындағыбалалардың әрекетімен үйлестіреді.<br>**Түсіну: «Қорғаушылар»** (6 рет).<br>Аяқ басының арасына доп қыстырып секіріп жүру.<br>Аяқтың ұшымен секіріп қонып, допты түсіріп алмауға тырысады.<br>Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозғалады. Допты басымен итеріп, еңбектеп қозғалу. Алдымен 1 бала екіншіге қарайбарып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозағалады.<br>«Шабуылшылар»<br>Допты 2,5 м қашықтыққа әртүрлі тәсілмен апару – оң аяқпен, сол аяқпен, екі аяқпен.<br>(9 рет).<br>Аяқ басының ішкі жағымен сергек қимылдап, алдыға қарай, жұбына дейін алып бару.Педагогтің командасымен допты алдымен бір аяқпен, сосын екінші аяқпен, сосын екіаяқпен бірге жүргізеді. Допты алысқа жібермей, доптың артынан үлгеруге тырысады. Доптың бағытын жоғалтпайды.<br>**«Қақпашылар»** (4 рет).<br>«Артпен қарап, аяқтарының арасында допты қысып отыру» – бастапқы қалпынан допты лақтырады. 1– ойыншыға допты лақтырады. 1-ойыншы шапшаң орнынан атып тұрып, допты қағып алады.<br>Барлық қимылдарында шапшаңдыққа тырысады.<br>**Білу:** Ойын жаттығулары | **Білу:** Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров). Әннің мәтінін орындап болған соң, балалармен әңгіме жүргізу.<br>Балаларға 12 сәуір – Ғарышкерлер күні екенін айтып, интерактивті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлермен таныстыру.<br>Ғарышкерлердің суреттерін көрсету.<br>Ғарыш аймағы орналасқан Байқоңыр қаласы туралы атап өту.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну:** ***Ойын:*** «Қанша дыбыс» ойыны («Дидактикалық ойындар» жинағынан).<br>Балалардың есту қабілетіне арналған ойынды балаларға жеткізе білу. Ойналып отырған дыбыстың нешеу екенін анықтау.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко).<br>«Тамшы» деген сөздің мағынасын түсіндіріп, тамшылар қай кезде таматынын, қайдан пайда болатынын түсіндіріп, музыкада сол дыбысты келтіру. | бұйымдарымен таныстырады. Суреттерін қарап көреді. Алашаға және оның суретіне балалардың назарын ерекше аударады. Алашаның қандай мақсатта қолданылатынын түсіндіреді. Алашаны тоқу әдісімен, өрмек құра отырып жасау әдістеріне тоқталып өтеді. Балалар бояу түстерін және ою-өрнек элементтерін таңдайды. Оны қағаз бетіне қалай орналастыруға болатыны жайлы ойланады. Өрнектерді салу жолдары көрсетіліп, ортасынан шеттеріне, оң және сол жақтарға симметриялы салу қажеттілігі түсіндіріледі.<br>**Түсіну:** Балаларға көркемөнер туындыларын (ұлттық баскиімдер) көрсетіп, әңгіме құрап айтқызу. Ою-өрнек әшекейлеріне, ер кісілер мен әйелдер, қыздар киетін баскиімдердің ерекшеліктеріне тоқталып өту. Қыз бала қалыңдық болғанда киетін сәукеле жайында әңгімелесу.<br>**Білу:** Бүгін біз қалыңдықтың баскиімі – сәукелемен толығырақ танысамыз. Сәукеле – қыз бала тұрмысқа шыққанда киетін баскиім, ол арнайы басылған ақ киізден немесе арасына қыл салынып, сырған матадан жасалады. Сәукеленің төбесі конус пішінді болып келеді. Оны<br>асыл тас, алтын, күміс, маржанмен өрнектеп, алтын жіппен әшекейлейді. Ең жоғарғы төбесіне үкі қадайды. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Епті саусақтар» – допты жұпта екеулеп кішкентай бармақтарымен, сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да денемүшелерімен ұстап қалу. Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруға тырысады. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады. Әрқайсысы өз әрекетін жұбымен келісіп істейді. | | | | |

***4 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру**










**Ойын: Ұлттық ойын "асық ату",«Ханталапай» ойыны.**

**Мақсаты:** Оқушылардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту.

**Ойынның шарты:**

Ал, «Ханталапай» ойыны бүкіл қазақ жеріне кең тараған. Ойынға екеуден он адамға дейін қатысады. Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың ішінде біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік, не тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. «Ханды» жатысы «хандікіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуге тура келеді. Ойын бастаушы баланың қолы басқа асықтарға тиіп кетсе, сондай-ақ атқан асығы басқа асыққа барып тисе, ойынды келесі бала жүргізеді. Ал, «хан» алшы түссе, балалар жарыса «ханталапай» деп дауыстап, «ханды» өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып есептеледі. Онда ойынды сол бала қайта бастайды.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет** | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Геометриялық пішіндер» | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>«Менің сүйікті асығым» сурет бойынша әңгіме құрастырту. | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>« Киіз үй құрал жабдықтары» киіз үй құрал жабдықтары | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұлыстың Ұлы күні Наурыз туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу. (Арнұр,Нұрым,Шахнұр) | **Мақсаты:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. | **Мақсаты:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету | берілген. Арасынан киіз үй құрал жабдықтарын таба білу. **Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | Наурыз нақыштары туралы әңгімелесу. Сурет бойынша өз ойын айытқызу. Адия,Шахнұр |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №8**<br>**Табиғат өзгерістерді бақылау .**<br>**Мақсаты**:<br>— Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br><br>— айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br><br>— табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>***Бақылау барысы***<br>**Тәрбиеші:**<br>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.<br>Жауған қарымен,<br>... құнар береді. (қыс)<br>Үлкендер қарбалас,<br>... дән себеді. (көктемде)<br>Бақ пенен бақшаны,<br>... баптап өсіреді. (жазда)<br>Дихандар жемісін, | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №9**<br>**Бұлттарды бақылау**<br>**Мақсаты:** әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Бұлт»**<br>**Ә. Ақыпбекұлы**<br>Бұлттың қайда тұрағы,<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.**<br>♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br><br>♦ Бүгінгі бұлттар қандай?<br><br>♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br><br>♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?<br><br>**Еңбек**<br>Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу<br>**Мақсаты:** бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №10**<br>**Күнді бақылау**<br>**Мақсаты:** күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>***Бақылау барысы***<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан. *(күн)*<br>*Алауға оранып,*<br>*Көкке өрлеп шығады.*<br>*Бір айналып оралып,*<br>*Көкжиекке бұғады. (күн)*<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады?<br>*Қай жаққа батады?<br>*Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>**Зерттеу қызметі** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау № 11**<br>**Ұшып келген құстарды бақылау**<br>**Мақсаты**: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев**<br>Ұя жасап тақтайдан,<br>Талға апарып байладым.<br>Жыл құсының шаттанған,<br>Күттім қашан сайрауын.<br>Сол ұяны талдағы,<br>Қараторғай мекендеп,<br>Күні бойы сайрады,<br>Жылы пәтер екен деп.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер?<br>*Жыл құстары деп неге айтамыз?<br>*Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді?<br>*Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді?<br>*Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау № 12**<br>**Бұлттарды бақылау**<br>**Мақсаты***:* өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Бақылау барысы.**<br>Көркем сөз. «Бұлт»<br>Ө. Ақыпбекұлы<br>Бұлттың қайда тұрағы?<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның,<br>Бұлт-көшпелі бұлағы.<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦Бұлт дегеніміз не?<br>♦Бұлттардың түсі қандай болады?<br>♦Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)<br>♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)<br>♦ Шарбы бұлттар неге ұқсайды? (ақ ұлпаға, мамыққа, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ... жинап береді. (күзде)<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>*Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?<br>*Көктемнің алдында қай мезгіл болды?<br>*Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>*Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?<br>**Зерттеу жұмысы:** Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін жерді тазалау.<br>*Мақсаты:* Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?».<br>*Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Орнында тұрып биіктікке секіру.<br>**Мақсаты:** секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу. | үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Үйсіз қоян».<br>**Мақсаты:**<br>— бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;<br>— жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>***Жеке жұмыс***<br>Жаңылтпаш айту:<br>«Ала бұлт ақ па,<br>Ақ бұлт ақ па?<br>Ала бұлт ақ емес,<br>Ақ бұлт ақ»<br>«Анау арал қай арал,<br>Қайыңды арал, талды арал»<br>**Жұмбақ:**<br>Етек-жеңі жиналмай,<br>Дауыл тұрса дым қалмай,<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт) | Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады?<br>Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?<br>Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен карауға болады? *(қоңыр түсті әйнекпен)*<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>**Мақсаты:** үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.<br>**Қимылды ойын** «Күн мен түн».<br>**Мақсаты:**күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.<br>**Жаттығу ойыны** Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>**Мақсаты:**секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.<br>**Мақал-мәтел:**<br>Сәуір болса күн күркірер,<br>Күн күркіресе, көк дүркірер.<br>Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын. | **Дидактикалық тапсырма:**<br>Құстарды топқа бөл.<br>**Мақсаты:** құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру.<br>**Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау.<br>**Мақсаты:** бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Ұшты ұшты»**<br>**Мақсаты:** зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жаңылтпаштар жаттау:<br>Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз,<br>Үйірге кім үйретті?<br>Маңғаз қаз.<br>Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз,<br>Үйірге өзім үйреттім.<br>**Қаз маңғаз.**<br>**Мақсаты:** сөздік қорларын байыту.<br>**Тыйым сөздер:**<br>Құс ұясын бұзба.<br>Құсқа тас атпа.<br>Құс жұмыртқасын сындырма.<br>**Мақал мәтел:**<br>Бабасы еккенді, баласы орады.<br>Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы.<br>Дана көптен, дәрі шөптен | жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)<br>♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)<br>♦Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау.<br>Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу.<br>**Еңбек**<br>Аланды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қасқыр қақпан».<br>**Мақсаты:** ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.<br>***Жеке жұмыс***<br>Математикалық жаттығулар.<br>**Мақсаты:** тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Халық болжамы.**<br>Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.** **Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес*** - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес*** Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»

**Балалардың жасы:** 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 18.03 – 20.03. 2023-2024 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 18.03 | Сейсенбі 19.03 | Сәрсенбі 20.03 | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-08:50<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | № 14 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Заттарсыз орындалатын жаттығулар**<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>Б.қ.: қолдары екі жанында, 1– сол аяғымен жанына қарай қадам аттау, қолдарын екіжаққа созу; 2– б.қ.қ. Сол қимылдарды екінші аяғымен қайталау (7-8 рет).<br>Б.қ.: аяқтарын арасын ашып қою, қолдары белінде. 1–3 серпіле отырып-тұру, қолдарын алға созу. 4-б.қ.қ. (6-7 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын арасын ашып, қолдарын төмен түсіріп тұру. 1– қолдары кеудесінде, шынтақтан бүгілген; оңға бұрылып, қолдарын екі жаққа | № 15 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Заттарсыз орындалатын жаттығулар**<br>**№ 4 жаттығулар кешені**<br>Б.қ.: тұру. Қолдарын түзу басынан жоғары көтеріп, қолдарымен шапалақ ұрады. Қолдарын төмен түсіреді.<br>Б.қ.: «боксшы» қимылын жасап, қолдарын кезек-кезек алдыға-жанына жұдырықтап, серпу. 7-8 рет<br>Б.қ.: тұру. Алдыға еңкею. Қолдарымен аяқтарының артынан  шапалақ ұру – 7-8 рет.<br>Б.қ.: оң аяғын түзулеп, жоғары көтеріп қалып, | № 16 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Таспамен жаттығулар орындау**<br>**№ 1 жаттығулар кешені**<br>**«Бастарын ию»**<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 – басын артқа шалқайту;  4 – б.қ. – 8 рет.<br>«Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, таспаны төмен ұстау. 1– оң аяқ басына көтеріліп, таспаны жоғары көтеру; 2 – б.қ.қ.; 3 – сол аяқпен сол қимылдарды орындау (8 рет).<br>**«Күн»** | № 17 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Таспамен жаттығулар орындау**<br>**№ 2 жаттығулар кешені**<br>Б.қ. : түзу тұру, 1– қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді. 2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет).<br>Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға)бұрады (8 рет).<br>Б.қ.: түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғының артынан беру (8 рет). | № 18 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Секіртпемен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 1 жаттығулар кешені**<br>**«Бастарын ию»**<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 – басын артқа шалқайту;  4 – б.қ. – 8 рет.<br>«Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, секіртпені екіге бүктеп, төмен ұстау. 1-2 – аяқ басына көтеріліп,секіртпені жоғары созу; 3-4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>**«Еңкею»**<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – секіртпені жоғары көтеру; 2–оңға (солға) еңкею; 3– денені түзеу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | созу; 3– қолдарын кеудесіне әкелу;4– б.қ.қ. (6–8 рет)<br>Б.қ.: аяқтары параллель, қолдары белінде 1– бір аяғын (сол) жоғары көтеру: аяғының астына шапалық ұру. 2 – б.қ.қ. (7-8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарының арасын ашып, қолдарын беліне қойып, отыру. 1 – қолдарын екі жаққасозу. 2– алдыға еңкейіп, оң (сол) аяғына тигізу; 3– қолдарын екі жаққа жазу. 4– б.қ.қ. (6–8рет)<br>Б.қ.: тізерлеп тұру, қолдары беліне қою; 1-2– оң жаққа отырып-тұру, қолдарын алдыға созу; 3-4– б.қ.қ. Сол жағына қайталау (6–8 рет)<br>Санап тұрып (1–8), оң (сол) аяқпен секіру (3-4 рет). | аяғының астынан шапалақ ұру. Солаяғымен соны қайталау.<br>Б.қ.: арқасына шалқалап жату, түзулеп екі аяғын бірдей жоғары көтеріп апарып,басынан асырып, жерге тигізу. Аяқтарын қайта төмен түсіріп, б.қ. қайту. 7-8 рет.<br>Б.қ.: ішімен етпетінен жатып, қолдарын иегінің астынан таянып жату. Екі қолдарын екіжаққа жазып, арқасымен артқа қайырылу. Жаттығу кезінде аяқтарын жерден алмайды. 7-8рет.<br>Б.қ.: аяқтарын біресе бірге ұстап, біресе екі жаққа ашып, бір орында секіру. Секіруді жүрумен алмастыру. 2-3 рет. | Б.қ. - түзу тұру, қолдарында таспа, төменде. 1 – 4 – қолдарын параллель ұстап, оң жаққақарай айналдыру; 5 – 8 сол жаққа. 4 рет.<br>«Бұлақ»<br>Б.қ. – түзу тұру, қолдарында таспа, төменде; 1 – қолдарын алдыға қарай түзеп, созу; 2 – 8 қолдарын алдыда ұстап, жоғары-төмен қозғалту, 9-10 – б.қ. 4 рет.<br>**«Еңкею»**<br>Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұру, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-2 – алдығаеңкею, таспаларды жоғары көтеру, артқа шалқаю; 3-4 – б.қ. (5-6 рет).<br>**«Бесік»**<br>Б.қ. – жерде жатып, таспаларды алдыға созу, 1 – шалқайып, аяқ-қолдарын көтеру, 2 – б.қ. 8 рет.<br>«Секіру».<br>Б.қ. – алдыға-артқа секіру 8 рет. | Б.қ. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайта келеді (8 рет).<br>Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп,таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет)<br>Б.қ.: етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына датаспа ұстайды) (8 рет)<br>Б.қ.: бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет). | секіртпені жоғары көтеру; 4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>**«Отырып-тұру»**<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген.<br>1-2 – отыру, секіртпені алдыға шығару; 3-4 – б.қ.қ.(6 рет).<br>**«Қадам аттау, еңкею»**<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпе екі жанына төмен түсірілген<br>1 – оңға аттап, секіртпені жоғары көтеру; 2– оңға еңкею; 3 – денесін түзеу,секіртпежоғары; 4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>**«Аяғыңның басына жеткіз»**<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпе екі жанына төмен түсірілген<br>1 – секіртпені жоғары көтеру; 2 – алдыға еңкейіп, секіртпені оң (сол) аяқтың басына тигізу;<br>3 – денені түзеп, секіртпені жоғары көтеру; 4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>«Секіру»<br>Б.қ. – аяқтарының арасы ашық, секіртпе артта төмен; екі аяқпен бірг секіртпені айналдыраотырып секіру. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҮІӘ** | **18.03.24**<br>**Дүйсенбі** | **19.03.24**<br>**Сейсенбі** | **20.03.24**<br>**Сәрсенбі** | **21.03.2024**<br>**Бейсенбі** | **22.03.2024**<br>**Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Коршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі** | **1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері** | **3.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік әрекет** | **1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **ҰІӘ мақсаты:** қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптсатыру. Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>**Дағды**: Зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; графикалық диктантты орындауға дамыту. Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын; **Түсінеді:** геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын;<br>**Қолданады:** геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ортаны модельдеу**<br>Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған.<br>Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие. | **ҰІӘ мақсаты:** «З» – «С» дыбыстарын дұрыс айтқызуға қалыптастыру.<br>Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету.<br>**Дағды**: Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дыбыстарға сөз ойлан айтады, ертегіні драмалайды ;<br>**Түсінеді:**«з» «с» дыбыстарының ұқсастығын, бойларын қулық, айлакерліктен алысұстауды түсінеді;<br>**Қолданады:**ертегі кейіпкерінің құйрығын тауып, суретті толықтыра алады**.**<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу: Миға шабуыл:** Балалар, бір жылда неше мезгіл бар?<br>Енді сол жыл мезгілдерін атаңдаршы?<br>Қай мезгілдің атауында «С» дыбысы және «З» дыбысы бар екен?<br>Кәне, қолымызға айна алып, «З-З-З»,«С-С-С», – деп айтайық.<br>«З», «С» дыбыстарын айтқанда ерін езу тартып, күлген кездегідей керіліп, тістер көрінеді, тілдің ұшы төменгі тістерге тиеді, тіл ортасы сәл дөңестеніп, екі жағы астыңғы тістерге жанасады. Деміміз тіл ортасынан шығады.<br>**Түсіну:** Тілімізді жаттықтырайық:<br>За-за-за – таза.<br>Зе-зе-зе – зере.<br>«З» дыбысының буын ішінде келуі:<br>Жүзім – күзім, | **ҰІӘ мақсаты:** қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптсатыру. Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>**Дағды**: Зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; графикалық диктантты орындауға дамыту. Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын; **Түсінеді:** геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын;<br>**Қолданады:** геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ортаны модельдеу**<br>Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған.<br>Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар?<br>Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды.<br><br>**Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.Педагог балаларға топтарға бөлінуді ұсынады.<br>Тапсырманы түсіндіреді, фигураларды екі белгі бойынша бөледі: пішін мен түс.<br>Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады.<br>**Түсіну: Аз қимылдайтын ойын «Сиқырлы қозғалыстар»**<br>Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта | Жүзік – білезік,<br>Жазым – назым.<br>Енді айнаға қарап «С» дыбысын айтайық.<br>Байқап көрсеңдер, еріндерің жай ғана ашылды.<br>Са-са-са – сана.<br>Се-се-се – кесе.<br>Со-со-со – соқа.<br>Сө-сө-сө – сөре.<br>Енді «С» дыбысынан басталатын сөздерді айтайық.<br>Бұл екі дыбыстар да – дауыссыз дыбыстар. Дауыссыз дыбыстарды көк түспенбелгілейміз. Екі дыбыс – айтылуына қарағанда бір-біріне ұқсас дыбыстар.<br>**Қолдану:** Ертегі: «Қасқыр мен түлкі»<br>Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек еткөреді. Екеуінің де жегісі келіпті.<br>**Қасқыр Түлкіге:**<br>Сен жей ғой, досым, – депті.<br>Түлкі арсалаңдап:<br>Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті.<br>Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпан қауып алып, ет ұшыпкетіпті. Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты.<br>**Қасқыр:**<br>Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе,**Түлкі:**<br>Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>«Ораза – тамақ жемей өзін ашқұрсақ ұстау» деген мағына екенін түсіндіреді.<br>**Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап».** | <br>Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар?<br>Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды.<br><br>**Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.Педагог балаларға топтарға бөлінуді ұсынады.<br>Тапсырманы түсіндіреді, фигураларды екі белгі бойынша бөледі: пішін мен түс.<br>Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады.<br>**Түсіну: Аз қимылдайтын ойын «Сиқырлы қозғалыстар»**<br>Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**Білу:** Шағын топпен жұмыс «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады. Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады. | **Ойын шарты:** балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді. | жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**Білу:** Шағын топпен жұмыс «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады. Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады. | | |

***1 үзіліс* - Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

**Қозғалмалы ойын:«Тығылыспақ»**

**Басты мақсат: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар ету. Жарысып тез жүгіруге, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.**

| | | |
|---|---|---|
|  |  | **Ойын: «Тығылыспақ»**<br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту<br>**Ойын барысы:** барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір ........(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады. |
|  |  | |

## 2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Сөйлем, дыбыс туралы білімдерін | **2.Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын қимыл белсенділігі**<br>) | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пысықтау. Сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіреді, сызба бойынша сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің сөздерден құралатынын.<br>**Қолданады:** дыбыстықтарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:**<br>**Дидактикалық ойын «Төлін айт»** ойынын балалармен ұйымдастыру.<br>1.Ешкінің төлі – . . . *(лақ)*<br>2.Қойдың төлі – . . . *(қозы)*<br>3.Сиырдың төлі – . . . *(бұзау)*<br>4.Жылқының төлі – . . . *(құлын)*<br>5.Түйенің төлі – . . . *(бота)*<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын:<br>« Көпше түрін айт» | **ҰІӘ мақсаты:** Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.Балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>**Дағды**: Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларыннаншығармашылық әңгіме құрайды ;<br>**Түсінеді:**қазақтың салт-дәстүрлерін, қамшының сабы тобылғы ағашы екенін;<br>**Қолданады:**көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу: Миға шабуыл:** Жұмбақ шешу.<br>Бір ауызды бұйым бар, Тіктөртбұрыш пішінде. Затыңды аман сақтайды,<br>Салып қойсаң ішіне. Көлемі болар әртүрлі, Орташа, үлкен, кіші де.<br>Оюлар зерлеп жасалған, Қызығасың түсіне.<br>Айтыңдаршы, бұл не зат,Көрпе жинайтын үстіне?<br>Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге **Наурыз мерекесі туралы айтып берейін:**<br>Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі. | **ҰІӘ мақсаты:** төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру.<br>**Дағды:** Сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстық талдаудың сызбасын, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** жалпы атауын ата ойынан ұйымдастыру арқылы бастайды.<br>Дәрігер, аспазшы, тігінші – . . . *(мамандықтар)*<br>Ұшақ, зымыран, тікұшақ, дельтаплан – . . . *(ұшатын көліктер)*<br>Футбол, волейбол, хоккей – . . . *(спорт түрлері)*<br>Қасқыр, арыстан, қоян, керік – . . . *(жабайы аңдар)*<br>Көлік, қуыршақ, доп, секіртпе – . . . *(ойыншықтар)*<br>**Түсіну:** ***Дыбыстармен жұмыстар.***<br>**Ойын:** «Жалауды көтер» (дыбыс, буын, сөз) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | –Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрін айтып допты кері лақтырасыңдар.<br>Мысалы*: қыз-қыздар, ұл-ұлдар, аға-ағалар, дәптер-дәптерлер, қозы-қозылар, жүзімжүзімдер, орындық-орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі-түлкілер, сақина- сақиналар, дыбысдыбыстар, мысық-мысықтар, қасқыр-қасқырлар, аю-аюлар, жылқы-жылқылар* т.б.<br>**Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Дыбыстар, буындар, сөздер айтады, балалар -и- дыбысын естісе қызыл белгіні көтереді. Кім дұрыс көтереді жұлдызша беріліп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады.<br>Мысалы: а, р, о, и, м, и, а, к, е, и, т, и, б, ...<br>Бар, ки, сық, ға, ман, ай, пи, ма, па, ға, қай, ти....<br>Лақ, ит, мал, ау, ми, сөз, тиін, кілем, киіз, түйе, ала, каймақ...<br>**Қолдану:** Дидактикалық ойын: «Соңғы дыбысты ұста!»<br>Балалар бүгін біз шеңберде сөз тізбегін жасаймыз. Мен «*құмыра*» сөзін айтып бастаймын да, соңғы «а» дыбысын созып тұрамын, | Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіптойлайтын күн.<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын: **«Бір сөзбен ата».**<br>**Ойын шарты:** Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Педагог көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады.<br>Өрік, шие, алмұрт – ...<br>Түлкі, қоян, қасқыр – ...<br>Шай, май, тұз – ...<br>Бет, мұрын, аяқ – ...<br>Қауын, қарбыз, сәбіз – ...<br>**Қолдану:** Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.<br>Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме?<br>Оны кім пісіреді? Оған не қосады? | Дыбыстарды, буындарды, сөздерді айтады: д,р,у, п, ш,н,у, к...<br>Па, шу, ио, уын, қу, ти, са, лау, сур , ту, лақ, ми, ри, на, ту, на, пақ.....<br>Апа, саумал, садақ, шулама, шалбар, аққу, дала, сақина, қауын......<br>Балалар «у» дыбысын естігенде, қызыл жалаушаларын желбіретеді.<br>**Қолдану:** Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»<br>–Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: *алма (қызыл), тон (жылы), мысық ( сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)... т.б.*<br>Дидактикалық жаттығу: «Түсіп қалған буынды жалға»<br>–Мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын сендер түсіп қалған буынды жалғап отырасыңдар. Мысалы: *сауын...шы, асқа...бақ, таңқу...рай, құлпы...най, жас...тық, мақ...та, балмұз...дақ, қар...быз,* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келесі бала соңғы дыбыстан басталатын сөз ойлап, қолмен ұстағандай қимыл жасайды, соңғы дыбысқа жаңа сөз айтып, соңғы дыбысты созып айтады.<br>Балалар созып айтқан дыбысқа сөз айтып, ойынды жалғастырады (ойын осылай жалғасын табады).<br>Мысалы: *Құмыраааа* - *алмааа* - *айраннн* - *наррр* - *раушаннн* - *найзағаййй* - *инеее* - *ешкііі* - *іззз* - *зырылдауық* - *қамшыыы* - *ыдыссс* - *сағаттт* - *тасбақааа* - *алтыбақаннн* - *наннн* - *намыссс* - *сазаннн* - *нағашыыы* - *ысқырықққ* - *қанттт т.б.*<br>**Білу: Саусақ жаттығуы**<br>Саусағымыз айқасып,<br>«Жеңемін» деп шайқасып,<br>Бірін-бірі тартады.<br>Білекке сенім артады. | | *жаң..ғақ, бақта...шы, қуыр..шақ, құмырс...қа, қам...шы, қа..йық, қал..қан, ли..мон, апель..син, домбы..ра, дор..ба, жапы..рақ, көр..пе, көзілді..рік,күнба..ғыс, күн..діз,арыс..тан* т.б.<br>**Білу: Зымыран** – з – ұяң дауыссыз дыбыс.<br>**Робот** – р – үнді дауыссыз дыбыс.<br>**Ғарышкерлер** - ғ – ұяң дауыссыз дыбыс.<br>**Қоян** - қ – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Мысық** - м – үнді дауыссыз дыбыс.<br>**Нар** - н –үнді дауыссыз дыбыс.<br>**Керік** - к – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Секіртпе** – с – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Мүйізтұмсық** - м – үнді дауыссыз дыбыс.<br>**Арыстан** - а – жуан дауысты дыбыс.<br>**Скейт** - с – қатаң дауысссыз дыбыс.<br>**Ұшақ** – ұ – жуан дауысты дыбыс.<br>**Доп** - д – ұяң дауысты дыбыс.<br>**Қуыршақтар** - қ– қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Көлік** – к – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Суреттерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос.<br>**Дыбыстық талдау жаса.**<br>***Шеге* сөзінің дыбыстық талдауы.**<br>Тақтаға шеге сөзінің дыбыстық талдауын іледі.<br>***Шеге*** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Г – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. | | |

***2 үзіліс* – Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

**Басты мақсат: Балалар арасында ұлттық ойындарды насихаттау, қызығушылығын арттыру, өз елін сүйюге тәрбиелеу.Жылдамдықты, икемділікті, төзімділікті, күшті дамыту.**

| | | |
|---|---|---|
| **Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:**<br>**Қысқыштармен ойналатын ойын**<br>**Ойын шарты:** Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.<br>**«Жаңғақтармен ойын »**<br>**Ойын шарты:** балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.<br> <br>  | <br> | **Ұлттық ойын:«Ақшамшық»**<br>**Мақсаты:** Балалар арасында ұлттық ойындарды насихаттау, қызығушылығын арттыру, өз елін сүйюге тәрбиелеу.Жылдамдықты, икемділікті, төзімділікті, күшті дамыту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Ойыншылар ойын кезінде арасынан бір кісі өтетіндей етіп дөңгелене отырады. Ал жүргізуші ортаға шығып, екі алақанын беттестіре ұстайды. Қалғандарына да солай істеуді тапсырады. Кейін алақандарының арасындағы сақинаны ойыншылардың біріне тастау үшін айнала жүгіріп, бәріне сақина тастаудың белгісін жасайды. Алайда, ол сақинаны білдірмей біреуіне ғана тастайды. Сақина жасырылған адам да оны басқаларға байқатпауға тырысады. Жүргізуші түгел айналып шыққан соң ортаға келіп, «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сонда сақинаны алған ойыншы орнынан атып тұруы керек. Әрбір ойыншы оң жағында отырған көршісін аңдиды. Сондықтан сақинаның онда барын білсе орнынан тұрғызбауға тырысады. Ал сақинаны алған ойыншы білдірмей тұрып кетсе, өзі жаза тартады, ол тұра алмай қалса, айыпкер көпшіліктің ұйғаруымен не өлең айтады, не би билейді, не домбыра тартады. Өнерін көрсетіп, жазасын өтеуі тиіс. Содан кейін ойын қайта жалғасады. |

## 3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Қыста жылы жаққа ұшып кететін | **4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Заттарды көлденең нысанаға лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді,«малдас құрып отырып» | **.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту.<br>**Дағды:** Табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:**құстардың атауларын біледі.<br>**Түсінеді:** қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі.<br>**Қолданады:** құстарды бақылау әдістерін меңгерген, құрастырушылық қабілеті бар.<br>**Алдын ала жұмыс**: қарапайым тәжірибелерге қатысу, энциклопедия оқу, фотосуреттер мен суреттерді қарап шығу, балабақшадан тысқары жерлерге экскурсия жасау, жұмбақтардың шешуін табу, әңгімелесу.<br>**Өзекті мәселе**: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген | ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, қағып алуды үйрету. Ұлттық ойындарға қызығушылығын арттырып, азаматтық пен толеранттылыққа баулу.<br>**Дағды:** Тепе-теңдік сақтауды, негізгі қимыл түзету жаттығуларын жасауды, асықты гимнастикалық ұзын орындықтың үстімен келе жатып, алдына, артына жинауды, ұсақзаттарды (асықтарды) малдас құрып отырып атуды, қағып алуды дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** көлденең нысанаға ұсақ заттарды лақтыру, «Дала әуендерін» тыңдау,релаксация.<br>**Түсінеді:** «асық» термині, асық ойнаудың маңызы, тепе-теңдік сақтау, тапсырмаларды орындағанда алдыға тік қарау, асықтарды тек Педагогтің бұйрығымен ғана көтере бастау,ойын ережелері.<br>**Қолданады:** ұсақ заттарды лақтыру, қағып алу дағдылары, шашырап жүру, жүгіру, ұсақ заттармен қимылдарды орындай білу, зал кеңістігін бағдарлау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**«Затты тауып айт» ойын жаттығуы. Қоржынды іздеп табады. Асықтарды зерттеп, сипаттап,асықтың түсу түрлерін атап айтады (алшы, тәйке, бүк, шік).<br>Асық ойыны жайлы, оның Азияда таралуы жайлы тарихқа көз жүгірту. | **ҮІӘ мақсаты:** Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту.<br>**Дағды:** Табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:**құстардың атауларын біледі.<br>**Түсінеді:** қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі.<br>**Қолданады:** құстарды бақылау әдістерін меңгерген, құрастырушылық қабілеті бар.<br>**Алдын ала жұмыс**: қарапайым тәжірибелерге қатысу, энциклопедия оқу, фотосуреттер мен суреттерді қарап шығу, балабақшадан тысқары жерлерге экскурсия жасау, жұмбақтардың шешуін табу, әңгімелесу.<br>**Өзекті мәселе**: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | Дөңгелене тұрып «Асық алу» қимыл-қозғалыс ойынын ойнайды. Алдымен дөңгелене айналып, шашырап жүреді. «Асық ал!» – деп белгі бергенде ортаға ұмтылып, асықтарды алуға тырысады.<br>**Түсіну: «Қазан»** – асықтырды көлденең нысанаға 3 метрден лақтыру. (4 рет). Бастапқы қалыпта аяқтары иық енінен кеңірек, оң аяғы аздап артқа таман, оң қолы кеуде тұсына қойылады. Асық ату кезінде оң қолы барынша төмен-артқа қайырылып, сосын алдыға-жоғары серіліпқозғалады. Негізгі қимылдарды орындайды.Құрсауларды айналып тұрып (4 шеңберді 3 м қашықтықтан айналып тұрады), асықтардыортаға лақтырады. Шеңберге «қазанға» түсірген асығына байланысты жеңімпаздар анықталады.<br>**Білу: «Малдас құрып отырған қалыптан»** асықтарды лақтырып, қағып алу. Алақанынауыстырады. Көрпешелерге малдас құрып отырады. Асықтарды жеке-жеке қағып алып, лақтырады. Алақанын дөңгелетіп қояды. Келесі лақтырғанда алақанын сыртымен айналдырып қояды. Релаксация: «Дала әуендері». Малдас құрып, дөңгелене отырады. Ұлттық әуендерді тыңдап, көздерін жұмып, дала көріністерін елестетеді. | | | |
| ***3 үзіліс* – Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.** | | | | | |



**Ұлттық ойын: «Тымақ ұру»**
**Мақсаты:** Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
**Ойынның шарты:** "Тымақ ұру" ойыны үшін газеттен жасалған "тымақ" та жарай береді. Оған қоса биіктігі бір метрдей қада, белбеу мен орамал қажет. Қаданы мәреден 20 қадамдай жерге қағып, соның басына тымақ кигізіледі. Ойыншының көзі орамалмен байланып, қолына белбеу ұстатылып, мәреден жіберіледі. Ол көзі ашық кезде көрген зердесіне сүйене отырып қазықты тауып, белбеумен соның басына кигізілген бас киімді ұрып түсіруі керек.

## 4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Заттарды көлденең нысанаға лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді,«малдас құрып отырып» ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, қағып алуды үйрету. Ұлттық ойындарға қызығушылығын арттырып, азаматтық пен толеранттылыққа баулу.<br>**Дағды:** Тепе-теңдік сақтауды, негізгі қимыл түзету жаттығуларын жасауды, асықты гимнастикалық ұзын орындықтың үстімен келе жатып, алдына, артына жинауды, ұсақзаттарды (асықтарды) малдас құрып отырып атуды, қағып алуды дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** көлденең нысанаға ұсақ заттарды лақтыру, «Дала әуендерін» тыңдау,релаксация.<br>**Түсінеді:** «асық» термині, асық ойнаудың маңызы, тепе-теңдік сақтау, тапсырмаларды орындағанда алдыға тік қарау, асықтарды тек Педагогтің бұйрығымен ғана көтере бастау, ойын ережелері.<br>**Қолданады:** ұсақ заттарды лақтыру, қағып алу дағдылары, шашырап жүру, жүгіру, ұсақ заттармен қимылдарды орындай білу, зал кеңістігін бағдарлау. | **4. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>**Дағды:** Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** эмоционалды түрде ән айтады, тынысты дұрыс алады.<br>**Түсінеді:** ғарыш және ғарышкерлер туралы мағлұматты түсінеді.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады; музыкалық аспаптарда ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**«Көңілді әуен»**әдісімен Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен | **шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**ҰІӘ мақсаты:** сәукеленің пішініне сәйкес ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білуге үйрету, сурет салу іс-әрекеті арқылы баскиімдерді әшекейлеу, ұлттық ерекшеліктерін ажырата білу. сәндік-қолданбалы өнермен таныстыру, алашаны ою-өрнектермен әшекейлеуде оны қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге баулу, бояу түстері мен ою-өрнектерді үйлестіру арқылы балалардың көркемдік талғамын дамыту.<br>**Дағды:** балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; балалардың сәндік-қолданбалы өнер туралы білімдерін жетілдіру, түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды ырғақты орналастыра отырып, әдемі өрнектер сала білу іскерліктерін бекіту;<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сурет салу іс-әрекеті арқылы сәукелені әшекейлей алады;<br>**Түсінеді:** баскиімнің ұлттық ерекшеліктерін ажырата біледі, жұмыс барысында бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасап, адамгершілік, ізгілік қасиеттердің мәнін түсінеді; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**«Затты тауып айт» ойын жаттығуы. Қоржынды іздеп табады. Асықтарды зерттеп, сипаттап,асықтың түсу түрлерін атап айтады (алшы, тәйке, бүк, шік).<br>Асық ойыны жайлы, оның Азияда таралуы жайлы  тарихқа көз жүгірту.<br>Дөңгелене тұрып «Асық алу» қимыл-қозғалыс ойынын ойнайды. Алдымен дөңгеленеайналып, шашырап жүреді. «Асық ал!» – деп белгі бергенде ортаға ұмтылып, асықтарды алуға тырысады.<br>**Түсіну: «Қазан» –** асықтырды көлденең нысанаға 3 метрден лақтыру. (4 рет). Бастапқы қалыпта аяқтары иық енінен кеңірек, оң аяғы аздап артқа таман, оң қолы кеуде тұсына қойылады. Асық ату кезінде оң қолы барынша төмен-артқа қайырылып, сосын алдыға-жоғары серіліпқозғалады.<br>Негізгі қимылдарды орындайды.Құрсауларды айналып тұрып (4 шеңберді 3 м қашықтықтан айналып тұрады), асықтардыортаға лақтырады. Шеңберге «қазанға» түсірген асығына байланысты жеңімпаздар анықталады.<br>**Білу:  «Малдас құрып отырған қалыптан»** асықтарды лақтырып, қағып алу. Алақанынауыстырады. Көрпешелерге малдас құрып отырады. Асықтарды жеке-жеке қағып алып, лақтырады. Алақанын дөңгелетіп қояды. Келесі лақтырғанда алақанын сыртымен айналдырып қояды.<br>Релаксация: «Дала әуендері». Малдас құрып, дөңгелене отырады. | келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды.<br>**Қолдану:**  Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус).<br>Балалармен би қимылдарын көңілді, жеңіл, ойнақы билеу.<br>**Білу:**  Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров). Әннің мәтінін орындап болған соң, балалармен әңгіме жүргізу.<br>Балаларға 12 сәуір – Ғарышкерлер күні екенін айтып, интерактивті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлермен таныстыру. Ғарышкерлердің суреттерін көрсету.<br>Ғарыш аймағы орналасқан Байқоңыр қаласы туралы атап өту.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну:**  ***Ойын:***  «Қанша дыбыс» ойыны («Дидактикалық ойындар» жинағынан).<br>Балалардың есту қабілетіне арналған ойынды балаларға жеткізе білу. Ойналып отырған дыбыстың нешеу екенін анықтау.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко). | **Қолданады:** алдыңғы игерген сурет салу дағдылары мен ептіліктерін. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұлттық әуендердітыңдап, көздерін жұмып, дала көріністерін елестетеді. | «Тамшы» деген сөздің мағынасын түсіндіріп, тамшылар қай кезде таматынын, қайдан пайда болатынын түсіндіріп, музыкада сол дыбысты келтіру. | | | |

***4 үзіліс* – Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру**










**Ойын: Ұлттық ойын "асық ату",«Ханталапай» ойыны.**

**Мақсаты:** Оқушылардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту.

**Ойынның шарты:**

Ал, «Ханталапай» ойыны бүкіл қазақ жеріне кең тараған. Ойынға екеуден он адамға дейін қатысады. Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың ішінде біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік, не тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. «Ханды» жатысы «хандікіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуге тура келеді. Ойын бастаушы баланың қолы басқа асықтарға тиіп кетсе, сондай-ақ атқан асығы басқа асыққа барып тисе, ойынды келесі бала жүргізеді. Ал, «хан» алшы түссе, балалар жарыса «ханталапай» деп дауыстап, «ханды» өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып есептеледі. Онда ойынды сол бала қайта бастайды.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>Ертегілер туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу.<br>(Арнұр,Нұрым,Шахнұр)осы балалармен жұмыс жүргізу. | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Дидактикалық ойын:** «Геометриялық пішіндер»<br>**Мақсаты:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>(Ақжол,Жанеля) осы балалармен жұмыс жүргізу. | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>«Менің сүйікті асығым» сурет бойынша әңгіме құрастырту.<br>**Мақсаты:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.<br>(Ибраһим,Аяжан) осы балалармен жұмыс жүргізу. | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>« Киіз үй құрал жабдықтары» киіз үй құрал жабдықтары берілген. Арасынан киіз үй құрал жабдықтарын таба білу.<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту .<br>(Батыржан, Ажар) осы балалармен жұмыс жүргізу. | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>«Көктемде не болады?»туралы әңгімелесу. Сурет бойынша өз ойын айытқызу.<br>(Арнұр,Сұлтан) осы балалармен жұмыс жүргізу. |
| | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау № 13**<br>**Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау**<br>**Мақсаты***:* бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркемсөз «Көктем» Б. Жақып**<br>Көктем келді бүгін,<br>Күнім төкті нұрын.<br>Сайрап барлық құстар,<br>Ән салуға құштар.<br>Түрлі_- түсті әйбат,<br>Гүлдер шықты жайнап.<br>Қызыл - жасыл аймақ,<br>Қырға шықтық ойнап.<br>Балаларға сұрақтар:<br>Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар?<br>Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар?<br>Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар?<br>**Дидактикалық тапсырма:**<br>Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе?<br>**Еңбек**<br>Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау № 14**<br>**Тастарды бақылау**<br>**Мақсаты***:* тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.<br>**Бақылау барысы**<br>Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу.<br>Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.<br>Сұрақтар:<br>Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>Асыл тастарды не үшін пайдаланады?<br>Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады?<br>Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.<br>Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.<br>**Еңбек**<br>Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау.<br>**Мақсаты:**ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу. | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау № 15**<br>**Күнді бақылау**<br>**Мақсаты:** күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан. *(күн)*<br>*Алауға оранып,*<br>*Көкке өрлеп шығады.*<br>*Бір айналып оралып,*<br>*Көкжиекке бұғады. (күн)*<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады?<br>*Қай жаққа батады?<br>*Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>**Зерттеу қызметі**<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады?<br>Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?<br>Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? *(қоңыр түсті әйнекпен)*<br>**Еңбек** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау № 16**<br>**Ұшып келген құстарды бақылау**<br>**Мақсаты**: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев**<br>Ұя жасап тақтайдан,<br>Талға апарып байладым.<br>Жыл құсының шаттанған,<br>Күттім қашан сайрауын.<br>Сол ұяны талдағы,<br>Қараторғай мекендеп,<br>Күні бойы сайрады,<br>Жылы пәтер екен деп.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер?<br>*Жыл құстары деп неге айтамыз?<br>*Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді?<br>*Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді?<br>*Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар?<br>**Дидактикалық тапсырма:**<br>Құстарды топқа бөл.<br>**Мақсаты:** құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру.<br>**Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау № 17**<br>**Желді бақылау**<br>**Мақсаты:**жел туралы түсініктерін бекіту;жел түрлерін есте сақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:<br>Желдің қандай түрлері болады?<br>Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦ Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)*<br>♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды)<br>♦ Желдің ізін көруге болады ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын** «Кім аталған ағашқа тез жетеді?».<br>**Мақсаты:** ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабылеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу.<br>**Жаттығу ойыны:** Қозғалыстарын дамыту.<br>**Мақсаты:** сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау.<br>**Мақал мәтел:**<br>Бабасы еккенді, баласы орады.<br>Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы.<br>Дана көптен, дәрі шөптен. | **Қимылды ойын.**<br>**«Бәйге».**<br>**Мақсаты:** нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.<br>**Жаттығу ойыны.** Қозғалыстарын дамыту<br>**Мақсаты:** секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру. | Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>**Мақсаты:** үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.<br>**Қимылды ойын** «Күн мен түн».<br>**Мақсаты:**күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.<br>**Жаттығу ойыны** Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>**Мақсаты:**секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.<br>**Мақал-мәтел:**<br>Сәуір болса күн күркірер,<br>Күн күркіресе, көк дүркірер.<br>Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын. | **Мақсаты:** бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Ұшты ұшты»**<br>**Мақсаты:** зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жаңылтпаштар жаттау:<br>Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз,<br>Үйірге кім үйретті?<br>Маңғаз қаз.<br>Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз,<br>Үйірге өзім үйреттім.<br>**Қаз маңғаз.**<br>**Мақсаты:** сөздік қорларын байыту.<br>**Тыйым сөздер:**<br>Құс ұясын бұзба.<br>Құсқа тас атпа.<br>Құс жұмыртқасын сындырма.<br>**Мақал мәтел:**<br>Бабасы еккенді, баласы орады.<br>Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы.<br>Дана көптен, дәрі шөптен | Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) аланды дайындау<br>**Мақсаты:** бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.<br>**Қимылды ойын** «Кім жылдам?».<br>**Мақсаты:** жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>**Жаттығу ойыны** Бір-біріне доп лақтыру.<br>**Мақсаты:** қозғалыс координацияларын дамыту.<br>**Халық болжамы.** Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. |

## Балаларды үйге қайтару. Уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | | шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»

**Балалардың жасы:** 5-6 жас

***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 01.04 – 05.04. 2023-2024 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 01.04 | Сейсенбі 02.04 | Сәрсенбі 03.04 | Бейсенбі 04.04 | Жұма 05.04 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:00-08:20<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 19 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Секіртпемен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 1 жаттығулар кешені**<br>1. Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; секіртпені екі жаққа салбыратыпұстап, шеңберге қарап тұру; 1– секіртпені жоғары көтеру,оң аяғын артқа басына қою; 2– б.қ.қ.  Сол аяқпен қайталау (8 рет).<br>2.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1– секіртпені жоғары көтеру; 2– алдыға еңкейіп, еденге қолдарын тигізу; 3– денені түзулеп, | № 20 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гантельдермен жаттығулар орындау**<br>**№ 1 жаттығулар кешені**<br>«Бастарын ию»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген.<br>1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 –<br>басын артқа шалқайту;  4 – б.қ. – 6 рет.<br>«Гантель жоғарыда»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, қолдарында гантельдер ұсталған, | № 21 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Акробатика элементтері бар жаттығулар.**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.«Алдыға қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – оң жағына қарай қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу; 2 – бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (8 рет)<br>2.«Бұрыш»<br>Б.қ. – артына қолдарымен тіреліп, еденге отыру; 1– аяқтарын 45°бұрыш жасап көтеріп, ұстап тұру (8-ге дейін санағанша); бастапқы қалыпқа келу (5 рет қайталау).<br>3.«Қолдарын алдына кеуде тұсына ұстау» | № 22 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Акробатика элементтері бар жаттығулар.**<br>**№2 жаттығулар кешені**<br>1.«Қолдары жоғары»<br>Б.қ.  –  қолдарын  беліне  қою.<br>1  –  қолдарын  желкесіне  қою, оң  (сол)  аяқтарын  артқа  аяқ басымен басып тұру; 2 – бастапқы қалыпқа келу (8рет).<br>2.«Еңкею»<br>Б.қ. – аяқтарын иықтарының еніне, қолдарын беліне қояды.<br>1 – қолдарын екі жаққа созады; – оң (сол) аяқтарына қарай кезек еңкею; 3 – денені қайта түзеп, қолдарын екі жаққа созу; 4<br>– б.қ. (8 рет). | № 23 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Аэробика жаттығуларын орындау**<br>1.Б.қ.: тұру. Қолдарын түзу басынан жоғары көтеріп, қолдарымен шапалақ ұрады. Қолдарын төмен түсіреді.<br>2.Б.қ.: «боксшы» қимылын жасап, қолдарын кезек-кезек алдыға-жанына жұдырықтап,серпу. 7-8 рет<br>3.Б.қ.: тұру. Алдыға еңкею. Қолдарымен аяқтарының артынан  шапалақ ұру – 7-8 рет.<br>4.Б.қ.: оң аяғын түзулеп, жоғары көтеріп қалып, аяғының астынан шапалақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіртпені жоғары көтеру; 4–б.қ.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарына секіртпені ұстап, кеуде тұсына ұстау. 1-2 – отырып,секіртпені алға созу. 3-4 – б.қ.қ. (8 рет)<br>4.Б.қ. – негізгі тұрыс, тізерлеп тұру, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1– оңға бұрылу, қолын сол жақ аяғының өкшесіне тигізу; 2– б.қ.қ. Сол жаққақайталау (8 рет).<br>5.Б.қ.: етпетінен жату, қолдарын секіртпе ұстап, шынтақтан бүгу; 1- секіртпені жоғары-алдыға шығару; 2–б.қ.қ.<br>6.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1 – оң аяғын бүгіп, секіртпені тізесіне қою; 2– б.қ.қ. Сол аяқпен сол қимылдарды қайталау. (8 рет)<br>7.Б.қ. – секіртпені еденге қойып, секіртпеге қырындап тұру; секіртпеден аттап, қырындапсекіру. Секіруді жай жүріспен кезектестіріп орындау.<br>(2-3 рет) | 1 – қолдарын екі жанына түзеп, айналдырып, жоғары көтеру; 2 – б.қ. – 6 рет.<br>«Гантельдер иықта»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы гантельдер екі жанына төмен түсірілген;1 – қолдарыншшынтақтан бүгу, гантельдерді иықтарына әкелу; 2 – б.қ. – 6 рет.<br>«Еңкею»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген;<br>1 – алдыға еңкейіп, гантельдердіеденге қою; 2 – б.қ.; 3 – еңкейіп, гантельдерді алу; 4 – б.қ. – 6 рет.<br>«Секіру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген;<br>1–8 бір аяқпен секіру. | Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, аяқтары иық еніндей қойылған.<br>– қолдарын кеудесінде бүгіп ұстау; 2 – оңға бұрылу, қолдарын екі жаққа жазу; 3 – қолдарын кеудесінде ұстау; 4 – б.қ. Сол жағына осы қимылдарды қайталау (8 рет)<br>4.«Қолдары тізеде»<br>Б.қ. – аяқтары параллель, қолдары дене бойымен төмен түскен. 1 – қолдарын екі жаққа жазу; 2 – оң аяғын бүгу, қолдарын тізесіне қою; 3 – аяғын түсіру, қолдарын қайта екі жаққа жазу. Сол аяғымен сол қимылдарды қайталау (9 рет).<br>5.«Қарлығаш»<br>Б.қ. – тұру. 1–4 – оң аяғымен тұру, денені алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8 рет).<br>6.«Қорапша»<br>Б.қ. – еденге етпетінен жатып, 1 – 4 – аяқтарын жоғары басына тигенше көтеру – 6 рет<br>7.«Көпір»<br>Б.қ. — жерде жату, қолдарымен басынан асырып, еденге тірелу. Қол-аяғына тіреліп, денесінжерден көтеру – 5 рет. | 3.«Бұрылу»<br>Б.қ. – аяқтарын иықтарының еніне, қолдарын желкесіне қояды. 1 – оңға (солға) бұрылу; 2 –<br>б.қ. (8 рет).<br>4.«Отыру»<br>Б.қ. – тізерлеп тұру, қолдарын денесінің бойымен екі жаққа ұстау. 1-2 – оңға (солға) отырып-тұру, қолдарын жоғары көтеру; б.қ. (6 рет).<br>5.«Қарлығаш»<br>Б.қ. – тұру. 1–4 – оң аяғымен тұру, денені алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8 рет).<br>6.«Қорапша»<br>Б.қ. – еденге етпетінен жатып, 1 – 4 – аяқтарын жоғары басына тигенше көтеру – 6 рет | ұру. Солаяғымен соны қайталау.<br>5.Б.қ.: арқасына шалқалап жату, түзулеп екі аяғын бірдей жоғары көтеріп апарып,басынан асырып, жерге тигізу. Аяқтарын қайта төмен түсіріп, б.қ. қайту. 7-8 рет.<br>6.Б.қ.: ішімен етпетінен жатып, қолдарын иегінің астынан таянып жату. Екі қолдарын екіжаққа жазып, арқасымен артқа қайырылу. Жаттығу кезінде аяқтарын жерден алмайды. 7-8рет.<br>7.Б.қ.: аяқтарын біресе бірге ұстап, біресе екі жаққа ашып бір орында секіру. Секіруді жүрумен алмастыру. 2-3 рет. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **01.04.24**<br>**Дүйсенбі** | **02.04.24**<br>**Сейсенбі** | **03.04.24**<br>**Сәрсенбі** | **04.04.24**<br>**Бейсенбі** | **05.04.24**<br>**Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптастыру.<br>Қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада терминдерді пайдалануға жаттықтыру. Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту.<br>**Дағды**: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторика дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды;<br>**Түсінеді:** термин мағынасын**;** заттардың орналасуын;<br>**Қолданады:** қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Хатқалтаны ашып, оқиды: «Педагогтің үстелінің алдына тұр, тура жүр, шкафқа жақында, ондағы | **Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** «Ж» – «Ш» дыбыстарының ұқсастығын үйрету. Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру.<br>**Дағды**: Балалардың бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлең мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:**өлең мазмұнын, дыбыстардың ұқсастығын;<br>**Қолданады**: жануарлардың дауысын салуды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Түсіну:**<br>-Қандай үй жануарларын білесіңдер?<br>-Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз?<br>-Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма?<br>-Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз?<br>-Төлдер ең алғашында немен қоректенеді?<br>-Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді.<br>**Білу:** Балалар, сендер төлдерді қалай шақыратынын білесіңдер ме?<br>Қойдың қошақанын «Пұшайт-пұшайт!» – деп шақырады. Ешкі, лақты «Шөре-шөре!» – | **1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптастыру.<br>Қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада терминдерді пайдалануға жаттықтыру. Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту.<br>**Дағды**: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторика дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды;<br>**Түсінеді:** термин мағынасын**;** заттардың орналасуын;<br>**Қолданады:** қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Хатқалтаны ашып, оқиды: «Педагогтің үстелінің алдына тұр, тура жүр, шкафқа жақында, ондағы | **2.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br><br>**ҰІӘ мақсаты:** кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптастыру.<br>Қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада терминдерді пайдалануға жаттықтыру. Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту.<br>**Дағды**: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторика дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды;<br>**Түсінеді:** термин мағынасын**;** заттардың орналасуын;<br>**Қолданады:** қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Хатқалтаны ашып, оқиды: «Педагогтің үстелінің алдына тұр, тура жүр, | **1. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дауысты, дауыссыз және сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау. Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру.<br>**Дағды:** Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы және де дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту, сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** сөздердің бірінші дыбысын анықтайды және талдау жасайды, сөздердегі буын санын анықтайды.<br>**Түсінеді:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын, буынның жасалу жолын.<br>**Қолданады:** сөйлем сызбасын, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Ойын: «Сөз тізбегі»<br>Допты балаға беріп бір сөз айтады. Бала педагог айтқан сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөзді айтып, допты келесі балаға береді. Ойын осылай жалғасын табады. Ойын барысында бірінші және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорапта ойыншық жатыр».<br>Оқуды жалғастырады:<br>«терезеге жақында, сол жаққа бұрыл, перденің артында қуыршақ бар».<br>**Қолдану: «Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны**<br>Ұйымдастырады. Кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп,<br>көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ - сол жақ, жоғары - төмен және т.б.<br>Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.<br>**Түсіну: Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны**<br>Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады.<br>Балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б.<br>Қызығушылық танытып, педагогті тыңдайды.<br>**Білу: Топпен жұмыс:** Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар. | деп шақырады. Жылқы, құлынды «Құрау-құрау!» – деп шақырады. Сиыр, бұзауды<br>«Аухау-аухау!» – деп шақырады. Түйе, ботақанды «Көс-көс!» – деп шақырады.<br>**Қолдану:** Кәне, бәріміз бірге «Ж» – «Ш», – деп айтайық.<br>«Ж» – «Ш» дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленеді де, алға қарай жиырылады. Үстіңгі, астыңғы тістердің аралығы «С» және «З» дыбыстарын айтқандай қалыпта. Тіл ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді. Тілдің алдыңғы жағы ойықталады да, екі жағы үстіңгі тіске тиеді. Жабық дауыс шымылдығының дірілінен «Ж» дыбысы жасалады.<br>«Ж» дыбысының буын ішінде кездесуі.Жы-жы-жы – жылқы. Жа-жа-жа – Менің атым – Қожа.<br>«Ш» дыбысының буын ішінде кездесуі.<br>**Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал».**<br>**Ойын шарты:** Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады.Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді. | қорапта ойыншық жатыр».<br>Оқуды жалғастырады:<br>«терезеге жақында, сол жаққа бұрыл, перденің артында қуыршақ бар».<br>**Қолдану: «Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны**<br>Ұйымдастырады. Кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп,<br>көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ - сол жақ, жоғары - төмен және т.б.<br>Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.<br>**Түсіну: Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны**<br>Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады.<br>Балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б.<br>Қызығушылық танытып, педагогті тыңдайды.<br>**Білу: Топпен жұмыс:** Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар. | шкафқа жақында, ондағы қорапта ойыншық жатыр».<br>Оқуды жалғастырады:<br>«терезеге жақында, сол жаққа бұрыл, перденің артында қуыршақ бар».<br>**Қолдану: «Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны**<br>Ұйымдастырады. Кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп,<br>көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ - сол жақ, жоғары - төмен және т.б.<br>Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.<br>**Түсіну: Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны**<br>Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады.<br>Балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б.<br>Қызығушылық танытып, педагогті тыңдайды.<br>**Білу: Топпен жұмыс:** Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. | ең соңғы дыбысты анық айтылуы шарт.<br>Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер»<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді араластырып айтамын, сендер тиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріңдер.<br>Мысалы: *маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, керік, тышқан, ит, доңыз, мысық, тай, қой, құлын, тауық, ешкі, лақ, сиыр, бота, қозы, көжек, бақа, ағаш, гүл, балық, қарға, арпа, арқан, ботқа, шаш, мақта, қағаз, базар, жапырақ, ит, үйшік, балта, балға, егеу, кереует, қамшы, алқа, доп, керік, кекілік, бор, қорық, қоныс, тиін, марғау, жылан т.б.*<br>**Қолдану:** ***Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт»****(Педагог суреттерді көрсетеді*).<br>Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар.<br>Мысалы: *өшіргіш(ө), әтеш(ә), апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү)* т.б.<br>**Білу:** Суреттегі жануарлардың аты қандай дыбыстан басталып тұр анықта. Үй жануарлар туралы сөйлем құра. Сызбасын сыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын жаттығуы. «Өз өрнегің туралы айтып бер».** Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс.<br>Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта - дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта -сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта - тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан.<br>Өткен оқу қызметіндегі **«Сиқырлы қозғалыстар»** ойынын қайталауды ұсынады. Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**Математикалық поэзия сәті: Сергіту сәті.**<br>*Көтеріп қолын қуыршақ,*<br>*Жоғары-төмен, жоғары-төмен.*<br>*Шыр көбелек айналып,*<br>*Би билейді бізбенен.* | | **Ойын жаттығуы. «Өз өрнегің туралы айтып бер».** Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс.<br>Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта - дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта -сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта - тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан.<br>Өткен оқу қызметіндегі **«Сиқырлы қозғалыстар»** ойынын қайталауды ұсынады. Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**Математикалық поэзия сәті: Сергіту сәті.**<br>*Көтеріп қолын қуыршақ,*<br>*Жоғары-төмен, жоғары-төмен.*<br>*Шыр көбелек айналып,*<br>*Би билейді бізбенен.* | Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар.<br>**Ойын жаттығуы. «Өз өрнегің туралы айтып бер».** Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс.<br>Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта - дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта -сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта - тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан.<br>Өткен оқу қызметіндегі **«Сиқырлы қозғалыстар»** ойынын қайталауды ұсынады. Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**Математикалық поэзия сәті: Сергіту сәті.**<br>*Көтеріп қолын қуыршақ,*<br>*Жоғары-төмен, жоғары-төмен.*<br>*Шыр көбелек айналып,*<br>*Би билейді бізбенен.* | Мысалы:<br>ат - *(а) - жуан дауысты дыбыс.* түйе - *(т) - қатаң дауыссыз дыбыс.* аю - *(а) - жуан дауысты дыбыс.* қоян - *(қ) - қатаң дауыссыз дыбыс.* бұзау - *(б) - ұяң дауыссыз дыбыс.*<br>қасқыр - *(қ) - қатаң дауыссыз дыбыс.* арыстан - *(а) - жуан дауысты дыбыс.*<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Айдын шалқар көлдерде<br>Балықтар өмір сүреді.<br>Шолпылдатып құйрығын, Әрі-бері жүзеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  | |  |  | |

*1 үзіліс -*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Еркін ойын түрі: «Ұшқыштар»**

**Мақсаты: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар ету. Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.**









**Еркін ойын түрі: «Ұшқыштар»**

**Мақсаты:** Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.

**Әдістемелік нұсқаулар:** Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Олар бірінің соңынан бірі қолбасшының артында тұрады. Түрлі-түсті жалаушалармен белгіленген алаңдарда топтар орналасқан. Бұл- әуежай. «Ұшқыштар ұшуға дайындалыңдар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады /еңкейеді/, моторды айландырады /қолдарымен кеуденің тұсында айландырады/, канаттарын жан-жаққа созады, ұшады /әртүрлі бағытта жан-жаққа жүгіреді/. Ұшақтар тәрбиеші «қоныңдар», - деген белгі бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейін қолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4-5 рет қайталанады.

**Ұсыныс:** ойында әртүрлі құралдарды пайдалануға болады. Әуежайды белгілеп қойған жалаушаларды тәрбиеші білдірмей ауыстырып қояды. Қолбасшының топтарын әуежайға дұрыс орналастыруы қажет.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** түрлі ойындар арқылы балалардың алдыңғы | **2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Наурызкөже туралы түсінік беру.Балалардың ойлау қабілетін дамыту. | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын бекіту. Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұян, үнді дауыссыз | **2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Наурызкөже туралы түсінік беру.Балалардың ойлау қабілетін дамыту. | **4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тақырыптар бойынша алған білімдерін пысықтау.<br>**Дағды:** Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** жасырылған сөзді, сипаты арқылы табады, сөздің неше дыбыстан тұрғанын анықтайды, берілген буынның жалғасын табады.<br>**Түсінеді:** қарама-қарсы сөздерді түсінеді**.**<br>**Қолданады:** буынға бөлуде сызбаны қолданады, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын-жаттығу: **«Жалауша»**<br>Қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>Дидактикалық жаттығу:<br>**«Тиісті белгіні көтер»**<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты | **Дағды**: Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларыннан шығармашылық әңгіме құрайды ;<br>**Түсінеді:**қазақтың салт-дәстүрлерін, қамшының сабы тобылғы ағашы екенін;<br>**Қолданады:**көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу: Миға шабуыл:** Жұмбақ шешу.<br>Бір ауызды бұйым бар,<br>Тіктөртбұрыш пішінде.<br>Затынды аман сақтайды,<br>Салып қойсаң ішіне. Көлемі болар әртүрлі, Орташа, үлкен, кіші де.<br>Оюлар зерлеп жасалған,<br>Қызығасың түсіне.<br>Айтыңдаршы, бұл не зат,<br>Көрпе жинайтын үстіне?<br>Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге **Наурыз мерекесі туралы айтып берейін:**<br>Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі.<br>Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың | дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды:** Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауыссыз дыбыстан басталатын заттарды анықтайды, сөздерді буынға бөледі, дыбыстық талдау жасайды**.**<br>**Түсінеді:** қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың жасалу жолын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны.<br>1.Қайың, терек, шырша – ...<br>2.Сызғыш, дәптер, кітап, қаламсап – ...<br>3.Манты, ет, сорпа, палау – ...<br>4.Орындық, үстел, сөре, диван – ...<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын: «Пішініне қара»<br>Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек т.б.*<br>Балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы*: вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір,* | **Дағды**: Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларыннан шығармашылық әңгіме құрайды ;<br>**Түсінеді:**қазақтың салт-дәстүрлерін, қамшының сабы тобылғы ағашы екенін;<br>**Қолданады:**көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу: Миға шабуыл:** Жұмбақ шешу.<br>Бір ауызды бұйым бар,<br>Тіктөртбұрыш пішінде.<br>Затынды аман сақтайды,<br>Салып қойсаң ішіне. Көлемі болар әртүрлі, Орташа, үлкен, кіші де.<br>Оюлар зерлеп жасалған,<br>Қызығасың түсіне.<br>Айтыңдаршы, бұл не зат,<br>Көрпе жинайтын үстіне?<br>Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге **Наурыз мерекесі туралы айтып берейін:**<br>Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі.<br>Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың | отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту.<br>**Дағды:** Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту . Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** әннің музыкасын әндете айтады, дұрыс тыныс алуды жасайды. **Түсінеді:** музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру**.**<br>**Қолданады**: ұлттық билердің элементтерін орындайды, аспаптарда ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Балалар марш әуенімен кіріп, шеңбер бойында тұрып, «Жануарлар әлемі» әуенінен жануарлардың, құстардың қимылдарын жасайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.<br>**Қолдану:** Дыбыстық жаттығу: “Ұйқасын тап”<br>Буынның аяғын айтады, балалар ұйқас сөзді тауып жалғастырып айтады.<br>Ау-ау-ау, не деген биік **тау.**<br>Гер-гер-гер, науқасты емдейтін . . . (дәрігер)<br>Тік-тік-тік, қыста кидің . (етік)<br>Қан-қан-қан, жайды әжем . . . (дастарқан)<br>Яр-яр-яр, тұздағынымыз (қияр)<br>Тап-тап-тап, оқып отырмын . . .(кітап)<br>Қы-қы-қы, жайылып жүр . . .(жылқы)<br>Иыр-иыр-иыр, сүті қою . . .(сиыр)<br>Не-не-не, қолыма кірді . .(ине)<br>Қа-қа-қа, бақылдайды . (бақа)<br>**Білу:** Дидактикалық жаттығу: **“Жасырылған сөз”**<br>**Шарты:** бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады.<br>Мысалы: “*Ол күз мезгілінен кейін келеді*”, “*Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді*”.<br>Жауабы: қыс.<br>**Саусақ жаттығуы** | белгісі, халық қастерлейтін, бірігіптойлайтын күн.<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын: **«Бір сөзбен ата».**<br>**Ойын шарты:** Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Педагог көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады.<br>Өрік, шие, алмұрт – ...<br>Түлкі, қоян, қасқыр – ...<br>Шай, май, тұз – ...<br>Бет, мұрын, аяқ – ...<br>Қауын, қарбыз, сәбіз – ...<br>**Қолдану:** Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.<br>Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме?<br>Оны кім пісіреді? Оған не қосады? | *баспахана, велосипед, газ, ғарыш, зебра, дос, зырылдауық, жалбыз, бантик, виньетка, гүл, дөңгелек, ғарышкер, жер, бал т.б.*<br>Балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, нарын, рауғаш, лала гүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.*<br>**Қолдану:** Дидактикалық жаттығуы: «Буынға буын қос» (педагог балаларға суреттер көрсетеді)<br>Педагог: -Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: ( ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын,дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май..мыл, бал..та, бал..ға, пар..та, қызғал..дақ, түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит, ке..се, ке..ме, қуыр..шақ т.б.)<br>**Білу: Көше, ағаш сөздеріне дыбыстық талдау жасау.**<br>Көше сөзіне дыбыстық талдау. Көше сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ө – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. | белгісі, халық қастерлейтін, бірігіптойлайтын күн.<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын: **«Бір сөзбен ата».**<br>**Ойын шарты:** Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Педагог көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады.<br>Өрік, шие, алмұрт – ...<br>Түлкі, қоян, қасқыр – ...<br>Шай, май, тұз – ...<br>Бет, мұрын, аяқ – ...<br>Қауын, қарбыз, сәбіз – ...<br>**Қолдану:** Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.<br>Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме?<br>Оны кім пісіреді? Оған не қосады? | ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Құстар» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында тұрып, қолдарын қанат секілді жайып, музыкаға ілесе жеңіл аяқтың ұшымен құс болып ұшады.<br>***Музыка тыңдау:*** «Көкек» (Х. Мұхамедова).<br>Музыка тыңдап болған соң ән сипатын, мағынасын әңгімелеп, балалардан сұрау.<br>Көктем, көктем, көктемде,<br>Бұл құстардың бәрі де<br>Әнші болып кеткен бе?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну:** Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Көктем» (А. Жайымов).<br>Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әнді орындау барысында ырғақтық ерекшеліктерге тоқталу, дыбыс ұзақтықтарын алақандарымен шапалақтап көрсету.<br>Үйренген «Ғарышкер боламыз» әнін (Ш. Мұхамеджанов) еске түсіру, сөздерін анық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолды алға созамыз,<br>Алақанды бұрамыз.<br>Алақанның сыртымен<br>Шапалақты ұрамыз. | | Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Ағаш сөзіне дыбыстық талдау.**<br>Ағаш – 2 буын, 4 дыбыс.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ғ – ұяң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ш – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз. | | айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>Жеке немесе топпен ән айту.<br>**Білу:** ***Ойын:*** «Не қалай шақырады?» музыкалық-дидактикалық ойын.<br>Ойында аңдардың, жануарлардың, құстардың қалай шақыратынын түсіндіріп, өздеріне сол дыбысталуды қайталауды талап ету. **Музыкалық аспапта ойнау:** «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников).<br>Шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.<br>Балалар күннің қай мезгілде ұйықтататынын еске түсіріп, музыка қалай ойналатынын сұрау. Аспапта асықпай әуенге ілесе ойнау. |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

**Басты мақсат:Жылдамдықты, икемділікті, төзімділікті, күшті дамыту. Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.**

| | | |
|---|---|---|
| **II нұсқа**<br>**«Шар жарылды »**<br>Тәрбиеші мен он шақты бала қол ұстаса шеңбер жасап<br>« пф-пф-пф»-деп қолдарын кере шеңберді үлкейтіп кеңейте береді. Тәрбиеші « шар жарылды»-деп дауыстап қалғанда балалар қолдан жібере салып «ой»-деп отыра кетеді. Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатып балаларды қол ұстаса шеңбер жасап тұруға үйретеді.<br> |  <br> <br>  | **Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны**<br>**Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.**<br>**Ойынның шарты:** Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.<br>  |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау; үй жануарлары мен жабайы аңдардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету.<br>**Дағды:** Тірі нысанды суреттеу қабілеттерін дамыту; зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** | **. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Допты қатарда тұрып, алысқа лақтыруды үйрету; лақтыру күштілігін арттыру; жүгірудің түрлерін техникалық дұрыс орындауға үйретуді жалғастыру; тепе- теңдік сақтау – ұзын орындықпен текшелерден аттап, денесінің бір жақ қырымен жүруге,50 см | **.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Үй құстарының атауларын білу және оларды бір-бірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту.<br>**Дағды:** Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын, бақылау нәтижелерін талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** | **3.Сөйлеуді дамыту-танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** «Ж» – «Ш» дыбыстарының ұқсастығын үйрету. Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру.<br>**Дағды**: Балалардың бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлең мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап береді; | **3**<br>**. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br><br>**ҰІӘ мақсаты:** Допты қатарда тұрып, алысқа лақтыруды үйрету; лақтыру күштілігін арттыру; жүгірудің түрлерін техникалық дұрыс орындауға үйретуді жалғастыру; тепе- теңдік сақтау – ұзын орындықпен текшелерден аттап, денесінің бір жақ қырымен жүруге,50 см арақашықтықта қойылған қамшылардан екі аяқтап секіріп өтуге жаттығу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жасайды:** үй жануарларының түрлерін атап береді, үй жануарлары мен жабайы аңдардың бір-бірінен ажыратады.<br>**Түсінеді**: адамға әкелетін пайдасын түсінеді.<br>**Қолданады**: коммуникативтік байланыс орната біледі, топпен жұмыс істей алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Балаларды зерттеу жұмысына қатысуға шақырады** Сендер қалай ойлайсыңдар, жануарлар әрқашан адамның жанында тіршілік етті ме? Сендер ит, мысық сынды өзгеде үй жануарларының арғы атасы кім болғанын білесіңдер ме? Үй жануарлары орманда өз бетінше тіршілік ете ала ма еді? Орманда оларға қандай қауіп төніп тұр? Адамдар жабайы аңдарды өте ерте замандарда қолға үйреткен. Иттердің арғы атасы – қасқырлар, үй мысығының арғы атасы – жабайы мысық, сиырлардың атасы – жабайы бұқалар, шошқалардың атасы – жабайы қабандар, жылқылар мен есектердің атасы – жолақ құландар. Жануарлардың тұратын жерлерін атап береді: сиырлар (сиыр қорада, фермада), жылқылар (ат қорада), қойлар (қой қорада) тұрады.<br>Үй жануарлары орманда тіршілік ете алмайды. Себебі олар ондай жағдайда тіршілік етуге үйренбеген. | арақашықтықта қойылған қамшылардан екі аяқтап секіріп өтуге жаттығу.<br>**Дағды:** Көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландыра білуге жаттықтыру әрі дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** допты қатарда тұрып, алысқа лақтыруды үйрету;<br>**Түсінеді:**лақтыру күштілігін арттыруды; жүгіруді түрлерін техникалық дұрыс орындауды.<br>**Қолданады:** дамыған көзмөлшері мен қимылдық қасиеттерін, әртүрлі жүрістегі тепе-теңдік сақтауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Лақтыру –** қатарда тұрып, допты алысқа басынан асырып, бүгілген қолдарын шұғыл жазып лақтырады.<br>Нұсқау – залды не оңынан, не солынан айналып өтіп, доптың артынан белгі берілгенненкейін ғана жүгіру керек.<br>Жұппен тапсырмалар орындау<br>**Түсіну: Тепе-теңдік сақтау** – текшелерден аттап, ұзын орындықпен дененің бір | **Жасайды:** үй құстарының бірнеше түрін атап береді.<br>**Түсінеді:**адамға әкелетін пайдасын, қылықтары мен ерекшеліктерін түсінеді.<br>**Қолданады**:коммуникативтік байланыс орната біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Балалар суреттерді қарап шығады. Үй құстарын атайды. Адам күтіп-бағатын құстарды үй құстары деп атайды. Адамдар оларға қамқорлық жасайды. Балапандарды: балапан, үйректің балапаны, бала қаз, күрке тауық балапаны деп атайды. Адамдар құстарға жем, су береді, оларға арнап күрке, қора салады. Құстардың пайдасы көп. Олардың еті мен жұмыртқасы – тамақ, жүнін тұрмыста қолданады, яғни көрпе. Жастық жасайды. Қарындашпен қоршап сызады.<br>**Қолдану: «Іс-әрекетті таңда» ойынын ұйымдастырады (доппен ойналады).** Балалар бір-біріне доп лақтырып, құстардың іс-қимылдарын атайды: ұшады, шоқиды, секіреді, сайрайды, қауырсынын тазалайды, ұя салады, балапан басады, балапандарына қамқорлық жасайды, ұйықтайды, ағаштың бұтағына қонып отырады, қорек іздейді | **Түсінеді:**өлең мазмұнын, дыбыстардың ұқсастығын;<br>**Қолданады**: жануарлардың дауысын салуды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Түсіну:**<br>-Қандай үй жануарларын білесіңдер?<br>-Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз?<br>-Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма?<br>-Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз?<br>-Төлдер ең алғашында немен қоректенеді?<br>-Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді.<br>**Білу:** Балалар, сендер төлдерді қалай шақыратынын білесіңдер ме?<br>Қойдың қошақанын «Пұшайт-пұшайт!» – деп шақырады. Ешкі, лақты «Шөре-шөре!» – деп шақырады. Жылқы, құлынды «Құрау-құрау!» – деп шақырады. Сиыр, бұзауды «Аухау-аухау!» – деп шақырады. Түйе, ботақанды «Көс-көс!» – деп шақырады.<br>**Қолдану:** Кәне, бәріміз бірге «Ж» – «Ш», – деп айтайық. «Ж» – «Ш» дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленеді де, алға қарай жиырылады. Үстіңгі, астыңғы тістердің аралығы «С» және «З» дыбыстарын айтқандай қалыпта. Тіл ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ | **Дағды:** Көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландыра білуге жаттықтыру әрі дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** допты қатарда тұрып, алысқа лақтыруды үйрету;<br>**Түсінеді:**лақтыру күштілігін арттыруды; жүгіруді түрлерін техникалық дұрысорындауды.<br>**Қолданады:** дамыған көзмөлшері мен қимылдық қасиеттерін, әртүрлі жүрістегі тепе-теңдік сақтауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Лақтыру –** қатарда тұрып, допты алысқа басынан асырып, бүгілген қолдарын шұғыл жазып лақтырады.<br>Нұсқау – залды не оңынан, не солынан айналып өтіп, доптың артынан белгі берілгенненкейін ғана жүгіру керек.<br>Жұппен тапсырмалар орындау<br>**Түсіну: Тепе-теңдік сақтау** – текшелерден аттап, ұзын орындықпен дененің бір жағымен қырындап жүру. (3 рет).<br>1-тізбек ұзын орындықпен жүруді орындайды, ал 2-тізбек секіруді орындайды. Сосын екітоп орын ауыстырады.<br>**Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны: «**Кім шапшаң?»(3 рет).<br>Төрт жүргізуші таңдап алынып, оларға әртүрлі түсті орамал беріледі.Ойынға қатысады.<br>Төрт жүргізушінің соңынан тұрады. Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады. Жүргізушілер көрсетілген жерге кетіп қалады. Ойыншылар өз командирлерін тез тауып,артынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсіну: «Ой-пой-пой» дидактикалық ойыны.** Педагог мынадай жағдайларды мысалға келтіреді: Үй жануарлары орманда тіршілік ете алады. Адам үй жануарларын бағады. Шошқа бағушы жылқыға күтім жасайды. Жылқыларға арнап жылқы қора салады. Сіздерге бүгінгі ҰОҚ ұнады ма? Балалар ойынға қосылады. Егер балалар педагогтің айтқанымен келіссе: «Ой-пой-пой, дәл солай!» – деп жауап береді. Егер келіспейтін болса: «Ой-пой-пой, олай емес!» – деп жауап береді. | жағыменқырындап жүру. (3 рет).<br>1-тізбек ұзын орындықпен жүруді орындайды, ал 2-тізбек секіруді орындайды. Сосын екітоп орын ауыстырады.<br>**Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны: «**Кім шапшаң?»(3 рет).<br>Төрт жүргізуші таңдап алынып, оларға әртүрлі түсті орамал беріледі. Ойынға қатысады.<br>Төрт жүргізушінің соңынан тұрады. Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады. Жүргізушілер көрсетілген жерге кетіп қалады. Ойыншылар өз командирлерін тез тауып, артынан барып, тізбекке тұра қалуға тырысады. | | тимейді. Тілдің алдыңғы жағы ойықталады да, екі жағы үстіңгі тіске тиеді. Жабық дауыс шымылдығының дірілінен «Ж»дыбысы жасалады.<br>«Ж» дыбысының буын ішінде кездесуі.Жы-жы-жы – жылқы. Жа-жа-жа – Менің атым – Қожа.<br>«Ш» дыбысының буын ішінде кездесуі.<br>**Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал».**<br>**Ойын шарты:** Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады.Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді.<br>**Тыйым сөз жаттату.**<br>Малды теппе.<br>"Жайлауда " өлеңін мәнерлеп оқып беремін.<br>Жаздың күні жайлауда,<br>Қандай жақсы ойнауға.<br>Жүйрік желмен жарысып,<br>Қозы, лақпен табысып,<br>Көл бойында тынығып, Күнге күйіп, шынығып, Жүресің сен жайраңдап,<br>Кең даланы сайрандап,<br>Жайлау, жайлау – жасыл бақ,<br>Мәз боламыз асыр сап.<br>**Поэзиялық сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үп-үлкен болып өседі. | барып, тізбекке тұра қалуға тырысады. |
| ***3 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.** | | | | | |

| | |
|---|---|
|  <br>  | **Ойын: «Үйрек үйрек, қаз».**<br>**Мақсаты:** Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.<br>**Барысы:** Қатысушылар дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші шеңбердің ішінде айналып жүріп, қолымен көрсетіп "үйрек, үйрек, үйрек, ......... қаз" дейді. Қаз жүргізушіге қарай, қарама-қарсы жүгіреді. Бұл екеуінің орындайтын тапсырмасы тезірек босаған орынға барып тұру.<br>**Ойынның қиындығы :** олар ортада кездескенде бір-бірінің қолын алып, реферанс (қимылмен ілтипат) жасау керек, бір-біріне күліп қарап: "Қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш" деп сәлемдеседі де, бос орынға қайтадан жүгіреді. Осылай ойын жалғаса береді. Ескерту: Жүргізуші барлық балалар "Қаз" рөлінде ойнап шығуын қадағалап тұрады. Сәлемдесу және реферанс нақты көтеріңкі дауыс ырғағымен орындалу қажет.<br>   |

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Заттарды көлденең нысанаға лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді,«малдас құрып отырып» ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, қағып алуды үйрету. Ұлттық ойындарға қызығушылығын арттырып, азаматтық пен толеранттылыққа баулу.<br>**Дағды:** Тепе-теңдік сақтауды, негізгі қимыл түзету жаттығуларын жасауды, асықты гимнастикалық ұзын орындықтың үстімен келе жатып, алдына, артына жинауды, ұсақзаттарды (асықтарды) малдас құрып отырып атуды, қағып алуды дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** көлденең нысанаға ұсақ заттарды лақтыру, «Дала әуендерін» тыңдау,релаксация.<br>**Түсінеді:** «асық» термині, асық ойнаудың маңызы, тепе-теңдік сақтау, тапсырмаларды | **4. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту.<br>**Дағды:** Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып | **4.Жапсыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** қиюдың түрлі тәсілдерін сәндік қолданбалы өнер элементтерін жапсыруда қолдана білуді үйрету.<br>**Дағды:** сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру; саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; ою атауларын еске түсіру; ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Балардың ой-қиялын, эстетикалық тәрбиесін дамыту дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:** | | 4 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындағанда алдыға тік қарау, асықтарды тек Педагогтің бұйрығымен ғана көтере бастау, ойын ережелері.<br>**Қолданады:** ұсақ заттарды лақтыру, қағып алу дағдылары, шашырап жүру, жүгіру, ұсақ заттармен қимылдарды орындай білу, зал кеңістігін бағдарлау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**«Затты тауып айт» ойын жаттығуы. Қоржынды іздеп табады. Асықтарды зерттеп, сипаттап,асықтың түсу түрлерін атап айтады (алшы, тәйке, бүк, шік).<br>Асық ойыны жайлы, оның Азияда таралуы жайлы  тарихқа көз жүгірту.<br>Дөңгелене тұрып «Асық алу» қимыл-қозғалыс ойынын ойнайды. Алдымен дөңгеленеайналып, шашырап жүреді. «Асық ал!» – деп белгі бергенде ортаға ұмтылып, асықтарды алуға тырысады.<br>**Түсіну: «Қазан»** – асықтырды көлденең нысанаға 3 метрден лақтыру. (4 рет). Бастапқы қалыпта аяқтары иық енінен кеңірек, оң аяғы аздап артқа таман, оң қолы кеуде тұсына қойылады. Асық ату кезінде оң қолы барынша төмен-артқа қайырылып, сосын алдыға-жоғары серіліпқозғалады.<br>Негізгі қимылдарды орындайды.Құрсауларды айналып тұрып (4 шеңберді 3 м қашықтықтан айналып тұрады), асықтардыортаға лақтырады.<br>Шеңберге «қазанға» түсірген асығына байланысты жеңімпаздар анықталады. | ойнауды дамыту . Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру.<br>**Күтілетін  нәтиже:**<br>**Жасайды:**  әннің музыкасын әндете айтады, дұрыс тыныс алуды жасайды.  **Түсінеді:** музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру**.**<br>**Қолданады**: ұлттық билердің элементтерін орындайды, аспаптарда ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**  Балалар марш әуенімен кіріп, шеңбер бойында тұрып, «Жануарлар әлемі» әуенінен жануарлардың, құстардың қимылдарын жасайды.<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Құстар» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында тұрып, қолдарын қанат секілді жайып, музыкаға ілесе жеңіл аяқтың ұшымен құс болып ұшады.<br>***Музыка тыңдау:*** «Көкек» (Х. Мұхамедова).<br>Музыка тыңдап болған соң ән сипатын, мағынасын әңгімелеп, балалардан сұрау.<br>Көктем, көктем, көктемде,<br>Бұл құстардың бәрі де<br>Әнші болып кеткен бе? | **Жасайды:**  ұлттық киімді, ою-өрнек түрлерімен әшекейлейді;<br>**Түсінеді:** ұлттық киімдерді сәндеуде оюларды қолданатынын;<br>**Қолданады:** түстерді сәйкестендіре отырып сәндік жапсыруды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**   Үнтаспадан «Ақ әжем» әні орындалады.<br>Әні: К. Қуатбаевтікі.<br>Сөзі: О. Әубәкіровтікі.<br>  ұлттық киім үлгілерін көрсетіп, балаларға сұрақтар қояды.<br>– Бұл қандай киімдер?<br>– Қалай аталады?<br>– Сендерге ұнай ма?<br>– Әжелеріңнің, өздеріңнің ұлттық киімдерің бар ма?<br>– Осы киімдердің қандай ерекшелігін байқадыңдар?<br>**Түсіну:**  «Оюлар» бүктемесінен «Тұмар»,«Қошқармүйіз», «Ботакөз», «Қызғалдақ» ою түрлерін еске түсіру.–Балалар, мына әженің қамзолы әдемі болу үшін не істеу керек?<br>**Білу:**  Қызыл түсті қағаздан 4 қиықшаны бүктеу әдісімен қию.<br>Жасыл түсті қағазды бүктеп, «Қошқармүйіз» оюын қию. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Білу: «Малдас құрып отырған қалыптан»** асықтарды лақтырып, қағып алу. Алақанынауыстырады. Көрпешелерге малдас құрып отырады. Асықтарды жеке-жеке қағып алып, лақтырады. Алақанын дөңгелетіп қояды. Келесі лақтырғанда алақанын сыртымен айналдырып қояды.<br>Релаксация: «Дала әуендері». Малдас құрып, дөңгелене отырады. Ұлттық әуендердітыңдап, көздерін жұмып, дала көріністерін елестетеді. | Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну:** Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Көктем» (А. Жайымов).<br>Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әнді орындау барысында ырғақтық ерекшеліктерге тоқталу, дыбыс ұзақтықтарын алақандарымен шапалақтап көрсету.<br>Үйренген «Ғарышкер боламыз» әнін (Ш. Мұхамеджанов) еске түсіру, сөздерін анық<br>айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>Жеке немесе топпен ән айту.<br>**Білу: *Ойын:*** «Не қалай шақырады?» музыкалық-дидактикалық ойын.<br>Ойында аңдардың, жануарлардың, құстардың қалай шақыратынын түсіндіріп, өздеріне сол дыбысталуды қайталауды талап ету. **Музыкалық аспапта ойнау:** «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников).<br>Шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. | **Саусаққа, қолға арналған жаттығулар ұйымдастырылады.**<br>Бүктеу әдісімен қиып алған бөліктерді әжеміздің қамзолындағы белгіленген орынға жапсырамыз:<br>– жағасына;<br>– беліне;<br>– етегіне.<br>Балалармен сұрақ-жауап арқылы оюдың аттарын қайталап өтеді.<br>Бірнеше оюдың суретін көрсетеді.<br>– Балалар, мына оюлар қалай аталады? | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар күннің қай мезгілде ұйықтататынын еске түсіріп, музыка қалай ойналатынын сұрау. Аспапта асықпай әуенге ілесе ойнау. | | | |

***4 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру**









**Ойын: *«БОТАҚАН»(Қазақ халқының ойыны)***

**Мақсаты:** Оқушылардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту.

**Ойынның шарты:**

Ойыншылар өз орталарынан атан түйе мен мыстан кемпір сайлап алады. Қалғандары, яғни ботақандар атан түйенің артынан бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрады. Мыстан кемпір «ұшқыш сыпыртқысымен» атан түйенің алдына «ұшып келіп»: «Керуен, қайдан келе жатырсың, қайдакетіп барасың?» деп, артындағы ботақандарының біреуін беріп кетуін сұрайды. Бірақ оған атан түйе келіспейді. Сонда мыстан кемпір жүгіріп жүріп керуеннің соңындағы ботақанды күшпен тартып алуға әрекеттенеді. Ал атан түйе мыстан кемпірді ең соңғы ботақанға жібермеуге тырысады. Ботақанды ұстап алса, мыстан кемпір оны үйіне апарып қойып келіп, енді келесі соңғы ботақанды ұстап алуға әрекет етеді. Осылай 2-3-рет қайталанған соң, атан түйе мен мыстан кемпір басқадан сайланып, ойын әрі қарай жалғастырылады.







| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет** (Арнұр,Нұрым,Шахнұр)осы балалармен жұмыс жүргізу. | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті** **Дидактикалық ойын:** «Геометриялық пішіндер» (Ақжол,Жанеля) осы балалармен жұмыс жүргізу. | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет** (Ибраһим,Аяжан) осы балалармен жұмыс жүргізу. **Мақсаты :**Жатқа айта білу дағдысын қалыптастыру | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,таным дық әрекет** (Батыржан,Ажар) осы балалармен жұмыс жүргізу. **Мақсаты:** Талдау және | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет** (Баланың отбасы және қоғам) (Арнұр,Сұлтан) осы балалармен жұмыс жүргізу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:**сөздік қорын байыту<br>Қарға біздің қар, қар,<br>Сауысқаны саңқ, саңқ.<br>Торғайларым шиқ, шиқ<br>Жапалағым ух, ух.<br>Көкек көкек, көкек деп,<br>Ұшады екен желпілдеп | **Мақсаты:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. | Қарға біздің қар, қар,<br>Сауысқаны саңқ, саңқ.<br>Торғайларым шиқ, шиқ<br>Жапалағым ух, ух.<br>Көкек көкек, көкек деп,<br>Ұшады екен желпілдеп. | біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | «Көктемде не болады?»туралы әңгімелесу.<br>**Мақсаты:**Сурет бойынша өз ойын айытқызу. |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 1**<br>**Мойыл бұтасын бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Бұталар туралы білімдерін молайту;<br>Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту;<br>Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші әңгімесі:**<br>Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 2**<br>**Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау**<br>**Мақсаты***:* бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркемсөз «Көктем»**<br>**Б. Жақып**<br>Көктем келді бүгін,<br>Күнім төкті нұрын.<br>Сайрап барлық құстар,<br>Ән салуға құштар.<br>Түрлі_- түсті әйбат,<br>Гүлдер шықты жайнап.<br>Қызыл - жасыл аймақ,<br>Қырға шықтық ойнап.<br>Балаларға сұрақтар:<br>Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар?<br>Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар?<br>Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар?<br>**Дидактикалық тапсырма:** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 3**<br>**Бұлттарды бақылау**<br>**Мақсаты**: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Бақылау барысы.**<br>**Көркем сөз. «Бұлт»**<br>**Ө. Ақыпбекұлы**<br>Бұлттың қайда тұрағы?<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның,<br>Бұлт-көшпелі бұлағы.<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Бұлт дегеніміз не?<br>♦ Бұлттардың түсі қандай болады?<br>♦ Бұлттар неден тұрады? *(сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)*<br>бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? *(түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)*<br>♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 4**<br>**Топырақты бақылау**<br>**Мақсаты:** торф топырағының қыртысымен таныстыру .<br>**Бақылау барысы**<br>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.<br>Құммен торфты салыстыру;<br>Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптері мен атызға торф тасу. | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 5**<br>**Ауа-райын бақылау**<br>**Мақсаты:**Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз. А.Меңдібай**<br>Мамыр айы келгенде,<br>Дала гүлге толады.<br>Жайнап барлық атырап,<br>Қызық-думан болады.<br>Бақшамызда біз еккен,<br>Гүл шоқтары гүлдейді.<br>Жапырақтар сыбдырлап,<br>«Қандай көркем, көр»-дейді.<br>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.<br>Балалар, қарандаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).<br>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар*? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз.<br>Балаларға сұрақтар<br>Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді?<br>Мойылдың жемістері қай уақытта піседі?<br>Мойыл жидектерінен не жасайды?<br>Мойылдың басқа қандай қасиеті бар?<br>Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек?<br>**Еңбек**<br>Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу.<br>*Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Біздің аулада не өседі?».<br>*Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу.*<br>**Жаттығу ойыны** Қимылдарын дамыту<br>*Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру.*<br>***Мақал-мәтел:***<br>***Бір тал кессең, он тал ек.*** | Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе?<br>**Еңбек**<br>Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу.<br>**Қимылды ойын** «Кім аталған ағашқа тез жетеді?».<br>*Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабылеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу.*<br>**Жаттығу ойыны:** Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты: сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау*<br>***Мақал мәтел:***<br>***Бабасы еккенді, баласы орады.***<br>***Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы.***<br>***Дана көптен, дәрі шөптен*** | ♦ Шарбы бұлттар неге ұқсайды? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)<br>♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)<br>♦ Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау.<br>Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу.<br>**Еңбек**<br>Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру.<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..*<br>**Қимылды ойын** «Қасқыр қақпан».<br>*Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.*<br>**Жеке жұмыс**<br>Математикалық жаттығулар.<br>*Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.*<br>***Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.*** | *Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Аққу-қаздар».<br>*Мақсаты:* берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.<br>**Жаттығу ойыны**<br>Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.<br>*Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.*<br>***Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай.***<br>***Қара жерге де, қамқорлық керек.*** | Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)*<br>Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)<br>Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)<br>Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)<br>Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).<br>Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?<br>Жаңбыр қандай температурада жауады?<br>Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).<br>**Еңбек**<br>Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Үшінші артық».<br>*Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.*<br>**Жаттығу ойыны**<br>Қимылдарын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Бір ағаштан жасалады мың шырпы,*** <br> ***Мың ағашты өртеп кетер бір шырпы.*** | | | | *Мақсаты:* <br> Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; <br> Қозғалыс координацияларын сақтау; <br> ***Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы,*** <br> ***Мамыр айы- гүл айы.*** <br> ***-Көктемгі жауын артық болмас.*** |
| **Балаларды үйге қайтару.     Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!»** <br> **Ата-аналар мен әңгімелесу.** <br> **Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес*** <br> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес*** <br> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. <br> Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес*** <br> - үйдегі жағдайда баланың өзіне -өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** <br> - үйдегі жағдайда баланың өзіне -өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** <br> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»

**Балалардың жасы:** 5-6 жас

***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 08.04 – 12.04. 2023-2024 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 08.04 | Сейсенбі 09.04 | Сәрсенбі 10.04 | Бейсенбі 11.04 | Жұма 12.04 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-08:50<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 24 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Ұзын жіппен жаттығулар орындау.**<br>**№ 1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ. : түзу тұру, 1 – қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді.<br>2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет).<br>2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға)бұрады (8 рет).<br>3.Б.қ. : түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғының артынан беру (8 рет). | № 25 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жолдорбамен жаттығулар орындау**<br>**№ 1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ. : түзу тұру, 1– қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді.<br>2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет).<br>2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға)бұрады (8 рет)<br>3.Б.қ.: түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан | № 26 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Мойын бұлшық еттеріне қосымша қарсылыс көрсету арқылы орындалатын жаттығулар:**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, бір қолыңыз алақан мен иекке тірелген, басыңыз артқа қарай шалқайған, ал шынтағыңыз басқа қолыңыздың алақанына тірелген: бастықарсылық күшіне қарсы алдыға еңкейту, 5-6 сек 4–6 рет орындаңыз 15–20 сек демалып.<br>2.Б.т. – үстіндегідей жаттығу, бірақ бас алдыға еңкейген.<br>3.Б.т. – аяқты екі жаққа қою, бас кеудеге қарай еңкейген, | № 27 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Арқа мен іштің бұлшық еттерін нығайтуға арналған үлгілі жаттығулар:**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.т.- тұрған қалыпта, қолды белге. Шынтақ сыртқа қарайды, ал жауырындардықосуға тырыс. Бастапқы тұрысқа оралу. Дем шығару.<br>2.Б.т. – аяқты екі жаққа, қолдар иықта. Түзу арқамен алдыға еңкею. Бастапқытұрысқа оралу. Дем шығару.<br>3.Б.т. – тұрған қалыпта гимнастикалық таяқты қолда ұстау. Таяқты алдыға үстіге көтеру. Дем шығару. Бастапқы | № 28 гимнастика кешені<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Доппен жаттығулар орындау**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.т. – отырып жерде жатқан допты екі табанмен бірге алдыға-артқа жүргізу.<br>2.Б.т. – отырып жерде жатқан допты екі аяқтың табандарымен бөлек бір-бірлепалдыға-артқа жүргізу.<br>3.Б.т. – отырған қалыпта. Аяқ бүгілген, қолдары артқы жағында, доп табан астында. Допты екі табанмен солға-оңға айналдыра жүргізу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4.Б.қ. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайта келеді (8рет).<br>5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп,таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет)<br>6.Б.қ. Етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына датаспа ұстайды) (8 рет)<br>7.Б.қ. бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет). | екінші қолына оң (сол) аяғынынқартынан беру (8 рет).<br>4.Б.қ.: өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайтакеледі (8рет).<br>5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп,таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет)<br>6.Б.қ.: етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына датаспа ұстайды) (8 рет)<br>7.Б.қ. бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет). | саусақтарыңыз бастың артқы жағында қымтап ұсталған: бастың қарсылық күшіне қарсы қозғалуы. 4–6 рет.<br>4.Б.т. – үстіндегідей жаттығу, бірақ басы артқа шалқайған қалпында.<br>5.Б.т. – аяқты екі жаққа, бір қол басты тірейді, екіншісі белде: қарсылас күшіне қарсы бастың оңға – солға қозғлысы. 6–12 рет. Тыныс бірқалыпты.<br>6.Б.т. – аяқты екі жаққа, бір қол иекке тірелген, екіншісі белде: бастың қозғалу барысында иекпен қолға қысым білдіру, сол қалыпта 5-6 сек ұстау керек. 4–8 рет.<br>Берікті жаттығулардан кейін бұлшық еттерді созуға арналған жаттығулар орындалады. Мойын бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды профилактикалық құрал ретінде қолдануға болады. Оқу барысында немесе жұмыс кезінде бастың, мойын бұлшық етінің, дене көп уақыт аралығында ыңғайсыз күйде қалған кездегі әлсіреп, шаршағанын басу үшін қолдануға болады. | дене қалпына оралу. Тыныс алу.<br>4.Б.т. – тұрған қалыпта, астыға түскен қолда таяқ. Отырып, қолды алдыға көтеру.Арқа тік тұрады. Бастапқы дене қалпына оралу. Тыныс алу.<br>5.Б.т. – тұрған қалпында жауырынға таяқ қою. Алдыға еңкею, қолды жоғары көтере отырып таяқты үстіне шығару. Бастапқы дене қалпына оралу.<br>6.Б.т. – көлбеу жазықтықта арқаға жату, қолыңмен гимнастикалық қабырғаның рейкасынан ұстану, аяқты бүгіп ішке қарай көтеру. Бастапқы дене қалпына оралу. Тыныс алу.<br>7.Б.т. – арқамен жатып, велосипед жүргізген тәрізді аяқтармен қимыл жасау.<br>8.Б.т. – арқаға жатып, қолды көтеріп, аяқты көтеріп қолға тигізу. Келесі екінші аяқпен. Бірнеше рет қайтала.<br>9.Б.т. – ішпен жатып, дене бітімін көтеру. Кеуде сүйектеріне жұмыс. Бастапқы дене қалпына оралу.<br>10.Б.т. – ішпен жатып, қолдарды белде ұстау. Дене бітімін және оң аяқты көтеру. Тыныс алу. Бастапқы дене қалпына оралып, сол жаттығуды екінші аяққа жасау.<br>11.Б.т. – ішпен жатып, қолдарды шынтақ буындарында бүгу, жауырындардагимнастикалық таяқша ұсталынып тұр. Баяу дене бітімін көтеріп, оны гимнастикалық таяқшадан | 4.Б.т. – арқамен жатқан қалыпта, доп аяқ табандарының ортасында.<br>1-2– аяқты көтерген қалпында допты ұстап тұру.<br>3-4– бастапқы дене қалпына оралу.<br>5.Б.т. – арқамен жатқан қалыпта, доп аяқ табандарының ортасында.<br>1-2– аяқты көтерген қалпында допты ұстап тұру.<br>3-6– аяқ қимылдарымен допты оңға-солға жүргізу.7-8– б.т. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | асыру. Бастапқы дене қалпына оралу. Тыныс еркін. | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҮІӘ** | **08.04.24**<br>**Дүйсенбі** | **09.04.24**<br>**Сейсенбі** | **10.04.24**<br>**Сәрсенбі** | **11.04.24**<br>**Бейсенбі** | **12.04.24**<br>**Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ** | **1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҮІӘ мақсаты:** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау.<br>**Дағды**: Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада;<br>**Түсінеді:** заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; | **Сөйлеуді дамыту**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Ғарышкер туралы түсінік беру. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>.<br>**ҮІӘ мақсаты:** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау.<br>**Дағды**: Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада;<br>**Түсінеді:** заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; | **2.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҮІӘ мақсаты:** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау.<br>**Дағды**: Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада;<br>**Түсінеді:** заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; | **1. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>**ҮІӘ мақсаты:** төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру.<br>**Дағды:** Сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын түсінеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолданады:** белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** «Қайда барасың, нені табасың?» атты дидактикалық ойынды ұсынады.<br>**Ойын мақсаты:** ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді.<br>***Ойын барысы.*** Ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені.<br>Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды.<br>Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді:<br>Оң жаққа барсаң, аюды табасың,<br>Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың.<br>Алға қарай жүрсең, допты табасың,<br>Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың.<br>Қайда барғың келеді?<br>Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады. | **Миға шабуыл:** Балалар, біз далаға шыққанда аяғымызбен нені басамыз, жоғарыға қарағанда нені көреміз?<br>Аяғымызбен Жерді басамыз. Жоғарыға қарап, көк аспанды, Күнді көреміз.<br>Кім ғарышкер болғысы келеді?<br>Қандай ғарышкерлерді білесің?<br>Балаларға жұмбақ жасырады.<br>Аспанда бір алып құс, Ызғып ұшып барады. Қарап тұрсаң ғажайып, Соңында із қалады.<br>*(Ғарышкеме)*<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс:**<br>*Ғарышкер* – ғарыш кемесімен ғарышқа ұшатын, аспан әлемін зерттейтін адам.<br>*Ғарышкеме* – жер мен ғарыш арасында ең тез ұшатын көлік.<br>**Қолдану:** Өлеңде не туралы айтылған? Саған ұнады ма?<br>Ғарышкер деп кімді айтамыз?<br>Ғарышкер – ғарышқа ұшатын адам.<br>Ғарышкеме (ракета) бізге не үшін қажет?<br>Ғарышқа кімдер ұшады?<br>Ғарышкер қандай болуы керек?<br>*(Денсаулығы мықты, ақылды, білімді, батыр болуы керек.)*<br>**Білу: Дәптермен жұмыс:**<br>Суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>Бала нені армандап тұр деп ойлайсың?<br>Сенің ғарышкер болғың келе ме?<br>Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?<br>***«Ұшақ» ойыны:***<br>Балалар, ұшаққа отырып, ұшып көрейікші.<br>*(Музыка әуені ойналады. Балалар «ұшады», музыка аяқталғанда «қонады»).*<br>Кең аспанды шарлаған, | **Қолданады:** белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** «Қайда барасың, нені табасың?» атты дидактикалық ойынды ұсынады.<br>**Ойын мақсаты:** ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді.<br>***Ойын барысы.*** Ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені.<br>Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды.<br>Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді:<br>Оң жаққа барсаң, аюды табасың,<br>Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың.<br>Алға қарай жүрсең, допты табасың,<br>Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың.<br>Қайда барғың келеді?<br>Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады. | **Қолданады:** белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** «Қайда барасың, нені табасың?» атты дидактикалық ойынды ұсынады.<br>**Ойын мақсаты:** ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді.<br>***Ойын барысы.*** Ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені.<br>Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды.<br>Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді:<br>Оң жаққа барсаң, аюды табасың,<br>Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың.<br>Алға қарай жүрсең, допты табасың,<br>Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың.<br>Қайда барғың келеді?<br>Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады. | **Қолданады:** дыбыстық талдаудың сызбасын, дыбыстарды ажырытады**.**<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** жалпы атауын ата ойынан ұйымдастыру арқылы бастайды.<br>Дәрігер, аспазшы, тігінші – . . . *(мамандықтар)*<br>Ұшақ, зымыран, тікұшақ, дельтаплан – . . . *(ұшатын көліктер)*<br>Футбол, волейбол, хоккей – . . . *(спорт түрлері)*<br>Қасқыр, арыстан, қоян, керік – . . . *(жабайы аңдар)*<br>Көлік, қуыршақ, доп, секіртпе – . . . *(ойыншықтар)*<br>**Түсіну:** ***Дыбыстармен жұмыстар.***<br>**Ойын:** «Жалауды көтер» (дыбыс, буын, сөз)<br>Дыбыстарды, буындарды, сөздерді айтады: д,р,у, п, ш,н,у, к...<br>Па, шу, ио, уын, қу, ти, са, лау, сур , ту, лақ, ми, ри, на, ту, на, пақ.....<br>Апа, саумал, садақ, шулама, шалбар, аққу, дала, сақина, қауын......<br>Балалар «у» дыбысын естігенде, қызыл жалаушаларын желбіретеді.<br>**Қолдану:** Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»<br>–Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: *алма (қызыл),* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолдану:** Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады.<br>Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі).<br>Карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы.Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды.<br><br>**Түсіну: Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырма.**Мотоциклді суреттің ортасына жапсыруды ұсынады.<br>Мотоциклдің оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында, астыңғы жағында қандай заттар орналасқан?<br>**2-тапсырма**.Үйшігіне қарай иттің қайда орналасуын анықтау.<br>Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың суретін салуды тапсырады.<br>Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға болады.<br>Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды. | Ұшқыш деген мен болам.<br>Қыран құстай самғаған,<br>Ерен жүйрік ер болам!<br>**Поэзиялық сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолды белге қояйық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз тынығып алайық.<br>Бір, екі, үш!<br>Орнымызды табайық. | **Қолдану:** Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады.<br>Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі).<br>Карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы.Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды.<br><br>**Түсіну: Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырма.**Мотоциклді суреттің ортасына жапсыруды ұсынады.<br>Мотоциклдің оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында, астыңғы жағында қандай заттар орналасқан?<br>**2-тапсырма**.Үйшігіне қарай иттің қайда орналасуын анықтау.<br>Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың суретін салуды тапсырады.<br>Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға болады.<br>Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды. | **Қолдану:** Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады.<br>Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі).<br>Карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы.Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды.<br><br>**Түсіну: Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырма.**Мотоциклді суреттің ортасына жапсыруды ұсынады.<br>Мотоциклдің оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында, астыңғы жағында қандай заттар орналасқан?<br>**2-тапсырма**.Үйшігіне қарай иттің қайда орналасуын анықтау.<br>Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың суретін салуды тапсырады.<br>Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға болады.<br>Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды. | *тон (жылы), мысық ( сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)... т.б.*<br>Дидактикалық жаттығу: «Түсіп қалған буынды жалға» –Мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын сендер түсіп қалған буынды жалғап отырасыңдар. Мысалы: *сауын...шы, асқа...бақ, таңқу...рай, құлпы...най, жас...тық, мақ...та, балмұз...дақ, қар...быз, жаң..ғақ, бақта...шы, қуыр..шақ, құмырс...қа, қам...шы, қа..йық, қал..қан, ли..мон, апель..син, домбы..ра, дор..ба, жапы..рақ, көр..пе, көзілді..рік,күнба..ғыс, күн..діз,арыс..тан* т.б.<br>**Білу: Зымыран** – з – ұяң дауыссыз дыбыс.<br>**Робот** – р – үнді дауыссыз дыбыс.<br>**Ғарышкерлер** - ғ – ұяң дауыссыз дыбыс.<br>**Қоян** - қ – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Мысық** - м – үнді дауыссыз дыбыс.<br>**Нар** - н –үнді дауыссыз дыбыс.<br>**Керік** - к – қатаң дауыссыз дыбыс. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға терминдерді қолдануды үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында.<br>**Білу: «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны**<br>Елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды. Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды.<br>**Математикалық поэзия сәті:**<br>**Сергіту сәті.**<br>-Ләйлек, ләйлек,<br>Үйге жолды қалай табам?<br>(Ләйлек жауап береді.)<br>-Оң аяқпен бір қадам,<br>Сол аяқпен бір қадам.<br>Енді қайта оң аяқ,<br>Енді қайта сол аяқ.<br>Одан кейін оң аяқ,<br>Одан кейін сол аяқ.<br>Үйге осылай барасың.<br>Мәтінге сәйкес қимылдарды орындайды. | | Балаларға терминдерді қолдануды үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында.<br>**Білу: «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны**<br>Елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды. Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды.<br>**Математикалық поэзия сәті:**<br>**Сергіту сәті.**<br>-Ләйлек, ләйлек,<br>Үйге жолды қалай табам?<br>(Ләйлек жауап береді.)<br>-Оң аяқпен бір қадам,<br>Сол аяқпен бір қадам.<br>Енді қайта оң аяқ,<br>Енді қайта сол аяқ.<br>Одан кейін оң аяқ,<br>Одан кейін сол аяқ.<br>Үйге осылай барасың.<br>Мәтінге сәйкес қимылдарды орындайды. | Балаларға терминдерді қолдануды үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында.<br>**Білу: «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны**<br>Елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды. Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды.<br>**Математикалық поэзия сәті:**<br>**Сергіту сәті.**<br>-Ләйлек, ләйлек,<br>Үйге жолды қалай табам?<br>(Ләйлек жауап береді.)<br>-Оң аяқпен бір қадам,<br>Сол аяқпен бір қадам.<br>Енді қайта оң аяқ,<br>Енді қайта сол аяқ.<br>Одан кейін оң аяқ,<br>Одан кейін сол аяқ.<br>Үйге осылай барасың.<br>Мәтінге сәйкес қимылдарды орындайды. | **Секіртпе** – с – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Мүйізтұмсық** - м – үнді дауыссыз дыбыс.<br>**Арыстан** - а – жуан дауысты дыбыс.<br>**Скейт** - с – қатаң дауысссыз дыбыс.<br>**Ұшақ** – ұ – жуан дауысты дыбыс.<br>**Доп** - д – ұяң дауысты дыбыс.<br>**Қуыршақтар** - қ– қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Көлік** – к – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Суреттерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос.<br>**Дыбыстық талдау жаса.**<br>***Шеге* сөзінің дыбыстық талдауы.**<br>Тақтаға шеге сөзінің дыбыстық талдауын іледі.<br>***Шеге*** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Г – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. |

***1 үзіліс -***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Еркін ойын түрі: «Ұшқыштар»**

**Мақсаты: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар ету. Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.**









**Еркін ойын түрі: «Ұшқыштар»**
**Мақсаты:** Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.
**Әдістемелік нұсқаулар:** Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Олар бірінің соңынан бірі қолбасшының артында тұрады. Түрлі-түсті жалаушалармен белгіленген алаңдарда топтар орналасқан. Бұл- әуежай. «Ұшқыштар ұшуға дайындалыңдар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады /еңкейеді/, моторды айландырады /қолдарымен кеуденің тұсында айландырады/, қанаттарын жан-жаққа созады, ұшады /әртүрлі бағытта жан-жаққа жүгіреді/. Ұшақтар тәрбиеші «қонындар», - деген белгі бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейін қолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4-5 рет қайталанады.
**Ұсыныс:** ойында әртүрлі құралдарды пайдалануға болады. Әуежайды белгілеп қойған жалаушаларды тәрбиеші білдірмей ауыстырып қояды. Қолбасшының топтарын әуежайға дұрыс орналастыруы қажет.

## 2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** өткен тақырыптарды пысықтау. Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру.<br>**Дағды:** Сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дағды арқылы дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** сөйлем құрайды, сөйлемнің сызбасын сызады, сөздерді буынға бөледі, сөздерді буын бойынша сәйкестендіреді, берілген дыбысқа сөз ойлайды және айтады, сөздердің жалпы атауын атайды. | **2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балалардың ертегіні тыңдауға қызығушылығын арттыру. Көктем мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Көктемгі өзгерістер туралы түсінік беру. Көктемгі мерекелерді айтып есте қалуларын тиянақтау. Көктем туралы өлең әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>**Дағды**: Көктем өлеңін және ертегісін дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттатуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнының түсінеді; | **2. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** өткен тақырыптарды пысықтау. Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру.<br>**Дағды:** Сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дағды арқылы дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** сөйлем құрайды, сөйлемнің сызбасын сызады, сөздерді буынға бөледі, сөздерді буын бойынша сәйкестендіреді, берілген дыбысқа сөз ойлайды және айтады, сөздердің жалпы атауын атайды. | **2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балалардың ертегіні тыңдауға қызығушылығын арттыру. Көктем мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Көктемгі өзгерістер туралы түсінік беру. Көктемгі мерекелерді айтып есте қалуларын тиянақтау. Көктем туралы өлең әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>**Дағды**: Көктем өлеңін және ертегісін дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттатуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, | **Музыка- шығармашылық әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру.<br>**Дағды:** Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өз беттерінше би қимылдарын ойлап, әуенге ілесіп жасайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсінеді:** сөйлемнің сөзден, сөздің дыбыстан тұратынын түсінеді. **Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, сөздерді буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Жалпы атауын ата» ойынын ойнату арқылы бастайды.<br>Көбелек, құмырсқа, қоңыз, өрмекші – . . .<br>Алма, алмұрт, жүзім, анар –<br>Қызанақ, қияр, сәбіз, пияз –<br>Маржан, Ажар, Асыл, Ерке<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын-жаттығу «Жалауша»<br>Дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.<br>**Қолдану: *Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».***<br>Дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.<br>Мысалы: *«а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж»* | **Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Көктемгі қандай мерекелерді білеміз?<br>Бұл мереке несімен ерекше?<br>**Түсіну:**<br>Ертегіден – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең , ертегі сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат.<br>Берекелі бүгіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ!<br>**Білу: Сөздік жұмыс:**<br>*Күлімде* – қуан, шаттан.<br>*Берекелі* – молшылықты.<br>*Бейбіт* – тыныштық жайлы.<br>Дәптермен жұмыс:<br>Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт.<br>Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың?<br>Олардың көңіл күйлері қандай?<br>Балаларға есімдер ойлап тауып, көктем туралы әңгімеле. | **Түсінеді:** сөйлемнің сөзден, сөздің дыбыстан тұратынын түсінеді. **Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, сөздерді буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Жалпы атауын ата» ойынын ойнату арқылы бастайды.<br>Көбелек, құмырсқа, қоңыз, өрмекші – . . .<br>Алма, алмұрт, жүзім, анар –<br>Қызанақ, қияр, сәбіз, пияз –<br>Маржан, Ажар, Асыл, Ерке<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын-жаттығу «Жалауша»<br>Дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.<br>**Қолдану: *Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».***<br>Дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.<br>Мысалы: *«а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж»* | өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнының түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Көктемгі қандай мерекелерді білеміз?<br>Бұл мереке несімен ерекше?<br>**Түсіну:**<br>Ертегіден – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең , ертегі сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат.<br>Берекелі бүгіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ!<br>**Білу: Сөздік жұмыс:**<br>*Күлімде* – қуан, шаттан.<br>*Берекелі* – молшылықты.<br>*Бейбіт* – тыныштық жайлы.<br>Дәптермен жұмыс:<br>Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт.<br>Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың?<br>Олардың көңіл күйлері қандай?<br>Балаларға есімдер ойлап тауып, көктем туралы әңгімеле. | **Түсінеді:** музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады, аспаптарда ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*<br>«Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).<br>Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап жүріп, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру.<br>**Түсіну:** *Музыка тыңдау:* «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева).<br>Музыка тыңдап, сипаты туралы, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>*Ән айту:* «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков).<br>Үйренген «Көктем» әнін (А. Жайымов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Білу:** Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Бидің қимылдарын аяғына дейін үйреніп, соңына дейін музыка ырғағымен билеу.<br>**Ойындар, хороводтар:** «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Ойын шартын түсіндіреді. Сағат тілімен әуенді ажырата білу, бұрын тыңдаған музыкаларын еске түсіру.<br>**Музыкалық аспапта ойнау:** «Күншуақ» (Е. Құсайынов). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.*<br>**Білу:** Дидактикалық ойын: «Пішініне қара»<br>Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сут, халық, цирк, чек* т.б.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Партадағы саусақтар,<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар,<br>Сурет сала біледі.<br>Ортанғы мен сұқ саусақ,<br>Түйеқұсты салады, Төңкеріліп аспанға.<br>Қоян да бола қалады. | | *жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.*<br>**Білу:** Дидактикалық ойын: «Пішініне қара»<br>Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сут, халық, цирк, чек* т.б.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Партадағы саусақтар,<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар,<br>Сурет сала біледі.<br>Ортанғы мен сұқ саусақ,<br>Түйеқұсты салады, Төңкеріліп аспанға.<br>Қоян да бола қалады. | | Шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар кезектесіп, асатаяқпен музыкаға ілесе ырғақты ұстап сілкілеп ойнайды. |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

**Басты мақсат:Жылдамдықты, икемділікті, төзімділікті, күшті дамыту.Балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.**

***Артикуляциялық жаттығулар:***

***Ойын:*** **« Часы» «Сағат»**

***Мақсаты:*** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.

• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.

• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

***«Дәмді тосап»***

***Мақсаты:*** жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.

***Қысқаша сипаттамасы:*** Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

***Әдістемелік нұсқау.***

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.

2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.

3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.

4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.












**Аз қимылды ойын:«Қуғыншыдан құтқару»**

**Мақсаты:** балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.

**Ойын шарты:**

**Мазмұны:** Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады. Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуңыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.

Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;

Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;

Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.

**Ойынның ережесі:**

1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.

2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.

Әдістемелік нұсқаулар.

Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.

Ойын қызықты өтуі үшін ойынныі мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.

Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.

Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3. 1.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі** ?<br>**ҮІӘ мақсаты:** Балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br><br>**ҮІӘ мақсаты:** Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу; түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру. Допты қатарда | **1.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау. | **3. Сөйлеуді дамыту**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Ғарышкер туралы түсінік беру. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу; түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру. Допты қатарда тұрып, басынан асырып, алысқа лақтыруғаүйрету; лақтыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Дағды:** Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыруға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** үйде асырайтын жануарлардың аттарын атап береді.<br>**Түсінеді:** оларға қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді.<br>**Қолданады**: табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарларға күтім жасау жолдарын біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану**.**<br>**Түсіну: «Алмаз» техникасы.** Педагог заттар мен тапсырмалар жазылған карточкаларды жайып қояды. Қысқаша жауаптан кейін сурет «алмаздың» тиісті шаршысына орналастырылады.<br>**Тапсырмалар:**<br>1.Үйде асырайтын 1 жануарды таңдап ал.<br>2.Тасбақаға арналған жемдер бейнеленген 2 суретті тап.<br>3.Адамның қасында тіршілік ететін 3 үй жануарын таңдап ал.<br>4.Мысықты сипаттайтын 4 түрлі белгініата: жұмсақ, мамық, ерке, ойыншыл.<br>5.Марғаулар ойнайтын 3 ойыншықтың суретін таңдап ал.<br>6.Балыққа күтім жасаудың 2 тәсілін атап көрсет: тамақтандыру, суын ауыстыру.<br>7.Үйде асырайтын жануар туралы 1 мультфильмнің атын ата. | тұрып, басынан асырып, алысқа лақтыруғаүйрету; лақтыру күштілігін арттыру; жүгірудің түрлерін техникалық дұрыс орындауға үйретуді жалғастыру; тепе-теңдік сақтау – ұзын орындықпен текшелерден аттап, бір жақ жанымен жүруге, 50 см арақашықтықта қойылған қамшылардан екі аяқтап секіріп өтугежаттығу.<br>**Дағды:** Көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландырабілуге жаттықтыруға дағдылану.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру, тік нысанаға доп лақтыру, психоэмоционалдық күйзелістен шығару жаттығуларын орындау.<br>**Түсінеді:** «аңшылық» – адам әрекетінің ең ежелгі түрінің бірі, таза ауадағы қимыл-қозғалыстың пайдасы, ежелгі аңшылықтың құралдары, аяқты санынан 90□-қа көтеру, рөлдік ойындардағы әрекеттерін үйлестіру, таяқшаларға негұрлым жақын, бірақ басып кетпейжүру.<br>**Қолданады:** таяқпен орындалатын жаттығу дағдылары, заттардың арасымен жүгіруді, сенсорномоторлық координация, дамыған көзмөлшері мен қимылдық қасиеттерін, әртүрліжүрістегі тепе-теңдік сақтауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **Дағды:** Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** күнді негізгі жылу көзі ретіндеп атап көрсетеді. **Түсінеді:** тірі ағзалардың күнге тәуелділігін түсінеді.<br>**Қолданады**: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану**.**<br>**Түсіну: «Текше» техникасын пайдалана отырып, «Күн» тақырыбында салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады.**<br>Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не «айтып» тұрғанын табады: Сипатта – балалар күнге тән белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс. Салыстыр – балалар күн мен шамның (лампочка) арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс. Ұқсас заттарды тап – тақпақтың үстел үстіндегі картинаға сәйкес келетін жерлерін тауып, үзінді оқу ( күн, көбелектер, жаз, қыс). Талда – күннің құрамдас бөліктерін атап көрсету керек (шеңберлер, сәуле). Пайдалан – балалар күнді, күннің жылуын қалай пайдалану керектігін айтып береді. Дәлелде – күннің жақсы жақтары мен жаман жақтарын дәлелдеу қажет.<br>**Қолдану: «Ертерек-кейінірек» ойынына қатысуға шақырады:** педагог белгілі бір жағдай туралы айтады, ал балалар оған дейін немесе одан кейін не болғанын айтады.<br>П: Таңертең күн шықты. Оған дейін не болды?<br>Б: Аспанда күн болған жоқ.<br>П: Кейін күн қайда кетеді?<br>Б: Күн ұясына батады, оның орнына түн келеді. | үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді**: өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Балалар, біз далаға шыққанда аяғымызбен нені басамыз, жоғарыға қарағанда нені көреміз? Аяғымызбен Жерді басамыз. Жоғарыға қарап, көк аспанды, Күнді көреміз.<br>Кім ғарышкер болғысы келеді?<br>Қандай ғарышкерлерді білесің? Балаларға жұмбақ жасырады.<br>Аспанда бір алып құс, Ызғып ұшып барады. Қарап тұрсаң ғажайып, Соңында із қалады. *(Ғарышкеме)*<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс:**<br>*Ғарышкер* – ғарыш кемесімен ғарышқа ұшатын, аспан әлемін зерттейтін адам.<br>*Ғарышкеме* – жер мен ғарыш арасында ең тез ұшатын көлік.<br>**Қолдану:** Өлеңде не туралы айтылған? Саған ұнады ма? Ғарышкер деп кімді айтамыз? Ғарышкер – ғарышқа ұшатын адам. | күштілігін арттыру; жүгірудің түрлерін техникалық дұрыс орындауға үйретуді жалғастыру; тепе-теңдік сақтау – ұзын орындықпен текшелерден аттап, бір жақ жанымен жүруге, 50 см арақашықтықта қойылған қамшылардан екі аяқтап секіріп өтугежаттығу.<br>**Дағды:** Көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландырабілуге жаттықтыруға дағдылану.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру, тік нысанаға доп лақтыру, психоэмоционалдық күйзелістен шығару жаттығуларын орындау.<br>**Түсінеді:** «аңшылық» – адам әрекетінің ең ежелгі түрінің бірі, таза ауадағы қимыл- қозғалыстың пайдасы, ежелгі аңшылықтың құралдары, аяқты санынан 90□-қа көтеру, рөлдікойындардағы әрекеттерін үйлестіру, таяқшаларға негұрлым жақын, бірақ басып кетпейжүру.<br>**Қолданады:** таяқпен орындалатын жаттығу дағдылары, заттардың арасымен жүгіруді, сенсорномоторлық координация, дамыған көзмөлшері мен қимылдық қасиеттерін, әртүрлі жүрістегі тепе-теңдік сақтауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Қолға арналған жаттығуларды орындап, жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау; белгібойынша жүгіру бағытын өзгерту.<br>Қозғалыс жаттығуы: «Аңшылар із кеседі» – еңбектеуді жүру және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолдану: «Жануарға ат қой» ойынын ойнауға шақырады.** Қиялдайды, үйде асырайтын жануарларға жаңа аттар ойлап табады. | **Қолдану:** Қолға арналған жаттығуларды орындап, жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау; белгібойынша жүгіру бағытын өзгерту.<br>Қозғалыс жаттығуы: «Аңшылар із кеседі» – еңбектеуді жүру және жүгірумен кезектестіру.Із кесуші аңшылардың қимылдарын орындайды.<br>Қырда жүгіріп, тыныс алуын қалыпқа келтіреді.<br>Әртүрлі қимылдарды кезектестіріп жасайды, педагогтің айтқандарын бұлжытпай орындап, бірқалыпты дем алуға тырысады. Қысқа найзаларын (таяқшаларды) алып, таяқшалармен орындалатын түзету жаттығуларын орындайды<br>**Түсіну:** Ойын түрінде жалпы дамыту жаттығуларын орындау.<br>Ойын түрінде екі топпен жаттығу:<br>**«Қай аңшы мықты екен?»** (3 рет).<br>Аяқты санын жоғары, 90-қа көтеріп, тепе-теңдік сақтай отырып, жерге қатар-қатар қойылған таяқшалардан аттап жүру.<br>Жерден 40 см көтеріліп, қатар-қатар қойылған таяқшалардан жүгіріп өту.<br>Аяқты санынан жоғары, 90-қа көтеріп, тепе-теңдік сақтай отырып, жерге қатар-қатар қойылған таяқшалардан аттап жүреді.<br>**Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен үйректер».** | | Ғарышкеме (ракета) бізге не үшін қажет?<br>Ғарышқа кімдер ұшады?<br>Ғарышкер қандай болуы керек?<br>*(Денсаулығы мықты, ақылды, білімді, батыр болуы керек.)*<br>**Білу: Дәптермен жұмыс:**<br>Суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>Бала нені армандап тұр деп ойлайсың?<br>Сенің ғарышкер болғың келе ме?<br>Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?<br>***«Ұшақ» ойыны:***<br>Балалар, ұшаққа отырып, ұшып көрейікші.<br>*(Музыка әуені ойналады. Балалар «ұшады», музыка аяқталғанда «қонады»).*<br>Кең аспанды шарлаған,<br>Ұшқыш деген мен болам.<br>Қыран құстай самғаған,<br>Ерен жүйрік ер болам!<br>**Поэзиялық сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолды белге қояйық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз тынығып алайық.<br>Бір, екі, үш!<br>Орнымызды табайық. | жүгірумен кезектестіру.Із кесуші аңшылардың қимылдарын орындайды. Қырда жүгіріп, тыныс алуын қалыпқа келтіреді.<br>Әртүрлі қимылдарды кезектестіріп жасайды, педагогтің айтқандарын бұлжытпай орындап, бірқалыпты дем алуға тырысады.<br>Қысқа найзаларын (таяқшаларды) алып, таяқшалармен орындалатын түзету жаттығуларын орындайды<br>**Түсіну:** Ойын түрінде жалпы дамыту жаттығуларын орындау.<br>Ойын түрінде екі топпен жаттығу: **«Қай аңшы мықты екен?»** (3 рет).<br>Аяқты санын жоғары, 90-қа көтеріп, тепе-теңдік сақтай отырып, жерге қатар-қатар қойылған таяқшалардан аттап жүру.<br>Жерден 40 см көтеріліп, қатар-қатар қойылған таяқшалардан жүгіріп өту.<br>Аяқты санынан жоғары, 90-қа көтеріп, тепе-теңдік сақтай отырып, жерге қатар-қатар қойылған таяқшалардан аттап жүреді.<br>**Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен үйректер».**<br>( 4 рет)Ойыншылар «аңшылар» мен «үйректерге» бөлінеді. Алаңқайда «Ұзынкөл» жасалады (сызық сызылады).<br>«Аңшылар » көл сыртына (сызықтың сыртына), ал «үйректер» сызықтардың ортасынатұрады. Мұғалімнің белгісі бойынша «аңшылар» доппен «үйректерді» атып алуғатырысады. «Оқ тиген» үйректер ойыннан шығады. Барлық үйректер ұсталған соң, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ( 4 рет)Ойыншылар «аңшылар» мен «үйректерге» бөлінеді. Алаңқайда «Ұзынкөл» жасалады (сызық сызылады). «Аңшылар » көл сыртына (сызықтың сыртына), ал «үйректер» сызықтардың ортасынатұрады. Мұғалімнің белгісі бойынша «аңшылар» доппен «үйректерді» атып алуғатырысады. «Оқ тиген» үйректер ойыннан шығады. Барлық үйректер ұсталған соң, топтарорын ауыстырып, ойынды жалғастырады.<br>**« Мерген».**<br>Психологиялық күйзелісті тарқату жаттығуларын жасайды.<br>1.Тістенеді. Қатты қысымды сезініп, қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>2.Аузын ашып тұрады. 3–5 сек. Сосын қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>3.Басын солға иіп, оң жақ мойын бұлшық еттерін қатайту. Қайта босаңсып, бастапқы қалыпқа келу.<br>4.Ішті ішке тартып, бұлшық етті қатайту. 5–10 сек ұстап тұрып, қайта босату.Аяқты жерден аздап қана көтеріп, 5–10 сек ұстап тұрып, қайта түсіріп, босату. | | | топтарорын ауыстырып, ойынды жалғастырады.<br>**« Мерген».**<br>Психологиялық күйзелісті тарқату жаттығуларын жасайды.<br>1.Тістенеді. Қатты қысымды сезініп, қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>2.Аузын ашып тұрады. 3–5 сек. Сосын қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>3.Басын солға иіп, оң жақ мойын бұлшық еттерін қатайту. Қайта босаңсып, бастапқықалыпқа келу.<br>4.Ішті ішке тартып, бұлшық етті қатайту. 5–10 сек ұстап тұрып, қайта босату.Аяқты жерден аздап қана көтеріп, 5–10 сек ұстап тұрып, қайта түсіріп, босату. |
| ***3 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.** | | | | | |

<table>
<tr>
<td colspan="3">   </td>
<td colspan="3">Ойын: «Үйрек үйрек, қаз».<br>Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.<br>Барысы: Қатысушылар дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші шеңбердің ішінде айналып жүріп, қолымен көрсетіп "үйрек, үйрек, үйрек, ......... қаз" дейді. Қаз жүргізушіге қарай, қарама-қарсы жүгіреді. Бұл екеуінің орындайтын тапсырмасы тезірек босаған орынға барып тұру.<br>Ойынның қиындығы : олар ортада кездескенде бір-бірінің қолын алып, реферанс (қимылмен ілтипат) жасау керек, бір-біріне күліп қарап: "Қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш" деп сәлемдеседі де, бос орынға қайтадан жүгіреді. Осылай ойын жалғаса береді. Ескерту: Жүргізуші барлық балалар "Қаз" рөлінде ойнап шығуын қадағалап тұрады. Сәлемдесу және реферанс нақты көтеріңкі дауыс ырғағымен орындалу қажет.<br>  </td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі<br>ҰІӘ мақсаты: Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу; түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру. Допты қатарда тұрып, басынан асырып, алысқа лақтыруғаүйрету; лақтыру күштілігін арттыру; жүгірудің түрлерін техникалық дұрыс орындауға үйретуді жалғастыру; тепе-теңдік сақтау – ұзын орындықпен текшелерден аттап, бір жақ жанымен жүруге, 50 см арақашықтықта қойылған қамшылардан екі аяқтап секіріп өтугежаттығу.<br>Дағды: Көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландырабілуге жаттықтыруға дағдылану.</td>
<td>4. Музыка-шығармашылық әрекет<br>ҰІӘ мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру.<br>Дағды: Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айтуға дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:</td>
<td>3.Құрастыру – шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті<br>ҰІӘ мақсаты: түрлі түстерді үйлестіру арқылы сіріңке қораптарынан әртүрлі заттар құрастыруға үйрету, қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз қызметін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, шығармашылық қиялын дамыту,<br>Дағды: мақсатты түрде ұқыпты жұмыс жасай білуге дағдыларын жетілдіру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: қалдық материалдармен заттар құрастыра алады;<br>түсінеді: қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана біледі;<br>қолданады: сіріңке қораптарына қағазды қиып жапсырады, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыланады.</td>
<td>4.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру, тік нысанаға доп лақтыру, психоэмоционалдық күйзелістен шығару жаттығуларын орындау.<br>**Түсінеді:** «аңшылық» – адам әрекетінің ең ежелгі түрінің бірі, таза ауадағы қимыл- қозғалыстың пайдасы, ежелгі аңшылықтың құралдары, аяқты санынан 90□-қа көтеру, рөлдікойындардағы әрекеттерін үйлестіру, таяқшаларға негұрлым жақын, бірақ басып кетпейжүру.<br>**Қолданады:** таяқпен орындалатын жаттығу дағдылары, заттардың арасымен жүгіруді, сенсорномоторлық координация, дамыған көзмөлшері мен қимылдық қасиеттерін, әртүрлі жүрістегі тепе-теңдік сақтауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Қолға арналған жаттығуларды орындап, жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау; белгібойынша жүгіру бағытын өзгерту.<br>Қозғалыс жаттығуы: «Аңшылар із кеседі» – еңбектеуді жүру және жүгірумен кезектестіру.Із кесуші аңшылардың қимылдарын орындайды. Қырда жүгіріп, тыныс алуын қалыпқа келтіреді.<br>Әртүрлі қимылдарды кезектестіріп жасайды, педагогтің айтқандарын бұлжытпай орындап,бірқалыпты дем алуға тырысады. Қысқа найзаларын (таяқшаларды) алып, таяқшалармен орындалатын түзету жаттығуларын орындайды<br>**Түсіну:** Ойын түрінде жалпы дамыту жаттығуларын орындау.<br>Ойын түрінде екі топпен жаттығу: | **Жасайды:** өз беттерінше би қимылдарын ойлап, әуенге ілесіп жасайды.<br>**Түсінеді:** музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады, аспаптарда ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).<br>Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап жүріп, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру.<br>**Түсіну:** *Музыка тыңдау:* «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева).<br>Музыка тыңдап, сипаты туралы, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>*Ән айту:* «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков).<br>Үйренген «Көктем» әнін (А. Жайымов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Білу:** Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Бидің қимылдарын аяғына дейін үйреніп, соңына дейін музыка ырғағымен билеу.<br>**Ойындар, хороводтар:** «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Ойын шартын | **Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Ерте, ерте, ертеде ... Алыс, алыс өлкеде Ақмамық деген мысық өмір сүріпті, ол сондай аппақ, әдемі, сүйкімді болыпты, бірақ оның достары болмапты. Ақмамық бір күні терезе алдында отырып, далада ойнап жүрген өзі сияқты мысықтарды көреді де, өзіне дос іздейді. Өзіне достар іздеп көп жерлерге барады, кішкентай балалардан көмек сұрайды, сөйтіп жүріп «Көгершін» деген балабақшаға барады, бірақ олар оған көмектесе алмады.<br>–Балалар, Ақмамық енді сендерден көмек сұрап бүгін бізге келіпті. Қалай, балалар, Ақмамыққа көмектесеміз бе?<br>**Түсіну:** жұмбақ жасырады: Үй күзетіп қалады,<br>Кейде мал да бағады. Ызасы келсе қабады Шешуін кім табады?<br>(Ит)<br>Ит туралы әңгіме айтуды ұсынады: Ит – адамның досы. Ит үйді күзетеді. Иттің баласы күшік. Педагог балаларға ит пен күшікті қағаздан жасауды ұсынады.<br>**Білу:** күшіктің бейнесін үлгі бойынша талдау жасайды:<br>үлкен жолақ қағаздан күшіктің дене бөлігін, кіші жолақ қағаздан басын, одан кіші жолақтардан аяқтары мен тұмсығының жасалу ретін түсіндіреді;<br>жолақты орап, желімдеу жолдары көрсетіледі;<br>цилиндр пішіндерді бір-біріне қалай желімдеудің жолдары түсіндіріледі;<br>құйрығы мен құлағын,көзін, тілін түрлі түсті қағаздан қиып жапсыруға болатынын айтады. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Қай аңшы мықты екен?»** (3 рет).<br>Аяқты санын жоғары, 90-қа көтеріп, тепе-теңдік сақтай отырып, жерге қатар-қатар қойылған таяқшалардан аттап жүру**.**<br>Жерден 40 см көтеріліп, қатар-қатар қойылған таяқшалардан жүгіріп өту.<br>Аяқты санынан жоғары, 90-қа көтеріп, тепе-теңдік сақтай отырып, жерге қатар-қатар қойылған таяқшалардан аттап жүреді**.**<br>**Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен үйректер».**<br>( 4 рет)Ойыншылар «аңшылар» мен «үйректерге» бөлінеді. Алаңқайда «Ұзынкөл» жасалады (сызық сызылады).<br>«Аңшылар » көл сыртына (сызықтың сыртына), ал «үйректер» сызықтардың ортасына тұрады. Мұғалімнің белгісі бойынша «аңшылар» доппен «үйректерді» атып алуғатырысады. «Оқ тиген» үйректер ойыннан шығады. Барлық үйректер ұсталған соң, топтарорын ауыстырып, ойынды жалғастырады.<br>**« Мерген».**<br>Психологиялық күйзелісті тарқату жаттығуларын жасайды.<br>1.Тістенеді. Қатты қысымды сезініп, қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>2.Аузын ашып тұрады. 3–5 сек. Сосын қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>3.Басын солға иіп, оң жақ мойын бұлшық еттерін қатайту. Қайта босаңсып, бастапқықалыпқа келу.<br>4.Іштi ішке тартып, бұлшық етті қатайту. 5–10 сек ұстап тұрып, | түсіндіреді. Сағат тілімен әуенді ажырата білу, бұрын тыңдаған музыкаларын еске түсіру.<br>**Музыкалық аспапта ойнау:** «Күншуақ» (Е. Құсайынов). Шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар кезектесіп, асатаяқпен музыкаға ілесе ырғақты ұстап сілкілеп ойнайды. | **Шығармашылық поэзиялық сәт:**<br>«Мысық пен күшік» туралы ән айтамыз.<br>Ала мысық паңданады мяу, мяу, мяу,<br>Әлденеге қамданады мяу, мяу, мяу,<br>Ала мысық айлалы<br>жан - жағына қарады мяу, мяу, мяу,<br>Айналаны қорғаштап ав, ав, ав,<br>Ұзын тілі салпақтап ав, ав, ав,<br>Қос құлағы салбырап<br>Достық жайлы ән шырқайды ав, ав, ав, мяу, мяу мяу.<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайта босату.Аяқты жерден аздап қана көтеріп, 5–10 сек ұстап тұрып, қайта түсіріп, босату. | | | | |

***4 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті. Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру**






**Ойын: *«БОТАҚАН»(Қазақ халқының ойыны)***
**Мақсаты:** Оқушылардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту.
**Ойынның шарты:**
Ойыншылар өз орталарынан атан түйе мен мыстан кемпір сайлап алады. Қалғандары, яғни ботақандар атан түйенің артынан бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрады. Мыстан кемпір «ұшқыш сыпырткысымен» атан түйенің алдына «ұшып келіп»: «Керуен, қайдан келе жатырсың, қайдакетіп барасың?» деп, артындағы ботақандарының біреуін беріп кетуін сұрайды. Бірақ оған атан түйе келіспейді. Сонда мыстан кемпір жүгіріп жүріп керуеннің соңындағы ботақанды күшпен тартып алуға әрекеттенеді. Ал атан түйе мыстан кемпірді ең соңғы ботақанға жібермеуге тырысады. Ботақанды ұстап алса, мыстан кемпір оны үйіне апарып қойып келіп, енді келесі соңғы ботақанды ұстап алуға әрекет етеді. Осылай 2-3-рет қайталанған соң, атан түйе мен мыстан кемпір басқадан сайланып, ойын әрі қарай жалғастырылады.





| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>(Еркежан,Нұрым,Аян)осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты:**сөздік қорын байыту.<br>**Жаңылтпашты қайталау.**<br>Сыныпта ақ бор бар,<br>Көк бор бар,<br>Көп бор бар.<br>Балалар жаңылтпашты жай, жылдам, қатты және ақырын қайталайды. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Дидактикалық ойын:** «Сақтап ал»<br>(Ақжол,Жанеля) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. | **Сауат ашу негіздері– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>(Ибраһим,Аяжан) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**«Жалпы атауын ата»** дидактикалық ойын.<br>**Мақсаты :**Жатқа айта білу дағдысын қалыптастыру<br>1.Әке, аға, ана, әпке – . . .<br>2.Орындық, үстел, сөре, керует – . .<br>3.Шалбар, тымақ, шалма, жейде –<br>4.Кітап, дәптер, қалам, сызғыш – . .<br>5.«Тығылыспақ», «Қуаласпақ», «Мысық - тышқан», «Ақ серек – көк серек» – ... | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>(Батыржан,Ажар) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>(Арнұр,Сұлтан) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>«Дәрілік өсімдіктер туралы» әңгімелесу.<br>**Мақсаты:**Сурет бойынша өз ойын айытқызу.<br>Адамдардың өсімдіктерді емдік мақсатта пайдаланатынын айтады. Балалар әңгімеге қосылады. «Өсімдіктерсіз Жер бетінде тіршілік болмас еді, өсімдіктер тірі жан иелерінің тыныстауына көмектеседі» |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 6**<br>**Жәндіктерді бақылау**<br>***Мақсаты:*** *«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;*<br>— Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br><br>*Бақылау барысы*<br>*Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:*<br>-Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>-Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>-Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады.<br>Бұл не? (шыбын)<br>-Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>-Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)*<br>♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br><br>♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 7**<br>**Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау**<br>**Мақсаты***:* бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркемсөз «Көктем»**<br>**Б. Жақып**<br>Көктем келді бүгін,<br>Күнім төкті нұрын.<br>Сайрап барлық құстар,<br>Ән салуға құштар.<br>Түрлі_- түсті әйбат,<br>Гүлдер шықты жайнап.<br>Қызыл - жасыл аймақ,<br>Қырға шықтық ойнап.<br>Балаларға сұрақтар:<br>• Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар?<br><br>• Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар?<br><br>• Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар?<br><br>**Дидактикалық тапсырма:**<br>Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе?<br>**Еңбек**<br>Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 8**<br>**Жолжелкенді бақылау**<br>***Мақсаты****:емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиеші әңгімесі***<br>*-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.* | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 9**<br>**Гүлзарды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br><br>— Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br><br>— Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br><br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br>♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br><br>♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br><br>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар?<br><br>♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br><br>♦ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br><br>♦ Оларды қалай күтесіңдер?<br><br>♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br><br>♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br><br>♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 10**<br>**Ауа-райын бақылау**<br>***Мақсаты:****Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз.*** *А.Меңдібай*<br>*Мамыр айы келгенде,*<br>*Дала гүлге толады.*<br>*Жайнап барлық атырап,*<br>*Қызық-думан болады.*<br>*Бақшамызда біз еккен,*<br>*Гүл шоқтары гүлдейді.*<br>*Жапырақтар сыбдырлап,*<br>*«Қандай көркем, көр»-дейді.*<br>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.<br>♦ Балалар, қарандаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).<br><br>*♦ Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)*<br><br>♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)*<br><br>♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)<br><br>♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br><br>♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)*<br><br>♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).*<br><br>♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br><br>♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br><br>♦ **Зерттеу жұмысы**<br><br>Қаңқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Аланды қоқыстардан тазалау.<br>*Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын** «Аюлар мен аралар».<br>*Мақсаты: кеңістікте жүгіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.*<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты: жүгіру техникаларын жақсарту.*<br>***Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.*** | **Қимылды ойын** «Кім аталған ағашқа тез жетеді?».<br>*Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабылеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу.*<br>**Жаттығу ойыны:** Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты: сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүгірулерін тиянақтау*<br>***Мақал мәтел:***<br>***Бабасы еккенді, баласы орады.***<br>***Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы.***<br>***Дана көптен, дәрі шөптен*** | *Балаларға сұрақтар:*<br>♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? *(шешек айы)*<br><br>♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? *(күннің көзі көп түскен жерде бар)*<br><br>♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын)<br><br>♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? *(олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)*<br><br>♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? *(жолжелкен)*<br><br>♦ Оны неге олай атаған?<br><br>♦Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу.<br>Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.<br>**Еңбек:** Ойын алаңын тазалау.<br>*Мақсаты:* бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Бәйге».<br>*Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны:** Дыбыстар арқылы жүру<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау.*<br>***Мақал-мәтел:***<br>***Дана көптен, дәрі шөптен.*** | ♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br><br>♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br><br>**Еңбек**<br>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br>*Мақсаты:*<br>— Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br><br>— Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Қай топ тез жиналады?».<br>*Мақсаты:* жүгіруге жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойыны** «Құлап қалма».<br>*Мақсаты:* бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.<br>***Мақал-мәтел:***<br>***- Әр гүлдің иісі әр басқа.***<br>***-Гүл-араға, бал-балаға.***<br>***Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.*** | өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)<br><br>♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)<br><br>♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).<br><br>♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?<br><br>♦ Жаңбыр қандай температурада жауады?<br><br>♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).<br><br>Еңбек<br>Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.*<br>Қимылды ойын<br>«Үшінші артық».<br>*Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.*<br>Жаттығу ойыны<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты:* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ***Құнарлы шөп, қосымша сүт.*** | | — Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br><br>— Қозғалыс координацияларын сақтау;<br><br>*Мақал-мәтел*<br>*-Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас.* |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйреніcіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 15.04 – 19.04. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 15.04 | Сейсенбі 16.04 | Сәрсенбі 17.04 | Бейсенбі 18.04 | Жұма 19.04 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-08:50<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 29 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жұпта орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.«Қолды көтеру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, бір-біріне қарап, қол ұстасып тұру; 1 – қолдарды екі жаққа созу; 2 – қолдарды көтеру; 3 – қолдарды екі жаққа созу; 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>2.«Отырып-тұру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, бір-біріне қарап, қол ұстасып тұру; 1-2 – серігінің қолын жіберместен кезек-кезек отырып-тұру; 3-4 – | № 30 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсаудыекі жанынан ұстау; 2– денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (7-8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде ашыңқырап қою, құрсауды тігінен артына | № 31 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>**№2 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсаудыекі жанынан ұстау; 2 – денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (7-8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде ашыңқырап қою, құрсауды тігінен артына ұстайды. 1-2– денені оңға бұру; 3-4 – | № 32 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>1.«Өкшеге». Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсау иық тұсында. 1-2– құрсауды жоғары көтеріп, оған қарау, оң (сол) аяғын жанына шығарып, ұшымен қою; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу. 5 рет қайталау. (Басын төмен түсірмеу)<br>2.Б.қ.: отырып, аяқ арасын ашу, құрсауды иық деңгейінде ұстау; 1-2– оңға (солға) бұрылу, құрсауды жоғары көтеру; 3-4 – | № 33 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 4 жаттығулар кешені**<br>1.«Құрсауды жоғары көтеру»<br>Б.қ. – тұру, аяқтарын табан енінде ашып қою, құрсауды иыққа ілу; 1 – құрсауды жоғарыкөтеріп, оған қарау; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (8 рет).<br>2.«Құрсауды көтеру»<br>Б.қ.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсауды екіжанынан ұстау; 2 – денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>3.«Бұрылу»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, бір-біріне қарап, қолдарын айқастырып, аяғын иық ені деңгейіндеқойып тұру; 1 – денені оңға (солға) бұру; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>4.«Құрсақ тығыршығын қатайту»<br>Б.қ. – бірінің аяғын екінші аяғымен қысып, қолдарын желкесіне қойып, шалқалап жату, 1-2<br>– кезек- кезек денесін көтеріп, отырады; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>5.«Еңкею»<br>Б.қ. – аяғын иық деңгейінде етіп қойып, қолдарын төменде ұстап тұрады. 1– оңға бұрылады, оң қолы төменде қалады да, сол қолы жоғары көтеріледі. 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>6.«Секіру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, бір-біріне қарап, қол ұстасып тұру; 1-2 – орнында тұрып секіру – 8 рет. | ұстайды. 1-2 –денені оңға бұру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол жаққа осы қимылдарды қайталау (7-8 рет)<br>3.Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды үстінен ұстап, тігінен еденге қою. 1-2 – құрсауға сүйеніп, оңаяғын артқа созу. 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қайталау. (7 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, құрсауды бүгілген қолдарымен ұстап тұру. 1-2 – құрсауды алдыға шығарып, отыру; қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (7-8 рет).<br>5.Б.қ.: шалқалап жату. Түзу қолдарымен құрсауды басынан асырып ұстау. 1 – оң аяғын тізеден бүгіп, құрсауды тізесіне тигізеді; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; сол аяғыменосы қимылдарды орындау. (7-8 рет қайталау)<br>6.Б.қ.: құрсаудың ішінде тұру. Қолдары белде. Бір құрсаудан екіншіге қос аяқтап секіру. | қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол жаққа осы қимылдарды қайталау (7-8 рет)<br>3.Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды үстінен ұстап, тігінен еденге қою. 1-2 – құрсауға сүйеніп, оң аяғын артқа созу. 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қайталау. (7 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, құрсауды бүгілген қолдарымен ұстап тұру. 1-2– құрсауды алдыға шығарып, отыру; қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (7-8 рет).<br>5.Б.қ.: шалқалап жату. Түзу қолдарымен құрсауды басынан асырып ұстау. 1– оң аяғын тізеден бүгіп, құрсауды тізесіне тигізеді; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; сол аяғыменосы қимылдарды орындау. (7-8 рет қайталау)<br>6.Б.қ.: құрсаудың ішінде тұру. Қолдары белде. Бір құрсаудан екіншіге қос аяқтап секіру. | қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6 рет).<br>3.«Аяғы құрсауда». Б.қ.: шалқалап жату, құрсауды сан тұсына ұстау. 1-2– құрсауды тік қою, аяқты тізеден бүгіп, құрсауға сұғып, қайта түзеу; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (4-6 рет).<br>4.«Құрсауға жеткіз». Б.қ.: құрсауды басының артына ұстап, шалқалап жату. 1-4– аяқтарын жоғары көтеру, аздап арасын ашу, құрсауға дейін көтеріп апару; 5-8– баяу төмен түсіру. Аяқтарын бүкпей, басын керу. Қайталау (6-8 рет).<br>5 «Құрсау аркада». Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде алшақтатып қою, Құрсау төмен түсірілген;1-2 – құрсауды жоғары көтеру, жоғары қарау, керілу; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу,қайталау (4 рет).<br>6. Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды жанына еденге қою. Артпен секіріп құрсауды 3 рет айналу. Бағытын өзгертіп, 4 рет жай жүріспен алмастырып, қайталау. | қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>3.«Бұрыш»<br>Б.қ. – құрсаудың ішінде отыру, қолдарымен артта еденге тірелу. 1– екі аяғын бірдей түзетіп, жоғары көтеру; 2 – аяқтарын екі жаққа ашып, еденге құрсаудан шығарып қою; 3 –аяқтарын қосып, қатарластырып, түзеп жоғары көтеру; 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (8 рет).<br>4.«Құлау»<br>Б.қ. – тұру, құрсауды екі қолмен төменге қаратып ұстау; 1 – сол аяқпен құлап, құрсаудың ортасына қадам аттау; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; 3 – сол аяқпен сол қимылдарды қайталау (8 рет).<br>5.«Айналдыру»<br>Б.қ. – тұру, құрсауды еденге қою; құрсауды бір қолмен айналдыру (3 рет).<br>6.«Массаж»<br>Б.қ. – тұру, құрсауды еденге қою; оны оң аяқтың бармақтарымен көтеру. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (3 рет).<br>7.«Табанды сергіту»<br>Б.қ. – құрсаудың ішінде тұру. Құрсаумен өкшелеп жүру, бармақтарымен жүру; (2 айналу) |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **15.04.24<br>Дүйсенбі** | **16.04.24<br>Сейсенбі** | **17.04.24<br>Сәрсенбі** | **18.04.24<br>Бейсенбі** | **19.04.24<br>Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |

| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту.<br>**Дағды**: Қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыру және шығару білігін бекіту арқылы дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** жыл мезгілдерінің атауларын, реттілігін, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атау туралы білімін қалыптастыру.<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Балалардан қандай ойындар қыста,жазда ойнағанды ұнатасыңдар соны мимика мен қимылдармен көрсетуін | **Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету.<br>**Дағды**: Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту,сөздік қорларын дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөздерді буынға бөледі,дидактикалық ойынды дәптерде орындайды;<br>**Түсінеді:** үлкеннің айтқаны тәрбие екенін, ізеттілікті түсінеді;<br>**Қолданады:**жұмбақтарды шешу арқылы әңгіменің тақырыбын айтады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Түсіну:** Әңгімелесу<br>Еңбек дегеніміз не?<br>Еңбек ету адамға қажет пе?<br>Еңбекқор деп қандай адамды айтамыз?<br>**Білу:** Ы. Алтынсарин – қазақ ағартушысы, ақын, жазушы. Ең алғаш қазақ балаларына мектеп ашып, балаларды білімге шақырып ұстаздық еткен дара тұлға. Сендер ең алғаш мектепке барғанда ол кісінің "Кел, балалар, оқылық!" атты өлеңімен танысасыңдар. Балаларға арналған "Әке мен бала", "Екі дос","Өнер білім бар жұртта" "Киіз үй мен ағаш үй", "Мейірімді бала", "Асыл шөп", " "Аурудан аяған күштірек", "Бұл кім?", "Ананың сүюі" деген шығармалары бар. | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту.<br>**Дағды**: Қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыру және шығару білігін бекіту арқылы дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** жыл мезгілдерінің атауларын, реттілігін, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атау туралы білімін қалыптастыру.<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Балалардан қандай ойындар қыста,жазда ойнағанды ұнатасыңдар соны мимика мен қимылдармен көрсетуін | **.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту.<br>**Дағды**: Қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыру және шығару білігін бекіту арқылы дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** жыл мезгілдерінің атауларын, реттілігін, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атау туралы білімін қалыптастыру.<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Балалардан қандай ойындар қыста,жазда ойнағанды ұнатасыңдар соны мимика мен қимылдармен көрсетуін сұрады. Маусымдық ойындарды (шанамен сырғанау, шаңғы тебу, коньки тебу, жүзу және т.б.) ұсынылды.<br>**Қолдану:** «Аралас сурет» Барлық суреттер араласып кеткенін айтады.<br>Жұмбақты оқиды. Жұмбақтың шешуіне байланысты заттарды | **1. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>?<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру. Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br>**Дағды:** Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** сызбаға байланысты сөйлем құрайды, берілген тақырыпқа сөз ойлап, буынға бөледі, дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіреді.<br>**Түсінеді:** сөз ішінен мағынасы бөлек сөзді табады, мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстық сызбамен жұмыс жасау, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Артығын тап» ойынын педагог балалармен ойнатады. Автобус, троллейбус, поезд, ұшақ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрады. Маусымдық ойындарды (шанамен сырғанау, шаңғы тебу, коньки тебу, жүзу және т.б.) ұсынылды.<br>**Қолдану:** «Аралас сурет»<br>Барлық суреттер араласып кеткенін айтады.<br>Жұмбақты оқиды.<br>Жұмбақтың шешуіне байланысты заттарды қоршап сызады: қыс, көктем, жаз, күз.<br>**Түсіну: Демонстрациялық материалмен жұмыс** көрсету материалы табиғи құбылыстарды, жыл мезгілдеріндегі адамдардың киімдері мен іс-әрекеттерін байланыстыру үшін қолданылады.<br>**Білу:*«Жыл бойы»*** (доппен) **дидактикалық ойыны**<br>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:<br>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?<br>Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жаз айларын ата және т.б.<br>«Жыл мезгілі»<br>**Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»**<br>Педагог бастайды, балалар жалғастырады.<br>Алдымен көктем, содан кейін ... жаз<br>Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең | **Қолдану:** "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді.<br>Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды:<br>Анау өрмекшіні көрдің бе?Бала:<br>Көрдім, өрмек тоқып жүр.Ата:<br>Анау құмырсқаны көрдің бе?<br>Бала:<br>Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады.Ата:<br>Жоғары қара, аспанда не көрінеді?Бала:<br>Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді.Сонда атасы былай дейді:<br>Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр.<br>Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүргенбір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек.<br>Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма?<br>Әңгіме не туралы айтылған?<br>Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен? | сұрады. Маусымдық ойындарды (шанамен сырғанау, шаңғы тебу, коньки тебу, жүзу және т.б.) ұсынылды.<br>**Қолдану:** «Аралас сурет»<br>Барлық суреттер араласып кеткенін айтады.<br>Жұмбақты оқиды.<br>Жұмбақтың шешуіне байланысты заттарды қоршап сызады: қыс, көктем, жаз, күз.<br>**Түсіну: Демонстрациялық материалмен жұмыс** көрсету материалы табиғи құбылыстарды, жыл мезгілдеріндегі адамдардың киімдері мен іс-әрекеттерін байланыстыру үшін қолданылады.<br>**Білу:*«Жыл бойы»*** (доппен) **дидактикалық ойыны**<br>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:<br>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?<br>Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жаз айларын ата және т.б.<br>«Жыл мезгілі»<br>**Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»**<br>Педагог бастайды, балалар жалғастырады.<br>Алдымен көктем, содан кейін ... жаз<br>Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең | қоршап сызады: қыс, көктем, жаз, күз.<br>**Түсіну: Демонстрациялық материалмен жұмыс** көрсету материалы табиғи құбылыстарды, жыл мезгілдеріндегі адамдардың киімдері мен іс-әрекеттерін байланыстыру үшін қолданылады.<br>**Білу:*«Жыл бойы»*** (доппен) **дидактикалық ойыны**<br>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:<br>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?<br>Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жаз айларын ата және т.б.<br>«Жыл мезгілі»<br>**Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»**<br>Педагог бастайды, балалар жалғастырады.<br>Алдымен көктем, содан кейін ... жаз<br>Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең<br>Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.<br>. Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.<br>**Математикалық поэзия сәті: Жыл мезгілдері**<br>Гүл-гүл жайнап жер беті,<br>Гүрілдейді сайда өзен.<br>Гүлжазира жарасқан<br>Гүлдерімен қай кезең?<br>Күннің көзі шуақты, Балалар жүр шомылып.<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын. Жапырақтар сарғайып, | Зымыран, ұшақ, тікұшақ, дельтаплан, кеме.<br>Түймедақ, раушан, қызғалдақ, бәйшешек, қайың.<br>Арыстан, түлкі, қоян, аю, мысық.<br>Білезік, сақина, моншақ, сырға, телефон.<br>**Түсіну:** Дидактикалық жаттығу: «Тиісті текшені көтер»<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда көк түсті текшені көтереді.<br>**Қолдану: Дидактикалық ойын: «Қағып ал»**<br>Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар.<br>Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), оootын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.<br>. Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.<br>**Математикалық поэзия сәті: Жыл мезгілдері**<br>Гүл-гүл жайнап жер беті,<br>Гүрілдейді сайда өзен.<br>Гүлжазира жарасқан<br>Гүлдерімен қай кезең?<br>Күннің көзі шуақты,<br>Балалар жүр шомылып.<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Жапырақтар сарғайып,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Шана зырғып желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін,<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? | | Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.<br>. Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.<br>**Математикалық поэзия сәті: Жыл мезгілдері**<br>Гүл-гүл жайнап жер беті,<br>Гүрілдейді сайда өзен.<br>Гүлжазира жарасқан<br>Гүлдерімен қай кезең?<br>Күннің көзі шуақты,<br>Балалар жүр шомылып.<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Жапырақтар сарғайып,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Шана зырғып желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін,<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? | Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Шана зырғып желетін, Шаңғы, коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? | тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б.<br>Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?<br>**Білу: Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»**<br>Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.<br>Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыстан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Бір, екі, үш, кәне, жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық. |

***1 үзіліс -*** **Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Аз қимылды ойын түрі: «Қарлығаш»**

**Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа,ұйымшылдыққа үйрету.**

| | | |
|---|---|---|
|  |  | **Аз қимылды ойын түрі: «Қарлығаш»**<br>**Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа,ұйымшылдықққа үйрету.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, қанаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек.<br>**II нұсқа**<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет.<br>Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға тырысады. Егер ол тырысып, ойыншының біреуін ұстап алса, ол «күзетші» атанады.<br>**Ұсыныс:** ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады. |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br>**ҮІӘ мақсаты:** сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту.<br>**Дағды:** Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** суретке қарап сөйлем құрайды, сөйлемге қажетті сөзді қосады.<br>**Түсінеді:** сөздердің жалпы атауын, көп-аз ұғымын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, сөйлемнін сызбасын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Жалпы атауын ата» дидактикалық ойынымен бастайды.<br>1.Әке, аға, ана, әпке – . . .<br>2.Орындық, үстел, сөре, керует – . . | **2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Ғарышкер туралы түсінік беру. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен, көтеріңкі көңіл күйімен жатқа айтуға үйрету.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді**: өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Балалар, біз далаға шыққанда аяғымызбен | **2. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br>**ҮІӘ мақсаты:** өткен тақырыптарды пысықтау. Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру.<br>**Дағды:** Сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дағды арқылы дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** сөйлем құрайды, сөйлемнің сызбасын сызады, сөздерді буынға бөледі, сөздерді буын бойынша сәйкестендіреді, берілген дыбысқа сөз ойлайды және айтады, сөздердің жалпы атауын атайды.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің сөзден, сөздің дыбыстан тұратынын түсінеді. **Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, сөздерді буынға бөледі. | **2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Ғарышкер туралы түсінік беру. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен, көтеріңкі көңіл күйімен жатқа айтуға үйрету.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді**: өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Балалар, біз далаға шыққанда аяғымызбен | **4. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру<br>**Дағды:** Қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратуға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ән орындайды, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады.<br>**Түсінеді:** музыкалық аспаптарды дыбыстарынан ажырату түсінеді.<br>**Қолданады:** музыкаға сәйкес қимылдар орындайды, билейды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3.Шалбар, тымақ, шалма, жейде –<br>4.Кітап, дәптер, қалам, сызғыш – . .<br>5.«Тығылыспақ», «Қуаласпақ», «Мысық - тышқан», «Ақ серек – көк серек» – ...<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)<br>– Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ай- на, алты-бақан, ба-қа, маймыл, жыл-қы, түйме-дақ, ). Ойынды өзгертуге болады.<br>**Қолдану:** Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»<br>– Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек.<br>**Мысалы:**<br>Әкем балғамен шегені ... *(шегеледі*).<br>Әжем шұлық ... (*тоқыды*).<br>Көбелек гүлге ... (*қонды*).<br>Бағдаршамда қызыл түс ... (*жанды*).<br>Құрылысшы кірпіш ... (*қалады*).<br>Дәрігер науқасты ... (*емдеді*).<br>Атам газет ... (*оқыды*).<br>Балалар далада ... (*ойнады*).<br>Әпкем ыдысты ... (*жуды*).<br>Ағай күй ... (*тартты*).<br>**Білу:** ***Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр»*** | нені басамыз, жоғарыға қарағанда нені көреміз?<br>Аяғымызбен Жерді басамыз. Жоғарыға қарап, көк аспанды, Күнді көреміз.<br>Кім ғарышкер болғысы келеді? Қандай ғарышкерлерді білесің?<br>Балаларға жұмбақ жасырады.<br>Аспанда бір алып құс, Ызғып ұшып барады. Қарап тұрсаң ғажайып, Соңында із қалады. *(Ғарышкеме)*<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс:**<br>*Ғарышкер* – ғарыш кемесімен ғарышқа ұшатын, аспан әлемін зерттейтін адам.<br>*Ғарышкеме* – жер мен ғарыш арасында ең тез ұшатын көлік.<br>**Қолдану:** Өлеңде не туралы айтылған? Саған ұнады ма?<br>Ғарышкер деп кімді айтамыз?<br>Ғарышкер – ғарышқа ұшатын адам.<br>Ғарышкеме (ракета) бізге не үшін қажет?<br>Ғарышқа кімдер ұшады?<br>Ғарышкер қандай болуы керек? *(Денсаулығы мықты, ақылды, білімді, батыр болуы керек.)*<br>**Білу: Дәптермен жұмыс:**<br>Суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>Бала нені армандап тұр деп ойлайсың?<br>Сенің ғарышкер болғың келе ме?<br>Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?<br>***«Ұшақ» ойыны:***<br>Балалар, ұшаққа отырып, ұшып көрейікші.<br>*(Музыка әуені ойналады. Балалар «ұшады», музыка аяқталғанда «қонады»).*<br>Кең аспанды шарлаған,<br>Ұшқыш деген мен болам.<br>Қыран құстай самғаған, | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Жалпы атауын ата» ойынын ойнату арқылы бастайды.<br>Көбелек, құмырсқа, қоңыз, өрмекші – . . .<br>Алма, алмұрт, жүзім, анар –<br>Қызанақ, қияр, сәбіз, пияз –<br>Маржан, Ажар, Асыл, Ерке<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын-жаттығу «Жалауша»<br>Дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.<br>**Қолдану:** ***Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».***<br>Дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.<br>Мысалы: *«а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы»* | нені басамыз, жоғарыға қарағанда нені көреміз?<br>Аяғымызбен Жерді басамыз. Жоғарыға қарап, көк аспанды, Күнді көреміз.<br>Кім ғарышкер болғысы келеді? Қандай ғарышкерлерді білесің?<br>Балаларға жұмбақ жасырады.<br>Аспанда бір алып құс, Ызғып ұшып барады. Қарап тұрсаң ғажайып, Соңында із қалады. *(Ғарышкеме)*<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс:**<br>*Ғарышкер* – ғарыш кемесімен ғарышқа ұшатын, аспан әлемін зерттейтін адам.<br>*Ғарышкеме* – жер мен ғарыш арасында ең тез ұшатын көлік.<br>**Қолдану:** Өлеңде не туралы айтылған? Саған ұнады ма?<br>Ғарышкер деп кімді айтамыз?<br>Ғарышкер – ғарышқа ұшатын адам.<br>Ғарышкеме (ракета) бізге не үшін қажет?<br>Ғарышқа кімдер ұшады?<br>Ғарышкер қандай болуы керек? *(Денсаулығы мықты, ақылды, білімді, батыр болуы керек.)*<br>**Білу: Дәптермен жұмыс:**<br>Суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>Бала нені армандап тұр деп ойлайсың?<br>Сенің ғарышкер болғың келе ме?<br>Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?<br>***«Ұшақ» ойыны:***<br>Балалар, ұшаққа отырып, ұшып көрейікші.<br>*(Музыка әуені ойналады. Балалар «ұшады», музыка аяқталғанда «қонады»).*<br>Кең аспанды шарлаған,<br>Ұшқыш деген мен болам.<br>Қыран құстай самғаған, | «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).<br>Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру.<br>***Музыка тыңдау:***<br>**«Балдырғандар маршы»** (К. Қуатбаев).<br>Музыка тыңдап, сипаты туралы сұрау, әуенді тыңдап, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну:** ***Ойындар, хороводтар:*** **«Соқыртеке»** (Е. Хасанғалиев).<br>Ойын шартын түсіндіреді.<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке».<br>Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді. "Соқыртеке" біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 4-шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала "соқыртеке" болады. Егер де ұстай алмаса, әннің 2-шумағын айтып, қайтадан"соқыртеке" болып қалады.<br>**Білу:** ***Музыкалық аспапта ойнау:«Атқа мініп шабамыз»*** (В. Агафонников).<br>Алдымен балаларға әуенді ойнап, қандай музыкаға ұқсайтындарын сұрау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Мақсаты:*** Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету.<br>***Көрнекілігі:*** «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет.<br>***Мазмұны:*** балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: *Әсем ойнап жүр.*<br>Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: *Әсем аулада ойнап жүр.*<br>Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. *Әсем аулада досымен ойнап жүр.*<br>**Дидактикалық ойын: «Көп-аз»**<br>-Мен сендерге сөзді көпше түрінде айтамын да допты лақтырамын, допты қағып алған бала сол сөздің жекеше түрін айтады да допты кері лақтырады.<br>Мысалы: *балықтар – балық, керіктер – керік, алмалар – алма, гүлдер – гүл, ағаштар – ағаш, қоңыздар – қоңыз, ұлулар – ұлу, орындықтар – орындық, тарақтар – тарақ, кеселер – кесе, қасықтар – қасық, қозылар – қозы, лақтар – лақ, тайлар – тай, құстар – құс, көбелектер – көбелек, мысықтар – мысық, үйлер – үй, достар – дос, көліктер – көлік, кітаптар – кітап, қаламдар – қалам, үстелдер – үстел, саусақтар – саусақ* т.б.<br>**Поэзиялық сәт: Саусақ жаттығуы** Кіп-кішкентай саусақтар Шаршамайды, тынбайды. | Ерен жүйрік ер болам!<br>**Поэзиялық сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолды белге қояйық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз тынығып алайық.<br>Бір, екі, үш!<br>Орнымызды табайық. | *ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.*<br>**Білу:** Дидактикалық ойын: «Пішініне қара»<br>Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек* т.б.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Партадағы саусақтар,<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар,<br>Сурет сала біледі.<br>Ортаңғы мен сұқ саусақ,<br>Түйеқұсты салады, Төңкеріліп аспанға.<br>Қоян да бола қалады. | Ерен жүйрік ер болам!<br>**Поэзиялық сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолды белге қояйық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз тынығып алайық.<br>Бір, екі, үш!<br>Орнымызды табайық. | Балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Себебі бұл саусақтар,<br>Жаттығулар жасайды.<br>Түрлі-түрлі сызықтар,<br>Дәптерлерге жазады.<br>Еңбексүйгіш саусақтар,<br>Бәрінен де озады. | | | | |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

**Басты мақсат: Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;**
**Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;**
**Бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, ззара көмектестікке тәрбиелеу.**





**Аз қимылды ойын:«Таудан тауға»**
**Мақсаты:** Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;
Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;
Бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, ззара көмектестікке тәрбиелеу.
**Ойын шарты:**
**Әдістемелік нұсқаулар:**
Ойыншылар жанындағы көршісінің басына қолы жететіндей болып, шеңбер құрып отырады. Барлығы баскиімсіз отырады, тек жүргізушінің басында ғана тақия бар.Жүргізуші келесі сөздерді айтады: «Таудан тауға ! Таудан тауға!». Осыдан кейін басынан тақияны алып, оны оң жағындағы көршісінің басына кигізеді. Ал тақия кигізілген ойыншы дәл сол сөздермен солай келесі көршіге кигізеді. Тақия жүргізуші басын жауып «Таудың басына! Таудың басына!» сөздерін айтқанша шеңбер бойымен жүре береді. Сол кезде тақиябасында қалған ойыншы қандай да бір тапсырманы орындайды.
**Ұсыныс:** Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін...

## 3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі** | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Себетке доп лақтыру, лақтыру кезінде аяқты | **1.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі** | **3.Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекет**<br>. | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ҰІӘ мақсаты:** Балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды:** Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** ауа – негізгі тіршілік көзінің бірі екенін айтады. **Түсінеді**:ауаның тіршілік үшін маңызын түсінеді.<br>**Қолданады**:тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану**.**<br>**Түсіну:** Балалар ауаның адамдарға да, жануарлар мен өсімдіктерге де тіршілік ету үшін өте қажеттігін дәлелдейді.<br>Ауа таза болуы үшін не істеу керектігі туралы болжамдарын айтады (ағаш егу қажет, терезелерді ашып, бөлмелердің ауасын жаңартып тұру керек, қоқыс тастамау қажет, көліктер мен зауыт-фабрикалардан шығатын зиянды газдарды азайту керек). | жазып барып итерілу, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйретуді жалғастыру. Сызықтан-сызыққа алшақ аттап жүгіруде ауадақалықтап, жеңіл жүгіру үшін екпінмен итеріле білуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Гимнастикалық қабырғаға қиғаштап өрмелеп, сатыдан-сатыға әртүрлі аттап, қол мен аяққимылдарын үйлестіріп, сатыдан дұрыс ұстанып өрмелеу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** кинезиологиялық гимнастика, алшақ аттап жүгіру, допты себетке лақтыру, остеопатиялық жаттығулар.<br>**Түсінеді:** бір орында тұрып екі қолмен кеудеден апарып, себетке доп лақтыру, қауіпсіздікережелерін сақтау, аяқты сүйеп қойып, баспалдақтармен көлбеу қиғаш түсу.<br>**Қолданады:** әртүрлі жүктемеде тиімді де бірқалыпты тыныс алу дағдылары; топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау, аяқты сүйеп қойып, баспалдақтармен көлбеу қиғаш түсу, кеңістікті бағдарлау дағдылары.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Кинезиологиялық гимнастика<br>**Құлақ қалқанын уқалау.**<br>Құлақтарды уқалаймыз, Сипалаймыз, мыжғылаймыз... Алдымен құлақтарының сырғалығын, құлағынтолық уқалайды. | **ҰІӘ мақсаты:** Жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Дағды:** Олардың аттарын атап, бір-бірінен ажырата білу қабілетін қалыптастыру дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** өз өлкесінде өндірілетін пайдалы қазбалардың бірнеше түрін атап береді.<br>**Түсінеді:**пайдалы қазбалардың адам өміріндегі маңызын.<br>**Қолданады:** зерттеу және тәжірибе жасау жұмысымен айналыса алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану**.**<br>**Миға шабуыл:** балаларды Қазақстанның картасымен танысуға шақырады. Қазақстан табиғаты мен қойнауында тұнып жатқан байлық, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің алуан түрлілігі жайлы әңгімелейді. Қазақстанның «жерасты байлығы – мол қойма» атануы тегін емес. себебі мұнда көптеген пайдалы қазба байлықтар өндіріледі. Тақпақ<br>Шахтер келді шахтаға,<br>Көмір қазып халқына.<br>Дайын болған көмірді,<br>Ұсынады халқына.<br>**Түсіну: Қосымша мәлімет:**<br>Пайдалы қазбалар деп жер қойнауынан өндірілетін және адамзаттың қажеттіліктері үшін пайдаланылатын тау жыныстарын атайды. Жанар-жағармай мұнайдан алынады. Әтірлер, иіссудың түрлері де мұнайдан жасалады. Кешке сендер отбасымен бірге үйде бас қосасыңдар.<br>**Қолдану: Балаларды «объективті деректер бойынша бөлу» техникасының көмегімен топтарға бөлінуге шақырады.** | **ҰІӘ мақсаты:** «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету.<br>**Дағды**: Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту,сөздік қорларын дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сөздерді буынға бөледі,дидактикалық ойынды дәптерде орындайды;<br>**Түсінеді:** үлкеннің айтқаны тәрбие екенін, ізеттілікті түсінеді;<br>**Қолданады:**жұмбақтарды шешу арқылы әңгіменің тақырыбын айтады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Түсіну:** Әңгімелесу<br>Еңбек дегеніміз не?<br>Еңбек ету адамға қажет пе?<br>Еңбекқор деп қандай адамды айтамыз?<br>**Білу:** Ы. Алтынсарин – қазақ ағартушысы, ақын, жазушы. Ең алғаш қазақ балаларына мектеп ашып, балаларды білімге шақырып ұстаздық еткен дара тұлға. Сендер ең алғаш мектепкебарғанда ол кісінің "Кел, балалар, оқылық!" атты өлеңімен танысасыңдар. Балаларға арналған "Әке мен бала", "Екі дос","Өнер білім бар жұртта" "Киіз үй мен ағаш үй", "Мейірімді бала", "Асыл шөп", " "Аурудан аяған күштірек", "Бұл кім?", "Ананың сүюі" деген шығармалары бар. | **ҰІӘ мақсаты:** Себетке доп лақтыру, лақтыру кезінде аяқты жазып барып итерілу, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйретуді жалғастыру. Сызықтан-сызыққа алшақ аттап жүгіруде ауада қалықтап, жеңіл жүгіру үшін екпінмен итеріле білуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Гимнастикалық қабырғаға қиғаштап өрмелеп, сатыдан-сатыға әртүрлі аттап, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп, сатыдан дұрыс ұстанып өрмелеу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** кинезиологиялық гимнастика, алшақ аттап жүгіру, допты себетке лақтыру, остеопатиялық жаттығулар.<br>**Түсінеді:** бір орында тұрып екі қолмен кеудеден апарып, себетке доп лақтыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау, аяқты сүйеп қойып, баспалдақтармен көлбеу қиғаш түсу.<br>**Қолданады:** әртүрлі жүктемеде тиімді де бірқалыпты тыныс алу дағдылары; топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау, аяқты сүйеп қойып, баспалдақтармен көлбеу қиғаш түсу, кеңістікті бағдарлау дағдылары.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Кинезиологиялық гимнастика<br>**Құлақ қалқанын уқалау.**<br>Құлақтарды уқалаймыз, Сипалаймыз, мыжғылаймыз... Алдымен құлақтарының сырғалығын, құлағынтолық уқалайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолдану:** Топтағы тәрбиеленушілерді тәжірибеалдық жұмыстарға тарта отырып, тану үдерісін ұйымдастырады. Адамдардың ішінде ауа бар-жоғын зерттеуге шақырады. Балалар әліппедәптердегі суретті негізге ала отырып тәжірибе жасайды. Әр баланың алдында стақан мен түтікше тұр. Балалар түтікшені суға салып үрлейді, көпіршік шығады. Көпіршіктер дегеніміз – біздің ішіміздегі ауа. Біз түтікшені үрлеген кезде ішіміздегі ауа көпіршік болып шығады. Бірақ, тағы да үрлеу үшін біз тағы да ауа жұтып аламыз. Содан соң түтікшені үрлеген кезде, суда көпіршіктер пайда болады. Полиэтилен қалташаны аламыз. Ішінде ештеңе жоқ, бос. Оны бірнеше рет бүктейды. Бос. Содан соң ішіне ауа толтырып, айналдырады. Қалтамызға не болды? Шынымен де, ішіне ауа толтырылған қалтаның пішіні өзгеріп шыға келді. Ол неге ұқсайды? Енді қалтаны шешіп, ішіндегі ауаны шығарамыз. Ол қайтадан босап қалды. Не өзгерді? Себебі, қалта қайтадан босады. Балалар осыған қатысты пікірлерін білдіреді. Ауаны көзбен көруге бола ма деген сұрақтың жауабын табу мақсатында тәжірибе жұмысын ұйымдастырады.Талқылайды, тіршілік ету үшін ауа өте қажет деген қорытынды жасайды.<br>**Білу:**Балаларды ауаны сезінуге шақырады.Парақты алып, оны жиырады. Бетіне апарып, | **Басын шайқау.** Басымызды шайқаймыз, Шайқалмаймыз, байқаймыз!<br>Иықтарын жазып, көздерін жұмып, бастарынтөмен қаратып салбыратады. Терең демалып,бастарын екі жаққа баяу қозғалтады.<br>**Бас изеу.**<br>Бас изейміз, жақсылықты қостаймыз,<br>Мамандықты қасымызға қоспаймыз!<br>Бастарын баяу бір жақ иығына қарай апарып, алдыға-артқа қозғалтып, изей бастайды. Екі иығына кезек-кезек апарып, изейді. Еркін тынысалады.<br>**Мойын-иек.**<br>Басты төмен түсіріп, Айналдырып шайқаймыз!<br>Иектерін мүмкіндігінше төмен түсіреді. Иықтарын босатады. Көздерін бақырайтып, иықтарын көтеріп, бастарын екі жаққа кезек-кезек қисайтып қозғалтады.<br>**«Баспана».**<br>Бірлесіп үй саламыз,Тату-тәтті баламыз! Саусақ бастарын түзулеп, біріктіріп тұрады. Оң қолдың саусақтарымен сол қолдың саусақбастарын қатты басада. Әр жұп саусақтарға осындай қимылдарды орындауға жаттығу.<br>**Түсіну:** Себетке доп лақтыру. ( 3 рет)<br>Допты кеуде тұсында ұстап тұрып, ілгері-төменге қарай доға жасай отырып түсіріп, қолын қайта жоғары көтеріп түзеп, қолдарының басы мен саусақтарын аша отырып, допты екпінмен себетке | Айсұлу балаларға құм, сазбалшық пен көмірді зерттеп көру туралы ұсыныс жасайды.<br>Адамның оларды қалай пайдаланатынын нақтылауды сұрайды. Балалар: Шағын зертханаларда (шағын топта) жұмыс істейді. Пайдалы қазбалардың өздеріне тән ерекшеліктерін айтады. Сазбалшық құрылыста кеңінен қолданылады. Кірпішті балшықтан жасайды. Сонымен қатар, балшықтың түрлі сұрыптарынан фарфор, фаянс, отқа төзімді материалдар жасайды. Балшық – қалдық жыныс. Таскөмір қара түсті, қатты, бірақ үгілгіш келеді. Құм – өте ұсақ түйірлі жыныс. Құм түйіршік түрінде болып келеді, сусылдақ. Оны құрылыста қолданады.<br>**Білу: Балаларды «Аукцион» ойынын ойнауға шақырады:**<br>Педагог әртүрлі заттарды аукционға шығарады. Ең соңында заттың пайдаланылуы туралы ұсыныс жасаған бала жеңеді. Кезекпен нысанды пайдалану жолдарын атап береді.<br>П: Құм қай жерлерде пайдаланылады?<br>Б: Құрылыста, біздің құмсалғышта пайдаланады, құммен өрт сөндіреді, эксперименттер жасауға болады. | **Қолдану:** "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді.<br>Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды:<br>Анау өрмекшіні көрдің бе?<br>Бала:<br>Көрдім, өрмек тоқып жүр.<br>Ата:<br>Анау құмырсқаны көрдің бе?<br>Бала:<br>Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады.Ата: Жоғары қара, аспанда не көрінеді?Бала:<br>Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді.Сонда атасы былай дейді:<br>Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүргенбір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек.<br>Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма?<br>Әңгіме не туралы айтылған?<br>Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен?<br>**Мақал-мәтел жаттау.**<br>1.Еңбек – адамның екінші анасы. 2.Еріншек түске дейін ұйықтайды.3.Жалқаулық – жаман ауру.<br>**Поэзиялық сергіту сәті:**<br>(Сергіту жаттығуларын Н. | **Басын шайқау.** Басымызды шайқаймыз, Шайқалмаймыз, байқаймыз!<br>Иықтарын жазып, көздерін жұмып, бастарынтөмен қаратып салбыратады. Терең демалып, бастарын екі жаққа баяу қозғалтады.<br>**Бас изеу.**<br>Бас изейміз, жақсылықты қостаймыз,<br>Мамандықты қасымызға қоспаймыз!<br>Бастарын баяу бір жақ иығына қарай апарып, алдыға-артқа қозғалтып, изей бастайды. Екі иығына кезек-кезек апарып, изейді. Еркін тынысалады.<br>**Мойын-иек.**<br>Басты төмен түсіріп, Айналдырып шайқаймыз!<br>Иектерін мүмкіндігінше төмен түсіреді. Иықтарын босатады. Көздерін бақырайтып, иықтарын көтеріп, бастарын екі жаққа кезек-кезек қисайтып қозғалтады.<br>**«Баспана».**<br>Бірлесіп үй саламыз,Тату-тәтті баламыз! Саусақ бастарын түзулеп, біріктіріп тұрады. Оң қолдың саусақтарымен сол қолдың саусақбастарын қатты басада. Әр жұп саусақтарға осындай қимылдарды орындауға жаттығу.<br>**Түсіну:** Себетке доп лақтыру. ( 3 рет)<br>Допты кеуде тұсында ұстап тұрып, ілгері-төменге қарай доға жасай отырып түсіріп, қолын қайта жоғары көтеріп түзеп, қолдарының басы мен саусақтарын аша отырып, допты екпінмен себетке бағыттап лақтырады. Баскетбол қалқанынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | желпиді. Жеңіл, салқын ауа сезіледі. | бағыттап лақтырады. Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады.<br>Бастапқы қалыпқа дұрыс тұрады. Аяқтарын иық еніндей қашықтыққа қойып, бір аяғын жарты қадам ілгері орналастырады. Салмақты екі аяққа бірдей бөліп, денені алға бұрады. Қолдарын шынтақтан бүгіп, денеге жанай таяу ұстайды. Допты бір орында тұрып, себеткеекі қолмен кеудеден итеріп лақтырады.<br>**Білу:** Остеопатиялық жаттығулар<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей қойып тұру. Оң қолды алдына созып, аздап бүгеді. Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып, ақырын басады, оң қолдың шынтақ буынынмүмкіндігінше сол иыққа жақындатады. 10–15 секунд қайталап орындайды.<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, қолдарын артына түйістіріп ұстап, ақырындап жоғары көтеру. Қолдарын шынтақта бүкпей, 10–15 секунд орындайды.<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей ашып қойып тұру, қолдарын жоғары көтеріп, оң қолын шынтақтан бүгіп, қол басын мойынның артына қойып, сол қолмен оң қолдың шынтағынан ұстап, солға қарай бірнеше рет тарту. Сосын қолдарын ауыстырып, жаттығудыжалғастырады. | | Жанаевтың «Еңбек» өлеңімен жасатуға болады.)<br>Гүл өсірсең терлеп,<br>Мұның аты – еңбек.<br>Кесте тіксең зерлеп,<br>Мұның аты – еңбек.Сабағыңа жөндеп, Әзірленсең – еңбек.<br>Қиындықтың бәрін<br>Еңбек қана жеңбек. | 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады.<br>Бастапқы қалыпқа дұрыс тұрады. Аяқтарын иық еніндей қашықтыққа қойып, бір аяғын жарты қадам ілгері орналастырады. Салмақты екі аяққа бірдей бөліп, денені алға бұрады. Қолдарын шынтақтан бүгіп, денеге жанай таяу ұстайды. Допты бір орында тұрып, себетке екі қолмен кеудеден итеріп лақтырады.<br>**Білу:** Остеопатиялық жаттығулар<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей қойып тұру. Оң қолды алдына созып, аздап бүгеді. Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып, ақырын басады, оң қолдың шынтақ буынынмүмкіндігінше сол иыққа жақындатады. 10–15 секунд қайталап орындайды.<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, қолдарын артына түйістіріп ұстап, ақырындап жоғары көтеру. Қолдарын шынтақта бүкпей, 10–15 секунд орындайды.<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей ашып қойып тұру, қолдарын жоғары көтеріп, оң қолын шынтақтан бүгіп, қол басын мойынның артына қойып, сол қолмен оң қолдың шынтағынан ұстап, солға қарай бірнеше рет тарту. Сосын қолдарын ауыстырып, жаттығуды жалғастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***3 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.** | | | | | |
|   | | | **Ойын: «Жылдам ал, жылдам қой»**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл - қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Ойын шарты:**<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>Бүкіл залда заттар шашылған (доптар, шаршылар, таспалар). Балалар жан-жаққа бұл заттарды басып кетпеуге тырысып жүгіреді. «Жылдам ал!» пәрмені бойынша барлық балалар бір-бір заттан алып, қолдарын жоғары көтеріп, қимылсыз тұрып қалады. Осыдан кейін затты қолдарынан тастамай жүгіруін жалғастырады. Біраз уақыттан кейін ұстаз «Жылдам қой!» пәрменін береді. Осы кезде балалар қолдарындағы заттарды барынша жылдам жерге қойып, қозғалыссыз тұруы керек. | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Сызықтан-сызыққа алшақ аттап жүгіруде ауадақалықтап, жеңіл жүгіру үшін екпінмен итеріле білуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Гимнастикалық қабырғаға қиғаштап өрмелеп, сатыдан-сатыға әртүрлі аттап, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп, сатыдан дұрыс ұстанып өрмелеу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** кинезиологиялық гимнастика, алшақ аттап жүгіру, допты себетке лақтыру, остеопатиялық жаттығулар.<br>**Түсінеді:** бір орында тұрып екі қолмен кеудеден апарып, себетке доп лақтыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау, аяқты сүйеп қойып, баспалдақтармен көлбеу қиғаш түсу.<br>**Қолданады:** әртүрлі жүктемеде тиімді де бірқалыпты тыныс алу | **4. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру<br>**Дағды:** Қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратуға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** ән орындайды, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады.<br>**Түсінеді:** музыкалық аспаптарды дыбыстарынан ажырату түсінеді.<br>**Қолданады:** музыкаға сәйкес қимылдар орындайды, билейді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **Сурет салу – шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**ҰІӘ мақсаты:** көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру, көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру, ептіліктерін дамыту, бояу түстерін таңдап, алмастыра қолдануға үйрету.<br>**Дағды:** көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру;<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** көргендерін сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметінде қағаз бетіне түсіре алады;<br>**Түсінеді:** көктем мезгілі жайлы түсініктері жетіледі;<br>**Қолданады:** бояумен жұмыс істеу іскерліктерін тиімді қолданады. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдылары; топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау, аяқты сүйеп қойып, баспалдақтармен көлбеу қиғаш түсу, кеңістікті бағдарлау дағдылары.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Кинезиологиялық гимнастика<br>**Құлақ қалқанын уқалау.**<br>Құлақтарды уқалаймыз, Сипалаймыз, мыжғылаймыз...<br>Алдымен құлақтарының сырғалығын, құлағынтолық уқалайды.<br>**Басын шайқау.** Басымызды шайқаймыз, Шайқалмаймыз, байқаймыз!<br>Иықтарын жазып, көздерін жұмып, бастарынтөмен қаратып салбыратады. Терең демалып, бастарын екі жаққа баяу қозғалтады.<br>**Бас изеу.**<br>Бас изейміз, жақсылықты қостаймыз,<br>Мамандықты қасымызға қоспаймыз!<br>Бастарын баяу бір жақ иығына қарай апарып, алдыға-артқа қозғалтып, изей бастайды. Екі иығына кезек-кезек апарып, изейді. Еркін тынысалады.<br>**Мойын-иек.**<br>Басты төмен түсіріп, Айналдырып шайқаймыз!<br>Иектерін мүмкіндігінше төмен түсіреді. Иықтарын босатады. Көздерін бақырайтып, иықтарын көтеріп, бастарын екі жаққа кезек-кезек қисайтып қозғалтады.<br>**«Баспана».**<br>Бірлесіп үй саламыз,Тату-тәтті баламыз! Саусақ бастарын түзулеп, | **Қолдану:** *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).<br>Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру.<br>***Музыка тыңдау:***<br>**«Балдырғандар маршы»** (К. Қуатбаев).<br>Музыка тыңдап, сипаты туралы сұрау, әуенді тыңдап, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну:** ***Ойындар, хороводтар:*** **«Соқыртеке»** (Е. Хасанғалиев).<br>Ойын шартын түсіндіреді. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке».<br>Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді.<br>"Соқыртеке" біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 4-шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала "соқыртеке" болады. Егер де ұстай алмаса, әннің 2-шумағын айтып, | **Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** күйтабақтан «Көктем келді» әнін тыңдатады. Әннің мазмұны, ырғағы жайында әңгімелеседі.<br>**Түсіну:** балалардан осы көктем көрінісінің суретін салып берулерін өтінеді.<br>Сурет салуды неден бастау керек?<br>Бүгін бәріміз суретші боламыз.<br>Суретшілердің ішінде тек қана табиғат көрінісін салатын суретшілерді қалай атайды? Табиғат суретшісі (пейзажист) деп атайды. Онда біздің топты табиғат суретшілерінің шеберханасы деп есептеңдер, суретшілер көп болғандықтан, екі топқа бөлінеміз. Бірінші топ менің оң жағымдағы үлкен қағазға, екінші топ сол жағымдағы қағазға көктем көрінісін бейнелейді. Алдымен бәріміз ойланып алайық. Кім не салғысы келеді? (Көздерін жұмып отырып ойланады). Өздеріңнің алдарыңдағы ақ қағазға қара қарындашпен салғыларың келген суреттің сұлбасын (эскиз) түсіріп көріңдер. Содан кейін менің жанымдағы екі үлкен қағазға екі түрлі көктем көрінісін әр топ өзінше бейнелейді.<br>**Білу:**<br>**Шығармашылық поэзиялық сәт: Сергіту сәті.** Көктем келді<br>- Күн, сен неге күркірейсің? | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біріктіріп тұрады. Оң қолдың саусақтарымен сол қолдың саусақ бастарын қатты басада. Әр жұп саусақтарға осындай қимылдарды орындауға жаттығу.<br>**Түсіну:** Себетке доп лақтыру. ( 3 рет)<br>Допты кеуде тұсында ұстап тұрып, ілгері-төменге қарай доға жасай отырып түсіріп, қолын қайта жоғары көтеріп түзеп, қолдарының басы мен саусақтарын аша отырып, допты екпінмен себетке бағыттап лақтырады. Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады.<br>Бастапқы қалыпқа дұрыс тұрады. Аяқтарын иық еніндей қашықтыққа қойып, бір аяғын жарты қадам ілгері орналастырады. Салмақты екі аяққа бірдей бөліп, денені алға бұрады. Қолдарын шынтақтан бүгіп, денеге жанай таяу ұстайды. Допты бір орында тұрып, себетке екі қолмен кеудеден итеріп лақтырады.<br>**Білу:** Остеопатиялық жаттығулар<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей қойып тұру. Оң қолды алдына созып, аздап бүгеді. Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып, ақырын басады, оң қолдың шынтақ буынынмүмкіндігінше сол иыққа жақындатады. 10–15 секунд қайталап орындайды.<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, қолдарын артына түйістіріп ұстап, ақырындап жоғары көтеру. Қолдарын шынтақта бүкпей, 10–15 секунд орындайды.<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей ашып қойып тұру, қолдарын жоғары көтеріп, оң | қайтадан"соқыртеке" болып қалады.<br>**Білу:** ***Музыкалық аспапта ойнау:*****«Атқа мініп шабамыз»**<br>(В. Агафонников).<br>Алдымен балаларға әуенді ойнап, қандай музыкаға ұқсайтындарын сұрау. Балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды. | Көктем келді! Көктем келді!<br>Жаңбыр, неге сен сіркірейсің?<br>Көктем келді! Көктем келді!<br>Бұлақ, неге сылдырлайсың?<br>Көктем келді! Көктем келді!<br>Құлын, неге құлдырлайсың?<br>Көктем келді!<br>Көктем келді!<br>Гүлдер, неге жайнайсыңдар?<br>Көктем келді! Көктем келді!<br>Құстар, неге сайрайсыңдар?<br>Көктем келді!<br>Көктем келді!<br>*(Б. Серікбаев)* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолын шынтақтан бүгіп, қол басын мойынның артына қойып, сол қолмен оң қолдың шынтағынан ұстап, солға қарай бірнеше рет тарту. Сосын қолдарын ауыстырып, жаттығуды жалғастырады. | | | | |

*4 үзіліс –*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Тіл ұстарту арқылы қол моторикасын дамыту және қалыптастыру жаттығулары**

| | |
|---|---|
| **Тіл ұстарту:**<br>Ол-ол-ол – бұл мүшеміз қол,<br>Ол-ол-ол – бұл, әрине, гол.<br>Оп-оп-оп – мұның аты доп,<br>Оқ-оқ-оқ – бұл қып-қызыл шоқ.<br>**Қол моторикасын дамытуға арналған ойындары.**<br>Ілгек,моншак аркылы жазу.<br>Балалармен жеке жұмыс<br>/ Исламмен /<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Төртінші артық».**<br>Логикалық ойлау қабілетін дамыту мен заттардың жалпылама түрін білуге үйрету. | **Саусақ ойындары.**<br>**Ойын:«Кім келді?»**<br>Қане, қане кім келді? Біз, біз, біз!<br>Апа, апа, бұл сіз бе? Иә, иә,иә!<br>Әке,әке бұл сіз бе? Иә,иә,иә!<br>Ағатайым, бұл сіз бе? Иә,иә,иә!<br>Қарындасым, бұл сен бе? Иә,иә,иә!<br>Біздер тату жанұя Иә,иә,иә!<br>**Орындалуы:**<br>1. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>2. Екі қолдағы басбармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ ұштарын бір мезгілде соғады.<br>3. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>4. Сұқ саусақтардың ұштарын соғады.<br>5. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>6. Ортаңғы саусақтардың ұштарын соғады.<br>7. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>8. Аты жоқ саусақтардың (шылдыр шүмек) ұштарын соғады.<br>9. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>10. Кішкене саусақтардың ұштарын соғады.<br>11. Барлық саусақтардың ұшымен бірге соғады.<br>12. Алақандарымен  шапалақтайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік  әрекет**<br>(Еркежан,Нұрым,Аян)осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты:**сөздік қорын байыту. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Сақтап ал»<br>(Ақжол,Жаннеля) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты:**  Талдау, салыстыру, қарапайым | **Сауат ашу негіздері– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br> (Ибраһим,Аяжан) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**«Жалпы атауын ата»** дидактикалық ойын.<br>**Мақсаты :**Жатқа айта білу дағдысын қалыптастыру | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>(Батыржан,Ажар) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>(Арнұр,Сұлтан) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br> «Дәрілік өсімдіктер туралы» әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жаңылтпашты қайталау.**<br>Сыныпта ақ бор бар,<br>Көк бор бар,<br>Көп бор бар.<br>Балалар жаңылтпашты жай, жылдам, қатты және ақырын қайталайды. | тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. | 1.Әке, аға, ана, әпке – . . .<br>2.Орындық, үстел, сөре, керует – . .<br>3.Шалбар, тымақ, шалма, жейде –<br>4.Кітап, дәптер, қалам, сызғыш – . .<br>5.«Тығылыспақ», «Қуаласпақ», «Мысық - тышқан», «Ақ серек – көк серек» – ... | қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | **Мақсаты:**Сурет бойынша өз ойын айытқызу.<br>Адамдардың өсімдіктерді емдік мақсатта пайдаланатынын айтады.<br>Балалар әңгімеге қосылады.<br>«Өсімдіктерсіз Жер бетінде тіршілік болмас еді, өсімдіктер тірі жан иелерінің тыныстауына көмектеседі» |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 11**<br>**Аула тазалаушы еңбегін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>—көктем мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту,<br>—аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркемсөз***<br>*«Тиме бізге керекпіз»-*<br>*Деп тұрғандай жарыса.*<br>*Жапырақты жұлып себепсіз,*<br>*Сындырмаймыз ағашты.*<br>*Күз келген соң амалсыз,*<br>*Жапырақтар түседі.*<br>*Жинап алып сыпырып,*<br>*Үй сыртына үйеміз,*<br>*Жапырақтар бақшаға,*<br>*Көң болады білеміз.*<br>**Сұрақтар:**<br>♦ Аула тазалаушы не істейді?<br>♦ Аула тазалаушыға қандай құралдар қажет? | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 12**<br>**Күн — жылу мен жарық көзі**<br>***Мақсаты:***<br>-күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>-ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту;<br>-табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы***<br>***Психологиялық жаттығу:***<br>***«Күншуақ»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну*<br>*Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз.*<br>**Сұрақтар:** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 13**<br>**Бұлттарды бақылау**<br>***Мақсаты:*** *әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру*<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы**<br>Бұлттың қайда тұрағы,<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.**<br>♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br>♦ Бүгінгі бұлттар қандай?<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br>♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?<br>**Еңбек**<br>Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 14**<br>**Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау**<br>***Мақсаты****: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркемсөз «Көктем» Б. Жақып***<br>Көктем келді бүгін,<br>Күнім төкті нұрын.<br>Сайрап барлық құстар,<br>Ән салуға құштар.<br>Түрлі_- түсті әйбат,<br>Гүлдер шықты жайнап.<br>Қызыл - жасыл аймақ,<br>Қырға шықтық ойнап.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар?<br>*Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар? | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 15**<br>**Топырақты бақылау**<br>***Мақсаты:*** *торф топырағының қыртысымен таныстыру* .<br>***Бақылау барысы***<br>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..<br>**Зерттеу жұмысы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Аула тазалаушы күзде не жинайды?<br>♦ Ол кімдер үшін қызмет етеді?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Тазалық жұмысы кезінде жерден шаң ұшады, ал су сеуіп сыпырса шаң ұшпайды Себебі ылғал шаңның көтерілуіне кедергі жасайды.<br>**Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу<br>**Қ/О:** «Қармақ»<br>Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу*:*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Жүкіру техникасын жақсарту<br>Мақсаты: қозғалыстарын дамыту<br>**Мақал: «Еңбек етпеген ішіп-жемейді»**табу. Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз.<br>**Еңбек:**<br>Аланды тазалауға кішкентайларға көмектесу.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу.<br>**Қ/О: «Өрт сөндірушілер жаттығуда»**<br>*Мақсаты: қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Шеңберге түсір»<br>*Мақсаты: нысанаға көздеуге жаттықтыру* | ♦Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек?<br>♦Күн не береді?<br>Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жаққа жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді.<br>Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады. Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан оған тура қарай алмаймыз.<br>**Сұрақтар:**<br>Күнге бетінді бұрғанда нені сезінесің?<br>Күнге тура қарауға бола ма, көзің ауырмай ма?<br>**Зерттеу жұмысы**: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу. Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз.<br>**Еңбек:**<br>Аланды тазалауға кішкентайларға көмектесу.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу.<br>**Қ/О: «Өрт сөндірушілер жаттығуда»** | құрылысының орнын тазалауға көмектесу<br>*Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету.<br>Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Үйсіз қоян».<br>***Мақсаты:***<br>—бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;<br>—жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жаңылтпаш айту:<br>«Ала бұлт ақ па,<br>Ақ бұлт ақ па?<br>Ала бұлт ақ емес,<br>Ақ бұлт ақ»<br>«Анау арал қай арал,<br>Қайынды арал, талды арал»<br>***Жұмбақ:***<br>***Етек-жеңі жиналмай,***<br>***Дауыл тұрса дым қалмай,***<br>***Түйдектеліп көшеді,***<br>***Тоз-тоз болып өшеді.***<br>***(бұлт)*** | *Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар?<br>**Дидактикалық тапсырма:**<br>Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе?<br>**Еңбек**<br>Аландағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу.<br>**Қимылды ойын** «Кім аталған ағашқа тез жетеді?».<br>*Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабылеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу.*<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты: сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау*<br>***Мақал мәтел:***<br>***Бабасы еккенді, баласы орады.***<br>***Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы.***<br>***Дана көптен, дәрі шөптен*** | Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.<br>Құммен торфты салыстыру;<br>Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.<br>*Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Аққу-қаздар».<br>*Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.*<br>**Жаттығу ойыны**<br>Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.<br>*Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.*<br>***Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай.***<br>***Қара жерге де, қамқорлық керек.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***Мақсаты:*** *қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Шеңберге түсір»<br>***Мақсаты:*** *нысанаға көздеуге жаттықтыру* | | | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

## Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 22.04 – 26.04. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 22.04 | Сейсенбі 23.04 | Сәрсенбі 24.04 | Бейсенбі 25.04 | Жұма 26.04 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті**(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);<br>**Үстел үсті ойындары:**<br>**Ойынның тақырыбы: «Қажет суретті тап».**<br>**Ойынның мақсаты**: Логикалық ойлауға үйрету, күн режиміне қажет іс-әрекетті есіне түсіру. Қай кезде не істелетіні жөнінде сөйлем құрап айтуға үйрету. Түрлі жаттығу жұмыстарын өздігінен орындауға жаттықтыру.<br>**Ойын ережесі**:Егер ойын суреттермен жүргізілсе тәрбиеші-мұғалім үлкен суреті балалардың бәрі көрсетіндей орынға іледі. Мысалы: үлкен тарелка немесе орамал ұстаған қыздың суреті. Балалар қораптағы суреттердің ішінен тақтаға ілінген сурет мазмұнына сәйкес заттардың | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>**Сәйкестендіру ойыны: «Қайсысы қайда тіршілік етеді»**<br>**Ойынның мақсаты:** жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.<br>**Көрнекілік:**әр түрлі жануарлар,құстар суреті<br>**Ойын барысы:**әр түрлі жануарлар,құстарды көрсетіп,олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды. | **Танымдық және зияткерлік дағдылары**<br>**Үстел үсті ойындары:**<br>**Ойынның тақырыбы: «Формасы ұқсас заттарды тап».**<br>**Ойынның мақсаты**: Түрлі заттарды формасына қарай ажырата білуге үйрету. Сөзбен атап айтуға жаттықтыру, сабақта алған білім-дағдыларын тиянақтау.<br>**Ойын жабдығы**: Формасы әр түрлі заттар:доп, машинаның дөңгелегі, қияр, кітап, геометриялық фигуралар-үшбұрыш, төртбұрыш, квадрат, машина (осы машинадан әр түрлі формаларды тапқызу). Тәрбиеші –мұғалім қағазға түрлі форманы бейнелейтін карточкалар дайындайды.<br>**Ойын ережесі**. Тәрбиеші-мұғалім сабаққа дайындалған заттарды және карточкаларды | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Сәйкестендіру ойыны:**<br>**Ойын жаттығу: «Менің үйім қайда?»**<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды аквариум тұрғындары мен су тоғандарын жіктеп аттарын атауға үйрету.<br>**Ойын ережелері:** Өз тобына арналған тапсырмаға сәйкес келетін суреттерді таңдап алу: балықтар, жәндіктер, құстар, жануарлар, су өсімдіктері.<br>**Ойынның барысы:** Топ бөлмелерінің әр жерлеріндегі үстелдерге карточкалар қойылады. Балалар 6 топқа бөлінеді (ең көбі-балықтар). Жүргізушінің белгісі бойынша балалар бөлмеге кіріп,сәйкес келетін карточкаларды таңдап алады,сонан кейін топ | **Құрастыру–шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:*«Суретті құрастыр»***<br>**Ойынның мақсаты:** Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, бір тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты**: Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады.<br>**Ойын іс-әрекеті:**Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>**Қажетті құралдар**: Бірнеше бөлікке бөлінгентүрлі заттардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретін алып столға қояды. Не істегені туралы айтады.<br> Ойынның соңында балалпр ойынға қатысты заттардың суретін салады ( өз қалаулары бойынша нан, қуант тоқаш т.б.)<br> **Ойын.** Кімде мына түстес зат бар? (Тәрбиеші- мұғалім жасыл түсті затты көрсетеді.) Кім табады? Деп сұрақ қояды.<br> Балалар жасыл түсті заттарды атайды. Мысалы: шөп, жапырақ, қияр т.б.<br> |  | әкеледі. Заттарды не сол заттардың суреттерін балаларға үлестіріп береді. Мысалы, Кімде домалақ зат бар?- деп сұрайды. Балалар аталған форманы өз суреттерінен не ойыншықтарынан тауып, стөл үстідегі карточкадағы ұқсас сызыққа қояды да сөзбен айтады. ( бұл –алма, формасы домалақ, түсі қызыл сары, дәмі тәтті, ағашта өседі, күзде піседі т.б,) Жеміс-жидек, көкөніс туралы тақпақ не жұмбақ айтылады.<br> | болып,бас қосады.Олар жинаған суреттерді қойып,әр топ өз жануарына немесе өсімдігіне «үй» таңдайды(аквариум немесе су тоғаны).<br> | суреттері.(көлімдері 7×8см карточкалар).<br> |
| **Таңертенгі жаттығу** | № 34 гимнастика кешені | № 35 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл** | № 36 гимнастика кешені | № 37 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы** | № 38 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жалпақ табандылықтың алдын алу жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.т. – отырып жерде жатқан допты екі табанмен бірге алдыға-артқа жүргізу.<br>2.Б.т. – отырып жерде жатқан допты екі аяқтың табандарымен бөлек бір-бірлеп алдыға-артқа жүргізу.<br>3.Б.т. – отырған қалыпта. Аяқ бүгілген, қолдары артқы жағында, доп табанастында. Допты екі табанмен солға-оңға айналдыра жүргізу.<br>4.Б.т. – арқамен жатқан қалыпта, доп аяқ табандарының ортасында.<br>1-2– аяқты көтерген қалпында допты ұстап тұру.<br>3-4– бастапқы дене қалпына оралу.<br>5.Б.т. – арқамен жатқан қалыпта, доп аяқ табандарының ортасында.<br>1-2– аяқты көтерген қалпында допты ұстап тұру.<br>3-6– аяқ қимылдарымен допты оңға-солға жүргізу.7-8– б.т.<br>6.Б.т. – отырған тұрыста, аяқты екі жаққа, доп жерде оң аяқ табанының ішкі жағында. Аяқ басының қозғалысымен допты екінші аяқтың жанына ауыстыру.<br>**Ескертпе:** Пайдалануға ұсынылатын резеңке доп диаметрі – 8–12 см. | **белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жалпақ табандылықтың алдын алу жаттығулар**<br>**№ 2 жаттығулар кешені**<br>(жалпақ табанды түзету үшін)<br>1.Б.т. – арқамен жатқан қалпында, аяқты екі жаққа. Оң аяқ табанымен сол ақты сырғанап өту. Табан бетімен аяқты қамтып бармақтарды бүгу.<br>**2.«Балерина»** – б.т. – орындықта отырып, аяқтың басына тұрып жүру.<br>**3.«Көңілді секіру»** – б.т. – отырып, аяқтары тығыз бір-біріне басылған. Аяқты көтеріп, астында жатқан кесекті (15–20 см биіктігі) жерге қою. Аяқты жердің үстінен көтеріп бастапқы тұрысқа оралу.<br>**4.«Көтергіш»** – допты (сөмкені) екі аяқпен көтеріп, оңға қарай ауыстырып жерге қою. Допты (сөмкені) бастапқы тұрған орнына қайтарып, солға жылжытып қайтадан орнына қою.<br>**5.«Шатыр»** – б.т. – тұрған қалыпта өкшелерді бірге ұста, аяқ басы екі жақта. Аяқ басына, кейін өкшеге көтеріліп тұру, ауада дөңгелек сызу. Аяқтарды шатыр тәрізді қою. Бастапқы тұрысқа оралу.<br>**6.«Лианамен серуен»** – балаларға гимнастикалық қабырғада рейканың орнында лиана тұрғанын елестету керек. *Лиана – маймылдар секіріп жүретін арқанда* | **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жалпақ табандылықтың алдын алу жаттығулар**<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>1.Б.т. – тұрған қалыпта аяқ бастары бірге, қолдар белдікте. Аяқ бармақтарын үстіге көтеру, кейін бастапқы қалыпқа оралу. (10–15 рет)<br>2.Б.т. – тұрған қалыпта, өкшелер екі жақта. Аяқ басына көтерілу. Бастапқытұрысқа оралу. (10–15 рет)<br>3.Б.т. – тұрған қалыпта, аяқты иық деңгейіне қою. Қолды екі жаққа. Толықтабанға отырып, бастапқы тұрысқа оралу. (6–8 рет)<br>4.Б.т. – тұрған қалыпта, оң аяқ сол аяқ алдында (бірінен кейін бірі). Аяқ басынакөтеріліп бастапқы тұрысқа оралу. (8–10 рет)<br>5.Б.т. – аяқ басында тұрып, өкшеге түсу. Жаттығуды қайталау. (8–10 рет)<br>6.Жартылай отырып жүру. (2–5 мин).<br>7.«Қоян» сияқты секіру (30-40 сек).<br>8.Б.т. – негізгі тұрыс. Табанды тез-тез бүгіп ашу. (10–12 рет аяқпен).<br>9.Б.т. – негізгі тұрыс. Сол аяқты (кейін оң аяқты) көтеру. Табанды сыртқа қарай,кейін ішке қарай бүгу. (4–6 рет) | **жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жалпақ табандылықтың алдын алу жаттығулар**<br>**№ 4 жаттығулар кешені**<br>(табан бұлшық етінің нығаюына және табан жиынының қалыптасуына арналған)<br>Көңілді хайуанаттар бағы<br>**1.Биші түйе.**<br>Б.т. – тұрған қалыпта, аяқты екі жаққа, табандар параллель орналасқан, қолы арт жағында. Кезектеп өкше көтеру, бірақ аяқ басын жерден алмаймыз.<br>**2.Күлкілі аю.**<br>Б.т. – тұрған қалыпта, аяқты бірге, қолдары кеуде алдында, шынтақ астыға қарайды, қол саусақтары астыға қараған.<br>1-2– аяқ басымен жартылай отырып күлу.<br>3-4 – б.т.<br>**3.Жолбарыс созылады.**<br>Б.т. – өкшемен отырып, қолдары алдыда.1-2 – аяқты барынша созу.<br>3-4 – б.т.<br>**4.Мазасыз маймылдар.**<br>Б.т. – түріше отырыс, қолдарыңыз өзіңізге ыңғайлы қалыпта.<br>1-2– тұру<br>3-4 –тұрыс: аяқ айқасқан, табанның сыртқы жағына сүйенген.<br>5-6 – отыру<br>7-8 – б.т. оралып, дене қалмын сақтау керек.<br>**5.Көңілді көжектер:**<br>Б.т. – тұрған қалыпта, аяқты бірге, қолдар белдікте | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жалпақ табандылықтың алдын алу жаттығулар**<br>**№ 5 жаттығулар кешені (ойын түрінде)**<br>«Жұмбақтар».<br>Әр жаттығуды орындар алдында инструктор балаға жұмбақ жасырады, олжұмбақтың шешімін аяқ табанымен суреттеу керек.<br>1.«Ай». Табақ астында жарты күлше.<br>Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр.<br>Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет дөңгелектің жартысын көрсету.<br>2.«Күн».Ақ сандығым ашылды, Қызарып жалын шашылды.<br>Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр.<br>Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет дөңгелеп, олардан жан-жаққа шыққан сызықтарды көрсету.<br>3.«Бұлт». Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ. Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ.<br>Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр.<br>Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет бұлттардыңкескінін бейнелеу.<br>4.«Жаңбыр».<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік шығамын.Өрінен мен түскенде, Өңі кірер даланың.<br>Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, табан бір-біріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *тәрізді шырмауық өсімдік.* Маймылдардың орнына балалар болады, рейкаға табанның ортасымен басуға тырысу керек. 7.Б.т. – жерде отыру. Табанмен кішкене доптарды ұстап, ауада сол доппен елестеткен суретті салу керек. Мысалы: дөңгелек, үшбұрыш, тікбұрыш. | | 1-16– аяқ басында секіру (өкшелер бірге). | параллель, қолды артқа қарай тірепотыр. Бір аяқтың басымен еденді ақырын тоқылдату, екінші аяқтың кейін екеуімен бір мезгілдеорында. Өкше еденде қозғалмай тұрады. 5.«Кемпірқосақ».Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр. Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет кемпірқосақты бейнелеу. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **22.04.24 Дүйсенбі** | **23.04.24 Сейсенбі** | **24.04.24 Сәрсенбі** | **25.04.24 Бейсенбі** | **26.04.24 Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері** **ҰІӘ мақсаты:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету. **Дағды:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, | **1.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет** **ҰІӘ мақсаты:** Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау. **Дағды:** Әңгімеге тақырып қоя білуге,сөздік қорларын дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** сұрақтарға жауап береді, түсінгендерін айта біледі**,** сөйлем түрлерінанықтайды**;** **Түсінеді:** «маңдай тер» сөзінің мағынасын; | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері** **ҰІӘ мақсаты:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету. **Дағды:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, | **2.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері** **ҰІӘ мақсаты:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету. **Дағды:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, | **1. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет** **ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру. Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру **Дағды:** Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ойын жағдаяты. «**Не істегенімізді айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз» ойынын ұйымдастырады.<br>**Қолдану:** Ойын жаттығуы: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар.<br>Алдымен көктем, одан кейін<br>Алдымен күн..., одан кейін...<br>Алдымен дүйсенбі, одан кейін ...<br>Алдымен бүгін, одан кейін<br>Алдымен қаңтар, одан кейін<br>Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады:<br>**Түсіну:** «Жанды апта» дидактикалық ойыны<br>ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:<br>«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. | **Қолданады:** әңгімеге тақырып ойлап табуды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Осы кезде бөлмеге «сауысқан» келеді де, саңқылдаған дауыспен:<br>Хат келді!<br>Хат келді! – деп саңқылдайды.Хатты алып оқып, бұл хатта әңгіме жазылғанын және әңгімеге тақырыпты балалардың ойлап табуы керектігін айтады.<br>Енді мен әңгімені оқиын, ал сендер мұқият тыңдаңдар:<br>**Түсіну:** Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған.Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды. Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бірнүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді. Қолына күрек ұстатты да:<br>Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді.<br>Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады. Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды.Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты.<br>Сондай дәмді! – деді Хамит.<br>Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай | қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ойын жағдаяты. «**Не істегенімізді айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз» ойынын ұйымдастырады.<br>**Қолдану:** Ойын жаттығуы: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар.<br>Алдымен көктем, одан кейін<br>Алдымен күн..., одан кейін...<br>Алдымен дүйсенбі, одан кейін ...<br>Алдымен бүгін, одан кейін<br>Алдымен қаңтар, одан кейін<br>Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады:<br>**Түсіну:** «Жанды апта» дидактикалық ойыны<br>ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:<br>«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. | қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ойын жағдаяты. «**Не істегенімізді айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз» ойынын ұйымдастырады.<br>**Қолдану:** Ойын жаттығуы: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар.<br>Алдымен көктем, одан кейін<br>Алдымен күн..., одан кейін...<br>Алдымен дүйсенбі, одан кейін ...<br>Алдымен бүгін, одан кейін<br>Алдымен қаңтар, одан кейін<br>Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады:<br>**Түсіну:** «Жанды апта» дидактикалық ойыны<br>ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:<br>«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. | **Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** сызбаға байланысты сөйлем құрайды, берілген тақырыпқа сөз ойлап, буынға бөледі, дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіреді.<br>**Түсінеді:** сөз ішінен мағынасы бөлек сөзді табады, мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстық сызбамен жұмыс жасау, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Артығын тап» ойынын педагог балалармен ойнатады.<br>Автобус, троллейбус, поезд, ұшақ.<br>Зымыран, ұшақ, тікұшақ, дельтаплан, кеме.<br>Түймедақ, раушан, қызғалдақ, бәйшешек, қайың.<br>Арыстан, түлкі, қоян, аю, мысық.<br>Білезік, сақина, моншақ, сырға, телефон.<br>**Түсіну:** Дидактикалық жаттығу: «Тиісті текшені көтер»<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда көк түсті текшені көтереді.<br>**Қолдану: Дидактикалық ойын: «Қағып ал»**<br>Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br>-Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз.<br>10 - кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>**Білу:**<br>1-тапсырма.<br>- Қыз аптаның әр күнінде не істегенін айтып бер. Сен жексенбі күні не істегеніңді есіңе түсір?<br>Дүйсенбі күні ше?<br>- Балаларды жыл айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады. Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайды.<br>2-тапсырма<br>Сөйлемдерді тыңдайды, суреттерді дұрыс ретімен сызып қосады.<br>Дүйсенбі күні күн ашық болды.<br>Сәрсенбі күні қатты жел соқты.<br>Бейсенбі күні күн бұлтты болды.<br>Сенбіде найзағай ойнады.<br>Жексенбіде жаңбыр жауды.<br>Тапсырманы талқылайды, сол жағындағы цифрлар апта күндерін бағдарлайды, табиғат құбылыстары бар суреттерімен сызып қосады.<br>3-тапсырма<br>Уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды. Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады.<br>4-тапсырманы орындау | теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды.<br>*(Б.Досымов)*<br>**Білу: Дидактикалық ойын:** «Қандай сөйлем екенін тап».<br>**Ойын шарты:** Сөйлемдер айтамын. Балалар қандай сөйлем екенін табады.<br>Әже, сіз не істеп жатырсыз?<br>Ұстаңдар! Ұстаңдар! Ұста оны!<br>Күн шығып, дала нұрға бөленді.<br>Алманы үзген кім?<br>Тоқта! Қызыл түс жанғанда жүрме!<br>Бақта жемістер өседі.Дәптермен жұмыс<br>Дәптердегі тапсырманы орындау керек.<br>**Поэзиялық сергіту сәті:**<br>Сергіту сәті:<br>Аппақ болып таң атты,<br>Түтін тіке ұшады.<br>Қарлығаштар қанатын,<br>Биік самғап ұшады. | Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br>-Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз.<br>10 - кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>**Білу:**<br>1-тапсырма.<br>- Қыз аптаның әр күнінде не істегенін айтып бер. Сен жексенбі күні не істегеніңді есіңе түсір?<br>Дүйсенбі күні ше?<br>- Балаларды жыл айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады. Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайды.<br>2-тапсырма<br>Сөйлемдерді тыңдайды, суреттерді дұрыс ретімен сызып қосады.<br>Дүйсенбі күні күн ашық болды.<br>Сәрсенбі күні қатты жел соқты.<br>Бейсенбі күні күн бұлтты болды.<br>Сенбіде найзағай ойнады.<br>Жексенбіде жаңбыр жауды.<br>Тапсырманы талқылайды, сол жағындағы цифрлар апта күндерін бағдарлайды, табиғат құбылыстары бар суреттерімен сызып қосады.<br>3-тапсырма<br>Уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды. Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады.<br>4-тапсырманы орындау | Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br>-Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз.<br>10 - кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>**Білу:**<br>1-тапсырма.<br>- Қыз аптаның әр күнінде не істегенін айтып бер. Сен жексенбі күні не істегеніңді есіңе түсір?<br>Дүйсенбі күні ше?<br>- Балаларды жыл айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады. Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайды.<br>2-тапсырма<br>Сөйлемдерді тыңдайды, суреттерді дұрыс ретімен сызып қосады.<br>Дүйсенбі күні күн ашық болды.<br>Сәрсенбі күні қатты жел соқты.<br>Бейсенбі күні күн бұлтты болды.<br>Сенбіде найзағай ойнады.<br>Жексенбіде жаңбыр жауды.<br>Тапсырманы талқылайды, сол жағындағы цифрлар апта күндерін бағдарлайды, табиғат құбылыстары бар суреттерімен сызып қосады.<br>3-тапсырма<br>Уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды. Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады.<br>4-тапсырманы орындау | дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар.<br>Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б.<br>Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?<br>**Білу: Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»**<br>Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.<br>Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыстан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Бір, екі, үш, кәне, жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Суреттегі айырмашылықтарын табады. Қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салады. Суреттерді бірдей етіп жасайды. | | Суреттегі айырмашылықтарын табады. Қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салады. Суреттерді бірдей етіп жасайды. | Суреттегі айырмашылықтарын табады. Қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салады. Суреттерді бірдей етіп жасайды. | |

***1 үзіліс -***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

**Аз қимылды ойын түрі: «Қарлығаш»**

**Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа,ұйымшылдықққа үйрету.**





**Аз қимылды ойын түрі: «Қарлығаш»**

**Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа,ұйымшылдықққа үйрету.

**Әдістемелік нұсқаулар:**

Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, қанаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек.

**ІІ нұсқа**

**Әдістемелік нұсқаулар:**

Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет.

Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға тырысады. Егер ол тырысып, ойыншының біреуін ұстап алса, ол «күзетші» атанады.

**Ұсыныс:** ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру. Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br>**Дағды:** Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** сызбаға байланысты сөйлем құрайды, берілген тақырыпқа сөз ойлап, буынға | **2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балаларға ертегі тыңдауға қызығушылығын арттыру. Достық, ынтымақтастық туралы түсінігін кеңейту. Ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті туралы түсінік беру. Ертегінің әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>**Дағды:** ертегіні дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдау жасауды жалғастыру. Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету меңгерту.<br>**Дағды:** Сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы есте сақтау және логикалық ойлауларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** | **2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>Ботан Қошымов<br>**ҰІӘ мақсаты:** Балаларға ертегі тыңдауға қызығушылығын арттыру. Достық, ынтымақтастық туралы түсінігін кеңейту. Ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті туралы түсінік беру. Ертегінің әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. | **. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Ғажайып музыка әлемі туралы балаларға әңгіме өткізу, музыка құдіретін түсіне білуге жетелеу. Лирикалық байсалды әуендерді қабылдап, қарқындық өзгерісін белгілеу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөледі, дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіреді.<br>**Түсінеді:** сөз ішінен мағынасы бөлек сөзді табады, мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстық сызбамен жұмыс жасау, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Артығын тап» ойынын педагог балалармен ойнатады.<br>Автобус, троллейбус, поезд, ұшақ.<br>Зымыран, ұшақ, тікұшақ, дельтаплан, кеме.<br>Түймедақ, раушан, қызғалдақ, бәйшешек, қайың.<br>Арыстан, түлкі, қоян, аю, мысық.<br>Білезік, сақина, моншақ, сырға, телефон.<br>**Түсіну:** Дидактикалық жаттығу: «Тиісті текшені көтер»<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда көк түсті текшені көтереді.<br>**Қолдану: Дидактикалық ойын: «Қағып ал»**<br>Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар.<br>Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), | үзілістермен жаттатуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** ертегңінің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді: ертегі** мазмұнының түсінеді;<br>**Қолданады:** ертегіні мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Достық – барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады.<br>Ертегінің – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегі сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат.<br>Берекелі бүгіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ!<br>**Білу: Сөздік жұмыс:**<br>*Күлімде* – қуан, шаттан.<br>*Берекелі* – молшылықты.<br>*Бейбіт* – тыныштық жайлы.<br>Дәптермен жұмыс:<br>Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт.<br>Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың?<br>Олардың көңіл күйлері қандай? | **Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, сөздердің жалпы атауын атайды, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады, сөздерді буынға бөледі, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, буынға -буын жалғап сөз құрайды.<br>**Түсінеді:** қарама қарсы сөздердің мағынасын.<br>**Қолданады:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, буынға -буын жалғап сөз құрайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:«Жалпы атауын айт»** дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды.<br>Сиыр, ешкі, қой, жылқы – .<br>Тау, ағаш, гүл, тас – . . .<br>Қазан, қасық, кесе, тәрелке<br>Қаймақ, ботқа, ірімшік, май<br>**Түсіну: Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс»**<br>– Мен бір тақырып айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет.<br>Мысалы: Жабайы аңдар, жәндіктер, ыдыстар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады).<br>Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.<br>**Дидактикалық ойын: «Буынды айтып сөз құра»**<br>**Ойын шарты:** педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. | **Дағды**: ертегіні дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттатуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** ертегңінің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді: ертегі** мазмұнының түсінеді;<br>**Қолданады:** ертегіні мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Достық – барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады.<br>Ертегінің – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегі сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат.<br>Берекелі бүгіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ!<br>**Білу: Сөздік жұмыс:**<br>*Күлімде* – қуан, шаттан. | **Дағды:** Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыруға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** музыка ырғағына ілесіп би қимылдарын ырғақпен жасайды, әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** опера, балет туралы түсініктерді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын, ойынға катысады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Полька» (М. Красев).<br>Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.<br>***Музыка тыңдау:*** «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский).<br>Балаларға опера туралы мағлұмат беру.<br>**Түсіну:** ***Ән айту:*** «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев).<br>Әнді көңілді, сөздерін таза, анық айтуға көңіл бөлу.<br>Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, иықты көтермей, бір-бірін тыңдап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б.<br>Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?<br>**Білу: Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»**<br>Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.<br>Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыстан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Бір, екі, үш, кәне, жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық. | Балаларға есімдер ойлап тауып, достық туралы әңгімеле.<br>**Есіңе сақта:**<br>«Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол».<br>**Поэзиялық сергіту сәті:**<br>**Сергіту сәті:**<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне, біздер қандаймыз! | Мысалы*: Ал.. . . .ма , ба. . . қа.., са...ғыз, ал...мұрт, ма..., ке...ме, де..., шал...қар, қа...зы, пи..яз, бә...тенке, т.б.*<br>Балалар сендердің дендерің сау, мықты болып өсу үшін дәрумендері мол, балғын тағамдармен қоректенулерің керек.<br>**Қолдану: *Дидактикалық жатттығу: «Қарама-қарсы сөзді айт»***<br>*Майлы – ... (майсыз).*<br>*Сұйық – ... (қою).*<br>*Ащы – ... ( тұщы).*<br>*Дәмді – ... (дәмсіз).*<br>*Қатты – ... (жұмсақ).*<br>*Ұнайды – ... (ұнамайды).*<br>Балалар қарама-қарсы сөздерді айтады.<br>**Білу:** Дыбыстық талдау жаса.<br>**Ыдыс, ешкі, құрт** сөздеріне дыбыстық талдау жасау<br>***Ыдыс*** сөзіне дыбыстық талдау.<br>*Ыдыс* сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар<br>Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Д – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>***Құрт*** сөзінің дыбыстық талдауы. *Құрт* – 1 буын, 4 дыбыс.<br>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс,<br>Ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түмпен белгілейміз.<br>Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>***Ешкі*** сөзіне дыбыстық талдау. | *Берекелі* – молшылықты.<br>*Бейбіт* – тыныштық жайлы.<br>Дәптермен жұмыс:<br>Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт.<br>Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың?<br>Олардың көңіл күйлері қандай?<br>Балаларға есімдер ойлап тауып, достық туралы әңгімеле.<br>**Есіңе сақта:**<br>«Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол».<br>**Поэзиялық сергіту сәті:**<br>**Сергіту сәті:**<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне, біздер қандаймыз! | айтуды естен шығармауларын ескерту.<br>Үйренген «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Биді әрі қарай жалғастырып, бірдей қимыл жасауға ұмтылдыру.<br>**Білу: *Ойындар, хороводтар:*** «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар біртіндеп өз музыкалары естілгенде шығып, өздеріне тән қимылдарын жасайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Ешкі* – 2 буын, 4 дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспенг белгілейміз.<br>К – қатаң дауыссыз , көк түспен белгілейміз.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Поэзиялық сәт:Балдырғандар маршы**<br>Адымдаймыз көңілді,<br>Алға қарай сенімді.<br>Тік көтеріп кеудені,<br>Адымдаймыз жігерлі.<br>Адымдаймыз көңілді,<br>Алға қарай сенімді. Шеңбер болып тұрайық, Дөңгелекті құрайық.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Алақанның біреуін,<br>Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын,<br>Қол үстінен ұрайық. | | |
| ***2 үзіліс –***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>**Басты мақсат: Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;**<br>**Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;**<br>**Бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, ззара көмектестікке тәрбиелеу.** | | | | | |

<table>
<tr>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Аз қимылды ойын:«Таудан тауға»<br>Мақсаты: Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;<br>Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;<br>Бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, ззара көмектестікке тәрбиелеу.<br>Ойын шарты:<br>Әдістемелік нұсқаулар:<br>Ойыншылар жанындағы көршісінің басына қолы жететіндей болып, шеңбер құрып отырады. Барлығы баскиімсіз отырады, тек жүргізушінің басында ғана тақия бар. Жүргізуші келесі сөздерді айтады: «Таудан тауға ! Таудан тауға!». Осыдан кейін басынан тақияны алып, оны оң жағындағы көршісінің басына кигізеді. Ал тақия кигізілген ойыншы дәл сол сөздермен солай келесі көршіге кигізеді. Тақия жүргізуші басын жауып «Таудың басына! Таудың басына!» сөздерін айтқанша шеңбер бойымен жүре береді. Сол кезде тақиябасында қалған ойыншы қандай да бір тапсырманы орындайды.<br>Ұсыныс: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін...</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі<br>ҰІӘ мақсаты: Балаларды өсімдіктер мен ормандағы жануарлар арасындағы байланыстар туралы түсіндіру.<br>Дағды: Танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту,өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге дағдыларын дамыту.<br>Күтілетін нәтижелер:<br>Жасайды: Орман өсімдіктері мен жануарларынын бірнеше түрін атап береді.<br>Түсінеді:өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін біледі.<br>Қолданады:өсімдіктерге күтім жасай алады.<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.<br>Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Балалардан үй жануарлары мен орман</td>
<td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі<br>.<br>ҰІӘ мақсаты: Бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру. Қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру.<br>Дағды: Тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. Ұлт тарихы, халық мәдениетіне деген құрметке, білім-білік дағдыларын қолдана алуға, жұппен жұмыс, эстафеталарда басқалармен әрекет ету ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: арқа аурулары мен жалпақтабанның алдын алуға арналған жалпы дамыту жаттығулары.</td>
<td>1.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі<br>ҰІӘ мақсаты: Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту.<br>Дағды: Танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту,өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге дағдыларын дамыту.<br>Күтілетін нәтижелер:<br>Жасайды: бөлме гүлдері мен дала гүлдерінің бірнеше түрін атап береді.<br>Түсінеді:өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін біледі.<br>Қолданады:өсімдіктерге күтім жасай алады.<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.<br>Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Балалардан бәйшешекті бөлме гүліне жатқызуға бола ма деп сұрайды?<br><br>Бәйшешектен білеміз,<br>Көктем келіп қалғанын.<br>Мәз боламыз, күлеміз<br>Көрсек гүлін жарғанын.</td>
<td>3.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет<br>ҰІӘ мақсаты: Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау.<br>Дағды: Әңгімеге тақырып қоя білуге,сөздік қорларын дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: сұрақтарға жауап береді, түсінгендерін айта біледі, сөйлем түрлерін анықтайды;<br>Түсінеді: «маңдай тер» сөзінің мағынасын;<br>Қолданады: әңгімеге тақырып ойлап табуды.<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану.<br>Миға шабуыл: Осы кезде бөлмеге «сауысқан» келеді де, саңқылдаған дауыспен:<br>Хат келді!<br>Хат келді! – деп саңқылдайды.Хатты алып</td>
<td>3. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі<br>ҰІӘ мақсаты: Заттардың арасымен еңбектеп жүруді бекіту, қозғалыс кезінде дұрыс қалып пен бұлшықеттердің сәйкес рефлекстерінің қалыптасуына ықпал ету.<br>Тереңдікке секіруге, аяқты бүгіп секіріп түсуге, тепе-теңдік сақтауға жаттығу.<br>Дағды: Оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарын алдымен төменқарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: ырғақты гимнастика, оң қол және сол қолмен сермеп лақтыру, көзге арналғанжаттығулар.<br>Түсінеді: қолды айналдырып сермеу, секіріп түскенде тепе-</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарларын салыстыруға бола ма деп сұрайды?<br>**Миға шабуыл:** Ауа райында қандай өзгерістер байқадыңдар? Оларға күтім жасау қажет пе?<br>Пікірталасқа қатысады. Сұрақтарға жауап береді. Оларға күтім жасаудың қажеті жоқ. Олар еріген қар суын, жаңбыр суын ішеді. Күннен жылу алады деген тұжырым жасайды.<br>**Түсіну**<br>Тәрбиеленушілер өсімдіктерге қалай күтім жасау қажеттігі туралы ойларын айтады.<br>**Білу:** Балаларға «Орман өсімдіктеріне күтім жасау қажет пе?» деген мәселені талқылауды ұсынады.<br>Орман өсімдіктеріне күтімді күн, жылы жел мен жаңбыр жасайды деп ой қорытады.<br>**Қолдану:** Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>Ұмытпай күнде, су құям гүлге.<br>Тұрады гүлім, құлпыртып түрін.<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Гүл егеміз бақтарға<br>Айналасын қоршаймыз. | **Түсінеді:** «шабандоз» терминін, эстафета ережелерін, командада, топта өз әрекетін өзгелермен үйлестіруді, фитболмен секіргенде жерден екпінмен итеріліп, қайта аяқ басымен жұмсақ түсуді.<br>**Қолданады:** бастапқы қалыпқа дұрыс келу, фитболды заттардың арасымен алып жүру, жерден көтерілген жазық бетпен жүргенде тепе-теңдік сақтау, сапқа тұру, қайта сапқа тұру,заттардың арасымен жорғалау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Арқа омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу.<br>Балалар бірнеше тізбекке өз орнын есте сақтап, сап түзеп тұрады. Белгі бойынша шашырапкетіп, қалауынша қимылдар жасайды. Қайтадан белгі бергенде өз орнына тез келіп тұра қалуы керек.<br>1.Бастапқы қалып (Б.қ.): 1-2 қамшыны жоғары көтеріп, оң (сол) аяғын артқа жіберіп, аяқтың ұшымен өкшесін өзіне тартып созылып – демін ішіне тартады да, 3-4 – б.қ.<br>8 рет қайталайды.<br>2.«Бір жағына еңкею»<br>Б.қ.: аяқты айқастырып отыру, қамшы жоғарыда, 1-2 – оңға (солға) еңкею, қамшыны жерге тигізу, 3-4 – б.қ. 6 рет қайталау.<br>3.Б.қ. шалқалап жатып алып 1-қамшыны жоғары көтеру, 2-екі аяқты бірдей сермеп, аяқтың ұшын қамшыға тигізу. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау. | **Миға шабуыл:** Ауа райында қандай өзгерістер байқадыңдар? Ең алғашқы гүлдер қай кезде пайда болады? Сендер көктем шыққанда бірінші болып бүр жаратын қандай гүлдерді білесіңдер? Оларға күтім жасау қажет пе?<br>Пікірталасқа қатысады. Сұрақтарға жауап береді. Көктемнің белгілерін атап көрсетеді.<br>Алғашқы гүлдердің қар еріп, жердің ақ көрпесі түрілген кезде пайда болатынын айтады. Балалар тек бөлме гүлдеріне күтім қажеттігін түсіндіреді. Ал, көктемнің алғашқы гүлдері табиғатта, өз бетінше өседі. Оларға күтім жасаудың қажеті жоқ. Олар еріген қар суын, жаңбыр суын ішеді. Күннен жылу алады деген тұжырым жасайды.<br>**Түсіну:** Бөлме гүлдеріне күтім жасаудың негізгі ережелерін естеріне түсіреді.<br>Тәрбиеленушілер өсімдіктерге қалай күтім жасау қажеттігі туралы ойларын айтады.<br>**Білу:** Балаларға «Дала гүлдеріне күтім жасау қажет пе?» деген мәселені талқылауды ұсынады.<br>Дала гүлдеріне күтімді күн, жылы жел мен жаңбыр жасайды деп ой қорытады.<br>**Қолдану:** Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>Ұмытпай күнде, су құям гүлге.<br>Тұрады гүлім, құлпыртып түрін.<br>Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз.<br>Гүл егеміз бақтарға<br>Айналасын қоршаймыз. | оқып, бұл хатта әңгіме жазылғанынжәне әңгімеге тақырыпты балалардың ойлап табуы керектігін айтады.<br>Енді мен әңгімені оқиын, ал сендер мұқият тыңдаңдар:<br>**Түсіну:** Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған.Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды.<br>Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді. Қолына күрек ұстатты да: Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді.<br>Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады.<br>Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды.Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты. Сондай дәмді! – деді Хамит. Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды.<br>*(Б.Досымов)*<br>**Білу: Дидактикалық ойын:** «Қандай сөйлем екенін тап». | теңдік сақтау, қауіпсіздік тәртібі.<br>**Қолданады:** үйде де қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру, залда алақан мен тізеге басып,еңбектеп жүру, бастапқы қалыпқа дұрыс тұру («малдас құру»; өкшені толық басып отыру; тізерлеп тұру), 35 см биіктіктен төменге секіру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>«Жаттығуды бастадық – бұл бір! Алшақ – алшақ басайық – бұл екі!Тоқтама сен, кідірме – бұл үш!<br>Күн күлімдеп тұр көкте! Тамаша!<br>Үлкен боламын, күшті болам, ер болам! Тамаша!»<br>Мәтін бойынша қимылдар жасайды.<br>Негізгі жаттығуларды ойын түрінде орындау.<br>Оң қол, сол қолмен **лақтыру.** қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеплақтыру.<br>**Түсіну:** Денені жұмырлап, алдыға қарай дөңгелеп, арқасына аунап түсу.<br>Денені жұмырлау – отырып, тізесін біріктіріп, қолдарын еденге, шынтақтарын денесіне қысып, арқасын дөңгелету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 4.Б.қ. қамшыны арт жағына қолын төменге түсіріп ұстау. 1-2 – қамшыны жоғары көтеріп отыру. Арқаны тік ұстап, тізені ашу, өкшені көтеру. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>5.«Қамшыны тізеге қою». Б.қ.: қамшы төменде, 1 – қамшыны жоғары көтеру, 2 – бүгілген сол аяқты көтеру қамшыны тізеге апарып, 3 – қамшыны жоғары көтеру, арқаны түзу ұстау. Аяқты түсіру. 4 – б.қ. орнықты тұрып, аяқ ұшын тарту. 5 рет қайталау.<br>6.Б.қ.: қамшыны табанымен қысып отыру, 1 – тізені бүгіп, жоғары көтеріп, денені оңға-солға бұру. 5 рет қайталау<br>7.Б.қ.: жерде отырып, еңкейіп, қамшымен оң (сол) аяқтың ұшын іліп алып, мүмкіндігінше жоғары көтеріп, ұстап тұру. 5 реттен қайталау.<br>8.Б.қ.: отырып алып аяқтың ұшымен қамшыны жинау.<br>9.Б.қ.: жерде жатқан қамшыдан оң (сол) қырымен секіру. 10 секіруді 2 рет қамшыдан аттаумен алмастырып қайталау.<br>**Түсіну:**«Жылан»<br>Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру.<br>Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып, фитболды алыпжүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады<br>**Білу:** Қимыл-қозғалыс ойыны : «Шеңбер» ( 3 рет). | | **Ойын шарты:** Сөйлемдер айтамын. Балалар қандай сөйлем екенін табады.<br>Әже, сіз не істеп жатырсыз?<br>Ұстаңдар! Ұстаңдар! Ұста оны!<br>Күн шығып, дала нұрға бөленді.<br>Алманы үзген кім?<br>Тоқта! Қызыл түс жанғанда жүрме!<br>Бақта жемістер өседі.<br>Дәптермен жұмыс<br>Дәптердегі тапсырманы орындау керек.<br>**Поэзиялық сергіту сәті:**<br>Сергіту сәті:<br>Аппақ болып таң атты,<br>Түтін тіке ұшады.<br>Қарлығаштар қанатын,<br>Биік самғап ұшады. | Бастапқы қалыптан негізгі акробатикалық жаттығулар жасау.<br>**«Орындарыңмен ауысыңдар» қозғалыс ойындары** Залды екіге бөлетіндей етіп, ортаға арқан төселіп салынады.Әр команда залдың бір бөлігіне орналасады.<br>«Жүгір!» деп белгі берілгенде, балалар өз бөлігінде шашырап жүгіреді.<br>«Ауысамыз!» деп белгі берілгенде, екі топ ауысады. Қай топ бірінші болып толық ауысыпүлгереді, сол топ жеңіске жетеді.<br>**Білу:** Дыбыстарды айту арқылы тыныс алу жаттығуларын орындау.<br>**«А» дыбысы.**<br>Өкпе, кеңірдек, көмейдің жұмысын жақсартады. Дыбыстау нәтижесінде тыныс алутереңдеп, оттегін қабылдау ұлғаяды.<br>Тыныс алғанда шығарылатын ауаны ұлғайту үшін дауысты дыбыстарды мүмкіндігенше созу қажет. Мысалы: жіп тарқатылғанша созу.<br>«М» дыбысы.Дыбысталуы митамырларына оңтайлы әсер етеді. Психоэмоционалды күйзелістен шығарып, есте сақтау мен тыныштық сезімдерін жақсартады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Құрсауларды шеңбер бойымен орналастырып қою. Ойыншылар өз құрсауларына тұрады. Әр құрсауда тек 2 ойыншы тұра алады. Бір ойыншы үлкен шеңбердің дәл ортасында тұрады. Белгі бойынша ойыншылар өз құрсауларына жүгірген кезде ортадағы ортадағы «үйі жоқ» ойыншы кез келген құрсауға тұрып алады. Артық ойыншы енді ортаға тұрып, өзіне үй іздейді. Осылайша ойын жалғаса береді. | | | |

***3 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**





**Ойын: «Жылдам ал, жылдам қой»**

**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл - қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

**Ойын шарты:**

**Әдістемелік нұсқаулар:**

Бүкіл залда заттар шашылған (доптар, шаршылар, таспалар). Балалар жан-жаққа бұл заттарды басып кетпеуге тырысып жүгіреді. «Жылдам ал!» пәрмені бойынша барлық балалар бір-бір заттан алып, қолдарын жоғары көтеріп, қимылсыз тұрып қалады. Осыдан кейін затты қолдарынан тастамай жүгіруін жалғастырады. Біраз уақыттан кейін ұстаз «Жылдам қой!» пәрменін береді. Осы кезде балалар қолдарындағы заттарды барынша жылдам жерге қойып, қозғалыссыз тұруы керек.

## 4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі** . **ҰІӘ мақсаты:** Бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру. Қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру. **Дағды:** Тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен | **4. Музыка- шығармашылық әрекет** **ҰІӘ мақсаты:** Ғажайып музыка әлемі туралы балаларға әңгіме өткізу, музыка құдіретін түсіне білуге жетелеу. Лирикалық байсалды әуендерді қабылдап, қарқындық өзгерісін белгілеу. | **.Мүсіндеу – шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті** **ҰІӘ мақсаты:** түймедақ гүлін мүсіндей білуге үйрету, көктем мезгілітуралы білімдерін кеңейту; гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу, өсімдіктердікүту ережелерімен таныстыру; | **4** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. Ұлт тарихы, халық мәдениетіне деген құрметке, білім-білік дағдыларын қолдана алуға, жұппен жұмыс, эстафеталарда басқалармен әрекет ету ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** арқа аурулары мен жалпақтабанның алдын алуға арналған жалпы дамыту жаттығулары.<br>**Түсінеді:** «шабандоз» терминін, эстафета ережелерін, командада, топта өз әрекетін өзгелермен үйлестіруді, фитболмен секіргенде жерден екпінмен итеріліп, қайта аяқ басымен жұмсақ түсуді.<br>**Қолданады:** бастапқы қалыпқа дұрыс келу, фитболды заттардың арасымен алып жүру, жерден көтерілген жазық бетпен жүргенде тепе-теңдік сақтау, сапқа тұру, қайта сапқа тұру,заттардың арасымен жорғалау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Арқа омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу.<br>Балалар бірнеше тізбекке өз орнын есте сақтап, сап түзеп тұрады. Белгі бойынша шашырапкетіп, қалауынша қимылдар жасайды. Қайтадан белгі бергенде өз орнына тез келіп тұра қалуы керек.<br>1.Бастапқы қалып (Б.қ.): 1-2 қамшыны жоғары көтеріп, оң (сол) аяғын артқа жіберіп, | Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту.<br>**Дағды:** Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыруға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** музыка ырғағына ілесіп би қимылдарын ырғақпен жасайды, әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** опера, балет туралы түсініктерді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын, ойынға катысады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Полька» (М. Красев).<br>Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.<br>***Музыка тыңдау:*** «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский). Балаларға опера туралы мағлұмат беру.<br>**Түсіну:** ***Ән айту:*** «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев).<br>Әнді көңілді, сөздерін таза, анық айтуға көңіл бөлу. | **Дағды:** ұсақ қол моторикасын, сөздік қорын, тілін дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** түймедақ гүлін мүсіндейді;<br>**Түсінеді:**гүлдің адамға жақсы көңіл күй сыйлайтынын, бекерге жұлмау керектігін;<br>**Қолданады:**мүсіндеу әдіс-тәсілдерді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** үнтаспа арқылы музыка қосады.<br>Көктемгі күн Жер-ананы қыздырып, табиғаттағы бар тіршілік иелеріоянып, гүлдер Жер-анадан күш алып, жапырақтарын жайып, күлтелерін көтеріп, күнге қарай қол созады.<br>Балалар, сендер көктемнің алғашқы гүлдері болып, Жер-анадан нәралып күлтелеріңді аштыңдар.<br>Қандай сезімде болдыңдар?<br>Көктем гүлдерін атаңдаршы?<br>–Гүлдердің адамдарға тигізетін пайдасы бар ма?Гүлдер жерге көрік,әсемдік, әдемілік береді. Адамдарға қуаныш, жақсы көңіл күй сыйлайды.Сондай-ақ «Бақбақ», «Түймедақ» гүлдерінен дәрі жасайды.<br>**Түсіну:** Гүлді жасау кезеңдерімен таныстыру:<br>1.Сары түсті ермексазды алақанға салып домалақтаймыз, алақанменбасып сәл жалпақтаймыз.<br>2.Күлте жасау үшін біз 7 бірдей домалақ жасап алуымыз керек.<br>3.Саусақтарымыздың көмегімен сопақша пішінге келтіріп, оны жалпақтап, екі ұшын сұқ саусақ, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтың ұшымен өкшесін өзіне тартып созылып – демін ішіне тартады да, 3-4 – б.қ.<br>8 рет қайталайды.<br>2.«Бір жағына еңкею»<br>Б.қ.: аяқты айқастырып отыру, қамшы жоғарыда, 1-2 – оңға (солға) еңкею, қамшыны жерге тигізу, 3-4 – б.қ. 6 рет қайталау.<br>3.Б.қ. шалқалап жатып алып 1- қамшыны жоғары көтеру, 2-екі аяқты бірдей сермеп, аяқтың ұшын қамшыға тигізу. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>4.Б.қ. қамшыны арт жағына қолын төменге түсіріп ұстау. 1-2 – қамшыны жоғары көтеріп отыру. Арқаны тік ұстап, тізені ашу, өкшені көтеру. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>5.«Қамшыны тізеге қою». Б.қ.: қамшы төменде, 1 – қамшыны жоғары көтеру, 2 – бүгілген сол аяқты көтеру қамшыны тізеге апарып, 3 – қамшыны жоғары көтеру, арқаны түзу ұстау. Аяқты түсіру. 4 – б.қ. орнықты тұрып, аяқ ұшын тарту. 5 рет қайталау.<br>6.Б.қ.: қамшыны табанымен қысып отыру, 1 – тізені бүгіп, жоғары көтеріп, денені оңға-солға бұру. 5 рет қайталау<br>7.Б.қ.: жерде отырып, еңкейіп, қамшымен оң (сол) аяқтың ұшын іліп алып, мүмкіндігінше жоғары көтеріп, ұстап тұру. 5 реттен қайталау.<br>8.Б.қ.: отырып алып аяқтың ұшымен қамшыны жинау.<br>9.Б.қ.: жерде жатқан қамшыдан оң (сол) қырымен секіру. 10 секіруді 2 рет қамшыдан аттаумен алмастырып қайталау. | Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, иықты көтермей, бір-бірін тыңдап айтуды естен шығармауларын ескерту. Үйренген «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Биді әрі қарай жалғастырып, бірдей қимыл жасауға ұмтылдыру.<br>**Білу:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар біртіндеп өз музыкалары естілгенде шығып, өздеріне тән қимылдарын жасайды. | ортаңғы саусақ көмегімен доғалдап,күлтелерін жасаймыз.<br>4. Дайын үлгіге гүлдің ортасын қоямыз, күлтелерін айналасына орналастырамыз, сабағын, жапырағын шымшу арқылы біріктіреміз.<br>**Білу:** Балалармен дайын жұмыстарға талдау жасайды.Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, гүлдер туралы тақпақ, жұмбақ айтуларын сұрайды.<br>**Шығармашылық поэзиялық сәт: Сергіту сәті.**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға нұр шашылды.<br>Қайырлы күн!<br>Біз көңілді баламыз!Қайырлы күн!<br>Біз сүйкімді баламыз!<br>(«Өзін-өзі тану» пәні бойынша.) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсіну:**«Жылан»<br>Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру.<br>Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып, фитболды алыпжүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады<br>**Білу:** Қимыл-қозғалыс ойыны : «Шеңбер» ( 3 рет).<br>Құрсауларды шеңбер бойымен орналастырып қою.<br>Ойыншылар өз құрсауларына тұрады. Әр құрсауда тек 2 ойыншы тұра алады.<br>Бір ойыншы үлкен шеңбердің дәл ортасында тұрады. Белгі бойынша ойыншылар өз құрсауларына жүгірген кезде ортадағы ортадағы «үйі жоқ» ойыншы кез келген құрсауға тұрып алады. Артық ойыншы енді ортаға тұрып, өзіне үй іздейді. Осылайша ойын жалғаса береді. | | | | |

*4 үзіліс –*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Тіл ұстарту арқылы қол моторикасын дамыту және қалыптастыру жаттығулары**

| | |
|---|---|
| **Саусаққа арналған гимнастика**<br>І.«Бұл – атам, бұл – апам, Бұл – әкем, бұл – анам,<br>Бұл – бөпем менің, көркем.<br>(Сол қолымен оң қолының әр саусағын ұстау, сосын керісінше орындайды).<br>Міне менің отбасым (сол қолмен оң қолдың жұдырығын құшу және керісінше орындау).Балаларға топтары да үлкен отбасы екенін айтып, еске салу.<br>ІІ.**«Тілше»**<br>Тілімізді көрсетейік,Қарап оны көрейік.<br>Тілдерін ілгері-кейін қозғалтады.<br>**«Тілше»** | **Саусақ ойындары.**<br>**Ойын:«Кім келді?»**<br>Қане, қане кім келді? Біз, біз, біз!<br>Апа, апа, бұл сіз бе? Иә, иә,иә!<br>Әке,әке бұл сіз бе? Иә,иә,иә!<br>Ағатайым, бұл сіз бе? Иә,иә,иә!<br>Қарындасым, бұл сен бе? Иә,иә,иә!<br>Біздер тату жанұя Иә,иә,иә!<br>**Орындалуы:**<br>1. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>2. Екі қолдағы басбармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ ұштарын бір мезгілде соғады. |

| | |
|---|---|
| Тілімізді қимылдатып,Дөңгелетіп ойнайық.<br>Тілдерін жан-жаққа жүгіртіп ойнақықозғалтады.<br>**«Ауызшық».**<br>Ауызды ашып айналдыр,Оңға-солға шайнаңда!<br>Ауыздарын ашып, жақ сүйегін оңға-солға шапшаң айналдырып қозғалтады. | 3. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>4. Сұқ саусақтардың ұштарын соғады.<br>5. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>6. Ортаңғы саусақтардың ұштарын соғады.<br>7. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>8. Аты жоқ саусақтардың (шылдыр шүмек) ұштарын соғады.<br>9. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>10. Кішкене саусақтардың ұштарын соғады.<br>11. Барлық саусақтардың ұшымен бірге соғады.<br>12. Алақандарымен шапалақтайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>(Еркежан,Нұрым,Аян)осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты:**сөздік қорын байыту.<br>**Жаңылтпашты қайталау.**<br>Малға шөп керек,<br>Шөп көп керек,<br>Көк шөп керек. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Сақтап ал»<br>(Ақжол,Жанеля) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. | **Сауат ашу негіздері– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>(Ибраһим,Аяжан) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты :**Жатқа айта білу дағдысын қалыптастыру<br>**Қошақан**<br>Қошақаны қойдың,<br>Қайда қалып қойдың?Бұлтиып тұр бүйірің,<br>Қай өрістен тойдың? | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>(Батыржан,Ажар) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | **Қоршаған ортамен таныстыру –коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>(Арнұр,Сұлтан) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>«Дәрілік өсімдіктер туралы» әңгімелесу.<br>**Мақсаты:**Сурет бойынша өз ойын айытқызу.<br>Суреттерді қарап шығып, балаларды зерттеуге қатысуға ынталандырады.<br>Күн райының өзгергенін айтады. Шөп көгерді, гүлдер гүлдеді, құстар шырқап, көбелектер ұшып жүр, ағаштар гүлдеді...<br>Ағаштар мен бұталардың құрылымын еске түсіреді.<br>Гүлдеген ағаштың түрі қандай болады? (Гүлдері ірі, күңгірт қызғыш түсті болады, олар жапырақтармен бірге пайда болады). |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында»**<br>**Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.**<br>**«Алақай,ойын!»** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 16**<br>**Бақбақ гүлін бақылау**<br>***Мақсаты:*** *бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау* (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару ); | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 17**<br>**Жолжелкенді бақылау**<br>***Мақсаты****:емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды* | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 18**<br>**Жәндіктерді бақылау**<br>***Мақсаты:*** *«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;* | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 19**<br>**Гүлзарды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау № 20**<br>**Ауа-райын бақылау**<br>***Мақсаты:****Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру;<br>— емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз.***<br>*Аппақ, аппақ бақбақтар,*<br>*Үлбіреген бақбақтар,*<br>*Құдды киіз ақ үйлер.*<br>*Парашюттен аумайды.*<br>*Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса,*<br>*Тамашалап сәбилер.*<br>*Ақ ұлпалар заулайды.*<br>*Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы.*<br>*Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі.*<br>Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай.<br>Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан | *жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиеші әңгімесі***<br>*-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.*<br>*Балаларға сұрақтар:*<br>♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? *(шешек айы)*<br>♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? *(күннің көзі көп түскен жерде бар)* | — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:***<br>*Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не?<br>(ара)<br>*Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>*Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не?<br>(шыбын)<br>*Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер.<br>(құмырсқа)<br>*Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)*<br>♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)* | — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>— Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br>♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>♦ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>♦ Оларды қалай күтесіңдер?<br>♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br>*Мақсаты:*<br>— Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>— Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Қай топ тез жиналады?».<br>*Мақсаты:* жүкіруге жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойыны** «Құлап қалма». | *түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз.*** *А.Меңдібай*<br>*Мамыр айы келгенде,*<br>*Дала гүлге толады.*<br>*Жайнап барлық атырап,*<br>*Қызық-думан болады.*<br>*Бақшамызда біз еккен,*<br>*Гүл шоқтары гүлдейді.*<br>*Жапырақтар сыбдырлап,*<br>*«Қандай көркем, көр»-дейді.*<br>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.<br>♦ Балалар, қарандаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).<br>♦ *Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)*<br>♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)*<br>♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)<br>♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)<br>♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)<br>♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).<br>♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек.<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦ Бақбақ гүлінің түрі қандай??<br>♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді?<br>♦ Бақбақтың қандай лақап аттары бар?<br>♦ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз?<br>**Зерттеу жұмыс:** Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау.<br>**Еңбек.** Гүл егілген алаң айналасын тазалау.<br>*Мақсаты:*Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Өз гүліңді тап».<br>***Мақсаты:***<br>— түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету.<br>**Жаттығу ойыны.** Қимылдарын дамыту<br>***Мақсаты:***<br>*- Қимыл белсенділіктерін арттыру;*<br>*Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.* | ♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын)<br>♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? *(олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)*<br>♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? *(жолжелкен)*<br>♦ Оны неге олай атаған?<br>♦Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу.<br>Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.<br>**Еңбек:** Ойын алаңын тазалау.<br>*Мақсаты:* бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Бәйге».<br>*Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны:** Дыбыстар арқылы жүру<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау.*<br>***Мақал-мәтел:***<br>***Дана көптен, дәрі шөптен.***<br>***Құнарлы шөп, қосымша сүт.*** | ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).*<br>♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>**♦ Зерттеу жұмысы**<br>Қанқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Аланды қоқыстардан тазалау.<br>*Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын** «Аюлар мен аралар».<br>*Мақсаты: кеңістікте жүгіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.*<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты: жүгіру техникаларын жақсарту.*<br>***Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.*** | *Мақсаты:* бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.<br>***Мақал-мәтел:***<br>***- Әр гүлдің иісі әр басқа.***<br>***-Гүл-араға, бал-балаға.***<br>***Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.*** | ♦ Жаңбыр қандай температурада жауады?<br>♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).<br>**Еңбек**<br>Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Үшінші артық».<br>*Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.*<br>**Жаттығу ойыны**<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты:*<br>— Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>— Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>***Мақал-мәтел***<br>***-Сәуір айы-су айы,***<br>***Мамыр айы- гүл айы.***<br>***-Көктемгі жауын артық болмас.*** |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.** **Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес*** - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес*** Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 29.04 – 03.05. 2023-2024  оқу жылы (апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 29.04 | Сейсенбі 30.04 | Сәрсенбі 01.05 | Бейсенбі 02.05 | Жұма 03.05 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | №2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №2 *жиынтық***<br>***Орамалдармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br><br>1. Б.қ.: кілемде отыру, беторамал оң қолда. Беторамалды бастан асыра көтеріп, бұлғайды және тізесіне дейін түсіреді. Солай сол қолмен де орындау (3-4 рет).<br>2. Б.қ.: тұру, беторамалдың ұштарынан екі қолмен ұстау, қолдары түсірулі.. Отыру, беторамалды бет алдына көтеру – «Тығылдық!», түзелу, беторамалды түсіру – «Табылдық!» (4-6 рет).<br>3. Б.қ.:өкше түйістірілген, беторамал төмен түсірілген екі қолда. Отыру, беторамалды алға созу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>4. Б.қ.: етбетінен жату, беторамал бастан асыра созылған қолда. | №3 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №3 *жиынтық***<br>***Орамалдармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: аяқ алшақтатылған, бір шетінен ұстап, беторамалды төмен түсіру. Беторамал алда, төмен түсіріп жатып «төмен» деп айту (5 рет).<br>2. Б.қ.:аяқ алшақтатылған, беторамал төмен түсірілген. Алға еңкейіп, беторамалды бет алдына апару «Тығылдық». Беторамалды төмен түсіру, түзелу (5 рет).<br>3. Аяқ алшақтатылған, беторамал еденде. Беторамалға отыру (алдына, артына, жанына). Тұру, «отырайық» деп айту.<br>4. Б.қ.:аяқ алшақтатылған, беторамал еденде. Бір орында 6-8 рет секіру және беторамал | №4 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №4 *жиынтық***<br>***Орамалдармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, беторамал төмен түсірілген. Беторамал кеуде тұсында, оған қатты желдетіп, үрлеу. Түсіріп, «жел соқ» деп айту (4 рет). Демалу сәтін жиі ұсыну.<br>2. Б.қ.: отыру, беторамал төмен түсірулі. Беторамалды алға созу, бұрылу, «қараңдар» деп, бастапқы қалыпқа қайту.<br>3. Б.қ.: солай, беторамал едендегі аяқтың арасында, қолды жанына тіреу. Аяқты кезектестіріп беторамалға қояды, бастапқы қалыпқа қайту.<br>4. Б.қ.: аяқ алшақтатылған, беторамал төмен түскен бір қолда, екіншісі белде. Аяқтың | №1 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1 *жиынтық***<br>***Жалаушалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, жалаушалар төмен түсірілген екі қолда. Жалаушаларды жоғары көтеру, әрі-бері бұлғау, төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>2. Б.қ.: сондай, жалаушалар кеуде тұсында. Отыру, таяқшаларымен еденді ұру, тұрып, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: аяқты алшақтатып отыру, жалаушалар иық тұсындағы екі қолда. Еңкейіп, жалаушаларды аяқтың ұшына қою, түзелу, қолды арқа тұсына қою; еңкейіп, жалаушаларды алып, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет). | №2 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №2 *жиынтық***<br>***Жалаушалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, екі қолдағы жалаушалар төмен түсірілген.. Жалаушаларды жоғары көтеру, айқастыру, таяқшаларын бір-біріне ұру, төмен түсіру (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, жалаушалар иық тұсындағы екі қолда. Отыру, жалаушаларды алға созу, тұрып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.:тізерлеп тұру, екі қолдағы жалаушалар төмен түсірілген. Жалауашаларды жоғары көтеру, оңға-солға бұлғап, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, екі қолдағы жалаушалар төмен түсірілген. Жүрумен кезектестіріп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолды жоғары созу және түсіру (әр қолмен 3-4 рет).<br>5. Б.қ.: тұру, беторамал оң қолда. Бір орында тұрып, беторамалдарын бұлғайды (3-4 рет). | айналасында немесе бір орында жүру (3 рет).<br>5. Б.қ.: тұру, беторамал оң қолда. Бір орында секіру, беторамалды бұлғау (әр қолмен 3-4 рет). | ұшымен бір айналым жасап, тоқтау және беторамалды жоғары бұлғау, келесі қолмен де солай қайталау.<br>5. Б.қ.: тұру, беторамал оң қолда. Бір орында секіріп, беторамалды бұлғайды (әр қолмен 3- 4 рет). | 4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, екі қолдағы жалаушалар төмен түсірілген. Жүрумен кезектестіріп, бір орында екі аяқтап секіру (2 рет). | бір орында екі аяқтап секіру (2 рет). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **29.04.24**<br>**Дүйсенбі** | **30.04.24**<br>**Сейсенбі** | **01.05.24**<br>**Сәрсенбі** | **02.04.24**<br>**Бейсенбі** | **03.04.24**<br>**Жұма** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету.<br>**Дағды**: Назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту | **2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік әрекет**<br>**.**<br>**ҰІӘ мақсаты:** әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету<br>**Дағды:** құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** педагогпен бірге сұраққа жауап береді.;<br>**Түсінеді:**әңгіме мазмұнын түсінеді.<br>**Қолданады:**әншіме ішіндегі сөздерден, дауыссыз дыбыстарды табуды | **1.** | **1.Сөйлеуді дамыту- танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Дыбыстық талдау жасауды үйрету. Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын барысында үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**Дағды**: Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білу:**Мазмұнын білу.Балта сөзін білу.<br>**Мақал-мәтелдер**<br>1.Қысына қарай – көктемі, | **1. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдау жасауды меңгертуді жалғастыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету.<br>**Дағды:** Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз ойлайды.<br>**Түсінеді:** дыбыстардың жасалуын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды;<br>**Түсінеді:** 1 санды қоса есептеу арқылы келесі санды және 1 санға азайту арқылы алдыңғы санды алу тәсілін;<br>**Қолданады:** 1-ден 10-ға дейін санау дағдысын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Карточкамен жұмыс** Тақтада (демонстрациялық материал 21- кесте)<br>1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады. Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз.<br>**Түсіну:**<br>**Ойын жаттығуы**:<br>«Жазбаны шеш».<br>Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды. | **Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу:** Мақал-мәтелдер<br>1<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын:<br>Саусақ жаттығу:<br>Тоқ, тоқ тоқылдақ<br>Тыңбай қойдың тоқылдап<br>Отыр міне ағашта Тұмсығымен соққылап<br><br>Тапсырма ауызша орындалады. | | Диқанына қарай – егіні.<br>2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы.<br>3.Қыс қамынды жаз ойла.<br>**Болу:**Балаларды батыл,адал,еңбекқор болуға жетелеу.<br>**Қолдану:**Ойынға бірігіп қатысу.Суреттер. | **Қолданады:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну: «Тізбекті жалғастыр»дидакти-калық жаттығуы**<br>Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіне беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді.<br>Мысалы: *қала – алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір – рауғаш – шопан - нан - нақыл – лақ – қала – алма – алтын – нар – нәзік – кәмпит – табақ – қант – тоқ – қоңыз т.б.*<br>**Білу:** «Сөз жина»дидактикалық жаттығуы<br>Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар. Мысалы: - «а.л.м.а.», – «а.ғ.а.ш.», - «к.ү.н.», - «қ.ұ.с.», «қ.о.я.н.», - «с.и.ы.р.» ,- «а.с.ы.қ.» , - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.».<br>**Қолдану:** ***«Май»*** сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | А – жуан дауысты дыбыс , қызыл түспен белгілейміз.<br>Й – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>«Сүт» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ү – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. |

***1 үзіліс -***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға » арналған ойын: «Ойын алаңын тазалау», «Екі Аяз»**

**Басты мақсат: белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.**

| | | |
|---|---|---|
| **Сюжетті-рөлді ойын:« Құрылысшы »**<br>**Мақсаты:** Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру.<br>**Тәрбиешінің іс-әректі:**<br>Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын  көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br> | ***Қимылды ,еңбек ойын:***<br>**«Ойын алаңын тазалау »**<br>**Мақсаты:** Балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету.<br>**Құралдар:** Сыпыртқы, күрек, қап;<br>**Ойын шарты:** Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Тәрбиешінің басшылығымен қапты қоқысқа төгеді.<br>Жеке жұмыс Камиллаға қазақша қыс туралы тақпақты<br>**Жаттату:**<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бақша, бауды, тауды да<br>Бояған аппақ түспенен.<br>   | ***Қимылды ойын:*** **«Екі Аяз»**<br>**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, шапшаң қозғалуға баулу.<br>**Ойын шарты:** Ойын алаңынан екі жақ шетінде «үй» болады. Алаңның бір жақ шетінде барлық ойыншылар тұрады. Аяздар: « Мен Аяз қызыл мұрын, мен Аяз көк мұрын, кім аяздан қорықпайды, сол батылдық жасайды» дейді. «Біз аяздан қорықпаймыз» деп ойыншылар алаңның екінші шетіне жүгіріп өтуге тырысады. Кімге Аяздың қолы тисе сол қатып қалу керек. Аяздың қолы тимеген ойыншылар жеңеді.<br>  |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| | **Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек**<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>Судың қасиеттерін таныстыру.<br>Танымдық мүмкіндіктерін арттыру,тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жұмбақ шешу..**<br>**Білу:Сөздіктер**<br>Табиғат-природа- nature, су-вода-water,<br>Жаңбыр-дождь-rain, ағаш дерево-tree,<br>күн-солнце-san, жел-ветер-wind,<br>торғай –воробей-sparrow, гүл-цвет-flowes<br><br>**Түсінеді: Жұмбақтар**<br>1. Аяқсыз - ақ жорғалайды, жүреді.<br>Ауызы да жоқ, сыңғырлайды, күледі.<br>Онсыз бірақ жер бетінде тіршілік жоқ, | **2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Халық ауыз әдебиетінің өлмес мұрасы - ертегінің мазмұнын түсіндіре отырып, байлық, сәндіктің баянсыз екенін, ақыл, қайрат, нұрлы жүректің мұқалмас мұрат екенін ұғындыру.<br>**Дағды**: Бір - бірінің пікірін, ойын тыңдауға, өз бетінше жұмыс жүргізуге үйрету. Оқушылардың білім деңгейіне байланысты тапсырмалар беріп, жазба тілдерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады;<br>**Түсінеді:** әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді; | | **2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Халық ауыз әдебиетінің өлмес мұрасы - ертегінің мазмұнын түсіндіре отырып, байлық, сәндіктің баянсыз екенін, ақыл, қайрат, нұрлы жүректің мұқалмас мұрат екенін ұғындыру.<br>**Дағды**: Бір - бірінің пікірін, ойын тыңдауға, өз бетінше жұмыс жүргізуге үйрету. Оқушылардың білім деңгейіне байланысты тапсырмалар беріп, жазба тілдерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады;<br>**Түсінеді:** әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімені сюжет бойынша | **Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету.<br>**Дағды:** Лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жақсы таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.<br>**Түсінеді**: музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Айтындаршы, осыны кім біледі.<br>Су<br>2. Өзі көк, көлеңкесі жоқ.<br><br>3. Қыста шыны боп қатады, жылыда су боп жатады..<br>Мұз.<br>4. Көзге көрінгенмен<br>Ұстасаң қолға ілінбейді.<br>Бу.<br>**Қолданады:** Өлең жаттау<br>Сылдыр-сылдыр,сылдыр су<br>Сылдыр суға бетіңді жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің маңдайың. | **Қолданады:** әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** – «Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? *(Мақта)*<br>– Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды.<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс:**<br>*Күн өтпей жатып* – бір күннің ішінде болған оқиға.<br>*Шапан* – қазақтың ұлттық сырт киімі. | | шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** – «Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? *(Мақта)*<br>– Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды.<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс:**<br>*Күн өтпей жатып* – бір күннің ішінде болған оқиға.<br>*Шапан* – қазақтың ұлттық сырт киімі. | **Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады. |

***2 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

***Басты мақсат:*** **қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.**

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл гимнастикасы**<br>**«Тізімізді тазалаймыз»** - Бала, ерінің күлген секілді жасап, тілімен төменгі тістерінің ішкі жағынан, сосын үстіңгі тістерін тазалағандай қимылдар жасату.<br>**«Чистим, зубки»** - улыбнуться, открыть рот. Кончиком языка с внутренней стороны "почистить" поочередно нижние и верхние зубы | | **Ойын: Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу<br>**Ойынның шарты:** Балалар бөлменің бұрышында тұрады.<br>Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды |

<table>
<tr>
<td><br>«Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек.<br>«Часики» - улыбнуться, открыть рот, кончик языка (как часовую стрелку) переводить из одного уголка рта в другой.<br></td>
<td><br><br></td>
<td>да «болды» ,деген де балалар жалаушаны іздейді.Тапқан бала жалаушаны тығады.Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»<br>Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты: Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.<br>Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады.<br>Ойын 2-3 рет қайталанады.<br><br></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау.<br>Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту.<br>**Дағды:** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** буындардан сөз құрайды, буын, сөз, дыбысты есту арқылы ажыратады.<br>**Түсінеді:** дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Буындармен жаттығулар:«Буынды қос»** дидактикалық ойыны (доппен)<br>-Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы: ( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.<br>**Түсіну:** «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Түрлі жағдайларда балалардың білім-біліктерін саналы пайдалана алуына ықпал ету. Жерге жорғалаудағы қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту. Тізені жоғарыкөтеріп, тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттығу.<br>**Дағды:** Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту дағдаларын жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру. Психологиялық күйзелісті таркатуға арналған арнайы жаттығулар орындау.<br>**Түсінеді:** «аңшылық» адамның ең көне кәсіптерінің бірі – аңшылыққа арналған құралдар; таза ауадағы қимыл әрекетінің денсаулыққа пайдасы; аяқты саннан 90°-қа көтеру; таяқтарғажақын жүру және рөлдік ойындардың мазмұны.<br>**Қолданады:** таяқпен жаттығулар орындау дағдысы, заттардың арасымен жүгіру, сенсомоторлық үйлесімді, көзмөлшерін, қимыл дағдылары, тепе-теңдікті сақтау, қол менаяқтың қимылдарының үйлестіру дағдылары.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Сапта арақашықтықты сақтап, таяқпен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындайды (№2). Екі тізбекке, бір қатарға сап түзеп тұру.<br>Бүкіл жаттығулар кешенін орындап біткенше арқасын түзу ұстауға | **3** | **Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту.<br>**Дағды**: Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»;<br>**Түсінеді:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін;<br>**Қолданады:** санап, салыстыру білігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: «Сонша жина» дидактикалық ойыны** | **Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Баланың қимыл жүйесінің жаттыққандығын қимылын түзете отырыпжақсарту, психо-физиологиялық және жеке қасиеттерін жалғастыру.<br>**Дағды:** Талдап ойлау, қалыптан тыс шешімдер қабылдай білуге, ептілікке, күш пен төзімділікке, көпшілдікке, алған білім-біліктерін өмірде қолдану дағдаларын жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** биіктігі 60 см модульдерден жығыла асып өту, құлақ қалқанын уқалау, дүниені позитивті қабылдауды қалыптастыратын жаттығулар.<br>**Түсінеді:** «Қыстау» малға ыңғайлы қысқы тұрақ екендігін, жорғалау тәсілдерінің жылдамдықпен байланысын, ең тиімді тәсілді таңдаудың маңызын, таза ауадағы қимыл қозғалыстың денсаулыққа тигізер пайдасын, аяғын 90° көтеру, оңға-солға кезек секіруді.<br>**Қолданады:** ұзын сырықпен орындалатын жаттығуларды орындау, қалыпты баяу жүгіру, бір аяқпен секіру, сенсоматорлы қимыл түзету, көзмөлшері мен үйлесімді қимылдау, тепе-теңдік сақтау, жорғалап еңбектегендегі қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту дағдыларын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен.<br>Мысалы: **(те-)** те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), **(ор-)** ор-(та), ор-(ман), о-(рак), **(өр-)** өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), **(да-)** да(мыл-да),да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия).<br>**Білу:** «Сөзді аяқта»дидактикалық жаттығуы<br>–Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар.<br>Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дак, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жұл...дыз. | тырысады.Таяқшалардан жол салып келесі жаттығуларды жасауға дайындалады.<br>**Түсіну: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар»**<br>Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады.<br>Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады,ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады.<br>**Білу: Релаксация: «Мерген».**<br>Психологиялық күйзелісті таркату жаттығуларын жасайды.<br>Тістенеді. Қатты қысымды сезініп, қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>Аузын ашып тұрады. 3–5 сек. Сосын қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>Басын солға иіп, оң жақ мойын бұлшық еттерін қатайту. Қайта босаңсып, бастапқы қалыпқакелу.<br>Іштi ішке тартып, бұлшық етті қатайту. 5–10 сек ұстап тұрып, қайта босату. Аяқты жерден аздап қана көтеріп, 5–10 сек ұстап тұрып, қайта түсіріп, босату. | | Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды.<br>Балалардың бірі - жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады | |

***3 үзіліс* – Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары**

<table>
<tr>
<td colspan="2">Артикулляциялық тіл жаттығулары<br>Тілге арналған:<br>Суретті тіл ұстарту<br>Ша – ша – ша<br>Айшаның шанасы тама (ша)<br>Са – са – са<br>Қасқыр соқты Мұ (са)<br>Ол – ол – ол<br>Ағашта лимон м(ол)<br>Ра – ра – ра<br>Дүкеннен нан алды Са (ра)<br>Із – із – із<br>Тамаққа қосты сәб(із)<br>Жу – жу – жу<br>Ыдысты тазалап (жу)</td>
<td colspan="2"><br><br></td>
<td colspan="2">Ойын: Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»<br>Ойынның мақсаты: Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.<br>Мазмұны: Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі.<br>Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, паралелль сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.<br>Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.<br>Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады.<br>Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.<br>Ойынның ережесі<br>1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.<br>2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.<br>3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс.<br>Әдістемелік нұсқаулар.<br>Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі<br>ҮІӘ мақсаты: Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктен салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру. Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу;түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру.<br>Дағды: Жерден биіктетілген тақтайдың астынан өту, биік тақтай үстінде жинақталып нысананыңішінен тепе-теңдікті сақтай отырып өтуге жаттығуды жалғастыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру. Психологиялық күйзелісті тарқатуға арналған арнайы жаттығулар орындау.</td>
<td>4. Музыка- шығармашылық әрекет<br>ҮІӘ мақсаты: Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету.<br>Дағды: Лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айтуға дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: жақсы таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және</td>
<td>3.</td>
<td>4.</td>
<td>4.</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсінеді:** «аңшылық» адамның ең көне кәсіптерінің бірі екенін, аңшылыққа арналған құралдар; таза ауадағы қимыл әрекетінің денсаулыққа пайдасы; аяқты саннан 90°-қа көтеру;таяқтарға жақын жүру және рөлдік ойындардың мазмұнын.<br>**Қолданады:** таяқпен жаттығулар орындау дағдысын, заттардың арасымен жүгіру, сенсомоторлық үйлесімді, көзмөлшерін, қимыл дағдыларын, тепе-теңдікті сақтау, қол менаяқтың қимылдарының үйлестіру дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Негізгі қимылдар айналмалы жаттығуларын жасау.<br>**«**Ептілікке жаттығамыз!»<br>Ұзын орындықпен жүру (ені – 25 см, биіктігі – 30 см), жүріп келіп орта тұсында айналадағылардан өтіп кету. Тепе-теңдік сақтап ұзын орындықпен жүріп, жаттығулар орындау. Орта тұсында құрсаудан-құрсауға өтіп, модульден айналып, жүгіріп қайтып келеді. Құрсаудан өткендебасы мен аяғын тигізбей жұмыр жиналуға тырысады.<br>**Білу: «Мергендер», «Таяқтастау» (нысанаға дәл тигіз).**<br>метр қашықтықтан тік нысанаға дорбаларды ату. Бастапқы қалыпқа келу.Кішкентай дорбаларды қолды жоғары алға сермеп лақтырады. | сүйемелдеусіз орындайды.<br>**Түсінеді**: музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева).<br>Балалар шеңбер бойында тұрып, қосаяқтап қоянша секіреді де, музыка өзгергенде аюдың жүрісін салып, қорбаңдап жүреді.<br>**Білу:** Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:***«Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев).<br>Ән айту ережелерін еске түсіріп, баяу, бірқалыпты, дауысты көтермей айту.<br><br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>**Түсіну:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Көлеңке» (К. Қуатбаев).<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Нысананың дәл ортасына тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындайды.<br>**Түсіну: « Мерген» Психологиялық күйзелісті тарқату жаттығуларын жасайды.**<br>Тістенеді. Қатты қысымды сезініп, қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>Аузын ашып тұрады. 3–5 сек. Сосын қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>Басын солға иіп, оң жақ мойын бұлшық еттерін қатайту. Қайта босаңсып, бастапқы қалыпқа келу.<br>Қарнын ішке тартып, бұлшық етті қатайту. 5–10 сек ұстап тұрып, қайта босату.Аяқты жерден аздап қана көтеріп, 5–10 сек ұстап тұрып, қайта түсіріп, босату. | Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді. Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесеән орындап береді. | | | |

*4 үзіліс –*
**Балалардың дербес іс-әрекеті**
**Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру**

**Артикулыциялық жаттығулар*(қайталау)***
***«Терезе»-балаға аузын кең ашып «Ыстық» деп айтуын сұраңыз, ал сосын еріндерін кішкені жауып «суық» деп айтқызыңыз.***
***«Окошко» -* попросите ребенка широко открыв рот сказать: «жааааркo», а затем, максимально сжав губы сказать: «хоооолодно».**



***2. «Пілдің тұмсығы» - еріндер біріктірілген және алға қарай қатты созылады***



| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***«Хобот слона» - вытянув вперёд губы трубочкой, образовать "хобот слоника", "набирать водичку.***<br> | | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>Мамандық бойынша туралы сурет бойынша өз ойын айытқызу. | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті**<br>(Нұрым,Аян,Арнұр) 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету .<br>Дидактикалық ойын: «Сана шық»<br>Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау. | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Сұлтанға «Тазалық айнас»сурет бойынша әңгіме құрастырту.<br>**Мақсаты:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>(кітап оқып беру);<br>**«Суреттерді құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>Әдепті мен әдепсіз туралы әңгімелесу. Ажарға сурет бойынша өз ойын айытқызу. |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Көпшілік көліктерін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу;<br>—үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы***<br>**Балалармен әңгімелесу өткізу.**<br>♦сендер қандай көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер?<br>♦ Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады? *( аялдама.)*<br>♦ Аялдамаға автобустардан басқа тағы қандай көліктер тоқтайды? *(Маршруттар, таксилер.)*<br>♦ Автобусқа қай есіктен міну керек? *(алдыңғы)* | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>***Желді бақылау***<br>***Мақсаты:***<br>— өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>— табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>**Көркем сөз Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ карды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)* | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №8**<br>**Боранды күнді бақылау**<br>***Мақсаты****: желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиеші жұмбақ жасырады:***<br>*Жерді тырнап, бұтаны ырғап,*<br>*Шөпті сипап, ұшады зырлап,*<br>*Жанын қинап, ұлиды зарлап.*<br>*(боран)*<br>***Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды***<br>*Ақ көрпесін жапты да,*<br>*Аяз кенет аптыға,*<br>*Айналаны үрледі,*<br>*Ақ бораны гүледі.*<br>*Ақ боран-ау, ақ боран,*<br>*Алай-түлей соқ боран.*<br>*Ақ қар ұшып үйрілсін,*<br>*Ауламызға үйілсін.*<br>*Жас ұланмын шынықкан,* | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №9**<br>**«Қардағы құс іздері»**<br>***Мақсаты****:қардағы құс іздерін тани білуге үйрету .*<br>***Бақылау барысы***<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №10**<br>**Бұлттарды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту;<br>— Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:**<br>1.Етек жеңі жиналмай,<br>Дауыл тұрса дым қалмай.<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді.<br>2.Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын,<br>Қыраттарға шөлдеген.<br>Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Қай есіктен шығу керек?? *(артқы)*<br>♦ Автобустың қай жағынан айналып өту керек? *(арт жағынан)*<br>♦ Неге? *(жолда келе жатқан көліктер жақсы көрінеді)*<br>♦ Сен автобуста келе жатырсың. Бос орындар жоқ. Автобусқа қарт кісі мінді. Сен не істейсің? Неге?<br>♦ Жолдан қалай өту керек? *(асықпай, үлкендермен бірге, алдымен сол жаққа, сонан соң оң жаққа қарау керек)*<br>♦Бағдаршамның қай түсінде өту керек? *(жасыл)*<br>**Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу.<br>***Мақсаты:****еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершіліктен орындауға баулу.*<br>**Қимылды ойын** «Жүргізушілер және жаяулар».<br>***Мақсаты:*** *Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу*<br>**Жаттығу ойындары** Қозғалыстарын дамыту.<br>***Мақсаты:*** *20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту..* | ♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br>♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен)<br>♦ Жел қалай пайда болады?<br>♦ *Тәрбиеші түсіндіреді:* ***Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.***<br>**Еңбек**<br>Сырғанақ төбешік соғу<br>*Мақсаты:* бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «ең мерген кім?».<br>***Мақсаты:***<br>— Заттарды лақтыруға жаттықтыру;<br>— Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br>— «Ағаш суретін сал».<br>***Мақсаты:****қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.*<br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап».<br>***Мақсаты:***<br>— Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br>Затты сипаттау бойынша табу. | *Жасқанбаймын суықтан.*<br>*Қардан жасап аққала,*<br>*Сырғанаймын шаттана.*<br>***Тәрбиеші сұрақтары:***<br>**Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы)*<br>**Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр)*<br>**Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады)*<br>**Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу.<br>**Еңбек**<br>Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю.<br>**Мақсаты:**Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Желдирмен».<br>***Мақсаты:*** *ойын мазмұнына сай қимылдар жасау.*<br>**Жаттығу ойындары** Қимылдарды дамыту.<br>***Мақсаты:*** *секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен).* | анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>♦Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Еңбек**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>***Мақсаты:***<br>— Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br>— Жұмысты жоспарлау.<br>**Қимылды ойын**<br>**«Ізбе із».**<br>***Мақсаты:*** *тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>***Мақсаты:*** *қимыл-қозғалыстарын дамыту.*<br>**Халық болжамы:**<br>*Қар көп болса, нан мол болады.<br>*Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.<br>*Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.<br>Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. | түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>♦ Бұлттар қандай болады?<br>♦ Олар қайдан пайда болады?<br>♦ Бұлттар нелерге ұқсайды?<br>**Зерттеу жұмысы** Апспаннан атқа немесе түгеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру.<br>**Еңбек**<br>Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау..<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу.*<br>**Қимылды ойын:** «Қар үстіндегі хоккей».<br>*Мақсаты: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету.*<br>**Жаттығу ойындары** Қимылдарын дамыту.<br>***Мақсаты:***<br>— Сырғанауға үйрету;<br>— Сырғанау кезінде отыруға үйрету.<br>**Мақал-мәтел: Мезгіл жетсе мұз ерір.** |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес*** - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес*** Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

## Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 06.05 – 10.05. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 06.05 | Сейсенбі 07.05 | Сәрсенбі 08.05 | Бейсенбі 09.05 | Жұма 10.05 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>**Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар .**<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу;2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, доптыеденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңғақарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет) | № 1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 жаттығулар кешені**<br>**Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар .**<br>Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, төмен,қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап тұрып,қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет)<br>Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайтатүзеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысыпұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бүгу, қайта созу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан асырып ұстап жату; арқасынан ішіне,ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет). | № 2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 1 жаттығулар кешені**<br>**Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар**<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-2– допты басынан асырыпбарып, артқа жіберіп, аяқ басына көтерілу, демін ішіне тарту; 3-4– б.қ. – демін сыртқа шығару. 10 рет қайталау. Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын бүгіп, доп алып тұру. 1-2– доп ұстаған қолын жанына қарай апарып, оңға (солға) бұрылу; 3-4– б.қ.: аяқтарын бүкпей, түзу ұстау. 5рет қайталау.<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-3– оңға (солға) иіліп, допты аяғынан айналдыра дөңгелету; 4- б.қ. 4 рет қайталау.<br>Б.қ.: арқасымен шалқалап жату, допты басынан жоғары көтеру. Допты бір жағынан екінші жағына өзін айналдыра дөңгелету. 5-6 рет қайталау.<br>Б.қ.: қолын артынан еденге таянып отыру, допты балтырының тұсына қою. 1-2– аяқтарын түзу созу, жоғары көтеріп, допты балтыр тұсымен оңға-солға | № 3 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>«Допты жоғарыға». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1 – қолдарын бүгіп, допты кеуде тұсына ұстау; 2 – допты жоғары көтеру; 3 – допты кеуде тұсыны ұстау; 4 – б.қ.қ. (8 рет).<br>«Отырып-тұру». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолын бүгіп, доп алып тұру. 1 –<br>отыру, допты алдына шығару; 2 – тұру, б.қ.қ. (8 рет).<br>«Еңкею». Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолына доп алып кеуде тұсына ұстап тұру. 1<br>оң аяғына қарай иілу; 2-3 – допты оң жағына оң қолымен домалату, екі қолымен алу; 4 –<br>б.қ.қ. (8 рет).<br>«Қайық». Б.қ.– етпетінен жатып, аяқтарын біріктіру, допты қолдарында ұстау. 1-3 –<br>қолдарын жоғары көтеру, допқа қарау; 4 – б.қ.қ. (8 рет)<br>«Отырып иілу». Б.қ.: отыру, аяқтарын аздап ашу, допты арасына қою; 1-2 – аяқтарын бүкпей допты ілгері | № 4 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** № 4 **жаттығулар кешені**<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу;2– қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3– қолдарын екі жаққа созу; 4– б.қ.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, доптысол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– орырып, допты еденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1–4– оңға иілу; допты оңғақарай сыртқа домалату; 5–8– б.қ.қ. сол жаққа қайталау (8 рет).<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау. | | дөңгелету; 3-4– б.қ. Басын төмен түсірмеу. 4–6 рет қайталау. Б.қ.: етпеттеп жатып, допты түзу аяқтарының ортасына қысу; қолдарының шынтағымен еденге тірену; аяқтарын допты түсірмей бүгу, жазу. 3–5 рет қайталап, үзіліс жасап, 4–6 рет қайталау. | домалату; 3-4 – допты артқа дөңгелету. «Секірулер». Б.қ.: – аяқтарын аздап ашу, допты еденге қою. Допты айнала екі аяқпен секіріп жүру. 8 рет | допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырыпорындау. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |

***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты***

| **ҰІӘ** | | **06.05.24 Дүйсенбі** | **07.05.24 Сейсенбі** | **08.04.24 Сәрсенбі** | **09.05.24 Бейсенбі** | **10.05.24 Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттер**

**1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дағды**: Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету. Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар шығаруға дағдыландыру. Талдау, салыстыру, | | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшеуді, «ұзынырақ», «қысқарақ», «өлшем» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (ені, биіктігі) қалай өлшеуге болатынын;<br>**Қолданады:** бір-бірінің үстіне салуды, бір-біріне жақындату тәсілдерін, өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу білігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Практикалық жұмыс ұсынылады.<br>Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды?<br>Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді.<br>**Түсіну:** Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға | | **Дағды**: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін; **Меңгереді:** ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмыс.<br>**Түсіну: Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»**<br>- Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер?<br>Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болады.<br>**Қолдану:**Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер.<br>Таспалардың қайсысы ұзынырақ?<br>Неліктен қызыл таспа ұзынырақ?<br>Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең?<br>Көк таспа неше шартты өлшемге тең?<br>Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе?<br>**Білу: «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу, көлбеу және толқынды сызықтарды салады. | | алмастырады.<br>Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.<br>**Білу: демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>- Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен?<br>Көз арқылы анықтау, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды.<br>Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз?<br>Жолақ - таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.<br>**Математикалық поэзия сәтінен:**<br>Біз қол соғамыз,<br>Қол соғамыз.<br>Аяқпен еденді топылдатамыз.<br>Тіземізді соққылаймыз.<br>Қолымызды көтереміз.<br>Қолдарымыз айналады,<br>Төмен түседі.<br>Айналады, айналады.<br>Тоқтайды. | | |

***1 үзіліс -***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

***Қозғалмалы ойын:*** **«Аңшылар мен үйректер»**

**Басты мақсат: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар ету.Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.**

**Артикуляциялық аппаратты тілдік жаттығулар**

**Мақсаты:**Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

**Міндеттері:**

-балалардың сөздік қорын молайту;

-үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;

-балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу;

-заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінін қандай екенін қайталату;

-үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;

**Дағды:** балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту,үйренген дыбыстарды дұрыс айтуға, артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру;



























**Қозғалмалы ойын: «Аңшылар мен үйректер»**

**Ойын мақсаты: Төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.**

**Ойын шарты:**Барлық ойыншылар «аңшылар» мен «үйректер» болып тең бөлінеді. Аланда өзен белгіленеді. «Аңшылар» сызықтың сыртында, ал «үйректер» оның ішінде орналасады.

«Аңшылар» допты лақтырып, онымен «үйректерді» атып түсіруге тырысады. «Оқ тиген» үйректер ойыннан шығып отырады. Барлық үйректер атылғаннан кейін топтар рөлдерін ауыстырады. Барлық үйректерді атуға азырақ уақыт кетірген топ жеңімпаз атанады.

| 2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** дыбыстық талдау тәсілін.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Мамандықты тап» ойынын ойнату арқылы оқу қызметті бастайды.<br>Науқасты кім емдейді? *(Дәрігер)*<br>Шашты кім қияды? *(Шаштараз)*<br>Үйлерді кім салады? *(Құрылысшы)*<br>Көмірді кім табады? *(Шахтер)*<br>Кітапты кім жазады? *(Жазушы)*<br>**Білу:** «Түсіне қара»дидактикалық ойыны<br>Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор,* | | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** дыбыстық талдау тәсілін.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Мамандықты тап» ойынын ойнату арқылы оқу қызметті бастайды.<br>Науқасты кім емдейді? *(Дәрігер)*<br>Шашты кім қияды? *(Шаштараз)*<br>Үйлерді кім салады? *(Құрылысшы)*<br>Көмірді кім табады? *(Шахтер)*<br>Кітапты кім жазады? *(Жазушы)*<br>**Білу:** «Түсіне қара»дидактикалық ойыны<br>Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор,* | | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** буын, дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі.<br>**Түсінеді:** сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Қарама-қарсы іс-әрекетті айт» ойынын ойнату.<br>1.Үміт жылады, Іңкәр ... *(жыламады)*<br>2.Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. *(шулап)*<br>3.Ардақ жазып отыр , Асыл ... *(жазбай отыр)*<br>4.Қыздар биледі, ұлдар ... *(билемеді)*<br>5.Ақтөс үрді, Құтжол ... *(үрмеді)*<br>**Түсіну: Дидактикалық ойын-жаттығу:** «Жалауша» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек т.б.*<br>Балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, дос, зырылдауық, жалбыз, гүл, дөңгелек, ғарышкер, жер, бал т.б.*<br>Балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, рауғаш, лалагүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.*<br>**Қолдану:** «Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта»дидактикалық жаттығуы<br>– Балалар мен сендерге сөздер айтамын, мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер.<br>-р- (*ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рахат, рауғаш, ару, Ардақ, көзілдірік, көрік, көмір, күрес, күрек, рухани, қару, қарыз, қорық, қар, қарақат, қора, сиыр, сырмақ,* | | *шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек т.б.*<br>Балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, дос, зырылдауық, жалбыз, гүл, дөңгелек, ғарышкер, жер, бал т.б.*<br>Балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, рауғаш, лалагүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.*<br>**Қолдану:** «Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта»дидактикалық жаттығуы<br>– Балалар мен сендерге сөздер айтамын, мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер.<br>-р- (*ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рахат, рауғаш, ару, Ардақ, көзілдірік, көрік, көмір, күрес, күрек, рухани, қару, қарыз, қорық, қар, қарақат, қора, сиыр, сырмақ,* | | Қандай да бір дыбысты айтамын. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығуы: «Жуан дауысты сөзден баста»**<br>Қойған сұрақтарға балалар жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздердермен жауап беру керек.<br>Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.)<br>Сүйікті сусының? (Айран т.б.)<br>Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.)<br>Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б.)<br>**Қолдану:** Ойын: «Дұрыс қос»<br>Тақтаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады. Балаларды бір-бірден тақтаға шақырып, тапсырманы орындатады.<br>Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос (нан-қант).<br>Екі буыннан тұрып, төсек-орынды білдіретін екі суретті қос (жастық, көрпе).<br>Үш буыннан тұрып, көгөністі білдіретін екі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қоңыр, қарға, қарлығаш, қарт, қырғыз, қырыққабат* т.б.);<br>-ә- ( *әтеш, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, күнә, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп, Мәлік, Әлімжан, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке т.б.*);<br>-м- (*мақта, мал, мамық, қамыр, моншақ, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр, тамыз, көмір, комбайн, мата, мысық, том, әмір, темір, жемір т.б.).*<br>**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық»**<br>әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (*бота, құлыншақ, аю, мысық, мәшине*). Балалар ойыншықтар арқылы бір-бірімен байланысқан сөйлемдер құрап береді.<br>**Түсіну: Кесе** сөзіне дыбыстық талдау жасайды.<br>**Кесе** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар.<br>К – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс.<br>Педагог тақтаға «асық» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі.<br>**Асық** сөзіне дыбыстық талдау жасайды.<br>2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс.<br>А – жуан дауысты дыбыс.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Ы – жуан дауысты дыбыс.<br>Қ – қатаң, дауыссыз дыбыс. | | *қоңыр, қарға, қарлығаш, қарт, қырғыз, қырыққабат* т.б.);<br>-ә- ( *әтеш, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, күнә, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп, Мәлік, Әлімжан, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке т.б.*);<br>-м- (*мақта, мал, мамық, қамыр, моншақ, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр, тамыз, көмір, комбайн, мата, мысық, том, әмір, темір, жемір т.б.).*<br>**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық»**<br>әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (*бота, құлыншақ, аю, мысық, мәшине*). Балалар ойыншықтар арқылы бір-бірімен байланысқан сөйлемдер құрап береді.<br>**Түсіну: Кесе** сөзіне дыбыстық талдау жасайды.<br>**Кесе** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар.<br>К – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс.<br>Педагог тақтаға «асық» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі.<br>**Асық** сөзіне дыбыстық талдау жасайды.<br>2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс.<br>А – жуан дауысты дыбыс.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Ы – жуан дауысты дыбыс.<br>Қ – қатаң, дауыссыз дыбыс. | | суретті қос ( асқабақ, қызанақ).<br>**Ойын-жаттығу: «Сөз таңда»**<br>Балалар суреттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады.<br>Суреттегі заттардың атын буынға бөледі.<br>**Мақал – сөздің мәйегі.**<br>Оқу ... құдық қазғандай.<br>*и-не, кү-рек, қа-сық.*<br>Ата көрген ... жонар<br>*оқ, оқ-тау, ер.*<br>Ана көрген ... пішер. *жей-де, тон, көй-лек.*<br>Асықпаған арбамен . . . алады.<br>*түл-кі, қо-ян, а-ю.*<br>**Білу:** *Есік* сөзінің дыбыстық талдауы.<br>*Есік* сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс.<br>К – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Шкаф сөзіне дыбыстық талдау жасатылады. |
| ***2 үзіліс –*** **Балалардың дербес іс-әрекеті** | | | | | |

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

***Басты мақсат:*** **қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.**

**Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.**

Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығуларартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:

13. 1. «Сабын көпіршігін үрле». Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.

14. 2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле» (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).

15. 3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді». Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.

16. 4. «Көңілді маймыл». Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз.











**Ойын: «Қасқырлар мен лақтар»**

**Ойын мақсаты**: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.

**Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.

**Ойын шарты**: Алдымен ұзындығы 50 м және ені 20 м болатындай ойын алаңы белгіленеді. Ойын алдында аланда «лақтар» мен «қожайын» орналасатын «ауыл» белгіленеді. Алаңның басқа жағында дәл солай «жайылым» тағайындалады. Өрістің ортасында «қасқырдың апаны»болады. Содан кейін үш «қасқыр» мен «қожайын» таңдалады. Барлық басқа балалар – лақтар. Қожайын лақтарды ауылға апарады, ал қасқырлар өз апанына барады.

Қожайын айтады:

«Бөрте, бөрте, бөрте лақ,
Бөрте лақ тым ерке лақ
Кетесің кейде секеңдеп,
Байламаса көкем кеп»

Осы сөздерден кейін лақтардың барлығы жайылымға қарай жүгіреді. Жолда оларды қасқырлар апанында күтіп тұрады. Лақтар апанның шетіне жетерге жарты жолда қасқырлароларға тап бере алады және жайылымды бөліп тұрған сызыққа дейін қуалай алады. Лақтардың Мақсаты – жайылымға қасқырлардың қолына тимей, аман-есен жету. Лақтардықасқырлардан қожайын ғана алып алады. Ұсталған лақтар ойын соңына дейін апанда болады. Неғұрлым көп лақ ұстаған қасқыр көп атаққа ие болады.

Ойынды қайталау үшін жаңа қасқырларды апанға түспей, аман қалған лақтар ішінен таңдалады.

| | | |
|---|---|---|
| Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.<br><br>17. 5. «Шарларды үрлеу». Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.<br><br>18. 6. «Жылан қалай ысқырады». Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс). | | |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Дағды:** Себеп-салдар байланысын анықтай білуге үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** жәндіктер мен аңдардың түрлерін атап береді.<br>**түсінеді**: жәндіктер мен аңдардың табиғаттағы өзгерістерге тәуелді екенін түсінеді.<br>**қолданады:**жанды және | | **3.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Терезе алдындағы немесе бөлме өсімдіктерін дұрыс күте білуге үйрету. Балалардың жалпы өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы); өсімдіктерді салыстыра білу, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу; олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру.<br>**Дағды:** Практикалық жұмыс істеу дағдыларын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауды; оның өсуіне қажетті жағдайды;<br>**түсінеді:** өсімдіктердің ұқсастығы мен айырмашылығын; өсімдік | | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру.<br>**Дағды:** Кең адымдап жүгіру, бір-біріне допты кеудеден қағып алып, кеудеден лақтырып беру, тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп барып, екінші аяғынорындықтың қасымен айналдырып әкеліп аттап жүру дағдыларын, 3 метр қашықтықтан қалашықты қағып түсіру қабілетін, ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жансыз табиғат нысандарына қатысты дұрыс көзқарас пен мінезқұлық танытады, үйренген дағдыларын өмірлік тәжірибеде.<br>**Алдын ала жұмыс**: суреттерді қарап шығу, көркем әдебиет оқу, бейнефильм (тұсаукесер) қарау, жұмбақтар шешу, дидактикалық ойындарға қатысу, зерттеу мақсатындағы серуендер ұйымдастыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | | мүшелерін ажырата білуді; өсімдіктердің өсуі үшін ауа, жылу, жарық, судың қажет екендігін;<br>**қолданады:** практикалық жұмыс істеу дағдыларын; өсімдіктерді күту туралы білімін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану**.** | | **Жасайды:** қалашықты 3 метр қашықтықтан ұрып жығу, зат бейнесін елестетіпорындалатын бұлшық ет релаксациясына арналған жаттығулар.<br>**Түсінеді:** спорт түрлерін атау, спорттың денсаулыққа келтірер пайдасын саналы түсінеді,допты жұбының қолына лақтырып беру, доптан көз алмай қимылдау, нұсқауға қарама- қарсы қимылдарды орындау.<br>**Қолданады:** жүрістің түрлі техникасын орындау дағдыларын, сапқа тұру, қайта сап құру,Кең адымдап жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын жасау, кеңістікті мөлшерлеп, барлай білу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Негізгі қимылдарды орындау.<br>Үлкен қадамдар аттап жүгіру. Үлкен қадамдар аттап, бірінен кейін бірі қойылған заттардан секіріп жүгіреді.Жерден көтерілуге дайындалып, уақытылы қолдарын сермеп көмектеседі.<br>**Түсіну: «Баскетбол»**<br>Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді.<br>**«Гимнастика»**<br>Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | орындықты жанай айналдырып барып аттап жүру.<br>Гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүреді.<br>**«Қалашық»**<br>Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады. Ұратын таяқшаны жер бауырлап ұшатындай етіп лақтырудың ойындағы ең басты шарты екендігін естен шығармай, балаларға жеткізе білу керек.<br>**Білу:** «Ұшатын шар»<br>Мұрынмен терең дем алу. «Сендердің іштерің – ұшатын шар. Терең тыныс алған сайын, шарларың үлкейе береді. Енді ауызбен демімізді баяу шығарамыз, шардағы ауа ұшып кеткенін келтіреміз.<br>Аздап үзіліс жасап барып, 5-ке дейін санап, қайталаймыз».<br>Тыныс алу кезінде ауаның өкпеден, кеңірдек пен ауыздан шығуын сезінуге тырысу керек. Баяу, терең демалып, куаттанып, көңілдене бастағанымызды байқаймыз. Дем алу, дем шығару фазаларын сақтайды.<br>**Тренинг сөздерін қайталап, қимылдарды жасайды.**<br>«Жаттығуға ерінбе,<br>Өмір көзі – шынығу.<br>Ауруды ұмытайық!<br>Күш салайық, шынығайық!» |

***3 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Артикуляциялық жаттығулардың жасалуын үйрету.**
**«Көңілді тіл туралы ертегі»**
Ертеде бір қып-қызыл еріндердің артында аппақ тістердің арғы жығында көңілді тіл өмір сүріпті. Күнде таңертең оны сүйікті САҒАТ оятыпты.
**Сырт-сырт соғады сағат,**
**Таппайды бір тағат.**
Тілді ауыз қуысынан шығарып,оңға, солға қимылдату керек.
Сағат қалай жұмыс істейтінін көрсетейік.
Сағат қалай жүреді. **Тик-Так**
Сағат қалай жұмыс істейтінін көрсетейік.
Тіл оянып, керіліп жуынуға барады.
**ТІСІН ЫСАДЫ** Күлімсіреу, тістерді көсету. Жалпақ тілмен үстіңгі астыңғы тістердің сыртқы жағынан өту (тіс тазалауға еліктеу арқылы) және астыңғы тістердің де сыртқы жағын тазалау. Тісімізді қалай ысу керек екенін көрсетейік. **ШАШЫН ТАРАЙДЫ**
Тілдің қарны ашып, таңғы асқа **ШЕЛПЕК** дайындағысы келеді. Ол үшін **ҚАМЫР ИЛЕУ** керек.
Біз оған көмектесейік. **ТА-ТА –ТА** тісімізбен тілімізді тістейміз. Қамырымыз дайын енді **ШЕЛПЕК** дайындау керек. **ЛЯ-ЛЯ-ЛЯ**. Шелпек дайын. Оны **ТӘТТІ ТОСАППЕН** жеу керек .Күлімсіреу, ауызды ашып, шыныаяқ формасындағы тілмен, үстінен астына қарай қимыл жасап, ерінді жалау. Қозғалысты жалғастыруға болады және шыныаяқ формасын бұзбай тілді алуға болады.
**Жасайды анам тосап,**
**жидекке шекер қосып,**
**Көрсем тілмен жалап,**
**тәтті екен балдай**
Ой тәтті тосап ерінге жағылып қалыпты.
Таңертеңгі асымыз осымен бітті,енді серуенге шыңайын. Сендер ойнағанды жақсы көресіңдер ме? **ТІЛМЕН ОЙНАУ**. **Ойнап болған соң МАШИНАСЫНА отырып кетеді.** Машина қалай жүреді көрсетейік. Тіл машинасымен келе жатса жанынан
**АТ ШАУЫП КЕЛЕДІ** Күлімсіреу, ауызды ашып түлдің ұшымен сыртылдату. «ат тұяғыман сыртылдатады»








**Ойын: «Құстардың ұшып өтуі»**
**Ойын мақсаты:** Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.
**Дағды:**Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.
**Ойын шарты:**
Залдың бір жағында балалар орналасқан, олар – құстар. Залдың басқа жағында «ұшып» шығуға болатын көрнекіліктер орналасқан (гимнастикалық орындықтар, шаршылар және т.б.) олар – тоғайлар. Ұстаздың «Құстар ұшады!» белгісінен кейін – балалар қолдарын канаттар сияқты қағып, бүкіл залды шарлап, жан-жаққа қарай жүгіреді. Келесі «Боран!» белгісі бойынша тоғайларға қарай қашып, солардың арасында тығылады. «Боран тоқтады!» деген ұстаз сөздерінен кейін балалар жерге түсіп, залды аралап «ұша» бастайды. Ойын барысында ұстаз міндетті түрде балалар шығып-түскенде оларды сақтандыруы қажет.





**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі** | | **.Мүсіндеу– шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ҰІӘ тақырыбы:** Жаттығу – жеңіс кепілі!. Айналмалы жаттығулар.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығуларарқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып)жүгіріп кетуге үйрете түсу.<br>**Дағды:** Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту. Модульдерде тұрып тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Арқаннан ұстанып асылып тұру, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау мен сақтану дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кету,«денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу, бір қолдан екінші қолға еденненсоғып ауыстыруды жалғастыру.<br>**Түсінеді:** шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту, модульдерде тұрып қолдарыныңкөмегімен тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқару. Бастаушының соңынан қимылдарды қайталау.<br>**Қолданады:** сапқа тұру, қайта сап құру дағдыларын**,** | | .<br>**ҰІӘ мақсаты:** қазақтың ұлттық бұйымы – торсықпен таныстыру; торсықты ермексаздан мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін үйрету.<br>**Дағды:** торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтыңпішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен таңдап, әшекейлеужолдарын түсіндіру дағдыларын меңгерту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ермексаздан торсықты мүсіндеп, ою-өрнекпен әшекейлейді;<br>**Түсінеді***:*торсықтың қымыз, шұбат сияқты сусындарға арналған ыдыс екенін;<br>**Қолданады:** заттық мүсіндеуде жұмсарту, созу, жаю, тегістеу, жалпақтау, домалату тәсілдерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Торсықтың тұрмыста қолданылуы жайлы әңгімелейді | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіртпеден секіру, қайталанба жаттығуларды өз бетімен орындау, кеңістікті барлап, басқалармен соқтығыспай, қауіпсіздік сақтауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Ойын жаттығулары: «Шашырау»**<br>Шеңбер құрып тұру. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрады. Бастаушының белгісімен хормен айқайлап айтады:<br>*«Ау, балалар, санайық, Санап болсақ, қашайық!»*<br>Балалар бірінші-екіншіге саналады. Саналу нұсқаушы көрсеткен ойыншыдан басталады.Саналу біткен соң барлығы жан-жаққа қаша жөнеледі. Бастаушының мақсаты – ойыншылардың біреуін ұстап қалу.<br>**Түсіну:**<br>1.Ұзын орындықтың жіңішке қырымен жүру.<br>2.Секіртпеден бір орында тұрып секіру.<br>3.Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді.<br>4.«Денсаулық» дискісімен жаттығу.<br>**Білу:** Қозғалыс ойындары: «Қимылды есте сақта»<br>Жүргізушінің белгісімен қол мен аяқ қимылдарын қайталайды. Қимылдардың ретін сақтапалған соң, белгі | | | | |

<table>
<tr><td></td><td>бойынша ойыншылар оларды кері ретпен орындайды.</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">4 үзіліс –<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру</td></tr>
<tr><td colspan="3">«Шалқан» ертегісін арналған тілдік жаттығулар.<br>Тіл ұстарту жаттығуы<br>-қан, -қан, -қан үп-үлкен шалқан.<br>-қан, -қан, -қан ата оны тартқан.<br>-кен, -кен, -кен әже көмектескен.<br>-кен, -кен, -кен қызы көмектескен.<br>-кен, -кен, -кен иті көмектескен.<br>-кен, -кен, -кен мысық көмектескен.<br>-кен, -кен, -кен тышқан қайда? Жоқ екен</td><td colspan="3">Ойын: «Толқиды теңіз»<br>Ойын мақсаты:балаларды тапқырлыққа,шапшаңдыққа,ептілікке баулу.<br>Әдістемелік нұсқау: Ойыншылар ішінен жүргізуші таңдалады. Қалған ойыншылар бір-бірінен созылған қолқашықтығында шеңбер құрып тұрады және әрқайсысы өзі тұрған орнында шеңбер сызады. Жүргізуші тізбектеліп ойнап жүрген балаларды аралап жүреді, ал «Толқиды теңіз» деген сөздерді естіген балалар оның артынан тізіліп ереді. Кенеттен жүргізуші «Теңіз Тыныштталды» – барлық ойыншылар орындарына қайтадан тұруға болады. Шеңберсіз қалған ойыншы жүргізуші болады.<br> </td></tr>
<tr><td>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</td><td>Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет<br>Пайдалы қазбалар туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу.<br>(Арнұр,Нұрым,Шахнұр)</td><td>Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті<br>3-ші қатар оқушыларымен 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету .<br>Дидактикалық ойын:<br>«Санамақ баспалдақ»<br>Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау.</td><td>Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет<br>1-ші қатар оқушыларымен «Менің сүйікті ертегім»сурет бойынша әңгіме құрастырту.<br>Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.</td><td>Көркем әдебиет - коммуникативтік,таным дық әрекет<br>(кітап оқып беру);<br>«Ертегілерді құрастыр»<br>Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту .</td><td>Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>Жақсы деген немене,жаман деген немене? туралы әңгімелесу. 2- ші қатар оқушыларымен сурет бойынша өз ойын айытқызу.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Серуенге дайындық</td><td colspan="5">Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету</td></tr>
<tr><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td><td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №8**<br>**Желді бақылау(қайталау)**<br>**Мақсаты***:*<br>— өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br><br>— табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br><br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br><br>♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br><br>♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен)<br><br>♦ Жел қалай пайда болады? | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №9**<br>**Күн мен түн неге ауысады?(қайталау)**<br>**Мақсаты***:*Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күннің ұзаруын туралы түсінік беру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Балаларға жұмбақ жасыру**<br>1.Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан. (күн)<br>2.Жартысы жадыратып нұр себеді,<br>Жартысы қара мақпал бүркенеді. (түн)<br>3.Орақ болып туады,<br>Табақ болып тынады (ай)<br>4.Күндіз білінбейді,<br>Түнде дірілдейді (жұлдыз)<br>Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады. Жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күн мен түннің ұзақтығы да ауысып отырады. Күн жылыған сайын түн қысқарып, күндізгі уақыт ұзарады.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>♦ Жұлдыздар түнде қайда кетеді?*(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)* | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №10**<br>**«Қардағы құс іздері»(қайталау)**<br>**Мақсаты***:*қардағы құс іздерін тани білуге үйрету .<br>**Бақылау барысы**<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br><br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br><br>♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br><br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>♦ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Аландағы шағын жердегі қарды нығыздау және | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №11**<br>**Жеңіл көліктерді бақылау (қайталау)**<br>**Мақсаты:** автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев**<br>Бұзба көше тәртібін,<br>Ұрынасың апатқа.<br>Қызықты өтсін әр күнің,<br>Жақын болма шатаққа.<br>Көшеден өтер кезіңде,<br>Абайлап қара жан-жаққа,<br>Келе жатқан көлікке,<br>Жол бер, өтсін, асықпа!<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:<br>♦ Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?<br><br>♦ Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? *(жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)*<br><br>♦ Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? *(ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)*<br><br>♦ Көліктердің қандай пайдасы бар? *(адамдарды,* | **Ақпан**<br>**Серуен-Бақылау №12**<br>**Маусымдық өзгерістерді бақылау(қайталау)**<br>**Мақсаты:***:*<br>— Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br><br>— Қыс аяғындағы табиғат көріністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу.<br><br>— Өлең жолдарындағы қыс көрністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Бақылау барысы**<br>Оңтүстіктен жел соқты. Ол өзімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табиғатта біліне бастады. Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Күртік қарлар аласара бастайды.<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>*Жиегіне шатырдың, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ **Тәрбиеші түсіндіреді:**<br>Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.<br><br>**Еңбек**<br>Сырғанақ төбешік соғу<br>***Мақсаты:*** бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «ең мерген кім?».<br>***Мақсаты:***<br>— Заттарды лақтыруға жаттықтыру;<br><br>— Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br><br>— «Ағаш суретін сал».<br><br>***Мақсаты:***қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.<br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап».<br>***Мақсаты:***<br>— Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br><br>Затты сипаттау бойынша табу. | ♦ Күн неге батады? *(жер күнді айналады, соныцтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)*<br><br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады.<br>Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).<br>**Еңбек :**<br>Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.<br>*Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Күн мен түн».<br>**Мақсаты:** тәрбиеші белгісі бойынша әрекет етуге, ойын шартын дұрыс орындауға дағдыландыру.<br>***Жаттығу ойындары:***<br>Қозғалыстарын дамыту «Шығырыққа лақтыру».<br>**Мақсаты:** мергендіктерін дамыту.<br>**Мақал-мәтел:** Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. | таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Еңбек**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>**Мақсаты:**<br>— Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br><br>— Жұмысты жоспарлау.<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Ізбе із».<br>**Мақсаты:** тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>**Мақсаты:** қимыл-қозғалыстарын дамыту.<br>**Халық болжамы:**<br>*Қар көп болса, нан мол болады.<br>*Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.<br>*Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.<br>*Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. | *жүктерді қажет жеріне тез апарады)*<br><br>♦ Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? *(таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)*<br><br>♦ Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? *(Жүк машиналары)*<br><br>♦Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен?<br>♦ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек?<br>**Еңбек**<br>Ауланы бірлесе отырып тазалау.<br>*Мақсаты :*<br>—бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу;<br>—жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>«Бағдаршам».<br>**Мақсаты:** белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Ұзындыққа секіру .<br>**Мақсаты:**<br>— Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету. | Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі)<br>Балаларға сұрақтар<br>*Қыста неше ай бар?<br>*Қыс айларын ата?<br>*Қыстың ең соңғы айы қай ай?<br>*Ақпан айында табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>*Мұз сүңгілері қайдан пайда болады?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ыдыстарға қар толтырып, біреуін көлеңкеге, біреуін күннің астына қою.<br>Серуен аяғында қай ыдыстағы қар төмен түскенін салыстыру<br>**Еңбек**<br>Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу<br>**Мақсаты:** достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Төбешіктен-төбешікке».<br>**Мақсаты:** ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру<br>**Жаттығу ойындары** «Кім жылдам».<br>**Мақсаты:**<br>Жылдам жүкіруге жаттықтыру;<br>Орнында тұрып ұзындыққа секіру техникасын меңгерту.<br>**Халық болжамы:**<br>Мұзсүңгі ұзын және жиі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | болса, көктем ұзақ, ас мол болады. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 13.05 – 17.05. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 13.05 | Сейсенбі 14.05 | Сәрсенбі 15.05 | Бейсенбі 16.05 | Жұма 07.05 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 5 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№5 жаттығулар кешені**<br>Б.қ.: тұру. 1-2 – таяқшаны жоғары баяу көтеру, оң (сол) аяқ басын артқа басып, өкшесін өзіне тарту, демін ішіне тарту; 3-4 – б.қ. 4–6 рет қайталау.<br>«Алдыға қара». Б.қ. – аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1-2 – басын түзу ұстап, алдыға еңкею; 3-4 – б.қ. Аяқтарын бүкпеу. 5–8 рет қайталау.<br>«Жанына иілу». Б.қ. – аяқтарын айқастырып қойып тұру. Таяқты артынан шынтақтыңбүгілген жеріне қою. 1 - 2 – оңға иілу, таяқты жерге тигізу; 3 - 4 – б.қ. (6 рет).<br>Б.қ.: шалқалап жату. 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – екі аяғын бірдей сермеу, аяқбасын созу, таяқшаға | № 6 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық бір таяқшамен жұптасып таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 6 жаттығулар кешені**<br>«Зілтемірші». Б.қ.: бір қадам қашықтықта бір-біріне арқасымен қарап, таяқшаны төмен ұстап тұрады. 1-2– қолдарын жоғары көтеріп, таяқшаны серігіне басынан асырып береді, демін ішіне тартады; 3-4 – қолдарын төмен түсіреді, демін сыртқа шығарады. 8 рет қайталау.<br>«Ескекшілер». Б.қ.: бір-біріне табанымен тіреліп, қарсы қарап, таяқшадан ұстанып отырады, аяқтарын тік ұстайды; таяқшаны бірі тартып, шалқайса, бірі еңкейіп қозғалады. 8–10 рет қайталау. | № 7 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар<br>**№ 1 жаттығулар кешені**<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, доптысол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң | № 8 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 7 жаттығулар кешені**<br>Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, төмен,қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап тұрып,қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет)<br>Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайтатүзеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысыпұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бүгу, қайта созу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан | № 9 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 8 жаттығулар кешені**<br>Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, төмен,қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап тұрып,қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет)<br>Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайтатүзеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысыпұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бүгу, қайта созу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тигізу. 3-4 – б.қ. 6–8 рет қайталау.<br>Б.қ.: тұру. Таяқшаны арт жақта ұстау. 1-2 – отыру, таяқшаны көтеру. Арқасын түзетіп,тізелерін ашып, өкшелерін көтереді. 8–10 рет қайталау.<br>«Құрсау». Б.қ.: – аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – оң аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу; 3 – денені түзеу; 4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>Аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1-2 – «ш-ш-ш» – деп оңға бұрылу; 3-4 – екінші жағына қайталау. Үш-төрт рет қайталаған соң, үзіліс жасау. 5 рет қайталау.<br>«Секектеу». Б.қ.: тұру. Жанына қарай секіргенде таяқшаны алдыға созу, аяқтарын қосқанда таяқшаны төмен түсіру. 4 рет 20 секіруден жай жүріспен алмастырып, қайталау. | «Таяқшаны тарту». Б.қ.: бір-біріне қарап қолдарымен арт жаққа тіреліп отырады; таяқшаны ортаға қояды; таяқшаны аяқтарының бармақтарымен әркім өзіне қарай тартуға тырысады. 4–6 рет қайталау.<br>«Таяқшаны бірге көтереміз» Б.қ.: бір-біріне қарап етпеттеп жатады; аздап бүгілген қолдарымен таяқшадан ұстанады; 1-2 – таяқшаны бірге көтереді; 3-4 б.қ. 4–6 рет қайталау.<br>«Тұруға көмектес». Б.қ.: созылған қолдарындай қашықтықта бір-біріне қарап отырады; аяқтарын бүгіп, таяқты ортаға қояды; бір-біріне оң қолын созып, қолдарымен ұстасады. Екеуі бір уақытта тұрып, қайта отырады. Келесі қолымен осы қимылдарды қайталайды. 5 рет қайталау.<br>«Секектеу». Б.қ.: таяқшаны еденге қояды, таяқтың бойымен қолдарын беліне қойып, 4 рет секектеу, тізесін жоғары көтеріп,  4 рет аттайды. 5-6 рет қайталау. | қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, доптыеденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет)<br>Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңғақарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет)<br>Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырыпорындау. | асырып ұстап жату; арқасынан ішіне,ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет). | асырып ұстап жату; арқасынан ішіне,ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет)<br>Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |

| ҮІӘ | | Дүйсенбі 13.05.24 | Сейсенбі 14.05.24 | Сәрсенбі 15.05.24 | Бейсенбі 16.05.24 | Жұма 17.05.24 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттер

## 1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҮІӘ мақсаты:** қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптсатыру. Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>**Дағды**: Зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; графикалық диктантты орындауға дамыту. Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын; **Түсінеді:** геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын;<br>**Қолданады:** геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды. | **1. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Көктем туралы түсініктерін кеңейту. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>**Дағды**: Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, сурет бойынша әңгіме құрайды;<br>**Түсінеді:** жыл мезгілдерін түсінеді, ажыратады;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, мәнерлеп жатқа айтады.Көктем туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Сөздік жұмыс:**<br>*Көктем* весна<br>*Жылы* – теплая<br>**Түсіну: Есіңе сақта:** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҮІӘ мақсаты:** қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптсатыру. Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>**Дағды**: Зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; графикалық диктантты орындауға дамыту. Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын; **Түсінеді:** геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын;<br>**Қолданады:** геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды. | **1. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін бекіту. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру.<br>**Дағды**: Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** әженің қамқорлығын, мейірімділігін, тәрбиесін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімелесу барысында әже туралы айтып береді, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. | **1. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет**<br>.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Дыбыстық талдауды пысықтау. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту.<br>**Дағды:** Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстан тұратынын.<br>**Қолданады:** сөйлемнің сызбасын сызады, дыбыстарды анықтайды, ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** «Сипатынан тап»<br>1.Бұл – жейтін зат. Ақ, тәтті, қатты. *(қант)*<br>2.Бұл – жеміс. Сары, сопақ, қышқыл. *(лимон)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ортаны модельдеу**<br>Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған.<br>Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие.<br><br>Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар?<br>Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды.<br><br>**Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.Педагог балаларға топтарға бөлінуді ұсынады.<br>Тапсырманы түсіндіреді, фигураларды екі белгі бойынша бөледі: пішін мен түс.<br>Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады. | «Көктем-қыс ызғарын кетіруші». | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ортаны модельдеу**<br>Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған.<br>Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие.<br><br>Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар?<br>Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды.<br><br>**Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.Педагог балаларға топтарға бөлінуді ұсынады.<br>Тапсырманы түсіндіреді, фигураларды екі белгі бойынша бөледі: пішін мен түс.<br>Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады. | Әже туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: *Есіңе сақта:***<br>«Асыл әжем, қуанышым берекем,<br>Өнегенің өрісі де сен екен».<br>**Түсіну: Сөздік жұмыс**:<br>*Кимешек, жаулық* – әжелер киетін баскиім.<br>Білу:<br>-Әже қандай адам***?***<br>-Өлең кімге арналған?<br>-Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің?<br>Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді.<br>Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді.<br>Кимешегін, жаулығын<br>Теңеп аппақ гүлге мен.<br>Әжемнің денсаулығын<br>Тілеп жүрем күнде мен. | 3.Бұл – аң. Ақ, мамық, құлағы ұзын. *(қоян)* 4.Бұл – ойыншық. Домалақ, үлкен, жеңіл.*(доп)* – Жарайсыңдар!<br>**Түсіну:** Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»<br>Қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.<br>***Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала»(доппен).***<br>Бірінші дыбысын анығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап допты, педагогке кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы:<br>*рррадио(р), уууылдырық(у), ааалма(а), қққасқыр(қ), мммақта(м), қққияр(қ), сссағат(с), қққыс(қ), ааалжапқыш(а), тттышқан(т), сссазан(с), өөөшіргіш(ө), жжжұлдыз(ж), жжжастық(ж), дддиректор(д), жжжарық(ж), шшшұлық(ш), мммектеп(м), уууыз(у), тттиін(т),* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсіну: Аз қимылдайтын ойын «Сиқырлы қозғалыстар»**<br>Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**Білу:** Шағын топпен жұмыс «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады.<br>Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады. | | **Түсіну: Аз қимылдайтын ойын «Сиқырлы қозғалыстар»**<br>Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**Білу:** Шағын топпен жұмыс «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады.<br>Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады. | | *қққолшатыр(қ), бббақа(б), иинт(и),* т.б<br>**Қолдану:** Дидактикалық жаттығу: «Жуан дауысты дыбысты тап»<br>– Балалар, мен сендерге сөздерді айтамын, сендер жуан дауысты дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрыңдар.<br>Мысалы: *гүл, жүзім, алма, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс, оқтау, аққу, әтеш, тауық, Ұлжан, көбелек, ымырт, Алпамыс, айна, етік, қарлығаш, ұлу, жүген, түйе, ұста, ожау, тамаша, алмұрт, ірімшік, сыпырғыш, Олжас, жылан, отын, алақан т.б.*<br>**Білу: Дыбыстық талдау жаса.**<br>*Торт* сөзіне дыбыстық талдау жасатады.<br>*Торт* –1 буын, 4 дыбыс.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>*Ұшақ* сөзінің дыбыстық талдауы.<br>*Ұшақ* – 2 буын, 4 дыбыс.<br>Ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ш – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

*1 үзіліс -*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Қозғалмалы ойын:«Жалауша»**

**Басты мақсат: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар ету. Жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.**










**Ойын: «Жалауша»**

**Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.

**Керекті құралдар:** ысқырық,жалауша,бор,таяқша.

**Мазмұны.**

Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады.

Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады.

Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.

Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады.

**Ойынның ережесі.**

1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.

2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.

3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.

**Әдістемелік нұсқаулар.**

Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Төрт дыбысты | **2.**<br>. | **2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдауды меңгертуді | **2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Сөздерді буынға бөлуге үйрету, дауыс ырғағын, дауыс көркемділігін дамыту.Көркем | **2.**<br>**Музыка- шығармашылық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету. Музыкалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.<br>**Дағды:** Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін<br>дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** суреттегі дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып, буынға бөледі; дауыссыз, дауысты дыбыстарды екі топқа бөліп ажыратады, дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** салт дәстүрлердің мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну: «Жалпы атауын айт»** дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды.<br>1.Уық, кереге, шаңырақ, текемет – ... (*киіз үй құралдары)*.<br>2.Сырға, білезік, сақина – ... (*зергерлік бұйымдар)*.<br>3.Асық ату, Ханталапай, Алтыбақан, Ақсүйек, Көкпар, Бәйге – ... *(ұлттық ойындар)*.<br>4.Ірімшік, май, құрт, айран – ... (*сүттен жасалатын тағамдар)*.<br>5.Тұсаукесер, бесікке салу, шілдехана – ... ( *ұлттық салт-дәстүрлер).* **Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты | | жалғастыру. Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.<br>**Дағды:** Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін<br>дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** суреттегі дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып, буынға бөледі; дауыссыз, дауысты дыбыстарды екі топқа бөліп ажыратады, дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** салт дәстүрлердің мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну: «Жалпы атауын айт»** дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды.<br>1.Уық, кереге, шаңырақ, текемет – ... (*киіз үй құралдары)*.<br>2.Сырға, білезік, сақина – ... (*зергерлік бұйымдар)*.<br>3.Асық ату, Ханталапай, Алтыбақан, Ақсүйек, Көкпар, Бәйге – ... *(ұлттық ойындар)*.<br>4.Ірімшік, май, құрт, айран – ... (*сүттен жасалатын тағамдар)*.<br>5.Тұсаукесер, бесікке салу, шілдехана – ... ( *ұлттық салт-дәстүрлер).* **Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда қара түсті | шығармаларды сахналауға үйрету.<br>**Дағды**: Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ертегіні сахналап, ертегі кейіпкерлерін буынға бөледі; **Түсінеді:** ертегі мазмұнын, бір буында бір дауысты дыбыс болатынын;**Қолданады:** дауыс ырғағын келтіріп жүрістерін салады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Білу:**<br>-Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар?<br>-Күшіктің анасын қалай атаймыз?<br>-«Ит» деген сөз неше буыннан тұрады?<br>-Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.<br>-Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз?<br>-Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы.<br>-«Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады?<br>**Түсіну:** Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін.<br>«Күшік пен Мысық»<br>-Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі.<br>-Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр. | дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру. Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.<br>**Дағды:** Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту арқылы дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу:** ***Ән айту:*** «Қайырлы таң» (Е. Өміров).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әннің ішінде кездесетін «рауан», «шапақ» сөздерінің мағынасын түсіндіру.<br>Үйренген «Наурыз тойы» әнін (Т. Мұратов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарды айтқанда қызыл түсті дөңгелекті көтереді.<br>Мысалы: (*а, ө, о , і, и, ұ, ы, ә, е, у, э, ү).*<br>**Қолдану: Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер»**<br>Балаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты басқа да дыбыстармен ойнатса болады.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?»**<br>–Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрыштыны, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам, сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер.<br>Мысалы: « а-, -й-,-ц-,-у-,-к-,-е-,-н-,-г-,-ш-,-щ-,-з-,-х-,-ф-,-ы-,-в-,-а-,-п-,-р-,-о-,-л-,-д-,-ж-,-э,-я-,-ч-,-с-,-м-,-и-,-т-,-б-,-ю т.б.»<br>**Білу:** Дыбыстық талдау.<br>**Шашу**сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. | | дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл түсті дөңгелекті көтереді.<br>Мысалы: (*а, ө, о , і, и, ұ, ы, ә, е, у, э, ү).*<br>**Қолдану: Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер»**<br>Балаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты басқа да дыбыстармен ойнатса болады.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?»**<br>–Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрыштыны, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам, сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер.<br>Мысалы: « а-, -й-,-ц-,-у-,-к-,-е-,-н-,-г-,-ш-,-щ-,-з-,-х-,-ф-,-ы-,-в-,-а-,-п-,-р-,-о-,-л-,-д-,-ж-,-э,-я-,-ч-,-с-,-м-,-и-,-т-,-б-,-ю т.б.»<br>**Білу:** Дыбыстық талдау.<br>**Шашу**сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. | -Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік.<br>-Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырдыкөреді.<br>-Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр.<br>**Қасқыр:**<br>-Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады,өзі де тояды.<br>-Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі.<br>-Мысық, мен сені жеймін, – дейді.<br>-Мені тойдыр, күшік. Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді.<br>-Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр.<br>**Күшік:**<br>-Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайданбір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі.<br>**Сонда Мысық:**<br>-Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді<br>**Қолдану:** Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал». Ойын шарты: Ертегікейіпкерлерінің жүрісін салады | **Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.<br>***Музыка тыңдау:*** «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова).<br>Дина Нұрпейісованың суретін қөрсету, шығармалар туралы әңгіме өткізу. Балаларға күйді тыңдатып, ішінен бұлбұлдың сайрағанын ести білуге ұмтылдыру, қазақтың киелі аспабын құрметтей білуге дағдыландыру.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну:** ***Билер:*** «Қоян биі» (В. Питерцев).<br>Балалар би үйрену барысында қоянның қимылдарын көрсетеді. Қосаяқтап секіріп, орындарында тұрып айналып билейді.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Төлдер» (Д. Ботбаев).<br>Ойын шартын түсіндіреді. Ойын кезінде жануарлардың төлдерін шатастырмай атап, солардың қимыл-қозғалыстарына мән беріп ойнайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | У – жуан дауысты дыбыс,<br>қызыл түспен белгілейміз.<br>**Етік** сөзіне дыбыстық талдау.<br>Етік – 2 буын, 4 дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс,<br>қызыл түспен белгілейміз.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк<br>түспен белгілейміз.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс,<br>қызыл түспен белгілейміз.<br>К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк<br>түспен белгілейміз.<br>**Сырмақ** сөзіне де дыбыстық<br>талдауды осылай етіп жасайды.<br>Сырмақ сөзінде 2 буын, 6<br>дыбыс бар.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк<br>түспен белгілейміз.<br>Ы – жуан дауысты дыбыс,<br>қызыл түспен белгілейміз.<br>Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк<br>түспен белгілейміз.<br>М – үнді дауыссыз дыбыс, көк<br>түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс,<br>қызыл түспен белгілейміз.<br>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк<br>түспен белгілейміз.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады. | | У – жуан дауысты дыбыс,<br>қызыл түспен белгілейміз.<br>**Етік** сөзіне дыбыстық талдау.<br>Етік – 2 буын, 4 дыбыс.<br>Е – жіңішке дауысты дыбыс,<br>қызыл түспен белгілейміз.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк<br>түспен белгілейміз.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс,<br>қызыл түспен белгілейміз.<br>К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк<br>түспен белгілейміз.<br>**Сырмақ** сөзіне де дыбыстық<br>талдауды осылай етіп жасайды.<br>Сырмақ сөзінде 2 буын, 6<br>дыбыс бар.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк<br>түспен белгілейміз.<br>Ы – жуан дауысты дыбыс,<br>қызыл түспен белгілейміз.<br>Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк<br>түспен белгілейміз.<br>М – үнді дауыссыз дыбыс, көк<br>түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс,<br>қызыл түспен белгілейміз.<br>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк<br>түспен белгілейміз.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады. | | |
| ***2 үзіліс* – Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>**Басты мақсат: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету.**<br>**Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.** | | | | | |

**БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**

Дауыстарын қайтала.
Аң біткенмен алысқан
Ақырады **арыстан:**
**А-а-а-а-а-а**
Нәзік дауысы қозының
Естіледі алыстан:
**Мә-ә-ә-ә-ә**
Дөңгелетіп аузыңды,
Жіңішкертіп даусыңды,
Бұзаумын деп ойла да,
Дауысын оның қайтала:
**Мө—ө-ө-ө**
(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал )

**Майлыаяқ.**
Жайлау толы малды аяп,
Күзетіп жүр Майлыаяқ.
Жолатпайтын ешкімді,
Дауысы алыстан естілді:
**(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р**
«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,
«Қорқып иттер қашсын», -еп,
Кұжірейтіп желкесін
Ырылдады қасқыр кеп:
**(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р**
«Қорықпаймын сенен»,-деп,
«Сазайыңды берем»,-деп,
Дірілдетіп қасқырды
Айбатын ит асырды:
**(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р**
«Мынау бәле екен» деп,
«Түбіме бұл жетер» деп,
Қорқып қасқыр жөнелді,
Қайтып келмес ол енді.
(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?







**Ойын:** ***«Мысықтар мен балалар»***
**Мақсаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.
**Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.
Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

| | | |
|---|---|---|
| Өзара екі топқа бөлініңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.) | | |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру.<br>**Дағды:** Құрбы-құрдастарымен және ересектермен еркін араласу үдерісі арқылы олардың танымдық-зерттеушілік қызметпен айналысуына жағдай жасай отырып дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>***Жасайды:*** аквариумда тіршілік ететін балықтардың бірнеше түрін атап көрсетеді. **түсінеді:** балықтардың құрылымын, өзіне тән белгілерін, қимылдарын түсінеді.<br>**қолданады**: оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Зерттеу жұмысы**: Балықтарды аквариумға салмас бұрын не істеу керек? Ұлулар – аквариумның санитарлары. Балықтар ауа жетпей жатса, аквариумның бетіне шығып | **. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>!<br>**ҮІӘ мақсаты:** Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяққимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дағды:** Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезекдомалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру, артқа қарай басынан асырып лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын; кеңістікті бағдарлау, сапқа тұру, қайта саптүзеу дағдыларын; педагогтің нұсқауын мұқият орындап, өз қимылдары мен маңайындағылардың қимылдарын үйлестіре білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** жалпақтабанның алдын алу, тыныс алу гимнастикаларын. | **Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау.<br>**Дағды:** Олардың зейін қойып тыңдау, көзбен көргенін естеу сақтау және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** жануарлардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды атап береді.<br>**Түсінеді:** жануарлардың бәрінің тірі ағзаға жататынын түсінеді.<br>**Қолданады:** коммуникативтік машық, топпен бірігіп жұмыс істеу дағдысы.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** «Жануарды қоректендір» атты дидактикалық ойын.Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін дайындайды | **Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері**<br>?<br>**ҮІӘ мақсаты:** қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптсатыру. Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>**Дағды**: Зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; графикалық диктантты орындауға дамыту. Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын; **Түсінеді:** геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын;<br>**Қолданады:** геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ортаны модельдеу** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Ағзаның шыныққандығын қалыптан тыс жаттығулар арқылы арттыру. Қимыләрекеттердің еркін орындалуы мен сапта жүру жаттығуларын үйретуді, доппен орындалатын спорттық жаттығулар түріндегі футбол ойыны қимылдарын үйретуді жалғастыру.<br>**Дағды:** Футбол добын аяқпен жүргізуге жаттығу. Доптың қозғалыс бағытын дұрыс анықтау қабілетін арттыру. Допты жұпта бір-біріне лақтырып, түрлі қалыпта қағып алу, сол сәттегі жағдайды дұрыс бағалап, шешім қабылдау дағдыларын, допты екі аяқпен қысып, 2,5 метргеілгері секіріп қозғалуды жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** жұпта жаттығулар орындау**,** допты бір-біріне ерекше тәсілдермен лақтыру, эмоциялық ахуалды қалыпқа келтіру.<br>**Түсінеді**: «футбол» термині, ойын шарты, ойын кезіндегі қауіпсіздік ережелері, жаттығулардың маңызы, аяқ ұшының іш жағымен пас беру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыныстап алады. Суда оттегі жеткілікті болуы үшін аквариумға компрессордың көмегімен ауа жібереміз. Жарық болуы үшін үстіне лампа қоямыз. Егер аквариумдағы су тым салқын болса, кейбір балықтар тіршілік ете алмауы мүмкін | **Түсінеді**: доппен орындалатын командалық ойындарды, жаттығудың маңыздылығын,допты аяқтың бас жағымен дөңгелетуді, өлең жолдарымен қимыл-әрекеттерді сәйкестендіруді. **Қолданады:** допты аяқ басымен қысып жүру, тізелерінің арасына қысып секіріп жүру дағдыларын, допты саусақтың басымен жеңіл, жұмсақ қайтару дағдылары мен кеңістікті бағдарлай білуді. **Қолданады:** допты аяқ басымен қысып жүру, тізелерінің арасына қысып секіріп жүру дағдыларын, допты саусақтың басымен жеңіл, жұмсақ қайтару дағдылары мен кеңістікті бағдарлай білуді. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. **Қолдану: Ойын жаттығуы: «Допты тауып көр!».** Допты өздері таңдайды. Әртүрлі доптардың ішінен волейбол, футбол, баскетбол доптарын көзді жұмып тауыпалады. Бұл доптардың басқа доптардан өзгешелігін айтып береді. **Түсіну:** «Доптарды шеңберге қой!» ойын жаттығуы | (муляж немесе суреттер пайдаланады). | Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған. Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие.  Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар? Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды.  **Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс.** Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.Педагог балаларға топтарға бөлінуді ұсынады. Тапсырманы түсіндіреді, фигураларды екі белгі бойынша бөледі: пішін мен түс. Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады. | әрекеттерін келісіп істеу. **Қолданады:** төрт аяқтап еңбектеу, тізесімен доп қысып секіру, доптың қозғалыс бағытын сақтай білу, жұппен келісіп әрекет ету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Допты әртүрлі жүргізіп жүреді, жүгіреді. Бір-біріне қақтығыспай шашырап жүреді,жүгіреді.<br>«Допты шеңберге қой!» – дегенде доптарды құрсауларға тез әкеліп қояды.Допты қолына ұстап, әртүрлі жаттығуларды жүріп келе жатып орындау.<br>**«Шапшаң доп»** (Баскетбол)<br>Өлең жолдарына сәйкес қимылдар орындау. Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алады.Допты жерге соғып, қағып алады.<br>Қайта жоғары лақтырып, қағып алады да, қайта жерге соғады. Допты кеуде деңгейінен аспай секірту үшін күшін дифференциялау.<br>Түрлі-түсті жүйрік доп<br>Шалынбайды, шабады, Жиі, жиі жерге соғылып,Аласа секіріп барады.<br>Секір, секір, секекте, Секір, төбеге жетпекке, Секір, секір, жетпейсің, Бізден қашып кетпейсің!<br>**Білу:«Допты дәл беру»** (Футбол)<br>Футбол добын бір-біріне дөңгелене тұрып оң аяғы және сол аяғымен беру. Қалауынша шеңберге тұрады.<br>Допты оң аяқ пен сол аяқты алмастырып, күшін дифференциялайды.Допты | | **Түсіну: Аз қимылдайтын ойын «Сиқырлы қозғалыстар»**<br>Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді.<br>Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**Білу:** Шағын топпен жұмыс «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады.<br>Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | аяқ басының ішкі жағымен тебеді.<br>«И» дыбысын созып айту ми тамырларын тазартып, құлақ, көз жұмысы мен ұйқыбездерінің жұмысын жақсартады.<br>Бастапқы қалып – еркінше тұру. Терең тыныс алады да, демін сыртқа баяу шығарып,<br>«ииии» – деп дыбыстайды. | | | |

***3 үзіліс* – Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

| | | |
|---|---|---|
|  |  | **Ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат »**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.<br>**Ұсыныс**: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./ |
|  |  | |

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын | **4. Музыка- шығармашылық әрекет**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:** Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету. Музыкалық | **3.Құрастыру–шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>.<br>**ҰІӘ мақсаты:**<br>тіктөртбұрышты және | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дағды:** Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезекдомалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру, артқа қарай басынан асырып лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын; кеңістікті бағдарлау, сапқа тұру, қайта сап түзеу дағдыларын; педагогтің нұсқауын мұқият орындап, өз қимылдары мен маңайындағылардың қимылдарын үйлестіре білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** спортқа деген қызығушылыққа баулу. Допты тізесімен қысып, алақандары менаяқтарының ұшына тіреніп жорғалау. Бір аяқпен секіру.<br>**Түсінеді:** спортшылардың физикалық қасиеттері, тізбек пен қатарда жүргенде арақашықтық пен бағытты сақтап қимылдауды. Жаттығулардың соңына дейін денені тікұстау, өз қимылдарын басқа ойыншылардың қимылымен келістіруді.<br>**Қолданады:** жүгіргеннен кейінгі тыныс алуды қалыпқа келтіруді, тізені жоғары көтеріп | дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру. Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.<br>**Дағды:** Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту арқылы дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу:** ***Ән айту:*** «Қайырлы таң» (Е. Өміров).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әннің ішінде кездесетін «рауан», «шапақ» сөздерінің мағынасын түсіндіру.<br>Үйренген «Наурыз тойы» әнін (Т. Мұратов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Жеңіл | цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай білуге үйрету;<br>қалдық заттарды,қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасай білу, ой-қиялын дамыту.<br>**Дағды:** балалардың қалдық заттармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден жануарлардың бейнесін жасай білуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай алады;<br>**Түсінеді:** қалдық заттарды, қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасайды;<br>**Қолданады:** қалдық заттардан түрлі ойыншықтар жасауға дағдыланады, оларды өздігінен безендіреді және шығармашылықпен еңбек ете алады, ұқыпты жұмыс жасай біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Балаларға пішіні әртүрлі қораптар беріледі, оны түрлі түсті қағазбен жапсыруды көрсетеді; сиыр, балық, қоян т.б. жануарларды | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүру, үздіксіз баяу жүгіру, допты бір қолмен, екі қолмен домалатуды, артқа лақтыру дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану: Ойын жаттығуы:** «Спорт түрлері»<br>«Шыныққан адам шырайлы<br>Қызығып бәрі қарайды.<br>Шынығуға спортты таңдап,<br>Жаттықсаң, сол жарайды!<br>Волейболшылардың ерекше жаттығуына шақыру.<br>**Түсіну:** Тыныс алу жаттығулары<br>«Шұғылданып спортпенен,Тез үлкейіп өсеміз!» –<br>аяқ ұшына көтерілу, қолдарын жоғары көтеру – демін ішке тарту.<br>«Күнде-күнде өсеміз!Сағат санап өсеміз!–<br>қолдарын төмен түсіріп, табанын толық басу – демін сыртқа шығару.<br>**Білу: Негізгі қимыл-қозғалыстар:** Доппен орындалатын жаттығуларды орындағанда жұпта әрекет ету мен допты сезе білуқажет.<br>1.Қолына доп алып 3 метр қашықтықта жүгіру.<br>2.Аяқ басының арасына доп қыстырып жүру.<br>3.Допты тізесімен қысып, қолдары мен аяғының ұшына тіреніп жорғалау.<br>4.Допты бір қолмен, екі қолмен домалату. | би» (Т. Ломова). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.<br>***Музыка тыңдау:*** «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова).<br>Дина Нұрпейісованың суретін көрсету, шығармалар туралы әңгіме өткізу. Балаларға күйді тыңдатып, ішінен бұлбұлдың сайрағанын ести білуге ұмтылдыру, қазақтың киелі аспабын құрметтей білуге дағдыландыру.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну: *Билер:*** «Қоян биі» (В. Питерцев).<br>Балалар би үйрену барысында қоянның қимылдарын көрсетеді.<br>Қосаяқтап секіріп, орындарында тұрып айналып билейді.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Төлдер» (Д. Ботбаев).<br>Ойын шартын түсіндіреді.<br>Ойын кезінде жануарлардың төлдерін шатастырмай атап, солардың қимыл-қозғалыстарына мән беріп ойнайды. | жасау үшін оны орындау ретін түсіндіреді: денесі, басы, құйрығы, құлақтары, көздері т.б.;<br>дене бөліктерінің жасалу жолдарын түсіндіреді;<br>қағазды қиыпжапсыруға бағыт беріп, көмектесіп,басшылық жасалады;<br>бұл қораптар жай қорап емес, «сиқырлы» қораптар екенін дәлелдейді;<br>үлгілерді көрсетіп, қораптардан әртүрлі бейнелер жасайды.<br>**Түсіну: Сергіту сәті**<br>Орамжапырақ? Сәбіз бе?<br>Жүрген шығар дәм іздеп.<br>Көрген кезде көжекті<br>Қас қағымдай тез өтті.<br>Ұратындай қамшымды ап,<br>Дір-дір етіп, қалшылдап,<br>Қарғып өтіп көгалды, Атқан оқтай жоғалды. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5.Допты артқа лақтыру.<br>**Ойын-тренинг: «Өзіңді тыңда».**<br>Ыңғайланып отырып алып, көздерін жұмады. Іштерінде не болып жатқанын сезінеді. Сұрақтарға жауап береді.<br>-Сендер не сезініп тұрсыңдар?<br>-Сендер нені қалайсыңдар?<br>-Нені естідіңдер? | | | | |

***4 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру**

| | | |
|---|---|---|
|  |  | **Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. "Алыптар" мен "қуғыншымын" қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, "ергежейлілер" жүгіреді.<br>**Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады. |
|  |  | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс**<br><br>**11.50 – 12:00** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет** | **Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті** | **Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>(кітап оқып беру);<br>**«Ертегілерді құрастыр»** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет** | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көктем туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу.<br>(Арнұр,Нұрым,Шахнұр) | 3-ші қатар оқушыларымен 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету .<br>**Дидактикалық ойын:** «Санамақ баспалдақ»<br>**Мақсаты:** 10 көлемінде тура және кері санау. | **Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | Көктем туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу.<br>(Арнұр,Нұрым,Шахнұр) | Наурыз нақыштары туралы әңгімелесу. Сурет бойынша өз ойын айытқызу. Адия,Шахнұр |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 12.00 – 12:30** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>• Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>• айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>• табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.<br>Жауған қарымен,<br>... құнар береді. (қыс)<br>Үлкендер қарбалас,<br>... дән себеді. (көктемде) | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**Еріп жатқан қарды бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>• Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету<br>• Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Бұл қай кезде болады» Ш. Ахметов**<br>Ақ қар еріп,<br>Су көбейіп,<br>Сай-салаға ағады.<br>Бүршік шашып,<br>Жапырақ ашап,<br>Гүл, бәйшешек басады.<br>Бөбектерім, айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>Балаларға сұрақтар<br>• Қазір жылдың қай мезгілі? | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Су тамшыларын бақылау**<br>**Мақсаты**:Температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай**<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы еріген,<br>Сай қуалай ағады.<br>**Балаларға сұрақтар**<br>• Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? *(күн бетте)*<br>• Неге? *(күн бетте күн қатты қыздырады да,* | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Қардың еруін бақылау**<br>**Мақсаты:**табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Көктем келді» Б.Қозыкеев**<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары,<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту.<br>Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады. Бұны мұзқатқақ деп атайды.<br>**Зерттеу қызметі** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>• Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>• айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>• табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.<br>Жауған қарымен,<br>... құнар береді. (қыс)<br>Үлкендер қарбалас, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бақ пенен бақшаны,<br>... баптап өсіреді. (жазда)<br>Дихандар жемісін,<br>... жинап береді. (күзде)<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>• Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?<br>• Қазір жылдың қай мезгілі?<br>• Көктемнің алдында қай мезгіл болды?<br>• Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>• Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?<br>**Зерттеу жұмысы:** Мектеп ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін жерді тазалау.<br>**Мақсаты:** Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?».<br>**Мақсаты:** *жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Орнында тұрып биіктікке секіру. | • Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>• Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?<br>• Неге бұл жердің қары еріп жатыр?<br>Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал.<br>Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады.<br>**Зерттеу жұмыстары**<br>Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік?<br>**Еңбек** Жолдарды қоқыстан тазалау.<br>**Мақсаты:** бірлесе жұмыс істеуді үйрету.<br>**Қимылды ойын** «Қояндар мен аңшылар».<br>**Мақсаты:** қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту.<br>**Жаттығу ойыны** Қозғалыстарын дамыту | *сондықтан сүңгілер ұзын болады)*<br>• Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? *(қысқарады, аяз бен желден олар сынады)*<br>• Шуақты күні ше? *(өседі)*<br>• Қай беттегі сүңгілер тез ериді? *(күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады)*<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.<br>**Еңбек:**<br>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>**Мақсаты:** кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Аяғыңды сулама»<br>**Мақсаты:**<br>• Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту.<br>• **Жаттығу ойыны.** Қозғалыстарын дамыту | Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқақты салыстыру. **Еңбек**<br>Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару.<br>**Мақсаты:**тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>«Ормандағы аюда».<br>**Мақсаты:** белгі бойынша жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау.<br>**Жаттығу ойыны**:<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>**Мақсаты:**<br>• Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау;<br>• Ептіліктерін қалыптастыру;<br>• Қозғалыс координациясын жақсарту.<br>**Халық болжамы:**<br>Қарлығаш келсе күн күркірейді.<br>Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады.<br>**Мақал:** Қыстың қамын жаз ойла. | ... дән себеді. (көктемде)<br>Бақ пенен бақшаны,<br>... баптап өсіреді. (жазда)<br>Дихандар жемісін,<br>... жинап береді. (күзде)<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>• Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?<br>• Қазір жылдың қай мезгілі?<br>• Көктемнің алдында қай мезгіл болды?<br>• Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>• Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?<br>**Зерттеу жұмысы:** Мектеп ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін жерді тазалау.<br>**Мақсаты:** Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?».<br>**Мақсаты:** *жүкіруге жаттықтыру,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу. | **Мақсаты:** лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу.<br>**Халық болжамы:** Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады. | **Мақсаты:** қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.<br>**Халық болжамы:** Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады. | | *жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны:** Орнында тұрып биіктікке секіру.<br>**Мақсаты:** секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |

# Мектепалды даярлық МАД «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 20.05 – 24.05. 2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

<table>
<tr><th>Күн тәртібінің үлгісі</th><th>Дүйсенбі 20.05</th><th>Сейсенбі 21.05</th><th>Сәрсенбі 22.05</th><th>Бейсенбі 23.05</th><th>Жұма 24.05</th></tr>
<tr><td>Балаларды қабылдау</td><td colspan="5">Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.</td></tr>
<tr><td>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</td><td colspan="5">Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td colspan="5">Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс</td></tr>
<tr><td>Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);<br>Үстел үсті ойындары:<br>Ойынның тақырыбы:<br>«Қажет суретті тап».<br>Ойынның мақсаты:<br>Логикалық ойлауға үйрету, күн режиміне қажет іс-әрекетті есіне түсіру. Қай кезде не істелетіні жөнінде сөйлем құрап айтуға үйрету. Түрлі</td><td>Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет<br>Сәйкестендіру ойыны:<br>«Қайсысы қайда тіршілік етеді»<br>Ойынның мақсаты:<br>жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.<br>Көрнекілік:әр түрлі жануарлар,құстар суреті</td><td>Танымдық және зияткерлік дағдылары<br>Үстел үсті ойындары:<br>Ойынның тақырыбы:<br>«Формасы ұқсас заттарды тап».<br>Ойынның мақсаты: Түрлі заттарды формасына қарай ажырата білуге үйрету. Сөзбен атап айтуға жаттықтыру, сабақта алған білім-дағдыларын тиянақтау.<br>Ойын жабдығы: Формасы әр түрлі заттар:доп, машинаның</td><td>Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті<br>Сәйкестендіру ойыны:<br>Ойын жаттығу: «Менің үйім қайда?»<br>Ойынның мақсаты:<br>Балаларды аквариум тұрғындары мен су тоғандарын жіктеп аттарын атауға үйрету.<br>Ойын ережелері: Өз тобына арналған тапсырмаға сәйкес келетін суреттерді таңдап алу:</td><td>Құрастыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті<br>Үстел үсті ойындары:«Суретті құрастыр»<br>Ойынның мақсаты:<br>Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, бір тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығу жұмыстарын өздігінен орындауға жаттықтыру.<br>**Ойын ережесі**:Егер ойын суреттермен жүргізілсе тәрбиеші-мұғалім үлкен суреті балалардың бәрі көрсетіндей орынға іледі. Мысалы: үлкен тарелка немесе орамал ұстаған қыздың суреті. Балалар қораптағы суреттердің ішінен тақтаға ілінген сурет мазмұнына сәйкес заттардың суретін алып столға қояды. Не істегені туралы айтады.<br>Ойынның соңында балалпр ойынға қатысты заттардың суретін салады ( өз қалаулары бойынша нан, құант тоқаш т.б.)<br>**Ойын.** Кімде мына түстес зат бар? (Тәрбиеші- мұғалім жасыл түсті затты көрсетеді.) Кім табады? Деп сұрақ қояды.<br>Балалар жасыл түсті заттарды атайды. Мысалы: шөп, жапырақ, қияр т.б.<br> | **Ойын барысы:**әр түрлі жануарлар,құстарды көрсетіп,олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.<br><br><br><br> | дөңгелегі, қияр, кітап, геометриялық фигуралар-үшбұрыш, төртбұрыш, квадрат, машина (осы машинадан әр түрлі формаларды тапқызу). Тәрбиеші –мұғалім қағазға түрлі форманы бейнелейтін карточкалар дайындайды.<br>**Ойын ережесі**. Тәрбиеші-мұғалім сабаққа дайындалған заттарды және карточкаларды әкеледі. Заттардың не сол заттардың суреттерін балаларға үлестіріп береді. Мысалы, Кімде домалақ зат бар?- деп сұрайды. Балалар аталған форманы өз суреттерінен не ойыншықтарынан тауып, стөл үстідегі карточкадағы ұқсас сызыққа қояды да сөзбен айтады. ( бұл –алма, формасы домалақ, түсі қызыл сары, дәмі тәтті, ағашта өседі, күзде піседі т.б,) Жеміс-жидек, көкөніс туралы тақпақ не жұмбақ айтылады.<br> | балықтар, жәндіктер, құстар, жануарлар, су өсімдіктері.<br>**Ойынның барысы:** Топ бөлмелерінің әр жерлеріндегі үстелдерге карточкалар қойылады. Балалар 6 топқа бөлінеді (ең көбі-балықтар). Жүргізушінің белгісі бойынша балалар бөлмеге кіріп,сәйкес келетін карточкаларды таңдап алады,сонан кейін топ болып,бас қосады.Олар жинаған суреттерді қойып,әр топ өз жануарына немесе өсімдігіне «үй» таңдайды(аквариум немесе су тоғаны).<br><br> | **Ойын шарты**: Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады.<br>**Ойын іс-әрекеті:**Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>**Қажетті құралдар**: Бірнеше бөлікке бөлінгентүрлі заттардың суреттері.(көлімдері 7×8см карточкалар).<br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  |  | |  | <br><br> |
| **Таңертенгі жаттығу** | № 34 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жалпақ табандылықтың алдын алу жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.т. – отырып жерде жатқан допты екі табанмен бірге алдыға-артқа жүргізу.<br>2.Б.т. – отырып жерде жатқан допты екі аяқтың табандарымен бөлек бір-бірлеп алдыға-артқа жүргізу.<br>3.Б.т. – отырған қалыпта. Аяқ бүгілген, қолдары артқы жағында, доп табанастында. Допты екі табанмен солға-оңға айналдыра жүргізу.<br>4.Б.т. – арқамен жатқан қалыпта, доп аяқ табандарының ортасында.<br>1-2– аяқты көтерген қалпында допты ұстап тұру.<br>3-4– бастапқы дене қалпына оралу. | № 35 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жалпақ табандылықтың алдын алу жаттығулар**<br>**№ 2 жаттығулар кешені**<br>(жалпақ табанды түзету үшін)<br>1.Б.т. – арқамен жатқан қалпында, аяқты екі жаққа. Оң аяқ табанымен сол ақты сырғанап өту. Табан бетімен аяқты қамтып бармақтарды бүгу.<br>**2.«Балерина»** – б.т. – орындықта отырып, аяқтың басына тұрып жүру.<br>**3.«Көңілді секіру»** – б.т. – отырып, аяқтары тығыз бір-біріне басылған. Аяқты көтеріп, астында жатқан кесекті (15–20 см биіктігі) жерге қою. Аяқты жердің үстінен көтеріп бастапқы тұрысқа оралу. | № 36 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жалпақ табандылықтың алдын алу жаттығулар**<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>1.Б.т. – тұрған қалыпта аяқ бастары бірге, қолдар белдікте. Аяқ бармақтарын үстіге көтеру, кейін бастапқы қалыпқа оралу. (10–15 рет)<br>2.Б.т. – тұрған қалыпта, өкшелер екі жақта. Аяқ басына көтерілу. Бастапқытұрысқа оралу. (10–15 рет)<br>3.Б.т. – тұрған қалыпта, аяқты иық деңгейіне қою. Қолды екі жаққа. Толықтабанға отырып, бастапқы тұрысқа оралу. (6–8 рет)<br>4.Б.т. – тұрған қалыпта, оң аяқ сол аяқ алдында (бірінен кейін бірі). Аяқ басынакөтеріліп бастапқы тұрысқа оралу. (8–10 рет) | № 37 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жалпақ табандылықтың алдын алу жаттығулар**<br>**№ 4 жаттығулар кешені**<br>(табан бұлшық етінің нығаюына және табан жиынының қалыптасуына арналған)<br>Көңілді хайуанаттар бағы<br>**1.Биші түйе.**<br>Б.т. – тұрған қалыпта, аяқты екі жаққа, табандар параллель орналасқан, қолы арт жағында. Кезектеп өкше көтеру, бірақ аяқ басын жерден алмаймыз.<br>**2.Күлкілі аю.**<br>Б.т. – тұрған қалыпта, аяқты бірге, қолдары кеуде алдында, шынтақ астыға қарайды, қол саусақтары астыға қараған.<br>1-2– аяқ басымен жартылай отырып күлу.<br>3-4 – б.т.<br>**3.Жолбарыс созылады.** | № 38 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жалпақ табандылықтың алдын алу жаттығулар**<br>**№ 5 жаттығулар кешені**<br>**(ойын түрінде)**<br>«Жұмбақтар».<br>Әр жаттығуды орындар алдында инструктор балаға жұмбақ жасырады, олжұмбақтың шешімін аяқ табанымен суреттеу керек.<br>1.«Ай». Табақ астында жарты күлше.<br>Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр.<br>Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет дөңгелектің жартысын көрсету.<br>2.«Күн».Ақ сандығым ашылды, Қызарып жалын шашылды.<br>Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5.Б.т. – арқамен жатқан қалыпта, доп аяқ табандарының ортасында.<br>1-2– аяқты көтерген қалпында допты ұстап тұру.<br>3-6– аяқ қимылдарымен допты оңға-солға жүргізу.7-8– б.т.<br>6.Б.т. – отырған тұрыста, аяқты екі жаққа, доп жерде оң аяқ табанының ішкі жағында. Аяқ басының қозғалысымен допты екінші аяқтың жанына ауыстыру.<br>**Ескертпе:** Пайдалануға ұсынылатын резеңке доп диаметрі – 8–12 см. | **4.«Көтергіш»** – допты (сөмкені) екі аяқпен көтеріп, оңға қарай ауыстырып жерге қою. Допты (сөмкені) бастапқы тұрған орнына қайтарып, солға жылжытып қайтадан орнына қою.<br>**5.«Шатыр»** – б.т. – тұрған қалыпта өкшелерді бірге ұста, аяқ басы екі жақта. Аяқ басына, кейін өкшеге көтеріліп тұру, ауада дөңгелек сызу. Аяқтарды шатыр тәрізді қою. Бастапқы тұрысқа оралу.<br>**6.«Лианамен серуен»** – балаларға гимнастикалық қабырғада рейканың орнында лиана тұрғанын елестету керек. *Лиана – маймылдар* | 5.Б.т. – аяқ басында тұрып, өкшеге түсу. Жаттығуды қайталау. (8–10 рет)<br>6.Жартылай отырып жүру. (2–5 мин).<br>7.«Қоян» сияқты секіру (30-40 сек).<br>8.Б.т. – негізгі тұрыс. Табанды тез-тез бүгіп ашу. (10–12 рет аяқпен).<br>9.Б.т. – негізгі тұрыс. Сол аяқты (кейін оң аяқты) көтеру. Табанды сыртқа қарай,кейін ішке қарай бүгу. (4–6 рет) | Б.т. – өкшемен отырып, қолдары алдыда.1-2 – аяқты барынша созу.<br>3-4 – б.т.<br>**4.Мазасыз маймылдар.**<br>Б.т. – түріше отырыс, қолдарыңыз өзіңізге ыңғайлы қалыпта.<br>1-2– тұру<br>3-4 –тұрыс: аяқ айқасқан, табанның сыртқы жағына сүйенген.<br>5-6 – отыру<br>7-8 – б.т. оралып, дене қалмын сақтау керек.<br>**5.Көңілді көжектер:**<br>Б.т. – тұрған қалыпта, аяқты | Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет дөңгелеп, олардан жан-жаққа шыққан сызықтарды көрсету.<br>3.«Бұлт». Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ. Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ.<br>Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр.<br>Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет бұлттардыңкескінін бейнелеу.<br>4.«Жаңбыр».<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік шығамын.Өрінен мен түскенде, Өңі кірер даланың.<br>Б.т. – |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ** | **Дүйсенбі 20.05.24** | **Сейсенбі 21.05.24** | **Сәрсенбі 22.05.24** | **Бейсенбі 23.05.24** | **Жұма 24.05.24** |
| | Сауат ашу<br>Дене шынықтыру<br>Математика<br>Қоршаған ортаман танысу | Көркем әдебиет<br>*Дене шынықтыру*<br>*Сөйлеуді дамыту*<br>*Музыка* | Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>*Қоршаған ортамен танысу*<br>*Шығармашылық* | Сөйлеуді дамыту<br>Математика<br>Көркем әдебиет | Сауат ашу негіздері<br>Музыка<br>Дене шынықтыру |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын | **1.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау.<br>**Дағды**: Әңгімеге тақырып қоя білуге,сөздік қорларын дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру. | **1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын | **2.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері**<br>**ҰІӘ мақсаты:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын | **1. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,танымдық әрекет**<br>**ҰІӘ мақсаты:** дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру. Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тапсырмаларын орындауға үйрету.<br>**Дағды:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ойын жағдаяты. «**Не істегенімізді айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз» ойынын ұйымдастырады.<br>**Қолдану:** Ойын жаттығуы: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар.<br>Алдымен көктем, одан кейін<br>Алдымен күн..., одан кейін...<br>Алдымен дүйсенбі, одан кейін ...<br>Алдымен бүгін, одан кейін<br>Алдымен қаңтар, одан кейін<br>Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады:<br>**Түсіну:** «Жанды апта» дидактикалық ойыны<br>ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** сұрақтарға жауап береді, түсінгендерін айта біледі**,** сөйлем түрлерінанықтайды**;**<br>**Түсінеді:** «маңдай тер» сөзінің мағынасын;<br>**Қолданады:** әңгімеге тақырып ойлап табуды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Осы кезде бөлмеге «сауысқан» келеді де, саңқылдаған дауыспен:<br>Хат келді!<br>Хат келді! – деп саңқылдайды.Хатты алып оқып, бұл хатта әңгіме жазылғанын және әңгімеге тақырыпты балалардың ойлап табуы керектігін айтады.<br>Енді мен әңгімені оқиын, ал сендер мұқият тыңдаңдар:<br>**Түсіну:** Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған.Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды. Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бірнүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді. Қолына күрек ұстатты да:<br>Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді.<br>Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады. Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды.Қоңыр | тапсырмаларын орындауға үйрету.<br>**Дағды:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ойын жағдаяты. «**Не істегенімізді айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз» ойынын ұйымдастырады.<br>**Қолдану:** Ойын жаттығуы: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар.<br>Алдымен көктем, одан кейін<br>Алдымен күн..., одан кейін...<br>Алдымен дүйсенбі, одан кейін ...<br>Алдымен бүгін, одан кейін<br>Алдымен қаңтар, одан кейін<br>Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады:<br>**Түсіну:** «Жанды апта» дидактикалық ойыны<br>ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. | тапсырмаларын орындауға үйрету.<br>**Дағды:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Миға шабуыл: Ойын жағдаяты. «**Не істегенімізді айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз» ойынын ұйымдастырады.<br>**Қолдану:** Ойын жаттығуы: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар.<br>Алдымен көктем, одан кейін<br>Алдымен күн..., одан кейін...<br>Алдымен дүйсенбі, одан кейін ...<br>Алдымен бүгін, одан кейін<br>Алдымен қаңтар, одан кейін<br>Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады:<br>**Түсіну:** «Жанды апта» дидактикалық ойыны<br>ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. | қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br>**Дағды:** Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер**:<br>**Жасайды:** сызбаға байланысты сөйлем құрайды, берілген тақырыпқа сөз ойлап, буынға бөледі, дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіреді.<br>**Түсінеді:** сөз ішінен мағынасы бөлек сөзді табады, мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстық сызбамен жұмыс жасау, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:** **«**Артығын тап» ойынын педагог балалармен ойнатады.<br>Автобус, троллейбус, поезд, ұшақ.<br>Зымыран, ұшақ, тікұшақ, дельтаплан, кеме.<br>Түймедақ, раушан, қызғалдақ, бәйшешек, қайың.<br>Арыстан, түлкі, қоян, аю, мысық.<br>Білезік, сақина, моншақ, сырға, телефон.<br>**Түсіну:** Дидактикалық жаттығу: «Тиісті текшені көтер»<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда қызыл түсті текшені, дауыссыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:<br>«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с.<br>Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br>-Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз.<br>10 - кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>**Білу:**<br>1-тапсырма.<br>- Қыз | күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты.<br>Сондай дәмді! – деді Хамит.<br>Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы.<br>Хамит атасын құшақтап алды.<br>*(Б.Досымов)*<br>**Білу: Дидактикалық ойын:** «Қандай сөйлем екенін тап».<br>**Ойын шарты:** Сөйлемдер айтамын. Балалар қандай сөйлем екенін табады.<br>Әже, | Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:<br>«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с.<br>Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br>-Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз.<br>10 - кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>**Білу:**<br>1-тапсырма.<br>- Қыз аптаның әр күнінде не істегенін айтып бер. Сен | Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:<br>«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с.<br>Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br>-Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз.<br>10 - кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>**Білу:**<br>1-тапсырма.<br>- Қыз аптаның әр күнінде не істегенін айтып бер. Сен жексенбі күні не істегеніңді | дыбыстарды айтқанда көк түсті текшені көтереді.<br>**Қолдану: Дидактикалық ойын: «Қағып ал»**<br>Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар.<br>Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), оootын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), |

*1 үзіліс -*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Аз қимылды ойын түрі: «Қарлығаш»**

**Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа,ұйымшылдыққа үйрету.**

<table>
<tr>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Аз қимылды ойын түрі: «Қарлығаш»<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа,ұйымшылдықққа үйрету.<br>Әдістемелік нұсқаулар:<br>Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, қанаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек.<br>ІІ нұсқа<br>Әдістемелік нұсқаулар:<br>Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет.<br>Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға тырысады. Егер ол тырысып, ойыншының біреуін ұстап алса, ол «күзетші» атанады.<br>Ұсыныс: ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,таным-дық әрекет<br>ҮІӘ мақсаты: дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру. Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br>Дағды: Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.<br>Күтілетін нәтижелер:<br>Жасайды: сызбаға байланысты сөйлем құрайды, берілген тақырыпқа сөз ойлап, буынға бөледі, дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіреді.<br>Түсінеді: сөз ішінен мағынасы бөлек сөзді табады, мағынасын түсінеді.<br>Қолданады: дыбыстық сызбамен жұмыс жасау, дыбыстарды ажыратады.<br>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</td>
<td colspan="2">2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі<br>ҮІӘ мақсаты: Балаларға ертегі тыңдауға қызығушылығын арттыру. Достық, ынтымақтастық туралы түсінігін кеңейту. Ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті туралы түсінік беру. Ертегінің әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Дағды: ертегіні дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттатуға дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтижелер:<br>Жасайды: ертегңінің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>Түсінеді: ертегі мазмұнының түсінеді;<br>Қолданады: ертегіні мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең</td>
<td>2. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет<br>ҮІӘ мақсаты: дыбыстық талдау жасауды жалғастыру. Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету меңгерту.<br>Дағды: Сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы есте сақтау және логикалық ойлауларын дамыту.<br>Күтілетін нәтижелер:<br>Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, сөздердің жалпы атауын атайды, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады, сөздерді буынға бөледі, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, буынға -буын жалғап сөз құрайды.<br>Түсінеді: қарама қарсы сөздердің мағынасын.<br>Қолданады: дауысты, дауыссыз дыбыстарды</td>
<td>2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі<br>Ботан Қошымов<br>ҮІӘ мақсаты: Балаларға ертегі тыңдауға қызығушылығын арттыру. Достық, ынтымақтастық туралы түсінігін кеңейту. Ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті туралы түсінік беру. Ертегінің әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Дағды: ертегіні дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттатуға дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтижелер:<br>Жасайды: ертегңінің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">. Музыка- шығармашылық әрекет<br>ҮІӘ мақсаты: Ғажайып музыка әлемі туралы балаларға әңгіме өткізу, музыка құдіретін түсіне білуге жетелеу. Лирикалық байсалды әуендерді қабылдап, қарқындық өзгерісін белгілеу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту.<br>Дағды: Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыруға дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: музыка ырғағына ілесіп би қимылдарын ырғақпен жасайды, әндерді орындайды.<br>Түсінеді: опера, балет туралы түсініктерді.</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ой қозғау:** «Артығын тап» ойынын педагог балалармен ойнатады.<br>Автобус, троллейбус, поезд, ұшақ.<br>Зымыран, ұшақ, тікұшақ, дельтаплан, кеме.<br>Түймедақ, раушан, қызғалдақ, бәйшешек, қайың.<br>Арыстан, түлкі, қоян, аю, мысық.<br>Білезік, сақина, моншақ, сырға, телефон.<br>**Түсіну:** Дидактикалық жаттығу: «Тиісті текшені көтер»<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда көк түсті текшені көтереді.<br>**Қолдану: Дидактикалық ойын: «Қағып ал»**<br>Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар.<br>Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), еeeсек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), | мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Достық – барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады.<br>Ертегінің – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегі сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат.<br>Берекелі бүгіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ!<br>**Білу: Сөздік жұмыс:**<br>*Күлімде* – қуан, шаттан.<br>*Берекелі* – молшылықты.<br>*Бейбіт* – тыныштық жайлы.<br>Дәптермен жұмыс:<br>Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт.<br>Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың?<br>Олардың көңіл күйлері қандай?<br>Балаларға есімдер ойлап тауып, достық туралы әңгімеле.<br>**Есіңе сақта:**<br>«Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол».<br>**Поэзиялық сергіту сәті:**<br>**Сергіту сәті:**<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне, біздер қандаймыз! | ажыратады, буынға -буын жалғап сөз құрайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Ой қозғау:«Жалпы атауын айт»** дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды.<br>Сиыр, ешкі, қой, жылқы – .<br>Тау, ағаш, гүл, тас – . . .<br>Қазан, қасық, кесе, тәрелке<br>Қаймақ, ботқа, ірімшік, май<br>**Түсіну: Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс»**<br>– Мен бір тақырып айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет.<br>Мысалы: Жабайы аңдар, жәндіктер, ыдыстар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады).<br>Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.<br>**Дидактикалық ойын: «Буынды айтып сөз құра»**<br>**Ойын шарты:** педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады.<br>Мысалы*: Ал.. . . .ма , ба. . . қа.., са...ғыз, ал...мұрт, ма..., ке...ме, де..., шал...қар, қа...зы, пи..яз, бә...тенке, т.б.*<br>Балалар сендердің дендерің сау, мықты болып өсу үшін дәрумендері мол, балғын тағамдармен қоректенулерің керек.<br>**Қолдану:** ***Дидактикалық жатттығу: «Қарама-қарсы сөзді айт»***<br>*Майлы – ... (майсыз).*<br>*Сұйық – ... (қою).* | **Түсінеді: ертегі** мазмұнының түсінеді;<br>**Қолданады:** ертегіні мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Түсіну:** Достық – барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады.<br>Ертегінің – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегі сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат.<br>Берекелі бүгіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ!<br>**Білу: Сөздік жұмыс:**<br>*Күлімде* – қуан, шаттан.<br>*Берекелі* – молшылықты.<br>*Бейбіт* – тыныштық жайлы.<br>Дәптермен жұмыс:<br>Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт.<br>Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың?<br>Олардың көңіл күйлері қандай? | **Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын, ойынға қатысады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Полька» (М. Красев).<br>Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.<br>***Музыка тыңдау:*** «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский). Балаларға опера туралы мағлұмат беру.<br>**Түсіну:** ***Ән айту:*** «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев).<br>Әнді көңілді, сөздерін таза, анық айтуға көңіл бөлу.<br>Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, иықты көтермей, бір-бірін тыңдап айтуды естен шығармауларын ескерту.<br>Үйренген «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Биді әрі қарай жалғастырып, бірдей қимыл жасауға ұмтылдыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тттекемет(т), еeер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б.<br>Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?<br>**Білу: Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»**<br>Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.<br>Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыстан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Бір, екі, үш, кәне, жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық. | | *Ащы – ... ( тұщы).*<br>*Дәмді – ... (дәмсіз).*<br>*Қатты – ... (жұмсақ).*<br>*Ұнайды – ... (ұнамайды).*<br>Балалар қарама-карсы сөздерді айтады.<br>**Білу:** Дыбыстық талдау жаса.<br>**Ыдыс, ешкі, құрт** сөздеріне дыбыстық талдау жасау<br>***Ыдыс*** сөзіне дыбыстық талдау.<br>*Ыдыс* сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар<br>Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Д – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>***Құрт*** сөзінің дыбыстық<br>Адымдаймыз жігерлі.<br>Адымдаймыз көңілді,<br>Алға қарай сенімді. Шеңбер болып тұрайық, Дөңгелекті құрайық.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Алақанның біреуін,<br>Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын,<br>Қол үстінен ұрайық. | Балаларға есімдер ойлап тауып, достық туралы әңгімеле.<br>**Есіңе сақта:**<br>«Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол».<br>**Поэзиялық сергіту сәті:**<br>**Сергіту сәті:**<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне, біздер қандаймыз! | **Білу:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар біртіндеп өз музыкалары естілгенде шығып, өздеріне тән қимылдарын жасайды. |

*2 үзіліс –*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

**Басты мақсат: Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;**
**Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;**
**Бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, ззара көмектестікке тәрбиелеу.**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|  | |  | **Аз қимылды ойын:«Таудан тауға»**<br>**Мақсаты:** Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;<br>Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;<br>Бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, ззара көмектестікке тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты:**<br>***Әдістемелік нұсқаулар:***<br>Ойыншылар жанындағы көршісінің басына қолы жететіндей болып, шеңбер құрып отырады. Барлығы баскиімсіз отырады, тек жүргізушінің басында ғана тақия бар. Жүргізуші келесі сөздерді айтады: «Таудан тауға ! Таудан тауға!». Осыдан кейін басынан тақияны алып, оны оң жағындағы көршісінің басына кигізеді. Ал тақия кигізілген ойыншы дәл сол сөздермен солай келесі көршіге кигізеді. Тақия жүргізуші басын жауып «Таудың басына! Таудың басына!» сөздерін айтқанша шеңбер бойымен жүре береді. Сол кезде тақиябасында қалған ойыншы қандай да бір тапсырманы орындайды.<br>**Ұсыныс:** Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін... | | |
| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты:** | | | | | |
| | **Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Балаларды өсімдіктер мен ормандағы жануарлар арасындағы байланыстар туралы түсіндіру.<br>**Дағды:** Танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту,өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>***Жасайды:*** Орман өсімдіктері мен жануарларынның бірнеше түрін атап береді.<br>**Түсінеді:**өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін біледі.<br>**Қолданады**:өсімдіктерге күтім жасай алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру.** Балалардан үй жануарлары мен орман | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру. Қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру.<br>**Дағды:** Тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. Ұлт тарихы, халық мәдениетіне деген құрметке, білім-білік дағдыларын қолдана алуға, жұппен жұмыс, эстафеталарда басқалармен әрекет ету ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** арқа аурулары мен жалпақтабанның алдын алуға арналған жалпы дамыту жаттығулары. | **1.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды:** Танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту,өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>***Жасайды:*** бөлме гүлдері мен дала гүлдерінің бірнеше түрін атап береді.<br>**Түсінеді:**өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін біледі.<br>**Қолданады**:өсімдіктерге күтім жасай алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру.** Балалардан бәйшешекті бөлме гүліне жатқызуға бола ма деп сұрайды?<br><br>Бәйшешектен білеміз,<br>Көктем келіп қалғанын.<br>Мәз боламыз, күлеміз<br>Көрсек гүлін жарғанын. | **3.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау.<br>**Дағды**: Әңгімеге тақырып қоя білуге,сөздік қорларын дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** сұрақтарға жауап береді, түсінгендерін айта біледі**,** сөйлем түрлерін анықтайды**;**<br>**Түсінеді:** «маңдай тер» сөзінің мағынасын;<br>**Қолданады:** әңгімеге тақырып ойлап табуды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну,қолдану.<br>**Миға шабуыл:** Осы кезде бөлмеге «сауысқан» келеді де, саңқылдаған дауыспен: Хат келді!<br>Хат келді! – деп саңқылдайды.Хатты алып | **3. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Заттардың арасымен еңбектеп жүруді бекіту, қозғалыс кезінде дұрыс қалып пен бұлшықеттердің сәйкес рефлекстерінің қалыптасуына ықпал ету. Тереңдікке секіруге, аяқты бүгіп секіріп түсуге, тепе-теңдік сақтауға жаттығу.<br>**Дағды:** Оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарын алдымен төменқарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** ырғақты гимнастика, оң қол және сол қолмен сермеп лақтыру, көзге арналғанжаттығулар.<br>**Түсінеді:** қолды айналдырып сермеу, секіріп түскенде тепе- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жануарларын салыстыруға бола ма деп сұрайды?<br>**Миға шабуыл:** Ауа райында қандай өзгерістер байқадыңдар? Оларға күтім жасау қажет пе?<br>Пікірталасқа қатысады. Сұрақтарға жауап береді. Оларға күтім жасаудың қажеті жоқ. Олар еріген қар суын, жаңбыр суын ішеді. Күннен жылу алады деген тұжырым жасайды.<br>**Түсіну**<br>Тәрбиеленушілер өсімдіктерге қалай күтім жасау қажеттігі туралы ойларын айтады.<br>**Білу:** Балаларға «Орман өсімдіктеріне күтім жасау қажет пе?» деген мәселені талқылауды ұсынады.<br>Орман өсімдіктеріне күтімді күн, жылы жел мен жаңбыр жасайды деп ой қорытады.<br>**Қолдану:** Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>Ұмытпай күнде, су құям гүлге.<br>Тұрады гүлім, құлпыртып түрін.<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Гүл егеміз бақтарға<br>Айналасын қоршаймыз. | **Түсінеді:** «шабандоз» терминін, эстафета ережелерін, командада, топта өз әрекетін өзгелермен үйлестіруді, фитболмен секіргенде жерден екпінмен итеріліп, қайта аяқ басымен жұмсақ түсуді.<br>**Қолданады:** бастапқы қалыпқа дұрыс келу, фитболды заттардың арасымен алып жүру, жерден көтерілген жазық бетпен жүргенде тепе-теңдік сақтау, сапқа тұру, қайта сапқа тұру,заттардың арасымен жорғалау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Арқа омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу.<br>Балалар бірнеше тізбекке өз орнын есте сақтап, сап түзеп тұрады. Белгі бойынша шашырапкетіп, қалауынша қимылдар жасайды. Қайтадан белгі бергенде өз орнына тез келіп тұра қалуы керек.<br>1.Бастапқы қалып (Б.қ.): 1-2 қамшыны жоғары көтеріп, оң (сол) аяғын артқа жіберіп, аяқтың ұшымен өкшесін өзіне тартып созылып – демін ішіне тартады да, 3-4 – б.қ.<br>8 рет қайталайды.<br>2.«Бір жағына еңкею»<br>Б.қ.: аяқты айқастырып отыру, қамшы жоғарыда, 1-2 – оңға (солға) еңкею, қамшыны жерге тигізу, 3-4 – б.қ. 6 рет қайталау.<br>3.Б.қ. шалқалап жатып алып 1-қамшыны жоғары көтеру, 2-екі аяқты бірдей сермеп, аяқтың ұшын қамшыға тигізу. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау. | **Миға шабуыл:** Ауа райында қандай өзгерістер байқадыңдар? Ең алғашқы гүлдер қай кезде пайда болады? Сендер көктем шыққанда бірінші болып бүр жаратын қандай гүлдерді білесіңдер? Оларға күтім жасау қажет пе?<br>Пікірталасқа қатысады. Сұрақтарға жауап береді. Көктемнің белгілерін атап көрсетеді.<br>Алғашқы гүлдердің қар еріп, жердің ақ көрпесі түрілген кезде пайда болатынын айтады. Балалар тек бөлме гүлдеріне күтім қажеттігін түсіндіреді. Ал, көктемнің алғашқы гүлдері табиғатта, өз бетінше өседі. Оларға күтім жасаудың қажеті жоқ. Олар еріген қар суын, жаңбыр суын ішеді. Күннен жылу алады деген тұжырым жасайды.<br>**Түсіну:** Бөлме гүлдеріне күтім жасаудың негізгі ережелерін естеріне түсіреді.<br>Тәрбиеленушілер өсімдіктерге қалай күтім жасау қажеттігі туралы ойларын айтады.<br>**Білу:** Балаларға «Дала гүлдеріне күтім жасау қажет пе?» деген мәселені талқылауды ұсынады.<br>Дала гүлдеріне күтімді күн, жылы жел мен жаңбыр жасайды деп ой қорытады.<br>**Қолдану:** Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>Ұмытпай күнде, су құям гүлге.<br>Тұрады гүлім, құлпыртып түрін.<br>Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз.<br>Гүл егеміз бақтарға<br>Айналасын қоршаймыз. | оқып, бұл хатта әңгіме жазылғанынжәне әңгімеге тақырыпты балалардың ойлап табуы керектігін айтады.<br>Енді мен әңгімені оқиын, ал сендер мұқият тыңдаңдар:<br>**Түсіну:** Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған.Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды.<br>Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді. Қолына күрек ұстатты да: Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді.<br>Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады.<br>Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды.Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты. Сондай дәмді! – деді Хамит. Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды.<br>*(Б.Досымов)*<br>**Білу: Дидактикалық ойын:** «Қандай сөйлем екенін тап». | теңдік сақтау, қауіпсіздік тәртібі.<br>**Қолданады:** үйде де қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру, залда алақан мен тізеге басып,еңбектеп жүру, бастапқы қалыпқа дұрыс тұру («малдас құру»; өкшені толық басып отыру; тізерлеп тұру), 35 см биіктіктен төменге секіру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:**<br>«Жаттығуды бастадық – бұл бір! Алшақ – алшақ басайық – бұл екі!Тоқтама сен, кідірме – бұл үш!<br>Күн күлімдеп тұр көкте! Тамаша!<br>Үлкен боламын, күшті болам, ер болам! Тамаша!»<br>Мәтін бойынша қимылдар жасайды.<br>Негізгі жаттығуларды ойын түрінде орындау.<br>Оң қол, сол қолмен **лақтыру.** қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеплақтыру.<br>**Түсіну:** Денені жұмырлап, алдыға қарай дөңгелеп, арқасына аунап түсу.<br>Денені жұмырлау – отырып, тізесін біріктіріп, қолдарын еденге, шынтақтарын денесіне қысып, арқасын дөңгелету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 4.Б.қ. қамшыны арт жағына қолын төменге түсіріп ұстау. 1-2 – қамшыны жоғары көтеріп отыру. Арқаны тік ұстап, тізені ашу, өкшені көтеру. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>5.«Қамшыны тізеге қою». Б.қ.: қамшы төменде, 1 – қамшыны жоғары көтеру, 2 – бүгілген сол аяқты көтеру қамшыны тізеге апарып, 3 – қамшыны жоғары көтеру, арқаны түзу ұстау. Аяқты түсіру. 4 – б.қ. орнықты тұрып, аяқ ұшын тарту. 5 рет қайталау.<br>6.Б.қ.: қамшыны табанымен қысып отыру, 1 – тізені бүгіп, жоғары көтеріп, денені оңға-солға бұру | | **Ойын шарты:** Сөйлемдер айтамын. Балалар қандай сөйлем екенін табады.<br>Әже, сіз не істеп жатырсыз?<br>Ұстандар! Ұстандар! Ұста оны!<br>Күн шығып, дала нұрға бөленді.<br>Алманы үзген кім?<br>Тоқта! Қызыл түс жанғанда жүрме!<br>Бақта жемістер өседі.<br>Дәптермен жұмыс<br>Дәптердегі тапсырманы орындау керек.<br>**Поэзиялық сергіту сәті:**<br>Сергіту сәті:<br>Аппақ болып таң атты,<br>Түтін тіке ұшады.<br>Қарлығаштар қанатын,<br>Биік самғап ұшады. | Бастапқы қалыптан негізгі акробатикалық жаттығулар жасау.<br>**«Орындарыңмен ауысыңдар» қозғалыс ойындары** Залды екіге бөлетіндей етіп, ортаға арқан төселіп салынады.Әр команда залдың бір бөлігіне орналасады.<br>«Жүгір!» деп белгі берілгенде, балалар өз бөлігінде шашырап жүгіреді.<br>«Ауысамыз!» деп белгі берілгенде, екі топ ауысады. Қай топ бірінші болып толық ауысыпүлгереді, сол топ жеңіске жетеді. |

*3 үзіліс –*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**





**Ойын: «Жылдам ал, жылдам қой»**

**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл - қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

**Ойын шарты:**

**Әдістемелік нұсқаулар:**

Бүкіл залда заттар шашылған (доптар, шаршылар, таспалар). Балалар жан-жаққа бұл заттарды басып кетпеуге тырысып жүгіреді. «Жылдам ал!» пәрмені бойынша барлық балалар бір-бір заттан алып, қолдарын жоғары көтеріп, қимылсыз тұрып қалады. Осыдан кейін затты қолдарынан тастамай жүгіруін жалғастырады. Біраз уақыттан кейін ұстаз «Жылдам қой!» пәрменін береді. Осы кезде балалар қолдарындағы заттарды барынша жылдам жерге қойып, қозғалыссыз тұруы керек.

## 4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі**<br>.<br>**ҮІӘ мақсаты:** Бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс | **4. Музыка-шығармашылық әрекет**<br>**ҮІӘ мақсаты:** Ғажайып музыка әлемі туралы балаларға әңгіме өткізу, | **.Мүсіндеу – шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**ҮІӘ мақсаты:** түймедақ гүлін мүсіндей білуге үйрету, көктем | **4** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру. Қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру.<br>**Дағды:** Тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. Ұлт тарихы, халық мәдениетіне деген құрметке, білім-білік дағдыларын қолдана алуға, жұппен жұмыс, эстафеталарда басқалармен әрекет ету ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** арқа аурулары мен жалпақтабанның алдын алуға арналған жалпы дамыту жаттығулары.<br>**Түсінеді:** «шабандоз» терминін, эстафета ережелерін, командада, топта өз әрекетін өзгелермен үйлестіруді, фитболмен секіргенде жерден екпінмен итеріліп, қайта аяқ басымен жұмсақ түсуді.<br>**Қолданады:** бастапқы қалыпқа дұрыс келу, фитболды заттардың арасымен алып жүру, жерден көтерілген жазық бетпен жүргенде тепе-теңдік сақтау, сапқа тұру, қайта сапқа тұру,заттардың арасымен жорғалау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** Арқа омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу.<br>Балалар бірнеше тізбекке өз орнын есте сақтап, сап түзеп тұрады. Белгі бойынша шашырапкетіп, қалауынша | музыка құдіретін түсіне білуге жетелеу. Лирикалық байсалды әуендерді қабылдап, қарқындық өзгерісін белгілеу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту.<br>**Дағды:** Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыруға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** музыка ырғағына ілесіп би қимылдарын ырғақпен жасайды, әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** опера, балет туралы түсініктерді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын, ойынға катысады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Полька» (М. Красев).<br>Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.<br>***Музыка тыңдау:*** «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский). Балаларға опера туралы мағлұмат беру. | мезгілітуралы білімдерін кеңейту; гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу, өсімдіктердікүту ережелерімен таныстыру;<br>**Дағды:** ұсақ қол моторикасын, сөздік қорын, тілін дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** түймедақ гүлін мүсіндейді;<br>**Түсінеді:**гүлдің адамға жақсы көңіл күй сыйлайтынын, бекерге жұлмау керектігін;<br>**Қолданады:**мүсіндеу әдіс-тәсілдерді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Қолдану:** үнтаспа арқылы музыка қосады.<br>Көктемгі күн Жер-ананы қыздырып, табиғаттағы бар тіршілік иелеріоянып, гүлдер Жер-анадан күш алып, жапырақтарын жайып, күлтелерін көтеріп, күнге қарай қол созады.<br>Балалар, сендер көктемнің алғашқы гүлдері болып, Жер-анадан нәралып күлтелеріңді аштыңдар.<br>Қандай сезімде болдыңдар? Көктем гүлдерін атаңдаршы?<br>–Гүлдердің адамдарға тигізетін пайдасы бар ма?Гүлдер жерге көрік,әсемдік, әдемілік береді. Адамдарға қуаныш, жақсы көңіл күй сыйлайды.Сондай-ақ «Бақбақ», «Түймедақ» гүлдерінен дәрі жасайды.<br>**Түсіну:** Гүлді жасау кезеңдерімен таныстыру:<br>1.Сары түсті ермексазды алақанға салып домалақтаймыз, алақанменбасып сәл жалпақтаймыз. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдар жасайды. Қайтадан белгі бергенде өз орнына тез келіп тұра қалуы керек.<br>1.Бастапқы қалып (Б.қ.): 1-2 қамшыны жоғары көтеріп, оң (сол) аяғын артқа жіберіп, аяқтың ұшымен өкшесін өзіне тартып созылып – демін ішіне тартады да, 3-4 – б.қ.<br>8 рет қайталайды.<br>2.«Бір жағына еңкею»<br>Б.қ.: аяқты айқастырып отыру, қамшы жоғарыда, 1-2 – оңға (солға) еңкею, қамшыны жерге тигізу, 3-4 – б.қ. 6 рет қайталау.<br>3.Б.қ. шалқалап жатып алып 1-қамшыны жоғары көтеру, 2-екі аяқты бірдей сермеп, аяқтың ұшын қамшыға тигізу. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>4.Б.қ. қамшыны арт жағына қолын төменге түсіріп ұстау. 1-2 – қамшыны жоғары көтеріп отыру. Арқаны тік ұстап, тізені ашу, өкшені көтеру. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау. | **Түсіну:** ***Ән айту:*** «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев).<br>Әнді көңілді, сөздерін таза, анық айтуға көңіл бөлу.<br>Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, иықты көтермей, бір-бірін тыңдап айтуды естен шығармауларын ескерту.<br>Үйренген «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Биді әрі қарай жалғастырып, бірдей қимыл жасауға ұмтылдыру.<br>**Білу:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар біртіндеп өз музыкалары естілгенде шығып, өздеріне тән қимылдарын жасайды. | 2.Күлте жасау үшін біз 7 бірдей домалақ жасап алуымыз керек.<br>3.Саусақтарымыздың көмегімен сопақша пішінге келтіріп, оны жалпақтап, екі ұшын сұқ саусақ, ортаңғы саусақ көмегімен доғалдап,күлтелерін жасаймыз.<br>4. Дайын үлгіге гүлдің ортасын қоямыз, күлтелерін айналасына орналастырамыз, сабағын, жапырағын шымшу арқылы біріктіреміз.<br>**Білу:** Балалармен дайын жұмыстарға талдау жасайды.Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, гүлдер туралы тақпақ, жұмбақ айтуларын сұрайды.<br>**Шығармашылық поэзиялық сәт: Сергіту сәті.**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға нұр шашылды.<br>Қайырлы күн!<br>Біз көңілді баламыз!Қайырлы күн!<br>Біз сүйкімді баламыз!<br>(«Өзін-өзі тану» пәні бойынша.) | | |

***4 үзіліс –***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Тіл ұстарту арқылы қол моторикасын дамыту және қалыптастыру жаттығулары**

| | |
|---|---|
| **Саусаққа арналған гимнастика**<br>I.«Бұл – атам, бұл – апам, Бұл – әкем, бұл – анам,<br>Бұл – бөпем менің, көркем.<br>(Сол қолымен оң қолының әр саусағын ұстау, сосын керісінше орындайды).<br>Міне менің отбасым (сол қолмен оң қолдың жұдырығын құшу және керісінше орындау).Балаларға топтары да үлкен отбасы екенін айтып, еске салу.<br>**II.«Тілше»**<br>Тілімізді көрсетейік,Қарап оны көрейік.<br>Тілдерін ілгері-кейін қозғалтады.<br>**«Тілше»**<br>Тілімізді қимылдатып,Дөңгелетіп ойнайық.<br>Тілдерін жан-жаққа жүгіртіп ойнақықозғалтады.<br>**«Ауызшық».**<br>Ауызды ашып айналдыр,Оңға-солға шайнаңда!<br>Ауыздарын ашып, жақ сүйегін оңға-солға шапшаң айналдырып қозғалтады. | **Саусақ ойындары.**<br>**Ойын:«Кім келді?»**<br>Қане, қане кім келді? Біз, біз, біз!<br>Апа, апа, бұл сіз бе? Иә, иә,иә!<br>Әке,әке бұл сіз бе? Иә,иә,иә!<br>Ағатайым, бұл сіз бе? Иә,иә,иә!<br>Қарындасым, бұл сен бе? Иә,иә,иә!<br>Біздер тату жанұя Иә,иә,иә!<br>**Орындалуы:**<br>1. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>2. Екі қолдағы басбармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ ұштарын бір мезгілде соғады.<br>3. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>4. Сұқ саусақтардың ұштарын соғады.<br>5. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>6. Ортаңғы саусақтардың ұштарын соғады.<br>7. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>8. Аты жоқ саусақтардың (шылдыр шүмек) ұштарын соғады.<br>9. Екі қолдың басбармақтарының ұштарын соғады.<br>10. Кішкене саусақтардың ұштарын соғады.<br>11. Барлық саусақтардың ұшымен бірге соғады.<br>12. Алақандарымен шапалақтайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>(Еркежан,Нұрым,Аян)осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты:**сөздік қорын байыту.<br>**Жаңылтпашты қайталау.**<br>Малға шөп керек,<br>Шөп көп керек,<br>Көк шөп керек. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Сақтап ал»<br>(Ақжол,Жанеля) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. | **Сауат ашу негіздері–коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>(Ибраһим,Аяжан) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты :**Жатқа айта білу дағдысын қалыптастыру<br>**Қошақан**<br>Қошақаны қойдың,<br>Қайда қалып қойдың?Бұлтиып тұр бүйірің,<br>Қай өрістен тойдың? | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>(Батыржан,Ажар) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . | **Қоршаған ортамен таныстыру –коммуникативтік әрекет**<br>(Баланың отбасы және қоғам)<br>(Арнұр,Сұлтан) осы балалармен жұмыс жүргізу.<br>«Дәрілік өсімдіктер туралы» әңгімелесу.<br>**Мақсаты:**Сурет бойынша өз ойын айытқызу.<br>Суреттерді қарап шығып, балаларды зерттеуге қатысуға ынталандырады.<br>Күн райының өзгергенін айтады. Шөп көгерді, гүлдер гүлдеді, құстар шырқап, көбелектер ұшып жүр, ағаштар гүлдеді...<br>Ағаштар мен бұталардың құрылымын еске түсіреді.<br>Гүлдеген ағаштың түрі қандай болады? (Гүлдері ірі, күңгірт қызғыш түсті болады, олар жапырақтармен бірге пайда болады). |

| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеудi дамыту– коммуникативтiк, танымдық әрекеттер, өзiне-өзi қызмет көрсету** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Киiмдердi реттiлiктi сақтап дұрыс киiнуге үйрету. | Киiмдердi реттiлiктi сақтап дұрыс киiнуге үйрету. | Киiмдердi реттiлiктi сақтап дұрыс киiнуге үйрету. | Киiмдердi реттiлiктi сақтап дұрыс киiнуге үйрету. | Киiмдердi реттiлiктi сақтап дұрыс киiнуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Сәуiр**<br>**Серуен-Бақылау № 16**<br>**Бақбақ гүлiн бақылау**<br>***Мақсаты:*** *бақбақ гүлi туралы бiлiмдерiн тиянақтау* (гүлдеудiң алғашқы кезеңiне көңiл аудару );<br>— табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен iскерлiктерiн қалыптастыру;<br>— емдiк өсiмдiктер туралы бiлiмдерiн тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз.***<br>*Аппақ, аппақ бақбақтар,*<br>*Үлбiреген бақбақтар,*<br>*Құдды киiз ақ үйлер.*<br>*Парашюттен аумайды.*<br>*Төнедi кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел*<br>*соқса,*<br>*Тамашалап сәбилер.*<br>*Ақ ұлпалар заулайды.*<br>*Кәдiмгi бақбақ көктемнiң тұңғышы.*<br>*Халық оны «Жер күнi», «денсаулық эликсирi» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсiмдiк. Олар көбiнесе үлкен жүргiншi жол бойында, егiстiкте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседi.*<br>Бақбақтың гүлдi сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бiр iрi гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесiмен бiрге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екi қабат. Сәуiр айынан | **Сәуiр**<br>**Серуен-Бақылау № 17**<br>**Жолжелкендi бақылау**<br>***Мақсаты:****емдiк өсiмдiктер туралы түсiнiктерiн қалыптастыруда танымдық белсендiлiктерiн дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннiң ерекшелiгi мен емдiк қасиетi туралы бiлiмдерiн молайту.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиешi әңгiмесi***<br>*-Жолжелкен қазақстанның барлық жерiнде өседi. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегiнде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседi. Сондықтан да болар бұл өсiмдiктi «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкендi кездестiрмейсiң. Күзде жолжелкеннiң гүлдерi тұқым шашқан кезде, ол аяқкиiмге жабысып барып, басқа жерлерге дәннiң түсiне байланысты, кез келген жерде өсiп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейдi. Оның жапырақтарын маусым, шiлде айларында жинайды. Жолжелкеннiң жапыраған сабағымен қоса бүлдiрмей алып, көлеңке жерде кептiредi. Жолжелкеннiң жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, iрiңдi iсiкке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннiң* | **Сәуiр**<br>**Серуен-Бақылау № 18**<br>**Жәндiктердi бақылау**<br>***Мақсаты:*** *«Жәндiктер» сөзiнiң мағынасы туралы түсiнiктерiн тиянақтау;*<br>— Оларды тiршiлiк ету ерекшелiктерiне қарай салыстыра бiлуге үйрету.<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиешi жұмбақтар жасырады:***<br>*Гүлдiң нәрiн жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Ерiншектi аямайды. Бұл не?<br>(ара)<br>*Қанды сорып сүлiктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлiк дой? (маса)<br>*Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттiге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не?<br>(шыбын)<br>*Құжынаған жұмыскер,<br>Бiрлескенде тым iскер.<br>(құмырсқа)<br>*Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бiрақ киiм тiкпейдi.<br>Өнерi де өнер-ақ,<br>Бiрақ iсi бiтпейдi. (өрмекшi)<br>**Тәрбиешi сұрақтары.**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуiнде айтылғандарды бiр сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндiктер)<br>♦ Тағы қандай жәндiктердi бiлесiңдер? *(көбелек, құрт т.б)* | **Сәуiр**<br>**Серуен-Бақылау № 19**<br>**Гүлзарды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Көктемгi гүлзар туралы түсiнiктерiн кеңейту;<br>— Өсiмдiктердi күту, суғару iскерлiктерiн тиянақтау;<br>— Табиғатты сүюге, әсемдiгiн сезiнуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиешi сұрақтар қойып, әңгiмелесу жүргiзедi<br>♦ Қандай үй гүлдерiн бiлесiңдер?<br>♦ Қандай дала гүлдерiн бiлесiңдер?<br>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>♦ Сендердiң үйлерiңде гүл бар ма? Қандай?<br>♦ Оларды қалай күтесiңдер?<br>♦ Гүлдi отырғызбас бұрын не iстеу керек?<br>♦ Бiздiң гүлзарға отырғызуға арнап топта өсiрiп жатырған гүлдерiмiз қалай аталады?<br>♦ Гүлдер жақсы өсiп, гүлдеуi үшiн не iстеуiмiз керек?<br>♦ Осы кезде бiзге гүлдi неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>♦ Неге кейбiр гүлдер көпжылдық, кейбiл гүлдер бiр жылдық деп аталады?<br>**Еңбек**<br>Гүл егетiн алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). | **Сәуiр**<br>**Серуен-Бақылау № 20**<br>**Ауа-райын бақылау**<br>***Мақсаты:****Көктем мезгiлiнiң аяғына қарай өлi табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсiнiктерiн қалыптастыруды жалғастыру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз.*** *А.Меңдiбай*<br>*Мамыр айы келгенде,*<br>*Дала гүлге толады.*<br>*Жайнап барлық атырап,*<br>*Қызық-думан болады.*<br>*Бақшамызда бiз еккен,*<br>*Гүл шоқтары гүлдейдi.*<br>*Жапырақтар сыбдырлап,*<br>*«Қандай көркем, көр»-дейдi.*<br>Тәрбиешi аулаға ерте көктем көрнiсi бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгiме өткiзедi.<br>♦ Балалар, қарандаршы, мына суретте жылдың қай мезгiлi суреттелген?(көктем).<br>♦ *Ал, сендер суреттен не көрiп тұрсыңдар? (қар ерiп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)*<br>♦ Қар нелiктен ериді, адамдар нелiктен жеңiл киiнедi? *(күн жылығандықтан)*<br>♦ Ал, көктемнiң бұл мезгiлiн қалай атаймыз? (ерте көктем)<br>♦ Ерте көктем мен қазiргi мамыр айындағы табиғат көнiсiнде, ауа-райында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай.<br>Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. | *шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.*<br>*Балаларға сұрақтар:*<br>♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? *(шешек айы)*<br>♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? *(күннің көзі көп түскен жерде бар)*<br>♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын)<br>♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? *(олар бұрынғыдан да*<br>. | ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)*<br>♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).*<br>♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>. | *Мақсаты:*<br>— Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>— Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Қай топ тез жиналады?».<br>*Мақсаты:* жүгіруге жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойыны** «Құлап қалма».<br>*Мақсаты:* бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.<br>***Мақал-мәтел:***<br>***- Әр гүлдің иісі әр басқа.***<br>***-Гүл-араға, бал-балаға.***<br>***Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.*** | өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)<br>♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)<br>♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).<br>♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?<br>♦ Жаңбыр қандай температурада жауады?<br>♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты:** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата – аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. |